Том 42

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

# В. И. ЛЕНИН

## 42
## ТОМ

*Ноябрь 1920 – март 1921*

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1981

ББК 11.5
Л40

0101020000 Л $\frac{10102-118}{401(07)-81}$ 5—80

## АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының қырық екінші томына 1920 жылғы ноябрьден 1921 жылғы мартқа дейін жазылған шығармалар еніп отыр. Ол шығармаларда Совет мемлекетінің өміріндегі бетбұрыс кезең — шетел интервенттері мен ішкі контрреволюцияның негізгі күштері талқандалып, Совет республикасының алдына бейбіт социалистік құрылыс міндеттері тікелей қойылған кезең бейнеленеді.

Қызыл Армияның жеңістері арқасында Польшаның буржуазиялық үкіметі 1920 жылдың октябрінде-ақ уақытша бітім жасасуға мәжбүр болды. Қызыл Армия 1920 жылы ноябрьдің басында Перекоп бекіністерін қаһармандық тіке шабуылмен алғаннан кейін дүние жүзілік империализмнің ақырғы итаршысы—Врангельді талқандап, Қырымды азат етті. Барлық елдер империалистерінің Совет мемлекетін жою жолында ішкі контрреволюциямен бірігіп жасаған әрекеттері толығынан күйреді. Ленин орасан зор жеңіс деп атаған бұл жеңістің нәтижесінде Совет республикасының халықаралық жағдайы нығая түсті.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Ленин бүкіл партиялық және мемлекеттік қызметтің негізгі салмағын социалистік құрылысты ұйымдастыру ісіне аударады.

Елдің ішкі жағдайы адам айтқысыз ауыр еді. Торт жылғы империалистік соғыстың және үш жылғы азамат соғысы мен шетелдік интервенцияның салдарынан Советтік Россияның халық шаруашылығы күйзеліске

ұшырап, берекесі қашқан еді. Астық, отын, шикізат жетіспеді. Лениннің айтқанындай, халық титығына жете шаршады. Жұмысшылар ашаршылыққа ұшырады, олардың едәуір бөлегі майдагерлік кәсіппен шұғылдануға мәжбүр болды, қапшықшылар қатарына қосылды. Көптеген жұмысшылар ашаршылықтан қашып, деревняға кетті, сөйтіп өз табымен байланысын үзді. Жұмысшы табы ыдырай бастады. Осының салдарынан пролетариат диктатурасының әлеуметтік негізі әлсірей түсті.

Ауыл шаруашылығы қатты күйзеліске ұшырады, оның өнімі патшалық Россия тұсындағы ауыл шаруашылық өнімінің тек 65 проценті мөлшерінде ғана болды. Шаруалар азық-түлік салымына наразылық білдірді, өйткені мұның өзі оларды шаруа шаруашылығын өркендетуге ынталандырмайтын еді. Соғыс жылдарында қажет болғандықтан және амалсыздан уақытша шара ретінде енгізілген әскери коммунизм саясаты жаңа жағдайларға сәйкес келмей қалды. Сондай-ақ жұмысшылардың, әсіресе оның деревнямен байланысты болғандарының бір бөлегі ұсақ буржуазиялық стихияның ықпалына беріліп кетті. Ашаршылықтың салдарынан ондай жұмысшылар Совет өкіметінің экономикалық саясатына наразылық білдірді. Осының бәрі елеулі саяси қиындықтарға душар етті.

Том Лениннің 1920 жылғы 6 ноябрьде Москва Советі, РКП(б) Москва комитеті және кәсіптік одақтардың Москва қалалық советі пленумының Октябрь революциясының үш жылдығына арналған салтанатты мәжілісінде сөйлеген сөзімен ашылады. «Біз,—деді Ленин,— бүгін өз жеңісімізді мерекелей аламыз. Тұрмыстың адам айтқысыз қиыншылықтарына қарамастан, жауларымыздың адам айтқысыз күш жұмсағанына қарамастан, біз дегенмен жеңіп шықтық» (осы том, 1-бет). Ленин шетел интервенттері мен ақ гвардияшыларды жеңуіміздің себептеріне тоқтала келіп, бұл ең алдымен Совет мемлекетінің қоғамдық және мемлекеттік құрылысына байланысты болды, қызыл әскерлердің майданда көрсеткен қаһармандығына, жанқиярлығына, сондай-ақ жұмысшылар мен шаруалардың энтузиазміне байланысты

болды, олар берік тыл құру үшін, өкіметті өз қолдарында ұстап қалу үшін қандай болса да құрбандықтарға төзе білді деп атап көрсетті. Ленин социализм системасының нығаю процесімен қатар капиталистік системаның әлсіреу процесі жүріп жатыр деді. Мұның өзі заңды процесс, деп түсіндірді ол, өйткені капиталистер «қаншама бай және қаншама күшті болғанымен, құрып бара жатқан тап болып отыр, ал біз жеңіске қарай өрлеп келе жатқан таппыз» (3-бет).

Ленин бұл қағидаларды бұдан былайғы сөздерінде дамыта түседі. 1920 жылы 21 ноябрьде РКП(б) Москва губерниялық конференциясында сөйлеген сөзінде ол былай деп мәлімдеді: Совет мемлекеті тек тыныс алып қана қойған жоқ, ол анағұрлым елеулі табысқа ие болып отыр,—«біз жаңа кезеңге аяқ басып отырмыз, бұл кезеңде капиталистік мемлекеттердің қоршауында біздің негізінен халықаралық көлемде өмір сүруге қолымыз жетті» (24-бет).

Ленин қоғамдық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру саясатының негізгі принциптерін талдап жасай отырып, буржуазиялық кәсіпкер топтармен өзара тиімді ынтымақтастық орнатуды капиталистік елдермен қатынастарды ретке келтіру жолындағы алғашқы қадам деп қарады. Ол экономикалық байланыстар орнатып, оны дамытуды Совет мемлекетіне қарсы жаңа соғысты болдырмау құралдарының бірі деп есептеді. Ленин бейбітшілікті сақтау және барлық күшімізді шаруашылықты қалпына келтіруге жұмсауға толық мүмкіндік алу бізге бәрінен де қымбат деп атап көрсетті. Ол капиталистік система мен социалистік система арасындағы қайшылықтар соғыс арқылы емес, бейбіт экономикалық жарыс жолымен, шаруашылық майдандағы күрес арқылы шешіле алады және шешілуге тиіс, бұл күрестің барысында социализм капитализмнен өзінің артықшылығын сөзсіз көрсететін болады деп дәлелдеді.

Ленин Совет мемлекетінің бейбітшіл сыртқы саясаты, империалистердің барлық әзәзілдіктеріне және жасырын арам ойларына қарамастан, социализмге бұрынсоңды болып көрмеген тартушы күш береді, сөйтіп бар-

лық елдер халықтарының орасан көп қалың бұқарасын өз жағына тартып алатын болады деп талай рет атап көрсетті. Ленин социализмнің басқа елдерге тигізетін революцияландырғыш ықпалына, өнеге күшіне орасан зор маңыз берді. Социалистік қоғам неғұрлым ойдағыдай дамыған сайын, социалистік елдер шаруашылық құрылысты неғұрлым тиімді жүргізген сайын, экономикалық және саяси жағынан неғұрлым күшті болған сайын тарихи дамудың бағыты мен қарқынына олардың ықпалы да соғұрлым күшейе түседі. «...Біз: «Социализмнің өнегелік күші бар» деп айтып келдік және айтып та отырмыз,— деп көрсетті ол.— Күштеу өз өкіметін қайтадан орнатқысы келетіндерге қолданылады. Бірақ күштеудің мәні осымен бітеді, ал одан арғы жерде ықпал мен өнеге бел алады. Коммунизмнің маңызын практикалық тұрғыдан, үлгі арқылы көрсету керек» (83-бет). Нақ сондықтан да Ленин Советтік Россияны нығайту және оны жеңілмейтін ел ету міндетін қойды.

Қоғамдық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру саясатының лениндік принциптері барлық елдердің халықтарын бейбітшілік жолындағы, социализм жолындағы күреске интернационалдық тұрғыдан топтастырудың қуатты құралы болып табылады. Бұл принциптер КПСС XX және XXII съездерінің шешімдерінде, Коммунистік партияның жаңа программасында одан әрі дамытылды және советтік сыртқы саясаттың басты бағыты болып бұлжымастан қала да береді.

Сонымен қатар Ленин еңбекшілерді қырағы болуға, империалистердің тімískілеген әрекеттерін мұқият бақылап отыру қажеттігіне шақырды. Әзірге біздің республикамыз капиталистік система қоршауындағы бірден-бір республика болып отырғанда, деп атап көрсетті Ленин, егер кісі күлерліктей қиялшылдар мен утопистер болғымыз келмесе, біз жаңа соғыс қаупі жойылды деп ойламасқа тиіспіз. Ленин империалистер тарапынан соғыс шабуылының жасалу қаупінің сақталып отырғандығын атап көрсете келіп, еңбекшілерді әрдайым сақадай сай болуға шақырды.

Капитализмді жеңу үшін, деп үйретті Ленин, қанаушыларды революциялық күштермен құлату міндетін шешу керек және жасампаздық міндетті — жаңа экономикалық қатынастар орнату міндетін шешу керек. Бұл міндеттер бір-бірімен тығыз байланысты. Егер екінші міндет орындалмайтын болса, онда қанаушыларды құлату ісіндегі ешқандай табыстар да, империалистерге әскери күшпен тойтарыс беру ісіндегі ешқандай жеңістер де ештеңе бермейді, сөйтіп ескі тәртіпке қайта оралу сөзсіз болып қала береді. Сондықтан шаруашылық құрылыс мәселелері Коммунистік партия мен бүкіл совет халқының қызметіндегі негізгі мәселелер болуға тиіс.

Лениннің томға енгізілген еңбектерінің (21 ноябрьде РКП(б) Москва губерниялық конференциясында сөйленген сөз, 6 декабрьде РКП(б) Москва ұйымы активінің жиналысында жасалған баяндама, Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде жасалған баяндамалар мен сөйленген сөздер және басқалар) шаруашылық құрылыстың міндеттерін белгілеуде шешуші маңызы болды.

Ленин бейбіт құрылысқа көшу кезеңінде еңбекшілерді шаруашылық құрылысқа белсенді қатысуға бұрынғыдан да гөрі кең көлемде тартуды негізгі міндет деп білді. «Тарихи қимылдардың ауқымы неғұрлым зор болса, өрісі неғұрлым кең болса,— деп атап көрсетті Ленин,— бұл қимылдарға қатысушы адамдардың саны да соғұрлым көп болады, ал, бұған керісінше, біздің жүргізгелі отырған қайта құру ісіміз неғұрлым терең болған сайын оған ден қоюшылықты, саналылықпен қараушылықты соғұрлым арттыра түсуіміз керек, жаңадан миллиондаған және он миллиондаған адамдарды мұның қажеттілігіне сендіре түсуіміз керек» (154—155-беттер). Марксизм-ленинизмнің халық бұқарасының тарихтағы шешуші ролі туралы негізгі қағидаларының бірі болып табылатын бұл қағида біздің заманымызда, кеңінен өріс алған коммунистік құрылыс жағдайында айрықша маңыз алып отыр.

Ленин былай деп сенім білдірді: егер партия мен Совет өкіметі еңбекшілер көпшілігінің талапкерлігі

мен белсенділігін көтере білсе, онда шаруашылық майданда жеңіске қол жетеді. Бұл үшін, деп көрсетті ол, бүкіл үгіт пен насихатты шаруашылық құрылыс саласына көшіру керек. Ленин «Өндірістік насихат туралы тезистерде» өндірістік насихатты мемлекеттік көлемде кеңінен өрістетуді ұсынды. Ол газет беттерінде шаруашылық жоспарға көбірек көңіл бөлу, жұмысшылар мен шаруаларды мемлекетті басқару ісіне үйрету, совет органдарының заңдары мен шараларының орындалуын тексеру, кең көлемде пікір алысуды өрістету қажеттігін атап көрсетті. Партияның айбынды құралы — баспасөздің міндеттерін белгілей келіп, Ленин былай деп жазды: «Саяси сылдыр сөз азырақ болсын, жалпылама пайымдаулар мен абстракты ұрандар азырақ болсын, тәжірибесі жоқ және өз міндеттерін түсінбеген коммунистер осыған әуестенеді; өндірістік насихат көбірек болсын, ал бәрінен де бұрын практикалық тәжірибені іскерлікпен, тетігін таба, бұқараның даму дәрежесіне сәйкестіріп есепке алу көбірек болсын» (369-бет).

Ленин ауыл шаруашылығын қалпына келтіру туралы мәселені алға айрықша қойды, өйткені мұнсыз ешқандай шаруашылық құрылыс мүмкін емес еді. Халық Комиссарлары Советі ауыл шаруашылық өндірісін нығайту және дамыту шаралары туралы заң жобасын Советтердің VIII съезінің бекітуіне ұсынды; бұл заң жобасы Лениннің тікелей басшылық етуімен және қатысуымен жасалған болатын. Жобада ауыл шаруашылығын өркендетуді мемлекеттік тұрғыдан реттеу шараларын шаруалардың өз шаруашылықтарында егін шығымдылығын арттыру мен өнімділікті көтеруге олардың жеке басын ынталандырумен ұштастыру көзделді. Заң жобасының мәнін түсіндіре келіп, Ленин шаруаларды кеременаулық пен қараңғылыққа қарсы күреске жұмылдыруға және ауыл шаруашылығында, ең мардымсыз, ең қарапайым жетістіктер болса да мейлі, қайткен күнде де жаппай жақсы нәтижелерге қол жеткізуге шақырды. Ол жұмысшылар мен шаруаларды «Советтік Россия тек өндірісті көбейте отырып қана, еңбек өнімділі-

гін арттыра отырып қана жеңіп шыға алатындығын» (158-бет) әрқашан естерінде сақтауға шақырды.

Ленин Советтер съезінде социализмнің экономикалық негізін жасау қажеттігі туралы — Россияны электрлендіру туралы — ГОЭЛРО жоспары туралы орасан зор шабытпен айтты. Бұл жоспар — Лениннің еңбегі — Совет мемлекетінің тұңғыш перспективалық халық шаруашылық жоспары болды, оның негізіне социализмнің материалдық-техникалық базасын жасау жөніндегі лениндік идеялар алынды. 10—15 жылға белгіленген ГОЭЛРО жоспары елдің бүкіл экономикасын түбегейлі қайта құрудың кең көлемді программасы еді. Ленин партия мен барлық еңбекшілер қызметінің негізгі міндеті елді электрлендіру жоспарын орындау жолындағы күрес болуға тиіс, өйткені бұл жоспар коммунизмнің жеңіп шығуына арналған деп атап көрсетті.

Ленин экономикалық құрылыстың жалпы перспективасын белгілеумен ғана шектеліп қалған жоқ, сонымен қатар оны нақтылап берді. Ол электрлендіру социализм мен коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың негізі болып табылады деп атап көрсетті. Оның «Коммунизм дегеніміз — Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру» деген данышпандық формуласында коммунистік қоғам орнатудың саяси және экономикалық жақтарының ажырамас бірлігі бейнеленген. Коммунизм, деп атап көрсетті Ленин, «езілгендер бұқарасының барлық істерді шешіп отыруына» мүмкіндік беретін саяси орган ретінде Совет өкіметінің болуын керек етеді. Бірақ коммунизмнің экономикалық жеңісі бүкіл экономика ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктеріне сүйенген машиналы ірі өндіріс базасы негізінде қайта құрылған жағдайда ғана қамтамасыз етілетін болады. Бұл атақты лениндік формула коммунизм туралы ұғымға нақты негіз болып табылады, жалпы теориялық қағиданы коммунизм орнатып жатқан миллиондаған еңбекшілердің практикалық іс-қимылы арқылы түсіндіреді.

Ленин электрлендіру жоспарын партияның екінші программасы, бүкіл халық шаруашылығын қайта құру жөніндегі жұмыстардың жоспары, ұлы шаруашылық

жоспар деп атады. Электрлендіруді жүзеге асырмайынша, деді Ленин, өнеркәсіпті өрге бастыру мүмкін емес. Россия әзірге артта қалған ұсақ шаруалар елі болудан құтылмайынша, онда коммунизм үшін экономикалық базадан гөрі капитализм үшін экономикалық база берігірек болып қала береді.

Ленин Россияны электрлендіру программасының мәнін ашып көрсете келіп, электрлендіру жоспарын жүзеге асырудың, Совет елінде социализмді ойдағыдай орнатудың орасан зор халықаралық маңызы болады және социализм жолына түскен басқа елдердің халықтары үшін үлгі болып саналады деген маңызды қағиданы ұсынды. «...Егер Россияда электр станциялары мен қуатты техникалық жабдықтардың қалың желісі кеңінен жайылатын болса, онда біздің коммунистік шаруашылық құрылысымыз болашақ социалистік Европа мен Азияға үлгі бола алады» (179-бет). Қазір бұл көрегендік сөздер жүзеге асқан. Совет Одағының табыстары мен тәжірибесі Европаның, Азияның және Американың көптеген елдері үшін үлгі болып отыр және социализмнің жеңістiндігіне сенімдерін арттырып отыр.

Ленин халық шаруашылығын қалпына келтірудің кеңінен ойластырылған жоспарында концессиялардың едәуір роль атқаратындығын атап көрсетті. Лениннің Москва партия ұялары секретарьларының жиналысында, Москва ұйымы партия активінің жиналысында, Советтердің VIII съезіндегі РКП(б) фракциясында жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде және басқа да сөздерінде концессияларға үлкен назар аударылады. Ол социализм құрып жатқан елде пролетариат диктатурасының реттеп және бақылап отыруы арқылы концессияларға мемлекеттік капитализм формаларының бірі ретінде жол беруге болатындығын жан-жақты талдап зерттеп, дәлелдеп берді. Ленин экономикалық күйзелісті жеңудің жолдарын белгілей келіп, концессиялар түріндегі шетел капиталын пайдалану өнеркәсіпті қалпына келтіруді тездетуге мүмкіндік береді және жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсартуға жәрдемдеседі деп есептеді.

Ленин концессияларды соғысқа қарсы күресудің экономикалық және саяси дәйектемесі деп қарады. Ол концессиялар да капиталистік дүниеге қарсы күрес болып табылады, тек мұнда қару-жарақ және танкілер қолданып соғысу экономикалық соғыспен алмастырылады деп көрсетті. Совет елі капиталистерге концессия бере отырып, «соғысты шаруашылық тұрғыдан жалғастыра» береді, «бірақ мұнда біз енді өндіргіш күштерімізді қиратпаймыз, қайта дамыта түсеміз» (48-бет).

Ел басына түскен қиыншылықтар партияға да әсерін тигізді, оның тұрлаусыз мүшелері арасында қобалжу туғызды. Бұл ең алдымен кәсіподақтардың социалистік қоғам орнатудағы ролі туралы мәселеде көрінді. 1920 жылы ноябрьде кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясында партия кәсіподақтарда жұмыстың әскери әдістерінен бас тарту, сөйтіп кең өрістетілген демократияға көшу туралы мәселе қойды. Бұған Троцкий қарсы шықты. Ол жұмысшылардың еңбегін милитарландыруды талап етті және әскери коммунизмнің «бұрандасын бұрай түсу», «кәсіподақтарды мемлекеттендіру» керек, оларды мемлекеттік аппараттың шылауына айналдыру керек деп ұсыныс жасады. Ленин Троцкийдің ұсыныстары партияны жұмысшы табынан қол үзетін апатты жолға итермелейтінін, пролетариат диктатурасының негізі—жұмысшы табы мен шаруалардың одағын жоюға итермелейтінін әшкереледі. Троцкийдің фракцияшылдық, антипартиялық әрекеттерін Бухарин қолдады. Троцкий, Бухарин және олардың пікірлестері партияға кәсіподақтар туралы айтысты әкеп таңды. Айтыс кезінде басқа да антипартиялық топтар—«жұмысшы оппозициясы», «демократиялық централизм» тобы, игнатовшылдар партияға қарсы шықты.

Партияның шаруашылық саясатындағы жаңа бағытты фракцияшыл топтарға қарсы қажырлы күрес жағдайында белгілеуге тура келді. Ленин бұл күреске тікелей басшылық етті. Антипартиялық топтардың шабуылына тойтарыс беру үшін, социализм орнату жолындағы бірден-бір дұрыс бағытты қорғап қалу үшін, партияның бірлігін сақтап қалу үшін айтыс күндерінде Лениннің бүкіл даналығы, оның данышпандық

көрегендігі, адам айтқысыз қаһармандығы мен батылдығы қажет болды.

Лениннің томға енген мақалалары мен сөздері оның антипартиялық топтарды талқандау жөніндегі, партияның бірлігін нығайту жөніндегі, еңбекшілердің елді шаруашылық жағынан қайта өркендету жолындағы, социалистік экономиканың негізін қалау жолындағы күресіне дем беруші және оны ұйымдастырушы партияның ролін арттыру жөніндегі қызметін көрсетеді. Бұған: «Кәсіптік одақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий жолдастың қателіктері туралы», «Партия дағдарысы», кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық II съезінде кәсіптік одақтардың ролі мен міндеттері туралы жасалған баяндама және баяндама бойынша сөйленген қорытынды сөз, «Тағы да кәсіподақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий мен Бухарин жолдастардың қателіктері туралы» деген кітапша және басқалар жатады. Советтік кәсіподақтардың жұмысында программалық документтерге айналған бұл шығармаларда бейбіт құрылыс жағдайында партияның бұқара арасында жүргізетін жұмысының формалары мен әдістері негізделген, фракцияшыл топтардың антипартиялық сипаты әшкереленген, кәсіптік одақтардың пролетариат диктатурасы системасындағы ролі мен міндеттері туралы бірсыпыра аса маңызды принципті қағидалар айтылып, дамытылған. Ленин кәсіподақтарды басқару мектебі, шаруашылықты жүргізу мектебі, коммунизм мектебі деп сипаттады.

Ленин Бухариннің «буферлік» тобы дейтін топқа партиялық ымырасыздықтың барлық күшімен тойтарыс берді. Ленин мен Троцкийдің арасындағы алауыздықтарды бәсеңсітуді желеу етіп Бухарин ленинизмді троцкизммен келістіруге тырысты. «Келістіруші» ролін атқарғансып, Бухарин іс жүзінде Троцкийді барынша қорғап, Ленинге шабуыл жасады, ал көп ұзамай ашықтан-ашық Троцкийдің позициясына қосылды. Ленин «ең жаман, ең зиянды фракцияшылдықты қолдаушы ретінде» (296-бет) Бухаринді әшкереледі. Ол Бухарин ұсынған «өндірістік демократия» ұраны синдикализмге қарай құлдырағандық деп көрсетті. «Буферлік» топтың

платформасы, деп көрсетті Ленин, логикалық, теориялық және практикалық тұрғыдан синдикалистердің партиядан қол үзгендігін көрсетеді, ол «*идеялық* тозғындаудың шыңы» (267-бет) болып табылады.

Ленин Бухариннің саясат пен экономиканың арақатысы жөніндегі антимарксті, эклектикалық түсінігін әшкерелей отырып, саясат дегеніміз экономиканың жиынтық көрінісі болып табылады, саясатты экономикадан бөліп алуға болмайды деп атап көрсетті. Саяси өкіметті ұстап тұру үшін және социалистік экономиканы орнатуға мүмкіндік алу үшін пролетариат шаруалармен одақты сақтап қалуға және нығайтуға тиіс.

Ленин пролетариат диктатурасы системасындағы партияның басшылық ролін теріске шығарған, советтік мемлекеттік органдар системасын «өндірушілер» ұйымы дейтінмен ауыстыруды талап еткен «жұмысшы оппозициясы» платформасының орасан зияндылығын ашып көрсетті. «Жұмысшы оппозициясы» тұтас алғанда жұмысшы табының мүдделері мен еркін білдіретін социалистік мемлекеттің билігінен өндіріс құрал-жабдықтарын алып, жұмысшы табының кәсіптік белгілері бойынша құрылған, оның жекелеген отрядтарының мүдделерін қорғайтын партиялық емес қоғамдық ұйымдарының меншігі мен басқаруына беру туралы мәселе қойды. Мұндай анархо-синдикалистік позиция, деп көрсетті Ленин, социалистік құрылыстың негізгі құралы болып табылатын пролетариат диктатурасын іс жүзінде теріске шығару еді. Партияның басшылық ролінің қажеттігін баса көрсетіп, Ленин былай деді: «басқару үшін шыныққан революционер-коммунистердің армиясы болу керек, ол армия бар, ол партия деп аталады» (283-бет).

Ленинге партияның Советтер мен кәсіподақтардағы басшылық ролін теріске шығарған, өнеркәсіпте директорлардың дара басшылығы мен жеке басының жауапкершілігіне қарсы шыққан, партия құрылысы мәселелерінде лениндік принциптерге қарсы шыққан, фракциялар мен топтар құруға еркіндікті талап еткен антипартиялық «демократиялық централизм» тобымен де күресуге тура келді. Ол «демократиялық центра-

лизм» тобын «бәрінен де қатты айқайға басушылар» фракциясы, ал оның платформасын эсерлік-меньшевиктік платформа деп атады.

Ленин антипартиялық платформаларға қарама-қарсы кәсіподақтардың өндірістік міндеттері туралы Я. Э. Рудзутактың тезистерін қолдауды ұсынды, бұл тезистер кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясында қабылданған-ды. Тезистердің негізіне өндірісті өркендетуде кәсіподақтардың ролін көтеру, олардың қызметінде демократиялық негіздерді кеңейту, партияның кәсіптік қозғалысқа басшылығын сақтап қалу және күшейту қажеттігі туралы лениндік қағидалар алынған болатын. Кейіннен арнаулы комиссия талдап жасаған «Кәсіподақтардың ролі туралы РКП X съезі қаулысының жобасы» баспасөзде жарияланды, бұған Ленин және Орталық Комитеттің басқа да бірқатар мүшелері қол қойды, сөйтіп ол тарихқа «онның платформасы» ретінде енді. Айтыстың барысында оппозиционерлердің антипартиялық оппортунистік ұрандарын әшкерелеу жөнінде коммунистер мен партияда жоқтардың арасында орасан зор түсінік жұмысы жүргізілді. Осының нәтижесінде X съезден бұрын-ақ антипартиялық топтар жеңіліске ұшырады.

Ленин социалистік қоғам орнатудың формалары мен әдістерін, жұмысшы табы мен шаруалардың соғыс жағдайынан бейбіт жағдайға көшудің нәтижесінде өзгеріске ұшыраған қарым-қатынастарын жан-жақты зерттеді. Лениннің ел ішіндегі және халықаралық аренадағы таптық күштердің арасалмағына маркстік талдау жасаудағы даналығы оның нақты жағдайды жетік білушілігімен ұштасып жатты. Бұл оған саясатты өзгертіп отыру қажеттігін дер кезінде аңғара білуге мүмкіндік берді. Ленин шаруалардың көңіл-күйін орасан зор ынтамен зер сала зерттеді, олардың хаттарын оқып, баршы-шаруалармен кездесіп, әңгімелесті, олардың пікіріне құлақ қойып, бұл кездесулерде өзінің қорытындыларын тексеріп отырды. 1920 жылы декабрьде Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіне делегат болып келген партияда жоқ шаруалардың кеңесіне қатысып, делегаттардың сөйлеген сөздерін егжей-тегжейлі жазып

алды (қараңыз: 429—433-беттер), сөйтіп өзінің жазбаларын шаруалардың мұқтаждарымен және тілектерімен танысуы үшін партияның Орталық Комитетінің мүшелеріне және халық комиссарларына таратып берді. Ленин 1921 жылы 4 февральда металлистердің Москва конференциясында сөйлеген сөзінде барлық күш-жігерді жұмысшылар мен шаруалар одағының экономикалық негізін өзгертіп, олардың қарым-қатынастарын реттеуге бағыттау қажет деп барынша айқын мәлімдеді. Ленин 1921 жылы 28 февральда Москва Советі пленумының мәжілісінде сөйлеген сөзінде шаруалардың азық-түлік салымынан азық-түлік салығына көшу жөніндегі тілегімен санасу қажет, бұл мәселе партияның алдағы X съезінде қойылады, съезд шешім қабылдайды, ол шешім «партияда жоқ шаруаны қанағаттандыратын болады, қалың бұқараны да қанағаттандыратын болады» (406-бет) деп атап көрсетті.

Томға «Шаруалар жөніндегі тезистердің алдын ала жасалған, алғашқы нобайы» еніп отыр, Ленин мұнда салымды азық-түлік салығымен ауыстырудың негізгі қағидаларын тұжырымдады. Бұл нобайда ол жаңа экономикалық саясатқа көшуді белгілеп берді, ал бұл саясаттың мәнісі жұмысшы табы мен шаруалардың берік одағын орнату, қуатты машиналы индустрия жасау және социалистік экономиканың негізін қалау мақсатында пролетариат диктатурасын нығайту болып саналады. Совет мемлекеті өмірін барлық жағынан терең зерттеудің нәтижесі болған бұл лениндік ой-пікірлер партияның X съезінің азық-түлік салымын заттай салықпен ауыстыру жөніндегі шешімінің негізіне алынды.

«Халық Комиссарлары Советінің экономикалық комиссиясы қаулысының жобасы», «Еңбек және Қорғаныс Советінің жалпы жоспарлау комиссиясы туралы қаулысының негізгі пунктінің жобасы», «Бірыңғай шаруашылық жоспар туралы» деген және басқа еңбектерде советтік экономиканы дамытудың және халық шаруашылығына басшылық етудің аса маңызды проблемалары баяндалған. Халық шаруашылығын басқару мен жоспарлаудың Ленин талдап жасаған программасы елдің экономикалық өмірінде Коммунистік партия

мен Совет мемлекетінің басшылық ролін күшейтуге арналды. Жалпы жоспар туралы мылжыңдауды қою керек, деді Ленин, қайта жоспардың орындалуын егжей-тегжейлі зерттеп, команда беруге әуесқойлықтан сақтану керек, жіберілген қателіктерге талдау жасап, оларды түзетудің тәсілдерін іздеп табу керек.

Ленин шаруашылық және мемлекеттік құрылыс мәселелерімен қатар партияның Совет мемлекетінде мәдениет пен ғылымды дамытудағы міндеттерін де белгілеп берді. Томға енгізілген бірқатар шығармаларда ол социалистік мәдениетті жасау туралы, капитализмнен социализмге өту дәуіріндегі мәдени революцияның мәні мен жолдары туралы аса маңызды қағидалар ұсынды. Политехникалық білім беру туралы Н. К. Крупскаяның тезистеріне «Ескертпелерде», «Халық ағарту комиссариатының коммунист қызметкерлеріне Орталық Комитеттің директиваларында», «Халық ағарту комиссариатының жұмысы туралы» деген мақаласында және басқаларында Ленин халық ағарту саласындағы партия программасының қағидаларын дамытты. Ол жалпы және политехникалық білім беруді ұйымдастыру, оқу орындарының программаларын жасау, саяси-ағарту мекемелерінің жүйесін — кітапханаларды, клубтарды, оқу үйлерін және т. б. нығайту және өрістету ісінде нақты шаралар белгілеп берді. Ленин теориялық терең білімін орасан зор практикалық дайындығымен ұштастыра білетін маман педагогтарды халық ағарту саласындағы басшылық жұмысқа кеңінен тартуды, олардың тәжірибесін зерттеуді, олардың жұмыс нәтижелерін тексеріп отыруды талап етті.

Ленин ғылым мен техниканың социалистік құрылыстағы орасан зор маңызын талай рет атап көрсетті. Ол социалистік халық шаруашылығы ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктері негізінде дамуға тиіс, Совет мемлекеті техникалық прогреске үнемі қамқорлық жасап отыруы керек деп есептеді. Жұмысшының еңбегін жеңілдету қажет, оны ауыр дене еңбегінен босатып, барлық салмақты машинаға аудару керек, сонымен бірге еңбектің жалпы өнімділігін арттыру қажет.

Томға Халық Комиссарлары Советінің «Академик

И. П. Павловтың және оның қызметкерлерінің ғылыми жұмыс жүргізуіне қажетті жағдайлар жасау туралы» қаулысы еніп отыр. Бұл қаулы тіпті аса ауыр шаруашылық күйзелісі мен ашаршылық жағдайында, орасан зор қиыншылықтар тұсында да Лениннің ғылымды дамытуға, ғалымдардың жұмыс істеуі үшін неғұрлым жақсы жағдай туғызуға орасан зор қамқорлық жасағандығын дәлелдейді. «Бірыңғай шаруашылық жоспар туралы» деген еңбегінде ол коммунистерді буржуазиялық мамандарға барынша сақтықпен және іскерлікпен қарауға шақырды, өйткені олардың көпшілігінің бойына буржуазиялық дүние таным әбден сіңіп қалған еді. Коммунистер, деп үйретті Ленин, команда беруге әуес болмауға тиіс, қайта мамандарға өздерінің ой-өрістерін кеңейту үшін жәрдемдесуі керек және сонымен бірге олардан үйреніп, өздерінің білімін көтеруге тиіс. Ол «инженер коммунизмді мойындауға астыртын жұмыста болған насихатшы, әдебиетші *сияқты келмей, өз ғылымының деректері арқылы* келетініп, коммунизмді мойындауға агроном *өзінше*, орманшы өзінше келетінін, т. т.» (386-бет) есте сақтау керек деп жазды.

* *
*

Қырық екінші томда Лениннің Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіндегі РКП(б) фракциясында сөйлеген екі сөзі (1920 жылғы 22 декабрьде сөйленген сөз, 27 декабрьде сұрақтарға берілген жауаптар), Москва партия активі жиналысында 1921 жылы 24 февральда сөйлеген сөзі бірінші рет жарияланып отыр. Ленин бұл сөздерінде Халық Комиссарлары Советінің концессиялар туралы декретінің ролі мен маңызын егжей-тегжейлі түсіндіреді, Совет мемлекетінің сыртқы және ішкі саясаты мен коммунистік партиялардың қызметіне байланысты көптеген аса маңызды мәселелерге тоқталады.

Томға Шығармаларға бірінші рет енгізілген еңбектер: «РКП(б) Орталық Комитетінің мүшелеріне хат», РКП(б) Орталық Комитетінің пленумдары мен Халық Комиссарлары Советі қаулыларының жобалары, Сокольники Советі пленумының салтанатты мәжілісінде 1920

жылы 7 ноябрьде сөйленген сөз, РКП(б) Москва ұйымы активінің жиналысында концессиялар туралы жасалған баяндама бойынша 1920 жылы 6 декабрьде сөйленген қорытынды сөз, Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіндегі РКП(б) фракциясында концессиялар туралы жасалған баяндама бойынша 1920 жылы 21 декабрьде сөйленген қорытынды сөз, Халық Комиссарлары Советінің заң жобасына қосымшалар туралы Советтердің VIII съезіндегі РКП(б) фракциясында 1920 жылы 27 декабрьде сөйленген сөз және басқа еңбектер еніп отыр.

«Дайындық материалдар» бөлімінде томға енген қарарлар мен декреттер жобаларының нобайлары, еңбектердің жоспарлары мен материалдары берілді. Оған мыналар жатады: ««Кәсіптік одақтардың міндеттері және оларды жүзеге асыру әдістері» деген қарар жобасының нобайы», «Өндірістік насихат туралы тезистер жөнінде», «Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде жасалатын баяндаманың жоспары», ««Кәсіптік одақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий жолдастың қателіктері туралы» деген сөздің конспектісі», «Орталық Комитет мүшелері мен халық комиссарларына записка», ««Партия дағдарысы» деген мақаланың қорытынды бөлегінің нобайы», ««Тағы да кәсіподақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий мен Бухарин жолдастардың қателіктері туралы» деген кітапшаның материалдары», ««Халық ағарту комиссариатының жұмысы туралы» деген мақаланың материалдары», «Дағыстан делегациясын қабылдағандағы жазбалар» және басқалар. Ленин өзінің еңбектерін жазарда алдын ала қаншалықты зор дайындық жұмыстар жүргізгенін бұлардан айқын көруге болады. «РКП(б) Москва комитетінің партия активімен өткізілетін мәжілісінде сөйленетін сөздің жоспары» мен «Бакулік жолдастарға хаттың жоспарының» зор маңызы бар. Сөздің жазбасы да, хаттың тексті де табылған жоқ. Бұл документтердің бәрі В. И. Ленин Шығармаларында бірінші рет басылып отыр.

*КПСС Орталық Комитеті жанындағы*
*Марксизм-ленинизм институты*

В. И. ЛЕНИН
*Январь, 1921*

# ЖҰМЫСШЫ, ШАРУА ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ МОСКВА СОВЕТІ, РКП(б) МОСКВА КОМИТЕТІ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ МОСКВА ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ 3 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІСІНДЕ 1920 ж. 6 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Ұзақ қол шапалақтау.) Жолдастар, бүгін біз мұнда өзіміздің пролетариаттың күрес күндерін еске түсіру үшін, өзіміздің революциялық жеңістерімізді еске түсіру үшін жиналып отырмыз. Біз бүгін өз жеңісімізді мерекелей аламыз. Тұрмыстың адам айтқысыз қиыншылықтарына қарамастан, жауларымыздың адам айтқысыз күш жұмсағанына қарамастан, біз дегенмен жеңіп шықтық. Біз үш жыл бойы жеңіп келеміз. Мұның өзі орасан зор жеңіс болып табылады; ал бұрын бұған ешқайсымыз да сенбеген болар едік. Бұдан үш жыл бұрын, біз Смольныйда отырған кезде, Петроград жұмысшыларының көтерілісі бізге күткендегімізден гөрі өзінің анағұрлым ынтымақты екенін көрсетті, бірақ егер сол түні біреулер бізге: үш жылдан кейін қазіргі бар нәрсе болады, біздің міне осы жеңісіміз болады деген болса,— бұған ешкім де, тіпті ең барып тұрған оптимист те, сенбеген болар еді. Біз ол кезде өз ісіміз бүкіл дүние жүзін жеңген кезде ғана жеңісіміз баянды жеңіс болады деп білдік, өйткені біз өз ісімізді бастағанда да тек дүние жүзілік революция болады деген үмітпен ғана бастаған болатынбыз. Империалистік соғыс біз осы күнге дейін өмір сүріп келген формалардың бәрін өзгертіп жіберді, сондықтан күтуге болатын шамадан гөрі едәуір ұзаққа созылған күрестің қай формаларда жүргізілетіндігін білуге біздің мүмкіндігіміз болмады. Ал қазір, үш жылдан кейін, біз бұған дейінгіден өлшеусіз күшті болып шығып отырмыз, бірақ бүкіл дүние жүзілік буржуазия да әлі

өте күшті, ал оның бізден өлшеусіз күшті екендігіне қарамастан, дегенмен біз жеңіп шықтық деп айтуға болады. Біз осы буржуазияны іріту үшін өзіміздің бар күшімізді жұмсадық және бұл тұрғыдан алғанда біздің істеген жұмысымыз табыссыз болған жоқ. Мұның себебі — біздің халықаралық революцияға үміт артқанымыз болды және бұл үміт арту сөзсіз дұрыс та еді. Біз бүкіл дүние жүзінің қирауға бет алып отырғанын білдік, империалистік соғыстан кейін ескіше қала беруге болмайтынын да білдік, өйткені империалистік соғыс барлық экономикалық және праволық ескі қатынастарды түп тамырымен қиратты, осы күнге дейін ескі тәртіп сүйеніш етіп келген өмірдің барлық жағдайларын қиратты. Империалистік соғыс күйреушілікті біздің насихатымыздан гөрі мың есе артық әзірлеп отырған кезеңде пролетариат ең болмағанда бір елде жеңіске жеткен болса, онда халықаралық буржуазияның күпітеріп ойсырату үшін осы жағдайдың өзі-ақ жеткілікті болған еді.

Егер біз қазір халықаралық қатынастарға жалпы көз жіберетін болсақ,—ал біз халықаралық көзқарас тұрғысынан қараймыз деп әрқашан да баса көрсетіп келдік,— және Советтік Россияға қарсы жүргізілген соғыстардың тарихына зер салатын болсақ, онда біз айналамыздағы шағын буржуазиялық мемлекеттердің, өз елдерінде большевиктерге жендеттік істеп, оларды қудалап отырған осы мемлекеттердің бәрімен дерлік бітім жасалғанын көреміз. Бұл мемлекеттер түгелімен Антантаның[1] малайлары мен құлдары болып табылады және олар Советтік Россияны күйзелтіп, жойып жібергісі келеді, бірақ, бұған қарамастан, біз Антантаның тілегіне қарсы бұлармен қалайда бітім жасастық. Англия, Франция және Америка сияқты қуатты үш держава бізге қарсы біріге алмады, сөйтіп біріккен күштерімен бізге қарсы олардың өздері бастаған соғыста олар талқандалды. Неге? Неге десеңіз олардың шаруашылығы, олардың елдерінің тұрмысы күйзеліске ұшырады, неге десеңіз олар шала-жансар өлексеге айналды, неге десеңіз олар ескіше тұра алмайды, неге десеңіз олар өздеріне тірек етіп отырған тап — буржуазия табы — шіріп бітті. Бұл тап империалистік соғысқа итермелеп, 10 миллионнан астам

адамды қырғынға ұшыратты. Не үшін? Ат төбеліндей капиталистер арасында дүние жүзін бөліске салу үшін. Осы істе ол қаусап қалды, осы істе ол өзінің түп негіздерін күйретті, сондықтан, қазір ол әскери тұрғыдан қаншама күшті болып көрінгенімен, ол ішкі жағынан дәрменсіз. Мұның өзі енді большевиктік рухтағы прокламация емес, бұл — қанды жорықпен дәлелденген факт. Олар қаншама бай және қаншама күшті болғанымен, құрып бара жатқан тап болып отыр, ал біз жеңіске қарай өрлеп келе жатқан таппыз. Сондықтан, біз оларға қарағанда әлсіздеу бола тұрсақ та, біз үш жыл бойы жеңіп келеміз және біз жеңіп шықтық деп еш бір мақтанбай-ақ айтуға правомыз бар.

Біз бұлай дегенде, мәселенің екінші жағын да ұмытпауымыз керек: біздің көп дегенде жартылай жеңгендігімізді ұмытпауға тиістіміз. Біздің жеңіп шыққан себебіміз — бізден күштірек мемлекеттерге және оның бер жағында эмиграцияға кеткен біздің қанаушыларымызбен — помещиктермен және капиталистермен — біріккен мемлекеттерге қарсы тотеп бере алдық. Біздің ісіміз халықаралық іс екенін, сондықтан барлық мемлекеттерде,— оның ішінде ең бай және цивилизациялы мемлекеттерде де,—төңкеріс жасалғанға дейін, осыған дейін біздің жеңісіміз тек жеңістің жартысы ғана екенін немесе, бәлкім, одан да кемі екенін біз әрдайым біліп отырдық және ұмытпаймыз да. Тек енді ғана бізде Врангельге қарсы жеңімпаз ұрыстар жүргізіліп жатыр; үмітімізді қуаттайтын хабарларды біз күн санап күтудеміз[2]. Біз егер Қырымды таяу күндердің ішінде ала алмасақ, онда мұның кейінірек сәті түсетініне сенімдіміз, бірақ мұның өзі дүние жүзілік буржуазияның бізге қарсы ақырғы әрекеті деуге бізде ешқандай кепілдік жоқ. Керісінше, бізде бұл әрекеттің көктемде қайталанатынын көрсететін деректер бар. Олардың мүмкіндіктері мардымсыз болатынын біз білеміз, сонымен қатар біздің әскери күштеріміз басқа қай державадағыдан болса да анағұрлым берік, анағұрлым қуатты бола беретінін де біз білеміз, бірақ осының өзінде де қауіп жойылған жоқ, ол әлі де бар және алдыңғы қатарлы елдердің бірінде

немесе бірнешеуінде революция жеңбей тұрғанда, ол қауіп бола бермек.

Істің осыған бет алып келе жатқанын біз білеміз, III Интернационалдың осы жазда Москвада болған II конгресінің бұрын-соңды болып көрмеген, ушан-теңіз жұмыс істегенін біз білеміз[3]. Бәлкім, сіздердің кейбіреулеріңіз Зиновьев жолдастың баяндамасын тыңдаған боларсыздар, ол неміс тәуелсіздерінің Галледе болған съезі[4] туралы толық айтып берген-ді. Сірә, сіздер революция жасауға бәрінен де гөрі зор мүмкіндіктері бар елдердің бірінде не болып жатқандығының нақты бейнесін көрген шығарсыздар. Бірақ мұндай нәрселер қазір барлық елдерде болып жатыр. Коммунизм алдыңғы қатарлы елдердің бәрінде дамып, нығайып, партия болып топтасып отыр. Осы уақыттың ішінде халықаралық революцияның ісі шағын елдерде бірқатар жеңілістерге ұшырады, бұл елдерде қозғалысты жаныштауға орасан зор жыртқыштар көмектесті, мәселен, Германия Финляндиядағы революцияны жаныштауға көмектесті[5], немесе капитализмнің алыптары — Англия, Франция, Австрия — Венгриядағы революцияны жаныштады[6]. Бірақ, оны жаныштағанымен, олар осы арқылы өздерінде революцияның элементтерін мың есе көбейтті. Сондықтан қазір олардың күресте әлсіреуінің негізгі себебі мынау болып отыр: олардың тылы қамтамасыз етілмеген, өйткені барлық елдердегі жұмысшылар мен шаруалар бізге қарсы соғысқысы келмейді, өйткені ер жүрек теңізшілер тек бізде, Кронштадтта ғана болып коймай, олардың өздерінен де табылып отыр. Біздің Қара теңізде болған теңізшілердің есімдері бүкіл Францияда орыс революциясы жайындағы естелікпен байланысты болып отыр; қазір Францияда каторгада жүргендер орыс жұмысшылары мен шаруаларының жендеттері болғысы келмей, Қара теңізде көтеріліс жасағанын француз жұмысшылары біледі[7]. Антантаның қазір әлсіреп отырған себебі міне осыдан, халықаралық жағдай тұрғысынан біз қамтамасыз етілдік деп біздің байсалды түрде айтатын себебіміз міне осыдан.

Бірақ, жолдастар, біздің жеңісіміз әлі тіпті де толық емес, бізде бұл жеңістің жартысынан кемірегі ғана бар.

Иә, біз орыс жұмысшылары мен шаруаларының жан қиярлығы мен ынта-жігері арқасында орасан зор жеңіске жеттік, Россияның патша өкіметіне қарсы күреске шыққан және өздерін жұмысшылар мен шаруалар қолдамаған кезде өлімге бел буған жеке-дара қаһармандарды ғана беруге қабілетті болып қоймағанын көрсете білдік. Жоқ, Россия бұқарадан шыққан осындай қаһармандарды береді, Россия мұндай қаһармандарды жүздеп, мыңдап шығара алады деп айтқанымыз дұрыс болып шықты. Біз: осылай болады және сол кезде капитализмнің ісі сәтсіздікке ұшырайды дегенбіз. Ал қазір бізді жеңіске жеткізген басты себеп, басты негіз — майданда өлімге бел буған қызыл әскерлердің, азап шеккен жұмысшылар мен шаруалардың, әсіресе осы үш жылдың ішінде коншілігі капиталистік құлдықтың алғашқы жылдарындағыдан гөрі көбірек жаппай азап шеккен өнеркәсіп жұмысшыларының күрестегі қаһармандығы, жан қиярлығы, адам айтқысыз шыдамдылығы. Олар тек өкіметті ұстап тұру үшін ғана ашаршылыққа ұшыраудан, суыққа тоңудан, азап шегуден тайынбады. Міне осы шыдамдылығы, осы қаһармандығы арқылы олар қазіргі кезде күресуші күштердің арасында бар тылдардың ішіндегі бірден-бір мықты тыл болып шыққан тылды жасады. Сондықтан да біз әрі күшті, әрі берік болып отырмыз, ал Антанта біздің көз алдымызда қаусаған үстіне қаусай түсуде.

Бірақ осы ынта-жігердің, өрлеудің, қаһармандықтың бір өзімен ғана революция ісін тындыруға болмайды, бұл істі толық жеңіске жеткізуге болмайды. Жау бізді бас салып тұншықтырмақ болған кезде, оны осы арқылы тойтаруға мүмкін болды, қан төгіс арпалыста осы арқылы жеңіске жетуге мүмкін болды, бірақ істі ақырына дейін жеткізу үшін бұл аз. Аз болатын себебі — қазір біздің алдымызға міндеттің екінші бөлегі, жартысынан көбірегі, қиындығы жағынан көбірегі қойылып отыр. Сондықтан өзіміздің бүгінгі салтанатымызды, өзіміздің жеңіп шығамыз деген сенімімізді біз міндеттің осы жартысында да нақ сондай шешуші жеңіске жеткізерлік сапаға айналдыруға тиіспіз. Міндеттің бұл екінші жартысында жұмысшылар мен шаруалардың бір ғана ынта-

жігері, өлімге бас тігуге әзір болуының бір ғана өзі жеткіліксіз, өйткені бұл екінші міндет — ең қиын міндет, құрылыс міндеті, жасампаздық міндет. Капитализм бізге мұра етіп қираған мәдениетті ғана, бүлінген заводтарды ғана, торыққан интеллигенцияны ғана қалдырып қойған жоқ, сонымен қатар бізге бытыраңқы, қараңғы бұқараны, жеке-дара қожайындарды қалдырды, бірлесіп, ынтымақтасып жұмыс істеуге олақтықты да, дағдыланбағандықты да, ескілікті аластау керектігін түсінбеушілікті де бізге мұра етіп қалдырды.

Бізге қазір міне осыны шешу керек. Бүгінгі көңіл күйін ұзақ уақытқа созылатындай етіп өз жұмысымызға енгізу үшін, біздің шаруашылық өміріміздің бүкіл бытыраңқылығын жою үшін осы көңіл күйін пайдалану керек екенін біз есте сақтауға тиіспіз. Енді ескілікке қайта оралуға болмайды. Қанаушылар өкіметін құлатуымыз арқылы біз қазірдің өзінде жұмыстың жартысынан көбірегін істедік. Бізге енді барлық еңбеккер әйелдер мен еңбеккер еркектердің басын біріктіріп, оларға бірлесіп жұмыс істетуіміз керек. Жаңа жерге жаулап алушы қалай кірсе, біз де мұнда солай кірдік, солай бола тұрса да, өзіміз жұмыс істеп отырған барлық жағдайларға қарамастан, біз майданда қалайда жеңіп шықтық. Бүгінгі жұмысымыздың былтырғыдан гөрі жақсы жүріп жатқанын біз көріп отырмыз. Біз жұрттың бәрін тойындыра алмайтынымызды білеміз, біз үйлерге, жертөлелер мен лашықтарға аштық пен жалаңаштық төнбейді деп сене алмаймыз, бірақ солай бола тұрса да. біз өзіміздің жеңіп шыққанымызды білеміз. Біз тіпті қазір де, аса ауыр империалистік соғыс пен азамат соғысынан кейін де, біздің өндіргіш күшіміз орасан зор екенін білеміз, біз жұмысшыларды да, шаруаларды да аштық, жалаңаштықтан құтқара алатынымызды білеміз, бірақ бұл үшін өзімізде бардың бәрін есепке алып, тиісінше бөлуіміз керек. Біз мұны істей алмай отырмыз, өйткені капитализм әрбір қожайынсымаққа көбіне-көп өзі туралы ойлауды: қалай да байысам екен деп, бай адамдардың қатарына қалай да тезірек қосылсам екен деп ойлауды үйретті, ал белгілі бір идея жолында бірлесіп күрес жүргізуді үйреткен жоқ. Біз енді басқаша басшы-

лық етуге тиіспіз. Енді бізге өз міндетіміздің екінші жартысы, анағұрлым ауыр жартысы жүктеліп отыр. Қазір бізге дем беріп отырған ынта-жігер әлі бір жылға, әлі бес жылға созылуы мүмкін. Бірақ біз өзіміз жүргізуге тура келетін күресте ұсақ-түйектен басқа еш нәрсе жоқ екенін есте сақтауымыз керек. Айналамызда—кілең ұсақ шаруашылық істер. Оның үстіне, осы шаруашылық өмірге қозғау салатын ұсақ тұлғалар аппараты—бұрынғы қызметкерлер: ескі, өзімшілдік бағытқа дағдыланған ұсақ чиновниктер, ұсақ бюрократтар екенін өздеріңіз білесіздер. Бұған қарсы күресу біздің қазіргі жағдайдағы міндетіміз болуға тиіс. Мереке күндерінде, көңіл күйіміз жеңіспен шаттанған күндерімізде, Совет өкіметінің үш жылдық мерекесі күндерінде біз еңбекке деген ынта-жігермен, еңбекке деген табандылықпен, қажыр-қайратпен рухтануға тиіспіз; жұмысшылар мен шаруаларды мейлінше тез құтқару, халық шаруашылығын құтқару енді міне осыған байланысты, сонда біз бұл міндетті орындауда бұрынғы барлық қан төгіс ұрыстардағыдан гөрі анағұрлым берік, анағұрлым баянды жеңіске жететіндігімізді көреміз. (Ұ з а қ  қ о л  ш а п а л а қ т а у.)

*1920 ж. ноябрьде «Жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Москва Советінің стенографиялық есептері» деген бюллетеньнің 15-номерінде басылған*

*Бюллетеньнің тексті бойынша басылып отыр*

# РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ

6/XI. 1920 ж.

РКП Орталық Комитетінің мүшелеріне

Күн тәртібінің «Халық шаруашылығын қалпына келтірудің негізгі міндеттері» деген 2-пункті бойынша Советтер съезінде 20/XII.—20 ж. баяндама жасауды ГОЭЛРО (Россияны электрлендіру жөніндегі Мемлекеттік комиссияның) председателі Г. М. Кржижановскийге тапсыруды ойластыруды және пленумда 8/XI. күні бекітуді ұсынамын[8].

Біз *жалпы жоспар бойынша* халық шаруашылығын қалпына келтіруді шын мәнісінде жүзеге асыра аламыз, бірақ электрлендірусіз мұндай жоспар түкке тұрмайды, ал осы жоспардан тыс «негізгі міндеттер» туралы әңгімелеу байыпсыздық болар еді.

Алдын ала хабардар болу үшін мыналарды қоса жіберемін:

1) Кржижановскийдің *«ГОЭЛРО жұмыстарының жайы»* деген запискасының көшірмесі.

2) «Солтүстік ауданды электрлендіру жобасының негіздемесі» деген кітапшаның 3 данасы Троцкийге, Рыковқа, Бухаринге берілсін — ертең қалған цекистерге де тауып бере аламын, егер алғылары келсе, 3-қабат коммутаторымен телефон арқылы байланыс жасасын.

3) Электрлендірудің кейбір карталары.

4) «Волга ауданын электрлендіру жоспары» деген мақаланың корректурасы. | Рыков жолдасқа, содан соң қалған цекистерге табыс ету үшін 1 данасы Троцкий жолдасқа берілсін.

5) Стюнкельдің тезистері.

6) Кругтың тезистері.

7) ГОЭЛРО материалдарының жалпы тізбесі (200-ден астам еңбек).

Осы документтердің бәрі жиналып келгенде мына жағдай айқын көрініп отыр: біз Советтер съезінде партия мен елімізге нақ қажет нәрсені (тезистерді және Кржижановский баяндамасының жоспарын дер кезінде түзеп, оны Орталық Комитет атынан ұсынып) әбден ала аламыз, бұл: жұмыстың іскерлік жоспары, сонымен қатар мәселені кең де тартымды қоятын жоспар, «Халық шаруашылығын қалпына келтірудің негізгі міндеттері» туралы баяндама.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
*В. Ленин*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр*

# «КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ӘДІСТЕРІ» ДЕГЕН ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ[9]

РКП IX съезінің[10] шешімдеріне сәйкес, конференция кәсіподақтардың назарын ол шешімдерді мүлтіксіз орындау қажеттігіне тағы да аудара отырып, атап айтқанда экономикалық құрылыс ісінде белгілі кезектілік орнатуды талап ететін бірыңғай шаруашылық жоспарды сақтау мағынасында екпінділіктің даусыз қажеттігін атап көрсетеді. Мұнымен бірге қазіргі кезеңде, партияның 1920 жылғы сентябрь конференциясының мақұлдағаны сияқты, әсіресе жеке одақтардан бірсыпыра таңдаулы ұйымдастырушы күштерді бүкіл ВЦСПС-ті тұтасымен күшейтуге, оның аппаратын жақсартуға, барлық кәсіподақтарда жұмысты барынша жүйеге келтіруге, сөйтіп тұтас алғанда кәсіподақ қозғалысын ныгайтуға жіберу ісінде екпінділіктен теңгермелікке[11] біртіндеп, бірақ бұлжымастан өту басталуға тиіс.

Атап айтқанда бұл Темір жол және су транспорты біріккен кәсіптік одағының орталық комитеті[12] жөнінде қолданылуға тиіс, басқа одақтармен салыстырғанда оның тым үйлесімсіз күшейтілуі тоқтатылуға тиіс, ал қосымша берілген таңдаулы күштер демократизмді, дербес әрекет етуге қабілеттілікті арттырудың, өнеркәсіпті басқаруға қатысудың, жарысты және сол сияқтыларды өрістетудің практикада ең жақсы нәтиже берген әдістерін бүкіл кәсіптік қозғалысқа таратуға тиіс.

РКП IX съезінің шешіміне сәйкес, кәсіподақтардың өндірісті басқаруға қатысуын дамытуды, кеңейтуді, күшейтуді сөзсіз қажет деп таба отырып, конференция

осы жөнінде ең таңдаулы одақтар мен кәсіпорындарда бар практикалық тәжірибені дереу қорытуды, осы тәжірибені барлық кәсіподақтардың пайдалануына көмектесе алатындай және оны пайдалануға неғұрлым жігерлі, неғұрлым жүйелі түрде кірісуге міндеттейтіндей мүмкіндігінше неғұрлым егжей-тегжейлі нұсқауды талдап жасауды ВЦСПС-ке тапсырады.

Атап айтқанда мамандарды қатыстыру жөнінде.

*1920 ж. кеш дегенде*
*8 ноябрьде жазылған*

*Бірінші рет 1950 ж.*
*В. И. Ленин Шығармаларының*
*4-басылуында басылған, 31-том*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ СОЛДАТ ДЕПУТАТТАРЫ СОКОЛЬНИКИ СОВЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ МОСКВА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІ МЕН КӘСІПОРЫНДАР БАСҚАРМАЛАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН БІРГЕ ӨТКІЗІЛГЕН САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІСІНДЕ 1920 ж. 7 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Ленин жолдас өзінің сөзінде біздің қолымыз жеткен жеңістің ең басты жеңіс екенін атап көрсетті. Халықаралық буржуазия біздің өнімді еңбекпен шұғылдануымызға мүмкіндік бермеді, сондықтан біздің бар күшіміз 3 жыл бойына сол буржуазиямен соғысуға жұмсалды. Енді ішкі майданда жеңіске жету қажет. Буржуазия бізге бұл жұмысты істетпей келді. Ленин жолдас Советтердің алдағы съезінің күн тәртібінде тұрған мәселелерді, транспорт, ауыл шаруашылық мәселелерін және басқаларды атап көрсетті. Ол бүкіл ынта-жігер мен тәртіпті бейбіт шаруашылық құрылысы жұмысына аудара білу керектігін, ал бұл істе қатардағы бұқараның қатысуына жету керектігін айтты.

Мұның үстіне бюрократизм мен чиновниктікке қарсы күрес жүргізу қажет, мұнда да жеңіске жету керек, мұның амалы біреу — жұмысшы бұқарасының санасы мен дербес әрекет етуге қабілеттілігін арттыру керек. Ленин жолдас өзінің сөзін аштық пен жалаңаштықты жеңіп шығатындығымызға толық сенім білдірумен аяқтады.

*Қысқаша газет есебі*
*1920 ж. 9 ноябрьде «Правданың»*
*251-номерінде басылған*

*Бірінші рет 1957 ж.*
*«Вопросы Истории КПСС»*
*журналының 1-номерінде*
*толық басылған*

*Протоколдық жазбаның*
*машинкада басылған*
*данасы бойынша*
*басылып отыр*

# РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ ПРОЛЕТКУЛЬТ[13] ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Саяси бюроның қарарын құптай отырып, Орталық Комитет оны жетілдіре түсу үшін Саяси ағарту бас комитеті[14] дайындаған нұсқау жобасын негізінен мақұлдайды, сөйтіп Пролеткульттің ғылыми және саяси ағарту саласындағы жұмысы Халық ағарту комиссариаты мен халыққа білім беру жөніндегі губерниялық бөлімдердің жұмысымен қосылып кетеді, ал көркем өнер (музыка, театр, бейнелеу өнері, әдебиет) саласында автономиялы болып қала береді, сөйтіп РКП өте-мөте саралаған Халық ағарту комиссариаты органдарының басшылық ролі көрінеу буржуазиялық ауытқуларға қарсы күресу үшін ғана сақталады деген негізгі пікірді неғұрлым дәл беру үшін нұсқауды түпкілікті редакциялауды Саяси бюроға тапсырады.

*1920 ж. 10 ноябрьде жазылған*

*Бірінші рет 1958 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 1-номерінде басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[15]

Коппқа және Сыртқы сауда халық комиссариатынан болатын басқа жолдастарға және Германияда жұмыс істейтін жолдастарға егжей-тегжейлі директива дайындау Зиновьевке тапсырылсын.

Жұмысшы бұқараның, соның ішінде ең реакцияшыл кәсіподақтарға кіретін жұмысшылардың да, Россияға арналған заказдарды орындау ісіндегі көмегін біз қабыл аламыз және оны өте бағалаймыз деген тұрғыдан баяндалсын.

Сонымен бірге ақшаны өздеріне немесе өздерінің партиясына алып қалғысы келетін Легиндер мен К° әшкереленетін болсын және ешқандай ақша берілмесін.

Текст Саяси бюроға берілсін.

*1920 ж. 10 ноябрьде жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## ӨНДІРІСТІК НАСИХАТ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР[16]

(АЛҒАШҚЫ НОБАЙЫ)

1. Қазіргі кезде, РСФСР-дің соғыстағы жеңістеріне және оның жалпы халықаралық жағдайына байланысты, өндірістік насихат қайтадан бірінші орынға қойылып, күшейтілуге және ұйымдастырылуы жағынан ңығайтылуға тиіс.

2. Басшы газеттер, ең алдымен «Известия» мен «Правда»: (а) саясатқа берілетін орынды азайтып, өндірістік насихат бөлімін ұлғайтуға тиіс; (б) өндірістік насихатқа күшті неғұрлым көбірек болу мағынасында партияның және совет мекемелерінің бүкіл жұмысына ықпал жасауға тиіс; (в) өндірістік насихат ісін жалпы мемлекеттік көлемде жүйелі түрде жолға қоюға, оны дамытудың, жақсартудың, әсіресе оның іс жүзіне асырылып жатқан нақты табыстарын тексерудің кең шараларын белгілеуге ұмтылып отыруға тиіс.

3. Жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының ішінен қабілетті әкімдерді, ұйымдастырушыларды, өнертапқыштарды жоғарылату жұмысы да жүйеге келтіріліп, кеңейтіліп, дамытылуға тиіс.

4. Күштерді үнемдеу және жұмысты неғұрлым дұрыс бағыттау мақсатымен бүкіл РСФСР көлемінде өндірістік насихат бір органның басшылығымен біріктірілуге тиіс. Мұның өзінде жергілікті және кәсіптік мейлінше кең автономия өте қажет. Елеулі табыстардың қандайына болса да жүйелі түрде, дұрыс ақы төлеп отыру (заттай сыйлықтар және басқалар); табыстарды әділ түрде, білгірлікпен тексеру ісін ұйымдастыру.

5. Өндірістік насихаттың бірыңғай басшы органы $1/2$—1 миллион дана тиражбен шығатын көпшілікке арналған бұқаралық газеттің редакциясы болуға тиіс.

«Беднота»[17] осындай газет болуға тиіс.

Мұндай типтегі газеттерді өнеркәсіп және ауыл шаруашылық газеті деп бөлу зиянды, өйткені социализмнің міндеті өнеркәсіп пен егіншілікті жақындастыру және біріктіру. Ал практика жүзінде өнеркәсіп пролетариатының басшылық ролі қалада болсын, деревняда болсын, атап айтқанда егіншілікті урбанизациялауда болсын, бүкіл елді электрлендіру ісінде болсын жұмысшылар үшін де, шаруалар үшін де нақ бірыңғай өндірістік газеттің болуын (және өндірістік насихатқа бірыңғай басшылықтың болуын) талап етеді.

6. Басшы коллегия 5 адамнан құралуға тиіс: 1) ВЦСПС-тен; 2) Халық шаруашылығы жоғары советінен; 3) Егіншілік халық комиссариатынан; 4) Саяси ағарту бас комитетінен; 5) РКП Орталық Комитетінен (немесе жауапты редактор). Коллегия мен газет ВЦСПС-тің жанында болуға тиіс. (Бәлкім, Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқармадан тағы да 1 адам қосылар?)

7. Өндірістік газет миллиондарға түсініктілігі мағынасында алғанда көпшілікке арналуға тиіс, бірақ қайткенде де көпшілікке ұнауға тырыспауға тиіс. Жетілмеген оқушының дәрежесіне дейін төмендемей, қайта оның өсіп-жетілуін — аса сақтықпен, бірте-бірте — үздіксіз жоғары көтеруі керек. Саясатқа орынды онша көп болмеу керек, шамамен айтқанда төрттен бірінен аспауға тиіс. Бірыңғай шаруашылық жоспары, еңбек майданы, өндірістік насихат, жұмысшылар мен шаруаларды басқару ісіне үйрету, совет мекемелері мен шаруашылықтарының заңдары мен шараларының іс жүзінде орындалуын тексеру, бұқаралық оқушымен кең және дұрыс пікір алысу мәселелеріне басты орын берілуі керек.

8. Газетте басылатын, газетке келіп түсетін, сондай-ақ басқа да материал кітапханаларды, онан соң осы өндірістің барлық фабрикалары мен кәсіпорындарын міндетті түрде жабдықтау үшін кітапшалар мен листовка-

лар түрінде ұдайы дүркін-дүркін қайта басылып отыруға тиіс (кітапшалар мен листовкалар материалды өндірістер бойынша жүйеге келтіруге тиіс). Оқулықтармен және шетелдік техника жөніндегі шолулармен қатар бұл материал кәсіптік-техникалық *және политехникалық* білімді тарату міндетін атқаруға тиіс.

Атап айтқанда, газетті, сондай-ақ өндірістік кітапшалар мен листовкаларды РСФСР-дің *барлық* кітапханаларына неғұрлым дұрыс бөлу ісіне ерекше назар аударылуға тиіс.

9. Өндірістік насихат ісіне (сауатсыздықты жоюға байланысты) қатысуға инженерлер, агрономдар, мұғалімдер, онан соң қанағаттанарлықтай белгілі мамандығы бар совет қызметшілері жоспарлы негізде ұйымшылдықпен және жүйелі түрде тартылып отыруы қажет.

Лекциялар, әңгімелер, есептер және басқалар ұйымдастырылсын.

Халықты электрлендірумен, Тейлор системасымен және т. т. таныстыра алатын барлық адамдар үшін еңбек міндеткерлігі енгізілсін.

10. Өндірістік насихат үшін фильмдер неғұрлым кең және жүйелі түрде пайдаланылсын. Кино бөлімімен бірлесіп жұмыс істелсін.

Советтік пластинка. Клубтарда, оқу үйлерінде, көшелерде және басқа жерлерде диаграммалар мен картограммалар қойылсын. Фабрикалардың, шеберханалардың, техникалық мектептердің, т. т. маңына жарнамалар мен плакаттар жапсырылсын.

11. Еңбек халық комиссариатымен және басқа мекемелермен бірлесе отырып, өндірістік инспекция ұйымдастыру керек. Оның жұмысы, сонымен қатар нұсқаушылардың, нұсқаушы поездары мен пароходтардың және басқалардың жұмысы да өндірістік насихат жұмысымен үйлестірілсін.

12. Үлгілі кәсіпорындарды ерекше атап көрсету, олардың жұмысын кеңінен жария ету керек. Өнеркәсіп жұмысының шетелдік тәжірибесінен өткен жұмысшыларды айрықша шеберханаларда немесе аудандарда, немесе ұяларда, т. т. ұйымдастыру керек. Оларды артта

қалғандарды үйрету үшін, кәсіптік-техникалық және политехникалық білім тарату үшін, т. т. үшін пайдалану керек.

*Н. Ленин*

18. XI. 1920.

*Бірінші рет 1928 ж.*
*В. И. Ленин Шығармаларының*
*2—3-басылуларында басылған,*
*XXV том*

*Қолжазба бойынша басылып*
*отыр*

# *РКП(б) МОСКВА ГУБЕРНИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ*

*20—22 НОЯБРЬ, 1920 ж.*[18]

## 1

## БІЗДІҢ СЫРТҚЫ, ІШКІ ЖАҒДАЙЫМЫЗ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

### 21 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Қол шапалақтау.) Жолдастар! Совет республикасының халықаралық жағдайы туралы мәселе жөнінде көбіне-көп поляк соғысына[19] және Врангельдің жойылуына байланысты әңгіме етуге тура келетіндігі табиғи процесс. Менің ойымша, партиялық баспасөзді, әрине, зер салып қадағалап отырған және бұл мәселе жөніндегі негізгі баяндамаларды талай рет тыңдаған партия қызметкерлерінің жиналысында бүкіл осы тарихтың егжей-тегжейлері туралы және поляк соғысының тарихындағы әрбір жеке бетбұрыс туралы, біздің шабуылдарымыздың сипаты туралы, Варшава түбіндегі жеңілістің маңызы туралы толық айтып жатуымның қажеттігі жоқ және бұл орынсыз да болады. Менің ұйғаруымша, бұл жағынан алғанда жолдастардың көпшілігіне қазірдің өзінде мәселенің таныс екендігі соншалық, менің бұрынғыны қайталауыма тура келер еді де, бұған жолдастар тек қана наразы болар еді. Сондықтан мен поляктармен соғысымыздың жеке оқиғалары мен бетбұрыстарының тарихы туралы айтпаймын. Тек қазіргі көрініп отырған қорытындыға ғана тоқталып өтемін.

Қызыл Армияның жаздағы тамаша жеңістерінен кейін және Варшава түбіндегі үлкен жеңілістен кейін, Польшамен алдын ала жасасқан бітімнен кейін,— бұл бітім қазір дәл Ригада түпкілікті бітімге айналғалы отыр немесе айналуға тиіс,— осы алдын ала жасалған бітімді шынында да түпкілікті бітім ету жөніндегі мүмкіндіктер орасан зор дәрежеде молайып отыр, Врангельдің талқандалуы арқасында молайып отыр. Қазір, осы талқандалудың өзі анықталған кезде, Антантаның империалистік баспасөзі ішкі сырларын ашып, осы күнге де-

йін неғұрлым көбірек жасырып келген нәрсесін мойындай бастап отыр.

Бүгін немесе таяуда газеттерде басылып шыққан шағын заметкаға сіздердің назар аударған-аудармағандарыңызды білмеймін; онда француз империалистік буржуазиясының басты органы, француздың «Уақыт» («Temps»[20]) деген газеті, енді поляк бітімінің Францияның ақыл-кеңесіне қарамастан жасалғандығын жазып отыр делінген. Күмән жоқ, бұл арада буржуазияның өкілдері сол буржуазия неғұрлым көбірек жасырғысы келген және өте ұзақ уақыт бойы жасыруға әрекеттенген шындықты айтып салған. Поляк бітімінің шарттары тиімсіз (бірақ та бұл шарттар соғыс атаулыны болғызбау үшін поляк помещиктеріне үстіміздегі жылдың апрелінде өзіміз ұсынған шарттардан гөрі тиімдірек), тиімсіз болғанда Варшава түбіндегі төтенше ауыр жағдай болмаған күнде жетуге болатын нәтижелер тұрғысынан алғанда тиімсіз,—бұған қарамастан, біздің қалай болғанда да қол жеткізген шарттарымыз жалпы империалистік жоспардың аса зор бөлегін іске асыртпай тастап отыр. Француз буржуазиясы енді Польшаның соғысты жүргізе беруін өзінің барынша талап еткендігін, Врангельдің талқандалуынан қауіптеніп және Совет республикасына қарсы жаңа интервенция мен жорықты қолдағысы келіп, бітім жасасуға қарсы болғандығын мойындап отыр. Поляк империализмінің жағдайы Россияға қарсы соғысқа итермелейтіндігіне және итермелеп келгендігіне қарамастан, осыған қарамастан, француз империалистерінің жоспары күйреді, ал осының нәтижесінде біз енді жай тыныс алудан гөрі анағұрлым елеулі нәрсеге қол жеткізгелі отырмыз.

Бұған дейін бұрынғы Россия империясының құрамында болған ұсақ мемлекеттердің ішінде Польша өткен үш жыл ішінде великорус ұлтымен неғұрлым көбірек өштескен және поляктар мекендемеген территориялардың денін алып алсақ деген дәмесі бәрінен көбірек болған мемлекеттердің бірі болды. Біз Финляндиямен, Эстониямен және Латвиямен[21] арадағы бітімді де империалистік Антантаның көздеген ниетіне қарама-қарсы жасадық, бірақ бұған жету оңайырақ болды, өйткені

Финляндияның, Эстонияның және Латвияның буржуазиясында Совет республикасына қарсы күресті қажет етерліктей өзіндік дербес империалистік мақсаттар болған жоқ, ал поляк буржуазиялық республикасының дәмелері Литва мен Белоруссияға ғана емес, сонымен бірге Украинаға да бағытталды. Оның үстіне, кезінде ұлы держава болған және қазір ұлы державаға — Россияға қарама-қарсы қойылып отырған Польшаның ежелден келе жатқан күресі оны нақ осы бағытта итермелеп отыр. Ежелден келе жатқан осы күресін Польша қазіргі уақытта да қоя алмайды. Міне сондықтан да Польша біздің республикаға қарсы жасаған өзінің соғыс жоспарларында анағұрлым зор жаугершілік, анағұрлым зор қайсарлық көрсетті, міне сондықтан да Антантаның ниетіне қарамастан бітім жасасудағы біздің табысымыз қазір неғұрлым елеулі табыс болып отыр. Егер Антанта ұзақ уақытқа жасалған әскери күшпен қол сұғу жоспарында буржуазиялық құрылысты сақтаған және Россиямен шектес державалардың әйтеуір біреуіне сенім арта алады десек, онда тек Польшаға ғана сенім арта алады, сондықтан да қазір буржуазиялық мемлекеттер Совет өкіметіне жаппай өшігумен қатар, бәрі де поляк помещиктерінің шығыс Галицияны иемденуіне тікелей мүдделі болып отыр.

Одан соң, Польша Украина мен Литваға көз алартып отыр. Мұның өзі жорыққа ерекше шиеленіскен және қайсарлық сипат береді. Францияның және басқа державалардың Польшаны соғыс жабдықтарымен қамтамасыз етуді бәрінен гөрі көбірек ойластырғаны табиғи нәрсе және бұған жұмсалған ақшаны тіпті есептеу мүмкін емес. Сондықтан, Варшава түбіндегі жеңіліске қарамастан, Қызыл Армияның сайып келгенде ие болған жеңісінің маңызы ерекше зор, өйткені ол Польшаның күшін мүлдем әлсіретіп, оны соғысты бұдан әрі жүргізе алмайтындай жағдайға душар етті. Польша 1920 жылы апрельде, поляктардың шабуылы алдында, біздің ұсынғанымыздан гөрі аз нәрсе берген бітімге баруға тиісті болды; ал ол кезде біз, шаруашылық құрылыс жұмыстарынан қол үзгіміз келмей, өзімізге мейлінше тиімсіз шекараны ұсынған болатынбыз. Сол кезде ішінде біздің

эсерлер мен меньшевиктер де бар ұсақ буржуазиялық патриоттардың баспасөзі большевиктерді ымырашылдық істеді деп, Совет өкіметі толстойшылдық дерлік көзқарасқа салынды деп кінәлады. Оның толстойшылдық көзқарас деп атағаны мынау болатын: біз Пилсудскийдің сол кездегі белгілеген межесі бойынша бітім жасасуға келіскенбіз, бұл меже бойынша Минск Польшаның қолында қалып, шекара қазіргі белгіленген шекарадан 50 шақырымдай, ал кей жерлерде 100 шақырымдай шығысқа қарай ойысатын еді. Бірақ, әрине, шынында да шаруашылық жұмысымыз бөгелмеген күнде, өте қолайсыз шекараға біздің неліктен келіспекші болғанымызды және келісуге тиіс те болғанымызды партия қызметкерлерінің жиналысы алдында айтып жатуымның қажеті жоқ. Істің нәтижесі мынадай болып шықты: Польша буржуазиялық тәртіпті сақтай отырып, соғыс арқылы бүкіл елінің шаруашылығын қатты күйзелтті, наразылықтың мейлінше өсуіне себепкер болды, буржуазиялық террорды туғызды, бұл террор тек өнеркәсіп жұмысшылары жөнінде ғана емес, батырақтар жөнінде де асқынып отыр. Польшаның жалпы буржуазиялық жағдайының тұрлаусыз болып қалғаны сонішалық, соғысты бұдан әрі жүргізу туралы сөз қылуға да болмай қалды.

Бұл жөнінде Совет өкіметінің қол жеткізген табыстары орасан зор. Бұдан үш жыл бұрын біз Россиядағы пролетарлық революцияның міндеттері мен жеңу шарттары туралы мәселе қойғанда, егер оны Батыстағы пролетарлық революция қолдамайтын болса, бұл жеңіс баянды бола алмайды, біздің революцияға тек халықаралық тұрғыдан ғана дұрыс баға беруге болады деп біз әрқашан ашық айтып келдік. Баянды жеңіске жету үшін біз пролетарлық революцияның басты-басты капиталистік елдердің бәрінде немесе, ең болмағанда, бірнешеуінде жеңіп шығуына жетуге тиіспіз, ал үш жыл бойы жүргізілген кескілескен табанды соғыстан кейін енді біздің болжауымыз қай жағынан ақталып, қай жағынан ақталмағанын көріп отырмыз. Оның ақталмаған жағы сол, бұл мәселені тез және оңай шешу мүмкін болмай шықты. Россияның дүние жүзіндегі барлық капиталистік державаларға қарсы күресі сияқты күш жағынан тең

емес күрес үш жылға созылар деп, әрине, ешқайсымыз да ойлаған жоқ едік. Істің жайы былай болып шықты: екі жақтың екеуі де, Советтік Россия республикасы да, бүкіл басқа капиталистік дүние де өзіне жеңіс те, жеңіліс те таппады; сонымен қатар былай болып та шықты: біздің болжауымыз оңай, тез және тікелей орындалмағанымен, бізге басты шартты қамтамасыз еткендігі жағынан орындалды, өйткені басты шарт — тіпті бүкіл дүние жүзінде социалистік революция кешеуілдеген күнде де пролетарлық өкімет пен Совет республикасының өмір сүру мүмкіндігін сақтап қалуда еді. Сондықтан бұл жөнінде былай деу керек: республиканың қазіргі қалыптасқан халықаралық жағдайы біздің барлық есептеріміз бен біздің бүкіл саясатымыздың дұрыстығын өте жақсы, өте дәл дәлелдеп берді.

РСФСР-дің әскери күштерін барлық капиталистік державалардың әскери күштерімен салыстыру туралы әңгіме болуы мүмкін де емес, мұны дәлелдеп жатудың ешбір қажеті де жоқ. Бұл тұрғыдан қарағанда біз олардан ондаған есе, жүздеген есе әлсізбіз, солай бола тұрса да, үш жылдық соғыстан кейін біз бұл мемлекеттердің бәрін дерлік бұдан былайғы жерде қол сұғу ниетінен бас тартуға мәжбүр еттік. Демек, бұдан үш жыл бұрын әлі де бітпеген империалистік соғыс жағдайында бізге мүмкін болып көрінген нәрсе,—атап айтқанда, екі жақтың ешқайсысының пайдасына да түпкілікті шешілмеген жағдайдың ұзаққа созылуы,— жүзеге асты. Ал мұның жүзеге асуына себеп болған не? Мұның жүзеге асқан себебі — әскери жағынан алып қарағанда біз күштірек болып, ал Антанта әлсіздеу болып шыққандығынан емес, мұның себебі мынада: Антанта мемлекеттерінің іштей ыдырауы әрдайым үдей түсіп отырды, ал біз, мұның керісінше, іштей нығая түстік, міне, соғыс осыны растап, осыны дәлелдеп отыр. Антанта өзінің меншікті әскерлерімен бізге қарсы соғыса алмады. Капиталистік мемлекеттердегі жұмысшылар мен шаруаларды бізге қарсы соғысуға зорлап аттандыру мүмкін болмады. Буржуазиялық мемлекеттер империалистік соғыстан буржуазиялық күйінде шығып үлгірді. Олар өздерінің басына тікелей төнген бұл дағдарысты кешеуілдетіп, кейінге

қалдырып үлгірді, бірақ олардың өздерінің жағдайын негізінен әлсіреткендігі соншалық, қаншама орасан зор әскери күштері бола тұрса да, ешқандай әскери күштері жоқ дерлік Совет республикасын жаныштап тастауға өздерінің дәрменсіз екенін олар үш жылдан кейін мойындауға тиісті болды. Сонымен, былай болып шықты: біздің саясатымыз бен біздің болжауымыз түпкі негізінде барлық жағынан расталды, ал кез келген капиталистік мемлекеттегі езілген бұқара біздің шын одақтасымыз болды, өйткені осы бұқара соғысты болдырмай тастады. Біздің жағдайымыз мынадай болып шықты: халықаралық жеңіске, біз үшін бірден-бір және баянды жеңіске жетпесек те, біз өзімізге керекті жағдайларды жеңіп алдық, бұл жағдайлар тұсында қазір бізбен сауда қатынастарын жасауға мәжбүр болып отырған капиталистік державалармен қатар өмір сүре аламыз. Осы күрес процесінде біз өзімізге дербес өмір сүру правосын жеңіп алдық.

Сонымен, өзіміздің бүкіл халықаралық жағдайымызға көз жіберетін болсақ, орасан зор табыстарға жеткендігімізді, біз тек тыныс алып қана қоймай, одан анағұрлым маңызды нәрсеге қол жеткізгендігімізді көреміз. Бізде әдетте қысқа мерзімді уақыт тыныстау деп аталады, бұл мерзімнің ішінде бізге қарсы соғысу жөніндегі неғұрлым күшті әрекетін қайталауына империалистік державалардың талай рет мүмкіндігі болды. Бізге қазір де елігіп кетуге болмайды және келешекте капиталистік елдердің біздің істерімізге әскери күшпен қол сұғуы мүмкін екендігін бекерге шығара алмаймыз. Өзіміздің жауынгерлік әзірлігімізді күшейтуіміз қажет. Ал егер біз орыс контрреволюциясының барлық әрекеттерін талқандауымызға және Батыстағы барлық мемлекеттермен формальды түрде бітім жасасуға қол жеткізген жағдайларымызға көз сала қалсақ, онда мынау айқын болады: біз тек тыныс алып қана қойғанымыз жоқ,— сонымен қатар біз жаңа кезеңге аяқ басып отырмыз, бұл кезеңде капиталистік мемлекеттердің қоршауында біздің негізінен халықаралық көлемде өмір сүруге қолымыз жетті. Ішкі жағдайлар күшті капиталистік мемлекеттердің бірде-біріне өз армияларын Россияға аттандыруға мүм-

кіндік бермеді; мұның өзі осы елдердің ішінде революцияның пісіп жетілгендігін және олардың өздерінің шамасынан келетін шапшаңдықпен бізді жеңуіне мүмкіндік бермей отырғандығын көрсетеді. Россияның территориясында үш жыл бойына ағылшын, француз, жапон армиялары болды. Күмән жоқ, бірнеше аптада болмаса да, бірнеше айда бізді жеңуі үшін бұл үш державаның тіпті мардымсыз күш жұмсауының өзі-ақ әбден жеткілікті болған болар еді. Егер біз осы шабуылдың бетін қайтара білген болсақ, мұның бір ғана себебі бар, ол — француз әскерлерінің ыдыраушылығы, ағылшындар мен жапондарда басталған қобалжу. Империалистік мүдделердің міне осы қайшылығын біз әрдайым пайдаланып отырдық. Егер біз интервенцияны жеңген болсақ, оның бір ғана себебі бар, бұл—олардың өз мүдделері өздерін ыдыратып отырды, ал бізді топтастырып, нығайта берді. Біз осы арқылы тыныс алуды қамтамасыз етіп, Брест бітімі[22] дәуірінде герман империализмінің толық жеңуін мүмкін етпей тастадық.

Қазір, соңғы уақытта бұл қайшылық бұрынғыдан бетер күшейіп отыр, мұның күшеюі әсіресе миллиардерлердің тұтас бір тобын[23] біріктіруді көздейтін бір миллиардердің басқаруындағы американ капиталистік жыртқыштар тобымен, олардың ішіндегі ең зұлым тобымен концессия туралы шарт жасасу жобасына байланысты болып отыр. Бұл шарттың өзі әлі жоқ, тек оның жобасы ғана бар, бірақ солай бола тұрса да, Қиыр Шығыстан келіп жатқан хабарлардың ішінде қазір осы шарттың жасалатындығына байланысты, Жапонияда ашу-ызаның мейлінше өршіп отырғандығын дәлелдемейтін бірде-бір дерлік хабар жоқ екенін біз білеміз. Жапон жұртшылығының пікірі қазірдің өзінде-ақ тасқындап жатыр, ал мен бүгін мынадай бір хабар оқыдым, онда Советтік Россия Жапонияны Америкаға айдап салмақшы деп Жапонияның оны кінәлап отырғандығы айтылған.

Империалистік бәсекенің осылайша шиеленісуін біз дұрыс ескеріп, өзімізге қарсы жүргізілетін күресті қиындату үшін олардың арасындағы араздықты үнемі пайдаланып отыруға тиіспіз деп білдік. Англия мен Францияның арасындағы қатынастарда саяси алауыздық ба-

ры қазірдің өзінде айқын көрініп отыр. Енді бізге тек тыныс алу туралы ғана айтып қоймай, неғұрлым ұзақ уақытқа арналған жаңа құрылыс үшін елеулі мүмкіндіктердің туғандығы туралы да айтуға болады. Шындығында халықаралық тұрғыдан бізде осы күнге дейін ешқандай база болған жоқ. Қазір бұл база бізде бар, ал бұған әскери күш жағынан да, экономика жағынан да ірі державаларға толық тәуелді болып отырған ұсақ державалардың көзқарасы себеп болды. Қазір Польша, Францияның қысымына қарамастан, бізбен бітім жасасып отыр. Поляк капиталистері тарапынан Совет өкіметіне деген өшпенділік өте-мөте күшті; олар ең қарапайым ереуілдерді адам айтқысыз қаталдықпен жаныштайды. Советтік Россиямен соғысу ниеті оларда мейлінше күшті-ақ, бірақ, солай бола тұрса да, олар Антантаның шарттарын орындаудан гөрі бізбен бітім жасасуды дегенмен артық көріп отыр. Империалистік державалардың бүкіл дүние жүзіне үстемдік құрып отырғандығын, сонымен қатар олар жер жүзі халқының мардымсыз бөлегі екенін біз көріп отырмыз. Ал үш жыл бойы бүкіл дүние жүзілік империализмге қарсылық көрсеткен елдің пайда болу фактісі бүкіл дүние жүзінде халықаралық жағдайды едәуір өзгертті, сондықтан да барлық ұсақ державалар бізбен бітім жасасуға ойысып отыр, ал бұлар жер жүзі халқының көпшілігі болып табылады.

Осы күрделі әрі мүлде ерекше жағдайда біздің өмір сүруімізге мүмкіндік беріп отырған аса зор фактор — социалистік елдің капиталистік елдермен сауда қатынасын жасай бастағандығының факторы.

Менің мынадай жағдайды көргенім бар: ұқсастығы жағынан біздің оңшыл эсерлер мен меньшевиктерге жақын келетін бір американ социал-шовинисі, II Интернационал қайраткерлерінің бірі, Американ социалистік партиясының[24] мүшесі Спарго, большевиктерге қарсы толып жатқан кітаптар жазып жүрген Алексинский сияқты бір американ капиталистік державалармен мәмлеге келу туралы біздің пікірімізді бізге кінә қылып тағады да, коммунизмнің толық күйрегендігінің дәлелі етіп келтіреді. Ол былай деп жазды: коммунизм-

нің толық күйрегендігін және оның программасының іске аспай қалғандығын көрсететін бұдан артық дәлелді мен таба алмай отырмын. Менің ойымша, істің жайын пайымдай білетін адамдар бұған керісінше пікір айтады. Біздегі террор үшін деп, біздің бүкіл құрылысымыз үшін деп бізге қарсы соғыс ашып шүйліккен державалар, өздерінің дегеніне қарсы, бізбен сауда қатынастарын жасау жолына түсуге, осы арқылы бізді нығайтатынын біле тұра, осылай етуге мәжбүр болып отыр, ал Россия Совет республикасының бүкіл дүние жүзі капиталистерін материалдық жағынан да, моральдық жағынан да жеңгендігін көрсететін бұдан артық дәлелді іздеп табу мүмкін емес. Егер біз бір ғана Россияның күштерімен бүкіл дүние жүзін қайта құруға уәде еткен болсақ немесе осыны көксеген болсақ, тек сонда ғана мұны коммунизмнің күйреуінің дәлелдемесі деп көрсетуге болар еді. Бірақ мұндай ессіздікке дейін біз ешқашан құлдыраған емеспіз, қайта барлық елдердің жұмысшылары қолдаған кезде ғана біздің революция жеңіп шығады деп әрдайым айтып келдік. Анығында олар бізді жарым-жартылай қолдады, өйткені бізге қарсы жұмсалған қолды әлсіретіп тастады, сөйтіп олар мұнысы арқылы бізге қалай болғанда да көмек көрсетті.

Мен бұл мәселеге бұдан әрі тоқталып жатпаймын, тек бір айта кететінім: қазір Кавказда өте шытырман жағдайлар туып отыр, ал бұл жағдайларды ажырата білу өте-мөте қиын, оның бер жағында бізге тіпті осы күндердің бірінде-ақ соғыстың күшпен таңылуы мүмкін. Бірақ Польшамен жасалатын бітім қамтамасыз етілді дерлік жағдайда және Врангель толық жойылып отырған кезде, бұл соғыс бізге онша қорқынышты емес, ал егер соғыс бізге күшпен таңылатын болса, онда мұның өзі біздің жағдайымызды бұрынғыдан бетер күшейтіп, нығайтады. Арменияда, Түркияда не болып жатқандығы жайлы газет хабарлары сіздерге бұл туралы біраз мағлұмат береді[25]. Мейлінше бытысқан жағдай туып отыр, бірақ мен біз бұдан құтыламыз ғой деп кәміл сенемін, құтылғанда не қазіргі негізде, әрине, кейбір жақтарынан біз үшін өте тиімді негізде, бізді қанағаттандыратын, шаруашылық жағынан өмір сүруге мүм-

кіндік беретін негізде, бітімді сақтай отырып құтыламыз. Міне, осыған біз бар күш-жігерімізді саламыз. Бірақ жағдай бізге соғысты тікелей таңуы немесе оған жанамалап әкеп киліктіруі мүмкін. Біз бұған әбден байсалды қарай аламыз — мұның өзі шеткері аймақтағы соғыс болмақ, сонымен қатар біздің жақтың күштері толық басым болатындықтан, мұның өзі, бәлкім, поляк соғысындағыдан да гөрі тіпті көбірек табысқа жетуімізді қамтамасыз етуі де мүмкін. Поляк соғысы екі майданда бірдей жүргізілген, Врангель қаупі қабаттаса төнген соғыс болды, шеткері аймақтағы деуге болмайтын соғыс болды, өйткені Пилсудскийдің белгілеген межесі Москвадан онша қашық отпейтін. Мен осымен халықаралық жағдайды шолуды аяқтаймын.

Енді мен ішкі жағдайға көшемін. Әскери күшпен қол сұғу жөніндегі бірсыпыра әрекеттердің күйреуіне байланысты, біздің экономикалық жағдайымыз едәуір зор мөлшерде жақсарып отыр. Бұрын біз кіріптар болған қысылшаң жағдайдың негізі мынау еді: бізден, орталық Россиядан, өнеркәсіпті Россиядан, пролетарлық Россиядан, Петроградтан, Москвадан, Иваново-Вознесенскіден неғұрлым астықты аудандардың бәрі де — Сибирь, оңтүстік, оңтүстік-шығыс — бөлініп тасталды, отынның басты көздерінің бірі — Донецк бассейні бөлініп тасталды, мұнай көздері бөлініп тасталды, сондықтан мұндай жағдайда республиканың іс жүзінде өмір сүруі мүлде адам иланғысыз нәрсе болып көрінді. Неғұрлым астықты және неғұрлым маңызды экономикалық аудандардың осылайша бөлініп тасталуына байланысты біздің басымызға қандай сұрапыл апаттардың, қандай орасан жоқшылықтардың, астық мұқтаждығы мен ашаршылықтың төнгенін өздеріңіз білесіздер. Ал қазір жағдайымыздың біртіндеп жақсаруының негізі едәуір дәрежеде осы аудандардың қайта қосылуы болып табылады. Азық-түлік дайындау жұмысы қазір, Сибирьді, Кавказды тарту мүмкіндігі арқасында және Украинаның әлеуметтік жағдайында біздің пайдамызға шешіліп отырған өскелең өзгерістің арқасында, бізге мынадай нәтиже берді: таяудағы, алдағы азық-түлік науқанында біз биылғыдай қабымыздың түбі мүлде

бос болатын халден құтылып қана қоймаймыз, сонымен қатар барлық өнеркәсіп жұмысшыларын азық-түлік жағынан жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ете алатын боламыз. Мұның өзі — транспорттың күмәнсыз жақсара бастауының арқасында мемлекеттің қолында 250 миллион пұттан 300 миллион пұтқа дейінгі астық мөлшерінде азық-түлік қоры болады деп сенуімізге мүмкіндік беретін бірінші науқан; бұл ретте біз, қазіргі кездегі сияқты, социалистік құрылыс туралы әңгіме етумен ғана және мардымсыз іс істеумен ғана тынбаймыз, біз нағыз еңбек армияларымен шын мәнінде қимыл жасаймыз, жүз мыңдаған өнеркәсіп жұмысшыларын немесе өнеркәсіп үшін азық-түлік жұмысын атқаратын жұмысшыларды шұғыл, зәру жұмысқа шын мәнінде жұмылдырып, бұл жұмысты жақсартуға мүмкіндік аламыз, сөйтіп отып жағдайын жақсарту арқылы қолымыз жеткен нәтиженің кездеме өнеркәсібін қалпына келтіруге мүмкіндік бергені сияқты табысқа жетеміз. Иваново-Вознесенск губерниясы өз фабрикаларын іске қоса бастады. Алғашқы кезде ¼ миллионнан аспайтын ұршық жұмыс істеген еді, қазіргі уақытта жарты миллионнан астамы, 600 000-ға жуығы жұмыс істейді, жыл аяғына қарай бір миллионға жеткізбекпіз, ал келесі жылы 4 миллион ұршықты іске қосамыз деген ойымыз бар. Ескі қорды жұмсай отырып, орасан зор бейнетпен амалдап келген халден Россия қираған өндірісті қалпына келтіру ісіне кірісетін және деревнядан астық ала отырып, шаруаға тұз, керосин және ең болмағанда аз мөлшерде болса да кездеме беруге мүмкіндігі болатын жағдайларға біз тек енді ғана көшіп отырмыз. Мұнсыз социалистік құрылыс туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Егер біз толып жатқан соғыс шапқыншылықтарына тойтарыс беріп, бірталай мемлекеттермен бітім шарттарын жасасуға жетіп, халықаралық салада бава жасап алған болсақ, социалистік құрылысты бастау үшін экономикалық салада қажетті мүмкіндікті — өнеркәсіпте істейтін жұмысшыларға астық беруге, өнеркәсіп үшін азық, яғни отын дайындауға мүмкіндікті тек енді ғана алып отырмыз. Біздің басты міндетіміз, міне, осында, мәселенің нағыз түйіні, міне, осында, біз бірнеше рет

жасамақ болған өтпелі қадам, міне, осында. Әлі есімде, 1918 жылы апрельде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жиналысында мен: соғыс жөніндегі міндеттеріміз аяқталып келе жатқан сияқты, біз Россияны сендіріп қана қойған жоқпыз, оны еңбекшілер үшін қанаушылардан тартып алып қана қойған жоқпыз, сонымен қатар біз енді шаруашылық құрылысы үшін Россияны басқару жөніндегі міндеттерге көшуге тиіспіз деген болатынмын[26]. Біздің ол кездегі уақытша тынысымыз мүлде мардымсыз болды. 1918 жылы жазда болған чехословак көтерілісінен[27] бастап бізге күшпен таңылған соғыс мейлінше қатал соғыс болып шықты. Бірақ біз осындай әрекетті бірнеше рет жасап көрдік: 1918 ж. көктемде де, одан соң, еңбек армиялары туралы мәселе іс жүзінде қойылған кезде, неғұрлым кең көлемде, биылғы жылдың көктемінде де әрекет жасадық[28]. Енді біз бұл өтпелі қадамды тағы да бірінші кезекке қойып, оны жүзеге асыру үшін барлық күшті жұмсауға тиіспіз. Халықаралық тұрғыдан алғанда, жалпы капитализмді жеңу тұрғысынан алғанда бүкіл социалистік төңкерістің аса маңызды міндеті міне осында. Жалпы капитализмді жеңу үшін, біріншіден, қанаушыларды жеңіп, қаналғандардың өкіметін қорғап қалу керек,—бұл қанаушыларды революциялық күштермен құлату міндеті; екіншіден, жасампаздық құрылыс міндеті—жаңа экономикалық қатынастар орнатып, мұның қалай істелетіндігінің үлгісін көрсету керек. Социалистік төңкерісті жүзеге асыру міндетінің осы екі жағы өзара тығыз байланысты және жоюшылық жағы көп болған бұрынғы революциялардың бәрінен біздің революцияның өзгеше екенін көрсетеді.

Ал егер біз екінші міндетті орындамайтын болсақ, онда қанаушыларды құлатуісіндегі, халықаралық империалистерге әскери күшпен тойтарыс беру ісіндегі ешқандай табыстар да, ешқандай жеңістер де ештеңе бермейді, сөйтіп ескілікке қайта оралу сөзсіз нәрсе болып қала береді. Теориялық мағынада бұл жөнінен екі түрлі пікірдің болуы мүмкін емес. Мұндағы өтпелі қадам мейлінше шұғыл да қиын, бұл басқаша тәсілдерді, күштерді басқаша бөліп, пайдалануды, көңіл ауанын,

психологияны, т. т. басқаша бағыттауды талап етеді. Қанаушыларды революциялық жолмен құлатып, зорлықшыларға тойтарыс беру әдістерінің орнына, біз енді ұйымдастырушылық әдістерді, құрылыс әдістерін қолдануға тиіспіз, біз соғыспен тұншықтыруға қарсыласа алатын күш ретінде ғана емес, үлгі көрсете алатын күш ретінде де бүкіл дүние жүзі алдында өзімізді танытуға тиіспіз, өзімізді қорғап қалуға тиіспіз. Социалистік революция міндетінің осы екі жағы жөніндегі нұсқауды аса ірі социалистік жазушылардың барлық шығармаларынан әрқашан да табуға болатын еді; міндеттің екі жағы ретінде бұлардың сыртқы дүниеге, капиталистердің қолында қалып қойған мемлекеттерге де, өз еліндегі пролетарлық емес бұқараға да қатысы бар. Буржуазияға қарағанда пролетариат шаруаларға жақсы тұрмыс жағдайларын қамтамасыз ететіндігіне біз шаруаларды сендірдік, іс жүзінде сендірдік. Шаруалар большевиктік режимге наразы бола тұрса да, оны құрылтайлық, колчактық және басқа тәртіптермен іс жүзінде салыстыра келіп: большевиктер бізге жақсы тұрмыс жағдайларын қамтамасыз етті, ол соғыс саласында бізді бүкіл дүние жүзі империалистерінің зорлығынан қорғап қалды деген қорытындыға келді. Оның бер жағында, шаруалардың жартысы буржуазияның шарттары бойынша буржуазиялық жағдайларда тұрып келді, бұдан басқаша тұруы мүмкін емес те еді. Пролетариат енді екінші міндетті орындауға, әрбір шаруа семьясы өзінше қожалық ететін кездегі экономикалық қатынастардан жоғары болатын экономикалық қатынастардың үлгісі мен практикасын шаруаларға қамтамасыз ете алатындығын оларға көрсетуге тиіс. Шаруалар әлі күнге осы ескі тәртіпке ғана сенеді, әлі күнге мұны қалыпты нәрсе деп есептейді. Бұған күмәндануға болмайды. Шаруалар біздің насихатымыз нәтижесінде өмірлік мәселелерге, экономикаға өздерінің көзқарасын өзгертеді деудің өзі барып тұрған бос сөз. Олар аңысын аңдауда, олар бізге бейтарап-дұшпандық күштен бізге бейтарап-тілектестік күшке айналды. Олар бізді басқа үкіметтің қандайынан болса да артық санайды, өйткені жұмысшылардың, пролетарлардың мемлекеті,

пролетариат диктатурасы, кейбіреулер айтқандай, тұрпайы зорлық, узурпация емес, қайта шаруалардың ең жақсы қорғаушылары, колчакшылдардан, деникиншілдерден, т. т. гөрі жақсы қорғаушылары екенін көріп отыр.

Бірақ бұл аз, біз істелуге тиісті басты нәрсені істеген жоқпыз — шаруаларды жоғары экономикалық құрылысқа көшіру үшін пролетариаттың ірі өндіріс пен қоғамдық шаруашылықты қалпына келтіретіндігін көрсеткен жоқпыз. Қаналғандар жөніндегі зорлыққа революциялық ұйым арқылы тойтарыс бере алатындығымызды дәлелдегеннен кейін, біз басқа салада да нақ осыны дәлелдеуге тиіспіз, бұл үшін соғыста жеңген пролетариаттың коммунистік құрылысты, укладты орната алатындығын шаруалардың бүкіл қалың бұқарасы мен ұсақ буржуазиялық элементтерге және басқа елдерге сөз жүзінде сендірмей, іс жүзінде көрсетіп беретін үлгі жасауымыз керек. Бұл міндеттің бүкіл дүние жүзілік маңызы бар. Халықаралық мағынада алғанда жеңістің екінші жартысына жетуіміз үшін міндеттің екінші жартысын — шаруашылық құрылыс ісіндегі міндетті орындауымыз керек. Бұл туралы біз партияның соңғы конференциясында айтқанбыз*, сондықтан, менің ойымша, бұл арада мәселенің жеке жақтарына толық тоқталып жатудың қажеттігі де, мүмкіндігі де жоқ, бұл міндет шаруашылық құрылыс ісіндегі барлық мәселелерді қамтиды. Мен өнеркәсіпте істейтін жұмысшыларды астықпен қамтамасыз етудің және өнеркәсіпті отынмен қамтамасыз етудің шарттарын қысқаша көрсетіп өттім. Мұндай шарттар құрылыс ісін бұдан былай жүргізе беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін негіз болып табылады. Менің бұған қоса айтайын дегенім, Советтердің алдағы съезінде, газеттерде жарияланған күн тәртібінен өздеріңіз көргендей, шаруашылық құрылыс жөніндегі бұл мәселе басты мәселе болуға тиіс. Съездің бүкіл күн тәртібі бас қосқан барлық делегаттардың, бүкіл республикадағы совет және партия қызметкерлерінің күллі бұқарасының барлық назары

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 41-том, 309—310, 316—317-беттер. *Ред.*

мен ой-ниетін шаруашылық жағына, транспортты, өнеркәсіпті қалпына келтіруге аударуға, «шаруа шаруашылығына көмектесу» деп сақтықпен аталған нәрсеге, шындығында анағұрлым үлкен нәрсеге — тұтас бір жүйеге, әлі де едәуір ұзақ уақыт сақталатын шаруа шаруашылығын тиісті дәрежеге көтеру үшін ойластырылған бірқатар шараларға аударуға бейімделіп жасалған.

Осыған байланысты, халық шаруашылығын қалпына келтірудің біз сөз еткен бірыңғай шаруашылық жоспарын техника жағынан белгілеу үшін Советтер съезінде Россияны электрлендіру жөнінде баяндама қойылғалы отыр. Егер Россияны бұрынғыдан басқаша, анағұрлым жоғары техникаға көшірмесек, халық шаруашылығын қалпына келтіру туралы және коммунизм туралы соз болуы да мүмкін емес. Коммунизм дегеніміз — Совет окіметі және бүкіл елді электрлендіру деген сөз, өйткені электрлендіру болмайынша өнеркәсіпті көтеру мүмкін емес. Мұның өзі ұзақ мерзімге, кемінде 10 жылға арналған міндет, онда да бұл жұмысқа толып жатқан техниктердің қатыстырылуы шарт, бұлар Советтер съезіне осы жоспарды егжей-тегжейлі белгілеп көрсететін бірсыпыра баспа документтер бермек[29]. Біз 10 жылдан бергі жерде бұл жоспардың негіздерін жүзеге асыра алмаймыз, бүкіл өнеркәсіпті қазіргі заманғы негізге көшіруге мүмкіндік берерлік электр станцияларының ең ірі 30 ауданын құра алмаймыз. Әлбетте, бүкіл өнеркәсіпті машиналы ірі өндірістің жағдайына сай осылай қайта құрмайынша, социалистік құрылыс тек қана декреттердің жинағы болып қала береді, жұмысшы табының шаруалармен саяси байланысы болып қала береді, шаруаларды колчакшылдықтан, деникиншілдіктен құтқару болып қала береді, дүние жүзіндегі барлық державалар үшін үлгі болып қала береді, бірақ онда өзінің түпкі негізі болмайды. Коммунизм езілгендер бұқарасының барлық істерді шешіп отыруына мүмкіндік беретін саяси орган ретінде Совет өкіметінің болуын керек етеді,— мұнсыз коммунизм мүмкін емес. Бүкіл дүние жүзінде де біз осының дәлелдемесін көріп отырмыз, өйткені Совет өкіметінің идеясы, оның программасы бүкіл дүние жүзінде созсіз жеңіске жетіп ке-

леді. Біз мұны полицияның, поптардың және жұмысшы қозғалысындағы ескі буржуазиялық чиновниктердің көмегімен жан сақтап келе жатқан II Интернационалға қарсы күрестің әрбір оқиғасынан көріп отырмыз.

Бұл арқылы мәселенің саяси жағы ғана қамтамасыз етілген, ал экономикалық жағы қазіргі заманғы техника негізінде құрылған ірі өнеркәсіп машинасының барлық тізгіні орыс пролетарлық мемлекетінің қолында шын мәнінде жинақталған кезде ғана қамтамасыз етіледі, ал мұның мәнісі — электрлендіру деген сөз, ал бұл үшін электрді қолданудың негізгі шарттарын түсіне білу керек және өнеркәсіпті де, егіншілікті де осыған сәйкес түсіну керек. Бұл—аса зор міндет, мұны жүзеге асыру үшін соғыс шапқыншылығына қарсы өз өмірімізді қорғап қалуға қажет болған мерзімнен анағұрлым ұзақ мерзім керек болады. Бірақ біз бұл мерзімнен қорықпаймыз, біз буржуазиялық көзқарастарды бойына сіңірген ондаған, жүздеген инженерлер мен ғылым өкілдерін жұмысқа тарттық, бүкіл шаруашылықты, өнеркәсіп пен егіншілікті қайта құру жөнінде оларға тапсырма бердік, оларды ынталандыра білдік, сөйтіп бірсыпыра кітапшалар болып жинақталған қыруар материал алдық, біз бұларды өз жеңісіміз деп есептейміз. Электрлендіру жөніндегі әрбір аудан жеке кітапшада баяндалған. Солтүстік ауданды электрлендіру жоспары дайын, көріп-білгісі келгендердің оны алуына болады. Советтер съезіне дейін әрбір ауданға арналған және қайта құрудың бүкіл жоспарын көрсететін кітапшалар басылып шығады. Ендігі міндет мынау: барлық жерде, әрбір партия ұясында, әрбір совет мекемесінде бірсыпыра ұзақ жылдарға арналған осы бірыңғай жоспар бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуі керек, өзімізді өзіміз ешбір алдарқатпастан, алдымызда тұрған қиыншылықтарды жасырмастан, алдағы таяу уақыттың ішінде өзіміздің қаншалықты және қалайша алға басып бара жатқанымызды нақты білетін болуымыз керек. Бірыңғай шаруашылық жоспарының осы міндеті, оны жүзеге асыру міндеті қайткен күнде де бүкіл республиканың алдына қойылғалы отыр. Коммунистік партия бүкіл үгіт жұмысын, бүкіл насихат жұмысын, партиялық жұ-

мысты осы міндетке байланыстыруға тиіс. Бұл туралы теориялық тұрғыдан талай рет айтылған, бұған қарсы ешкім де таласып отырған жоқ, бірақ бұл ретте тындырылғаны істелуге тиістінің жүзден бірі бола қояр ма екен.

Біздің саяси соғыс дәуіріне дағдыланғандығымыз, бәріміздің де саяси-әскери күресте шыныққандығымыз табиғи нәрсе, сондықтан да қазір осы күнгі Совет өкіметінің істеген ісі енді поезды басқа рельстерге көшіруді талап етіп отырған міндетке тек жақындағандық қана болады, ал бұл поезд он миллиондаған адамдарды сүйреуге тиіс. Кей жерлерде рельс те болмай отырған кезде, мұндай нәрсенің басқа рельстерге көшірілуі мықтап көңіл бөлуді, білгірлікті, барынша қажырлылықты керек етеді. Шаруалар мен жұмысшылар бұқарасының мәдени дәрежесі міндетке сай болмағандықтан, сонымен бірге біз тіпті 99 процент дерлік әскери-саяси міндеттерге дағдыланып кеткендіктен, бізде бюрократизм қайта туды. Мұны жұрттың бәрі мойындап отыр. Совет өкіметінің міндеті мынада—ескі аппаратты Октябрьде жойғанымыз сияқты, оны бүтіндей жойып, өкіметті Советтерге беру керек, бірақ қазірдің өзінде біз өз программамызда: бізде бюрократизм қайта туып отыр, нағыз социалистік қоғам орнату үшін керекті экономикалық негіздер әлі де жоқ деп мойындап отырмыз. Жұмысшылар мен шаруалар бұқарасында мәдени жағдайлар, сауаттылық, жалпы алғанда неғұрлым жоғары мәдениет жоқ. Бұлай болған себебі — соғыс міндеттері пролетариаттан таңдаулысының бәрін алып кетіп отырды. Пролетариат соғыс міндеттерін орындау үшін орасан зор құрбандықтар жасады, бұл міндеттерге он миллиондаған шаруаларды жұмылдыруға тура келді, сөйтіп, жұмысқа буржуазиялық көзқарастар бойына әбден сіңген элементтерді тарту керек болды, өйткені бұлардан басқа ешкім болмады. Сондықтан да біз программада, партияның программасы сияқты документте: бюрократизм қайта туды, сондықтан оған қарсы жүйелі түрде күрес жүргізу керек деп айтуға тиіс болдық[30]. Совет мекемелерінде қайта туған бюрократизмнің партия ұйымдарының арасында да зиянды әсер етпей қала

алмағандығы түсінікті нәрсе, өйткені партияның жоғарғы топтары совет аппаратының да жоғарғы топтары болып табылады: мұның өзі бәрібір. Демек, егер біз партия аппаратында байқалуы мүмкін қырсықтың — ескі бюрократизмнің бар екенін ұғынған болсақ,—онда бұл қырсықтың барлық белгілері партия ұйымдарынан табылғандығы да айқын және табиғи нәрсе. Ал егер бұл осылай болса, онда бұл мәселе Советтер съезінің күн тәртібіне қойылып отыр және осы конференция да бұған зор көңіл бөліп отыр, бұған көңіл бөлінуі заңды да, өйткені жалпы партиялық конференцияның қарарларында[31] мойындалған партиялық дерт тек Москвада ғана болып қоймай, бүкіл республикаға да жайылып отыр. Мұның өзі әскери-саяси жұмысты жүргізу қажеттігіне байланысты болды, ол кезде біз шаруалар бұқарасын өзімізге ден қойдыруға тиісті болдық және шаруалар экономикасының дәрежесін, шаруалар бұқарасының дәрежесін көтеруге байланысты неғұрлым кең жоспар мағынасында алғанда талап қоюшылықты күшейте алмадық.

Қорытындысында партия ішіндегі жағдай туралы, оппозицияның күресі, оның көрінісі туралы бірер сөз айтуыма рұқсат етіңіздер; мұның өзі осында қатысып отырғандарға әбден таныс және Москва қалалық және губерниялық конференциясында бұған көп күш, көп көңіл бөлінді, бәлкім, бәріміздің қалайтынымыздан гөрі анағұрлым көп көңіл бөлінді деуге де болар. Күрестің үш жылы ішінде республиканың пролетариат пен партиядан алып жұмсаған күштерінің сарқылып қалған кезінде, қазір жасалып отырған орасан зор өтпелі қадамның бізді дәл есептеу мүмкін емес міндеттің алдында қиын жағдайға душар етіп отырғандығы табиғи нәрсе. Біз қырсықтың дәл мөлшерін білмейтіндігімізді, арасалмақтар мен дәл топтарды анықтай алмай отырғандығымызды мойындауға тиіспіз. Партия конференциясының басты маңызы — мәселені қоя білуінде, орын алып отырған қырсықты жасырмауда, оған партияның назарын аударып, партияның барлық мүшелерін бұл қырсықтан қалай құтылу жолында жұмыс істеуге шақыруда болып отыр. Орталық Комитеттің

көзқарасы тұрғысынан алып қарағанда да және, менің ойымша, партиялық жолдастардың орасан зор көпшілігінің көзқарасы тұрғысынан алып қараганда да (менің білуімше, ешкім де бас тартпайтын көзқарастар тұрғысынан алып қарағанда) мынадай жай жөнінде күмән бола алмайтындығы табиғи нәрсе: партиядағы дағдарысқа байланысты, тек Москвада ғана емес, сонымен қатар бүкіл Россияда да болып отырған оппозицияда партияның табиғи өсу кезеңдерінде және бүкіл назар саяси және әскери міндеттерге аударылып келген кездегі жағдайдан құрылыс пен ұйымдастыру жағдайына өту кезеңдерінде, ал осы құрылыс пен ұйымдастыру жағдайында біз ондаған бюрократтық мекемелерді қамтуға тиіс болып отырған және пролетариат пен шаруалардың көпшілігінің мәдени дәрежесі міндетке сай болмай отырған кезеңде мейлінше дұрыс, қажетті және сөзсіз өте көп нәрселер көрініс береді. Өйткені Жұмысшы-Шаруа инспекциясы көбіне-көп тілек түрінде ғана өмір сүріп отыр ғой, оны іске қосуға мүмкін болмады, өйткені таңдаулы жұмысшылар майданға алынды, өйткені шаруалар бұқарасының мәдени дәрежесі айтарлықтай мөлшерде қызметкерлер шығарып бере алмады.

Неғұрлым жедел өзгерістер жасауды, тың және жас күштерді неғұрлым көбірек тартуды, жергілікті жерлерде жұмысшыларды неғұрлым жауапты қызметтерге тартуды өзінің ұраны етіп отырған оппозицияның өзінде өте дұрыс ниеттердің, тенденция мен программаның бар екені табиғи нәрсе. Орталық Комитетте де, аздыкөпті жауапты жолдастардың арасында да, олардың айтқан пікірлеріне қарап топшылайтын болсақ, бұл жөнінде екі түрлі пікір жоқ. Бірақ тағы бір күмәнсыз нәрсе мынау: конференция шешімдерін жүзеге асыру платформасында түгел бірігіп отырған осы дұрыс негіздермен қатар басқа негіздер де бар. Құрамы осы конференцияның әдеттегі санынан көбірек болған барлық кеңестерде, сонымен қатар алдын ала шақырылған кеңестерде де сіздер бұл мәселе жөнінде екі түрлі пікір ести алмадыңыздар. Біздің жалпы программамыз жүзеге асырылуға тиіс,— бұған күмән жоқ, сөйтіп қазір алда қиын жұмыс тұр. Әрине, енді бұл арада істің шын

мәніне келгенде осы дұшпанды құлатумен ғана, осы дұшпанды тойтарумен ғана шектелугө болмайды. Бұл арада ондаған миллион болып бізді қоршаған ұсақ буржуазиялық стихияны көріп отырмыз ғой; бұл ұсақ буржуазиялық бұқарамен салыстырғанда біз азбыз, өте азбыз. Біз осы бұқараны тәрбиелеуге, оны әзірлеуге тиіспіз, ал оның бер жағында біз әзірлеуші, ұйымдасқан күштердің бәрін де басқа іске, өте-мөте назар аударарлық, ауыр және өте қатерлі іскө, зор құрбандықтарға байланысты іске, соғыс ісінө жұмылдыруға тиіс болдық. Ал бұл соғыс ісінің тәртібі міне осындай, бұдан қашып құтылуға болмайды да.

Міне, осы жағдайға байланысты, біз өзімізге мынадай бір мәселеде есеп беруге тиіспіз: шаруашылық құрылысты неғұрлым дұрыс негізде жолға қою үшін, Жұмысшы-Шаруа инспекциясын тек декрет мағынасында ғана емес, жұмысшылар бұқарасын шын мәнінде қатыстыру арқылы жүзеге асыру үшін бұл арада біз партияны толық сауықтыра алдық па, бюрократизмді толық жеңдік пе? Мұның өзі қиын жұмыс, сондықтан егер партиялық міндеттер туралы айтатын болсақ, біздің басты міндетіміз мынау болуға тиіс: біз оппозиция бағыты деп аталатынды неғұрлым тез жоятын болуымыз керек. Егер әр түрлі көзқарастар туралы, болып жатқан оқиғаны түрліше түсінушілік туралы, тіпті бұдан былайғы қызметіміздің әр түрлі программалары туралы айтатын болсақ, онда Орталық Комитет әр түрлі сарындағы көзқарастар орын алып отырған Саяси бюроның барлық кеңестерінде және пленумдарда бұл мәселеге барынша мұқият қарауға тиіс. Бүкіл партия ішіндегі ынтымақты жұмыс бұл міндеттің орындалуын қамтамасыз етеді. Біз мұны өте-мөте маңызды мәселе деп есептейміз. Қазір біздің алдымызда шаруашылық жұмысы тұр, бұл жұмыс әскери жұмыстан анағұрлым қиын; әскери жұмысты біз шаруалардың ынта-жігері арқылы атқарып шықтық, өйткені шаруалар колчактық мемлекеттен горі жұмысшы мемлекетін, күмән жоқ, артық көрді. Қазір, шаруалар бұқарасын құрылыс ісіне, өздеріне мүлде жат, өздері түсінбейтін және сене алмайтын іске көшіру керек болып отырған кезде, істің

жайы тіпті басқаша болып отыр. Бұл міндет жүйелілік-тің көбірек, табандылықтың көбірек болуын, зор ұйымдастырушылық қабілетті керек етеді, ал ұйымдастырушылық қабілеті жағынан россиялық адам, тегінде, ең нашар адам болса керек. Мұның өзі біздің ең бір әлсіз жағымыз; сондықтан, егер қайсыбір нәрсе бұл жұмысқа бөгет болатын болса, біз бұл бөгетті тезірек құртуға тырысуымыз керек. Өтпелі қадамның окілі болып отырғап оппозицияның бойында қандай да бір дұрыс нәрсенің бар екені күмәнсыз, бірақ ол оппозиция болу үшін оппозицияға айналатын болса, онда бұған сөзсіз тыйым салу керек. Біз салғыласумен, ұрыс-керіспен, талас-тартыспен жүріп көп уақытты кетіріп алдық, сондықтан өзімізге өзіміз: «енді жетер!» деуге тиіспіз, сойтіп белгілі бір жағдайлар негізінде жұмысты жақсартуға тырысуымыз керек. Наразы болып жүргендерге, өздерін оппозиция деп атайтындарға қандайда бір кеңшіліктер жасау керек, бұл кеңшіліктердің аз болғаннан гөрі коп болғаны жақсы, бірақ жұмыстың ынтымақты болуына қол жеткізу керек, ойткені бұлай етпейінше, бізді сыртқы және ішкі жаулар қоршап отырған осындай жағдайларда өмір сүру мүмкін емес.

Күмән жоқ, ескі, ұсақ буржуазиялық стихия, ұсақ қожайынсымақтар бізден анағұрлым коп. Олар жұмысшылардың қажеттерін өтеу үшін біріккен социалистік шаруашылық өндірістен гөрі күштірек. Деревняға қатысы болған және қаладағы жалдаптықты көрген әрбір адам ұсақ шаруашылық құрылысына негізделген бұл қоғамның бізден көп екенін жақсы түсінеді, сондықтан бұл арада барынша ынтымақты жұмыс істеу керек және біз бұған қайткен күнде де жетуге тиіспіз. Москва ұйымдарындағы таластар мен күресті көруге тура келген кезімде, жиналыстарда болып жатқан жарыс сөздердің соншалықты коп екенін, озара салғыласудың, ұрыс-керістердің соншалықты көп екенін көруге тура келген кезімде мен мынадай қорытындыға келдім: мұны тоқтатып, бәріміздің конференция платформасы негізінде бірігетін мезгіл жетті. Бұл қорытындыға келудің бізге қымбатқа түскенін айту керек. Мынадай күйінішті жағдайлар болып жүрді: мәселен, партия жиналыста-

рында пәленше жиналысқа уақытында келді ме, жоқ па, пәленше өзін мынадай-мынадай жағынан көрсете алды ма деген сияқты мәселе жөніндегі керістерге сағаттап уақыт кетіп жүрді. Жиналысқа осындайлар үшін жинала ма екен? Бұл үшін белгілі комиссия бар, ол комиссия тізімде көрсетілген адамның белгілі бір дәрежеде озін корсеткен-көрсетпегенін талқылап отырады. Бірақ бұл арада мәселе жиналыстың мазмұны туралы болып отыр. Мәселен, Бубнов жолдас сияқты тәжірибелі партия қызметкерін алып қараңыз. Мен оның конференция ұсынған платформа туралы сөйлеген сөзін тыңдадым. Бұл платформа сынға көбірек бостандық беруге саяды. Бірақ конференция сентябрьде болды ғой, ал қазір ноябрь. Сын бостандығы—тамаша нәрсе, бірақ бәріміз осыған келіскеннен кейінгі жерде, сынның мазмұны туралы мәселемен де шұғылданған артық болмайды. Меньшевиктер, эсерлер және басқа адамдар бізді ұзақ уақыт сын бостандығымен қорқытып келді, бірақ біз бұдан қорыққан жоқпыз. Егер сын бостандығы капитализмді қорғау бостандығы болып шығатын болса, онда біз оны жаныштап тастаймыз. Біз алға қарай ұзап кеттік. Сын бостандығы жарияланды, бірақ сынның мазмұны туралы ойлау керек.

Ал осы арада сынның мазмұны көрінбей отыр деген өкінішті жағдайды мойындауға тура келеді. Ауданға келген соң сынның мазмұны қандай екен деп ойлайсың. Партия ұйымдарының көмегі арқасында ескі бюрократтық тәсілдермен сауатсыздықты жеңуге болмайды ғой. Бюрократизмді жұмысшылар мен шаруаларды іске қатыстыру арқылы құртпағанда басқа қандай әдіспен құртпақшымыз? Аудандық жиналыстарда да сынның мазмұны ұсақ-түйекке ғана қатысты болады, ал Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы мен бір ауыз сөз де, үн де естіген емеспін. Белгілі бір аудан бұл іске жұмысшыларды немесе шаруаларды қатыстырыпты дегенді естіген емеспін. Қазіргі құрылыс ісі — сынды қолдана білу және ол сынның мазмұнды болуы. Ал Москвада кіші-гірім үйдің әрбір шаруашылығының, әрбір ірі фабриканың, әрбір заводтың өз тәжірибесі болуға тиіс. Егер бюрократизмге қарсы күрескіміз келсе, онда

біз бұған төменгі буындарды қатыстыруға тиіспіз. Белгілі бір фабрикада немесе заводта қандай тәжірибенің болғанын, қайсыбір бюрократтарды қуып шығу үшін олардың не істегенін, кварталдық шаруашылықта, тұтыну қоғамында қандай тәжірибенің болғанын білуге тиіспіз. Бүкіл шаруашылық механизмінің айналысын мейлінше шапшаңдату керек, ал солай бола тұрса да бұл туралы ешбір дыбыс естімейсің, ал ұрыс-керіс пен таластартыс дегенің жетіп жатыр. Әрине, мұндай орасан зор төңкерістің бұл сияқты қоқысы, ылғи таза бола бермейтін көбігі болмай қалмайды. Бізге тек сын бостандығы туралы ғана емес, сонымен қатар оның мазмұны туралы да мәселе қоятын мезгіл жетті. Өз тәжірибемізді ескере отырып, біз бірсыпыра кеңшіліктер жасауға тиіспіз, бұдан былайғы жерде біз талас-тартысқа қарай сәл де болсын ауытқушылыққа жол бермейміз деп өзімізге айтуға тиіспіз, міне, осылай дейтін мезгіл жетті. Біз өткен істі өтті деп, енді шын мәніндегі шаруашылық құрылысына, бүкіл партиялық жұмысты қайта құруға кірісуіміз керек, сөйтіп партияның советтік шаруашылық құрылысқа және практикалық табыстарға басшылық етуіне, насихатты көбіне-көп сөзбен емес, іспен жүргізуіне қол жеткізейік. Өйткені енді жұмысшыны да, шаруаны да сіздер сөзбен сендіре алмайсыздар, оны тек үлгі көрсету арқылы ғана сендіруге болады. Жұмысшылар мен шаруаларды олар өздерінің шаруашылығын капиталистерсіз-ақ жақсарта алатындығына, жанжалдарды жойып отыру үшін оларға полицияның таяғы да, капиталистік ашаршылық та керек емес, партия адамдарының басшылығы керек екендігіне сендіру қажет. Біз міне осындай көзқараста болуға тиіспіз, сонда біз бұдан былайғы шаруашылық құрылыста табысқа жетеміз, ал бұл халықаралық тұрғыдан алғанда біздің жеңісімізді енді толық ақырына дейін жеткізетін болады.

*1920 ж. декабрьде тұңғыш рет кітапшада басылған: «Партияның аңындағы жұмысшының кезектегі мәселелері». РКП(б) Москва комитетінің басылымы*

*Кітапшаның стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр*

## 2
## МОСКВА КОМИТЕТІНІҢ САЙЛАУЫ ЖӨНІНДЕ 21 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, менің сайлауға өте көп қатысуыма, бәлкім, тым көп қатысуыма тура келді: әр түрлі топтар мен ағымдардың, тіпті фракциялардың күресінен кейінгі партия сайлауына да қатыстым; күрестің мейлінше шиеленіскен формалары тұсында да қатыстым, ал күрестің өзара бақылау жағдайында жүргізілгендігі соншалық, егер екі фракцияның да өкілдері жазба жүргізіп отырып қатыспаса және берілген дауыстар саналмаған болса, онда бірде-бір партия ұясында дауыс берудің ешқайсысы да заңды деп саналмайтын,— бірақ басшы органдарды — Петроград комитетін немесе Москва комитетін немесе Орталық Комитетті — сайлағанда пропорциялық принцип ешқашан да қолданылған емес. Егер сайлауда екі топ, екі ағым немесе екі фракция күресіп отырған болса, онда шешуші орган ретіндегі партия конференциясын немесе партия съезін шақыру үшін пропорциялы өкілдік қажет. Бірақ практикалық жұмыс жүргізетін атқарушы орган құру үшін пропорциялы өкілдік ешқашан да қолданылған емес және мұның дұрыс деп таныла қоюы екіталай болар. Меніңше, алдыңғы шешен бұл жөнінде пропорциялық принциптен өзі-ақ бас тартты деп ойлаймын, өйткені ол Игнатовпен бірге өздері ұсынған тізімнің артықшылығы, өзі айтқандай, он бірді өткізуде деп мәлімдеді. Менің 38-дің ішіндегі он бірді тексеруге мүмкіндігім жоқ, менің ойымша, жиналыстың тікелей көпшілігінің немесе өздерін Москва комитетін жақтаушылар деп санайтындар

тобының қалағанынан гөрі көбірек кеңшілік жасалуы керек еді. Мен бұл көзқарастың дәлелдерін айтып өткенмін, бірақ ең бастысы қазір адамдарды іріктеп алуды қамтамасыз ету болуға тиіс. Тізімде көрсетілген жолдастардың көпшілігі маған белгісіз, бірақ осы конференцияда шешуші дауыстары бар сіздерге, әрине, жолдастардың бәрі белгілі, сондықтан, менің ойымша, сіздердің сөзсіз басшылыққа алатындарыңыз мынау болмақ: өздеріңізге жеке таныс жолдастарды іріктеп алу арқылы ынтымақты жұмыс жүргізу қолынан келетін топ құру керек, қалыптасқан ағым болсын, қалыптаспаған ағым болсын немесе кейбір жақтарынан әлі де анықталмай отырған ағым болсын, әйтеуір партиялық ағымның бойындағы әрбір дұрыс нәрсе бұл топтан көрініп отыруға тиіс, бірақ тұтас алғанда бұл топ практикалық саясатқа басшылық ететін топ болуға тиіс, осы жиналыстағы түрліше сарындардың пропорциялы өкілі болмай, қайта конференция шешімінің рухында ішкі және сыртқы жауларымызға қарсы айбынды жұмыс жүргізетін—күрес жүргізетін топ болуға тиіс, бұл ретте келіспеушіліктерге орын қалмайтындай және үйлесімсіздік болмайтындай ету керек. Міне сондықтан да шешуші пікір атқарушы органды сайлауда ешқашан қолданылмаған және қолдану қазір де дұрыс бола қоймайтын пропорциялық принцип емес, сіздердің, конференция мүшелерінің, әрбір кандидатты өздеріңіздің жеке білетіндіктеріңіз және ынтымақты жұмыс жүргізе алатындығына кепілдік болатын топты артық санайтындықтарыңыз болуға тиіс.

*Бірінші рет 1952 ж.*
*В. И. Ленин Шығармаларының*
*4-басылуында басылған, 31-том.*

*Стенограмма бойынша*
*басылып отыр*

# МОСКВА ПОЛИГРАФИЯ ӨНДІРІСІ КӘСІПОРЫНДАРЫ ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІНІҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1920 ж. 25 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[32]

### ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Бүкіл аудитория ду овациямен қарсы алған Ленин жолдас күн тәртібінің бірінші пункті — республиканың халықаралық және ішкі жағдайы мен жұмысшы табының кезектегі міндеттері — жөнінде көлемді баяндама жасады.) Ленин жолдас дүние жүзілік империализмнің өз ниетін — пролетарлық республиканы тұншықтырмақ болған ниетін жүзеге асыруына бөгет жасаған себептерді, ол себептер — негізінен капиталистік құрылыстың ыдырауында, барлық елдердің жұмысшылары арасында революциялық қозғалыстың өсуінде екендігін көрсетіп берді. Біздің Қызыл Армияның тілі жыртқыштар мен тонаушылар үшін ең өтімді және ең түсінікті тіл болып табылады, сондықтан олар бізбен сауда жасау туралы сөйлесуге мәжбүр болып отыр. Бірақ, егер біз келесі міндетті, неғұрлым қиып, неғұрлым зор міндетті — өнеркәсіпті көтеру және халық шаруашылығын жақсарту міндетін — орындай алмасақ, онда Қызыл Армияның жеңісі толық және баянды жеңіс бола алмайды.

Ленин жолдас электрлендіру туралы меселеге тоқталды, ал электрлендірусіз еліміздің өркендеуі мүмкін емес. Шетелдік капиталды пайдалану туралы, концессиялар туралы мәселеге тоқталғаннан соң, баяндамашы полиграфия өндірісінің жалпы халық шаруашылығындағы ролін сипаттап берді, ол сөзінің аяғында Россияның жұмысшылары мен шаруалары жеңістің тамаша

үлгілерін соғыс майдандарында талай рет қалай көрсеткен болса, бейбіт майданда да солай көрсететін болады деп сенім білдірді. (Ұ з а қ қ а с о з ы л ғ а н қ о л ш а п а л а қ т а у.)

*«Правда» № 269,*
*30 ноябрь, 1920 ж.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# РКП(б) МОСКВА ҰЙЫМЫ ҰЯЛАРЫ СЕКРЕТАРЬЛАРЫНЫҢ ЖИНАЛЫСЫНДА 1920 ж. 26 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[33]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Бірінші запискада бір жолдас: барлық мекемелер Питерге көшкелі жатыр деген рас па деп сұрайды. Бұл дұрыс емес. Бұл лақаптың туған себебі — Москва Советінде тұрғын үй дағдарысына байланысты онша қажеттігі жоқ мекемелерді Москвадан Питерге көшіру туралы пікір айтылған болатын. Питердің 10 000-ға жуық совет қызметшілерін қабылдай алатындығы анықталды, ал Москвада бұлар 200 000. Бұл мәселені жан-жақты анықтау үшін комиссия құрылды, ол жұмыс істеп жатыр, ал оның шешімдері үлкен Халық Комиссарлары Советінен өтеді[34]. Сонымен, өздеріңіз көріп отырсыздар, бұл лақап кейбір жағынан дәл емес.

Екінші және үшінші запискада концессиялар туралы айтылған. Бұған тоқталып өтуге рұқсат етіңіздер.

Американ социалисі Спарго, большевиктерді мейлінше жек көретін біздің Алексинский сияқты біреу, өзінің бір кітабында концессияларды коммунизмнің күйрейтіндігінің дәлелі дейді. Біздің меньшевиктер де нақ осыны айтып отыр. Бізді айтысқа шақырып отыр екен, демек, біз оған қатысуға әзірміз. Мәселені іскерлік тұрғыдан қарап көрейік. Күйреген кім — біз бе әлде европалық буржуазия ма? Ол буржуазия бізге үш жыл бойы жала жауып келді, узурпаторлар мен бандиттер деп санап келді, барлық амалды қолданып бізді жеңуге тырысып бақты, ал қазір жеңе алмағандығын лажсыз мойындап отыр, осының өзі-ақ біз үшін жеңіс болып табылады. Меньшевиктер бізді дүние жүзілік буржуазияны

жалғыз өздері жеңбекші болды-мыс дегенді айтады. Бірақ біз дүние жүзілік революция тізбегіндегі тек бір ғана буынбыз деп әрқашан да айтып келдік және тек оз күшімізбен жеңу жөнінде еш уақытта өзімізге міндет қойған емеспіз. Дүние жүзілік революция әлі басталған жоқ, бірақ бізді де әлі жеңе қойған жоқ. Милитаризм іріп-шіруде, ал біз нығайып келеміз, сондықтан күйреген біздер емес, олардың өздері.

Енді олар бізді шарт негізінде бағындырғысы келіп отыр. Революция әзірге басталмай тұрғанда, буржуазиялық капитал бізге тиімді. Біз шаруашылық жағынан ең әлсіз елдің жағдайында отырған кезімізде, шаруашылықтың дамуын қалай тездетуге болады? Буржуазиялық капиталдың көмегімен тездетуге болады. Қазір бізде концессияның екі жобасы бар. Концессия туралы шарттың бір жобасы Камчатка жөнінде 10 жылға жасалған. Осында бір американ миллиардері болды, шарттың дәлелдері туралы ол өте ашық айтты, атап айтқанда Жапониямен соғыс болу мүмкіндігін ескеріп, Америка Азиядан база алуды көздейді деді. Бұл миллиардер былай деді: егер біз Камчатканы Америкаға сататын болсақ, онда Құрама Штаттар халқының біздерге деген ықыласының күшейетіндігі соншалық, американ үкіметі Россиядағы Совет өкіметін дереу танитын болады; ал егер тек арендаға ғана берсек, онда бұл ықылас кемірек болады. Енді ол Советтік Россия өздерінің ойлағанынан гөрі мүлде басқаша екендігін Америкаға айтып бармақ.

Біз дүние жүзілік буржуазияны осыған дейін жеңіп келдік, себебі ол біріге алмайды. Брест шарты да, Версаль шарты да[35] оларды ыдыратып отыр. Енді Америка мен Жапония арасында өршеленген дұшпандық өршіп келеді. Біз осыны пайдаланып, Камчатканы тегін берудің орнына, арендаға ұсынып отырмыз: Жапония Қиыр Шығыстағы жеріміздің орасан зор бөлегін басқыншылық соғыс жолымен бізден алып қойып отыр ғой[36]. Сондықтан тәуекелге бармай-ақ, Камчатканы арендаға беріп, ол жақтан өнімдердің бір бөлегін алып отыруымыз бізге анағұрлым тиімді, оның үстіне іс жүзінде біз оны бәрібір билеп отырған жоқпыз және пайдалана да

алмаймыз. Шартқа әлі қол қойылған жоқ, бірақ Жапонияда қазірдің өзінде-ақ бұл туралы өршеленген ызамен айтылып жүр. Біз осы шарт арқылы өз жауларымыздың арасындағы алауыздықтарды бұрынғыдан бетер тереңдеттік.

Концессияның екінші типі — біз Архангельск губерниясындағы орманның бірнеше миллион десятинасын арендаға береміз, өйткені мұны біз өзіміз қаншама күш жұмсағанымызбен пайдалана алмаймыз. Мұның өзі шахмат тәртібімен белгіленеді, сонда арендаға берілген учаскелермен қатар біз өзіміз жұмыс жүргізе алатын учаскелер болады, бұлай еткенде біздің жұмысшылар олардың техникасын үйрене алады. Мұның бәрі бізге өте тиімді.

Енді мәселенің соңғы жағын алайық.

Концессия дегеніміз — бітім емес, бұл да соғыс, бірақ бізге анағұрлым тиімді, басқа формадағы соғыс. Бұрын соғыс танктердің, зеңбіректердің, т. т. көмегімен жүргізіліп, біздің жұмыс істеуімізге кедергі жасайтын еді, енді соғыс шаруашылық майданында болады. Бәлкім, олар сауда еркіндігін қалпына келтіруге тырысар, бірақ олар бізсіз ешқайда кете алмайды. Одан соң, олар біздің барлық заңдарымызға бағынуға міндетті, біздің жұмысшылар олардан үйренеді, ал егер соғыс бола қалса — ал біз буржуазиямен соғысуға әрдайым әзір тұруға тиіспіз — бар мүлік соғыс правосы бойынша бізде қалады. Қайталап айтамын, концессия дегеніміз — соғыстың шаруашылық тұрғыдан жалғасы, бірақ мұнда біз енді өндіргіш күштерімізді қиратпаймыз, қайта дамыта түсеміз. Күмән жоқ, олар бізді алдап, заңдарымызды орағытып өтуге әрекеттенетін болады, бірақ бізде бұған деген тиісті мекемелер: Бүкіл россиялық төтенше комиссия, Москва төтенше комиссиясы, губерниялық төтенше комиссиялар, т. т. бар, сондықтан біз жеңіп шығатындығымызға сенеміз.

Бұдан бір жарым жыл бұрын біз бір бітімге қол қоймақшы болғанбыз, бұл бітім бойынша жеріміздің орасан зор бөлегі Деникин мен Колчакта қалмақшы еді. Олар бұдан бас тартты да, бәрінен айрылып қалды[37]. Біз халықаралық революцияға апаратын жолды дұрыс белгі-

лердік, бірақ бұл төте жол емес, бұралаң жол. Біз буржуазияны әлсіреттік, енді ол әскери күшпен бізді жеңе алмайды. Бұрын олар біздің коммунистік насихат жүргізуімізге тыйым салып келген еді; енді мұның өзі жоққа шықты, мұны талап ету кісі күлерлік нәрсе. Олар іштен іріп-шіріп жатыр, ал мұның өзі бізді нығайта түседі. Біз дүние жүзілік буржуазияны жалғыз әскери күшпен жеңеміз деп отырған жоқпыз, меньшевиктердің мұны бізге таңып жүргені бекершілік.

Мен мұнда Каменев жолдастың конференция туралы баяндамасын тыңдай алмадым, бірақ менің айтатыным — конференция бізге бір ғана сабақ беріп отыр: күрес қалай өтсе де, естеліктер қандай болса да, бәрін түгел тоқтату керек; ең басты және маңызды міндет күштерді топтастыруда екенін есте сақтау қажет. Енді шаруашылық құрылыс міндеттеріне көшкелі отырмыз. Алты жылға созылған соғыстан кейін мұның өзі қиынға соғады, сондықтан Бүкіл россиялық конференцияның іс жүзіне асыру қажет болатын қарарларының платформасы негізінде, топтасқан түрде алға баса беру керек. Бюрократизмге қарсы күрес, шаруашылық және әкімшілік жұмысы топтасуды талап етеді. Бізден жұрт үлгі көрсету арқылы насихаттауды күтіп отыр: партияда жоқ бұқараға үлгі көрсету керек. Қарарларды жүзеге асыру қиын, сондықтан күштерді осыған жұмылдырып, тиянақты жұмысқа көшу керек, мен сіздерді міне осыған шақырамын.

*«Правда» № 269,*
*30 ноябрь, 1920 ж.*

*«Правда» газетінің стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр*

## РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[38]

Бакуді 100% норма бойынша азық-түлікпен міндетті түрде және мұқият жабдықтау аса маңызды саяси және экономикалық міндет ретінде Азық-түлік комиссариатына тапсырылсын.

Азербайжанда азық-түлік саясаты бәсеңдетілсін, атап айтқанда: Азербайжанда, Муганьнан басқа жерде, шаруалардан астық мүлдем алынбасын, ал Муганьда өте-мөте сақтықпен алынсын.

Бұл директивалардың іс жүзінде сөзсіз және өте қатаң орындалуы туралы Орталық Комитетке және Қорғаныс Советіне[39] айына 2 рет дәлме-дәл баяндап тұру Фрумкинге дереу міндеттелсін.

Грузия, Армения, Түркия және Персия жөнінде барынша ымыраласу саясаты, яғни көбіне-көп соғысты болдырмауға бағытталған саясат қолданылсын.

Грузияға да, Арменияға да, Персияға да жорық жасауды өзімізге міндет етіп қоймау керек.

Азербайжанды қорғап, бүкіл Каспий теңізіне берік ие болуды басты міндет деп білу керек.

Бұл үшін Азербайжанға кем дегенде 7 дивизия жеткізу ісін барынша күшейтіп, тездету керек.

Азербайжанда кедейлер комитеттерін[40] және жалпы совет құрылысын насихаттау, үгіттеу, өрістету ісін барынша күшейту керек, бұл үшін Азербайжанда жұмыс істеуге Ұйымдастыру бюросы арқылы коммунист-мұсылмандарды барлық жерден мүмкіндігінше көбірек іздеп табу Сталин жолдасқа тапсырылсын.

Россияны азық-түлікпен жабдықтау ісін әлсіретіп алмай, күн сайын Бакуге кем дегенде 8 эшелон әскер жөнелтудің амалын табу Қатынас жолдары халық комиссариаты мен Тасымал жөніндегі жоғары советке[41] тапсырылсын.

*1920 ж. 27 ноябрьде жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ЗАМОСКВОРЕЧЬЕ КОММУНИСТЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА 1920 ж. 29 НОЯБРЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

### ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ленин жолдас бюрократизмге қарсы күресу туралы мәселеге әбден толық тоқталып өтті; ал бұл мәселені бізде «оппозиция» деп аталатындар губерниялық конференция көпшілігімен екі арадағы өз алауыздықтарының бейне бір принципті мәселесі ретінде қойып жүр. Бұл мәселенің күн тәртібіне қойылу фактісінің өзін «оппозициядағы» пайдалы нәрсе деп есептеп, Ленин жолдас сонымен бірге бұған жеңіл-желпі қарағандығы үшін оппозицияны мейлінше қатты сынға алды. Ленин жолдас біздің Совет мемлекетінде бюрократизмнің қайта туған себептерін және қазіргі уақытта оның күш алып отырған тамырларын көрсете келіп, бұл қырсыққа қарсы қағаз жүзіндегі қарарлар арқылы, мазмұнсыз жалаң сын арқылы күресуге болады деген ойдан жолдастарды мейлінше қатты сақтандырды. Ал осы мәселеде беделге ие болып қалуды көздейтін меньшевиктер де, эсерлер де бізді өздерінің советтік аппаратындағы бюрократизмді жеңе алмайды деп жазғырып отыр ғой. Кезінде бұл мырзалар бізді өздерінің Советтік мемлекетін қорғап қала алмайды деген болатын, ал енді бұлар былай деп отыр: «қорғауын қорғап қалды-ау, бірақ Ленин өзінің пәлендей кітапшасында Советтер өкіметі тұсында бюрократизм жойылады дегеніне қарамастан, бюрократизм совет мекемелерінде қалып қойып отыр».

Ал оның бер жағында мұның өзі әсте олай емес.

Жұмысшының қапшық алып, астық іздеп жүгірмейтін болуы үшін, жүз мыңдаған және миллиондаған ең-

бекшілердің Жұмысшы-Шаруа инспекциясы мектебінен өтіп, мемлекетті басқаруды үйренуі үшін (ал мұны бізге ешкім үйреткен жоқ қой), олардың жүз мыңдаған буржуазиялық бюрократтарды алмастыра алатын болуы үшін бәрінен бұрын жалпы тұрмыс жағдайлары жақсартылуға тиіс.

Айтпақшы, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы[42]. Бұл орган бұдан бір жылдай бұрын құрылған болатын, бірақ мемлекетті басқаруға даярлайтын мектеп ретінде өзірше өзін жөнді көрсете алған жоқ. Бюрократизмге қарсы күресу ісін шын мәнінде тездеткісі келетін жолдастардың бұл салада жұмыс істеп, пайдалы сабақтар алғаны теріс болмас еді.

Ленин жолдас былай деп атап көрсетті: бюрократизмге қарсы күресу туралы мәселенің нақ Москвада өте-мөте қатты қойылып отырған себебі — мұнда жолдастардың тек москвалық бюрократтармен ғана емес, сонымен қатар жалпы россиялық бюрократтармен де істес болуына тура келіп отыр, өйткені мұнда орталық мекемелер орналасқан. Москвада 200 000 совет қызметшісі бар, бұлардың ішінен алдағы таяу уақытта тиісті мекемелермен қоса Питерге тек 10 000 адамды ғана көшіруге болады.

Совет аппаратындағы бюрократизм партия аппаратына да енбей қалған жоқ, өйткені бұл аппараттар өзара тығыз байланысты. Қазіргі уақытта бұл қырсыққа қарсы күресті күн тәртібіне қоюға болады және қою керек те, бірақ сынау үшін сынау бағытында қоймай, бұл күрестің әдістерін іс жүзінде көрсету бағытында, ал одан да жақсысы — сынаушы жолдастар жұмыс істейтін мекемелерде шын мәнінде күрес жүргізу бағытында қою керек, бұл күрестің нәтижелері мен сабақтарын хабарлап отыру бағытында қою керек.

## ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Қорытынды сөзінде Ленин жолдас өзінің «оппоненттеріне» біршама қатаң түрде былай деп көрсетті: мұндай дәлелсіз сын, тіпті бірде-бір факт келтірместен Орталық Комитетке бұлайша беталды кінә тағу, тіпті мамандардың да есімдерін сапырылыстырып, олардың кім екенін білуге әрекеттенбестен, бәрін де «буржуазияшылдар» деп бір жерге үйіп-төгу коммунистерге лайық емес. Ленин жолдас мамандармен бірлесіп жұмыс істеу арқылы өздерін көрсете білген, мамандармен тиісті қарым-қатынастарда болып, олардан өзіне керектісін ала білген көптеген жұмысшылардың фамилияларын атап өтті. Мұндай жұмысшылар мамандар жөнінде шағым айтпайды, қайта өздерін жұмыста көрсете алмағандар ғана күңкілдесіп жүр. Мәселен, Шляпников жолдасты алайық (өзін «жұмысшы оппозициясының»[43] мүшесі етіп көрсеткен оппоненттердің бірі), ол, Ленин жолдас айтқандай, «қайткенде де алауыздық таппай қоймауға» бар күшін салып жүр, біз шаруалар алдында борыштымыз деген Ленин жолдастың баяндамасында айтылған пікірге қарсы шығып, «бұл арада оппозиция Ленин жолдасқа қосылмайды» дегенді айтып отыр. Немесе нақ сол Шляпников өз жұмысының сәтсіздігін қасарысып көргісі келмейді, ал Архангельскіге баруын қалайда Орталық Комитет тарапынан жер аударушылық деп көрсетпек болады. Немесе Бубнов жолдасты алайық, ол бюрократизммен күресу туралы соншама көп сөйледі, бірақ еш болмағанда өзіне қарасты Тоқыма кәсіпорындары бас басқармасында бюрократизмге қарсы қалай күресіп отырғандығы туралы дәнеңе айтпады, ал ондағы бюрократизм басқа мекемелердегіден кем емес, қайта, бәлкім, көбірек шығар. Сондықтан сіздер осындай сынды, мазмұнсыз сынды, сынау үшін сынаушылықты естігенде,— деп сақтандырды Владимир Ильич Замоскворечьедегі жолдастарды,— сақ болыңыздар, мүмкін, бір нәрсе сынаушы жолдастың намысына тиген болар, мүмкін, оның өзі бір нәрсеге шамданған немесе ызаланған болар, сол жағын қарап көріңіздер; міне осындай жағдай оны

жөн-жосықсыз оппозицияға итермелеуі мүмкін, оппозицияға бола оппозиция туғызуға итермелеуі мүмкін.

Сөзінің қорытындысында Ленин жолдас өзіне берілген запискаларға жауап қайтарып, концессиялар туралы мәселеге толығырақ тоқталды.

*«Правда» № 273,*
*4 декабрь, 1920 ж.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ТӨТЕ САЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[44]

§ 1. 1) 1 аптаның ішінде мына мәселені қосымша қарау комиссияға тапсырылсын:

біріншіден, Петроград пен Москва губерниялары бойынша да, сондай-ақ, мүмкіндігінше, басқа губерниялар бойынша да *жергілікті* ақша салықтарын жою мүмкіндігі туралы және бұл салықтар жөнінде дәл мәліметтер жинастыру;

екіншіден, ақша салықтарын жоюды да, сондай-ақ азық-түлік салымын заттай салыққа айналдыруды да бір мезгілде әзірлеп, жүзеге асыру қажеттігі туралы.

§ 2. 2) 1-параграфта қозғалған барлық мәселелер жөнінде Советтер съезіне керекті мәліметтер мен материалдарды барлық жергілікті атқару комитеттерінен талап етуді Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумынан өтіну Ішкі істер халық комиссариатына тапсырылсын.

§ 3. 3) 1-параграфта көрсетілген мәселелер жөнінде, комиссияның шешіміне қарай, Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын Халық Комиссарлары Советіне енгізу Финанс халық комиссариатына тапсырылсын.

*1920 ж. 30 ноябрьде жазылған*

*Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОМИССИЯСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[45]

РСФСР-дің сыртқы және ішкі жағдайының жақсаруына байланысты, Еңбек және Қорғаныс Советі жұмыстарының негізгі салмағын осы кезге дейінгі болып келгендегіден гөрі көп мөлшерде шаруашылық құрылысының міндеттеріне аудару қажет деп санай отырып,

Халық Комиссарлары Советі төмендегі шараларды заңдандыруды Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінен сұрайды:

а) 1. Еңбек және Қорғаныс Советі егіншілік халық комиссарымен толықтырылсын.

өзгертілді

2. Еңбек және Қорғаныс Советіне оз мәжілістерін әдеттегі және арнайы шаруашылық мәжілістері етіп бөліп жүргізуді талқылау тапсырылсын*.

в) 3. Еңбек және Қорғаныс Советі ведомствосының шеңберлері кеңейтіліп, бұл шеңберлерге мыналар енгізілсін:

1) (а) экономикалық халық комиссариаттарының бүкіл жұмысын біріктіру;

2) (б) РСФСР-дің бірыңғай шаруашылық жоспарын бекітіп, жүзеге асыру;

3) (в) экономикалық халық комиссариаттарының жұмысын осы жоспарға сәйкес бағыттап отыру, сондай-ақ қажет болған реттерде

---

* В. И. Ленин қолжазбада 2-пунктті сызып тастаған. *Ред.*

бұл жоспардан шығарып тасталатын жұмыстарды белгілеу.

Өз жобасының 6-параграфын (оның ақтық түрінде) егжей-тегжейлі талдап жасау және экономикалық халық комиссариаттарының жұмысын біріктіруші қазіргі бар комиссиялардың 6-параграфта көрсетілген барлық «арнаулы комиссиялармен» арақатынасын және байланысын дәл баяндап жазу кіші комиссияға тапсырылсын.

*1920 ж. 1 декабрьде жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# АРМЕНИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ӘСКЕРИ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІНЕ ТЕЛЕГРАММА[46]

Эривань. Арменияның Революциялық әскери комитетінің председателі Касьян жолдасқа

Империализмнің езгісінен азат етілген еңбекші Советтік Арменияны сіз арқылы құттықтаймын. Армения, Түркия, Азербайжан еңбекшілері арасында туысқандық ынтымақ орнату үшін сіздердің барлық күш-жігерді жұмсайтындарыңызға күмәнданбаймын.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

*Ленин*

Москва, 2 декабрь, 1920 ж.

*«Правда» № 273,
4 декабрь, 1920 ж.*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# РКП(б) МОСКВА ҰЙЫМЫ АКТИВІНІҢ ЖИНАЛЫСЫ

*6 ДЕКАБРЬ, 1920 ж.*

## 1
## КОНЦЕССИЯЛАР ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Жолдастар, концессиялар туралы мәселенің орасан зор ынта туғызып отырғандығына мен, шынын айтсам, таңдансам да, мейлінше сүйсіне қараймын. Тұс-тұстан айқайлар естіледі және бұлар, көбінесе, төменнен шығып отыр. Бұл қалай болғаны деп сұрайды: өз қанаушыларымызды қуып шығып, енді бөтен қанаушыларды шақырып отырғанымыз ба?

Бұл айқайлардың мені неліктен сүйсіндіретіні түсінікті. Тегінде, егер бұрынғы капиталистерді кері қайтарып жүрмесін деп қауіптенген айқай төменнен шығып отырған болса, егер бұл айқай оныншы дәрежедегі бір акт болып табылатын концессиялар туралы декрет жөнінде шығып отырса, онда капитализмнің қаншалықты қауіпті екендігін және оған қарсы күресті жете бағаламаушылықтың қаупі қаншалықты зор екендігін ұғынушылық әлі де өте-мөте күшті болғаны ғой. Бұл, әрине, өте тамаша, менің жоғарыда айтқанымдай, қауіптену төменнен шығып отырғандықтан да, бұл ғажап нәрсе. Ал декретке келетін болсақ, бұл декреттің мәселелердің айқын түсінігін бермегендігін председатель жолдас көрсетіп өтгенді. Ал бұл шынында да солай, бірақ істің мәні мынада: мәселелерді айқындау декреттің міндеті болған жоқ. Оның міндеті шетелдік капиталист мырзаларды қызықтыру болды. Сондықтан да, оларды қызықтырғың келгенде партия жиналысында сөйлеп тұрғаныңдай сөйлемейтінің түсінікті. «Правда» болса нақ басуға болмайтын нәрсені басып шығарды. Партия жиналысында

мен Халық Комиссарлары Советінің председателі болып қала алмаймын ғой және шетел капиталистерімен сөйлескендей сөйлей алмаймын ғой. Партия жиналыстарында шетел капиталистері есітуге тиісті емес нәрселер айтылады. «Правда» тек партия мүшелері үшін ғана басылмайды, шетелдерге де арналып басылады. Менің сөзім жайындағы хабарды[47] теріске шығарып мақала басқан Степанов жолдасқа мен өте-мөте алғыс айтамын. Бұдан былай мені мұндай жағдайға душар етпеу үшін мен партия жиналыстарында айтылғандарды газетке баспауды өтінемін, ал баса қалған күнде, үш дүркін цензурадан өткізіп алып басу керек және ол сөзді шетел капиталистеріне нені айтуға болатынын және нені болмайтынын жақсы түсінетін адамның редакциялауы керек. Міне осы шағын кіріспеден кейін мен істің шын мәнісіне — концессиялар туралы мәселеге көшемін. Баяндауды саяси тұрғыдағы пікірлерден бастаймын.

Саяси пікір тұрғысынан қарағанда, концессиялар туралы мәселедегі негізгі нәрсе,— ал мұнда саяси да, экономикалық та пікірлер бар,— саяси пікір тұрғысынан қарағанда, концессиялар туралы мәселедегі негізгі нәрсе мына қағида болып табылады: біз бұл қағиданы теориялық жағынан ғана ұғынып қоймай, практика жүзінде де қолданып келдік және социализм бүкіл дүние жүзінде түпкілікті жеңгенге дейін біз үшін ұзақ уақыт негізгі қағида болып табылады, атап айтқанда: екі империализмнің арасындағы, капиталистік мемлекеттердің екі тобы арасындағы қарама-қарсылықтар мен қайшылықтарды, ол мемлекеттерді біріне-бірін айдап сала отырып, пайдалану керек. Біз әзірге бүкіл дүние жүзін түгел жеңіп алмай тұрғанда, біз әзірге экономикалық және әскери тұрғыдан басқа капиталистік дүниеден әлсіздеу болып отырғанда, әзірге империалистер арасындағы қайшылықтар мен қарама-қарсылықтарды пайдалана білу керек деген қағиданы ұстауымыз керек. Егер біз бұл қағиданы қолданбаған болсақ, онда әлдеқашан-ақ, капиталистердің айызы қанып, біз әрқайсымыз әр теректің басына асылған болар едік. Брест шартын жасасқанда, бұл жөнінде бізде негізгі тәжірибе болған-ды. Шарттардың бәрі де Брест немесе Версаль шартындай бола беруі

мүмкін деген қорытынды жасауға болмайды. Бұл дұрыс емес. Бізге тиімді үшінші бір шарттың да болуы мүмкін.

Брест бітімінің аса маңыздылығы мынада: біз империалистердің арасындағы қайшылықтарды алғаш рет аса зор көлемде және ұшы-қиыры жоқ қиыншылықтардың арасында отырып пайдалана білдік, пайдаланғанда түптеп келгенде социализм ұтып шығатындай етіп пайдалана білдік. Брест бітімі кезінде империалистік жыртқыштардың орасан күшті екі тобы: герман-австриялық топ пен ағылшын-американ-француз тобы болды. Олар жанталаса шайқасып жатты, бұл шайқас таяу уақытқа дүние жүзінің тағдырын шешуге тиіс болды. Егер біз, әскери мағынада алғанда нольге тең болып, еш нәрсеміз болмай отырғанда, ал экономикалық жағынан алғанда түгелдей күйзелістің тұңғиығына қарай құлдырап бара жатқан халде өзімізді сақтап қала алған болсақ, онда бұл кереметтің болуы бір ғана себептен еді: біз герман империализмі мен американ империализмінің арасындағы араздықты дұрыс пайдалана білдік. Біз герман империализмінің дегеніне орасан зор көлемде көндік, сөйтіп империализмнің бірінің дегеніне көне отырып, біз бірден-ақ өзімізді екі империализмнің бірдей қудалауынан арашалап қалдық. Германия экономика жағынан да, саяси жағынан да Советтік Россияны тұншықтыру ісімен айналыса алмады, бұған оның мұршасы келмеді. Біз оған Украинаны бердік; Украинадан астық пен көмірді тілегенінше алуға болатын еді, әрине, егер ала білсе, алу үшін өміршең күші болса, алуға болатын еді. Ағылшын-француз-американ империализмі бізге шабуыл жасай алмады, өйткені біз оған әуел бастан бітім жасасуды ұсындық. Қазір Америкада Робинстің қалың кітабы шыққалы жатыр, ол кітапта: біз Ленинмен және Троцкиймен келіс сөз жүргіздік және бітім жасаспақшы болып келістік дегенді айтады. Олар чехословактарға жәрдемдесіп, бұларды интервенция жасауға тартқанымен, өздері соғыспен айналысып жатқандықтан, бұған араласа алмады.

Тұңғыш социалистік республика мен неміс империализмінің екінші бір империализмге қарсы блогы тәрізді, солай сияқты болып көрінетін бір нәрсе келіп шықты.

Бірақ біз олармен ешқандай блок жасасқанымыз жоқ, социалистік өкіметті әлсірететін немесе оның беделін түсіретін шектен еш жерде шығып кеткеніміз жоқ, қайта біз екі империализмнің арасындағы араздықты пайдаландық, сөйтіп ақыр аяғында екеуі де ұтылып шықты. Германия Брест бітімінен бірнеше миллион пұт астықтан басқа еш нәрсе алған жоқ, ал оның есесіне Германияға большевиктік ықпалды таратып алды. Біз болсақ уақыт ұттық, осы уақыттың ішінде Қызыл Армия қалыптаса бастады. Тіпті Украинадағы сұрапыл күйзелістер, қиыншылықпен және ауыр шығынмен болса да, түзетуге болатын күйзелістер болып шықты. Россияда Совет өкіметі тез күйрейді деп үміт артқан жауларымыздың күткені болмай қалды. Біз тарихтың өзімізге тыныстап алу үшін берген нақ сол уақытын әскери күшпен бізді жеңе алмастай етіп нығайып алу үшін пайдаландық. Біз қарқын жағынан ұттық, аздап уақыт жағынан ұттық, мұның есесіне тек көп жер бердік. Уақыт жағынан ұту үшін жер беру керек деп жұрттың сол кезде философияға салынғандары есімде. Философтардың уақыт және кеңістік туралы теориясы дәл осы ретте практика және саясат жүзінде қолданылды; біз көп кеңістік бердік, бірақ, мұның есесіне, өзіміз нығайып алатындай уақыт ұттық. Ал осыдан кейін, барлық империалистер бізге қарсы үлкен соғыс ашпақшы болған кезде, оның мүмкін еместігі айқын болды, өйткені үлкен соғыс ашу үшін олардың қаржысы да, күштері де жоқ еді. Біз ол кезде өзіміздің түбегейлі мүдделерімізді құрбан етпедік, құрбандыққа екінші дәрежедегі нәрселерді ғана беріп, түбегейлі мүдделерімізді сақтап қалдық.

Айта кету керек, осы арада оппортунизм туралы мәселе келіп шығады. Оппортунизм дегеніміз уақытша ішінара пайданы көздеп, түбегейлі мүдделерді құрбан ету деген сөз. Егер оппортунизмнің теориялық анықтамасын алатын болсақ, оның түйіні міне осында. Бұл жөнінде талайлар шатасты. Біз нақ Брест бітімінде социализм тұрғысынан қарағанда Россияның патриоттық мағынада түсінілетін екінші дәрежедегі мүдделерін құрбан еттік; біз орасан көп құрбандықтар жасадық, бірақ қалай дегенмен де бұлар екінші дәрежедегі құрбандықтар еді.

Немістер Англияны өлердей жек көрді. Олар большевиктерді де нақ солай жек көрді, бірақ біз оларды олжаға қызықтырдық, олар қақпанға түсіп қалды. Олар: біз Наполеон сияқты оншама тереңдеп кірмейміз деп әрдайым сендіріп келді және, шынында да, олар Москваға дейін жеткен жоқ, бірақ Украинаға жетті және сонда барып сәтсіздікке ұшырады. Олар Наполеоннан көп нәрсе үйрендік деп ойлаған еді, бірақ іс жүзінде басқаша болып шықты. Ал біз болсақ өте көп жағынан ұтып шықтық.

Брест бітімінің мысалы бізге көп нәрсені үйретті. Қазіргі уақытта біз екі жаудың ортасында тұрмыз. Егер сол екі жаудың екеуін бірдей жеңе алмайтын болсақ, онда біз өз күшімізді олар әрқашанғыдай өзара төбелесіп қалатындай етіп қоя білуіміз керек, өйткені екі ұры егессе, бұдан адал адам ұтып шығады, бірақ біз бүкіл капитализмді жеңерліктей болып күшейсек болғаны, біз дереу оны жағасынан аламыз. Біздің күшіміз өсуде, өскенде аса тез өсуде. Егер Брест бітімі жөнінде бұл біз ешқашан ұмытпайтын сабақ болса және қорытындылары жағынан алғанда, қандай насихаттан болса да, қандай уағыздан болса да молырақ сабақ болып табылатын болса, енді біз аяғымыздан нық басып тұрғандықтан, осы жағынан да ұтып отырмыз. Біз империалистік мемлекеттердің қоршауында отырмыз, олар большевиктерді өлердей жек көреді, олар орасан көп қаржыларын, идеялық күштерін, баспасөз күштерін және т. б. жұмсауда, бірақ соған қарамастан, біз әскери-экономикалық жағынан өлшеусіз әлсіз болсақ та, соғыс жағынан олар бізді үш жыл ішінде жеңе алмады. Біріккен империалистік мемлекеттердегі күштің бізде жүзден бірі де жоқ, солай бола тұрса да, олар бізді тұншықтыра алмайды. Олардың бізді тұншықтыра алмайтын себебі—оларды өздерінің солдаттары тыңдамайды; олардың соғыстан қажыған жұмысшылары мен шаруалары Совет республикасымен соғыс болуып қаламайды. Қазіргі жағдай осындай, міне осы жағдайды негізге алуымыз керек. Бұл жағдайдың бірнеше жылдан кейін қандай болары белгісіз, өйткені батыс державалары жыл санап соғыстан тыныға береді.

III Интернационалдың II конгресінен бастап біз империалистік елдерде тек идеялық жағынан ғана емес,

ұйымдық жағынан да аяқты нық басып алдық. Қазіргі уақытта барлық елдерде дербес жұмыс істеп жатқан және жұмыс істей беретін ұйтқылар бар. Бұл іс істелді. Бірақ капиталистік елдердегі революцияның шапшаңдығы, даму қарқыны біздегіден әлдеқайда баяу. Халықтардың бейбітшілікке қолы жеткеннен кейін революциялық қозғалыстың сөзсіз баяулайтындығы айқын болды. Сондықтан, болашақ жөнінде бал ашпайтын болсақ, біз қазіргі уақытта бұл қарқын жедел қарқынмен ауысады деп үміт арта алмаймыз. Біздің міндетіміз — қазіргі уақытта не істеуіміз керек екендігін шешіп алуда. Адамдар мемлекет ішінде өмір сүреді, ал әрбір мемлекет, бірбірі жөнінде белгілі бір саяси тепе-теңдік жүйесінде тұрған мемлекеттер жүйесінде өмір сүреді.

Егер бүкіл жер жүзіндегі шикізат материалдарының аса бай қайнар көздерінің басым көпшілігін капиталистердің сатып алып қойғанын, немесе сатып алмаған күнде, саяси тұрғыдан басып алып қойғанын ескеретін болсақ, тепе-теңдік капиталистік негізде болып отыр екен, онымен санаса білу керек, оны пайдалана білу керек. Біз қазіргі Антантаға қарсы соғыс жүргізе алмаймыз. Біздің үгіттеу ісіміз жүзеге асырылды және тамаша жүріп жатыр, біз бұған сенеміз. Саяси тұрғыдан біз жаулардың арасындағы алауыздықтарды пайдалануға тиіспіз, онда да аса терең экономикалық себептерден туындайтын терең алауыздықтарды ғана пайдалануға тиіспіз. Егер біз ұсақ, кездейсоқ алауыздықтарды пайдаланбақшы болып көрсек, онда біз ұсақ саясатшысымақтың әрі болымсыз дипломаттың халіне ұшыраймыз. Бірақ мұнан елеулі ештеңе ұтуға болмайды. Осындайларды олжалап жүрген дипломаттар толып жатыр, олар мұны бірнеше ай олжалайды да өзіне мансап жасап алады, ал содан кейін ұшып түседі.

Қазіргі замандағы капиталистік дүниеде пайдалану керек болатын түбегейлі қарама-қарсылықтар бар ма? Негізгі үш қарама-қарсылық бар, мен соларды атап өткім келеді. Бірінші, бізге ең жақын тұрғаны, бұл — Жапония мен Американың қатынастары. Бұлардың арасында соғысқа әзірлік жүріп жатыр. Олар Тынық мұхиттың жағалауларында — бұл жағалаулардың екі арасы 3000

шақырым бола тұрса да— тыныштықпен сыйысып отыра алмайды. Бұл бақталастық олардың капитализмдерінің арасындағы қатынастардан туып отырғандығы даусыз. Болашақ жапон-американ соғысы туралы мәселеге арналған қисапсыз көп әдебиет бар. Соғыстың әзірленіп жатқандығы, оның сөзсіз болатындығы күмәнсыз. Пацифистер бұл мәселеге соқпай өтуге, мұны жалпы сөздермен бүркемелеуге тырысады, бірақ экономикалық тұрғыдан соғыстың толғағы пісіп жеткеніне, саяси тұрғыдан әзірленіп жатқандығына экономикалық қатынастар мен дипломатияның тарихын зерттеген әрбір адамның ешбір күмәны болмауға тиіс. Бұл мәселеге арналған кітаптардың қайсысын алып қарасаң да соғыстың пісіп жетілгендігін көрмей тұра алмайсың. Жер бөлініп қойылды. Жапония орасан көп отарларды басып алып отыр. Жапонияның халқы 50 миллион және де ол экономикалық тұрғыдан біршама әлсіз. Американың халқы 110 миллион, ол Жапонияға қарағанда әлденеше есе бай бола тұрса да, оның ешқандай отары жоқ. Жапония 400 миллион халқы бар және дүниедегі ең бай көмір қоры бар Қытайды басып алып отыр. Мұны қалай ұстап тұруға болады? Неғұрлым күшті капитализм неғұрлым әлсіз капитализмнің тонап алған барлық байлығын одан тартып алмайды деп ойлаудың өзі кісі күлерлік нәрсе. Істің жайы осындай болып отырғанда американдардың немқұрайды қарауына бола ма? Күшті капиталистер мен әлсіз капиталистерді қатар қалдыруға, күшті капиталистер әлсіз капиталистердің қолындағысын тартып алмайды деп ойлауға бола ма? Онда бұл капиталистер неге жарайды? Ал жағдай осылай болып отырғанда біз бұған немқұрайды қарап және коммунист болғандықтан да «біз осы елдердің ішінде коммунизмді насихаттайтын боламыз» деп қана отыра аламыз ба екен. Бұл дұрыс, бірақ мұнымен іс бітпейді. Коммунистік саясаттың практикалық міндеті — бұларды бірбіріне айдап салып, олардың арасындағы өшпенділікті пайдалану. Бұл арада жаңа жағдай келіп туады. Егер империалистік екі елді: Жапония мен Американы алсаңыздар—бұлар соғысқысы келеді, дүние жүзінде бірінші орынға ие болу үшін, тонау правосына ие болу үшін

соғысады. Жапония Кореяны бұдан былай да тонай беру үшін соғысады, ал ол Кореяны техниканың ең жаңа жетістіктерін азаптаудың таза азиялық әдістерімен біріктіретін адам айтқысыз айуандықпен тонап отыр. Біз жуырда бір корей газетін алдық, онда жапондардың не істеп жатқандығы айтылған. Онда патша өкіметінің барлық әдістерінің, техниканың барлық ең жаңа жетістіктерінің азаптаудың таза азиялық жүйесімен, адам айтқысыз айуандықпен ұштастырылғанын көреміз. Ал осындай май шелпек болып отырған Кореяны американдар тартып алғысы келеді. Әрине, мұндай соғыста отанды қорғау асқан қылмыс болады, социализмге опасыздық жасағандық болады. Бір елге қарсы екінші бір елді қолдау, әрине, коммунизмге қарсы қылмыс істегендік болады, әйтседе біздер, коммунистер, бір елді екінші елге қарсы пайдалануымыз керек. Бұлай болғанда біз коммунизмге қарсы қылмыс істеген болмаймыз ба? Жоқ, олай істеген болмаймыз, өйткені біз бір елді екінші елге қарсы пайдаланғанда коммунистік насихат жүргізуші және өзі барынша жедел түрде нығайып алу үшін жағдайдың өзі бізге сыйға тартып отырған әрбір сағатты пайдаланып қалуға мәжбүр болған социалистік мемлекет ретінде пайдаланамыз. Біз нығая бастадық, бірақ тым баяу нығайып келеміз. Америка және басқа да капиталистік елдер өздерінің экономикалық және әскери қуаты жағынан сұмдық тез өсуде. Біз өз күшімізді қаншама жинап бақсақ та, біз оларға қарағанда әлдеқайда баяу өспекпіз.

Біз қалыптасып отырған жағдайды пайдалануымыз керек: Камчатка концессиясының бүкіл мәні осында. Бізге Вандерлип келіп кетті, оның өз сөзіне сенер болсақ, ол өзі белгілі миллиардердің жамағайыны көрінеді, бірақ біздің Бүкіл россиялық төтенше комиссиядағы өте жақсы жолға қойылған контрразведка, амал не, Американың Солтүстік Штаттарын әлі қамти алмай отырғандықтан, бұл Вандерлиптердің туысқандығын әзірше өз тарапымыздан анықтап біле алғанымыз жоқ. Кейбіреулер бұлар әсте туысқан емес деседі. Менің бұл туралы төрелік айтқым келмейді: менің білетінім: мен Вандерлиптің кітапшасын оқыдым; оқығаным бізде болып

кеткен Вандерлиптің кітабы емес, әлгі жұрт барлық корольдер мен министрлер зор құрмет көрсетіп қабылдайтын шонжар деп жүргеннің кітабын оқыдым; оның осындай құрметпен қабылдануына қарағанда, оның қалтасы мейлінше қалың болуы керек, ал ол корольдермен және министрлермен, біздің жиналыс тәрізді жиналыстағы адамдардың сөйлескеніндей, емін-еркін сөйлескен және ол сабырлы пішінмен сол әңгімелерде Европаны қалай қалпына келтіру жайын сөйлеген. Егер министрлер онымен құрмет көрсете отырып сөйлескен болса, онда Вандерлиптің миллиардерлермен байланысы бар болғандығы: оның кітабы басқа еш нәрсені білмейтін, Европаны бақылай отырып: «Сірә, бұдан іс шықпас, бәрі де адыра қалатын болар» дейтін епшілдің көзқарасын көрсетеді. Бұл кітап большевизмге өшпенділікке толы. Ол іске байланысты қатынастарды қалайша жолға қою туралы да әңгімелейді. Өте тартымды кітап және үгіт мағынасында алғанда да коммунистік тұрғыдан жазылған әр түрлі кітаптардан жақсы, өйткені оның ақырғы қорытындысы мынадай: «бұл ауруды емдеп жазу үшін бізде ақша мен құрал жағы мол болғанмен, оны жаза алмаймыз-ау деп қорқамын».

Вандерлип Халық Комиссарлары Советіне хат ала келді. Бұл хат өте назар аударарлық, өйткені бұл хат американдық озбырлыққа салынып, барынша ашық, арсыз, дөрекі түрде былай дейді: «Біз 1920 жылы өте күштіміз; біздің флотымыз 1923 жылы бұдан да күшті болмақ, бірақ біздің күшімізге Жапония бөгет жасап отыр, сондықтан бізге онымен соғысуға тура келеді, ал керосинсіз және мұнайсыз соғысуға болмайды. Егер сіздер бізге Камчатканы сатсаңыздар, онда американ халқының энтузиазмы соншалық зор болатындығына өз басым кепіл боламын, сонда біз сіздерді танитын боламыз. Мартта өтетін жаңа президент сайлауында біздің партиямыз жеңіп шығады. Ал егер сіздер Камчатканы арендаға беретін болсаңыздар, онда айтып қояйын, мұндай энтузиазм болмайды»[48]. Оның хатының сөзбе-сөз дерлік мазмұны осы. Біз бұдан онсыз да кереметпін деп ойлап, бойын бірдеңемен бүркегісі келмейтін жалаң қаққан империализмді көріп отырмыз. Біз осындай хат-

ты алған кезде, өзімізге өзіміз: бұған қос қолдап жармасу керек дедік. Экономикалық жағынан алғанда, бұл айтқаны рас екендігіне Америкада республикалық партияның жеңу қарсаңында тұрғандығы дәлел. Америка тарихында алғаш рет оңтүстікте демократтарға қарсы дауыс берген адамдар табылды. Демек, империалистің экономикалық тұрғыдан дұрыс пайымдауын көріп отырғанымыз анық. Камчатка бұрынғы Россия империясының жері. Бұл рас. Ал оның қазіргі уақытта кімдікі екені белгісіз. Ол Қиыр Шығыс республикасы деп аталатын мемлекеттің меншігі тәрізді, бірақ бұл мемлекеттің шекарасының өзі дәл белгіленбеген[49]. Рас, бұл жөнінде кейбір документтер жазылып жатыр, бірақ олар, біріншіден, әлі жазылып біткен жоқ, екіншіден, әлі бекітілмеген. Қиыр Шығыста Жапония үстем болып отыр; ол онда ойына не келсе, соны істей алады. Заң жүзінде бізге қарайтын, іс жүзінде Жапония басып алған Камчатканы біз Америкаға берсек, онда біздің ұтып шығатынымыз анық. Менің саяси пайымдауымның негізі міне осы, сондықтан біз осыған сүйендік те, Америкамен қалайда шарт жасаспақшы болып бірден ұйғарымға келдік. Бұл орайда, әрине, саудаласу керек, өйткені саудаласпасақ бізді ешбір көпес сыйламайды. Сондықтан Рыков жолдас саудаласуға кірісті, сөйтіп біз шарттың жобасын жаздық. Бірақ қол қоюға келгенде, біз былай дедік: «Біздің кім екенімізді жұрттың бәрі біледі, ал сіздер кім боласыздар?» Бақсақ, Вандерлип бізге кепілдік бере алмайтын адам болып шықты, содан соң біз оған: біз қасарғыш емеспіз. Бұл тек жоба емес пе, ал бұл шарт біздің партия жеңіп шыққаннан кейін күшіне енеді деген өзіңіз ғой, ал партияңыз әлі жеңіп шыққан жоқ, сондықтан біз күте тұрамыз дедік. Сонымен іс мынадай болып шықты: біз шарттың жобасын жаздық, оған әлі қол қойылған жоқ, бұл шарт бойынша Камчатка — Сибирьдің қиыр Шығысы мен Солтүстік-Шығысындағы орасан зор территория — 60 жылға американдарға берілмекші, олар онда — жыл бойы қатынасқа ашық, көмір мен мұнай бар портта әскери гавань салуға праволы болады.

Шарттың жобасы бізді еш нәрсеге міндеттемейді, біз кез келген минутта түсініксіз жайлар бар дегенді айтып, одан бас тарта аламыз. Бұлай болған ретте біздің Вандерлиппен әңгімелескен уақытымыз бен бірнеше парақ қағазымыз ғана зая кеткен болып шығады, ал қазір біз осының өзінде де ұтып отырмыз. Біздің ұтқандығымызды көру үшін европалық хабарларды алсақ та жеткілікті. Жапониядан келіп жатқан қай хабарды алсаңыз да, онда болғалы жатқан концессия Жапонияны қатты абыржытып отырғандығы туралы айтылады. Жапония былай деп мәлімдейді: «Біз бұған төзе алмаймыз, бұл біздің мүдделерімізге нұқсан келтіреді».—Мейілдеріңіз, Американы жеңіп алыңыздар, біз оған қарсы емеспіз. Біз қазірдің өзінде Жапония мен Американы, дөрекілеу айтқанда, бір-біріне айдап салдық, сөйтіп осыдан пайда тауып отырмыз. Біз американдар жөнінде де ұтып шығып отырмыз.

Вандерлип деген кім? Оның кім екенін біз анықтап білгеніміз жоқ, бірақ капиталистік дүниеде қарапайым азамат жөнінде бүкіл жер жүзіне телеграмма жіберілмейтіндігі дәлелденген нәрсе. Ал ол бізден кетісімен-ақ, бүкіл жер жүзіне телеграмма жаудырыла бастады. Міне, сол Вандерлип тиімді концессия алдым деп таратқан, сөйтіп жер-жердің бәрінде Ленинді мақтауға кіріскен. Мұның өзі күлкілі сипаты бар нәрсе, бірақ осы күлкінің өзінде саясаттың да бір түйірі барын айта кетуіме рұқсат етіңіздер. Бізбен әңгімелерінің бәрі аяқталғаннан кейін Вандерлиптің менімен жолыққысы келді. Мен тиісті ведомстволардың өкілдерімен ақылдасып, оны қабылдау қажет болар ма екен деп сұрадым. Сонда олар: «Мейлі, әбден разы болып кетсін» деді. Вандерлип келді, осы істердің бәрі жайында әңгімелесіп отырмыз, әңгіме үстінде ол өзінің Сибирьде болғандығын, Сибирьді білетіндігін, Америка миллиардерлерінің көпшілігі сияқты, өзінің де жұмысшыдан шыққандығын және басқа осындай нәрселерді айтқанда, америкап миллиардерлері тек практикалық нәрсені бағалайтындығын, олар әр нәрсеге оны тек өз көзімен көргеннен кейін ғана баға беретіндігін айтқанда,— мен отырдым да оған былай дедім: «Сіздер, практикашыл адамдарсыз-

дар ғой, ендеше советтік системаның қандай екенін көрген соң, оны өздеріңізде енгізетін боларсыздар». Әңгіме бағдарының бұлай өзгеруіне таңданып, ол маған қарады, сөйтті де орыс тілінде (әңгіменің бәрі ағылшын тілінде болған): «Мүмкін» деді. Мен бұған таңырқап, орыс тілін қайдан білетіндігін сұрадым.—«Қалай білмеске, мен 25 жасымда Сибирь облыстарының көпшілігін салт атпен аралап шыққанмын» деді. Күлкілі жайдан Вандерлиптің тағы бір ескертпесін келтіре кетейін. Менімен қоштасарында ол: «Мен Америкаға барған соң мистер Лениннің (мистер — орысша мырза деген сөз), Ленин мырзаның мүйізі жоқ екенін айтуға тиісті боламын» деді. Мен бұл айтқанын бірден ұға алмадым, өйткені мен ағылшынша жалпы шорқақтаумын.—«Қайта айтыңызшы, сіз не дедіңіз?». Ол — қутыңдаған шал, қолымен шекесін көрсетті де: «Мүйізі жоқ» деді. Қасымызда аудармашы бар еді, ол да: «Иә, нақ солай» деді. Америкада жұрттың бәрі де менің шекемде мүйіз болуға тиіс деп ойлайды, яғни бүкіл буржуазия мені сайтанға ұқсатады. «Ал енді мен мүйізі жоқ екен деп айтуға тиісті боламын»,— деді Вандерлип. Біз зор ізетпен қоштастық. Мен екі мемлекеттің арасындағы достық қатынастардың негізінде концессия ғана жасалып қоймас, сонымен бірге бір-бірімізге экономикалық жәрдем көрсету де дұрыс қалыппен дами түсер деген үміт білдірдім. Әңгіме түгелдей осы сарында өтті. Ал осыдан кейін шетелге барып келген Вандерлиптің әңгімелері туралы телеграммалар жауа бастады. Вандерлип Ленинді Вашингтонмен және Линкольнмен теңепті. Вандерлип менің қол қойған суретімді сұраған еді. Мен оның бұл өтінішін қабыл алмадым, өйткені суретіңді бергенде «Түгенше жолдасқа» деп жазу керек қой, ал маған «Вандерлип жолдасқа» деп жазуға болмайды. Біз концессия жасасқан Вандерлипке деп жазуға да болмайды, өйткені концессия күшіне енген үкіметпен жасалынады. Қалай жазуды да білмеймін. Ал көрінеу империалиске өз портретіңді беру ағаттық болар еді. Бірақ қалай дегенмен де осындай телеграммалар келіп жатты: империалистік саясатта бұл оқиғалардың бәрінің белгілі бір ролі болғандығы осыдан-ақ айқын. Гардинг,—президент-

тікке сайланған, бірақ президенттік қызметті атқаруға келесі жылы мартта ғана кірісетін адам,— Вандерлиптің концессиялары туралы хабарлар шыққан кезде: «мен еш нәрсені білмеймін, большевиктермен қарым-қатынасым жоқ, ешқандай концессиялар жайында естіген емеспін» деп жаңағыларды ресми түрде теріске шығарды. Мұның өзі сайлау кезінде болған еді, ал сайлау кезінде большевиктермен істес болдым деп мойындаушылық, кім біледі, бәлкім, керекті дауыс алудан айыруы мүмкін ғой. Сондықтан ол мұны ресми түрде теріске шығарды. Олар бұл хабарларды большевиктерге шабуыл жасап отырған барлық газеттерге жіберді, өйткені бұл газеттердің бәрін империалистік партиялар сатып алған. Америка мен Жапония тарапынан саяси тиімділік біз үшін сөзсіз айқын болып отыр. Бұл хабардың маңыздылығы мынада: ол біздердің қандай шартпен, қандай концессиялар жасасқымыз келетіндігін нақты көрсетеді. Әрине, баспасөзде мұны айтуға болмайды. Оны тек партия жиналысында ғана айтуға болады: баспасөзде біз бұл мәмлені жасырмауға тиіспіз, ол пайдалы, бірақ бұл мәмлені жасасуға кедергі келтіретін бірде-бір сөз айтылуға тиісті емес, өйткені бұл біз үшін орасан пайдалы, ал бізге қарағанда американ империализмін де, жапон империализмін де әлсірете түседі.

Осы мәмленің бәрі империалистердің күшін бізден басқа жаққа аудару деген сөз,— әзірше империалистер большевиктерді тұншықтыру үшін қолайлы кезең қашан келер екен деп күрсініп қойып, күтіп отырғанда, біз болсақ бұл кезеңді алыстата түсеміз. Жапония Кореядағы авантюраға киліккен кезде, жапондар американдарға: «Әрине, біз большевиктерді жеңе аламыз, бірақ бұл үшін сіздер бізге не бересіздер? Қытайды ма? Біз Қытайды былай да аламыз, біз мұнда большевиктерге соққы беру үшін он мың шақырым жерге барамыз, ал американдар біздің тылымызда қалады. Жоқ, саясатты бұлай жүргізбес болар» деді. Егер қос табанды темір жол болса және транспорт жөнінде Америка көмектессе, онда жапондар бізді сол кездің өзінде-ақ бірнеше аптаның ішінде жеңетін еді. Бізді аман сақтап қалған нәрсе: Жапонияның өзі Қытайды жалмап жатты

да, тылында Америка болғандықтан, бүкіл Сибирь арқылы батысқа қарай жылжи алмады және Америка үшін өз қолымен от көсегісі келмеді.

Егер империалистік державалар соғысып жатса, бұл жағдай бізді одан да бетер аман сақтап қалған болар еді. Егер біз әрқайсысы өзімізге қарсы пышағын жалаңдатқан капиталистік ұрылар сияқты жексұрындарға төзуге мәжбүр болып отырсақ, біздің тікелей міндетіміз — бұл пышақтарды оларға бір-біріне қарсы бағыттату. Екі ұры егессе, бұдан адал адамдар ұтып шығады. Тағы бір пайда — таза саяси пайда, егер тіпті осы концессия болмаған күнде де, оның бір ғана жобасының өзі де пайдасын келтіреді. Экономикалық пайда — ол бізге өнімнің бірсыпырасын береді. Егер американдар өнімнің бір бөлегін алатын болса, мұның өзі тиімді болар еді. Камчаткада мұнай мен руданың көптігі сонша, оны біздің пайдалана алмайтынымыз анық.

Мен сіздерге өзіміз пайдалануға тиісті империалистік қайшылықтың біреуін көрсеттім, бұл—Жапония мен Американың арасындағы қайшылық; екіншісі -- Америка мен барлық басқа капиталистік дүниенің арасындағы қайшылық. «Жеңіп шыққан» капиталистік дүниенің бәрі дерлік соғыстан орасан олжа тауып шықты. Америка күшті, оған енді бәрі де борышты, оған бәрі де тәуелді, оны жек көрушілік барған сайын өрши түсуде, ол бәрін де тонап жатыр, тонағанда да өте-мөте ерекше тонап жатыр. Американың отарлары жоқ. Англия соғыстан орасан көп отарлар алып шықты, Франция да солай. Англия Америкаға өзінің тонаушылықпен алған отарларының біріне мандат ұсынды — бүгінде осындай тілде сөйлейтін болған,— бірақ Америка оны алмады. Сірә, американ көпестері басқаша пайымдайтын болса керек. Олар жұмысшылардың күйзелісі жөнінде де, көңіл-күйі жөнінде де соғыстың өте-мөте айқын роль атқаратындығын көрді де, мандатты алудан бізге пайда жоқ деген қорытындыға келді. Бірақ олардың бұл отарды басқа мемлекеттердің пайдалануына жол бермейтіндігі түсінікті. Америкаға қарсы өшпенділіктің күшейгендігін бүкіл буржуазиялық әдебиет көрсетіп отыр, ал Америкада Россиямен келісімге келуді жақтаушылар

көбейе түсуде. Колчакты тану және оны қолдау жөнінде Американың Колчакпен жасасқан шарты бар болатын, бірақ бұл жөнінде олар бір рет соғылды, тек зиянға ұшырап, масқара болды. Сонымен, біз 1923 жылы ағылшын флотынан да күшті флоты болатын, дүние жүзіндегі аса зор мемлекетті көріп отырмыз, бірақ бұл мемлекетке басқа капиталистік елдердің өшпенділігі бірден-бірге күшейе түсуде. Біз бұл жағдайды ескеруіміз керек. Америка қалған Европамен татуласа алмайды, мұның өзі тарих дәлелдеген факт. Англияның Версальдағы өкілі Кейнстің өз кітапшасында суреттегеніндей етіп Версаль шартын ешкім де жақсылап суреттеген жоқ. Кейнс осы кітапта Вильсонды және оның Версаль шартын жасауда атқарған ролін келеке қылды. Вильсон онда нағыз ақымақ болып шықты, Клемансо мен Ллойд Джордж оны дойбының тасынша айналдырды. Сонымен, мұның бәрі Американың басқа елдермен татуласа алмайтындығын көрсетеді, өйткені бұлардың арасында асқынған экономикалық араздық бар, өйткені Америка басқалардан гөрі бай.

Сондықтан концессиялар жөніндегі мәселелердің бәрін біз осы тұрғыдан қараймыз: Америка мен қалған капиталистік дүние арасындағы араздықты күшейте түсетін сәл мүмкіндіктің өзіне қос қолдап жармаса түсу керек. Америка отарлармен сөзсіз түрде қайшылықта, ал егер ол отарларды тереңірек қозғамақ болса, мұнысымен ол бізге он есе жәрдемдеседі. Отарларда ашу-ыза өрши түсуде, ал оларға тиіп кетсең болғаны, онда сен өзің тіле-тілеме, бай бол-болма,— ал бай болсаң тіпті жақсы, бірақ әйтеуір сен бізге жәрдем көрсеткен боласың, онда Вандерлип мырзалар ұшып кетеді. Міне, сондықтан да біз үшін негізгі ескеретін нәрсе осы араздық.

Ал үшінші араздық Антанта мен Германия арасында болып отыр. Германия жеңілді, Версаль шарты оны жаншып тастады, бірақ оның экономикалық мүмкіндіктері орасан зор. Экономикалық даму дәрежесі жағынан Американы дүние жүзінде бірінші ел деп санайтын болсақ, Германия—екінші ел. Мамандар электр өнеркәсібі жөнінде Германия тіпті Америкадан жоғары деседі,

ал электр өнеркәсібінің орасан зор маңызы барын өздеріңіз білесіздер. Электрдің кеңінен қолданылуы жағынан Америка жоғары тұр, бірақ техникасының жетілгендігі жағынан Германия одан жоғары. Міне осындай елге Версаль шарты таңылды, ал ол бұған төзіп отыра алмайды. Германия ең күшті, алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің бірі, ол Версаль шартына төзе алмайды, сондықтан ол, өзі империалистік ел бола тұрса да, жаншылған халде отырғандықтан, бүкіл дүние жүзілік империализмге қарсы өзіне одақтас іздеуге тиіс. Біз пайдалануға тиісті жағдай осындай. Америка мен қалған Антанта арасындағы, бүкіл Антанта мен Германия арасындағы антагонизмді күшейте түсетін нәрсенің бәрін біз концессия тұрғысынан пайдалануға тиіспіз. Сондықтан оларды қызықтыра түсуге тырысу керек, сондықтан да Милютин әкелуге уәде беріп, алып келген және қолдан-қолға таратылатын кітапшада Халық Комиссарлары Советінің декреттері басылған, бұл декреттер концессияның қазіргі объектілеріне қызықтыра түсу тұрғысынан жазылған[50]. Бұл кітапта түсініктеме жазылған карталар қосып берілген. Біз бұл кітапты барлық тілдерге аударып, Англияға қарсы Германияны әдейі тарту үшін барынша көп таратамыз, өйткені Германия үшін концессия аман қалу құралы болып табылады. Американы — Жапонияға қарсы, бүкіл Антантаны — Америкаға қарсы, бүкіл Германияны — Антантаға қарсы тарту үшін осылай істейміз.

Империалистердің барлық айла-шарғысын тұйыққа тіреп, шатыстырып отырған үш түрлі қат-қабат жағдай міне осы. Мәселенің барлық мәні міне осында. Саяси тұрғыдан қарағанда, барлық жан-тәнді салып,— немесе жан-тәнді салмай-ақ,— бәрін түгел есепке алып концессияны қолдаудың керек болатын себебі міне осыдан.

Енді мен экономикаға көшемін. Германия туралы сөз қозғағанда, біз экономикаға да таянып келген болатынбыз. Версаль бітімінен кейін Германия экономикалық жағынан өмір сүре алмайды, тек Германия ғана емес, өзінің бұрынғы көлемінде Австро-Венгрия сияқты, жеңілген елдердің бәрі де өмір сүре алмайды; Австро-Венгрияның бір бөлегі жеңген мемлекеттерге барып

қосылған болса да, Версаль шартының тұсында ол өмір сүре алмайды. Орта Европада ол — экономика және техника жағынан зор қуаты бар аса ірі бірлестік. Экономикалық тұрғыдан қарағанда бұлардың бәрі дүние жүзілік шаруашылықты қалпына келтіру үшін керек. Егер концессиялар туралы 23 ноябрьдегі декретті зер салып оқып шықсаңыздар, тағы бір рет оқып шығатын болсаңыздар, дүние жүзілік шаруашылықтың маңызын біздің баса көрсетіп отырғандығымызды және осыны әдейі істегенімізді көресіздер. Бұл талас туғызбайтын дұрыс көзқарас. Бүкіл дүние жүзілік шаруашылықты қалпына келтіру үшін орыс шикізатын пайдалану керек. Мұны пайдаланбайынша болмайды, бұл экономика жағынан дұрыс. Экономиканы зерттеуші және мәселеге барынша буржуазиялық тұрғыдан қараушы шын буржуа мұны мойындап отыр, «Бітімнің экономикалық салдары» деген кітап жазған Кейнс мұны мойындап отыр. Финанс алпауыты ретінде бүкіл Европаны аралап шыққан Вандерлип те мойындап отыр: шаруашылықты қайта қалпына келтіруге болмай қалды, себебі — бүкіл дүние жүзінде шикізат аз, өйткені оны соғыс құртып кетті. Россияға сүйену керек дейді ол. Сонымен, енді Россия бүкіл дүние жүзінің алдында: біз халықаралық шаруашылықты қалпына келтіру ісіне кірісеміз — біздің жоспарымыз міне осы деп мәлімдеп отыр. Экономика жағынан бұл дұрыс. Совет өкіметі осы уақыттың ішінде ныгайып алды және өзі ғана ныгайып қоймай, сонымен бірге бүкіл дүние жүзілік шаруашылықты қалпына келтіру жоспарын ұсынып отыр. Халықаралық шаруашылықтың электрлендіру жоспарымен байланысы ғылыми тұрғыдан дұрыс қойылған. Біз өз жоспарымызбен тек барлық жұмысшылардың тілектестігін ғана туғызып қоймай, сонымен қатар парасатты капиталистерді де сөзсіз тартамыз, бұл арада капиталистер үшін «әлгі сұмдық большевиктердің террорист», т. т. болуы есеп емес; сондықтан біздің экономикалық жоспарымыз дұрыс және де бүкіл ұсақ буржуазиялық демократия осы жоспарды оқып, біздің жағымызға қарай ауытқитын болады, өйткені империалистер қазір-ақ өзді-өзі қырқысып жатыр, ал бұл арада техниктер мен экономистер

ешбір қарсылық айта алмайтын жоспар ұсынылып отыр. Біз экономика саласына көшіп отырмыз және бүкіл дүние жүзінің алдында құрылыстың қолайлы программасын ұсынамыз, экономикалық негіздері бар перспективаларды дамытамыз және оған Россия, бұрын болып келгендегідей, барлық қалған шаруашылықтарды, басқа елдердің шаруашылықтарын, талқандайтын эгоистік орталық ретінде қарамайды, қайта ол бүкіл дүние жүзінің көзқарасы тұрғысынан шаруашылықты қалпына келтіруді ұсынады деп қарайды.

Біз мәселені антикапиталистік арнаға көшіреміз. Біз былай дейміз: біз дүние жүзін тиімді экономикалық негіздерде құру ісіне кірісеміз, ал мұның дұрыс екендігінде күмән жоқ. Егер қазіргі заманғы машиналармен шындап жұмыс істеу қолға алынса, онда ғылымның көмегімен бүкіл дүние жүзілік шаруашылықты дереу қалпына келтіруге болатындығы күмәнсыз.

Біз қожайындарға: «Капиталист мырзалар, сіздер түкке жарамайсыздар; сіздер күйзеліп жатқанда, біз құрылысты өзімізше жүргізіп жатырмыз, сондықтан, мырзалар, бізбен келісімге келетін кездеріңіз жеткен жоқ па» дегенде, біз өзінше бір өндірістік насихатты да жүзеге асырамыз. Біздің бұл ұсынысымызға бүкіл дүние жүзінің барлық капиталистері, желкесін қасып тұрып айтса да, былай деп жауап беруге тиіс: «Тегінде, уақыт жеткен сияқты, сауда шартына қол қойысалық».

Ағылшындар бір жобаны жазып, қазірдің өзінде бізге жіберіп отыр[51]. Ол жоба талқыланып жатыр, міне осы жерде бір жаңа кезең басталып отыр. Соғыста олардың тауы шағылып қалды, енді олар экономикалық салада соғысуға тиіс. Мұның өзі бізге әбден түсінікті. Біз міне — соғысып та болдық, енді бейбітшілік орнайтын шығар, сөйтіп социалистік бұзау мен капиталистік қасқыр құшақтасып қатар жүретін шығар деп ойлаған да емеспіз. Жоқ. Сіздердің экономикалық салада бізбен соғысуға тиісті болғандарыңыздың өзі зор прогресс. Біз концессияларды дүние жүзілік халық шаруашылығы тұрғысынан қарай отырып, сіздердің алдарыңызға бүкіл дүние жүзілік программа ұсынып отырмыз. Экономика жағынан алғанда бұл талассыз нәрсе. Халық шаруашы-

лығы туралы мәселе қоятын бірде-бір инженер, бірде-бір агроном мұны теріске шығара алмайды. Сондықтан көптеген капиталистер: «Россиясыз капиталистік мемлекеттердің берік системасы болмақ емес» деп отыр, бірақ біз мұндай программаны ұсынғанда бүкіл дүние жүзілік шаруашылықты басқаша жоспар бойынша құрушылар ретінде ұсынып отырмыз. Мұның насихаттық аса зор маңызы бар. Егер тіпті бізге бірде-бір концессия бермеген күнде де,— мен мұны әбден ықтимал деп санаймын,—егер тіпті концессиялар жөніндегі осыншама айқай-шудан партияның бірнеше жиналыстары мен бірнеше декрет қана шығып, бірақ бірде-бір концессия шықпаған күнде де, біз қалайда қазірдің өзінде азын-аулақ бірдеңені ұтып отырмыз. Шаруашылық құру жоспарын ұсынғанымызды айтпағанның өзінде, біз соғыстан күйзелген барлық мемлекеттерді өз жағымызға тартып отырмыз. III, Коммунистік Интернационалдың съезінде мен бүкіл дүние жүзі езілген ұлттар және үстем ұлттар болып екіге бөлінеді деген болатынмын*. Езілген ұлттар жер жүзіндегі барлық халықтың 70 процентінен кем емес. Версаль бітімі оларға тағы да жүз немесе 150 миллион адамды қосты.

Біз, шынында, қазір барлық елдердегі пролетарлардың өкілдері ретінде ғана емес, сонымен қатар езілген халықтардың өкілдері ретінде де әрекет етіп отырмыз. Жуырда Коммунистік Интернационалдың «Народы Востока»[52] деп аталатын журналы шықты. Коммунистік Интернационал шығыс халықтарына арнап мынадай ұран көтерді: «Барлық елдердің пролетарлары және езілген халықтар, бірігіңдер!». Жолдастардың біреуі: «Ұран өзгертілсін деп Атқару комитеті қашан жарлық берген еді» деп сұрады. Шынында, мен мұны есіме түсіре алмай тұрмын. «Коммунистік Манифестің» тұрғысынан қарағанда, әрине, бұл дұрыс емес, бірақ «Коммунистік Манифест» мүлдем басқа жағдайда жазылған болатын, ал осы күнгі саясат тұрғысынан қарағанда бұл дұрыс. Қарым-қатынастар шиеленісіп отыр. Бүкіл Германия дүрлігуде, бүкіл Азия дүрлігуде. Индияда рево-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 41-том, 264-бет. *Ред.*

люциялық қозғалыстың қалай өріс алып келе жатқандығын өздеріңіз оқыдыңыздар. Қытайда жапондарға қарсы өшпенділік өршіп отыр, американдарға қарсы да солай болып отыр. Германияда Антантаға деген өшпенділік сұмдық күшті, мұны герман жұмысшыларының өз капиталистеріне деген өшпенділігінің қандай екендігін көргенде ғана түсінуге болады; осының бәрі сайып келгенде Россияны жер бетіндегі барлық езілген халық бұқарасының тікелей өкілі етіп отыр; істің бет алысы Россияны өзіне тартатын орталық деп тануға халықтарды үйретіп отыр. Грузиядағы меньшевиктік газет жуырда: «Жер бетінде екі күш бар: Антанта және Советтік Россия» деп жазды. Меньшевиктер дегеніміз кімдер? Бұлар мұрнын желдің ыңғайына қарай ұстайтын адамдар. Біз халықаралық тұрғыдан алғанда әлсіз болған кезде олар: «Большевиктер жойылсын» деп айқайлады. Біз күшейе бастаған кезде олар: «Біз бейтараппыз» деп шулады. Біз жауларды тойтарған кезде, олар: «Иә, жер бетінде екі күш бар» дегенді айтып отыр.

Концессиялар туралы декретте біз бүкіл адамзаттың атынан барлық шикізатты, ол қай жерде болса да, пайдалануға сүйеніп, дүние жүзінің экономикалық күштерін қалпына келтірудің экономикалық жағынан мінсіз программасын ұсынып отырмыз. Бізге керегі — еш жерде ашаршылық болмасын. Сіздер, капиталистер, ашаршылықты жоя алмайсыздар, ал біз жоя білеміз. Біз жер жүзі халқының 70 процентінің өкілі ретінде әрекет жасап отырмыз. Бұл әсерін тигізбей қоймайды. Жоба жайындағы іс қалай болып шықса да, ол жоба экономикалық тұрғыдан даусыз нәрсе болмақ. Концессия жасала ма, жоқ па, тіпті осыған да қарамастан, оның экономикалық жағынан маңызы бар.

Менің тым ұзақ кіріспе сөз сөйлеп, концессиялардың пайдалылығын дәлелдеуіме тура келгендігін көріп отырсыздар. Әрине, концессиялар бізге өнім алу жөнінен де маңызды. Мұның дұрыстығында дау жоқ, бірақ негізгі мәні саяси қатынастарда жатыр. Советтер съезінің алдында сіздер 600 беттік том аласыздар, бұл — Россияны электрлендіру жоспары. Бұл жоспарды маңдай алды агрономдар мен инженерлер ойластырып жасады.

Шетелдік капитал мен өндіріс құрал-жабдықтарының жәрдемінсіз біз мұны жүзеге асыруды тездете алмаймыз. Ал жәрдем алу үшін төлеу керек болады. Осы уақытқа дейін біз капиталистермен соғысып келдік, ал олар бізге былай деп келді: не біз сіздерді тұншықтырамыз, не біз сіздерді 20 миллиардты төлеуге көндіреміз. Бірақ олардың бізді тұншықтыруға шамасы келмейді және біз оларға борышты да төлемейміз. Біз әзірше біршама мұрсат алып отырмыз. Біз әзірше экономикалық жәрдемге мұқтажбыз, біз сіздерге төлеуге разымыз, мәселенің қойылысы міне осылай, басқаша қойылудың қандайы болсын экономикалық жағынан негізсіз болады. Россия өнеркәсібі жағынан мықтап күйзелді және соғыстан бұрынғы жағдаймен салыстырғанда ол оннан біріне дейін құлдырады, мүмкін мұнан да төмен құлдыраған шығар. Егер осыдан үш жыл бұрын бізге: бүкіл капиталистік дүниемен үш жыл бойына соғысасыңдар десе, біз оған нанбаған болар едік. Ал қазір бізге: соғыстан бұрынғы халық байлығының оннан бірі ғана қалып отырғанда, экономиканы қалпына келтіру одан да зор қиын міндет деп айтар. Шынында да, соғысудан гөрі бұл қиынырақ. Жұмысшылар бұқарасының және помещиктерден қорғанған шаруалардың жігерленуі арқасында соғысуға болатын еді. Ал қазір помещиктерден қорғанушылық жоқ, енді шаруаларға дағдылы емес жағдайда шаруашылықты қалпына келтіру керек болып отыр. Бұл арада жеңіс—құлшыныста, тегеурінде, жан қиярлықта емес, ол күнделікті, іш пыстырарлық, ұсақ, күдуілгі жұмыста. Бұл істің анағұрлым қиын екені даусыз. Қажет болып отырған өндіріс құрал-жабдықтарын қайдан алуға болады. Американдарды тарту үшін оларға төлеу керек: олар сауданың адамдары. Ал біз немізбен төлемекпіз? Алтынмен бе? Бірақ біз алтынды шаша алмаймыз. Бізде алтын көп қалған жоқ. Біз тіпті электрлендіру программасын да алтынмен өтей алмаймыз. Программаны жасаған инженер электрлендіру программасын жүзеге асыру үшін кемінде бір миллиард және оның оннан бір бөлігіндей алтын керек деп есептеп шығарды. Ондай алтын қоры бізде жоқ. Шикізат түрінде беруге болмайды, өйткені біз өз адамдарымыз-

дың бәрін бірдей әлі тойындырғанымыз жоқ. Халық Комиссарлары Советінде итальяндарға 100 000 пұт астық беру мәселесі қойылғанда, Азық-түлік халық комиссары орнынан тұрады да, бұған қарсы болады. Біз астық тиелген әрбір поезд үшін саудаласамыз. Астықсыз сыртқы сауданы дамытуға болмайды. Ал сонда біз не беруіміз керек? Ескі-құсқыны ма? Ескі-құсқы олардың өздерінде де көп. Астықпен сауда жасасайық дегенді айтады, ал біз астық бере алмаймыз. Сондықтан біз міндетті концессиялардың көмегі арқылы шешпекпіз.

Мен келесі пунктке көшемін. Концессия жаңа қауіптер туғызады. Мен сөзімнің бас жағында айтқанымды, атап айтқанда, төменгі жақтан, жұмысшылар бұқарасының арасынан: «Капиталистерге бере көрмеңдер, олар ақылды, әккі халық» деген айқай шыққанын еске салып өтпекпін. Мұндай сөздерді естудің өзі қуанышты, өйткені бұдан капиталистермен тістесе арпалысатын орасан көп бұқараның қалай жетіліп келе жатқандығын көресің. Степанов жолдастың педагогикалық тұрғыдан ойластырып жазған мақалаларында (ең алдымен концессияларға қарсы дәлелдердің бәрін келтіріп алайын, ал одан кейін бұларды қабылдау керек дейін, бірақ кейбір оқушылар жақсы жақтары айтылған тұсына жеткенше концессиялар керек емес деген пікірге келіп, оқымай қойып жүрмесін) дұрыс айтылған пікірлер бар, бірақ оның: Англияға концессиялар бермеу керек, өйткені Локкарт келеді дегенімен мен келіспеймін. Төтенше комиссия қазіргісіндей салмақтылығы жоқ, жаңа құрылып жатқан мекеме болған кезінде біз оның тілін тапқан болатынбыз. Ал егер үш жыл соғыстан кейін біз жансыздарды ұстай білмесек, онда мұндай адамдардың мемлекетті басқару ісін қолға алып әуре болуының керегі не деуімізге тура келеді. Біз қисапсыз қиын міндеттерді шешудеміз. Мысалы, қазір Қырымда 300 000 буржуазия бар. Бұлар—келешекте жалдаптықтың, шпиондықтың, капиталистерге әр алуан көмек көрсетудің ұясы. Бірақ біз олардан қорықпаймыз. Біз оларды қолға аламыз, жер-жерге бытыратып бөлеміз, өзімізге бағындырамыз, қайта тәрбиелеп шығарамыз дейміз.

Міне осыдан соң келіп белгілі бір концессияларда болатын шетелдіктер бізге қауіпті деу, немесе біз оларды бақылай алмаймыз деу кісі күлерлік нәрсе болар еді. Бұлай болған күнде босқа әуре-сарсаң болудың керегі жоқ еді, мемлекетті басқару ісін қолға алып та қажеті жоқ еді. Бұл арада таза ұйымдастырушылық міндет тұр, оған көп тоқталып жатудың қажеті де болмас.

Бірақ, әрине, концессиялар дегеніміз кәдімгі бейбітшілік деп ойлау асқан қате болар еді. Тіпті де олай емес. Концессиялар дегеніміз — соғыстың жаңа түрі, одан басқа ештеңе де емес. Европа бізбен соғысып келген еді, енді ол соғыс жаңа арнаға ауысып отыр. Бұрып соғыс империалистер шексіз күшті болған салада, әскери салада жүрді. Олардың және біздің қолымыздағы зеңбіректердің, пулеметтердің санын және біздің үкіметіміз бен олардың үкіметі мобилизациялай алатын солдаттардың санын есептейтін болсақ,— біз екі аптаның ішінде-ақ сөзсіз жанышталып тасталуға тиіс болар едік. Әйтсе де, біз бұл салада төтеп бердік, енді біз онан әрі соғыспақпыз, экономикалық соғысқа көшіп отырмыз. Бізде концессиялық үлеспен қатар, концессиялық аймақпен қатар біздің аймақ болмақшы, содан соң тағы да олардың аймағы болмақшы деп айқын айтылып отыр; біз өз кәсіпорнымызды олардың кәсіпорнының іргесіне орнатамыз да, олардан кәсіпорындарды үлгілі жолға қоюды үйренеміз. Егер біз мұны істей алмасақ, онда ешбір нәрсе жөнінде сөз қозғаудың керегі болмайды. Қазіргі кезеңде техниканың ең соңғы жетістіктері бойынша жабдықтау—оңай міндет емес, сондықтан бұған үйрену керек, практика жүзінде үйрену керек, өйткені ешқандай мектеп арқылы, университет арқылы, курс арқылы мұны үйренуге болмайды, сондықтан да біз концессияларды шахмат тәртібімен береміз: осында келіп, осы жердің өзінде үйреніңдер дейміз.

Экономикалық жағынан концессиялардан біздің табатын пайдамыз аса зор. Әрине, олар поселкелер сала отырып, өздерімен бірге капиталистік әдеттерді ала келеді, шаруаларды аздырады. Біз мұны қадағалап отыруымыз керек, қадам басқан сайын өзіміздің коммунистік ықпалымызды қарсы қойып отыруымыз керек.

Бұл да өзінше бір соғыс, екі әдістің, екі формацияның, екі шаруашылықтың — коммунистік шаруашылық пен капиталистік шаруашылықтың соғыс тұрғысындағы жарысы болмақ. Біз өзіміздің олардан күшті екендігімізді дәлелдейміз. Бізге былай дейді: «Ал, жарайды, сіздер сыртқы майданда төтеп бере алдыңыздар, енді құрылысты қолға алып көріңіздер, кәне, осыны істеңіздерші, кім жеңер екен, сонда көрелік...». Әрине, бұл қиын міндет, бірақ біз: «Социализмнің өнегелік күші бар» деп айтып келдік және айтып та отырмыз. Күштеу өз өкіметін қайтадан орнатқысы келетіндерге қолданылады. Бірақ күштеудің мәні осымен бітеді, ал одан арғы жерде ықпал мен өнеге бел алады. Коммунизмнің маңызын практикалық тұрғыдан, үлгі арқылы көрсету керек. Біздің машиналарымыз жоқ, соғыс бізді күйзелтіп кетті, соғыс Россияның экономикалық ресурстарын сарқып кетті, бірақ біз сонда да бұл жарыстан қорықпаймыз, өйткені бұл бізге барлық жағынан да пайдалы болады.

Мұның өзі де соғыс, мұндай соғыс кезінде де титтей жеңілдік жасауға болмайды. Бұл соғыс бізге барлық жағынан да тиімді, бейбітшіліктің кейбір жанама кепілдігі барын айтпағанның өзінде, бізге ескі соғыстан осы жаңа соғысқа көшудің өзі тиімді. Мен өткен бір жиналыста,—бұл жөнінде «Правдада» өте сәтсіз хабар берілді,— мен қазір біздің соғыс жағдайынан бейбітшілік жағдайына көшкендігімізді, бірақ біз соғыстың қайта оралатындығын ұмытпағанымызды айтқан едім*. Әзірше капитализм мен социализм қалып отырғанда, бұлар бейбіт өмір сүре алмайды: түбінде екеуінің бірсуі жеңіп шығады; не Совет республикасының, не дүние жүзілік капитализмнің жаназасы шығарылмақ. Мұның өзі — соғыстың кешеуілдетілуі ғана. Капиталистер соғыс ашуға сылтау іздейтін болады. Егер олар концессиялар туралы ұсынысты қабылдап, оған келісетін болса, онда оларға қиынырақ болады. Бір жағынан, соғыс бола қалған күнде біз неғұрлым қолайлы жағдайда боламыз; екінші жағынан, соғысқысы келетіндер концессия-

* Қараңыз: осы том, 48-бет. *Ред.*

ға бармайды. Концессиялардың болуы — соғысқа қарсы экономикалық және саяси дәлел. Бізбен соғыса алатын мемлекеттер концессиялар алатын болса бізбен соғыса алмайды, бұл олардың қолын байлайды. Біздің бұл байланысты бағалайтынымыз соншалық, біз ақы төлеуден қорықпайтын боламыз, оның үстіне біз өзіміз дамыта алмайтын өндіргіш қаржының есебінен төлейміз. Камчатка үшін біз 100 000 пұт мұнай төлейміз, одан өзімізге 2 процентін алып, мұнаймен төлейміз. Егер төлемесек, біз 2 пұтты да ала алмаймыз. Мұның өзі өсімқорлық баға, ол рас, бірақ әзірге капитализм өмір сүріп тұрғанда, одан жөнді баға күте алмайсың. Бірақ пайданың бары күмәнсыз. Капитализм мен большевизмнің қақтығысу қаупі тұрғысынан қарағанда, концессиялар дегеніміз — соғыстың жалғасы, бірақ басқа арнадағы жалғасы екендігін айту керек. Дұшпанның әрбір қадамын аңдып отыруға тура келеді. Басқарудың, бақылаудың, әсер етудің, ықпал жүргізудің барлық амалдарын қолдану керек болады. Мұның өзі де сол баз-баяғы соғыс. Біз бұдан үлкенірек соғыста шайқастық, ал бұл соғысқа халықты ол соғыстағыдан да көбірек жұмылдырамыз. Еңбек етуші әрбір адам бұл соғысқа түгел жұмылдырылатын болады; оларға былай деп түсіндіріледі: «Егер капитализм бірдеңе істеп жатқан болса, онда сіздер, жұмысшылар мен шаруалар, капиталистерді құлатқаннан кейін олардан кем істемейтін болуға тиістісіздер. Үйреніңіздер»,— делінеді.

Совет өкіметінің капиталистерді қуып жетіп, басып озатындығына және біздің ұтысымыз тек таза экономикалық ұтыс қана болып қоймайтындығына мен сенімдімін. Біз мардымсыз осы екі процентті аламыз — бұл өте аз, бірақ қалай дегенмен де бірдеңе бар. Оның үстіне біз сабақ аламыз, үйренеміз: практикалық білім болмаса бірде-бір мектеп, бірде-бір университет түкке тұрмайды. Біз концессияға көбіне-көп шеткері аймақтарды береміз, мұны сіздер кітапшаға қосымша ретіндегі картадан көресіздер, картаны Милютин жолдас көрсетеді. Европалық Россияның солтүстігіндегі ормандар — 70 миллион десятина. 17 миллион десятинадайы концессияға арналып отыр. Біздің орман шаруашылықтарымыз

шахмат тәртібімен межеленген: ормандар — Батыс Сибирьде, қиыр солтүстікте. Біз елтеңемізден айрылмаймыз. Басты кәсіпорындар — Батыс Сибирьде, ал оның байлығы ұшан-теңіз. Біз он жылдың ішінде оның жүзден бір бөлігінің өзін іске ұқсата алмаймыз. Біз шетелдік капиталистерге бір рудникті беріп, олардың көмегімен біз өз рудниктерімізді пайдалануға мүмкіндік аламыз. Концессиялар бергенде, біз тиісті орындарды өзіміз таңдаймыз.

Қадағалау тұрғысынан алғанда концессияларды қалай жолға қоюға болады? Олар біздің шаруаларға, біздің бұқараға іріткі салуға әрекет жасап бағады. Шаруа, ұсақ қожайынсымақ ретінде, өзінің табиғатынан еркін саудаға бейім тұрады, ал біз еркін сауданы қылмыс деп санаймыз. Мұның өзі — мемлекеттік күрестің ісі. Міне нақ осы арада біз шаруашылықты жүргізудің екі әдісін — социалистік әдіс пен капиталистік әдісті қарама-қарсы қоюға тиістіміз. Мұның өзі де соғыс, біз нақ осында үзілді-кесілді соққы беруге тиіспіз. Бізде егіннің шығымы өте нашар, жемшөп жоқ, малдың өлім-жітімі орасан көп, ал соның өзінде орасан көп жер өңделмей жатыр. Барлық күшті жұмсап, егістік жерге тұқымды мүмкіндігінше толық себу және ауыл шаруашылығын жақсарту үшін таяу күндерде декрет шығарылмақшы[53].

Содан соң, бізде бір миллион десятина тың жер бар, біз бұл тыңды көтере алмаймыз, өйткені бізде жұмыс көлігі жоқ, қажетті құрал-саймандар жоқ; ал бұл жерді трактормен қалаған тереңдікте жыртуға болар еді. Сондықтан бізге бұл жерді арендаға беру тиімді. Егер біз тіпті өнімнің жартысын берсек, тіпті төрттен үшін берсек, соның өзінде де біз ұтып шығамыз. Міне, біздің ісімізге бағыт беріп отырған саясат осы, оның үстіне мен былай деп айта аламын: тек экономикалық пікірлер мен дүние жүзілік шаруашылықтың конъюнктурасы ғана емес, сонымен қатар терең саяси пікірлер де іс-әрекеттің негізі болуға тиіс. Іске басқаша кірісудің қандайы болсын тар өрістілік болып шығады. Егер мәселе концессиялардың экономикалық жағынан тиімділігі немесе тиімсіздігі туралы қойылып отырған болса, онда

оның экономикалық жағынан тиімді екендігі даусыз. Концессиялар болмайынша біз өзіміздің программамызды және елді электрлендіру ісін орындай алмаймыз; мұнсыз шаруашылығымызды он жыл ішінде де қалпына келтіру мүмкін емес, ал шаруашылығымызды қалпына келтіріп алғаннан кейін біз капиталдан жеңілмейтін боламыз. Концессия дегеніміз — капитализммен бітімге келу емес, соғысты жаңа арнада жүргізу. Қару-жарақ пен танктер қолданылып жүргізілетін соғыс экономикалық соғыспен ауыстырылып отыр. Рас, бұл соғыста да жаңа қиыншылықтар, жаңа қауіп-қатерлер бар. Бірақ біз мұнан аман шығамыз деп сенемін. Концессиялар жөніндегі мәселені осылайша қойғанда, концессиялардың қажеттігіне біздің партиядағы жолдастардың аса зор көпшілігінің көзін оп-оңай жеткіземіз деп сенемін, ал әлгі мен айтып кеткен ішкі түйсіну бойынша үрейленушілік пайдалы әрі орынды үрейлену, біз мұны қозғаушы күшке айналдырамыз, бұл күш алда тұрған экономикалық соғыста бізді неғұрлым тез жеңіске жеткізетін болады.

*Газет есебі 1920 ж.*
*7 декабрьде «Красная Газетаның»*
*275-номерінде басылған*

*Бірінші рет 1923 ж.*
*Н. Лениннің (В. Ульяновтың)*
*Шығармалары жинағында толық*
*басылған, XVII том*

*Стенограмма бойынша*
*басылып отыр*

2

# КОНЦЕССИЯЛАР ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар! Маған берілген запискалардың көптігі сондай, мен олардың бәріне бірдей жауап бере алмаймын. Екінші жағынан, дәлелдердің көпшілігі айтыс кезінде-ақ қабылданбай тасталған, сондықтан мен әуелі «Концессиялар туралы» деген кітапша жөнінде ескертпелерімді айтпақпын. Толығырақ тоқталайын. Ломов жолдастың бір жарым беттік алғы сөзі мәселені өтемөте қысқа баяндайды. Одан соң 23 ноябрьдегі декреттің өзі келеді, онда дүние жүзілік шаруашылықтың мүдделері туралы пікір баяндалған. «Россияның өндіргіш күштерін, ал сонымен бірге бүкіл дүние жүзілік шаруашылықты да қалпына келтіру процесін шетелдік мемлекеттік және коммуналдық мекемелерді, жеке меншіктегі кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды, кооперативтерді және басқа мемлекеттердің жұмысшы ұйымдарын Россияның табиғат байлықтарын өндіру және өңдеу ісіне тарту жолымен еселеп тездетуге болады». Әрине, мұның тек насихаттық мағызы бар, бірақ экономикалық жағынан оның маңызы даусыз. Дүние жүзілік шаруашылықты қалпына келтіру керек. Капитализм осылайша қимыл жасап отыр, біз де осыны ұсынамыз, бірақ әзірге дүние жүзілік шаруашылық капиталистік шаруашылық болып қалып отыр.

Біз шетелдіктерді қызықтырғымыз келді. Сондықтан декреттің соңында шарттар тізіп көрсетілген:

Бірінші пункт: «Шетелге тасып әкету правосымен қоса өнімнің шартта келісілген үлесі мөлшерінде кон-

цессионерге сыйлық берілетін болады». Мұнысыз олар келіспейді. Үлестің мөлшері қандай екені айтылмаған. Бұл арада осы үлес үшін тартыс болады, саудаласып, тартысатын боламыз, сөйтіп біздердің әрқайсымыз өзіміздің не ұтатынымызды есептей бастаймыз. Осында жолдастар қырағы болу керек деді, бұл өте дұрыс.

Екінші пункт: «Ерекше техникалық жетілдірілулер көп мөлшерде қолданылған ретте концессионерге сауда жөнінен артықшылықтар (атап айтқанда: машиналар дайындауда, ірі заказдарға, т. б. арнаулы шарттар жасасуда) берілетін болады». Сауда жөнінен артықшылық беру дегеніміз не? Әлендей бір фирмамен біріншi болып шарт жасасамыз, басқасымен жасаспаймыз. Ал егер фирма концессиялар алса, біз одан бұл концессияларды сатып алуымызға болады, бәлкім, біз оған бағасынан артық төлерміз. Бірақ ең бастысы — бізге машиналар беретін болсын. Меніңше, бұл ойымыз жетерліктей айқын сияқты, сондықтан тағы да насихат элементтерін қолдап отыратын боламыз.

Үшінші пункт: «Концессияның сипаты мен жағдайларына қарай, тәуекелге барғаны және концессияға техникалық құралдар жұмсағаны ескеріліп, концессионерге шығынының есесін толық қайтарып алуын қамтамасыз ету үшін концессияның мерзімі ұзартылатын болады». Бұл арада әңгіме концессиялар мерзімінің ұзақтығы туралы болып отыр. Бұл мүлде белгісіз мерзім, біз Камчатканы басқа шарттармен бере алмадық және Федотов пен Скворцов жолдастардың мұны ерекше концессия деуі дұрыс, біз оны үлкен саяси мақсат көздеп беріп отырмыз. Концессияларды осындай шарттармен бере отырып — біз өзімізге керек емес нәрсені ықыласпен сыйға тартамыз және бұл шығын бізге экономика жағынан да, саяси жағынан да қымбатқа түспейді.

Төртінші пункт: «РСФСР үкіметі концессионердің кәсіпорынға жұмсаған мүлкі национализациялауға да, конфискелеуге де, реквизициялауға да ұшырамайды деп кепілдік береді». Ал бізге сот қалатынын сіздер ұмытпаған боларсыздар? Бұл өзіміз өте мүдделі болып, әбден ойластырылған сөз. Әуелі біздің бұл туралы айтқымыз келген еді, содан соң әрі ойланып, бері ойланып,

ең жақсысы үндемеуге ұйғардық. Сөз—күміс, үндемеу—алтын. Конфискелеу де, реквизициялау да болмайды, ал сот қалады және сот біздікі, менің білуімше, бізде сотты Советтер сайлап қояды. Менің пікірімді білмек болсаңыздар, онда мен жалпы алғанда бізде сот нашар деп оншалық еңсем түсіп отырған жоқ. Сондықтан біз оны пайдаланамыз да.

Бесінші пункт: «Концессионерге еңбек туралы заңдар кодексін немесе жұмысшылар мен қызметшілердің өмірі мен денсаулығын қорғайтын нақты еңбек жағдайларын сақтауға кепілдік беретін арнайы шартты орындай отырып, РСФСР-дегі өз кәсіпорындарына жұмысшылар мен қызметшілер жалдауға право беріледі». Бұл арада сақтық жасайтын ештеме жоқ. Ал егер жұмысшылар стачка жасайтын болса және ол стачка орынды болатын болса, біз онда стачкашыларды құпия түрде қолдай аламыз. Капиталистер не деп қорқытады? «Көшеге шығарып тастаймыз, ашығатын боласың» деп қорқыта ма. Онда оларға, бәлкім, бір жерден паек те келіп қалар, бұл өз қолымызда емес пе. Біз оларға мұны бере аламыз және беретін боламыз. Ал егер стачка орынсыз, негізсіз болса, оларды Советке шақырып алып, моншаға түскендей етіп жақсылап сынап алу керек. Мына бір жерінде арнаулы шарт бар деп жазылыпты, бұл өте сақтықпен айтылған. Бірақ Камчатка жөнінде мұны ерекшелік ретінде қолдануға тура келеді, өйткені онда біз ешқандай совет органдарын құра алмаймыз. Сондықтан бұл арада Вандерлип арнаулы шарт жасасалық деп айтуға тиіс еді. Бірақ біз Камчатка жөнінде әлі өз заңдарымызды да қолданып көргеніміз жоқ.

Алтыншы пункт: «РСФСР үкіметі концессиялық шарттың ережелерін үкіметтің қандай болсын бір жарлықтарымен немесе декреттерімен біржақты өзгертуге жол берілмейтіндігі жөнінде концессионерге кепілдік береді». Біз шарттың ережелерін біржақты өзгертпейміз, өйткені онда бұған ешкім көнбейді. Демек, қандай да бір делдалдар керек. Кімдерден? Бейтарап мемлекеттердің бәрі капиталистік мемлекеттер. Жұмысшы ұйымдарынан ба? Мүмкін, меньшевиктік жұмысшы ұйымдарын

шақыруға тура келер. Батыс Европада олар көп қой. Мүмкін, меньшевиктер кезекпен — жұп күні — большевиктерді жақтап, ал тақ күні — капиталистерді жақтап шешетін болар. Ал егер түсініспесек ше, онда шартты бұзуға болады. Міне осы қауіп қалып отыр, бірақ егер шарт — мүліктік шарт болса, бұған тыйым салынбайды. Халықаралық правоның негізгі принциптері тұрғысынан алғанда бұл жекелеген адамдармен жасасқан шарт, сондықтан сен оны бұза аласың, бірақ құнып өтеу керек. Егер сен оны бұзған екенсің — құнын өте. Халықаралық право практикасында мынадай жағдайлар болған: соғыс кезінде қателесіп бөтен елдің кемесін суға батырады. Бұл жаудың кемесі екен деп ойласа, бейтарап кеме болып шығады. Енді не істеуге болады? Құнып өтеу керек. Мұнда да солай, ең болмағанда құнын өтеп құтылуға болады. Соғыстан шығу мүмкіндігі деген-мен қалады. Соғыс, әрине, сайып келгенде негізгі басты дәлел. Әрине, әзірге капиталистер дүниеде бар болып отырғанда, сенің социалистік мемлекетің бар екен, соғысқа әзір болуың керек. Бұдан әрі, міне, біз қазірдің өзінде мазасызданып отырмыз, ал ешкім әлі концессиялар алған жоқ. Кейбір жолдастар: «Міне, тықыр басталды, енді жұрттың бәрі бізге қарай топырлайтын болады» дегенде, мен, мүмкін, мұны әлі ешкім тілемес те деп қайталап айтамын.

Бірінші бөлім: «Батыс Сибирьдегі орман концессиялары». Солтүстік теңіз жолы ашылды, біздің ағашты тасып шығаруымызға болады, бірақ біздің флотымыз жоқ. Жолдастардың бірі шахмат тәртібімен 6000 десятина алғысы келетін өкілдер келді деп хабарлады, Солтүстікке арналған кітапша былай дейді: егер Петроградтың басы артық электр станцияларын алатын болсақ, онда біз бұларды солтүстік аудандардан ағаш тасып шығаруға бере аламыз және өзіміз жылына 500 мың алтын валюта алатындай етіп өндірісті өрістетуге болады. Ал бүкіл электрлендіру ісі мемлекеттік комиссияның есебі бойынша бір миллиард және оның оннан бірі мөлшеріндей тұрады. Біз мұны істей аламыз ба — бұл белгісіз. Бірақ концессиялар бұл міндетті жеңілдетеді. Концессияларды жетіскендіктен ұсынбайсың, бірақ ашаршы-

лық тұрмыс жағдайында, халықтың тыныс алуы үшін түрлі әрекет жасау керек болып отырғанда, басқаша пайымдауға тура келеді.

Үшінші бөлім: «Сибирьдегі кен концессиялары». Сибирьде мыс байлығы ұшан-теңіз. Мыс дүние жүзілік шаруашылықта керемет бағаланады және электрлендіру жағдайында ең басты металдардың бірінен саналады. Біз концессия ұсынып отырмыз, бірақ оны кімнің алатынын білмейміз. Америка ала ма әлде немістер ала ма. Америка, егер біз алмасақ, Германия алады деп ойлайтын болады.

Біз электрлендіруді жүзеге асырсақ, экономикалық жағынан жүз есе күштірек боламыз. Онда біз басқаша сөйлесетін боламыз. Біз онда құнын төлеп алу туралы әңгіме қозғаймыз. Социалистік қоғамның тек Қызыл Армияны ғана тез құрып коймайтынын, оның үстіне басқа кейбір нәрселер жөнінде де тезірек ілгері баса алатынын олар біледі.

Одан соң, жекелеген концессиялар жөнінде. Россияның бір ғана Европалық бөлегінде 3 миллион десятина жер бар. Бұлардың 800 000 десятинадан астамы бұрынғы Дон Әскерлері Облысында. Советтік шаруашылықтар да, мал да жоқ. Орал өзені бойында толып жатқан станицалар күйзелген, тамаша тың жерлер құлазып жатыр. Егер біз өсірілген бидайдың тіпті төрттен үшін бергеннің өзінде, өзіміз төрттен бірін аламыз. Біз транспортымызды күшейтуіміз керек, сонда біз тракторларды арзанға алдыра аламыз.

Егер біз 100 пұттан бидай бере алатын 3 миллион десятина тамаша жерді игере алмасақ, сонда бұл қандай шаруашылық болғаны? Сонда бұл қандай саясат болғаны?

Итальяндар бұған мүдделі, ал Италия — революция қарсаңында тұр. Италияда революцияға қарсы келтірілетін басты дәлел —«Күн көре алмаймыз, капиталистік державалар астық бермейді». Ал социалистік держава былай дейді: «Менде 3 миллион десятина жер бар, менде мұнай мен бензин бар». Капитализм дегеніміз өлексе, оны тұншықтыру керек деп түрліше үгіттеуге болатынын түсіну керек. Біз көп нәрсені көрдік. Соғыстың

азабынан революцияға аяқ басқанда орыс қандай жағдайда болса, европалық та сондай жағдайда болып отыр. Оларда соғыс бітті, олар басқа халықтарды тонаумен өмір сүріп отыр. Сондықтан да бұл дәлелдің салмағы арта түседі. Олар шаруашылықты қалпына келтіре алмайды, ал біз болсақ қалпына келтіруді қазірден бастауды ұсынып отырмыз. Бұл арада саяси дәлел де, социалистік үгіт те ұштастырылған, бірақ басқаша формада ұштастырылған. Үгітті жүргізе білу керек, әйтпесе халық шаруашылығы жоспарларынан түк шықпайды. Ал біз үгітшілер ғана емеспіз, біз — дүние жүзінің барлық капиталистік мемлекеттеріне қарсы тұрған Социалистік республикамыз. Сіздер шаруашылықты жүргізе білмейсіздер, ал біздер білеміз. Бұл арада салыстыруға мүмкіндік бар.

*Бірінші рет 1963 ж.*
*«Вопросы Истории КПСС»*
*журналының 4-номерінде басылған*

*Стенограмма бойынша*
*басылып отыр*

РОССИЙСКАЯ
СОЦИАЛИСТИЧЕСКАЯ
ФЕДЕРАТИВНАЯ
Советская Республика.

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ
СОВЕТА
Труда и Обороны.

Москва, Кремль.

6 XII 1920 г.

№

В президиум

Всеросс. Совещания

заведующих губжен-

отделами.

Товарищи! Я глубоко сожалею, что мне не удалось посетить Вашего съезда. Прошу передать участницам и участникам мои искреннейшие приветствия и пожелания лучшего успеха. Участие женщин в партийно-

В. И. Лениннің «Губерниялық әйелдер бөлімдерінің Бүкіл россиялық кеңесіне құттықтау» деген қолжазбасының бірінші беті.— 6 декабрь, 1920ж.
*Кішірейтілген*

# ГУБЕРНИЯЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР БӨЛІМДЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ[54]

Губерниялық әйелдер бөлімдері меңгерушілерінің Бүкіл россиялық кеңесінің президиумына

6. XII. 1920 ж.

Жолдастар! Сіздердің съезіңізге қатыса алмағаныма қатты өкінемін. Съезге қатысушы әйелдер мен еркектерге менің шын көңілмен құттықтауымды және ойдағыдай табысқа жетуге тілектестігімді жеткізулеріңізді өтінемін.

Әйелдердің партия және совет жұмысына қатысуы нақ қазіргі кезде, соғыс бітіп, бейбіт ұйымдастырушылық жұмыс алдыңғы қатарға қойылған кезде — бұл өзі ұзақ уақытқа қойылар деген үміттемін,— орасан зор маңыз алады. Ал бұл жұмыста әйелдер бірінші роль атқаруға тиіс және олар бұл рольді, әрине, атқарады да.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
*В. Ульянов (Ленин)*

*«Правда» № 286, 19 декабрь, 1920 ж.*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫН ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[55]

1. Халық ағарту комиссариатында халық комиссарының көмекшісі қызметі тағайындалсын, сөйтіп бүкіл әкімшілік жұмысы түгелдей халық комиссары көмекшісінің қолында шоғырландырылсын.

3. Халық ағарту комиссариатын жалпы алғанда қайта құру қажет деп танылсын, бірақ оны неғұрлым мұқият әзірлеу керек, атап айтқанда, Советтер съезіне байланысты бірқатар кеңестерде талқылап алу керек. Халық ағарту комиссариатының орталық және жергілікті органдары арасындағы міндеттерді дәл саралау да сонда талқыланып, белгіленсін.

4. 2-ші басқыш мектептерді (немесе олардың жоғарғы кластарын) кәсіптік-техникалық біліммен қосу принцип тұрғысынан қажет деп тапылсын, қосқанда сөзсіз мынадай 2 шартпен қосылатын болсын: 1) кәсіптік-техникалық мектептерде жалпы білім мен коммунизм жөнінде білім беретін пәндер міндетті түрде кеңейтілсін; 2) политехникалық білім беруге көшу іс жүзінде, дереу қамтамасыз етілсін, бұл үшін электр станциясының қандайы болса да және қолайлы деген заводтың қандайы болса да пайдаланылатын болсын.

Бұл өзгерісті жүзеге асыруды жалпы қайта құрылысқа дейін қалдыра тұру керек.

5. Халық комиссарының көмекшісі болып Литкенс жолдас тағайындалсын, оған Саяси ағарту бас комитеті қызметкерлермен әбден жеткілікті дәрежеде толық қамтамасыз етілгенге дейін жұмыс уақытының кем де-

генде $^1/_2$ бөлігін Саяси ағарту бас комитетіне болу міндеттелсін.

6. Саяси ағарту бас комитетін қызметкерлермен толықтыруды тездету және бұл тұрғыдан оны сөзсіз толық қамтамасыз ету Ұйымдастыру бюросына тапсырылсын.

*1920 ж. 8 декабрьде жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ АРНАУЛЫ ӨНДІРІСТІК ОРГАН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМШАЛАР[56]

1) *«Известия»* мен *«Правдаға»* саяси органдар болудан гөрі неғұрлым *өндірістік* органдарға айналу және РСФСР-дің *барлық* газеттерін осыған үйрету жөнінде директива берілсін;

2) *«Беднота»* міндетті түрде *нақты* материалдар жарияланатын және шаруаларды жұмысшылармен, егіншілікті өнеркәсіппен жақындастыру міндеті жүктелетін өндірістік газетке айналдырылсын.

*1920 ж. 20 декабрьде жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ VIII СЪЕЗІ[57]

**22—29 ДЕКАБРЬ, 1920 ж.**

1

# СОВЕТТЕРДІҢ VIII СЪЕЗІНДЕГІ РКП(б) ФРАКЦИЯСЫНДА КОНЦЕССИЯЛАР ТУРАЛЫ 21 ДЕКАБРЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[58]

Жолдастар, менің ойымша, сіздер концессиялар туралы әуелі фракцияда әңгімелесіп алғанды жөн санап, әбден дұрыс шешім қабылдагансыздар. Концессиялар туралы мәселе, бізде бар мәліметтерге қарағанда, барлық жерде де, партиялық топтар мен жұмысшы бұқарасының арасында ғана емес, шаруалардың қалың бұқарасы арасында да едәуір қобалжу, тіпті абыржу тудырған. Осы жылғы 23 ноябрьдегі декреттен кейін түрліше тақырыптарға арналған жиналыстардың көпшілігінде көбінекөп концессиялар туралы сұрақтар қойылып, запискалар түскендігін және бұл запискалар мен әңгімелердің жалпы сарыны: өз капиталистерімізді қуып едік, енді бөтен капиталистерге жол бермек болғанымыз ба деген қауіптенушілік болғандығын жолдастардың бәрі айтты. Менің ойымша, бұл қауіптенушіліктер, концессияларға тек партиядағы жолдастардың ғана емес, басқалардың да осылай кеңінен көңіл аударуы жақсы нышан; бұл нышан бізге мынаны көрсетеді: үш жылдық қисапсыз ауыр күресте жұмысшы-шаруа өкіметінің нығайғандығы сонша, капиталистер жөніндегі тәжірибенің орныққандығы сонша — қалың бұқара жұмысшы-шаруа өкіметін концессияларсыз да өмір сүру үшін жеткілікті дәрежеде берік деп есептейді, ал өздерін ерекше қажет болмаса, капиталистермен қандай да болсын мәмлеге бармау үшін жеткілікті дәрежеде тағлым алдық деп есептейді. Осы тәрізді төменнен қадағалаушылықтар, бұқара тарапынан шығып отырған осы тәрізді қауіпте-

нушіліктер, партиядан тыс топтардың арасындағы осы тәрізді қобалжулар біздер мен капиталистер арасындағы қатынастарға өте-мөте жіті назар аударылып отырғандығын көрсетеді. Менің ойымша, осы тұрғыдан алғанда, біз мұндай қауіптенушіліктерді қалың бұқараның көңіл күйін танытатын нышан ретінде сөзсіз құптауға тиіспіз.

Бірақ, соған қарамастан, концессиялар туралы мәселе жөнінде тек осы революциялық инстинкті басшылыққа алуға болмайды деген сенімге біз қалай да келеміз ғой деп ойлаймын. Мәселені барлық жағынан ойластыра келіп, өзіміз қабылдаған саясаттың — концессияларды ұсыну саясатының — дұрыс екендігіне біздің көзіміз жетеді. Мен қысқаша мынаны айта аламын: менің баяндамамның немесе, дұрысырақ айтқанда, жуық арада Москвада бірнеше жүз жауапты қызметкерлермен өткізген әңгімемнің қайталануының*,— өйткені мен баяндама дайындағаным жоқ, сондықтан ол мынадай еді деп көрсете алмаймын,— басты тақырыбы, міне сол әңгімемнің басты тақырыбы екі қағиданы дәлелдеу болып табылады: атап айтқанда, біріншіден, соғыс атаулының бәрі бейбіт уақыттағы саясаттың тек басқа құралдармен жүргізілген жалғасы, екіншіден, біз беріп отырған, біз беруге мәжбүр болып отырған концессиялар соғыстың басқа түрде, басқа құралдармен жүргізілген жалғасы. Осы екі қағиданы, немесе, дұрысырақ айтқанда, екіншісін ғана дәлелдеу үшін,— өйткені біріншісі арнайы дәлелдеуді керек етпейді,— мәселенің саяси жағынан бастаймын. Мен қазіргі империалистік державалардың арасындағы осы күнгі бүкіл сыртқы саясатты түсіну үшін мәні зор қатынастарға тоқталамын. Біздің осы саясатқа неліктен барғанымызды түсіну үшін мұның мәні зор.

Американ Вандерлип Халық Комиссарлары Советіне хат жолдады, хатында ол былай дейді: «Біздер, республикашылдар, Американың республикашылдар партиясына жататындар, ең ірі финанс капиталының партиясына, азаттық жолында Оңтүстік Штаттармен болған соғыс жайындағы естеліктермен байланысты осы партияға жататындар, қазір өкіметті басқарып отырған

---

* Қараңыз: осы том, 60—92-беттер. *Ред.*

жоқпыз». Ол мұны ноябрьдегі сайлаудан бұрын жазған еді: «Біз ноябрьдегі сайлауда жеңіп шығамыз (қазір олар жеңді), ал мартта президент біздікі болады. Біздің саясатымыз Американы европалық істерге әкеліп киліктірген зерделсіздікті қайталамайды, біз өз мүдделерімізбен шұғылданатын боламыз. Біздің американдық мүдделеріміз бізді Жапониямен қақтығыстырайын деп отыр, біз Жапониямен соғысатын боламыз. 1923 жылы біздің флоттың ағылшын флотынан күштірек болатынына, бәлкім, сіздер назар аудармай қалмайтын шығарсыздар. Соғысу үшін біздің қолымызда мұнай болуы керек, мұнайсыз біз осы заманғы соғысты жүргізе алмаймыз. Бізде мұнай болып қана қоймау керек, ал жауды мұнайсыз қалдыру шарасын да қолдануымыз керек. Бұл жөнінде Жапонияның жағдайы нашар. Камчатканың маңында дәл өкпе тұста бір шығанақ бар (оның аты есімде жоқ), онда мұнай көзі бар, ал біз жапондарда осы мұнайдың болмауын қалаймыз. Егер сіздер бізге сол жерді сатсаңыздар, онда біздің халықтың энтузиазмы арта тыны соншалық, біз сіздердің үкіметіңізді дереу танитын боламыз, мен осыған кепілмін. Ал егер сатпай, тек концессияға ғана беретін болсаңыздар, онда бұл жобаны караудан біз бас тартамыз деп айта алмаймын, бірақ Совет үкіметін тануға кепіл боларлықтай энтузиазм болады деп уәде бере алмаймын».

Вандерлиптің хаты Жапониямен соғыстың жақындап келе жатқанын айқын көріп отырған, сөйтіп: бізбен мәмлеге келіңіздер, сонда сіздер белгілі бір дәрежеде пайда табасыздар деп мәселені ашықтан-ашық қоятын империалистің көзқарасын мейлінше турасынан, адам айтқысыз арсыздықпен баяндаған. Мәселе былай қойылған еді: Қиыр Шығыс, Камчатка және Сибирьдің бір бөлегі қазір іс жүзінде Жапонияның қол астында қалып отыр, өйткені ол жерлерді Жапонияның әскери күштері билеп отыр, өйткені, өздеріңіз білесіздер, жағдайлардың өзі бізді Қиыр Шығыс республикасы түрінде буферлік мемлекет құруға мәжбүр етті, сөйтіп Сибирь шаруалары жапон империализмінен қандай шексіз азап шегіп жатқандығын, жапондар Сибирьде адам естіп-білмеген қандай қисапсыз көп айуандықтар жасап жатқандығын біз

өте жақсы білеміз. Мұны Сибирьден келген жолдастар біледі: олардың жуырда шығарған басылымдарында бұл туралы егжей-тегжейлі айтылған[59]. Бірақ, солай бола тұрса да, біз Жапониямен соғыс жүргізе алмаймыз, сондықтан Жапониямен соғысты алыстата түсуге ғана емес, мүмкіндігі болса тіпті сол соғысты болдырмауға тырысу үшін барлық шараларды қолдануға тиіспіз, өйткені түсінікті жағдайлар бойынша соғысқа қазір біздің күшіміз жетпейді. Және сонымен бірге, Тынық мұхит арқылы болатын дүние жүзілік саудамен байланысымызды үзіп, Жапония бізге орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Осындай жағдайларда, Америка мен Жапония арасындағы жанжал күшейіп отырғанда, қақтығыс күшейіп отырғанда,— өйткені Тынық мұхит үшін, оның жағалауларына ие болу үшін әлденеше ондаған жылдардан бері Жапония мен Америка арасында тайталасқан күрес болып келеді және Тынық мұхит пен оның жағалауларына қатысты бүкіл дипломатия, экономика, сауда тарихы, бүкіл осы тарих, бұл қақтығыстың қалай күшейіп бара жатқандығын және ол Америка мен Жапония арасындағы соғысты туғызбай қоймайтындығын әбден айқын көрсетумен келеді,— осындай жағдайларда, біз үш жыл бойғы болған халде боламыз: соғыс қуаты жөнінен бізден анағұрлым күшті империалистік елдердің, Совет республикасына қарсы өшпенділікті күшейту үшін үгіт пен насихаттың барлық құралдарын жұмсап отырған, олардың өздерінше айтқанда, соғыс ашып килігу үшін, яғни Совет өкіметін тұншықтыру үшін бірде-бір қолайлы жағдайды босқа жібермейтін империалистік елдердің қоршауындағы социалистік республика халінде боламыз.

Егер осыны ескере отырып, бастан кешірген үш жылға Совет республикасының халықаралық жағдайы тұрғысынан жалпы көз жіберетін болсақ, онда біздің төтеп бере алған және Антанта державаларының, біздегі ақ гвардияшылар қолдаған Антанта державаларының, сұрапыл күшті одағын жеңіп шыға алған себебіміз — бұл державалардың арасында ешқандай бірліктің болмағандығынан ғана екендігі айқын болады. Біз осы кезге дейін жеңе алғанда империалистік державалардың арасындағы мүлде бітіспес қырқысудың арқасында ғана және бұл

қырқысулар кездейсоқ партиялық ішкі қырқысулар емес, қайта бұлардың империалистік елдер арасындағы экономикалық мүдделердің жойылмайтын мүлде асқынған араздығы болып отырғандығының арқасында ғана жеңе алдық; бұл империалистік елдер жер мен капиталға жеке меншікке негізделгендіктен жыртқыштық саясатты жүргізбей тұра алмайды, ал бұл жыртқыштық саясат кезінде олардың өздерінің күштерін Совет өкіметіне қарсы біріктіру әрекеті бос әуре болып шықты. Егер біз Сибирьді түгелімен дерлік өз қолында ұстап келген жәнe, әрине, қай кезде болсын Колчакқа жәрдем бере алған Жапонияны алатын болсақ,— оның осыны істемеуінің негізгі себебі Жапонияның мүдделері Американың мүдделерінен түбірімен алшақ жатқандығында болып отыр, американ капиталына бола оның өз қолымен от көсегісі келмегендігінде болып отыр. Осы әлсіздікті біле отырып, Америка мен Жапонияның бұл араздығын пайдалануды, пайдаланғанда өзімізді нығайтып алу үшін және Жапония мен Американың бізге қарсы келісімге келу мүмкіндігін кешеуілдете түсу үшін пайдалануды өзінің міндеті етіп қоятын саясаттан басқа саясатты біздің жүргізе алмағанымыз табиғи нәрсе, ал мұндай келісімнің болуы мүмкін екендігінің мысалы бізде қазірдің өзінде бар: американ газеттерінде Колчакқа жәрдемдесуге уәде берген барлық елдердің арасындағы келісімнің тексті басылып шықты[60].

Әрине, бұл келісім қожырап кетті, бірақ мүмкіндік туған алғашқы сәтте-ақ олардың осы келісімді қалпына келтіруге әрекеттенетіндігінде бұл мүмкін емес дейтін ештеңе жоқ. Сондықтан коммунистік қозғалыс неғұрлым тереңдеп, неғұрлым айбынды түрде дамыған сайын, олар біздің республиканы тұншықтыру әрекетін соғұрлым көбірек қайталайтын болады. Ал бұдан туатын біздің саясат мынау — осындай келісімді қиындату үшін немесе мүмкін-қадерінше оны уақытша мүмкін етпей тастау үшін империалистік державалардың арасындағы араздықты пайдалану. Бұл — үш жыл бойындағы біздің саясаттың, Брест бітіміне қол қоюды қажет еткен саясаттың, Буллитпен жасасқан шартқа — бітім және уақытша бітім туралы бізге мейлінше тиімсіз шартқа — қол

қоюымызды да қажет еткен саясаттың негізгі бағыты. Қазір бізге бұл бағыт мынаны белгілеп беріп отыр: біз концессия сияқты ұсынысқа қос қолдап жармасуға тиіспіз. Біз қазір Америкаға Камчатканы береміз, Камчатка шындығына келгенде бәрібір біздікі емес, өйткені онда жапон әскерлері тұр. Қазіргі кезеңде Жапонияға қарсы күресуге біздің шамамыз жоқ. Біз Америкаға біздің теңіз күштеріміз де, әскери күштеріміз де мүлдем жоқ және біз оған бұларды жібере де алмайтын территорияны экономикалық қажетке жарату үшін береміз. Ал бұл территорияны бергенде біз американ империализмін жапон империализміне қарсы және әлі күнге дейін Қиыр Шығыс республикасын өз қолында ұстап отырған, ең таяу тұрған жапон буржуазиясына қарсы шығарамыз.

Сонымен, концессиялар жөніндегі келіс сөздер тұсында біздің басты мүдделеріміз саяси мүдделер болды. Ал соңғы кездегі оқиғалар осы концессиялар жөніндегі жалаң әңгімелердің өзімен-ақ қазірдің өзінде біздің ұтып шыққандығымызды әбден айқып дәлелдеді. Біз концессияларды әлі бергеніміз жоқ және Америка президенті басқару ісіне кіріспей тұрып біз оны бере де алмаймыз, ал ол басқаруға марттан бергі жерде кірісе қоймайды және оның үстіне шартты егжей-тегжейлі талдап әзірлеген кезде біз оған қол қоюдан бас тарту мүмкіндігін сақтап қаламыз.

Демек, экономикалық жағынан алғанда бұл мүлде екінші дәрежедегі мәселе, сондықтан мұның бүкіл мәні саяси мүддеде болып отыр. Ал біздің ұтып шыққанымызды біздің қолымызға келіп тиген баспасөзде жарияланған материалдардың бәрі дәлелдеп отыр. Концессиялар жөніндегі жобаны әзірше құпия сақтау керек дегенді Вандерлиптің өзі-ақ қатты сұраған болатын. Қашан республикашыл партия жеңіп шыққанға дейін ол құпия сақталуға тиіс. Сондықтан біз оның хатын да, барлық алдын ала жасалған жобаны да жарияламауға келістік. Бірақ бұл тәрізді құпияны ұзақ уақыт жасыру қиын болып шықты. Вандерлип Америкаға қайтып барғасын-ақ түрліше әшкерелеулер басталды. Америкадағы сайлауға дейін президенттікке кандидат Гардинг болатын, ол енді міне жеңіп те шықты. Осы Гардинг Совет өкіметімен

Вандерлип арқылы байланыс жасапты-мыс дегенді оның өзі теріске шығарып газеттерге жазды. Оның мүлдем үзілді-кесілді теріске шығаруы мынадай дерлік сипатта жазылды: Вандерлипті білмеймін және Совет өкіметімен ешқандай байланысты мойындамаймын. Бірақ мұндай теріске шығарушылықтың неден туғандығы әбден түсінікті. Буржуазиялық Америкада сайлау қарсаңында Совет өкіметімен келісімге келуді жақтаушы деген атаққа іліну Гардинг үшін, мүмкін, бірнеше жүз мың дауыстап айрылу болып шығар еді, сондықтан ол ешқандай Вандерлипті білмеймін деп жариялауға асықты. Бірақ сайлау біткен бойда-ақ біз Америкадан мүлдем басқаша сипатта мәліметтер ала бастадық. Вандерлип бірсыпыра газеттердегі мақалаларында Совет өкіметімен келісімге келуді барынша ұсынған және ол тіпті бір газетте Ленинді Вашингтонмен теңесе керек. Сонымен буржуазиялық елдерде бізбен келісімге келуді насихаттаушылар бар болып шықты, ал бұл насихатшылар совет елшісі емес және біз оны қайсыбір журналистер арасынан тауып та отырғанымыз жоқ, ең жаман типті қанаушылар өкілдері арасынан тауып отырмыз, Вандерлип міне сондай адам.

Менің қазіргі айтып отырғандарымды жауапты қызметкерлердің жиналысында айтып беруіме тура келгенде*, Америкада болып, Вандерлип заводтарында жұмыс істеп қайтқан бір жолдас бізге өзі көрген сұмдықтарды айтты,— ол Вандерлиптің заводтарында көргенімдей қанаушылықты басқа ешбір жерде көрген емеспін деді. Міне енді капитализмнің осындай жыртқышы біздің Советтік Россиямен сауда қатынастарын жасауды насихаттаушы болып шығып отыр, сондықтан егер тіпті біз концессиялар жөнінде болжалдап отырған шарттан басқа ештеңе алмаған күнде де, міне сонда да біз ұтып шықтық дей аламыз. Бізде капиталистік елдер көктемге салым Советтік Россияға қарсы тағы да соғыс бастау ниетінен тайған жоқ деген бірқатар, әрине, құпия хабарлар бар. Бізде кейбір капиталистік державалар әзірлік жұмыстарын жүргізіп жатыр деген көптеген мәлі-

* Қараңыз: осы том, 67—72-беттер. *Ред.*

меттер бар, ал ақ гвардияшылар барлық державаларда әзірлік жұмысын жүргізіп жатыр деуге болады. Сондықтан біздің басты мүддеміз — сауда қатынастарын қалпына келтіруге қолымызды жеткізу, ал бұл үшін капиталистердің ең болмағанда бір бөлегі біздің жағымызда болуы керек.

Англияда күрес ертеден жүріп жатыр. Ең зұлым капиталистік қанаудың өкілдері ішінен Россиямен сауда қатынасып қалпына келтіру саясатын жақтаушы адамдар табуымыздың өзімен-ақ біз қазірдің өзінде ұтып шықтық. Англиямен арадағы шартқа, Англиямен сауда келісіміне әлі қол қойылған жоқ. Красин қазіргі уақытта осы жөнінде Лондонда бар күшін салып келіс сөздер жүргізуде. Ағылшын үкіметі бізге өзінің жобасын тапсырды, біз өзіміздің оған қарсы жобамызды бердік, бірақ ағылшын үкіметі келісімді кешеуілдетіп отырғанын, онда осы күнге дейін ылғи жеңіп келген және сауда келісімін жасасуға бөгет жасап келген әскери реакцияшыл партияның үдете жұмыс жүргізіп жатқанын біз көріп отырмыз. Бізбен осы шартты жасасуға тырысатын партиялар мен топтардың күшеюіне себепкер болатын нәрсенің бәрін қолдап отыру — біздің тікелей мүддеміз, біздің тікелей борышымыз. Біз Вандерлип сияқты жақтас адамды таптық, ал мұның өзі кездейсоқтық қана емес, мұны Вандерлиптің ерекше іскерлігінен, немесе Вандерлиптің Сибирьді өте жақсы білетіндігінен ғана деп түсіндіруге болмайды. Бұл арада орасан көп отарға ие ағылшын империализмі мүдделерінің өсуіне байланысты анағұрлым терең жатқан себептер бар. Бұл арада американ және ағылшын империализмінің арасындағы араздық өте терең жатыр, сондықтан осыған сүйену — біздің сөзсіз борышымыз.

Мен Вандерлип Сибирьді айрықша жетік біледі деп айтып өттім. Онымен әңгімеміз аяқталуға айналғанда Чичерин жолдас Вандерлипті қабылдау керек, өйткені бұл оның Батыс Европадағы бұдан былайғы сөйлейтін сөздеріне тамаша әсер етеді деді. Әрине, мұндай капиталистік жыртқышпен әңгімелесу мүмкіндігі көңілге ұнамды нәрсе емес, бірақ қызмет бабымен тіпті марқұм Мирбахпен де аса сыпайы түрде әңгімелесуге тура келді ғой,

сондықтан Вандерлиппен әңгімелесу мені, әрине, сескендіре алған жоқ. Бір қызығы, Вандерлиппен түрліше сыпайыгершілік пікір алысқан кезімізде ол қалжыңдап, американдардың аса практикашыл халық екенін, олардың өз көзімен көрмейінше, ешкімге сенбейтінін айта бастағанда, мен де ойын-шынын араластырып оған: «Міне сіз Советтік Россияда қандай жақсы екенін көрген соң, оны Америкада өздеріңіз де енгізетін боларсыздар» деп жауап бердім. Ол менің бұл айтқаныма бұл жолы ағылшын тілінде емес, орыс тілінде: «Мүмкін» деп жауап қайырды. «Қалай, сіз орысша да білесіз бе?». Ол: «Мен осыдан көп жыл бұрын Сибирьді аралап бес мың шақырым жер жүрдім, ал Сибирь мені қатты қызықтырды» деді. Вандерлиппен бұл әзіл аралас сыпайыгершілік пікір алысуымыз былай аяқталды, Вандерлип шығып бара жатып: «Иә, мистер Лениннің мүйізі жоқ екен, мұны мойындау керек, мен мұны Америкада өзімнің барлық таныстарыма айтуға тиісті боламын» деді. Егер біз европалық баспасөзде Совет өкіметі сұмдық бір пәле, онымен қарым-қатынас жасауға болмайды деген хабарларды одан былай да алып отырмаған болсақ, мұның өзі әрине, қалжыңға саятын бос бірдеңе болмас еді. Бізбен сауда қатынасын қалпына келтіруді жақтаушы — Вандерлип арқылы біз осы батпаққа тас лақтыруға мүмкіндік алдық.

Жапониядан алынған хабарлардың бірде-бірінде Жапонияның сауда адамдары арасындағы қатты қобалжу туралы айтылмай қалған емес. Жапонның жұртшылық пікірі өз мүдделерінен еш уақытта да бас тартпайтынын, Совет өкіметімен жасалатын концессияларға қарсы екенін айтып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, біз Жапония мен Америка арасындағы дұшпандықты адам айтқысыз шиеленістірдік, соның арқасында Жапония мен Американың бізге қарсы тегеурінін де сөзсіз әлсіреттік.

Менің осы факт туралы хабарлауыма тура келген, жауапты қызметкерлердің Москвада өткен сол жиналысында айтыс кезінде мынадай сұрақ қойылды: «Демек,—деп жазды бір жолдас,— біз Жапония мен Американы соғысқа айдап салады екенбіз, бірақ соғысатындар жұмысшылар мен шаруалар болады ғой. Олар империалистік дер-

жавалар бола-ақ қойсын, бірақ екі державаны соғысқа айдап салып, жұмысшылардың қанын төгуге апарып соқтыру біздерге, социалистерге, лайық па екен?». Мен бұған былай деп жауап бердім: егер біз шынында да жұмысшылар мен шаруаларды соғысқа айдап салған болсақ, онда бұл қылмыс болған болар еді. Бірақ біздің бүкіл саясатымыз бен насихатымыз тіпті де халықтарды соғысқа айдап салуға емес, қайта соғысқа тыйым салуға бағытталған. Және мәңгі-бақи болып келген соғыстардан құтылудың жолы бір ғана социалистік революция екендігін тәжірибе жеткілікті түрде дәлелдеді. Сөйтіп, біздің саясат соғысқа айдап салуда емес. Біз Жапония мен Америка арасындағы соғысты тура немесе жанамалай ақтайтын ештеңе де істегеніміз жоқ. Біздің бүкіл насихатымыз бен газеттердегі мақалаларымыздың бәрі Америка мен Жапония арасындағы соғыс, ағылшын тобының герман тобымен 1914 жылғы соғысы сияқты, империалистік соғыс болмақ деген, социалистер отан қорғау жайын емес, капиталистердің өкіметін құлату жайын, жұмысшылардың революциясы жайын ойластырулары керек деген ақиқатты толық түсіндіріп келеді. Бірақ осы революцияны тездету үшін қолымыздан келгеннің бәрін істеп жатқан біздер, империалист қарақшылар шабуыл жасап жатқан әлсіз социалистік республиканың халінде болып отырсақ, олардың бізге қарсы бірігуін қиындату үшін солардың арасындағы араздықты пайдалану саясатымыз дұрыс бола ма? Әрине, мұндай саясат дұрыс болады. Біз осы саясатты төрт жыл бойы жүргізіп келдік. Ал осы саясат көрінісінің басты фактісі Брест шарты болды. Герман империализмі қарсы күш көрсетіп жатқан кезде, біз империалистердің өзара қайшылықтарын пайдаланып, Қызыл Армия тіпті құрылмаған кездің өзінде-ақ өзімізді сақтап қала алдық.

Камчатка жөніндегі біздің концессиялық саясатымыздың қалыптасу жағдайы міне осындай. Бұл тәрізді концессия — ілуде бір болатын концессия. Концессияның басқа объектілерінің жайы қалай болып отырғанын мен кейінірек айтармын. Қазір мен мәселенің саяси жағын айтумен шектелемін. Мен концессиялар туралы ұсыныс немесе концессиялармен қызықтыру біз үшін неліктен

тиімді екенін Жапония мен Америка арасындағы қатынас арқылы түсіндіруге болатынын көрсетіп өткім келеді. Концессия бейбіт келісімдерді белгілі бір дәрежеде қалпына келтіруді, сауда қатынастарын қалпына келтіруді көздейді, өзімізге қажетті машиналарды тікелей көп мөлшерде сатып алуымыз үшін мүмкіндік болуын көздейді. Сондықтан осыны жүзеге асыру ісіне біз барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз. Бұл әлі жүзеге асырылған жоқ.

Англиямен сауда қатынастарын қалпына келтіру туралы сұрақ берген жолдас: Англиямен келісімге қол қою неліктен кешігіп жатыр? деп сұрайды. Мен былай деп жауап беремін: оның кешігіп жатқан себебі—ағылшын үкіметі екі ойлы. Англияның сауда және өнеркәсіп буржуазиясының көпшілігі қарым-қатынасты қалпына келтіруді жақтайды, сонымен бірге олар соғысты қолдайтын қадамдар жасаудың өзі мейлінше қатерлі жолға түсу және революцияны тездету болатындығын айқын көріп отыр. Біз Варшаваға жорық жасаған кезде ағылшын үкіметінің ультиматуммен қорқытқаны және флотқа Петроградқа аттануға бұйрық береміз дегені сіздердің естеріңізде ғой. Сонда бүкіл Англияда «Қимыл комитеттерінің»[61] қаптап кеткені, ал ағылшын жұмысшы табының меньшевиктік көсемдерінің соғысқа қарсымыз деп, бұл соғысқа жол бермейміз деп мәлімдегені сіздердің естеріңізде болар. Екінші жағынан, ағылшын буржуазиясының реакцияшыл бөлегі және сарай маңындағы әскери сұрқиялар тобы соғысты соза беруді жақтап отыр. Күмән жоқ, сауда келісіміне қол қоюдың кешеуілдеп жатқандығын осылардың ықпалынан болып отыр деп білу керек. Мен Англиямен бұл сауда қатынастарының, Англиямен сауда қатынастары туралы бұл шарттың жекелеген қиыншылықтарын айтып жатпаймын, өйткені бұл мені тым алысқа алып кеткен болар еді. Партияның Орталық Комитетінде осы шетін мәселені соңғы кезде өте-мөте зейін қойып талқылауға тура келді. Біз бұған өте жиі оралып отырдық, бұл арада біздің саясатымыз барынша икемділік көрсету жағына қарай айқын бет бұрды. Біздің қазіргі мақсат — товар айырбасын неғұрлым дұрыс бастау үшін, халық шаруашылы-

ғын қалпына келтіру жөніндегі кең көлемді жоспарымызды жүзеге асыруға қажетті машиналарды мүмкінқадерінше тезірек сатып алуға мүмкіндік алу үшін Англиямен сауда келісімін жасасу. Біз мұны неғұрлым тезірек істеп шықсақ, бізде экономикалық жағынан капиталистік елдерден тәуелсіз болу үшін қажетті негіз соғұрлым көбейе түседі. Нақ қазіргі уақытта, Россияға қарсы соғыс шапқыншылығынан олардың беті қайтқаннан кейін, соғысты қайта бастау туралы ойлауға олардың тез арада мұршасы келе қоймайды; біз қолайлы кезеңді қапы жібермеуге тиіспіз, барынша икемділік көрсету арқылы болса да барлық күшті сауда қарым-қатынастарына қол жеткізуге жұмсауға тиіспіз, өйткені біз империалистік державалармен берік сауда қарым-қатынастары болады екен деп бір секунд та сенбейміз: бұл уақытша тыныс алу ғана болмақ. Революциялар тарихының, ірі жанжалдар тарихының тәжірибесі соғыстар, бірқатар соғыстар болмай қоймайды деп үйретеді. Совет республикасының капиталистік елдермен қатар өмір сүруі,— капиталистік елдердің қоршауындағы Совет республикасы,— сияқты мәселе де капитализм үшін сондай төзгісіз нәрсе, сондықтан соғысты қайта бастау мүмкіндігінің қандайына болса да олар жармаспай тұра алмайды. Қазір халықтар империалистік соғыстан қажыған, соғысты соза түскен күнде олардың ашынып кету қаупі бар, бірақ азын-аулақ жылдар өткеннен кейін капиталистердің соғысты қайта бастауы ықтимал нәрсе. Міне, сондықтан, мүмкіндік туып тұрғанда оны пайдаланып, сауда қатынастарын орнату үшін біз барлық күшімізді жұмсауға тиіспіз. Мен бұл арада мынаны айта аламын (мұны жазбауды өтінемін). Менің ойымша, бұл жерде біз Коммунистік Интернационал үкімет мекемесі емес деген өзіміздің берік позициямыз арқылы сайып келгенде үстемдік аламыз. Оның үстіне, Англия буржуазиясы III Интернационалға қарсы бас көтеру әрекетінің қисынсыз екендігін өзінің парасатымен көріп білуге тиіс. III Интернационал 1919 жылы мартта құрылды. 1920 жылғы июльде II конгресс болып өтті, ал осыдан кейін барлық елдерде Москва шарттары[62] ашықтан-ашық жарияланды. Коммунистік Интернационалға қосылу жолында

ашық күрес жүріп жатыр. Барлық жерде де коммунистік партияның ұйымдық негіздері бар. Осындай жағдайда бізге — Коммунистік Интернационалдан есе қайтару оңайға түспес — елеулі түрде ультиматумдық мәселе қоюға тырысушылық — тозуге болмайтын нәрсе. Ал олардың бұған күш салуы бұлардың қай жерден қысымшылық көріп отырғанын және біздің саясатымызда оларға ненің ұнамайтынын көрсетеді. Біздің саясатымызда оларға ненің ұнамайтынын біз мұнсыз да білетінбіз. Партия жиналысында айтуға болатын және Англияны мазалап отырған екінші бір мәселе — Шығыс мәселесі. Англия бізді өзінің Шығыстағы мүдделеріне қарсы еш нәрсе қолданбауға міндеттегісі келіп отыр. Біз мұндай міндеттеме алуға шын ықыласымызбен дайынбыз. Мәселен, Шығыс халықтарының съезі[63], коммунистік съезд, РСФСР-де емес, Бакуде, тәуелсіз Азербайжан республикасында өтті. Англияның мүдделеріне қарсы бір нәрсе қолданып отыр деп ағылшын үкіметі бізді әшкерелей алмайды. Біздің конституциямызды жақсы білмейді де, олар кейде Азербайжан республикасын Россия Советтік республикасымен шатыстырады. Бұл жөнінде біздің заңдарымыз дәл және нақты, ағылшын министрлерінің жалған түсіндірулерін теріске шығару оп-оңай. Алайда бұл тақырыптағы алауыздық бітпей келеді, сөйтіп Красин министрлермен бірге осы өзекті екі пункттің төңірегінде жүр.

Июльде, Польшаның толық жеңіліске ұшырау қаупі туғанда, Қызыл Армияның Польшаны талқандау қаупі туған кезде, Англия келісімнің толық текстін ұсынды, онда былай делінген еді: сіздер Англияның Шығыстағы мүдделеріне қарсы ресми насихат жүргізбейміз деп және еш нәрсе қолданбаймыз деп принципті түрде мәлімдеуге тиіссіздер. Бұл бұдан былайғы саяси конференцияда талқыланып әзірленеді, ал қазір біз пәлендей сауда келісімін жасасамыз. Осыған қол қоясыздар ма? Біз: қол қоямыз деп жауап бердік. Бұл келісімге қол қоямыз деп біз қазір де айтамыз. Саяси конференцияда Англияның Шығыстағы мүдделері дәлірек белгіленеді. Шығыста біздің де кейбір мүдделеріміз бар, бұған қажеттілік туған кезде, біз оларды толық баяндап береміз. Англия озіміз-

дің июльдегі ұсынысымыздан бас тартамыз деп тура айта алмайды. Сондықтан ол кешеуілдетіп отыр және келіс сөздер жөніндегі шындықты өз халқынан жасырып отыр. Келіс сөздердің жай-жапсары неғайбыл, келісімге қол қойылады деп кепілдік бере алмаймыз. Англияда сарай маңындағылар мен әскери топтың ықпалы өте күшті, олар осы келісімге қарсы жұмыс жүргізуде. Бірақ біз қазір барынша икемділік көрсетуге барып отырмыз және сауда келісімін жасасу, транспортты қалпына келтіру үшін кейбір негізгі нәрселерді, яғни паровоздарды, өнеркәсіпті қалпына келтіру үшін, электрлендіру үшін кейбір негізгі нәрселерді мүмкіндігінше тезірек сатып алу біздің мүддемізге сай болар еді деп ойлаймыз. Бұл — біз үшін бәрінен де маңыздырақ. Егер біз бұларды алсақ, онда біз бірнеше жылдың ішінде нығайып алатындығымыз сонша — тіпті іс насырға шауып, бірнеше жылдан кейін соғыс интервенциясы бола қалған күнде, одан түк шықпайды, өйткені біз қазіргіден гөрі күштірек болып аламыз. Орталық Комитетте біздің саясатымыз Англия жөнінде барынша икемділік көрсету жолымен жүргізілуде. Ал егер бұл мырзалар қайсыбір уәделерге сүйеніп, бізді сөзден ұстағысы келетін болса, онда біз: біздің үкімет ешқандай ресми насихат жүргізбейді, Англияның Шығыстағы ешқандай мүдделеріне тиіспекші емеспіз деп мәлімдейміз. Егер олар біздің осы уәделерімізден өздеріне тон тікпек болса, солай-ақ болсын, біздің оған ештеңеміз де кетпейді.

Мен енді Англияның Франциямен арадағы қатынасы туралы мәселеге таяп келдім. Бұл қатынастың өзі шымшытырық. Бір жағынан, Англия мен Франция Ұлттар лигасына[64] мүше, сондықтан бұлар бірлесіп әрекет жасауға міндетті, екінші жағынан, жағдайдың әрбір шиеленісе түскен кезінде, бұлар бірлесіп әрекет жасамайды. Каменев жолдас Лондонда болып, Красинмен бірге келіс сөз жүргізген кезде, мұның өзі айқын көрінді. Франция Польша мен Врангельді қолдау жағында болды, ал ағылшын үкіметі: «Біз Франциямен бірге болмаймыз» деп мәлімдеді. Концессиялар Франциядан гөрі Англияға қолайлырақ, өйткені Франция әлі де болса борыштарын қайтарып алу жайын армандайды, ал Англияда азды-

көпті епшіл капиталистер бұл туралы ойлауды қойған. Бұл жағынан да Англия мен Францияның арасындағы араздықты пайдалану бізге тиімді, сондықтан Англияға концессиялар беру жөніндегі саяси ұсынысқа күш салуымыз керек. Қазір бізде қиыр солтүстіктегі орман концессиялары жөніндегі шарттың жобасы бар. Біз мынадай жағдайда тұрмыз: Англия мен Францияның арасында саяси бірлік болмай отырғандықтан, біздің міндет тек Англия мен Францияның бізге қарсы соғыс одағын құруын әйтеуір қиындата түсу үшін тіпті белгілі бір тәуекелден де қашпау болуға тиіс. Англия мен Франция қолдап шығатын, бізге қарсы жүргізілетін жаңа соғыс (тіпті, Врангельге қарсы соғысты қазір жеңіспен аяқтағанымыз сияқты, біз оны да толық жеңіспен аяқтаған жағдайдың өзінде де) бізді адам айтқысыз ауыртпалықтарға ұшыратады, біздің экономикалық-шаруашылық дамуымызды қиындатады, жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын нашарлатады. Сондықтан біз өзімізді неғұрлым аз зиянға ұшырататын нәрсенің бәрінен де тартынбауымыз керек. Ал егер, империалистер одағына қарсы тұра алмаған жағдайда, біздің шаруашылық құрылысымыздың тежелуінен, мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың қырғынға ұшырауынан көретін зиянымызбен салыстырғанда концессиядан шегетін зиянымыз тіпті түк емес,— бұл айқын. Сондықтан олардың одақтасуына осындай қарсы тұру амалдарының бірі — концессиялар жөнінде Англиямен келіс сөздер жүргізу. Мәселенің саяси жағы міне осы.

Енді, ақырында, мәселенің ақырғы жағы — Англияның және бүкіл Антантаның Германияга көзқарасы жөнінде. Германия — Американы былай қойғанда, ең алдыңғы қатарлы ел. Электрдің дамуы жағынан алып қарағанда ол техникасының дәрежесі жөнінен тіпті одан да жоғары. Ал енді Версаль шартымен маталып тасталған осы ел өмір сүруге мүмкін емес жағдайға ұшырап отыр. Сондықтан осындай жағдайда қалған Германияның Россиямен одақтасуға ұмтылуы табиғи нәрсе. Орыс әскерлері Варшаваға жақындаған кезде бүкіл Германия астан-кестен болды. Тұншықтырылып тасталған бұл елдің, сұрапыл бай өндіргіш күштерін іске қосып жібе-

руге мүмкіндігі бар елдің Россиямен одақтасуы,— міне осы жағдай— Германияда саяси сапырылыстың тууына апарып соқтырды: герман қаражүздіктері де спартакшылдармен[65] бірге орыс большевиктеріне тілектестік білдірді. Ал мұның өзі әбден түсінікті нәрсе, өйткені бұл экономикалық себептерден туып отыр, бұл бүкіл экономикалық жағдайдың және біздің сыртқы саясатымыздың негізі болып табылады.

Әзірге біз жалғыз және капиталистік дүние бізден күшті болғандықтан, біздің сыртқы саясатымыз, бір жағынан, мынада болып отыр: біз алауыздықтарды пайдалануға тиіспіз (әрине, барлық империалистік державаларды жеңіп шығу ең абзал іс болар еді, бірақ әлі талайға дейін біздің бұған шамамыз келмейді). Біздің өмір сүруіміз, бір жағынан, империалистік державалардың арасында түбегейлі алшақтықтың бар болуына байланысты, ал, екінші жағынан, Антантаның жеңісі және Версаль бітімі неміс ұлтының орасан көпшілігін өмір сүруге мүмкін емес жағдайға түсіріп отырғандығына байланысты. Версаль бітімі мынадай жағдай туғызды: Германия тыныс алу жөнінде арман ете алмайды, өзін басқалардың тонамауы, өзінің өмір сүру тірегін басқалардың тартып алмауы, өз халқын басқалардың ашаршылыққа, қырылып бітуге душар етпеуі жөнінде арман ете алмайды,— бұл туралы Германия арман ете алмайды, сондықтан да оның өзін өзі аман сақтап қалуының бірден-бір амалы — Советтік Россиямен одақ жасасуда ғана болып отыр, сол себепті де Германия назарын Советтік Россияға қарай аударып отыр. Олар Советтік Россияға оршелене қарсы шығып отыр, олар большевиктерді жек көреді, олар нағыз ақ гвардияшылар сияқты өздерінде коммунистерді атып тастап жатыр. Немістің буржуазиялық үкіметі большевиктерге мейлінше өш, бірақ халықаралық жағдайдың мүдделері оны өз қалауынан еріксіз түрде Советтік Россиямен татулыққа итермелейді. Бұл, жолдастар, біздің халықаралық, сыртқы, саясатымыздың екінші тірегі: буржуазиялық езгіні түсінген халықтарға Совет республикасынан тыс жерде олардың құтылар жолы жоқ екендігін дәлелдеу. Ал Совет республикасы үш жыл бойы империалистердің

тегеуріпіне қарсы тотеп бере алған болса, онда мұның өзі империализмнің осы езгісіне ойдағыдай тойтарыс беріп отырған дүние жүзінде бір ғана ел, тек бір ғана ел бар екендігін көрсетеді. Мейлі, бұл ел «қарақшылардың», «тонаушылардың», «бандиттердің», большевиктердің, т. т. елі бола қойсын, солай-ақ бола қойсын, сонда да бұл елсіз экономикалық жағдайды жақсартуға болмайды.

Бұл жағдайда концессиялар туралы мәселенің тағы бір қыры келіп шығады. Менің қолымдағы мына кітапша — концессиялар туралы 23 ноябрьде қабылданған декрет. Бұл кітапша съездің барлық мүшелеріне таратылып беріледі. Біз концессиялар туралы бұл кітапшаны шетелдерде бірнеше тілде бастырып шығармақпыз[66]. Біздің мақсатымыз — пегүрлым көптеген елдердің, атап айтқанда негүрлым езілген елдердің халықтарын концессияға ден қойдыру үшін дереу барлық шараларды қолдану. Жапония мен Америка мүдделерінің арасындағы алшақтық өте зор. Бұлар Қытайды, бірқатар аралдарды, т. т. өзара бөлісе алмай отыр. Германия мен Антанта мүдделерінің арасындағы алшақтық басқаша түрде. Антанта туғызған жағдайларға байланысты Германияның өмір сүруі мүмкін болмай қалып отыр. Мұндағы халық қырылуда, өйткені Антанта двигательдер мен малды тартып алып жатыр. Бұл жағдай Германияны Советтік Россиямен жақындасуға итермелейді. Германия мен Антанта арасындағы шарттың егжей-тегжейін мен білмеймін, қалай болған күнде де бұл шартта Германия мен Советтік Россия арасындағы тікелей сауда қатынастарына тыйым салынғандығы мәлім. Ал егер біз герман паровоздары туралы келісім жасасқан болсақ, онда біз бұл келісімді біздің контрагентіміз Германия емес, Швеция болатындай етіп жасастық. Германия 1921 жылдың апрелінен бұрын бізбен ашық сауда қатынастарын, сірә, қалпына келтіре алар ма екен. Бірақ Германиямен сауда қарым-қатынасын жасасу жолындағы әрекетіміз Антантаға қарағанда жылдамырақ болып отыр. Күн көріс жағдайы Германия халқын түгелімен, герман қаражүздіктері мен капиталистерін қоса, Советтік Россиямен қарым-қатынас жолын іздесті-

руге мәжбүр етіп отыр. Германия қазірдің өзінде-ақ бізбен кейбір сауда қатынастары арқылы байланыс жасауда. Германия бізбен бұдан да көбірек байланыс жасай алатын болады, өйткені біз оған азық-түлік концессиясын ұсындық. Сонымен, экономикалық әдіс ретінде, тіпті жобаны қаншалықты жүзеге асыруға болатынына қарамастан, бізге концессиялар ұсыну қажет екендігі айқын. Концессияларға ден қоюшылықтың айқын екендігі соншалық — егер біз тіпті бірде-бір концессия бере алмасақ та, егер тіпті біздің бірде-бір шартымыз жүзеге аспай қалса да (ал мұның өзі әлі әбден мүмкін нәрсе), егер тіпті осылай болып шыққан күнде де, соның өзінде де біз ұтып шыққан болар едік, соның өзінде де біз осы саясатты жүргізуге тиіспіз, өйткені біз осынымызбен империалистік елдердің бізге қарсы жорығын қиындата түсеміз.

Бұған қарамастан, біз бүкіл езілген халықтардың бәріне: бір топ азғана ел басқа халықтарды тұншықтырып отыр деп корсетуге тиіспіз,— мұның өзі Версаль шартынан туып отыр,— ал бұл езілген халықтар ашық болсын немесе жасырын болсын, түсініп болсын немесе түсінбей болсын, біздің көмегімізге жүгінетін болады, бірақ олар халықаралық империализмге қарсы Советтік Россиямен одақ жасасудың экономикалық жағынан қажет екендігін түсінуге дағдыланатын болады. Сондықтан азық-түлік концессиялары буржуазиялық ескі концессиялардың шеңберінен шығып жатыр, бұлар енді ескі капиталистік концессияларға ұқсамайды. Біз неміс капиталистеріне: бізге мұншама трактор әкеліп бер, ал біз саған тамаша тың жер мен астық береміз дейтін болғандықтан, бұл концессиялар капиталистік болып қала береді. Біз капиталды орасан мол пайдамен қызықтырып тартамыз. Бұл жағынан алғанда концессия таза капиталистік әрекет болып қала береді, бірақ Германияның, ұлт ретінде, Австрияның және басқа елдердің өмір сүру мүмкіндігі қалмай, оларға азық-түлік жәрдемі қажет болып отырғандықтан және бүкіл халық, капиталистің жүз немесе екі жүз процент пайда тауып отырғанына қарамастан, большевизмге қарсы соқыр сенімдерге қарамастан, большевиктердің барлық езілген халықтардың

империалистік езгіден құтылуына мүмкіндік беретін мүлдем басқаша халықаралық қатынастар қалыптастырғанын көріп отырғандықтан, міне бүкіл халық осыны көріп отырғандықтан, концессия өлшеусіз зор маңыз алады. Сондықтан өткен үш жыл бойындағы біздің табысымыз таяу жылда біздің сыртқы саясатымыздың одан да зор табысына айналады. Біздің саясатымыз империализм тұншықтырып жатқан капиталистік елдерді Совет республикасының төңірегіне топтастыра түседі. Міне сондықтан да бұл концессияларды ұсыну тек капиталистік қана маңыз алып қоймайды, міне сондықтан да бұл: «Бізге жүздеген трактор жеткізіп беріңіз де, мейлі тіпті сомына үш жүз процент пайда алыңыз» деп тек герман капиталистеріне ғана созылып отырған қол емес, бұл — езілген халықтарға созылып отырған қол болып табылады, мұның өзі — езілген бұқаралардың одағы; бұл одақ болашақ пролетарлық революция факторларының бірі болып табылады. Россия социалистік революцияға тәуекел ете алды, өйткені ол ұлан-байтақ ел және оның өмір үшін өз тірек негіздері бар, ал біздер, Европаның өнеркәсіпті елдері, оны істей алмаймыз, өйткені біздің одақтастарымыз жоқ дейтін алдыңғы қатарлы елдерде әлі де болса орын алып отырған күдіктер мен қауіптенушіліктер негізсіз, сондықтан біз оларға былай дейміз: «Сіздердің одақтасыңыз енді бар, ол — Советтік Россия». Ал біз концессияны жүзеге асыратын болғандықтан, бұл өзі бүкіл дүние жүзілік империализмге қарсы одақты нығайтатын одақ болады. Бұл жағдайды естен шығаруға болмайды, бұл біздің концессиялар жөніндегі саясатымызды ақтайды және осы концессияларды жасасу қажет екендігін көрсетеді.

Осыдан кейін таза экономикалық бірер пікір айтайын. Енді мен экономикалық пікірлерге көшемін және, осында отырған жолдастар 23 ноябрьдегі заңды оқыды деген ниетте бола тұрсам да, бұл заңның кейбір қағидаларын оқып шықпақпын. Бірақ мен мұны қысқаша ғана еске түсіріп өтемін; онда былай делінген: концессионерлерге өнімнің үлесі түрінде ақы төленеді, ерекше техникалық жетілдірулер болған жағдайларда біз сауда жағынан артықшылықтар беруге әзірміз, жұмсалған шығынның

мөлшері мен сипатына қарай концессиялардың мерзімі азды-көпті ұзақ болады. Біз кәсіпорынға жұмсалған мүлік конфискеленбейді және реквизицияланбайды деп кепілдік береміз.

Жеке меншікті капитал және жеке меншік иесі мұнсыз, әрине, бізбен қарым-қатынас жасай алмайды. Бірақ бұл арада алғашқы кезде шарт жобасында қозғалған сот туралы мәселе алынып тасталды. Біз үшін мұның тиімсіз екендігін кейін көрдік. Сонымен, біздің территориядағы сот билігі өз қолымызда қалады. Жанжал болған жағдайда мәселені біздің судьялар шешеді. Бұл реквизиция болып табылмайды, өзіміздің сот мекемелеріміздің заңды соттық праволарын қолдану болып табылады.

Бесінші пунктте еңбек туралы заңдардың кодексі туралы айтылады. Вандерлиппен бірге, шарттың бастапқы жобасы бойынша, еңбек туралы заңдар кодексінің нашар дамыған тайпалар, қандай тайпалар екенін біз білмейміз, тұратын жерлерде қолданылмауы көзделген болатын. Бұл жерлерде еңбек туралы заңдар кодексін қолдану мүмкін емес. Қолданылмаудың мәні мынада: еңбек туралы заңдар кодексінің орнына жұмысшыларға кепілдіктер беру туралы арнаулы шарт жасалады.

Соңғы пунктте біз бір жақты өзгеріс жасауға жол берілмейтіндігі жөнінде концессионердің алдында кепілдік береміз. Мұнсыз, әрине, концессияларға жол беру жөнінде сөз болуы да мүмкін емес. Ал бір жақты емес өзгеріс жасау дегеніміз не деген мәселе ашық қалдырылды. Бұл әрбір концессия жөніндегі шарттың текстіне байланысты. Қайсыбір бейтарап державалар тарапынан аралық тексеріс болуы мүмкін. Бұл —алауыздыққа сылтау болуы мүмкін және концессия шарттарының өзін белгілеу кезінде белгілі бір өріс беретін пункт. Мәселен, капиталистік дүниеде жұмысшылардың меньшевиктік көсемдері сенімді адамдар болып саналатындығын көрсету керек. Бұлар буржуазиялық үкіметтерге еніп отыр, сондықтан буржуазиялық үкіметтердің европалық елдердегі меньшевиктер немесе социал-сатқындар сияқты делдалдарды немесе аралық судьяларды қабылдамай тастауы өте-мөте қиын нәрсе. Ал оның бер жағында тәжірибе бізге мынаны көрсетіп берді: бұл американдық

немесе европалық меньшевик мырзалар азды-көпті елеулі шиеленістердің тұсында өздерін орыс меньшевиктері сияқты ұстайды, яғни олар өздерін қалай ұстау керек екенін білмейді, сөйтіп революцияның қарсыластары болып қала отырып, революцияшыл бұқараның қысымына беріліп кетуге мәжбүр болады. Бұл — ашық қалған мәселе. Біз мұны алдын ала шешпейміз.

Мен оқып берген бұл шарттардан сіздер концессионер-капиталистер мен социалистік республиканың арасындағы экономикалық қатынастардың берік және тұрақты деуден алыс жатқандығын көріп отырсыздар. Жеке меншікті және қанаушылық қатынастарды сақтаған капиталистің социалистік республикада көзге шыққан сүйелдей болмай тұра алмайтындығы түсінікті нәрсе. Міне осыдан келіп менің баяндамамның басты тақырыптарының бірі болып табылатын нәрсе — концессия дегеніміз соғыстың тек басқа формадағы жалғасы ғана болып табылады деген нәрсе келіп туады. Мен қазір осыған толық тоқталуға көшемін, ең алдымен концессиялардың басты-басты үш түрін немесе объектісін баяндағым келеді.

Біз бұл кітапшада концессиялардың басты-басты объектілерінің тізімін келтірдік, ал осы кітапшаға материал берген және оны редакциялаған Халық шаруашылығы жоғары советіндегі жолдастар концессиялардың осы объектілерін айқын көрсететін карталарды қоса беріп отыр. Бұл карталардан концессиялардың объектілері басты-басты үш түрге бөлінетіндігі көрінеді: қиыр солтүстіктегі орман концессиялары — бұл бір, азық-түлік концессиялары — бұл екі, Сибирьдегі кен концессиялары — бұл үш.

Европалық Россияның қиыр солтүстігіндегі орман концессияларындағы біздің экономикалық мүддеміз айқын: ол жерде ондаған, жүздеген миллион десятина орман бар, ал қатынас жолдарының, өндіріс құрал-жабдықтарының болмағандығынан, ондағы жұмысшыларға азық-түлік жеткізіп беру мүмкіндігі жоқтығынан, бұл орманды біздің пайдалануға мүлде шамамыз келмейді, ал күшті флоты бар мемлекеттің ол жерден ағаш товар-

ды дұрыс дайындап, оны орасан зор мөлшерде тасып алуына мүмкіндігі бар.

Егер біз шетелдермен товар айырбасын жасағымыз келетін болса, ал біз мұны жасағымыз келеді, мұның қажеттігін біз түсінеміз, біздің негізгі мүддеміз — капиталистік елдерден өндіріс құрал-жабдықтарың (паровоздарды, машиналарды, электр аппараттарын) мүмкіндігінше тез алу; біз мұнсыз өнеркәсібімізді азды-көпті елеулі түрде қалпына келтіре алмаймыз, ал кейде, фабрикаларымызға керекті машиналарға қолымыз жетпегендіктен, біз мұны мүлдем істей алмаймыз. Капитализмді көрінеу пайда беріп сатып алуымыз керек. Ол артық пайда табады,— мейлі, артық пайда тапса таба берсін,— ал біз өзімізді нығайтатын негізгі нәрсеге қол жеткіземіз, аяғымызды біржола нық басып кетеміз, сөйтіп капитализмді экономика жағынан жеңіп шығамыз. Ең жақсы машиналар және басқаларын алу үшін біз ақысын төлеуге тиіспіз. Немен төлейміз? Бізге қалған бірнеше миллион алтын қоры бар. Россияны электрлендіру жөніндегі арнаулы жоспардан сіздер мынаны көресіздер: ондаған жылдарға деп есептелген бұл жоспар, өнеркәсіпті қалпына келтіру жөніндегі қосымша жұмыстарымен бірге, шамамен алынған есеп бойынша алтынмен 17 миллиард сом жұмсауды қажет етеді. Бір ғана электрлендірудің өзі алтындай бір миллиард сомнан астамға түседі. Біз мұны алтын қорымызбен өтей алмаймыз, азық-түлік өнімдерін шетке шығару біз үшін мейлінше тиімсіз және қатерлі, өйткені біз оз өнеркәсібімізді азық-түлікпен толық қамтамасыз ете алмай отырмыз, ал шығынды өтеуіміз керек. Сондықтан бұл арада біз үшін қиыр солтүстіктегі орманнан басқа экономикалық жағынан неғұрлым қолайлы объект жоқ; онда орман бізде орасан көп, бұл ормандар шіріп жатыр, босқа құрып жатыр, өйткені біздің оларды пайдалануға экономикалық жағынан күшіміз жетпейді. Ал оның бер жағында ағаш дегеніңіз халықаралық рынокта керемет құнды нәрсе болып табылады. Бұл жөнінде қиыр солтүстік біз үшін саяси жағынан да қолайлы, өйткені ол шеткері жатқан аймақ. Бұл концессия бізге саяси жағынан да, экономика жағынан да қолайлы, сондықтан біз бәрінен

гөрі осы жағына күш салуымыз керек. Мен сіздерге айтып өткен, Москвада болған кеңесте[67] Милютин: солтүстік-европалық Россиядағы бұл концессия туралы Англиямен келіссөздер ілгері жылжып келеді деп хабарлады. Онда бірнеше ондаған миллион десятина орман бар. Егер біз үш немесе бес миллион десятина орманды шахмат тәртібімен концессионерлерге беріп, жетілдірілген кәсіпорындарды өзіміз үшін пайдалануымызға, біздің техниктеріміздің қатысуына мүмкіндік алып, үйрену мүмкіндігін пайдалануымызға жағдай жасасақ, онда біз көп нәрсені ұтып шығамыз, сөйтіп бізбен келісімге келген капиталистік державалардың бізге қарсы соғыс әрекеттерін қиындатамыз, өйткені соғыс бәрін де үзеді, соғыстың тұсында үйлер, құрылыстар, қатынас жолдары біздің қолымызда қалады. Болуы ықтимал жаңа Колчактардың, Деникиндердің, т. т. бізге қарсы әрекеттері оңайға түспейді.

Концессиялардың екінші түрі — азық-түлік концессиялары. Қатынас жолдарынан шалғай жатқандықтан өзіміз пайдалана алмай отырған өте шұрайлы көп жері бар Батыс Сибирьді қоспағанда, бір ғана Европалық Россия мен Орал өзенінің бойында,— біздің Егіншілік комиссариатымыз тиісті тапсырма беріп анықтаттырған, өзіміз өңдей алмайтын жердің мөлшері Орал өзенінің бойында 3 миллион десятинадан кем емес; бұл жерді азамат соғысының жеңіспен аяқталуы нәтижесінде тұтас станицалар болып кетіп қалған казактар қалдырған болатын. Мұнда игерілуге тиісті тамаша жерлер бар, бірақ жұмыс көлігінің жетімсіздігінен, өндіргіш күштердің әлсіздігінен біз оны өңдей алмаймыз.

Дон облысының совхоздарында 800 000 десятинаға дейін жер бар; біз бұл жерді өңдей алмаймыз, мұны өңдеу үшін орасан көп жұмыс көлігі немесе толып жатқан трактор отрядтары керек, бұларды біз іске қоса алмаймыз, ал кейбір капиталистік елдер, соның ішінде азық-түлікке аса мұқтаж болып отырғандар — Австрия, Германия, Богемия,— бұларды іске қосып, жазғы науқанда тамаша бидай ала алар еді. Мұны өзіміздің қаншалықты жүзеге асыра алатынымызды біз білмейміз. Қазір бізде екі трактор заводы істейді, олар Москва мен Петроград-

та, бірақ жағдайдың қиындығына байланысты бұлар тракторды көп бере алмайды. Біз көптеген тракторлар сатып алып, жағдайды жеңілдете алған болар едік. Тракторлар — ескі егіншілікті түбірімен өзгерту үшін және жер жыртуды ұлғайту үшін аса маңызды құрал. Біз дүние жүзілік шаруашылықты орасан зор мөлшерде дамыта алатынымызды осы концессиялар арқылы толып жатқан елдерге көрсететін боламыз.

Тіпті біздің насихатымыз және біздің ұсынысымыз табысқа жеткізбеді делік, біздің ұсынысымыз қабылданбай қалды делік, міне сонда да одан тек саяси ғана емес, социалистік тұрғыдан да пайда қалады. Капиталистік дүниеде болып жатқан істер байлықты талан-тараж ету ғана емес, сонымен бірге есуастық және қылмыс болып табылады, өйткені біраз елдерде артық азық-түлік бары байқалады, бұл азық-түлікті валюта революцияларының салдарынан сата алмайды, себебі жеңіліске ұшыраған бірқатар елдерде ақшаның құны төмендеп кеткен. Орасан көп азық-түлік шіріп жатыр, сойте тұра Германия сияқты елдерде ондаған миллион халық тіке аштыққа ұшырап, қырылып жатыр. Капитализмнің бұл сорақылықтары, бұл қылмысы барлық капиталистік елдерге және Россияның төңірегіндегі ұсақ елдерге де айқын болып келеді. Совет республикасы осы арада былай дейді: «Бізде трактормен жыртуға болатын жүз мыңдаған десятина тамаша жер бар, ал сіздерде тракторлар бар, сіздерде бензин бар және сіздерде оқыған техниктер бар; міне біз барлық халықтарға, соның ішінде капиталистік елдердің халықтарына да, халық шаруашылығын қалпына келтіруді және барлық халықтарды ашаршылықтан құтқаруды мақсатымыздың ірге тасы етіп алуды ұсынамыз». Егер капиталистер мұны түсінбесе, онда мұның өзі капиталистік тәртіптің іріп-шірігендігінің, есуастық және қылмысты тәртіп екендігінің дәлелі болады. Мұның тек насихаттық маңызы болып қана қоймайды; мұның өзі революцияға шақырған коммунистік үндеу болып шығады, өйткені бұл капитализмнің қаусап бара жатқандығын, ол енді қажеттікті қанағаттандыра алмайтындығын күмәнсыз көрсетеді, мұны халықтар барған сайын ұғына түседі. Империалистік елдердің бол-

машы азшылығы байыған үстіне байып жатыр, ал көптеген басқа елдер тура қырылу халіне жетіп тұр. Дүние жүзілік шаруашылық өзін қайта ұйымдастыруды талап етеді. Сондықтан Совет республикасы осы қайта ұйымдастыру жоспарын, осындай істің қамына әбден сай, талассыз, жүзеге асыруға болатын ұсынысын енгізіп былай дейді: «Техниканың керемет молдығына қарамастан, сіздер капитализм тұсында аштан өліп жатырсыздар,— ал сіздердегі техниканы өзіміздің шикізатпен біріктіріп, дағдарысты шешуге біздің мүмкіндігіміз бар, бірақ бұған капиталистер бөгет болып отыр. Біз оларға осыны істейік дейміз, ал олар бөгет жасайды, іске асыруға жол бермейді». Бұл — концессияның екінші түрі, азық-түлік немесе трактор концессиясы.

Концессиялардың үшінші түрі — кен концессиялары. Бұлардың Сибирь картасында тізімі берілген, концессияда сөз болып жатқан жерлердің әрқайсысы онда толық көрсетілген. Сибирьдің кен байлықтары мейлінше ұшан-теңіз, ал біз тіпті ең жақсы жағдайдың өзінде, үлкен табысқа жеттік дегеннің өзінде бірнеше жыл ішінде оның жүзден бір бөлігін де өндіре алмаған болар едік. Мұндағы жағдайлар ең жақсы машиналармен жабдықталуды керек етеді. Мұнда мыс рудасы сияқты өнімдер бар; мыс рудасы өнімдерінің ерекше тапшы болуының салдарынан, ол капиталистік елдер үшін, электр өнеркәсібі үшін мейлінше қажет болып отыр. Егер бізбен дұрыс қарым-қатынас жасалатын болса, онда дүние жүзілік шаруашылықты қалпына келтіруге және бүкіл дүние жүзілік техниканы көтеруге мүмкіндік бар.

Жүзеге асырылуы жағынан бұл, әрине, қиын концессиялар, ягни орман, азық-түлік концессияларына қарағанда бұлар анағұрлым қиын. Онда, азық-түлік концессияларында, әңгіме қысқа мерзімдік трактор науқаны жайында болады. Орман концессиялары да оншалықты қиын емес, өйткені бұл объектіге өзіміздің шамамыз келмейді, ал кен концессияларының бірсыпырасы темір жолдан қашық емес, бірсыпырасы халықтың жиі қоныстанған жерлерінде, сондықтан мұнда қауіп күшті, осы себепті біз бұларды беру-бермеу жағын неғұрлым мұқият ойластырып аламыз және белгілі бір шарттар қоя-

мыз, өйткені концессиялар дегеніміздің жаңа соғыс екенінде ешқандай күмән жоқ. Капиталистер бізге жаңадан соғыс жүргізу үшін келеді, капиталистердің өмір сүруінің өзі айналасы қоршалған социалистік дүниеге қарсы соғыс деген сөз. Социалистік мемлекеттің ішіндегі экономикалық-капиталистік кәсіпорындар — бұл өзі салым саясатына қарсы, еркін сауда жолындағы соғыс, жеке меншіктілікті жойған республикаға қарсы, жеке меншік жолындағы соғыс. Сондықтан осы экономикалық тамырдан толып жатқан өзара қатынастар («сухаревка»[68] мен біздің мекемелер арасындағы соғыс қатынастары тәрізді) туындайды. Бізге былай деушілер болуы мүмкін: сіздер «Сухаревканы» жауып жатырсыздар, бірақ капиталистерді ішімізге жіберу арқылы жаңадан бірқатар «сухаревкаларды» ашқалы жатырсыздар. Біз мұны көрмей отырғанымыз жоқ, сондықтан былай дейміз: егер біз осы кезге дейін жеңіп келген болсақ, біздің шараларымызды іске асыртпау үшін жауларымыз барлық құралын жұмсаған кезде де, осы іске асыртпау сырттан жүргізілумен бірге іштен жүргізіліп отырған кезде де жеңіп шыққан болсақ, онда біз белгілі бір учаскелерді бізде белгілі шарттар мен қатынастар болып отырған кезде қалайша игере алмас екенбіз, қадағалап отыра алмас екенбіз. Әскери шпионажға, капиталистік саботажға қарсы күресу жөнінен біздің практикалық тәжірибеміз бар. Олар біздің өз мекемелерімізде жасырынып жүрген кезде де біз олармен күрес жүргізіп отырдық,— ал енді капиталистер ішімізге белгілі бір тізім бойынша, белгілі бір шарттармен жіберіліп отырғанда біз олармен қалайша тіл таппас екенбіз? Әрине, олардың бұл шарттарды бұзатындығын біз білеміз, бірақ біз бұл әрекеттерге қарсы күресетін боламыз. Бірақ, жолдастар, капиталистік тірекке негізделген концессиялар — мұның өзі соғыс деген сөз. Басқа елдердегі капиталды біз әлі құлата алмай тұрғанда, ол әлі бізден анағұрлым күшті болып отырғанда, ол қай кезде болсын өзінің күштерін бізге қарсы жұмсай алады, бізге қарсы тағы да соғысқа шыға алады. Сондықтан біз одан гөрі күштірек болып алуымыз керек, ал бұл үшін ірі өнеркәсіпті дамыту керек, транспортты көтеру керек. Біз бұл істі қолға алғанда тәуекелге бел

буып отырмыз, бұл арада тағы да соғыс қатынастары, тағы да күрес келіп туады, ал егер олар біздің саясатымызды әлсіретпек болса, онда біз оларға қарсы соғысатын боламыз. Концессиялар туралы бейбіт жолмен жасалған шартты капиталистермен жасалған бейбітшілік шарты деп ойлайтын болсақ, бұл үлкен қате болар еді. Бұл — соғыс жөніндегі шарт, бірақ біз үшін қауіптілігі кемірек шарт, жұмысшылар үшін де, шаруалар үшін де ауыртпалығы кемірек, бізге қарсы таңдаулы танктері мен зеңбіректерін жұмсаған кезеңдегіден гөрі де ауыртпалығы кем шарт, сондықтан да біз барлық әдісті қолдануға тиіспіз, экономикалық кеңшіліктер жасау арқылы өзіміздің экономикалық күштерімізді дамытып алуға, экономика жағынан қалыпқа келуімізді жеңілдетіп алуға тиіспіз. Концессиялардан қорқатын жолдастар: капиталистер, әрине, шарттарды орындамайтын болады дейді. Капиталистер шартты орындайтын болады деп өзіңді өзің сендіруге мүлде болмайтындығы өзінен-өзі түсінікті нәрсе. Бұл өзі соғыс болмақ, сондықтан жалпы алғанда социалистік республиканың қатынасына кіретін дәлел болып қала беретін соңғы дәлел — осы соғыс.

Қазір бұл соғыс бізге сағат сайын төніп отыр. Біз Польшамен бітімге келу жөнінде келіс сөздер жүргізіп жатырмыз, сондықтан бұл бітімге қол қойылады деп үміттене аламыз немесе, ең болмағанда, дәлірек айтатын болсақ, бұл бітімнің жасалатындығына тіпті үмітсіз емеспіз. Бірақ Савинковтар мен француз капиталистері бұл шартты болдырмау жолында жұмыс істеп жатыр, бұл күмәнсыз. Капиталистер соғысты бүгін аша алмағанмен, ертең ашуға мүмкіндік алуы мүмкін, егер үш жылдық тәжірибеден алған сабағы болмаса, олар соғысты қазірдің өзінде-ақ ынтамен бастап кетер еді. Концессиялар дегеніміз — белгілі бір тәуекелге бел буу; концессиялар дегеніміз — зиян шегу; концессиялар дегеніміз — соғыстың жалғасы. Бұл — күмәнсыз, бірақ бұл соғыс біз үшін тиімдірек. Өндіріс құрал-жабдықтарының, паровоздар мен машиналардың белгілі бір минимумын алған кезімізде, біз экономика жағынан осы күнге дейінгідей халде болмаймыз, міне сонда империалистік елдер бізге қазіргіден гөрі де қауіпсізірек болады.

Бізге былай деген болатын: концессионерлер өз жұмысшыларына айрықша жағдай жасайды, оларға жақсы киім-кешек, жақсы аяқ киім, жақсы азық-түлік алып келеді. Жоқшылыққа төзуге тиісті және әлі де ұзақ уақыт бойы осыған төзуге мәжбүр болатын біздің жұмысшылардың арасында ол кезде олардың насихаты осындай болмақшы. Сонда жұмысшылар жоқшылық халде болатын социалистік республика, ал соның жанында жұмысшылар тамаша тұрмыста тұратын капиталистік арал болатын болып шығады. Біздің партия жиналыстарымызда осындай қауіптенушіліктер өте жиі естіліп жүр. Әрине, бұл сияқты қауіп қала береді және мұның өзі концессиялар бейбітшілік емес, соғыстың жалғасы екендігін көрсетеді, бірақ егер біз бұдан анағұрлым зор жоқшылықты басымыздан кешірген болсақ және сонымен қатар қалай дегенмен де капиталистік елдерден жұмысшылардың бізге келетінін, келгенде Россияда оларды күтіп отырған экономикалық жағдайлар анағұрлым нашар екенін біле тұра келетінін көретін болсақ, онда біз бұл жерде ондай насихаттан өзіміздің қарсы насихатымызбен қалайша қорғана алмаймыз, капитализмнің, әрине, өз жұмысшыларының белгілі бір тобына тәуір жағдай жасай алатынын, бірақ бұдан жұмысшылардың қалған бұқарасының халі жақсармайтынын біз жұмысшыларға қалайша дәлелдеп бере алмаймыз? Ақырында, буржуазиялық Европа мен Америкаға жанасудың бәрінен әрқашан олар емес, біз ұтып шығып отырдық? Осы күнге дейін оларға делегация жіберуден біз неге қорықпаймыз, ал бізге делегация жіберуден олар неге қорқады? Бұл күнге дейін олардың бізге жіберген делегацияларынан, бұлар көбінесе меньшевиктік элементтен құралған болса да және бұлар бізге уақытша келген адамдар болса да, біз үнемі азын-аулақ бөлегін болса да өз жағымызға қаратып алып отырдық. Сөйте тұрып, біз жұмысшыларға шындықты түсіндіре алмаймыз деп қорқатын болғанымыз ба?! Егер біз бұдан қорқатын болсақ, біз бұл пікірлерді концессиялардағы өте жоғары мәні бар тікелей мүддеден жоғары қоятын болсақ, онда біз өте жаман адамдар болып шығар едік.

Біздің шаруалар мен жұмысшылардың жағдайы ауыр болып отыр. Оны жақсартуымыз керек. Бұл жөнінде бізде ешқандай күмән болуы мүмкін емес. Менің ойымша, концессиялар саясаты сонымен бірге соғысты одан әрі жалғастыру саясаты болып табылады дегенге бәріміз де қосылатын болармыз, бірақ біздің міндет — капиталистік жаулардың қоршауындағы жалғыз социалистік республиканың өмір сүруін сақтап қалу, төңірегіндегі капиталистік жауларға қарағанда анағұрлым әлсіз республиканы сақтап қалу, сөйтіп бізге қарсы күресу үшін жаулардың өзара одақ құру мүмкіндігін жою, олардың саясатына бөгет жасау, олардың жеңіске жетуіне мүмкіндік бермеу; біздің міндет — шаруашылықты қалпына келтіру үшін Россияны қажетті құрал-саймандармен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, өйткені біз бұл құрал-жабдықтарды алып алғаннан кейін аяғымызды нық басатынымыз сонщалық — бізге ешқандай капиталистік жаулар қорқынышты болмайды. Міне, біздің концессиялар жөніндегі саясатымызда біз басшылыққа алған және мен баяндап шыққан көзқарасымыз осындай.

*1920 ж. декабрьдің аяғында мына кітапшада басылған: В. Ленин. «Концессиялар туралы (Советтердің VIII съезіндегі РКП фракциясында жасалған баяндама)». Москва, Мемлекеттік баспа*

*Кітапшаның В. И. Ленин қарап шыққан гранкасымен салыстырылған стенограмма бойынша басылып отыр*

## 2

# СОВЕТТЕРДІҢ VIII СЪЕЗІНДЕГІ РКП(б) ФРАКЦИЯСЫНДА КОНЦЕССИЯЛАР ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА БОЙЫНША 21 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар! Менде толып жатқан запискалар бар, сондықтан бұлардың әлі жауап берілмегендеріне қысқаша жауап берейін. Бірақ әуелі мән-жайды хабарлау сипатындағы тағы бір записканы оқып берейін; бұл да меніңше көңіл қоярлық записка сияқты:

Нижний Новгород губерниясының Арзамас уездік съезінде партияда жоқ бір шаруа концессиялар жөнінде былай деді, мұны сіздерге көңіл қоярлық факт ретінде хабарлаймыз: «Жолдастар! Біз сіздерді Бүкіл россиялық съезге жібере отырып, былай деп мәлімдейміз: біздер, шаруалар, әлі де үш жыл бойы ашығуға, тоңуға, міндеткерліктер атқаруға әзірміз, тек қана Россия-анамызды концессияларға сата көрмеңіздер».

Менің ойымша, бұл записканы съездегі ресми баяндамада келтіру өте пайдалы және келтіру керек те болады*, өйткені бұл записка мәселенің капиталистер ескермей отырған жағын көрсетеді және бұл жөнінде мұнда қауіп бар екенін, сондықтан біздің бұл қауіп жөнінде өте қырағы болуға тиіс екенімізді бізге жасырудың мүлдем ешбір қажеті жоқ. Бұлай деп ескертіп қоюдың жұмысшылар мен шаруалардың назарын күшейтетінін, бұл туралы мен бұрын айтқанмын, ал егер шаруалардың сауатсыз тобының ішінен мұндай ескертулер түсіп жататын болса, мұның ерекше маңызы бар, өйткені бұл съезде сіздердің шаруалар шаруашылығына көмек көрсету туралы Халық Комиссарлары Советіне енгізілетін

* Қараңыз: осы том, 149-бет. *Ред.*

заң жобаларын қарайтындарыңызға байланысты қазіргі уақытта өте-моте маңызды болып отырған міндетті баса көрсетеді. Партияда жоқ шаруаларды сендіре білу керек, оларды өз жағымызға тартып, бұлардың өздігінен әрекет жасай білуіне жету керек. Мұндай записка бұл арада орасан зор табысқа жетуге толық мүмкіндік барын көрсетеді және біз бұл табысқа жетеміз де.

Енді мынадай записка бар:

Біз экономикалық дағдарыс пен күйзелісті бастан кешіріп отырғандықтан, жұмысшыны капиталистердің қанағаттандыра алатыны сияқты етіп қанағаттандыра алмайтынымызға байланысты капиталист-концессионерлер жұмысшы пролетарлар бұқарасын Совет өкіметіне қарсы қаруландырмай ма?

Алдыңғы қатарлы елдерде және олардың көпшілігінде жұмысшылар біздегіден гөрі жақсы жабдықталатынын, бірақ солай бола тұрса да орыс жұмысшысы алдыңғы қатарлы елдердің бәрінен де Советтік Россияға жан-тәнімен ұмтылып отырғанын, жұмысшылар душар болып отырған жоқшылықтарды көре тұрса да ұмтылып отырғанын мен айтып өткенмін.

Ағылшын және американ капиталистерімен бірге орыс Рябушинскийлері де және басқа құзғындар да келіп қалмай ма?

Мұны концессионерлер экстерриториялық жағдайда болмай ма деп сұрайтын запискамен байланысты қою керек. Жоқ, әрине, біз оларға экстерриториялық жағдайда болуға ешқашан да рұқсат бермейміз. Экстерриториялылық тек елшілерге ғана беріледі, оның өзінде де белгілі шарттармен беріледі. Егер Рябушинский тиісті органдардан бой тасалай аламын деп дәмелепетін болса, онда ол қателеседі деп ойлаймын.

Содан соң, жолдастар, Лежава жолдастың мына жазып отырғанын хабарлаймын: «Вандерлип он шақты ірі-ірі синдикаттардан мандат әкелді. Мұны біздегі арнаулы органдар тексерді. Мұны Лондоннан Красин де растап отыр; ондағы Вандерлипке уәкілдік берген топтардың салиқалы топтар екендігін ол да тексерген болатын».

Мен шарт неге жарияланбады деп сұрайтын жолдастарға қайталап айтамын: шартты жариялау бізге тиім-

сіз, өйткені өзара қырқысып жатқан капиталистер онда, шартта, көптеген жаман нәрселер бар деп ойлайды. Мұны баспасөзде көтеріліп жатқан айқай-шу көрсетіп отыр. Мейлі олар солай-ақ ойлай берсін, бізде олардың үміттерін еш қылайық деген ниет мүлде жоқ. Ал бұл шартпен танысқысы келетіндердің мұнымен танысуға толық мүмкіндігі бар. Оның үстіне, мен шарттың Америка Құрама Штаттарының жаңа президенті өз қызметіне кірiскеннен кейін ғана күшіне ене алатынын атап көрсеттім. Ал бізде партия съезі февральда болады[69]. Демек, керек нәрсенің бәрін тексеріп, шешіп алуға партияның толық мүмкіндігі бар.

Егер мүмкін болса мынаны түсіндіруді өтінемін: Камчатка қанша уақытқа берілді (немесе қанша уақытқа берілу ұйғарылып отыр) және РСФСР үшін саяси пайдадан басқа экономика жағынан пайда бар ма, бар болса қандай түрде?

Камчатка берілген жоқ және марттан бұрын берілмейді де. Экономикалық пайда сол, шарттың жобасы бойынша олар өздері өндіретін кен байлықтары өнімдерінің бір үлесін бізге беріп тұруға міндетті.

Біз концессиялар беру арқылы капиталистік мемлекеттердің ұзақ өмір сүретінін мойындағанымыз ба және дүние жүзілік революцияның таяу арада болатындығы туралы өз қағидамызды дұрыс емес деп есептегеніміз бе?

Бұған Бухарин жауап берді. Мәселе олардың өмір сүруінің ұзақтығын біздің мойындауымызда емес, орасан зор күштердің оларды тұңғиыққа итермелеп отырғанында болып отыр. Біздің өмір сүруіміз және қысылшаң жағдай мен аштықтан тезірек құтылуымыз дүние жүзілік шаруашылық тұрғысынан қарағанда олардың бізден алатын тиын-тебендерінен гөрі революция үшін әлдеқайда орасан зор күш және неғұрлым күшті фактор болып табылады. Қосымша алынған жүз және мың машина мен паровоздың біз үшін орасан зор маңызы бар, өйткені мұның өзі транспортты жөндеу ісін қысқартады, ал Троцкий бұл жөндеу ісін төрт жарым жылға созылады деп есептеп, оны үш жарым жылға қысқартқан еді, енді тағы бір жылға қысқартуға болады. Ал күйзеліс пен аштықты бір жылға кемітудің біз үшін аса зор маңызы бар.

Ал егер біздің Камчатканы Америкага беруімізге мүмкіндік тугызбау үшін Жапония оны өз әскерлерімен басып алып, оны өзімдікі деп жарияласа ше?

Жапония іс жүзінде Камчаткаға қазір де ие болып отыр, сондықтан егер ол мұны істей алған болса, ендігі істеген де болар еді, бірақ оны істей алмайды, өйткені Америкадан қорқады.

Айтыңызшы, капиталист жұмыс күшін қайдан алады? Өзімен бірге ала келе ме? Ол екіталай. Егер орыс жұмысшыларын тартатын болса, онда орыс жұмысшылары капиталистің қолына түседі, оның үстіне, мұның өзі біздің еңбек рыногының шырқын бұзады, ал бұл келіп бірыңғай шаруашылық жоспардың берекесін кетіреді.

Біздің жұмысшылардың онда барып жұмыс істейтіндігінен шаруашылық жоспарының қалайша берекесі кететіндігін мен түсінбеймін. Олар біздің кәсіподақтарымызға, біздің шаруашылық ұйымдарымызға, біздің партиямызға соқпай өте алмайды. Озық капиталистік кәсіпорындардағы жұмысшылар біздің жұмысшыларды өндірістің ең жақсы тәсілдеріне біздер үшін үйрететін болады. Капиталистік еңбек жағдайларына бағына отырып, біздің жұмысшылар оны біздің еңбек туралы заңдарымыздың кодексіне немесе бұл жағдайларды шектейтін арнаулы шарттарға бағындыратын болады, сөйтіп егер еңбек жағдайлары нашар болса, одан кетіп қалудан ешбір қаймықпайды. Егер жағдай тиімсіз болса, жұмысшылар кетіп қалады. Бір жолдастар жағдай жақсы болады деп қорықса, екінші бір жолдастар жағдай нашар болады деп қорқады. Біздің жұмысшылар мен шаруалар қалай қарайтын болса, біз де солай қараймыз да, тиісті шаралар қолданатын боламыз.

Концессияларды берген жагдайда, концессионерлер жұмыс істей бастаган кезде, концессиялық шарт территориясында жұмыс істейтіндердің арасында коммунистік ұяларды ұйымдастыру жөніндегі РКП-ның жұмысы ашық түрде бола ала ма әлде тек астыртын түрде бола ма?

Бұл арада концессиялар мен концессионерлер туралы теріс түсінік бар. Концессионер өкімет емес. Ол шаруашылық үшін пайдалануға керекті территориядан басқа

өзіне ешқандай территория алмайды. Өкімет органдарының бәрі, соттардың бәрі тек РСФСР-дің қолында болады.

Егер Америкада жұмыссыздық революцияны тездететін болса, онда біз концессиялар арқылы Америкаға дағдарыстан құтылуға, яғни революцияны тежеуге мүмкіндік беретін болғанымыз ғой.

Мұның өзі Бухарин жолдас теріске шығарған дәлел.

Егер халықаралық буржуазия Совет өкіметінің концессиялар жөніндегі тактикасын біліп қойса, онда Совет өкіметінің жағдайы қандай болмақ? Мұның өзі біз үшін зиянды болмай ма?

Қайта мұның керісінше, концессиялар туралы Европада бәрі білді және онда көтеріліп жатқан айқай-шу буржуазияның абыржып отырғанын дәлелдейді. Онда кешігіп қаламын ба деген қауіп байқалуда. Россиямен қарым-қатынас жасауға тәуекел еткісі келмеген капиталистердің бәрі өздерінің кешігіп қалғанын қазірдің өзінде сезді, ал неғұрлым пысықтары үлгеріп жатыр. Ал біз капиталистердің қайшылықтарын пайдаланамыз.

Москвадағы немесе жалпы алғанда орталықтағы ірі индустриялық кәсіпорындарды концессияға беру жоспарлары немесе жобалары бар ма? Мәселен, Москвадағы, Ярославльдағы және Люберцыдағы осындай үш концессия туралы айтылып жүр ғой.

Мен бұл концессиялар туралы еш нәрсе білмеймін. Люберцыда американ заводы бар, ол национализацияланған жоқ және осы уақытқа дейін национализацияланбай келді, онда ешқандай концессия да жоқ. Орталықта Халық шаруашылығы жоғары советіндегі жолдастар беруге болады деп айтқан бір ғана концессия бар, бұл — бояу өндіретін кәсіпорындарды өркендету үшін неміс химиктеріне берілетін концессия, сөйтіп фабрикалардың бірін соларға беру. Мұның мүмкін екендігін Халық Комиссарлары Советіндегілердің бәрі айтты, бірақ болған әңгімелер ешқандай практикалық маңыз алған жоқ.

Германияның біздің елімізден алда екені соншалық— тіпті алдыңғы қатарлы елдердің өздері империалистік

соғыс кезінде герман химия өнеркәсібі бұларға өнім беруді тоқтатқан кезде қиын жағдайға душар болды. Ал біз химия өнеркәсібін ілгері бастыру үшін неміс химиктеріне көбірек ақы төлеуге әзір болуға тиіспіз. Фабрикалардың бірін немістерге концессияға беру — үйренудің ең жақсы тәсілі. Бұл арада ешқандай мектептер де, лекциялар да фабрикадағы практикалық жұмыстың үйреткеніндей етіп үйрете алмайды, өйткені мұнда жұмысшыны жарты жылда үйретіп шығарып, содан соң сол фабриканың қасынан сондай екінші фабрика салдыруға болады. Өздерінің халықаралық жағдайы қазіргідей болып отырғанда немістер бір фабрикамен бізге бірдеме істей қояды деп қорқу кісі күлерлік. Халық Комиссарлары Советінде пікір алалықтары байқалған жоқ, принцип жағынан бұған жол беруге болады. Амал не, бұл мәселе іс жүзінде әлі шешілген жоқ. Мен концессиялар туралы өзіміздің өте көп айтатынымызды, бірақ бірде-бір концессия берудің әзірге сәті түспегенін баса көрсетуге тиіспін. Бір концессия болса да берсек, сіздер концессияның нақты жағдайларын көрсеңіздер, біз мұны үлкен табыс деп есептейтін боламыз.

Бұдан әрі.

**Концессияларды қандай елдерге беруге болады? Польшаға беруге бола ма?**

Біз бәріне де, соның ішінде Польшаға да, беруге болады деп ойлаймыз.

**Капиталистер концессияларды өздерінде болатын дағдарыстардың алдын алу үшін пайдалана алмай ма, сөйтіп әлеуметтік революцияның болуын алыстатып жібермей ме?**

Егер капиталистердің өздерінде дағдарысты болдырмау қолынан келетін болса, онда капитализм мәңгілік болған болар еді. Олардың жалпы механизмдегі әншейін тетіктер екендігі сөзсіз — мұны империалистік соғыс дәлелдеді. Капитализмнің дағдарысы күшейіп, бүкіл дүние жүзінде ыдыраудың барған сайын кеулей түсіп отырғанын, тек Россияда ғана баянды да байыпты жақсаруға қарай өрлеу басталғанын әрбір ай дәлелдеп отыр.

Концессионерлер жұмысшылар арасында араздық туғызу мақсатымен өз жұмысшыларын жақсы жағдайларға қоюы мүмкін.

Мұнымен біздің жұмысшылардың арасында араздықты күшейте алмайсың, біз әлдеқайда күштірек болып алдық.

Концессионерлер территориясында кәсіптік ұялар ұйымдастырыла ма?

Концессионерлер шаруашылық жағынан ғана пайдаланатын болады, ал өкімет орындары мен заңдар сол советтік күйінде қалады.

Советтік мемлекеттік системаны бұрмалау, капиталистік тәртіп енгізу қаупінен бізді қорғайтын кепілдік шарттарды көрсетуге болмас па екен.

Бұл шарттар — РСФСР заңдары. Егер контрагент бұл заңдарды бұзса, біздің шартты бұзуға правомыз бар.

Камчатканы концессияға беру жөнінде американ империалистерімен жасалатын шарттың бастапқы жобасының мәні неде?

Концессия мерзімінің ұзақтығы 50—60 жыл екенін мен айтып өттім. Біз өнімнің белгілі бір үлесін аламыз, олар мұнай көзіне жақын жердегі шығанақта әскери және теңіз базасын жасауға право алады.

Сіз концессияларды Германия сияқты езілген елдердің капиталистеріне берудің басқа елдерге беруден гөрі зор маңызы бар дедіңіз. Бірақ сіз езілген елдердің капиталистері концессияны алып, еліпің экономикалық жағдайын көтеретініне, мұның ол елде революцияны қашықтатып жіберуі мүмкін екендігіне қалай қарайсыз?

Халықаралық жағдай революциялық мағынада алғанда Советтік Россияның басқа, капиталистік елдермен күресі төңірегінде өтіп жатады. Советтік Россияны нығайтып, оны жеңілмейтін ету — бұл басты нәрсе, бұл езілген және отар елдердің күресімен байланысты.

Түркістан мақтасы концессияларда қандай роль атқарады?

Түркістан мақтасын беру туралы әзір әңгіме болған жоқ, бұл жайында мәселе талқыланған емес.

Өнеркәсіп орындарын қалпына келтіруге концессиялар беріле ме және концессиялық шартпен темір жолдар беріле ме?

Ондай жағдайлар болмайды, темір жолдар тұтас бірыңғай кәсіпорын болып табылады.

Қасапханаларды концессияға беру туралы мәселе көтерілген жоқ па?

Естігенім жоқ.

Концессияларға қарсы жергілікті жерлердегі наразылықтардан әсте дұрыс пиғылдар емес, қайта деревняның мығым усақ буржуазиялық тобы мен қала мещандарының патриоттық сезімдері барынша айқын байқалып отыр.

Россияны шетелдіктерге бергеннен гөрі үш жыл бойы ашыққанды артық санайтын адамның патриотизмі — нағыз патриотизм, бұл патриотизм болмаса, біз үш жыл бойы төтеп бере алмаған болар едік. Бұл патриотизм болмаса, біз Совет республикасын қорғап, жеке меншікті жоюға қол жеткізе алмаған болар едік және өзіміздің қазіргідей 300 миллион пұт азық-түлік салымын алуымызға қол жеткізе алмаған болар едік. Бұл — ең жақсы революциялық патриотизм. Ал кулактар үш жыл ашығуға бар, бірақ кулактың өзіне де бірдемелері тиіп қалатын шетел капиталистерін жібермейді деу — дұрыс емес. Әңгіме кулактар туралы емес, партияда жоқ орта шаруа туралы болып отыр.

Америка мен Жапония арасында болуы ықтимал деп жорамалданып отырған соғысқа байланысты Жапонияның біздің Советтік Россияға елеулі шабуыл жасауы мүмкін деп қауіптенуге тура келмей ме? Онда қалай ету керек? Біз нақты күш ретінде империалистік Американың көмегін пайдаланып, онымен одақтасып, Жапониядан қорғанатын боламыз ба?

Әрине, қорғанатын боламыз және социалистік республиканы нығайту үшін бір империализмге қарсы басқа бір империализммен одақтасу принцип жағынан жол берілмейтін нәрсе болып табылмайтынын талай рет айтылған. Жапонияның Советтік Россияға шабуыл жасауы қазір бұдан бір жыл бұрынғыдан әлдеқайда қиындап отыр.

**Антантаның Түркия жөніндегі саясатын және біздің арақатынасымызды түсіндірсеңіз екен.**

Бұл мәселе туралы, әрине, ресми баяндамада ашық айту ыңғайсыз, өйткені бұл арада қатынастар өте-мөте шатысып отыр. Бұл арада барлық нәрсе апатқа ұшырау қарсаңында тұрған буржуазиялық Грузиядағы қатынастардың шытырман шырғалаңына байланысты. Бұл мәселеге назар аударушы жолдастар «Правданың» редакторы, жақында Грузияда болып қайтқан Мещеряков жолдастың баяндамасын зейін қоя тыңдап, зор мағлұмат алады деген сенімдемін; Мещеряков онда айлап болмаса да, бірнеше апта болып, меньшевиктердің үстемдігі туралы өте-мөте көңіл қоярлық материалдар әкелді. Грузия апатқа ұшырау қарсаңында тұр. Түркия шабуылы бізге қарсы бағытталған еді. Антанта бізге ор қазған еді, бірақ оған өзі түсіп қалды, өйткені біз Советтік Арменияны алдық.

Түркияда өкімет басында бізді Антантаға сатып жіберуге әзір тұрған кадеттер, октябристер, ұлтшылдар отыр. Бірақ мұны істеу барынша қиын, өйткені түрік халқы Антанта тарапынан болып отырған сұмдық езгіге әбден ашынулы, сондықтан Советтік Россияға деген тілектестік өсе түсуде, бұл тілектестік біз тәуелсіз Азербайжан республикасына мұсылман шаруаларын азат ету ісін дұрыс жүргізуге негұрлым көп көмектескен сайын соғұрлым тез өсе түсуде, ал мұсылман шаруалар помещиктерді қуып шықты, бірақ жерді өз қолына алуға қорқады, бұлар біраз уақыт өткеннен кейін қорқуын қояды; ал олар жерді өз қолына алған кезде, түрік помещигі ұзақ отыра алмайтын болады.

Біздің өз басымыз Кавказда өте-мөте бейбітшіл болып келдік және солай бола да береміз, сондықтан кавказдық жолдастардың есіне салатыным, біздерді соғысқа киліктіруі мүмкін титтей де болсын абайсыздыққа жол бермейміз. Біздің бейбітшіл саясатымыздың осыған дейін сәтті болып келгені соншалық — Антанта күйіп-пісуде, бізге қарсы батыл шаралар қолдануда, бірақ бұлары өздеріне барып тиіп жатыр.

**Бұдан әрі Грузияның жайы қалай болады?**

Мұны тіпті мұсылмандардың Алла тағаласы да білмейді, бірақ егер ұстамды болсақ, біз ешбір қауіп-қатерсіз бірдемелерге ие бола аламыз.

Камчаткадан басқа концессияға берілмек басқа объектілер болды ма деп сұрайды. Вандерлиппен басқа ешқандай концессия болған жоқ.

Материалдарды таратып беру жөнінде. Оларды таратып беруге болмайды, ойткені, біріншіден, баспаханалар бос емес, екіншіден, біздің ойлаған ойымызды болдырмай тастағысы келіп отырған шетелге бұл материалды алуға мүмкіндік бермеу керек. Ал біз әлі бірде-бір концессияны әзір бергеніміз жоқ, бірде-бір шарт жасасқанымыз жоқ, сондықтан әуелі шарт жасасу керек, содан соң барып қауіп туралы сөз ету керек. Әзірге біздің қолымызда еш нәрсе жоқ және де жартылай жария жағдайда әрекет жасап отырмыз.

Егер: а) концессионерлер РСФСР заңдарын бұзатын болса, б) концессионер окілі болып табылатын мемлекетпен соғыс бола қалса, және в) басқа мемлекеттермен соғыс бола қалса, концессиялар жөніндегі, сондай-ақ концессионерлер жүргізген жұмыстар мен құрылыстар жөніндегі мәселе қалай болады?

Концессионерлер шартты бұзған жағдайда олар РСФСР заңдары бойынша сотқа берілетін болады. Соғыс болған жағдайда концессиялық шарт бұзылады, ал мүлік әскери тәртіп бойынша РСФСР-дің қарамағына түседі.

Шетелге қашып кеткен орыс буржуазиясы концессияларды пайдалануға өз капиталымен қатысуы мүмкін ғой. Шетел капиталы фирмасын жамылғы еткен ескі қожайындар болып шығып жүрмей ме?

Егер ескі қожайын шетел капиталы фирмасын жамылғы етіп, Европалық Россияның солтүстік ормандарын аралап өтсе, онда бұл қорқынышты емес. Бізде Мәскеуның орталығында да көптеген ескі қожайындар табылады. Сондықтан мұнда келетін барлық шетелдіктердің тізімі қолымызда болатын кездегі жағдайлардың қорқынышы біздің кәсіпорындарымызда әрекет жасап отырған және, амал не, әлі есепке алынбаған қожайындардан болатын қорқыныштан мың есе кем болу керек.

**Сіз концессиялардың саяси маңызын айттыңыз және баса корсеттіңіз. Бұл түсінікті. Бірақ провинцияны бәрінен гөрі көбірек толғандырып отырған нәрсе мынау: концессиялар болады екен, сауда қарым-қатынастары да болмақ. Советтік құрылысты іштен ыдыратып, бүлдіруі (бәлкім, жалдаптықтың күшеюі, т. т.) мағынасында мұның Республика үшін қауіп-қатері қандай болады және өзімізді бұдан қалай қауіпсіздендіруге болады?**

Бұл туралы мен айтып өткенмін. Жалдаптық біз үнемі күресіп келген «сухаревка» түрінде бізге аса зор қауіп төндірді. Сухаревканы жойғанмен жалдаптықтың дегенмен қалғандығын және қалғанда ұсақ қожайын бар жердің бәрінде қалғандығын, әрине, біз түсінеміз, ал мұндай қожайындар бізде ондаған миллион. Нағыз қауіп міне осында, ал өзіміз барлық жағынан арнаулы бақылауға алатын ірі капиталда емес. Сонымен бірге мынаны да ұмытпау керек: бізде шарт болады, оны біз әрқашан бұза аламыз, оның бер жағында, ең үлкен қауіп, міндеттеменің орындалмау айыбын төлеуге келіп саяды.

**Айтыңызшы, патшаның борыштары жөнінде мәселе қалай болып отыр, Антанта борыштарды өтемей тұрып, әлендей бір келісімдер жасауға бара ма?**

Англия бізден борыштарды талап етпеуге қазірдің өзінде келісіп отыр, өйткені біз оларға сауда келісімінің жобасын ұсындық. Бұл жоба бойынша қазір сауда келісімдері жасала бастады; ал бұл жоба бойынша біз борыштарды төлеуге міндетті емеспіз. Мен Англия келісіп отыр дедім, ал Францияның келіскісі келмейді. Міне сондықтан біз Францияға принципті тұрғыдан алғанда біз бас тартпаймыз дейміз. Төлемнің дәл мөлшері жайында конференцияда айтатын боламыз, ал бұл конференцияда оларға өздеріңіздің қол сұғуларыңыз арқылы бізге келтірген барлық зияндарыңыз үшін сіздер до жауапты боласыздар деп айтпақпыз. Бұл мәселе жөнінде арнаулы комиссия жұмыс істеуде, алғашқы жасалған есеп бойынша алтынға шаққанда 10 миллиард сом мөлшерінде болып отыр.

*Бірінші рет 1963 ж. «Коммунист» журналының 6-номерінде басылған*

*Стенограмма бойынша басылып отыр*

## 3

## БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ САЯСАТ ТУРАЛЫ 22 ДЕКАБРЬДЕГІ БАЯНДАМАСЫ

(Отырғандар: «Ленин жолдас жасасын!» деп дауыстайды. Ду қол шапалақтау. Ду овация.) Жолдастар, маған үкіметтің сыртқы және ішкі саясаты туралы баяндама жасауға тура келіп тұр. Мен өз баяндамамның міндетін жұмысшы-шаруа өкіметінің тым болмаса ең ірі немесе ең маңызды заң жобалары мен шараларын сіздердің алдарыңызда тізіп көрсету екен деп түсінбеймін. Сондай-ақ осы уақыттың ішіндегі оқиғалар жайын айтып жатудың да сіздер үшін қызығы және оншалықты маңызы болмас-ау деп ойлаймын. Менің ойымша, осы жылдың бізге берген басты-басты сабақтарын қорытып көру керек; бұл жыл да саясаттағы күрт бетбұрыстардың молдығы жөнінен революцияның өткен жылдарынан кем түскен жоқ; содан соң, бір жыл ішіндегі тәжірибенің сабақтарын қорыта келіп, алдымызда тұрған ең бір кезек күттірмейтін саяси және шаруашылық міндеттерімізді шығару керек; Совет өкіметі сіздердің қарауыңызға және бекітуіңізге ұсынып отырған өзінің заң жобалары арқылы да, өзінің қолданып отырған шараларының бүкіл жиынтығы арқылы да бұл міндеттерге қазір бәрінен де көп үміт артып отыр, оларға бәрінен де артық маңыз беріп отыр және олардың орындалуынан өзіміздің шаруашылық құрылысымыздың елеулі табыстарға жетуін күтіп отыр. Сондықтан маған республиканың халықаралық жағдайы туралы және осы өткен жылдың сыртқы саясат жөніндe-

гі басты-басты қорытындылары туралы қысқаша пікірлерімді айтумен ғана шектелуге рұқсат етіңіздер.

Батыс Европаның,— бір ғана Батыс Европаның емес-ау,— капиталистік елдерінің қысым жасауы және тегеурінi арқылы поляк помещиктері мен капиталистерінің бізге соғысты қалай еріксіз әкеп таңғандығын бәріңіз де, әрине, білесіздер. Осы жылғы апрельде Польша үкіметіне ол үшін қазіргіден әлдеқайда тиімді шарттармен бітім ұсынғанымызды сіздер білесіздер; ал біз уақытша бітім жөнінде Польшамен болған келіс сөздерден ешбір нәтиже шықпаған соң ғана, шектен асқан қажеттіліктің қысымшылығынан барып қана соғысуға мәжбүр болдық; алайда, бұл соғыс, әскерлеріміздің соғыстан әбден қажуы салдарынан Варшава түбінде өте ауыр жеңіліске ұшырағанына қарамастан, біз үшін апрельде Польшаға өзіміз ұсынған бітімнен гөрі тиімдірек бітіммен аяқталды. Польшамен алдын ала жасалған бітімге қол қойылды, ал қазіргі кезде түпкілікті бітімге қол қою жөнінде келіс сөздер өтіп жатыр. Бұл келіс сөздердің бітіммен аяқталуына жол бермеу мақсатын көздеп, неғұрлым қасарысқан кейбір капиталистік елдердің қысым жасауы, сонымен қатар орыс ақ гвардияшыларының белгілі бір топтарының қысым жасауы түрінде болатын қауіпті біз өзімізден ешбір жасырмаймыз. Бірақ біз былай деуге тиіспіз: Совет өкіметіне соғыспен қол сұғуға және оны соғыс арқылы басып-жаншуға бағытталған Антантаның саясаты барған сайын күйрей түсуде, сондықтан Совет өкіметі жөнінде сөзсіз жау платформада тұрған мемлекеттердің ішінен біз өзіміздің бейбітшілік саясатымыз жағына қарай аударып әкетіп жатқан мемлекеттердің саны барған сайын көбейе түсуде. Бітім шартына қол қойған мемлекеттердің саны көбейіп келеді, ал жуық арада Польшамен түпкілікті бітім шартына қол қойылуы әбден ықтимал нәрсе, сөйтіп біздің өкіметімізді соғысу жолымен тартып алмақшы болып отырған капиталистік күштердің одағына тағы да бір өте-мөте елеулі соққы беріледі.

Жолдастар, Польшамен соғыста біздің уақытша сәтсіздікке ұшырауымыз және соғыстың кейбір кезеңдерінде біздің жағдайымыздың ауыр болуы бір империалистік

держава[70] ресми түрде таныған және орасан мол көлемде материалдық, әскери және басқа жәрдемдер алған Врангельге қарсы күресуге тура келгендіктен болғанын сіздер, әрине, білесіздер. Сондықтан да соғысты мүмкіндігінше тезірек бітіру мақсатымен Врангельге батыл соққы беру үшін біз әскерлерімізді шұғыл шоғырландыруға тиісті болдық. Қызыл Армияның тіпті әскери мамандар мен беделді адамдар да алынбастай берік деп санаған кедергілер мен бекіністерді қиратып, қандай асқан ерлік көрсеткенін сіздер, әрине, білесіздер. Қызыл Армияның тарихындағы ең жарқын беттердің бірі оның Врангельді түгелдей, үзілді-кесілді және тамаша тез жеңіп шыққандығы болды. Сөйтіп бізге ақ гвардияшылар мен империалистер әкеп таңған соғыс жойылды.

Енді біз өзімізге жақын істі, қажетті істі және бізді көптен бері-ақ өзіне тартып келген істі — шаруашылық құрылыс ісін анағұрлым зор сеніммен, мығымдылықпен, капиталистік қожайындар бұл істі бұрынғыдай оп-оңай болдырмай тастай алмайды деген сеніммен қолға ала аламыз. Бірақ, әлбетте, біз сақ болуға тиіспіз. Біз енді өзімізге қарсы соғыс болмайтынына кепілдік бар деп тіпті де айта алмаймыз. Ал кепілдіктің бұл жетіспеушілігі тіптен де бізде формальды бітім шарттарының әлі де жоқтығынан емес. Врангель армиясының қалдықтары жойылып бітпегенін, олардың жасырынып жатқан жері тым алыс емес екендігін, оларды қамқорлыққа, қанат астына алушылар барын және де капиталистік державалардың көмегімен қайтадан қалпына келтіріліп жатқанын, ақ гвардияшыл орыс ұйымдарының тағы да қайсыбір әскери бөлімдер құруға әрекет жасау үшін, оларды Врангельдің қалған күштерімен біріктіріп, қолайлы кезеңде Россияға тағы да шабуыл жасауға әзірлеп қою үшін бар күшін сала жұмыс істеп жатқандығын біз өте жақсы білеміз.

Сондықтан біз әскери даярлығымызды әрқашан да сақтап тұруға тиіспіз. Империализмге берілген соққыларға сеніп қалмай, біз өзіміздің Қызыл Армиямызды қайткен күнде де барынша жауынгерлік дайындықта ұстауымыз керек, оның жауынгерлік қабілетін күшейте түсуіміз керек. Армияның белгілі бір бөлегін босатып,

оны тез демобилизациялау ісінің бұған, әрине, бөгеті болмайды. Біз Қызыл Армия мен оның басшыларының соғыс кезінде алған орасан мол тәжірибесі ендігі жерде Қызыл Армияның сапасын жақсартуға жәрдемдеседі деп есептейміз. Және біз армияның санын азайтқанда оның негізгі ұйтқысын, оны ұстауға жұмсалатын шығын жөнінен республикаға оншама ауыртпалығы түспейтін ұйтқысын сақтап қалатын боламыз, сонымен қатар саны жағынан азайтылған армияның тұсында біз қажет болған кезде тағы да оны қалпына келтіру және бұрынғыдан да мол әскери күшті мобилизациялау мүмкіндігін бұрынғыдан да жақсы қамтамасыз ететін боламыз.

Және біз мынаған да сенімдіміз: ақ гвардияшылардың бізге қарсы заговорларын қолдаудың өзінен-ақ көп шығынға ұшыраған көршілес мемлекеттердің бәрі де тәжірибеден туған талассыз сабақты жеткілікті түрде ескерді және біздің татулықты қалайтын ниетімізді тиісінше бағалады; бұл ниетімізді жұрт біздің әлсіздігіміздің белгісі деп түсінген еді. Біз бейбітшіл пиғылда барынша берік тұратындығымызды білдірген кезде, біздің сонымен бірге әскери тұрғыдан да дайын екендігімізге ол мемлекеттердің үш жылдық тәжірибеден кейін көзі жетуге тиісті еді. Сондықтан бізге қарсы жасалған соғыс әрекетінің қандайы болса да мұндай соғысқа тартылатын мемлекеттер үшін өздерінің соғыссыз және соғысқа дейінгі болатын жағдайларын, соғыстың нәтижесінде және соғыстан кейін болатын жағдайларымен салыстырғанда, нашарлатып алу болып шығады. Бұл бірнеше мемлекет жөнінде дәлелденген нәрсе. Бұл да біздің жеңісіміз, біз осынымыздан таймаймыз және біздің айналамызда отырған немесе саясат жағынан Россиямен жақындасқан державалардың бірде-бірі мұны ұмытпайды. Осының арқасында көршілес мемлекеттермен біздің қатынастарымыз ұдайы жақсаруда. Россияның батыс шекарасындағы мемлекеттердің, бұрын Россия империясының құрамында болған және біздің саясатымыздың негізгі принциптеріне сәйкес Совет өкіметі олардың тәуелсіздігін және суверендігін сөзсіз таныған мемлекеттердің бірқатарымен бітімге біржолата қол қойылғанын

сіздер білесіздер. Осындай негіздерде жасалған бітімнің капиталистер мен батыс европалық мемлекеттердің кейбіреулерінің тілегеніндей емес, негұрлым баянды болуына барлық мүмкіндік бар.

Латвия үкіметі жөнінде мен мынаны айтуға тиіспін: бір кезде арамыздағы қатынас нашарлап кететіндей қауіп туып, тіпті дипломатиялық қатынастарды тоқтату туралы ой туғызу мүмкіндігіне дейін барып еді. Бірақ Латвиядағы біздің өкіліміздің нақ соңғы баяндамасы мынаны көрсетіп отыр: қазірдің өзінде саясатта өзгеріс болды, арадағы түсініспеушіліктердің көбі, наразылық туғызған заңды себептердің көбі жойылды. Таяу уақыттың ішінде Латвиямен біздің тығыз экономикалық қарым-қатынаста болатындығымызға айтарлықтай сенім бар; Батыс Европамен товар айырбасында Эстониядан гөрі және РСФСР-мен шектес басқа мемлекеттерден гөрі біз үшін Латвия, әрине, бұрынғыдан да пайдалы болатыны түсінікті.

Жолдастар, мен сонымен қатар осы жылы біздің Шығыстағы саясатымыздың үлкен табыстарға жеткендігін айта кетуім керек. Өзінің толық тәуелсіздігін қалпына келтіріп қана қоймай, сонымен бірге өкіметті жұмысшылар мен шаруалардың қолына алған Совет республикаларының — Бұхара, Азербайжан және Армян республикаларының құрылып, нығайғандығын біз құттықтауға тиіспіз. Совет өкіметі идеялары мен принциптерінің өнеркәсібі дамыған, әлеуметтік тірегі пролетариат болып табылатын елдерде ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік негізі шаруалар болып табылатын елдерде де қолдау таба алатындығын және олардың дереу жүзеге аса алатындығын бұл республикалар дәлелдеп, растап отыр. Шаруа Советтерінің идеясы жеңіп шықты. Өкіметті шаруалардың қолына алуы қамтамасыз етілді; жер, өндіріс құрал-жабдықтары осылардың қолында. Шаруа-советтік республикалары мен Россия социалистік республикасының арасындағы достық қатынастар қазірдің өзінде-ақ саясатымыздың практикалық нәтижелерімен баянды етіліп отыр.

Біз Персиямен арадағы шартқа қол қойылғалы тұрғанын да құттықтай аламыз[71]; бұл елмен достық қатынас

империализм езгісінің тауқыметін тартқан барлық халықтардың түбегейлі мүдделерінің қабысуымен қамтамасыз етіліп отыр.

Сонымен қатар біз Ауғанстанмен, әсіресе Түркиямен достық қатынасымыздың да барған сайын жақсарып, нығайып келе жатқандығын айта кетуіміз керек. Бұл соңғы аталған держава жөнінде Антанта елдері Түркия мен батыс-европалық елдердің арасында азды-көпті дұрыс қатынасты болғызбау үшін қолдарынан келгенінің бәрін істеп бақты. Бұл жағдай, Совет өкіметінің нығаюына байланысты, барған сайын мынаны қамтамасыз етіп отыр: буржуазияның бүкіл қарсылық әрекеттеріне, барлық әзәзілдіктеріне қарамастан, Россияның айпаласында буржуазиялық елдердің сақталып қалуына қарамастан,— езілген шығыс ұлттарының Россиямен арадағы одағы және достық қатынастары нығаюда, өйткені жеңушілер қатарына ене алмай қалған халықтар жөніндегі империалистік зорлық-зомбылық бүкіл саясаттағы ең басты факт болып табылады, ал империализмнің осы дүние жүзілік саясаты барлық езілген халықтарды озара жақындасуға, одақтасуға, достасуға итермелейді. Сондықтан бұл жағынан біздің Батыста да неғұрлым европаланған мемлекеттер жөнінде қолымыз жеткен табысымыз сыртқы саясатымыздың шын негіздері дұрыстығын және біздің халықаралық жағдайымыздың берік негізде жақсарып келе жатқандығын корсетеді. Мемлекеттердің бірі болмаса бірін бізбен жанжалдастырып қоюға, әрине, қашан да болса шамасы келетін империалистердің барлық әзәзілдіктері мен арам ниеттеріне қарамастан, осылардың бәріне қарамастан, біз өз тарапымыздан бейбітшіл саясатымызды бұдан былай да жүргізіп отырған жағдайда, өзіміз икемділік көрсетіп отырған жағдайда (ал біз соғысты болғызбау үшін икемділік көрсетуге тиіспіз) саясатымыздың негізгі бағыты және империалистік саясаттың мәнінің өзінен туатын негізгі мүдделер дегеніне жетпей қоймайды және РСФСР-ді төңірегіндегі көбейе түсіп отырған көршілес мемлекеттермен тығыз байланыста болуға біртіндеп итермелей береді, біз бұған сенеміз. Ал бұл —біздің шаруашылық құрылыс ісіне түбегейлі кірісе алатынымыздың, неғұрлым ұзақ уақыт

бойы тыныш, табанды түрде және сеніммен жұмыс істей алатынымыздың кепілі.

Сондай-ақ мен қазіргі уақытта Англиямен сауда келісіміне қол қою туралы келіс сөздер жүріп жатқандығын айтуға тиіспін. Амал не, бұл келіс сөздер, біздің тілегеніміздей емес, әлдеқайда ұзаққа созылып кетіп отыр, бірақ бұл жөнінде біз мүлде кінәлы емеспіз. Июльдің өзінде-ақ, совет әскерлерінің ең көп табысқа жеткен кезінде, ағылшын үкіметі сауда қатынастарын жасасу мүмкіндігін қамтамасыз ететін келісім текстін бізге ресми түрде ұсынған болатын, біз оған толық келісім білдіріп жауап қайтарған едік, бірақ содан бері ағылшын үкіметі мен ағылшын мемлекеті ішіндегі ағымдар күресі бұл іске бөгет жасап келеді. Біз ағылшын үкіметінің қобалжығанын, бізбен қарым-қатынасты мүлдем үзіп, Петроградқа дереу флот жібереміз деген қоқан-лоқыларын көріп отырмыз. Біз мұны көрдік, бірақ біз сонымен бірге, бұл қоқан-лоқыға жауап ретінде бүкіл Англияда «Қимыл комитеттерінің» қаптап кеткенін де көрдік. Біз оппортунистік бағыттың ең нағыз жақтастары мен олардың көсемдері жұмысшылардың қысымымен өздері күні кеше жазғырып келген мүлдем «конституциялық емес» саясат жолына келіп түсуге тиісті болғанын көрдік. Ағылшын кәсіптік қозғалысында осыған дейін бел алып келген барлық меньшевиктік соқыр сенімдерге қарамастан, еңбекші бұқараның тегеуріні мен саналылығының күші өзіне жол салып алғаны соншалық, империалистердің соғысқұмарлық саясатының екпінін тойтарып отыратын болып шықты. Бейбітшіл саясатты жүргізе отырып, біз қазір де ағылшын үкіметінің сол июльде ұсынған жобасынан қашпаймыз. Біз сауда келісіміне дереу қол қоюға әзірміз, ал егер осыған дейін оған қол қойылмай келген болса, онда бұған тек ағылшын билеуші топтарының ішіндегі ағымдар мен ықпалдар ғана айыпты; олар сауда келісімін болдырмай тастағысы келеді, олар жұмысшылар көпшілігінің тілегіне ғана емес, тіпті ағылшын буржуазиясы көпшілігінің де тілегіне қарамастан, Советтік Россияға емін-еркін шабуыл жасауға тағы да бір мүмкіндік алмақшы. Бұл олардың ісі.

Англияның кейбір ықпалды топтарында, финанс капиталы мен империалистер топтарында мұндай саясат неғұрлым ұзаққа созыла берген сайын, бұл саясат олардың финанс жағдайын соғұрлым шиеленістіре түседі, қазіргі кезде буржуазиялық Англия мен Совет республикасының арасында қажет болып отырған жартылай келісімді ол соғұрлым кешеуілдете түседі, кейіннен жартылай келісімді емес, толық келісімді қабылдауға тиіс болатын жағдайға империалистерді соғұрлым жақындата түседі.

Жолдастар, мен Англиямен осы сауда келісімін жасасуға байланысты біздің экономикалық саясатымыздағы ең ірі мәселелердің бірі болып табылатын мәселенің тұрғандығын айта кетуге тиіспін, бұл — концессиялар туралы мәселе. Совет өкіметінің есеп беріліп отырған уақыттың ішінде қабылдаған аса маңызды заңдарының қатарына жататын заңның бірі — осы жылы 23 ноябрьде қабылданған концессиялар туралы заң. Сіздердің бәріңіз де бұл заңның текстімен, әрине, таныссыздар. Қазір Советтер съезінің барлық мүшелеріне бұл мәселе жөнінде барынша толық түсінік беретін қосымша материалдарды жариялап отырғанымызды сіздер бәріңіз де білесіздер. Біз бұл декреттің тексті ғана емес, сонымен бірге концессиялардың басты-басты объектілерінің, атап айтқанда — азық-түлік, орман және кен объектілерінің тізімі де қоса берілген жеке кітапша жарияладық. Біз бұл декреттің текстінің жариялануы Батыс европалық мемлекеттерге неғұрлым тез барып жетуіне шаралар қолдандық, сойтіп біз концессиялар жөніндегі саясатымыз практикалық жағынан да ойдағыдай болады деген үміттеміз. Социалистік Советтік республикада, ал оның үстіне әлсіз, артта қалған елде, осы саясатқа байланысты туатын қауіп-қатерлерді біз өзімізден ешбір жасырмаймыз. Біздің Советтік республика бүкіл капиталистік дүниедегі жападан-жалғыз шеткері аймақ болып қалып отырғанда экономикалық жағынан біз толық тәуелсіз боламыз екен деп, белгілі бір қауіп-қатерлер жойылады екен деп ойлауымыз барып тұрған кісі күлерлік қиялшылдық және утопизм болған болар еді. Әрине, мұндай түбегейлі қарама-қарсылықтар әзірге қалып отырған-

да,— қауіп-қатерлер де қала береді, бұлардан ешқайда қашып құтыла алмайсың. Осыларды бастан кешіру үшін біз тек табанды болуымыз керек, маңызы зор қауіптерді маңызы аз қауіптерден айыра білуіміз керек және маңызы кішірек қауіптерге тәуекел етіп, зор қауіптерден құтыла білуіміз керек.

Жуырда Нижний Новгород губерниясының Арзамас уездік Советтерінің съезінде партияда жоқ бір шаруа концессиялар жөнінде былай депті деген хабар алдық: «Жолдастар! Біз сіздерді Бүкіл россиялық съезге жібере отырып, былай деп мәлімдейміз: біздер, шаруалар, әлі де үш жыл бойы ашығуға, тоңуға, міндеткерліктер, атқаруға әзірміз, тек қана Россия-анамызды концессияларға сата көрмеңіздер». Өте-моте кеңінен таралып отырған бұл тәрізді ниетті мен айрықша қуанышпен құттықтаймын. Менің ойымша, біз үшін ең көрнекі нәрсе мынау: партияда жоқ еңбекшілер бұқарасының арасында, жұмысшылардың ғана емес, сонымен бірге шаруалардың арасында да, осы өткен үш жылдың ішінде капиталистерден азат болуды бәрінен де артық бағалауға мүмкіндік беретін және соған еріксіз итермелейтін, капитализмді қайта орнату мағынасында болуы мүмкін жаңа қауіптері бар қадамның қандайына болсын мейлінше қырағы болуға және соған аса күдіктене қарауға еріксіз итермелейтін саяси және шаруашылық тәжірибе пісіп-жетіліп отыр. Бұл сияқты мәлімдемелерге біздің бар ынтамен ден қоятындығымыз күмәнсыз, бірақ біз мынаны айтуға тиіспіз: Россияны капиталистерге сатып жіберу туралы тіпті де сөз болып отырған жоқ, әңгіме концессиялар туралы болып отыр, оның үстіне концессиялар жөніндегі әрбір шарт белгілі бір мерзіммен, белгілі бір келісіммен шектеліп отыр және әбден ойластырылған, осы съезде және бұдан былайғы түрліше кеңестерде өздеріңізбен бірге отырып, тағы да сан рет ойластырылып, талқыланатын әр алуан кепілдіктермен тиянақталған, сондықтан бұл уақытша шарттар сатып жіберушілікке ұқсамайды. Бұлардың Россияны сатып жіберушілікпен ешбір қатысы жоқ, бірақ бұлар біздің осындай жолмен өзімізге қажетті машиналар мен паровоздарды барынша тезірек алуымызға мүмкіндік табу

үшін капиталистерге жасалған белгілі бір экономикалық кеңшілік болып табылады, ал машиналар мен паровоздар болмаса біз шаруашылығымызды қалпына келтіруді жүзеге асыра алмаймыз. Жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсартуға аз да болса септігі болатын нәрсенің қандайын болса да менсінбеуге біздің правомыз жоқ.

Сауда қатынастарын тез қалпына келтіру үшін мүмкін болған нәрсенің бәрін істеу керек. Ал бұлар, бұл келіс сөздер, қазіргі кезде жартылай жария түрде жүріп жатыр. Машиналар мен паровоздар жөнінде біздің берген заказымыз жетерлік мөлшерден көп төмен жатыр, бірақ біз оларға заказ бере бастадық. Егер біз келіс сөздерді жария жүргізетін болсақ, онда бұл мүмкіндіктерді біз зор көлемде дамыта түсеміз. Өнеркәсіптің көмегімен көп нәрселерге біздің қолымыз жетеді және негұрлым қысқа мерзімнің ішінде жетеді, бірақ бұдан да артық табысқа жеткен күннің өзінде де бұл мерзім жылдар бойына, талай жылдарға созылады. Егер қазір біз соғыста жеңіп шыққан болсақ, бітімге қол жеткізіп отырған болсақ, екінші жағынан, тарих бізге мынаны үйретеді: бірде-бір ірі мәселе, бірде-бір революция бірқатар соғыстарсыз шешілген емес, міне, осыны есте ұстау керек. Ал бұл сабақты біз ұмытпаймыз. Біз қазір көптеген қуатты державаларға бізбен соғыспастай сабақ бердік, бірақ бұл ұзаққа созыла ма, жоқ па, оған кепіл бола алмаймыз. Жағдай аз-мұз өзгерсе-ақ болғаны, империалистік жыртқыштар бізге қайтадан тап бермек, біз осыған дайын болуымыз керек. Осыған дайын тұруымыз керек. Сондықтан ең алдымен шаруашылықты қалпына келтіруіміз керек, оны аяғынан нық бастыруымыз керек. Шаруашылықты жабдықтармен қамтамасыз етпейінше, капиталистік елдерден машиналар алмайынша, мұны тез істеп шыға алмаймыз. Демек, мұндай жағдайда капиталистерден артық пайданы аямау керек, тек шаруашылығымызды қалпына келтірсек болғаны. Жұмысшылар мен шаруалар да құрбандықтан, жоқшылықтан қорықпаймыз деп мәлімдеген партияда жоқ шаруалар сияқты ниетте болуы керек. Олар капиталистердің бізге қол сұғу қаупі

бар екенін біледі де, концессияларға елжірек кісілерше қарамайды, қайта концессияларды аяусыз күресті басқа салаға ғана көшірген соғыстың жалғасы деп түсінеді, буржуазияның ескі капитализмді қайта орнату жөніндегі жаңа әрекеттеріне мүмкіндік туғызатын нәрсе деп түсінеді. Бұл өте тамаша, мұның өзі біздің мүдделерімізді қадағалау және қорғау тек Совет өкіметі органдарының ғана ісі емес, сонымен бірге әрбір жұмысшы мен шаруаның ісі болатындығына бізге кепілдік береді. Сонда біз өз мүдделерімізді қорғау ісін, тіпті концессиялық шарттарды орындаған күнде де, капиталистер өкіметінің қайтып келуі туралы сөз де болмайтындай негізге қоя аламыз, бұған сеніміміз мол; сөйтіп біз бұл қауіпті барынша азайтатын боламыз, мұның қауіптілігі соғыс қаупінен кем болады, мұның өзі соғыстың қайта басталуын қиындатады және біздің негұрлым қысқа мерзімнің ішінде, аз жылдардың ішінде (әңгіме талай-талай жылдар туралы болып отыр) шаруашылығымызды қайта құрып, дамыту мүмкіндігімізді жеңілдете түседі.

Жолдастар, шаруашылық міндеттер, шаруашылық майданы ендігі жерде біздің алдымызда тағы, тағы да ең басты және негізгі майдан ретінде қойылып отыр. Заң материалдары туралы есеп беруіме тура келіп отырған сол материалдарды қарастыра келіп, мен Халық Комиссарлары Советінің де, Қорғаныс Советінің де шаралары мен қаулыларының орасан көпшілігі қазіргі кезде осы шаруашылық қызметке байланысты жекелеген, егжей-тегжейлі шаралар, көбінесе мүлдем ұсақ-түйек шаралар екендігіне көзім жетті. Сіздер, әрине, менен бұл шаралардың тізімін беруді күтіп отырған жоқсыздар. Мұның өзі тым жалықтырып жіберер еді, мүлдем қызғылықсыз болар еді. Мен тек мынаны еске салғым келеді: біздің еңбек майданын осылайша бірінші орынға қою ісіне қайта оралуымыз әсте бірінші рет емес. Бүкіл российлық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылы 29 апрельде алған қарарын еске түсірелік*. Бұл кез бізге таңылған Брест бітімінің Россияны экономикалық жағынан бөлшектеп тастаған кезі еді және мейлінше жырт-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы. 36-том, 299—302-беттер. *Ред.*

қыштық шарттың салдарынан біздің өте-мөте ауыр жағдайларға душар болған кезіміз еді. Сол кезде бейбіт шаруашылық қызметті қайта қалпына келтіруімізге жағдай туғызарлық тыныс аламыз деп есептеуге мүмкіндік бар екені анықталды, сол сәтте-ақ — тыныс алу мерзімінің өте-мөте қысқа болғанын біз қазір біліп отырсақ та — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті өзінің 29 апрельдегі қарарында барлық назарды осы шаруашылық құрылысқа аударды. Әлі күшін жоймаған және біздің заңымыз болып қалып отырған бұл қарар біздің осы міндетке қалай кіріскенімізді және өз жұмысымыз үшін, оны ақырына дейін жеткізу үшін қазір не нәрсеге көбірек назар аударуымыз керек екендігін бағалау үшін дұрыс перспектива береді.

Қазір бізге шұғылдануға тура келіп отырған мәселелердің көпшілігі сол 1918 жылғы апрельде-ақ әбден айқын, тиянақты және әбден батыл қойылғандығы осы қарарды қарастырудан айқын көрініп отыр. Осыны еске түсіре келіп, біз былай дейміз: білім басы — пысықтау. Сондықтан шаруашылық құрылысының осы негізгі ақиқаттарын қазір тағы қайталаудан біз қымсынбаймыз. Біз бұларды әлі де талай рет қайталаймыз, бірақ 1918 жылғы дерексіз принциптер жариялау мен қазір практика жүзінде басталып отырған шаруашылық жұмыстың арасында қандай айырмашылық бар екенін қарап көріңіздерші. Сонымен, орасан зор қиыншылықтарға және жұмысымыздың әрдайым тоқтап қалып отырғанына қарамастан, біз шаруашылық міндеттерді практика жүзінде қою ісіне неғұрлым нақты тұрғыдан барған сайын жақындап келеміз. Біз әлі де талай рет қайталаймыз. Сан рет қайталамайынша, бірсыпыра реттерде кейін қарай оралмайынша, сынап-байқамайынша, жекелеген түзетулер енгізбейінше, жаңа тәсілдер қолданбайынша, артта қалғандар мен даярлығы жоқтарды сендіру жолында күш салмайынша құрылыс ісі мүмкін емес.

Қазір саяси кезеңнің бүкіл түйіні мынада: біз нақ бетбұрыс, өтпелі кезеңді, кейбір бұралаң жолды,—соғыстан шаруашылық құрылысқа көшіп отырған кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Мұның өзі бұрын да болған,

бірақ мұндай кең көлемде болған емес. Мұның өзі Совет өкіметінің жалпы саяси міндеттерінің қандай екендігін, бұл өтпелі кезеңнің өзіндік ерекшелігі неде екендігін бізге ескерткен үстіне ескерте түсуге тиісті. Пролетариат диктатурасы табысты болды, өйткені ол күштеу мен сендіруді ұштастырып жүргізе білді. Пролетариат диктатурасы күштеуден, мемлекеттік күштеуді қатал, батыл, аяусыз түрде қолданудан қорықпайды, өйткені капитализмнің езгісін басқадан гөрі көбірек шеккен алдыңғы қатарлы таптың мұндай күштеуді жүзеге асыруға правосы бар, өйткені ол мұны барлық еңбекшілер мен қаналғандардың мүдделері үшін жүзеге асырады және оның қолында күштеу мен сендіру құралдары, құралдар болғанда бұрынғы таптарда насихат пен үгіт ісін жүргізудің материалдық мүмкіндігі біздерге қарағанда әлдеқайда мол бола тұрса да, олардың бірде-бірінің қолында болып көрмеген құралдар бар.

Егер біздің үш жылдық тәжірибеміздің қорытындысы туралы (өйткені кейбір негізгі пункттер жөнінде бір жылдың қорытындысын шығару қиын) сұрақ қоятын болсақ, егер өзімізден анағұрлым күшті жауды жеңіп шығуымыздың түптеп келгендегі себебі неде деп өзімізге өзіміз сұрақ қоятын болсақ, оған былай деп жауап беруімізге тура келеді: Қызыл Армияны ұйымдастыруда жұмысшылар мен еңбекші шаруаларды барлық қанаушыларға қарсы одақтастыру ісіндегі пролетарлық басшылықтың дәйектілігі мен беріктігі тамаша жүзеге асырылды. Бұл қалайша жүзеге асырылды? Шаруалардың орасан көп бұқарасының бұған осыншалық ынтасымен барғаны неліктен? Барғап себебі —басым көпшілігі партияда жоқтар бола отырып, олардың Совет өкіметін қолдаудан басқа құтылар жолы жоқ екендігіне көздері жетті. Олардың бұған, әрине, кітаптап оқып көзі жеткен жоқ, насихат арқылы көзі жеткен жоқ, тәжірибе арқылы көзі жетті. Оларды азамат соғысының тәжірибесі сендірді, атап айтқанда — ұсақ шаруа шаруашылығының белгілі бір негізгі сипаттарына анағұрлым жақып тұрған біздегі меньшевиктер мен эсерлердің одағы арқылы көзі жетті. Бұл ұсақ жеке меншікшіл партиялардың помещиктермен және капиталистермен одағы-

ның тәжірибесі, сондай-ақ Колчак пен Деникиннің тәжірибесі ешқандай аралық жолдың болуы мүмкін еместігіне, советтік турашылдық саясаттың дұрыс екендігіне, пролетариаттың темірдей берік басшылығы шаруаларды қанау мен зорлық-зомбылықтан құтқаратын бірден-бір құрал екендігіне шаруалар бұқарасының көзін жеткізді. Біз шаруаны осыған сендіре алғандықтан ғана, міне, сондықтан ғана осы берік және сөзсіз сенімге негізделген біздің күштеу саясатымыз осыншалық зор табысқа жетті.

Енді біз мынаны есте ұстауымыз керек: еңбек майданына көшкен кезде сол міндет біздің алдымызға жаңа жағдайда, неғұрлым кең көлемде қойылатын болады, бірақ біздер ақ гвардияшыларға қарсы соғыстар жүргізген кезімізде, жұмысшы-шаруа бұқарасының — басқа мемлекеттерде ешбір соғыстардың тұсында болып көрмеген және бола алмайтын — ынта-жігер көрсеткенін және күш-жігер жұмсағанын көрген кезімізде, біздің алдымызда тұрған да сол міндет болатын. Әлгіде ғана мен сөзін келтіріп өткен Арзамас шаруасы сияқты, партияда жоқ шаруалардың, шынында, өмірді байқап, танысулары нәтижесінде қанаушылардың мейірімсіз жау екендігіне, оларды езіп-жаншып тастау үшін қатал өкіметтің керек екендігіне көздері жетті. Соның арқасында біз соғысқа саналы түрде қарауға, оған белсене көмек көрсету ісіне бұрын болып көрмеген дәрежеде көптеген халық бұқарасын тарттық. Партияда бар жұмысшылар мен партияда жоқ жұмысшылардың және партияда жоқ шаруалардың (шаруалардың көпшілігі партияда жоқ қой) бәрінің түгелдей соғыста жеңуге соншалықты тілектес болуы, оны түсінуі Совет өкіметі тұсындағыдай ешбір саяси режимнің тұсында тіпті оннан біріндей де болып көрген емес. Күшті жауды біздің неліктен жеңіп шыққандығымыздың негізі, сайып келгенде, осында болды. Осы арада марксизмнің ең терең мәнді, сонымен бірге ең қарапайым әрі түсінікті қағидаларының бірі расталып отыр. Тарихи қимылдардың ауқымы неғұрлым зор болса, өрісі неғұрлым кең болса, бұл қимылдарға қатысушы адамдардың саны да соғұрлым көп болады, ал, бұған керісінше, біздің жүр-

гізгелі отырған қайта құру ісіміз неғұрлым терең болған сайын оған ден қоюшылықты, саналылықпен қараушылықты соғұрлым арттыра түсуіміз керек, жаңадан миллиондаған және он миллиондаған адамдарды мұның қажеттілігіне сендіре түсуіміз керек. Сайып келгенде, біздің революцияның барлық басқа революцияларды әлдеқайда артта қалдырып кеткен себебі — біздің революция Совет өкіметі арқылы мемлекеттік құрылыс ісіне ондаған миллион адамдарды белсене қатысуға көтерді, ал бұрын бұл адамдар осы құрылыс ісіне мүдделі болмай келген еді. Енді біз алдымызға қойылып отырған жаңа міндеттер туралы мәселеге, Совет өкіметінің ондаған, жүздеген жеке қаулыларында осы уақыт ішінде сіздердің алдарыңыздан өткен, Еңбек және Қорғаныс Советі жұмысының оннан тоғызын алған (бұл туралы кейін айтуға тура келеді) және, сірә, Халық Комиссарлары Советі жұмысының жартысынан көбін алған міндеттер туралы мәселеге—шаруашылық міндеттер туралы мәселеге: бірыңғай шаруашылық жоспар жасау туралы, Россия экономикасының түп негіздерінің өзін, ұсақ шаруа шаруашылығының түп негіздерінің өзін қайта құру туралы мәселеге осы жағынан келеміз. Бұл міндеттер — кәсіподақ мүшелерінің бәрін түгел осы мүлдем жаңа іске, капитализм тұсында оларга жат болып келген іске тартуды талап ететін міндеттер. Енді мынадай сұрақ қойыңыздар: бұл арада соғыс уақытында қалыптасқан, жедел сөзсіз жеңіп шығу жағдайы, бұқараны жұмысқа тартуда көрінген жағдай бар ма. Шаруашылық құрылыстағы біздің жаңа тәсілдеріміздің, біздің ұлы міндеттеріміздің қажет екендігіне олардың, кәсіподақ мүшелері мен партияда жоқтар көпшілігінің, көздері жетті ме, осының бәріне олардың көздері жеткенде: соғыс үшін бәрін де беру, соғыс майданында жеңіп шығу үшін бәрін де құрбан ету керек екендігіне көзі жеткендігіндей дәрежеде көздері жетті ме? Егер сұрақ осылай қойылатын болса, онда сіздер: көздері жетпегендігінде күмән жоқ деп жауап қайтаруға тиісті боласыздар. Олар бұған қажетті дәрежеде көздері жетуден әлі алыс жатыр.

Соғыс жүздеген, мыңдаған жылдардан бері өзінен-өзі түсінікті, үйреншікті іс болған еді. Помещиктік зорлық-зомбылық пен айуандықтың ескі сұмдықтары көз алдында айқын болып тұрғаны сондай, көз жеткізу оңай еді, тіпті өнеркәсіппен байланысы мейлінше аз, неғұрлым астықты аймақтардағы шаруалардың да, тіпті осындай шаруалардың да еңбекшілердің мүдделері үшін соғысып жатқандығымызға көзін жеткізу, сөйтіп бұларды түгелімен дерлік жігерлендіру қиын болмады. Шаруалар бұқарасы мен кәсіптік одақтар мүшелерінің бұл міндеттерді нақ қазір түсінуіне жету, енді ескіше тұруға болмайтындығын, капиталистік қанау ондаған жылдар бойы тамыр жайып қалғанмен де, оны жеңу керек екендігін олардың түсінуіне жету қиынырақ болады. Россияға өзіміз ие екендігімізді, тек біздер, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы, өзіміздің қызметіміз арқылы, өзіміздің еңбектегі қатаң тәртібіміз арқылы тіршіліктің ескі экономикалық жағдайларын тек біздер ғана қайта жасап шыға алатындығымызды және ұлы шаруашылық жоспарды іс жүзіне асыра алатындығымызды жұрттың бәрі түсінуіне жетуіміз керек. Бұдан басқа аман қалар жол жоқ. Біз капиталистік державалардан артта қалып отырмыз және артта қала беретін боламыз; егер біз шаруашылығымызды қалпына келтіруге жетіп алмасақ, онда біз соққы жейтін боламыз. Міне, сондықтан да мен. әлгінде ғана сіздердің естеріңізге салып өткен ескі ақиқаттарды, ұйымдастыру міндеттерінің маңыздылығы туралы, еңбек тәртібі туралы, кәсіптік одақтардың өлшеусіз орасан зор ролі туралы,—кәсіптік одақтардың бұл жөніндегі ролі мүлдем ерекше, өйткені қалың бұқараны біріктіріп отырған бұдан басқа ұйым жоқ,— міне осы ескі ақиқаттарды біз қайталап қана қоймай, сонымен бірге әскери міндеттерден шаруашылық міндеттерге көшудің басталғанын барынша ұғынып алуымыз керек.

Біз соғыс саласында толық табысқа жеттік, ал енді жұмысшылар мен шаруалардың орасан зор көпшілігінің энтузиазмы мен жанқиярлығын керек ететін неғұрлым қиын міндеттер үшін де сондай табысқа жетуді әзірлеуіміз керек. Ұрпақтан ұрпаққа құлдықта болып, езгі ко-

рін, өзіндік әрекет ету атаулының бәрі басып-жаншылған жағдайда болып келген жүздеген миллион адамдарға осы жаңа міндеттерді ұғындыруымыз керек; кәсіподақтардың қатарында бола тұрса да, саяси санасы әлі кем, өздерін қожайынмын деп білуге әдеттенбеген миллиондаған жұмысшылар бар, міне бұларды өкіметке қарсылық жасау үшін емес, қайта өкіметті қолдау үшін, өзінің жұмысшы өкіметінің шараларын дамыта түсу үшін, оларды ақырына дейін жүзеге асыру үшін ұйымдастыруымыз керек. Мұның өзі қиыншылықтарға байланысты міндет, бірақ ол жай тұжырымдау тұрғысынан қарағанда жаңа міндет емес. Алайда қазіргі кезде шаруашылық жөніндегі міндет зор көлемде алғаш рет қойылып отырғандықтан бұл міндет — жаңа міндет, сондықтан шаруашылық майданындағы соғыстың анағұрлым қиын болатынын және анағұрлым ұзаққа созылатынын біз ұғынып алуымыз керек және есте сақтауымыз керек; бұл майданда жеңіп шығу үшін көптеген жұмысшылар мен шаруаларды өздігінен әрекет ете білетін, белсенді және шын берілген адамдарға айналдыру керек. Мұны істеуге болады,— оны біздің шаруашылық құрылыста алған тәжірибеміз дәлелдеп отыр,— өйткені күйзелушіліктің, жалаңаштықтың, аштық пен әр түрлі жоқшылықтардың болуы өндіргіш күштердің жетіспеушілігіне байланысты екенін бұқара анық ұғынып отыр. Біз қазір бүкіл үгіт пен бүкіл насихат жұмысымызды саясат және соғыс мүдделерінен шаруашылық құрылысы жолына көшіруге көңіл бөлуіміз керек. Біз мұны талай рет жарияладық, бірақ бұл әлі жеткіліксіз, сондықтан, меніңше, Совет өкіметінің биылғы жылы жүзеге асырған шараларының ішінде ВЦСПС-тің жанынан Өндірістік насихат жөніндегі орталық бюроның құрылғандығы[72], оның Саяси ағарту бас комитетінің жұмысымен біріктірілгендігі, өндірістік жоспар бойынша құрылған қосымша газеттердің ұйымдастырылғандығы, ол газеттердің назары өндірістік насихатқа аударылып қана қоймайтындығы, сонымен қатар өндірістік насихаттың жалпы мемлекеттік көлемде ұйымдастырылғандығы ерекше орын алады.

Өндірістік насихатты жалпы мемлекеттік көлемде ұйымдастырудың қажеттігі саяси кезеңнің бүкіл ерекшеліктерінен туып отыр. Бұл жұмысшы табы үшін де, кәсіптік одақтар үшін де, шаруалар үшін де қажет; бұл біздің осы мақсат үшін тіпті жеткіліксіз пайдаланылып келген мемлекеттік аппаратымыз үшін ең зор қажеттілік болып табылады. Өнеркәсіпті қалай жүргізу керектігі, бұқараны іске қалай ынталандыру керектігі жөніндегі біздің біліміміз, ол туралы кітаптан алған біліміміз бізде оны практика жүзінде қолдануымыздан мың есе көп. Біз кәсіподақтардың барлық мүшелерінің түгелімен өндіріске мүдделі болуына жетуіміз керек және олар Советтік Россия тек өндірісті кобейте отырып қана, еңбек өнімділігін арттыра отырып қана жеңіп шыға алатындығын естерінде сақтайтын болулары керек. Советтік Россия тек осы жолмен ғана өзінің қазіргі сұмдық жағдайларын, қазір басынан кешіріп отырған аштық пен жалаңаштықты он жылға қысқарта алады. Бұл міндетті түсінбесек, біз бәріміз де құрып кетуіміз ықтимал, өйткені аппаратымыз әлсіз болып шықса, біз шегінуге тисті боламыз, өйткені капиталистер азын-аулақ тыныс алғаннан кейін кез келген уақытта соғысты қайта бастап жібере алады, ал ол кезде біз бұл соғысты жүргізе алмайтын боламыз. Біз ол кезде өзіміздің миллиондаған бұқараның тегеурінін көрсете алмайтын боламыз, сөйтіп біз осы соңғы соғыста талқандалатын боламыз. Мәселе нақ осылай қойылып отыр, ұзақ уақытқа созылған бірқатар соғыстар осы кезге дейін барлық революциялардың, барлық аса ұлы революциялардың тағдырын шешіп келді. Біздің революциямыз да осындай аса ұлы революция болып табылады. Біз соғыстардың бір кезеңінен өттік, енді біз екінші кезеңіне әзірленуге тиіспіз; бірақ бұл кезеңнің қашан келерін біз білмейміз, сондықтан сол кезең келіп жеткенде біз өзімізді лайықты дәрежеде болатын етуіміз керек. Осы себептен де біз күштеу шараларынан бас тартпауға тиіспіз, ал бас тартпау себебіміз біз пролетариат диктатурасын сақтап отырғандығымыздан ғана емес; бұл диктатураны шаруалар бұқарасы да, партияда жоқ жұмысшылар да қазірдің өзінде түсінген, олардың бәрі де біздің пролетариат

диктатурасы туралы біледі және бұл диктатура олар үшін қорқынышты емес, ол оларды қорқытпайды, олар бұл диктатураны тірегіміз, күш-қуатымыз деп біледі, яғни бұл диктатураны помещиктер мен капиталистерге қарсы қоя алатын нәрсеміз деп біледі, мұнсыз жеңіп шығуға болмайды деп есептейді.

Шаруалар бұқарасының әскери міндеттер мен саяси міндеттер жөніндегі қанына, сүйегіне сіңген осы сананы, осы сенімді біз енді шаруашылық міндеттерге көшіруіміз керек. Бұл көшудің, мүмкін, бірден сәті түсе қоймас. Бұл, мүмкін, кейбір ауытқуларсыз және ескі болбырлық пен ұсақ буржуазиялық идеологияның кейбір қайталамаларынсыз бола да қоймас. Бұл жұмысты бұрынғыдан бетер ынталылықпен және жігерлілікпен қолға алуымыз керек, бұл арада мынаны есте ұстауымыз қажет: біз партияда жоқ шаруалардың және кәсіптік одақтардың санасы төмен мүшелерінің көзін жеткіземіз, өйткені шындық біздің жағымызда, өйткені шаруашылық өмірді қалпына келтірмейінше біз өз жауларымызды соғыстардың екінші кезеңінде жеңе алмайтынымызды теріске шығаруға болмайды; біз тек көптеген миллиондардың шаруашылық майданындағы соғысқа неғұрлым саналы қарайтын болуына жетуіміз керек. Өндірістік насихат жөніндегі орталық бюроның міндеті міне осында, ВЦСПС-тің міндеті міне осында, барлық партия қызметкерлерінің міндеті міне осында, Совет өкіметінің қандай да болсын барлық аппараттарының міндеті міне осында, өзімізді дүние жүзілік табыстарға жеткізген біздің бүкіл насихатымыздың міндеті міне осында, өйткені біздің насихат бүкіл дүние жүзінде жұмысшылар мен шаруаларға қашан да шындықты айтып келді және айтып отыр, ал барлық басқа насихат оларға өтірік айтады. Енді біз өзіміздің насихатымызды анағұрлым қиын арнаға — жұмысшылардың шеберханадағы күнбе-күнгі жұмысына қатысты арнаға көшіруіміз керек, бұл жұмыстың жағдайлары қаншама ауыр болғанына қарамастан, жұмысшылар мен шаруаларды өкіметке сенбеушілікке тәрбиелеп келген кешегі күнгі капиталистік құрылыстан есте қалған әсер қаншама күшті болғанына қарамастан, осы арнаға көшіруіміз ке-

рек. Күштерді жаңаша ұштастырмайынша, мемлекеттік бірлестіктердің жаңа формалары болмайынша, осы күштеуге байланысты жаңа формалар болмайынша, біздің бұл батпақтан, шаруашылық күйреудің өзіміз шетіне келіп, таялып тұрған осы тұңғиығынан шыға алмайтынымызға жұмысшылардың да, шаруалардың да көзін жеткізуіміз керек, ал біз бұдан қазірдің өзінде шыға бастадық.

Жолдастар, енді мен шаруашылық саясатымыздың кейбір деректеріне және шаруашылық жөніндегі міндеттерімізге көшемін; бұлар, менің ойымша, қазіргі саяси кезеңнің және біздің алдымызда тұрған жаңа міндетке бүкіл көшудің сипаттамасын береді. Мен ең алдымен өзіміздің аграрлық жобамызды, Халық Комиссарлары Советінің ауыл шаруашылық өндірісін нығайту, дамыту және шаруа шаруашылығына жәрдем беру туралы заң жобасын атап өтуім керек, бұл заң жобасы үстіміздегі жылы 14 декабрьде басылып шықты және оның негіздері туралы жергілікті орындардағы қызметкерлердің бәрі бұдан біраз бұрынырақ осы заң жобасының ең негізгі мәнін баяндап берген арнаулы радио арқылы хабарландырылды.

Істі бірден былай етіп қою керек: бұл заң жобасы,— жергілікті жердің тәжірибесіне сүйеніп (бұл өзі де осыған сүйеніп отыр), жергілікті орындарда мұны қазірдің өзінде-ақ аңғарып отыр,—съезде, сондай-ақ жергілікті атқару комитеттерінің және атқару комитеттері бөлімдерінің өкілдері арасында да мейлінше мұқият талқыланатын болсын. Егіншілік өндірісін көтеру үшін көтермелеу мағынасында ғана емес, сонымен бірге күштеу мағынасында да жәрдем беретін арнаулы және айрықша жігерлі шаралар қолданудың қажет екендігіне күмән келтіретін бірде-бір жолдас енді, сірә, кездесе қоймас.

Біз ұсақ шаруалар елі едік, әлі де солай болып қалып отырмыз, сондықтан коммунизмге көшу біз үшін басқа жағдайлардың қандайындағысынан болса да өлшеусіз қиын. Бұл көшудің жүзеге асуы үшін шаруалардың бұған қатысуы олардың соғысқа қатысуынан он есе артық болуы керек. Соғыс ересек еркек адамдардың біразын керек етті және солай болуға тиіс те еді. Бірақ біз-

дің ел, шаруа елі, қазірде де титықтап отырған ел, жұмысшылар мен шаруалардың әйел, еркегінің бәрін түгел жұмылдыруы керек. Мемлекеттік міндеткерліктің керек екендігіне біздердің, коммунистердің, жер бөлімдері қызметкерлерінің көзін жеткізу қиын емес. Бұл жөнінде сіздердің қарауыңызға ұсынылып отырған 14 декабрьдегі заң жобасын талқылау барысында титтей де принципті алауыздықтар бола қоймас деп мен сенемін. Басқа бір қиыншылықты: партияда жоқ шаруаларды сендіру қиыншылығын түсіну керек. Шаруалар социалистер емес. Демек, біздің социалистік жоспарларымызды жасағанда шаруалар социалистер болып отыр дегенді басшылыққа алып жасау — бекерге әурешілікке түсу деген сөз, өз міндеттерімізді түсінбеу деген сөз, программаларымызды өзіміз душар болып отырған жоқшылық өмірге, тіпті нақырлық өмірге бейімдеуді және бастамаларымызды осыған сәйкес жүргізуді үш жыл ішінде үйренбегендік деген сөз. Бұл жерде алда тұрған міндеттерімізді айқын түсіну керек. Бірінші міндет — жер бөлімдеріндегі коммунист-қызметкерлерді біріктіру, олардың тәжірибесін қорыту, жергілікті орындарда не істелгендігін біліп отыру, содан соң оны мемлекеттік мекемелердің атынан, Советтердің Бүкіл россиялық съезінің атынан орталықта шығарылатын заң жобаларына енгізу. Біз мұны сіздермен бірлесе отырып істеп шығамыз деп сенеміз. Бірақ бұл — тек алғашқы қадам. Ал екінші қадамымыз — партияда жоқ шаруаларды, нақ осы партияда жоқтарды сендіру, өйткені олар — бұқара, өйткені біз істей алатын ісімізді осы бұқараға, өздігінен алғанда белсенді, өздігінен іс істеуге қабілетті бұқараға бұл істі қолға алу қажеттігін ұғындыра түскенде ғана істеуге болады. Шаруа шаруашылығына ескіше тіршілік етуге болмайды. Егер біз соғыстардың бірінші кезеңінен өте алған болсақ, соғыстардың екінші кезеңінен біз олай оңай өте алмаймыз, сондықтан да бұл жағына айрықша назар аудару керек.

Партияда жоқ әрбір шаруа осы күмәнсыз ақиқатты түсінетін болуы керек және ол осыны түсінеді деп біз сенеміз де. Ол осы азапты әрі ауыртпалықты алты жылдың бәрін бастарынан босқа кешірген жоқ. Ол соғыстан

бұрынғы мужикке ұқсамайды. Ол ауыр азап шекті, ол көп ойланды және ескі нәрселердің көбін ұмытуға мәжбүр еткен саяси және экономикалық ауыртпалықтарды басынан көп кешірді. Менінше, ескіше өмір сүруге болмайтындығын, басқаша өмір сүру керектігін енді ол өзі түсініп отыр, сондықтан біз өзіміздің барлық насихат құралдарымызды, өзіміздің барлық мемлекеттік мүмкіндіктерімізді, өзіміздің бүкіл білімімізді, өзіміздің барлық партиялық құралдарымыз бен күштерімізді, осылардың бәрін партияда жоқ шаруаны сендіру ісіне екпінді түрде жұмсауымыз керек, тек сонда ғана біз өзіміздің аграрлық заң жобамызға,—сіздер бұл жобаны, әрине, тиісті түзетулер мен қосымшалар енгізіп, бірауыздан қабылдайсыздар ғой деп сенемін,— шын негіз жасай аламыз. Біз осы іске шаруалардың көпшілігінің көзін жеткізіп, оларды осы іске тартқанда ғана ол өзіміздің саясатымыз сияқты берік болмақ, өйткені — Татар республикасының тәжірибесіне сүйеніп, Кураев жолдастың бір мақаласында әділ айтқаны сияқты,— еңбекші орташа мен кедей — Совет өкіметінің достары, ал жалқаулар — оның дұшпандары. Міне, нағыз ақиқат осы, мұнда социалистік ештеңе де жоқ, бірақ мұның талассыздығы және айқындығы сонша — тіпті селолық жиындардың қандайында болсын, партияда жоқ шаруалар жиналысының қандайында болсын бұл ақиқат жұрттың санасына қона кетеді де, еңбекші шаруа халқы басым көпшілігінің сеніміне айналады.

Жолдастар, қазір біз соғыстар кезеңінен шаруашылық құрылысқа бет бұрып отырған кезімізде мен сіздерге басқадан гөрі мынаны баса айтқым келеді. Ұсақ шаруалар елінде біздің басты және негізгі міндетіміз — ең қажетті, шұғыл, шаруаға әбден қонымды, оған әбден ұғымды шаралардан бастап, шаруа шаруашылығын көтеру үшін мемлекеттік күштеуге көше білу. Ал бұған жаңадан миллиондаған адамдарды, әзірлігі жоқ адамдарды сендіре білген күнде ғана жетуге болады. Бұл іске бар күшті жұмсауымыз керек, жандандырылған. нығайтылған күштеу аппаратымыз сендірудің жаңадан құлаш сермеуіне негізделуіне және осы үшін дамытылуына қамқорлық жасау керек, міне сонда біз бұл соғыс науқа-

нын жеңіспен аяқтайтын боламыз. Қазір шаруалар бұқарасының арасындағы керенаулықтың, қараңғылық пен сенімсіздіктің қалдықтарына қарсы соғыс науқаны басталып отыр. Бұл арада ескі шараларды қолданумен жеңіп шыға алмайсың; ал насихат, үгіт және өзіміз үйренген ұйымдасып ықпал жасау шаралары арқылы біз жеңіске жетеміз, сөйтіп тек декреттер ғана қабылданып қоймай, мекемелер құрылып, қағазбен жұмыс істеуді көбейтіп қана қоймай,— бұйрықтарды тоғыта берудеп шығатын нәтиже аз,— мынаған қол жеткізуіміз керек: көктемде барлық егіске тұқым бұрынғыдан жақсы себілетін болсын, ұсақ шаруа шаруашылығында, мейлі тіпті азын-аулақ болса да,— бұл неғұрлым сақтықпен істелсе, соғұрлым жақсы,— белгілі бір жақсару болатын болсын, бірақ ол қайткен күнде де жаппай көлемде жүргізілуге тиіс. Егер біз міндетімізді дұрыс түсініп, бүкіл назарымызды партияда жоқ шаруаларға аударсақ, үш жылдың ішінде қолымыз жеткен бүкіл өнерімізді, бүкіл тәжірибемізді осыған жұмылдырсақ, сонда біз жеңіп шығамыз. Мұндай жеңіске жетпейінше, ұсақ шаруа шаруашылығын практикалық тұрғыдан жаппай көлемде жақсартпайынша, біздің аман қалар жолымыз жоқ: мұндай база болмайынша ешбір шаруашылық құрылыстың болуы мүмкін емес және қандай бір ұлы жоспарларың болса да ол түк емес. Жолдастардың бәрі осыны естерінде сақтайтын болсын және шаруаларға ұғындыратын болсын; Арзамастың партияда жоқ шаруаларына,— олар он, он бес миллион болар,— мынаны айтатын болсын: үнемі ашығып, жалаңаш болып жүре беруге болмайды, өйте берсек бізді соғыстардың келесі кезеңінде төңкеріп тастайды. Бұл — мемлекет мүддесі, біздің мемлекетіміздің мүддесі. Кімде-кім бұл істе сәл әлсіздік, сәл қырсыздық көрсетсе, ол — жұмысшы-шаруа өкіметіне қарсы барып тұрған қылмыскер, ол адам помещик пен капиталиске жәрдемдеседі, ал помещик пен капиталист армиясын иек астында ұстап отыр, біздің әлсірегенімізді сезсе-ақ болды, бізге тап беру үшін олардың армиясы әзір тұр. Ал күшейіп алу үшін өзіміздің басты тірегімізді — егіншілік пен қалалық өнеркәсіпті көтеруден басқа амалымыз жоқ, ал мұны көтеру керектігіне партияда жоқ шаруаның көзін

жеткізбейінше, барлық күшті соған көмектесуге жұмылдырмайынша, оған осы көмекті іс жүзінде көрсетпейінше, егіншілік пен қалалық өнеркәсіпті өркендетудің басқа жолы жоқ.

Біз өзімізді шаруа алдында борыштымыз деп білеміз. Біз олардың астығын ақша знактарын беріп алдық, біз қарызға алдық, бұл қарызды біз өтеуге тиіспіз және оны өтегенде өнеркәсібімізді қалпына келтіріп барып өтейміз. Бірақ өнеркәсіпті қалпына келтіру үшін ауыл шаруашылық өндірісінің артық өнімдері болуы керек. Міне, сондықтан да біздің аграрлық заң жобамыздың маңызы тек біздің практикалық мақсаттарға жетуіміз керектігінде емес, сонымен бірге, бір нүктеге шоғырланғандай, осының маңына Совет өкіметінің жүздеген қаулылары мен заң жобалары топталып жинақталатындығында.

Енді мен Россияның шаруашылық күштерін қайта құруды бастауымыз үшін біздің өнеркәсіп құрылысына қажет негіздің қазір қалай қалыптасып жатқандығына көшемін. Мен бұл арада ең алдымен, барлық комиссариаттардан өздеріңіз алған немесе бірер күннің ішінде алатын толып жатқан есептердің ішінен біздің Азық-түлік комиссариаты есебіндегі бір жайға назарларыңызды аударуға тиіспін. Таяу күндерде комиссариаттардың әрқайсысы сіздерге толып жатқан нақты есеп материалдарын береді; бұлардың бәрі жиналып келгенде ұшан-теңіз, бірақ осылардың ішінен қаншама қарапайым болғанымен табысқа жетуіміз үшін негұрлым мәнділерін айырып алу керек, өзіміздің бүкіл шаруашылық жоспарымызды жүзеге асыру үшін, өзіміздің халық шаруашылығымыз бен өнеркәсібімізді қалпына келтіру үшін негізгілерін айырып алу керек. Міне, осындай негіздердің бірі — біздің азық-түлік дайындау ісіміздің жайы. Сіздерге таратылып берілген осы кітапшада,— Азық-түлік комиссариатының үш жылдық есебінде,— кішкене бір кесте бар, соның ішінен мен тек қорытынды цифрларды, онда да жинақтап қана оқып өтпекпін, өйткені цифрларды оқып жату, әсіресе оны тыңдау қиын. Бұл цифрлар — жыл сайынғы дайындау қорытындысының цифрлары. 1916 жылғы 1 августан 1917 жылғы 1 авгус-

қа дейін дайындалғаны — 320 миллион пұт, келесі жылы — 50, одан кейінгі жылдарда — 100 және 200 миллион пұт. Бұл цифрлар — 320, 50, 100 және 200— Совет өкіметінің шаруашылық тарихының, Совет өкіметінің шаруашылық саласындағы жұмысының негізін береді, меңгеріп алғаннан кейін өзіміздің құрылыс ісімізді шындап бастайтын ірге тасты әзірлейді. Революцияға дейінгі 320 миллион пұт — шамамен алғандағы осы минимумсыз құрылысты жүргізу мүмкін емес. Революцияның бірінші жылындағы 50 миллион пұттың тұсында — орасан ауыр аштық, жалаңаштық, жоқшылық болды; екінші жылында—100 миллион пұт; үшінші жылында—200 миллион пұт алдық. Жыл сайын екі есе көбейіп отырды. Свидерскийдің маған берген кешегі мәліметі бойынша, 15 декабрьге дейін дайындалғаны 155 миллион пұт болып отыр. Біз көп жағдайда Сибирьсіз, Кавказсыз және Оңтүстік аудандарсыз-ақ азық-түлікпен қамтамасыз етілу міндетін алдымызға қоя отырып, орасан зор күш-жігермен, құлақ естімеген қиындықтармен алғаш рет аяғымызды нық басып тұрмыз. Енді, қазірдің өзінде-ақ жүз елу миллион пұттан астам азық-түлік дайындап, қисапсыз көп қиыншылықтардың бәріне қарамастан, бұл міндетті орындап шықтық десек, бұл асыра айтқандық болмайды. Шамамен алғанда 300 миллион пұттай, мүмкін, одан да көбірек қорымыз болмақ, ал мұндай қор жасалмаған күнде еліміздің өнеркәсібін қалпына келтіру мүмкін емес, транспортты қайта құру жайын ойлау мүмкін емес, Россияны электрлендірудің ұлы міндеттерін тіпті қолға алудың өзі мүмкін емес. Егер өнеркәсіпте істейтін жұмысшылардың тамағын қамтамасыз ету үшін, ондаған, жүздеген мың жұмысшыларды Совет өкіметіне қажетті деген жерге жұмсауға мүмкіндік болу үшін, жұмысшылар мен шаруалардың күшін біріктіре отырып, жаңағы айтқандай мөлшерде азық-түлік қорын жинап ала алмаса, онда жұмысшы-шаруа өкіметінің мемлекеті ретінде ешқандай социалистік елдің өмір сүруі де мүмкін емес. Бұлай болмаған күнде бәрі бос сөз болып шығады. Шаруашылықтың нағыз негіздері — азық-түлік қоры. Ал бұл жөнінде орасан зор табысқа жеттік. Осындай табыстарға сүйене отырып, осындай

қорымыз бола отырып, біз халық шаруашылығын қалпына келтіруге кірісе аламыз. Бұл табыстарға жеткенде шаруалардың орасан жоқшылыққа, аштыққа және жұтаушылыққа ұшырауы арқылы жеткендігімізді, бұл жағдайдың әлде де ауырлай түсуі мүмкін екендігін біз білеміз. Жылдың құрғақшылық болуы шаруалардың жоқшылығы мен күйзелушілігін адам айтқысыз күшейтіп жібергендігін біз білеміз. Сондықтан да мен көрсетіп өткен заң жобасында айтылған жәрдем көрсету шараларын біз бірінші кезекке қоямыз. Біз осы азық-түлік қорын — өнеркәсіпті қалпына келтіру қоры, шаруаларға жәрдем көрсету қоры деп қараймыз. Бұл қор болмаған жағдайда, мемлекеттік өкімет — түк те емес. Мұндай қор болмаса, социалистік саясат әншейін бір тілек болып қана қала береді.

Біз мынаны да есте сақтауға тиіспіз: өзіміз жүзеге асыруға берік ұйғарым жасаған өндірістік насихаттың үстіне ықпал ету тәсілінің тағы бір түрі қосылады, ол — заттай сыйлық беру. Халық Комиссарлары Советі мен Қорғаныс Советінің аса ірі декреттері мен қаулыларының бірі заттай сыйлық беру туралы заң болды. Біз бұл заңды тіпті де бірден шығара салған жоқпыз. Егер өздеріңіз байқасаңыздар, апрельден бергі жерде талай-талай шешімдер мен қаулылардың ұзыннан-ұзақ тізбегін көресіздер, сөйтіп бұл заң транспортымыздың мықтап күш-жігер жұмсауы арқасында өзіміз жарты миллиондай азық-түлік қорын жасап алған кезімізде ғана шығарылды. Жарты миллион пұт — бұл өте шағын цифр. Кеше сіздер «Известияда» басылған есептерді оқыған боларсыздар; бұл есептер осы 500 000 пұттың 170 000 пұты қазірдің өзінде-ақ жұмсалып қойғандығын көрсетеді. Қорымыздың мардымсыз, тіпті жеткіліксіз екендігін көріп отырсыздар, бірақ сонда да өзіміз ілгері басатын жолымызға біз түсіп отырмыз. Бұл — біз жұмыстың жаңа тәсілдеріне көшкенде сендіру арқылы ғана көшпейтіндігіміздің дәлелі. Шаруалар мен жұмысшыларға: еңбек тәртібін барынша нығайтыңдар деп айту жеткіліксіз. Мұның үстіне оларға жәрдемдесу керек, өлшеусіз ауыр жоқшылықты басынан кешіргеннен кейін еңбек майданында ерлік көрсетіп жатқандарға сыйлық беру керек.

Бізде қор жасалды, бірақ оны пайдалану ісі әлі тіпті де қанағаттанарлық емес: бізде Халық Комиссарлары Советінде бірсыпыра мәліметтер бар, ол мәліметтер заттай сыйлық беру дегеніміз іс жүзінде көбіне жалақыға жай қосымша беру болып жүргендігін көрсетеді. Мұнда әлі де көп нәрселерді істеу керек. Орталықтағы кеңестермен, қосымша жобалармен қатар ең бір маңызды жұмыс жүргізіліп отыруға тиіс, бұл — жергілікті жерлердегі және қалың бұқара арасындағы жұмыс. Мемлекет сендіріп қана қоймай, сонымен бірге жақсы қызметкерлерге олардың тұрмыс жағдайын жақсарту арқылы сыйлық та беріп отыратындығын түсіну қиын емес; мұны түсіну үшін социалист болу шарт емес, бұл жөнінде партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының бізге тілектестігі күні бұрын қамтамасыз етілді. Біз тек осы пікірді кеңірек таратып, жергілікті жерлерде бұл жұмысты неғұрлым практикалық тұрғыда қоюымыз керек.

Егер біз енді отын жайына келетін болсақ, онда сіздер Рыков жолдастың тезистерінен мұны жақсартқанымызды, ағаш отын жөнінен ғана емес, сонымен қатар мұнай жөнінен де жақсартқанымызды бейнелейтін цифрларды көресіздер. Енді, Азербайжан республикасы жұмысшыларының көрсетіп отырған орасан зор ынтажігері жағдайында, арамызда орнаған достық қатынастар жағдайында, Халық шаруашылығы советі берген басшылардың іскерлігі жағдайында мұнай өндіру ісі жақсы жүріп жатыр, сөйтіп біз отын жөнінен де аяқты нық баса бастадық. Донбассқа Троцкий жолдастың председательдігімен жіберілген уәкілетті комиссияның жұмысы арқасында Донбасс көмірін алуды айына 25 миллион пұттан 50 миллион пұтқа дейін арттырып отырмыз; бұл комиссияда жауапты және тәжірибелі қызметкерлерді осында жұмысқа жіберуге шешім қабылданған. Қазір онда басшылық жұмысқа Пятаков жолдас жіберіліп отыр.

Сөйтіп, отын жөнінде табысқа жету үшін біз бірсыпыра шаралар қолдандық. Аса ірі базалардың бірі — Донецк бассейні енді біздің қарамағымызда. Біз Халық Комиссарлары Советі мен Қорғаныс Советінің протокол-

дарынан Донбасс жөніндегі қаулыларды кездестіре аламыз. Бұл қаулыларда жергілікті орындарға орталық өкімет өкілдері мен жергілікті орындардағы қызметкерлерді біріктіретін жоғары беделді комиссиялар жіберу жөнінде айтылады. Біз жергілікті жерлердегі жұмысты жақсартуымыз қажет, ал, меніңше, осы жақсарту ісін әлгі айтылған комиссиялар жүзеге асыра алады. Өзіміз бұдан былай да ұйымдастырып отыратын бұл комиссиялардың жұмыс нәтижелерін өздеріңіз көретін боласыздар. Біз өнеркәсібіміздің басты саласына — отынға белгілі бір дәрежеде көбірек күш салуымыз керек.

Мен отын жөнінде өте ірі табыстардың біріне жеткендігімізді айтуға тиіспін, ол — шымтезекті гидравликалық тәсілмен өндіру. Шымтезек деген бізде өте-мөте көп отын; бірақ осы уақытқа дейін жұмыс істеу жағдайының адам төзгісіз қиындығына байланысты біз оны пайдалана алмай келген едік. Міне енді осы жаңа тәсіл біздегі шаруашылық майдандағы аса зор қауіптердің бірі болып отырған отын мұқтаждығынан шығуымызға көмектеседі. Егер бізде шаруашылықты жүргізудің ескі әдісі сақталатын болса, егер бізде өнеркәсіп пен транспорт қалпына келтірілмейтін болса, онда біз бұл тұйықтан көп жылдар бойы шыға алмаймыз. Біздің шымтезек жөніндегі комитеттің қызметкерлері екі орыс инженеріне осы жаңа өнертабысты ақырына дейін жеткізуге жәрдемдесті, ал олар осы жаңа тәсілді тезірек ақырына жеткізуге жақындатып отыр. Сонымен, біз өзімізге шаруашылық жөнінен үлкен тірек болатын ұлы революция қарсаңында тұрмыз. Бізде шымтезек байлығы ұшан-теңіз екендігін ұмытпауымыз керек. Бірақ біз бұл байлықты пайдалана алмай отырмыз, өйткені біз мұндай каторгалық жұмысқа адам жібере алмаймыз. Капиталистік құрылыс каторгалық жұмыстарға адамдарды жұмсай беретін. Капиталистік мемлекет тұсында жұрт ондай жерлерде жұмыс істеуге аштықтан барушы еді, ал социалистік мемлекет тұсында мұндай каторгалық жұмысқа біз адам жібере алмаймыз, ал өз еркімен ешкім бармайды. Капиталистік құрылыс бәрін де жоғарғы топтың қамы үшін істеп келді. Ол төменгі топтың қамын ойлаған жоқ.

Барлық жерде машинаны кобірек енгізіп, машиналы техниканы мүмкіндігінше кең қолдануға көшу керек. Халық шаруашылығы жоғары советі осыншалық ойдағыдай алға бастырып отырған гидравликалық тәсілмен шымтезек өндіру отынды орасан көп мөлшерде дайындауға мүмкіндік туғызады және іске жаттыққан жұмысшыларды тартуды керек етпейді, өйткені бұл тәсіл бойынша жұмысты жаттықпаған жұмысшылар да істей алады. Біз бұл машиналарды жасап шығардық, мен өз басым делегат жолдастарға шымтезек өндіру жұмысының кинематографиялық суретін көріңіздер деп кеңес берер едім; бұл Москвада көрсетілді және съезд делегаттарына да көрсетуге болады. Мұның өзі отын мұқтаждығын жеңуге болатын негіздердің бірі қайда жатқандығы жөнінде нақты түсінік береді. Біз жаңа тәсілмен жұмыс істегенде қолданылатын машиналар жасап шығардық, бірақ оларды жақсылап шығара алмадық. Шетелмен товар айырбасы жолға қойылып келе жатқан жағдайда, жартылай жария сауда қатынастары жағдайында болса да, шетелге командировкаға кісілер жіберу өз өнертапқыштарымыз ойлап шығарған осы машиналарды өте тамаша етіп жасатып алуға көмектескен болар еді. Ал біздің шаруашылық табыстарымыздың бәрі осы машиналардың санына қарай, Шымтезек бас комитеті мен Халық шаруашылығы жоғары советінің осы саладағы жұмыс жетістігіне қарай өлшенбек, өйткені отын мұқтаждығын жоймайынша шаруашылық майданында жеңіске жете алмаймыз. Транспортты қалпына келтіру жөніндегі аса өмірлік маңызы бар табыстар да осыған байланысты.

Оның бер жағында, бұл салада бізде көп жылдарға арналып жасалған нақты жоспар барын Емшанов пен Троцкий жолдастардың тезистерінен сіздер көрдіңіздер. № 1042 бұйрық бес жылға арналған[73], ал бес жылда біз транспортымызды қалпына келтіре аламыз, сынып тұрған паровоздар санын азайта аламыз және, сірә, ең қиын нәрсе ретінде, мен 9-тезистегі бұл мерзімді біз қазірдің өзінде қысқарттық дегенді баса айтқым келер еді.

Ал енді көп жылдарға арналған ірі жоспарлар пайда болған кезде екінің бірінде бір скептиктер табыла кете-

ді деі бізге көп жылға күні бұрын белгілеп қою қайда, бізге, құдай бұйыртып, қазіргі керегімізді істеп алсақ та жетер дейді. Жолдастар, қазіргі міндетті де, болашақ жоспарды да ұштастыра білу керек; ұзақ дәуірге арналған және елеулі табысқа жетуді көздеген жоспарсыз жұмыс істеуге болмайды. Іс жүзінде мұның осылай екендігін транспорт жұмысының күмәнсыз жақсара бастағандығы көрсетіп отыр. Мен 9-тезистің мына бір жеріне сіздердің назарларыңызды аударамын: онда транспортты қалпына келтірудің мерзімі бес жыл делінген еді, бірақ біз нормадан жоғары жұмыс істеп отырғандықтан, ол мерзім қазірдің өзінде қысқартылды; ол мерзім үш жарым жыл болып белгіленді. Шаруашылықтың басқа салаларында да осылай жұмыс істеу керек. Еңбек және Қорғаныс Советінің практикалық, нақты міндетінің өзі де барған сайын осыған қарай сайып отыр. Өнеркәсіпті толық қалпына келтіру үшін керек болатын ұзақ дәуірді тәжірибенің қысқарта алатындығына бұқараның көзі жетуі үшін ғылым мен практиканың тәжірибелерін қадағалай отырып, жергілікті жерлерде жоспардың бұрын белгіленген мерзімнен гөрі тезірек орындалуына ұдайы ұмтылып отыру керек. Бұл біздің өзімізге байланысты. Әрбір шеберханада, әрбір депода, әрбір салада шаруашылықты жақсарта берелік, міне, сонда біз мерзімді қысқартамыз. Біз оны қысқартып та отырмыз. Бірсыпыра ұзақ жылдарға арналған жоспарлардан қорықпаңыздар: мұндай жоспарларсыз шаруашылықты қайта өркендете алмайсыздар, сондықтан жергілікті жерлерде жоспарлардың орындалуына күш салатын болыңыздар.

Шаруашылық жоспарлардың белгілі бір программа бойынша орындалып отыруы қажет және бұл программаның асыра орындалуы ескеріліп, ол көтермеленіп отырылуы қажет: ашаршылық, жалаңаштық және жоқшылық кезеңінің мерзімін қысқарту өзіміздің шаруашылық жоспарларымызды бұқараның тезірек орындауына түгелдей байланысты екендігін бұқараның өзі біліп қана қоймай, оны сезінуге де тиіс. Өндірістің жекелеген салаларының барлық жоспарлары бір-бірімен барынша үйлестіріліп, байланыстырылуға тиіс және бәрін қос-

қанда бізге сондайлық қажет болып отырған бірыңғай шаруашылық жоспар болып шығуға тиіс.

Осыған байланысты біздің алдымызда экономикалық халық комиссариаттарын бірыңғай экономикалық орталық етіп біріктіру міндеті тұр. Біз бұл міндетті қолға алдық, сондықтан біз Еңбек және Қорғаныс Советін қайта құру туралы Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің қаулысын сіздердің қарауыңызға ұсынып отырмыз.

Сіздер бұл жобаны қарайсыздар, ал мен бұл жоба қажетті түзетулер енгізіліп, бірауыздан қабылданады деп сенемін. Бұл жоба өзінің мазмұны жағынан өте қарапайым, бірақ мұның үлкен маңызы бар, өйткені бізге өзінің орнын неғұрлым жақсы білетін және бірінші кезекке қойылатын барлық шаруашылық жұмыстарды біріктіріп отыратын орган керек.

Съезд алдында шыққан әдебиетте бұл міндетті Гусев жолдас қозғады; сөз арасында айта кетелік, Гусевтің бұл кітапшасы оның алдындағы кітапшасындай онша сәтті болып шықпады[74]. Бұл кітапшада Еңбек және Қорғаныс Советін құру, оған көптеген көрнекті қызметкерлердің ауысуы туралы кең көлемді жоспар бар; ол қызметкерлердің ішінен Троцкий мен Рыковтың да есімдерін көреміз. Мен мұндай қиялшылдыққа салына бермеу керек дер едім. Біз үш жыл бойы құрылған аппаратты тастап шығып кете алмаймыз. Біз бұл аппараттың ірі кемшіліктері барын білеміз, ол кемшіліктер туралы біз осы съезде егжей-тегжейлі айтпақпыз. Бұл мәселе күн тәртібіне ең басты мәселелердің бірі ретінде қойылып отыр. Мен советтік аппаратты жақсарту туралы мәселені айтып отырмын. Бірақ біз қазіргі кезде жұмысты абайлап істеуіміз керек, аппаратымызды қажеттігіне қарай, практикалық тәжірибеге сүйеніп қана өзгертіп отыруымыз керек. Гусев жолдас біз ұсынып отырған жобаны мысқылдайды, Еңбек және Қорғаныс Советіне Егіншілік халық комиссариатын қосуды ұсынып отырсыздар дейді. Дұрыс, біздің ұсынып отырғанымыздың өзі де осындай жоба. Жобада біз Еңбек және Қорғаныс Советіне Халық Комиссарлары Советінің жанындағы еңбек және қорғаныс комиссиясы түрінде өте шағын

орып беріп отырмыз. Біз осыған дейін Еңбек және Қорғаныс Советінде ешбір конституциясыз жұмыс істеп келдік. Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің билік шеңберлері нашар белгіленіп келді; кейде біз шектен шығып кетіп, заң шығарушы мекеме ретінде істеп жүрдік. Бірақ осыған байланысты бірде-бір жанжал болған жоқ. Біз мұндай жағдайларды дереу Халық Комиссарлары Советінде қарап шешіп отырдық. Еңбек және Қорғаныс Советін шаруашылық саясатты неғұрлым біріктіре түсетін орган етіп құру қажеттігі анықталған кезде, біздің алдымызға бұл қатынастарды заң тұрғысынан қалай белгілеу керек деген мәселе қойылды. Біздің алдымызда екі жоспар тұр: біріншіден, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің билік шектерін ажырату. Бірақ мұны жүзеге асыру үшін заңдарды жинақтау саласында істейтін көптеген күштерді жұмсау керек болады, толып жатқан қағаз шығындау керек болады, бірақ сонда да мұның өзі қателерден біздің аулақ болуымызға кепіл бола алмайды.

Біз басқа жолмен жүреміз. Еңбек және Қорғаныс Советі Халық Комиссарлары Советіне тең дерлік нәрсе болып саналып келді. Бұл пікірден бас тартатын болайық. Бұл өзі Халық Комиссарлары Советінің жанындағы комиссия-ақ болсын. Біз сонда толып жатқан егесті жойып, нақты жүзеге асыруды жақындату жағынан ұтатын боламыз. Егер Халық Комиссарлары Советінің қайсыбір мүшесі риза болмаса,— онда ол Халық Комиссарлары Советіне білдірсін, оның мәжілісін бірнеше сағаттың ішінде-ақ шақыруға болады ғой. Осылай етсек, біз ведомстволар арасындағы егесті жоямыз да, Еңбек және Қорғаныс Советін жұмысты тез істейтін органға айналдырамыз. Бұл оңай міндет емес. Бұл міндет бірыңғай шаруашылық жоспарының шындап жасалуына байланысты. Міндет,—осы міндет үшін біз қалай дегенмен де бірқатар еңбек еттік және екі жыл бойына әзірлік жасап келдік,— экономикалық халық комиссариаттарын біріктіруге жету болып табылады. Сондықтан да мен сіздердің назарларыңызды Еңбек және Қорғаныс Советі жөніндегі осы заң жобасына аударып отырмын және

сіздер қажетті толықтырулар енгізіп, оны бекітерсіздер деп сенемін, міне сонда экономикалық халық комиссариаттарын біріктіру жұмысы жатығырақ, жылдамырақ, бекемірек және батылырақ жүзеге асырылатын болады.

Мен соңғы пунктке — электрлендіру туралы мәселеге тоқталамын; бұл мәселе съездің күн тәртібіне айрықша мәселе болып қойылып отыр және бұл мәселе жөнінде сіздерге баяндама тыңдауға тура келеді. Менің ойымша, бұл арада біз әжептәуір ірі бетбұрысты көріп отырмыз; бұл бетбұрыс қалай да Совет өкіметінің үлкен табыстарға жете бастағандығын көрсетеді. Бүкіл россиялық съездердің трибунасынан бұдан былай саясатшылар мен әкімдер ғана емес, сонымен қатар инженерлер мен агрономдар да сөйлейтін болады. Мұның өзі саясат бірден-бірге азая түсетін, саясат туралы сирегірек және онша сөзбай сөйленетін, одан да гөрі инженерлер мен агрономдар көбірек сөйлейтін ең бақытты заманның бастамасы деген сөз. Шаруашылық құрылыс ісіне шындап көшу үшін бұл әдетті Советтердің Бүкіл россиялық съезінен бастау керек те, барлық Советтер мен ұйымдарда, барлық газеттерде, барлық насихат пен үгіт органдарында, барлық мекемелерде жоғарыдан төмен қарай түгел енгізу керек.

Біз саясатқа үйреніп алдық, бұған күмән жоқ, бұл жағынан бізді жолдан тайдыра алмайды, бұл жөнінен бізде негіз бар. Ал шаруашылық жөнінде істің жайы нашар. Ендігі жерде ең жақсы саясат — саясаттың азырақ болғаны. Инженерлер мен агрономдарды көбірек көтеріңіздер, солардан үйреніңіздер, солардың жұмысын тексеріңіздер, съездер мен кеңестерді митингілеу органдарына айналдырмай, шаруашылық табыстарды тексеріп отыратын органдарға, шаруашылық құрылыс ісіне өзіміз шындап үйренерліктей органдарға айналдырыңыздар.

Сіздер Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1920 жылғы 7 февральдағы қаулысы бойынша құрылған Электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның баяндамасын тыңдайсыздар. 21 февральда Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумы бұл комиссияның құрамы туралы түпкілікті қаулыға қол қойды,

сөйтіп ең алдымен Халық шаруашылығы жоғары советінің көптеген ең таңдаулы мамандары мен қызметкерлері, жүзден астам адам, бүтіндей осы іске жұмылды, оларға Қатынас жолдары халық комиссариаты мен Егіншілік халық комиссариатының таңдаулы күштері қосылды. Россияны электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмысының нәтижелері мына шағын томда жинақталып отыр, бұл том бүгін, не ертең сіздердің бәріңізге үлестіріліп берілмекші. Мен сіздер бұл шағын томнан шоши қоймассыздар деп сенемін. Менің ойымша, бұл шағын томның ерекше маңыздылығына сіздердің көздеріңізді жеткізу маған қиын бола қоймас деймін. Менің байқауымша, бұл — біздің партияның екінші программасы. Бізде партиямыздың программасы бар, оны бұдан гөрі жұқалау, бірақ өте бағалы кітапшада Преображенский мен Бухарин жолдастар тамаша түсіндірген. Мұның өзі саяси программа, мұның өзі — біздің тапсырмаларымыздың тізбесі, мұның өзі — таптар мен бұқара арасындағы қатынастарға берілген түсінік. Бірақ сонымен бірге іс жүзінде осы жолға түсетін, сөйтіп оның практикалық нәтижелерін таразыға салатын уақыт жеткендігін де есте сақтау керек. Біздің партиямыздың программасы тек партия программасы болып қана қала алмайды. Ол біздің шаруашылық құрылысымыздың программасына айналуға тиіс, бұлай болмаған күнде ол партия программасы ретінде де жарамсыз болып шығады. Ол партияның екінші программасымен толықтырылуға тиіс, бүкіл халық шаруашылығын қайта құрып, оны қазіргі заманғы техниканың дәрежесіне жеткізу жөніндегі жұмыстардың жоспарымен толықтырылуға тиіс. Электрлендіру жоспары болмайынша, біз шын құрылысқа көше алмаймыз. Біз егіншілікті, өнеркәсіпті және транспортты қалпына келтіру туралы айта отырып, оларды бір-біріне үйлестіріп біріктіру туралы айта отырып, шаруашылықтың кең көлемді жоспары туралы айтпай тұра алмаймыз. Біз белгілі бір жоспар қабылдайтын болуымыз керек; әрине, бұл жоспар оған алғашқы жуықтау ретінде ғана қабылданған жоспар болады. Партияның бұл программасы біздің нағыз программамыз сияқты өзгермейтін, тек партияның съезде-

рінде ғана өзгертілуге жататын программа болмайды. Жоқ, бұл программа әрбір шеберханада, әрбір болыста күн сайын жақсартылып, толықтырылып, жетілдіріліп, түрі жағынан өзгертіліп отыратын болады. Бұл бізге бүкіл Россияның алдында кем дегенде он жылға молшерленген және Россияны коммунизм үшін қажетті шын шаруашылық негізге қалай көшіру керек екендігін көрсететін ұлы шаруашылық жоспар болып шығатын алғашқы нобай ретінде керек. Егер біз соғыс майданында күресіп, ойдағыдай жеңіп шыққан болсақ, онда біздің күшімізді, біздің жігерімізді он еселеп арттырған өте қуатты, қозғаушы түрткілердің бірі не еді? Қауіпті ұғынушылық болатын. Жұрттың бәрінің сұрағаны мынау болды: Россияға помещиктер мен капиталистердің қайтып келуі мүмкін бе? Бұған: мүмкін деп жауап берілді. Сондықтан біз күшімізді жүз еселеп арттыра жұмсадық, біз күшімізді еселеп жұмсадық, сөйтіп біз жеңіп шықтық.

Шаруашылық майданын алыңыздар да, мынадай сұрақ қойыңыздар: экономикалық тұрғыдан алғанда капитализмнің Россияға қайта орнауы мүмкін бе? Біз «сухаревкаға» қарсы күресіп келдік. Жуырда, Советтердің Бүкіл россиялық съезі ашылар қарсаңында, жұмысшы және қызыл әскер депутаттарының Москва Советі осы сиықсыз мекемені жауып тастады. (Қол шапалақтау.) «Сухаревка» жабылды, бірақ қорқыныштысы — осы жабылған «сухаревка» емес. Сухарев алаңындағы бұрынғы «сухаревка» жабылды, оны жабу қиын емес. Қорқынышты нәрсе — әрбір ұсақ қожайынның көкейінде, іс-әрекетінде орын алып отырған «сухаревка». Осы «сухаревканы» жабу керек. Бұл «сухаревка» — капитализмнің негізі. Бұл барда капиталистердің Россияға қайта келуі де мүмкін және бізден күштірек болып шығуы да ықтимал. Мұны айқын ұғыну керек. Бұл біздің жұмысымыздағы ең басты қозғауыш, біздің шын табыстарымыздың шарты, өлшеуіші болуға тиіс. Әзірге біз ұсақ шаруалы елде өмір сүріп отырғанда, Россияда коммунизмнен гөрі капитализмге деген неғұрлым берігірек экономикалық база бар. Мұны есте сақтау қажет. Деревнядағы өмірді қаладағы өмірмен салыстырып, зер

салын қадағалаған әрбір адам біз капитализмнің тамырын әлі жұлып алмағанымызды және ішкі жаудың тірегін, негізін күйретпегенімізді біледі. Ішкі жау ұсақ шаруашылыққа сүйенеді, сондықтан оны күйрету үшін бір құрал бар, ол құрал — еліміздің шаруашылығын, соның ішінде егіншілікті де, жаңа техникалық базаға, қазіргі заманғы ірі өндірістің техникалық базасына көшіру. Мұндай база тек электр болып табылады.

*Коммунизм дегеніміз — Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру.* Олай болмаған күнде еліміз ұсақ шаруалы ел болып қала береді, ал біз мұны айқын ұғып алуымыз керек. Біз дүние жүзілік көлемде ғана емес, сонымен қатар еліміздің өз ішінде де капитализмге қарағанда анағұрлым әлсізбіз. Бұл бәрімізге белгілі. Біз мұны ұқтық, сондықтан біз істі шаруашылықтың базасын ұсақ шаруалық базадан ірі өнеркәсіптік базаға айналдыруға дейін жеткіземіз. Еліміз электрленген кезде ғана, өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына және транспортқа қазіргі заманғы ірі өнеркәсіптің техникалық базасы жасалған кезде ғана, тек сол кезде ғана біз түпкілікті жеңіп шығамыз.

Біз елімізді электрлендірудің бастапқы жоспарын қазірдің өзінде-ақ жасадық, бұл жоспарды жасау жұмысымен біздің екі жүздей таңдаулы ғылыми және техникалық қызметкерлеріміз шұғылданды. Бізге талай жылдардың, кемінде он жылдың материалдық және финанстық есебін беретін жоспар жасалды. Бұл жоспар бізге электрлендіруді жүзеге асыру үшін неше миллион кеспек цемент және неше миллион кірпіш керек екендігін көрсетеді. Электрлендіру міндеттерін финанс жағынан орындау үшін алтынмен есептегенде 1—1,2 миллиард сом жұмсалады деп есептеліп отыр. Біз өзіміздің алтын қорымызбен бұл цифрдың бәрін өтеуден әлдеқайда алыс жатқанымызды өздеріңіз білесіздер. Бізде азық-түлік қоры да оншалықты мол емес. Сондықтан біз бұл есептердің орнын, мен айтып өткен жоспар бойынша концессиялармен толтыруымыз керек. Біздің өнеркәсібіміз бен транспортымызды осы негізде қалпына келтірудің қалайша жоспарланатыны жөніндегі есептерді сіздер көресіздер.

Мен осы жақын арада Москва губерниясының бір шалғай жерінде, Волоколамск уезінде, шаруалардың бір мейрамында болдым; ол жердегі шаруалардың электр жарығы бар[75]. Көшеде митинг болды, міне, осы митингіде шаруалардың бірі шығып сөз сөйлей бастады, сөзінде ол шаруалар өміріндегі осы жаңа оқиғаны құттықтады. Ол: біздер, шаруалар, қараңғы едік, енді міне бізге жарық келді, «біздің шаруалардың басындағы қараңғылығына жарық беретін жасанды жарық» пайда болды деді. Мен өз басым бұл сөздерге таңданғаным жоқ. Әрине, партияда жоқ шаруа бұқарасы үшін электр жарығы «жасанды» жарық болып табылады, ал біздер үшін жасанды нәрсе — шаруалар мен жұмысшылардың жүздеген, мыңдаған жылдар бойы осындай қараңғылықта, жоқшылықта және помещиктер мен капиталистердің езгісінде өмір сүре алғандығы болатын. Бұл қараңғылықтан тез құтыла алмайсың. Бірақ біз қазіргі кезеңде өзіміз салған әрбір электр станциясын ағарту жұмысының шын мәніндегі тірегіне айналатын етуіміз керек, былайша айтқанда, оны электр жөнінен бұқараға білім берумен шұғылданатын етуіміз керек. Бізде қазірдің өзінде ондап саналатын осы бір шағын электр станцияларының неліктен,— міне осылардың неліктен,— өнеркәсіпті қалпына келтіру ісімен байланысты болып отырғанын жұрттың бәрі білуі керек. Бізде электрлендіру жөнінде жасалған жоспар бар, бірақ бұл жоспардың орындалуы көптеген жылдарға есептелген. Біз осы жоспарды қалайда жүзеге асыруға және оның орындалу мерзімін қысқартуға тиіспіз. Біздің алғашқы шаруашылық жоспарларымыздың бірі, транспортты қалпына келтіру жоспары жөнінде — № 1042 бұйрық жөнінде қалай болған болса, мұнда да солай болуға тиіс; ол жоспар бес жылға белгіленген болатын, бірақ нормадан асыра орындаудың арқасында қазірдің өзінде-ақ ол үш жарым жылға дейін қысқартылып отыр. Капитализмге қайтып оралудың түп-тамырларын жұлып тастайтын өзгерістерді жүзеге асыратын электрлендіру жоспарын орындау үшін, бізге, бәлкім, он немесе жиырма жыл мерзім қажет болар. Ал мұның өзі қоғамдық даму жылдамдығының әлемде әлі көз көрмеген үлгісі болмақ. Біз

қайткен күнде де бұл жоспарды жүзеге асыруға және оның орындалу мерзімін қысқартуға тиіспіз.

Біз бірінші рет шаруашылық жұмысты былайша жолға қойып отырмыз: өнеркәсіптің жекелеген бөлімдерінде, мәселен, транспортта туып, өнеркәсіптің басқа бөлімдеріне ауысып келген кейбір жоспарлардан басқа, біз бірқатар жылдарға арналған жинақталған жоспар да алып отырмыз. Бұл — қиын жұмыс, коммунизмнің жеңуі үшін істелетін жұмыс.

Бірақ бізде сауатсыздар бар болып отырған кезде электрлендіру ісін жүргізуге болмайтындығын білу керек және оны есте сақтау керек. Біздің комиссияның сауатсыздықты жоюға ұмтылуы жеткіліксіз. Бұрыннан барымен салыстырғанда комиссияның істегені көп, бірақ алдағы керегімен салыстырғанда аз. Сауатты болудың үстіне мәдениетті, саналы, білімді еңбекшілер керек, біздің алдымызда тұрған тапсырмаларды шаруалардың көпшілігі анық түсінетін болуы керек. Партияның бұл программасы барлық мектептерге тарайтын негізгі кітап болуға тиіс. Сіздер бұл кітаптан электрлендіру ісін жүргізудің жалпы жоспарымен бірге, Россияның әрбір ауданы үшін жазылған арнаулы жоспарларды да табасыздар. Сондықтан жергілікті жерге баратын әрбір жолдастың қолында өз ауданында электрлендіру ісін жүргізудің, қараңғылықтан қалыпты өмір сүруге көшудің белгілі бір жоспары болады. Сондықтан, жолдастар, сіздерге берілген ережелер жергілікті жерде салыстырылуы, талдап қаралуы, тексерілуі керек және солай болуға тиіс те, сөйтіп әрбір мектепте, әрбір үйірмеде коммунизм дегеніміз не деген сұраққа партия программасында жазылған сөздермен ғана жауап беріп қоймай, сонымен бірге қараңғылықтан қалай құтылу керектігін де айта алатын болуға жету керек.

Таңдаулы қызметкерлер, шаруашылық қызметтегі мамандар Россияны электрлендіру және оның шаруашылығын қалпына келтіру жоспарын жасау жөнінде өздеріне берілген тапсырманы орындап шықты. Ендігі жерде осы міндеттің қандай зор және қиын міндет екендігін, бұған қалай кірісу керек екендігін, оны қалайша

қолға алу керек екендігін жұмысшылар мен шаруалар білетін болуына жетуіміз керек.

Әрбір фабриканы, әрбір электр станциясын ағарту ісінің ошағына айналдыруымыз керек, ал егер Россияда электр станциялары мен қуатты техникалық жабдықтардың қалың желісі кеңінен жайылатын болса, онда біздің коммунистік шаруашылық құрылысымыз болашақ социалистік Европа мен Азияға үлгі бола алады. (Көпке дейін басылмаған ду қол шапалақтау.)

*1921 ж. мына кітапта басылған: «Жумысшы, шаруа, қызыл әскер және казак депутаттары Советтерінің Букіл россиялық сегізінші съезі. Стенографиялық есеп»*

*Кітаптың стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр*

## 4

## БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ САЯСАТ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАСЫН ТАЛҚЫЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ СОВЕТТЕРДІҢ VIII СЪЕЗІНДЕГІ РКП(б) ФРАКЦИЯСЫНДА 22 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[76]

Жолдастар, маған сөзімді шешендердің кейбір ескертпелерінен және запискалардан, ең болмағанда олардың неғұрлым мәнділерінен, бастауыма рұқсат етіңіздер. Корзинов жолдастың сынынан мен инженерлер және агрономдар туралы пікірді бөліп алдым. Біз жұмысшылардан және шаруалардан инженерлер мен агрономдар даярлау ісін күшейтуіміз қажет. Бұл күмәнсыз, сондықтан бұл үшін Совет өкіметі шаралар қолдануда, бірақ біз өте тез табысқа жетеміз деп айта алмаймыз, ал бұған электрлендіру ісіндегі сияқты соншалық ұзақ мерзім қажет болмағанмен, әйтсе де бірнеше жыл керек болады; сондықтан Корзиновтың оз агрономдарымыз болғанға дейін істің бәрін былай қоя тұру керек деген ұсынысы дұрыс емес. Біз қазір таңдаулы агрономдарды іздеп табуымыз керек, оларды жиналыстарымызға шақырып, олардан есеп талап етуіміз керек, сөйтіп тындырымдылары мен білімділерін басқаларынан бөліп алуымыз керек.

Концессиялар туралы декретті бұрынырақ жариялау керек еді дегенде, Корзинов жолдас оппозицияға бола оппозицияға ұрынды. Бірақ Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советіндегі біздің жұмысымыз бірден жауап беруді керек етеді, егер Орталық Комитет пен Халық Комиссарлары Советінде пікір алалықтары жоқ болса, шешімдер дереу қабылданады, біздегі жагдай осындай. Егер концессиялар туралы декрет дұрыс емес екен, онда оны жою жөнінде ұсыныс жасау

керек, өйткені Вандерлиппен болатын ең басты концессия келесі жылдың март айынан бергі кезде ресми шартқа айналмайды.

Біздің бұл декретті шығарғандағы басты мақсатымыз — сауда шартын жасасу мүмкіндігін тездетіп, капиталистерді концессиялар алуға қызықтыру болды және солай болып қалып отыр. Мен мәселенің осы саяси жағына фракциядағы баяндамада тікелей тоқталдым, бірақ мен қарсы айтылған пікірлерді естігенім жоқ, сондықтан Игнатов жолдастың қалайда оппозициялық бірдеңе туғызу үшін Вандерлиппен іс оңға баспады, біз оның кім екенін анықтап алмадық дегеніне мен таңданып қалдым. Мен сыртқы сауда халық комиссары орынбасарының: Вандерлип өкілі болып отырған топ туралы барлық анықтамалар алынды, шетелде оның дұрыстығы расталды және теріске шығарылған жоқ деген мәлімдемесін оқыдым. Вандерлиптің өзі республикалық партияның кандидаты ел басқаруға кіріскенге дейін, жаңа президентке дейін шарт жасасуға болмайды, өйткені бұл шарт американ үкіметіне соқпай өтпейді деп көрсеткен болатын.

Бұл шарт бойынша американ үкіметіне әскери база беріледі. Демек, егер тіпті осы Вашингтон Вандерлип ешкімнің өкілі болмай, тура жулик болғанның өзінде, ягни шарттың жобасы Құрама Штаттар үкіметінің Жапонияға қарсы бағытталған теңіз базасын алуын көздегеннің өзінде, біздің мұнда алдауға түсіп қалуымыз ешбір мүмкін емес, өйткені Америкада Құрама Штаттардың президенті шынында да республикалық партияның өкілі болады; ал Рязанов жолдас Вандерлип жөнінде іске мүлде қатысы жоқ егжей-тегжейлерді айтып кетті, рас, бұл жагдай оның басында жиі болып тұрады. Вандерлиптен кейін біздің осы сауда шарты туралы түпкілікті пікір айтуға мүмкіндігіміз болады. Игнатовтың бүкіл сынының күлі көкке ұшады, ол біздің кеңесімізде айтылған нәрселерге әншейін зейін қоймай қарап отыр.

Корзинов жолдас Польша жөнінде бұрынырақ ескерту керек еді деді. Бұл арада жагдай өте-мөте қиын еді, біздің әскерлердің ілгері басқан, Орталық Комитеттің ше-

ленiскен жағдайға қарамастан, бiз шабуылға көшiп, көп нәрсеге қол жеткiзе аламыз деп ойлауына негiзi болған кезең болды.

Керзонның 11 июльдегi нотасынан[77] кейiн бiрнеше күн iшiнде жауап беру керек болган уақытта, партия жиналысын шақырып, бұл мәселенi қоюға негiз қайда? Егер бiз қолайлы кезеңде шабуылды соғысқа көше алатын болсақ, онда бiз бұдан ешқашан бас тартпас едiк, мұны жолдастардың бәрi де бiледi. Сондықтан бұл жөнiнде еш жерде, ешқашан, ешқандай оппозиция болмаған болар едi. Бiздi сыртқы саясатта белсендiлiк жеткiлiксiз деп айыптағанда, бiз нақ керiсiнше оппозицияны көрдiк. Мұнда қателердiң болғаны күмәнсыз, бiрақ қазiр ол қателер туралы пiкiрлердiң ештеңе бермейтiнi де күмәнсыз, өйткенi өзiмiздiң ескi қызметiмiздi талдап жатуға бiздiң мұршамыз жоқ. Бiраз уақыт өтiп, документтер мен материалдар жиналған кезде, бiз өз қатемiздi толық талдай аламыз. Сондықтан мен Корзинов жолдастың сөйлеген сөзiнен оппозиция табу ниетiнен басқа мүлде еш нәрсе де көрiп отырғаным жоқ. Өзiмiзге ұтымды жағдайда болатын басқа бiр ретте бiз де өз табыстарымызды дәл осылай пайдаланамыз. Сөйтiп, партия тыйым салғанға дейiн бiз әрқашан шабуылға көшетiн боламыз. Менiң ойымша, партия, оның бiрде-бiр мүшесi бiрде-бiр жиналыста керiсiнше саясатты ұсынбайды.

Гусев жолдастың ескертпесi жөнiнде мынаны айтуға тиiспiн: мен ресми баяндамаға талас нәрсенi енгiзгенiммен өз қателiгiмдi көрiп отырмын, сондықтан да мен баяндаманың ресми текстiнен бұл бөлiмдi алып тастауды, сондай-ақ Советтiк Арменияға арналған құттықтауды қосуды ұсындым, бұл құттықтауды мен, кешiрiлмес аңғалдық жасап, өз баяндамама қосуды ұмытып кетiппiн.

Гусев жолдас менi өзiнiң қарапайымдылығымен мақтанды деп бұл арада бекер айтады,— әңгiме әсте мұнда болған жоқ, қайта бiздiң экономикалық халық комиссариаттарын неғұрлым байыпты түрде практикалық тұрғыдан жақындастыруға және бiрыңғай шаруашылық жоспарын жүзеге асыруға көшу жағдайында жоба құмарлықтан сақтану керектiгiнде болып отыр.

Гусев жолдас былай дейді: мен оның кітапшасын тұтас алып сынамаппын. Бірақ бұл — басты пункт: Троцкий жолдас пен Рыков жолдас ведомстволарды тастап, Қорғаныс Советіне енуге шақырылады, ал Қорғаныс Советі ведомстволық болмағандықтан өзі үшін жаңа аппарат құрады. Совет өкіметі орнағалы үш жыл өткеннен кейін мұндай мәселені көтеріп, оны осында қалай қолдауға болатынын мен түсінбеймін. Өз басым қалай таңданғанымды білдіру үшін сөз таппай тұрмын; бұл — мүлде байыпсыздық, бұл — ведомствоны бір жерде жойып, оны екінші жерден құру деген сөз. Бұл — біздің аппараттың қандай екенін білмеушілік. Попов жолдастың маған өзі берген листовканы бастыра алған-алмағанын мен білмеймін. Онда 1920 жылғы санақтың қорытындыларынан сұрыпталып алынған мәліметтер бар. Бұл санақтың қанағаттанарлық дәрежеде өткізілгенін және Москвадағы совет қызметшілерінің саны туралы толып жатқан аса құнды материалдар беретінін сіздер білесіздер. Біз мұндай санақты 1919 жылы да бір рет өткізгенбіз; енді бізде неғұрлым толық санақ бар. Онда кем дегенде 230 мың совет қызметшісі бар: аса маңызды комиссариаттарда — 30 мың, тіпті одан да көп; Москва Советінде — 70 мың[78]. Бұл цифрларды көз алдыңызға елестетіп, бұлар жөнінде ой жүгіртіп көріңіз де, өзіңізге өзіңіз былай деңіз: егер сіз ықпалды, неғұрлым беделді, өз ведомствосында жұмыстың белгілі тәжірибесін жасаған жолдасты алсаңыз, осы ведомстводан оны алып шығып, бірнеше ведомствоны біріктіру үшін қойсаңыз,— мұнда былықтан басқа не болып шығар еді. Бюрократизмге қарсы күресу міндетін осылай түсінуге болмаса екен. Бұл — іске мүлде байыпсыз қараушылық, бұл — нақты өмірді мүлде түсінбегендік. Мен бюрократизмнің үлкен қырсық екенін түсінемін, бірақ біз оны жоюды партия программасында алға қойған жоқпыз. Бұл — съездің мәселесі емес, бұл — тұтас бір заманның мәселесі, сондықтан да сіздерге осы мәселе жөнінде арнайы баяндама жасалғалы отыр.

Сондықтан аса маңызды ведомстволардың қайсы біреуінде істі мейлінше жақсы жолға қойған жолдастарды Еңбек және Қорғаныс Советіне көшіре салып, уәкілдік-

тері тиянақты белгіленбеген және де экономика тұрғысынан біріктірмейтін жаңа ведомствоны қолма-қол ала қоямыз деп жорамалдауға бола ма екен. Еңбек және Қорғаныс Советінде ненің экономикалық, ненің экономикалық емес екені жөнінде мәселе нақты қойылған кезде Сыртқы сауда халық комиссариаты ғана емес, Финанс халық комиссариаты да өзін экономикалық халық комиссариатымыз деп шықты. Ал экономикалық жұмысты Денсаулық сақтау халық комиссариатынсыз жүргізуге бола ма екен? Әрине, шаруашылық жағынан қайта құру ісінде біз ірі табыстарға жеткен кезде, экономиканың негіздерін өзгерту ісінде аса ірі табыстарға жеткеннен кейін экономикалық халық комиссариаттарының экономикалық емес халық комиссариаттарына қатынасы, бәлкім, басқаша болар. Қазір мұндай ештеңе жоқ. Сондықтан, ведомстволыққа Гусевтің қарап отырғаны сияқты мұншалық жеңіл-желпі қарау,— реті келгенде айта кетейік, бұрынғы кітапшада айтылған тамаша пікірлерін ол бұл кітапшаның басқа бөлімдерінде қайталаған,— бұлай қарау мүлде дұрыс емес.

Мен Рязановтың сөзі туралы айтып жатпаймын, өйткені оны Каменев жеткілікті түрде теріске шығарды. Тек бір ескертетінім—Рязанов та, оның жаман өнегесіне еліктіп кеткен Гусев те былай деп әңгімелей бастады, олар бір жерден, бәлкім, менен бе екен, мынаны естіпті: Халық Комиссарлары Советінде мен, біреуінің айтуына қарағанда, суға кетіп өлмекші болыппын, ал екіншісінің айтуына қарағанда, атылып өлмекші болыппын. Егер мені жолдастар әбден шаршағанда ауыздан шығып кететін кез келген ашулы сөзден ұстайтын болса және ол сөз туралы мыңдаған адамның алдында айтып тұруға мәжбүр ететін болса, олар өз сөздерінің байыптылығына деген сенім атаулыдан біржолата айрылады деп ойлаймын. (Қол шапалақтау.)

Бізде Халық Комиссарлары Советінде ұсақ-түйек істердің өте-мөте көп болуы мүмкін, бұл рас. Егер Максимовский мұны өзінің оппозицияшылдығын білдіріп қалуға сылтау қылып отырса және әдейі баса көрсетіп отырса, онда мен ұсақ-түйек істері болмайтын мемлекеттік мекеменің жоқ екенін және болуы мүмкін емес еке-

нін айтуға тиіспін. Сіз Орталық Комитеттің саясатқа байланысты мәселелерді шешіп келгенін қоса айтпадыңыз. Билеуші партия басқарып отырғанда, түрлі қызметтерге тағайындау туралы мәселелердің бәрін осы партия шешуге тиіс болып отырғанда, сіз аса маңызды мемлекеттік қызметтерге тағайындауды басшы емес партияның жүзеге асыруына жол бермейсіз. Түптеп келгенде қандай саясатты кімнің жүргізетіні маңызды емес. Орталық Комитетте ұсақ-түйек істер жоқ па екен? Толып жатыр. Ондаған мәселелерін қарап тамамдағаннан кейін суға кетіп өлуге ризамын демек түгіл, одан да жаман бірдеңе ауыздан шығып кететін күн тәртіптері болмай ма екен. Мен қайталап айтамын, бұл тәрізді сөздерден мені ұстамақ болу мүлдем қиын емес, бірақ осында сөйлеп, бұдан оппозиция жасау және ұсақ-түйекке қарсы әңгіме көтеру — бұл ұшқалақтық.

Егер біз жалпы алғанда принциптерді ғана белгілейтін органнан практикалық, шағын, ұсақ-түйек істерді шешетін органды бөліп шығаруға әрекет жасайтын болсақ, онда біз істі бүлдіріп алған болар едік. Өйткені қорытындыны фактілерден бөліп алған болар едік, ал қорытындының фактілерден бөлініп алынуы қиялшылдық және ұшқалақтық нәрсе болады. Орталық Комитетте мәселелерді принципті мәселелер және ұсақ-түйек мәселелер деп бөлуге болмайды, өйткені әрбір ұсақ-түйекте мәселенің принципті жағы көрінуі мүмкін.

Мәселе Иван Сидоровичте де емес, Сидор Карповичте де емес. Мәселе Иванның орнына Карпты немесе керісінше отырғызуда емес. Ал егер олар мұны тілемесе ше? Ал егер әлгі Иван мен Карп екеуі де халық комиссарлары болса ше, онда қандай амал бар? Орталық Комитетте Секретариат бар, Ұйымдастыру бюросы бар, Саяси бюро бар, ақырында — Орталық Комитеттің Пленумдары өтіп тұрады, ал кейде ұсақтың да ұсағы, мүлде жалықтырып жіберетін, шешу үшін талай сағат отырғаннан кейін суға кетіп қалсамшы дегің келетін мәселелердің тіпті Орталық Комитеттің Пленумына дейін де баруы өте жиі кездеседі. Бірақ мәселелерді ұсақ-түйек мәселелер және принципті мәселелер деп бөлу — демократиялық централизмнің бүкіл негізін бұзу деген сөз. Сонымен қатар

Орталық Комитет басқа мекемелерге ұсақ-түйек істерді үйіп тастайды деуге де болмайды. Әзірге біз конституцияны өзгерте алған жоқпыз және жұмысты автономиялы түрде істеп келдік. Ал егер біз кейбір мәселелер жөнінде келісімге келсек, басқалары жөнінде жарыс сөздер болса, онда мұның өзі біздің қазіргі аппаратымыз жағдайында мүлде болмай қоймайтын нәрсе. Егер Орталық Комитет бақылау органына айналса да, жұмысты жалпы бөлген кезде Калинин жолдасқа үгіт жұмысын қадағалау, тексеру тисе де, сапарға шыққанда және өз жұмысын атқарғанда оның жалпы жеке басының алатын әсері керек болғанмен де, бірақ бұдан келіп, мәселелердің бәрі Халық Комиссарлары Советінен Орталық Комитетке көшіріліп жатыр және оның керісінше болып жатыр деп шу көтерудің керегі жоқ екені күмәнсыз. Мұның мәнісі жаңадан әбігерлік және бейберекеттік туғызу деген сөз, ал істің мәні бұдан өзгермейді. Жоғары органдар бақылау үшін және кейбір мәселелерді қабылдамай тастау үшін қажет.

Осында Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумын жұмыс басып кетті және ол, біздің жоғары мекемеміз екеніне қарамастан, тура ұсақ-түйек істердің астында қалып отыр деп шағым айтылды. Бірақ мен осында қатысып отырғандардың бәрінен былай деп сұраған болар едім: біздің осы жұмыстарымыздың ондаған протоколдарын сіздердің ішіңізде нешеуіңіз оқып шықтыңыздар? Бұларды басынан аяғына дейін кім оқып шықты екен? Сірә, ешкім оқып шықпаған болу керек, өйткені жалықтырып жібереді, аяғына дейін оқып шыға алмайсың. Мен мынаны айтуға тиіспін: біздің партияның әрбір мүшесі және Республиканың әрбір азаматы ең түкке тұрғысыз мәселені, ең түкке тұрғысыз жайтты Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне дейін жеткізуге праволы. Бұл мәселе бүкіл басқыштар арқылы, бюро және т. б. арқылы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумына жетіп, мұнда ол қаралатын болады. Сөйтіп, еңбекшілерді коммунистік тұрғыдан толық қайта тәрбиелеп шыққанға дейін осылай бола береді, ал мұның өзі бізде электрлендіру ісін толық аяқтаған соң бірнеше ондаған жылдардан кейін

барып болады. Біз бұл жөніндегі өзгерістерден қорықпаймыз.

Енді мен запискалардың кейбіреулеріне тоқталамын. Минкин жолдас былай деп жазады:

Сыртқы сауда халық комиссариатында болып жатқан тәртіпсіздіктер туралы Шляпников жолдас Халық Комиссарлары Советіне мәлімдеді ме әлде мұның өзі съезде сөз сөйлеу үшін әдейі сақталып қалды ма екен? Егер мәлімдеме жасалған болса, онда мұны жою үшін не істелді?

Бұл сұраққа жауап беру үшін мен өзіме қарағанда неғұрлым хабардар Серебряков жолдастан сұрадым. Орталық Комитет оны құрамына Серебряков, Дзержинский, Крестинский, Лежава жолдастар кірген комиссияға тағайындаған болатын; бұл комиссия Сыртқы сауда халық комиссариаты мен Ішкі істер халық комиссариатының арасындағы қатынастарды жақсарту жөнінде шаралар қолдану үшін құрылған болатын, өйткені шетелдегі біздің өкілдерімізден бұл қатынастар қанағаттанарлық деуге мүлдем келмейді деген мәліметтер түсті. Менің өтінішім бойынша Серебряков делегат Минкиннің запискасына мына түрде жауап беріпті: «Минкин жолдас былай деп мәлімдейді...» (о қ и д ы).

Комиссиядан кейін тағы кіші комиссия құрылған болатын. Оппозиция болып ойнау оп-оңай, өйткені біздің әрбір комиссариатта тәртіпсіздік болып жатады, сондықтан кепілдіктер туралы және комиссариаттың техникалық баспасындағы 30 000 қызметші туралы орынсыз ескертіп өту сіздің бұл жерден сорақы тәртіпсіздіктерді әрқашан табатыныңыз мағынасында алғанда өте сипатты нәрсе. Сіз Қызыл Армияның әрбір дивизиясынан да дәл соны табасыз. Алайда біздің Қызыл Армия қашан болса да жеңіп келді.

Барлық мәселе мынада: кемшілік туралы оны түзетуге тиіс мекемеге дер кезінде мәлімдеу керек; ал Рязанов жолдастың қайсыбір жолдас туралы бір нәрсе естігендігі, бірақ ештеңені тексермегендігі, дәл анықтап білмегендігі жайында айтып жатудың қажеті жоқ, өйткені біз бұл жөнінде осында дәл мәліметтер жинай алмаймыз. Осы — демократиялық централизм бе? Жоқ, бұл тіпті де демократиялық централизм емес, тіпті де цен-

трализм емес, қайта тәртіпсіздік және былық туғызу. Шағымдарды партиялық мекемелерге беру керек. Егер ол өз борышын орындамаса, одан қатаң түрде есеп беруді талап ету керек.

Берілген запискалардың ішінен армияны азайту туралы мәселені атап көрсету керек. Бұл туралы Троцкий жолдас арнаулы хабарлама жасайды, содан кейін бұл мәселені бүгін тыңдау керек пе әлде фракцияның келесі арнаулы мәжілістерінің бірінде тыңдау керек пе, мұны өздеріңіз шешесіздер. Мен мынаны айта аламын: демобилизациялау жөнінде Троцкий мен Дзержинский бастаған арнаулы комиссия құрылған соң Орталық Комитет демобилизациялауды бастауды ұйғарды, қазір бұл жұмыс жүргізіліп жатыр. Оны талдап шешу ісімен әскери ведомство шұғылдануда, сөйтіп сіздер дәл хабарлама алатын боласыздар.

Еңбек және Қорғаныс Советі органы экономикалық халық комиссариаттарын біріктіруге тиісті, ал одан кейін таратылуға тиісті өтпелі кезеңнің органы деп ұйғарылып отыр ма, әлде ол болашақ бірыңғай шаруашылық жоспардың негізі болып табыла ма, сондай-ақ Еңбек және Қорғаныс Советі жергілікті жерлерде қандай аппараттарға сүйенеді?

Бұл мәселе әлі шешілген жоқ және оны қазір қоюды біз еріккеннің ісі деп есептер едік. Бізде комиссариаттың ұйымдастырылуын тексеру ісі кезекке қойылып отыр. Халық Комиссарлары Советі ұйымдастыру кеңесін құрды; бұл кеңес халық комиссариаттарына жүктелетін міндеттер тұрғысынан олардың аппаратын қайта қарауға тиіс және осыған байланысты штаттар туралы мәселені қарауы керек. Қазіргі уақытта Еңбек және Қорғаныс Советін таратып, басқа аппарат құрумен шұғылдану электрлендіру мәселесін шешпейінше мүмкін емес. Қазір сіздерге электрлендіру туралы түрлі материалдарды таратып береді, ал Еңбек және Қорғаныс Советінің бұл материалдарды тексерудің және баяндамалардың нені көрсететінімен санасуына тура келеді. Қазір біздің өзімізге қажетті органымыз бар, жаман болсын, жақсы болсын, қалай дегенмен де бұл органмен жұмыс істеп келдік және алдымызда тұрған міндеттерді орындап келдік. Сондықтан біз бірыңғай шаруашылық жоспарының

қалай орындалатынын іс жүзінде сынап көрмей тұрып, қайта құру ісіне кіріспекші емеспіз. Бұл арада жеті рет өлшеп, бір-ақ кесу керек.

**Қиыр Шығыста концессияларды кім жасасатын болады, біз бе әлде буфер ме және қалай болған ретте де — неге?**

Мұның өзі, жолдастар, шетін мәселе. Бізден: сіздер ме әлде буфер ме?— деп сұрағанда, буфер — бұл сондай қиналып айтылатын анықтама. Бір жағынан, буфер бар, ал екінші жағынан, РКП-нің тиісті партбюросы бар. Буфердің аты — буфер, ол уақыттың аңысын аңдау, содан соң жапондарды талқандау үшін керек. Камчатканың кімдікі екенін мен білмеймін, іс жүзінде ол жапондардікі; олар біздің Камчатканы американдарға беруімізге риза емес. Бізден сұрап отырады, біздің директиваларымызбен санасады және де біздің Вандерлиппен келіссөздер жүргізуімізге ешкім қарсылық айтқан жоқ, партиялық жолдастардың бірде-бір тобы бұл мәселені Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің пленумына қойып, Бақылау комиссиясында талдап шешуді талап етерліктей соншалық маңызды деп тапқан емес. Бұл — партияның әрбір мүшесінің правосы, бірақ бұл правоны ешкім пайдаланған жоқ. Шарт жасасудың мартқа дейін кейін қалатындығы фактілерін кімде-кім білсе, ол өз правосын пайдалануға ұмтылмайды да.

**Концессияларға байланысты қазіргі кезеңде сіз кәсіподақтарға қалай қарайсыз? Сіздің шаруалар кәсіподағын құруды жақтайтыныңыз рас па?**

Мен шаруалардың ең кедей бөлегін біріктіретін кәсіподақтардың жаңа формаларын іздестіру қажеттігі туралы қағиданың партия программасында бар екенін айтуға тиіспін[79]. Партия программасында міндет қойылған, ал мен бұл міндетті біздің қазір шешу қолымыздан келмегенімен, ол міндеттен бас тартуға болмайтындығын талай рет айтқанмын. Бір ғана Ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы жұмысшылары кәсіптік одағының[80] жұмысымен шектеліп қалуға болмайды; ол соншалық әлсіз, ол ірі қызметкерлерді бере алмайды. Шаруалар ішінде еңбекші шаруалардың, шаруалардың

кулак емес бөлегінің біркелкілену, теңелу, бірігу процесі жүріп жатқан жағдайда бұл міндеттің социалистік құрылыстың күн тәртібінен алынып тасталуы мүмкін емес. Кәсіподақтардың жұмысын ығайту — ол жұмысты село пролетариаты жөнінде ғана емес, барлық еңбекші шаруалар жөнінде де жүргізу деген сөз. Мұны қалай істеу керек, біз оны әлі білмейміз. Біз бұл міндетті партия программасында қойдық, біз бұған сан рет қайтып оралып, бұл міндеттің іс жүзінде жан-жақты шешілуіне күш салатын боламыз. Бұл жөнінде мен бұдан артық ештеңе айта алмаймын.

Концессиялар жасалған кезде кәсіподаққа тексеру, бақылау және бұл концессияларда жұмыс істейтін біздің жұмысшылармен байланыс жасау жөнінде ерекше жауапты міндеттер жүктелетіні табиғи нәрсе. Бұл міндеттің іс жүзінде қалай өрістейтінін қазіргі кезеңде білмеймін. Бұл мәселені қазір күн тәртібіне қою орынды емес, өйткені кәсіподақтардың алдында анағұрлым маңызды міндеттер тұр.

Бюрократизмге қарсы біздің күресімізде кәсіподақтардың көмегі сөзсіз керек, біз соларға сүйенуге тиіспіз. Мұның өзі партия программасында-ақ негізінен айтылған[81]. Қандай ұзақ күрес жүргізу керектігі және қандай жүйелі жұмыс алда тұрғандығы осыдан көрініп отыр. Пәлендей бір фабрикалық поселкеде қадағалау ісі былайша қойылған және белгілі бір нәтижелерге қол жеткен, ал пәлендей бір кварталда, уезде, т. б. істің жайы басқаша деген сияқты материал бізге берілгенде, міне, сонда біз мұны саралап көреміз, сонда барып біздің ісіміз алға басатын болады және бұл алға басу «үгіт картобы» туралы әңгімеден ғана көрініп қоймайды, біздің іс жүзінде жасалған қадамдарды тексеріп, осылардың негізінде бұған дейін нәтижелерін берген практикалық шараларды қолдануымызға қарай бастайтын болады.

*Бірінші рет, стенограмма бойынша басылып отыр*

## 5

# БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ САЯСАТ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША 23 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

(Қол шапалақтау.) Жолдастар, маған өздеріңіз жаңа ғана тыңдаған сөздер мен декларациялар жөнінде азын-аулақ ескертпелермен шектелуге тура келеді. Мен алған запискалардың бірінде мұндай декларациялар мен сөздерді тыңдағаннан Советтер съезіне тистін пайда қандай деп таңданушылық білдірілген сұрақ қойылыпты. Мен сіздердің көпшілігіңіз бұл пікірмен келіспейді ғой деп ойлаймын. Бір бөлегі қазір өз декларацияларын жариялап отырған партиялардың баяндауындағы кейбір — мүмкін, қазір біршама көп тараған — сөздердің біздегі саяси жағдайда неге апарып соқтыратынын еске салудың, міне, осы туралы еске салудың ешқашан да пайдасыз болмайтындығы күмәнсыз. Мысалы, меньшевиктер партиясы өкілінің, немесе, дұрысырақ айтқанда, бұл партияның қайсыбір бөлегі өкілінің пайымдауларын алып қараңыз. Меньшевиктер мен эсерлер партиялары осы күнге дейін өздерінің аттарын сақтай отырып, қырық құрау бөлектердің топтасуы болып отырғанына, бір бөлегінің екінші бөлекке үнемі ауысып, көшіп отырғанына, осының салдарынан олардың, еркімен болсын немесе еріксіз болсын, саналы түрде болсын немесе санасыз түрде болсын, халықаралық империализмнің жәрдемшілеріне айналып отырғанына біз айыпты емеспіз. Бұл олардың съезд тыңдаған декларациялары мен сөздерінен көрініп отыр.

Мәселен, мені соғыстардың алдағы жаңа кезеңі туралы жаңа теория ұсынды деп жазғырушылар болды. Ме-

нің сөздерімнің неге негізделгенін көрсету үшін маған тарихты қазбалап жатудың қажеті жоқ. Біз жуырда ғана Врангельді талқандадық, бірақ Врангельдің әскерлері біздің республиканың шекарасынан онша қашық емес бір жерде жатыр және бірдеңені күтіп жатыр. Сондықтан, дүние жүзілік империализм әзірше өмір сүріп тұрғанда тоқталмайтын, бізге үнемі төніп тұратын қауіпті кімде-кім ұмытатын болса,— кімде-кім мұны ұмытатын болса, ол біздің еңбекші республикамызды ұмытады. Ал бізге: жасырын дипломатия жүргізіп жатырсыздар деу, бізге әлі күнге дейін пышағын жалақтатып тұрғанда, біздің жүздеген ұсыныстар енгізгенімізге қарамастан, біздің адам айтқысыз зор икемділіктер көрсетіп отырғанымызға қарамастан,— әлі күнге дейін ірі державалардың бірде-бірі бізбен бітім жасаспай отырғанда,—біз тек қорғаныс соғысын жүргізуге тиіспіз деу, бізге осылай деу — ұсақ буржуазиялық пацифизмнің әбден тозығы жеткен, әлдеқашан мағынасын жоғалтқан бос сөздерін қайталағандық болады. Егерде біз өзімізге үнемі өршеленген дұшпан болып отырған осындай күштердің алдында, бізге ұсынылып отырғанындай, әскери-стратегиялық тұрғыдан шабуылды әрекеттер болып шығатын белгілі бір әрекеттерге еш уақытта бармаймыз деп кепілдік беруге тиісті болған болсақ, онда біз тек зердесіздер ғана емес, қылмыстылар да болған болар едік. Ол пацифистік бос сөздер мен қарарлар бізді, міне, осыған әкеліп соқтырады. Олар жаулардың қоршауында отырған Совет өкіметін қол-аяғын бірдей матап, дүние жүзілік империалистік жыртқыштардың талауына бермекші, олар, міне, осыған әкеліп соқтырады.

Одан әрі кейбіреулер пролетариаттың бірлігі туралы, бұл бірлікті біздің бұзып отырғандығымыз туралы айтқан кезде, мұны күлкісіз тыңдау қиын. Біз осында өзімізде пролетариаттың бірлігі туралы естігенбіз, енді әлеуметтік революция заманында пролетариаттың бірлігін марксизмнің барып тұрған революцияшыл партиясының ғана жүзеге асыруы мүмкін екенін, басқа партиялардың бәріне қарсы аяусыз күрес жүргізу арқылы ғана жүзеге асыруы мүмкін екенін біз іс жүзінде көріп отырмыз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Одан әрі кейбіреулер бізге ескі буржуазиялық демократиялық ұранның айтқанын қайталап, бүкіл халықты қаруландыру туралы айтады,— ал бұл халықтың өз ішінде нағыз кескілескен тап күресі қайнап жатыр ғой.

Мен кеше сәті түсіп, біздің съездің партияда жоқ делегаттарының — шаруалардың шағын жеке бір кеңесінде болып,— өкініштісі сол, онша ұзақ бола алмадым,— деревня өмірінің ең көкейтесті мәселелері жөніндегі, сіздердің бәріңіз де білетін азық-түлік, күйзеліс, мұқтаждық мәселелері жөніндегі олардың айтыстарынан айрықша көп әсер алдым[82]. Бұл жарыс сөздерден менің бәрінен де гөрі айрықша көзім жеткен нәрсе — шын еңбекші кедей мен кулактың, жалқаудың арасындағы күрестің сондайлық дәрежеде шиеленісіп кеткендігі. Біздің революцияның аса ұлы маңызы мынада: біз деревняның ең төменгі бұқарасының арасында, саяси санасы неғұрлым төмен бұқараның, партияда жоқ шаруалар бұқарасының арасында әлеуметтік революцияның осы түбегейлі мәселесін теориялық жағынан ғана емес, практикалық жағынан да кеңінен қоюға көмектестік. Қазір ұлан-байтақ Советтік Россияның барлық деревнялары мен селоларында жұрт біздің саяси және экономикалық шараларымыздың кімге пайдалы екендігін талқылап, ол жөнінде айтысып және оған көздерін жеткізіп отыр; ең меңіреу түкпірлердің бәрінде де еңбекші шаруалар мен кулактар жөніндегі мәселені ажырата біледі. Кейде жұрт бірін-бірі тым қызуланып, жан-тәнін сала айыптайды, бірақ дегенмен қалай болған күнде де еңбекші шаруаға көмектесудің және оны аяғына нық бастырудың, ал жүгенсіз кеткен кулактың жаулық әрекеттерінің бәріне тойтарыс берудің қажет және міндетті нәрсе екендігін жұрт қалайда ажырата біледі, түсінеді.

Деревняда, шаруалар бұқарасының қалың ортасында тап күресі шындыққа айналды, ал біз бұл күрестің саналы күрес болуы үшін қолдан келгеннің бәрін істедік және істеп отырмыз. Ал осыдан кейін біздің алдымызда бір ерекше «Интернационалдың»[83] көсемдері шыға келіп, халықты қаруландыру туралы айтқан кезде, өзіңді марксизм мен социализм мәселелерінде даярлық клас-

тың шәкіртіне айналғандай тәрізді сезініп қаласың. Бүкіл дүние жүзінде қайнап жатқан тап күресін ұмыту — күресіп жатқан пролетариатқа қарсы бүкіл дүние жүзінің империалистеріне еріксіз жәрдемдесу деген сөз. Біздің жауларымыздың ұраны халықты қаруландыру болып табылады, ал біз таптық қарулануды негізге аламыз, біз осы негізде жеңіп келдік және осы негізде әрқашан да жеңіп шығатын боламыз. (Д у  қ о л  ш а п а л а қ т а у.)

Меньшевиктер мен эсерлердің өкілдері осы арада бізге: концессиялар сияқты нәрсеге халықтың ерекше кеңесінсіз сіздер қалай жол бере аласыздар деді, сөйтіп олар бізге: сіздер өздеріңіздің экономикалық саясатыңызда еңбек теңдігін неліктен ең маңызды мәселе етіп қоймайсыздар деген сұрақ қойды (эсерлердің қарарында осы еңбек теңдігі «еңбек өкіметі» деп аталған, ал меньшевиктердің қарарында бұл сөз өзгертіліп, қала мен деревня еңбекшілерінің теңдігі деп аталған). Бірақ бұл «еңбек өкіметі» туралы бос сөздер кәсіптік одақтардың таптық пролетарлық өкіметтен тәуелсіз болуын үгіттеу болмағанда не болмақ? Меньшевиктермен және эсерлермен бірге бүкіл батыс европалық буржуазиялық баспасөз кәсіптік одақтардың осы «тәуелсіздігінің» қамын ойлап, еңіресіп жүр емес пе.

Мартов тәуелсіздердің Галледегі съезіне барып, онда, өзіне ұнамсыз большевиктер диктатурасынан қымсынбастан, өзінің не айтқысы келгенінің бәрін айтқанда, одан не шықты? Бұдан шыққаны сол — бірнеше күннен кейін Мартовтың сөзі түгелімен, бейне бір керемет олжадай-ақ, Англияның ең реакциялық және империалистік баспасөзінен барып шықты. Большевиктердің ойниетін ашып бергені үшін бұл баспасөз азамат Мартовқа (айтпақшы, онда азамат демей, мырза дейді ғой) алғыс айтты. Осындай сөздер бізге қарсы дүние жүзілік күрестің жағдайында айтылып отырған болса, онда бұл сөздер — Антанта саясатының бір бөлегі емей немене? Сіздер, әрине, мұның өзі еңбек өкіметі жөніндегі өз идеяңыздың көрінісі, т. с. деп айта аласыздар,— бірақ, қайталап айтайын, іс жүзінде бұл — ұсақ буржуазиялық сандырақ — Антанта саясатының бір бөлегінен басқа

түк те емес. Ертең, егер осында Антантаның делдалы бар болатын болса, сіздің бұл сөзіңіз барлық капиталистік елдерге жеткізіледі, содан соң онда, азамат Дан, сіздің сөзіңізбен Европаның санасы кем жұмысшыларының бір бөлегін алдау үшін, қулығын асырып кету үшін, ол сан миллион дана болып басылып шығады.

Азамат Данның айтуынша, мен өзімнің еңбек тәртібі туралы сөзімде тек күштеуді ғана қорғайтын сияқтымын; эсерлер партиясының өкілі одан гөрі дәлірек айтты: сендіру негізінде күштеуді қорғайды деді мені. Біздің бүкіл саясатымыз бұған айқын жауап береді. Біз әсте де істі қатесіз жүргізіп отырмыз деп айтып отырған жоқпыз, бірақ, рақым етіңіз, бізге осы қателерімізді көрсетіп беріңізші, бізге басқа тәсілдерді көрсетіп беріңізші, бірақ сол басқа тәсілдерді біз осы арада есіте қоймадық. Меньшевиктер де, эсерлер де бізге: «Шаруалар мен жұмысшылардың мұқтаждығы мынадай, жоқшылығы мынадай, ал бұл жоқшылықтан шығудың жолы мынау» деп айтқан емес. Жоқ, олар мұны айтпайды. Олар тек: сіздердің істеп жатқандарыңыз күштеу дейді. Иә, мұны бекер деуге болмайды. Бірақ, азамат Дан, біз сіздерден былай деп сұраймыз: сіздер осыны қуаттайсыздар ма, жоқ па? Істің мәні осында, істің түйіні осында. Нақты жауап беріңіздер: қуаттайсыздар ма, жоқ па? «Иә деп те, жоқ деп те айтпайды». Олар, байқайсыздар ма, тек еңбек өкіметі туралы, шаруалар бостандығына біздің қол сұғуымыз туралы ғана сөз қозғағысы келеді. Ал шаруалар дегеніміз кімдер? Біздің Советтік конституциямызда шаруалар дегеніміз — еңбекшілер, еңбек адамдары деп айтылмап па екен? Біз мұндай шаруаларды құрметтейміз және оларды жұмысшылардың толық праволы бауырластары деп есептейміз. Мұндай шаруаларсыз біз өзіміздің советтік саясатымызда бірде-бір адым жасай алмаған болар едік. Еңбекші шаруа мен жұмысшы арасында біздің Конституцияда баянды етілген туысқандық шарт бар. Бірақ шаруалардың басқа элементі бар, ол — сан миллиондаған «сухаревканы» құрап отырған элемент. Мен кез келген жиналыс, тіпті партияда жоқтардың жиналысы да, мұны мұқият ажыратып ала алады деген үміттемін. Жалдаптық жасайтын

шаруалар, міне осы шаруалар, еңбекшілердің өкілдері болып табыла ма? Деревняның экономикалық мәселелерінің бүкіл мәні, міне, осында. Шаруалар, ұсақ қожайындар және жұмысшылар — бұлар әр түрлі таптар, ал бұлардың арасындағы айырмашылықты біз, менің баяндамамда айтып өткенімдей, ұсақ шаруашылықтың негіздерін жойып, машиналы аса ірі шаруашылықтың жаңа негіздерін жасағанда жоямыз. Бұл өзі экономикалық тұрғыдан болмай қоймайтын нәрсе, ал осында сөйлеген меньшевиктер мен эсерлер барлық шаруалар мен жұмысшылардың қайдағы бір еңбек теңдігі туралы дәрменсіз бәлдір-батпақты айтады. Бірақ бұл тек бос сөздер ғой, оның үстіне экономикалық тұрғыдан дұрыс емес және ғылыми марксизм теріске шығаратын сөздер ғой. Біздің Сибирьдегі, Грузиядағы революциямызды алып қараңыздаршы, халықаралық революцияның тәжірибесін алып қараңыздаршы, сонда сіздер еңбек теңдігі туралы бұл даурықпа сөздердің жалған екендігіне көздеріңізді айқын жеткізесіздер. Бұлар — буржуазияның бізге қарсы саясаты, ал осыдан басқа бұларда түк те жоқ.

Дан осы арада Бүкіл россиялық төтенше комиссияның кеңсесінде меньшевиктер октябрь амнистиясына жатпайды деген қағаз бар дегенді айтты, ал осыдан келіп, азамат Дан Бүкіл россиялық төтенше комиссия Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумын үйретіп отыр, оған өктемдік жүргізіп отыр деген қорытынды жасайды. Біздер, өкімет басында отыргандар, осыған сене аламыз ба? Осында отырған коммунистердің 70—80 проценті Бүкіл россиялық төтенше комиссияны Орталық Атқару Комитетінің және партияның Орталық Комитетінің мүшесі Дзержинский жолдастың басқарып отырғанын, ал Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумында біздің партияның Орталық Комитетінің алты мүшесі барын білмей ме екен? Осындай жағдайда Бүкіл россиялық төтенше комиссияның президиумы немесе Бүкіл россиялық төтенше комиссияның оперативтік басқармасы Орталық Атқару Комитеті Президиумын үйретіп отырады және оған өктемдік жасайды екен деп ойлауға, әрине, болмайды, бұл — тек күлкі

келтіретін нәрсе. Мұнда көңіл қоярлық еш нәрсе де жоқ екендігі, ал меньшевиктер партиясының өкілі бұл арада тек қулыққа басып отырғандығы түсінікті нәрсе. Мен тек сіздерден осыдан бірнеше күн өткеннен кейін Батыс Европада немесе Америкада жарты миллион немесе бір миллион дана тиражбен шығатын бір буржуазиялық газетті қарасаңыздар екен дер едім; сонда сіздер одан азамат Дан Бүкіл россиялық төтенше комиссияның Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумын үйретіп, оған өктемдік жасап отырғандығын әшкереледі деген сөздер аршын бойлы үлкен әріптермен басылып шыққанын көресіздер.

*1920 ж. 29 декабрьде мына бюллетеньде басылған: «Советтердің VIII съезі. Съездің күнделікті бюллетені», № 9*

*Бюллетеньнің стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр*

## 6

## СОВЕТТЕРДІҢ VIII СЪЕЗІНДЕГІ РКП(б) ФРАКЦИЯСЫНДА ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ «ШАРУАЛАРДЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАҒАНДА 24 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[84]

Жолдастар, мен ең алдымен күштеу туралы мәселені дұрыс түсіндірмеушілік жөнінде бірер сөз айтпақпын. Осы дұрыс түсіндірмеушілікті көрсету үшін мен VIII съездің протоколынан үш жол оқып берейін[85].

Күштеуге қарсы сөздің бәрі коммуна туралы мәселеге байланысты айтылды. Менің ойымша, бұл салада сәл болса да күштеу зиянды. Коммуна мәселесіне қолданылған, коммуналар құру ісінде күштеудің қисынсыздығын көрсететін бұл сөзді жалпы алғанда сендіру мен күштеу туралы мәселеге қатысты түсіндіруге, соған қолдануға тырысады. Бұл өзі көріне бұрмалаушылық әрі дұрыс емес. Біздің заң жобамыз бен басталып отырған пікір алысу жөнінде мен мынаны айтуға тиіспін: меніңше, мәселенің қойылысында неғұрлым солшылдыққа қарай ұмтылғанда, бұл онша іскерлікті білдірмейтін сияқты. Өзін барып тұрған солшылмын деп атаған Ханов жолдастың ұсынысынан мен нақты және тыңғылықты ештеңе көрмедім. Мен Шлихтер жолдастың бұл заң жобасын заңға айналдырмау керек, мұны Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің келесі сессиясы қабылдасын деген кеңесін ең зиянды кеңес деп есептедім. Жергілікті орындардан неғұрлым көп өкілдер қатысатын Советтер съезі түпкілікті шешім қабылдап үлгерсін деп, біз Халық Комиссарлары Советінде бұл заң жобасын неғұрлым даяр формаға тезірек жеткізуге тырыстық. Бізге осы науқанды жергілікті жерлерде жүргізу жұмысын кешіктіріп алу қаупі төніп тұр. Бұл үшін нұсқаулар болу ке-

рек. Нұсқауларды ең кем дегенде екі-үш апта жасау қажет. Шлихтердің күн тәртібіндегі басқа бір пункт жөнінде, Губерниялық атқару комитетінің праволары туралы сөйлеген сөзінде айтқан кеңесінен асқан зиянды кеңес жоқ. Заң жобасының мәні мынада: басым көпшілік жеке меншік шаруалардың шаруашылығына жәрдем көрсету жөніндегі, жәрдем болғанда көтермелеу ғана емес, сонымен бірге күштеу де болатын жәрдем жөніндегі практикалық шараларды қазір белгілеу керек.

Мен мынаны айтуға тиіспін: бұл заң жобасында біздің қандай шаралар туралы айтып отырғанымыз айқын көрсетілген. Ең маңызды 11-ші статья былай дейді: губерниялық егіс комитеті Егіншілік халық комиссариатының басшылығымен және бақылауымен «жерді механикалық жолмен өңдеудің және шабындықтарды жақсартудың, тұқым себудің негізгі тәсілдеріне және топырақтың табиғи құнарлылығын сақтау әдістеріне қатысты міндетті ережелерді» шығара алады. Бұл міндетті ережелерді қайдан алуға болады? Одан әрі ұқыпты егіншілердің көбіне-көп қолданатын тәсілдерімен жүргізілсін делінген. Біз қандай тәсілдерді заңдастыруымыз керек? Белгілі тәсілдерді, ауыл шаруашылығын жақсартудың тәсілдерін заңдастыруға және жария етуге тиіспіз. Соңында біз мынаны оқимыз: «1) шаруа шаруашылығының түбегейлі түрде күрт өзгеруін туғызатын ережелер мен талаптарды, егер мұндайлар болыстық съездердің ұсынысы бойынша енгізілмесе немесе мемлекет сол жерді жақсартылған құрал-саймандармен және өндіріс құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етпейтін болса, 2) ауқаты орташа шаруашылық үшін орындауы қиындық туғызатын талаптарды және 3) тәуекелге байланысты талаптарды — мұндай ережелер мен талаптарды енгізуге жол берілмейді».

Осында бір жолдас: Осинский жолдастың баяндамасының кемшілігі ондағы практикалық, нақты нұсқаулардың тым көптігінде,— бұл өзі мәселенің дұрыс қойылуына қайшы келеді деп тапты. Қайта керісінше, Осинский жолдастың баяндамасында ең бағалысы — ол мәселенің тоқ етерін бір-ақ айтып отыр, сіздерді тікелей іске қатысты мәселелерді — тұқым жайы қалай болады, тұ-

қымның желініп қоюына жол бермеу керек деген мәселелерді талқылауға кірісуге шақырды. Бұл өзі, аса бай Алтай өлкесіне қарағанда, нақ Европалық Россияда анағұрлым қиынырақ болады, ал Алтай өлкесінде, бақсақ, бұйрық беру оп-оңай екен. Егер онда бұйрық беру оңай болатын болса, бұйрық беру арқылы практикалық табыстарға жетесіздер. Онда — Алтайдағы және басқа — губерниялық жер бөлімдерінің қай-қайсысы да болсын барынша көтермелеуге лайық болады.

Амал не, Европалық Россияның анағұрлым кедей губернияларында істің жайы тіпті де мұндай емес. Мұнда бұл науқанның бүкіл міндеті, нақ сол сияқты біздің съездің бүкіл міндеті — мәселені жалпы сипаты бар пайымдаулардың бәрінен аулақ тұрғыда қою болып отыр, ал Шлихтер де, басқа жолдастар да бізді осы жалпы пайымдауларға қарай шақырады. Мен мәселелерді анағұрлым практикалық және іскерлік тұрғыдан қоюға шақырар едім және мен істің Осинский берген бағытын құттықтаймын. Қане, тұқым жайы қалай болатындығы туралы әңгімелесейікші. Оны жеп қояды. Оны аман сақтап қалу керек. Осы жағдайда практикалық тұрғыдан не істеуіміз керек? Тұқымды қоғамдық қамбаға алу керек, сөйтіп бұл тұқым қағазбастылық пен дұрыс бөлмеушіліктің салдарынан ысырапқа ұшырамайды деп, бірақ біздің қазіргі мақсатымыз — тұқыммен толық қамтамасыз етуге қажетті тұқым мөлшерін мемлекеттің қорғауына алу болып табылады деп шаруаға кепілдік беріп, оны сендіру керек. Біз бұған орта шаруаны сөзсіз сендіреміз, өйткені бұл — нағыз айқын қажеттілік. Егер біз Цюрупаға жұмыс істей алмаймыз деп қарсылық білдіретіндер болса, сөйтіп оны бейне бір жыртқыш хайуандардың бірі етіп көрсететіндер болса, онда біз оларға былай дейміз: «Әзілдеріңізді қоя тұрыңыздар, сіздер өнеркәсіпті қалайша қалпына келтіресіздер? деген сұраққа тура жауап беріңіздер» дейміз. Шаруаға ауыл шаруашылық құралдары мен саймандарын беріңіздер. Егер мемлекеттің қолында мемлекеттік керектерді өтеу үшін бүкіл қажетті қор толық болатын болса, егіншілік және техникалық құрал-саймандардың бәрі түгел болатын болса,— бұл үшін үсті-үстіне көбейіп

отыратын қор керек, ал біз өзімізде осындай қордың болатын сәтіне енді-енді ғана әрең жетіп келеміз. Міне, сондықтан да бұл арада совхоздар мен колхоздардың міндеттерін шатыстырып отыр деген сөздерді мен теріс деп санаймын. Колхоздар туралы мәселе кезектегі мәселе болып қойылып отырған жоқ. Колхоздардың әлі де жолға қойылмағандығы, ауыр халде екендігі сонша, тіпті оларды мүсәпірхана деп атауға лайық екендігін мен білемін. Бүкіл россиялық VIII съездің делегаттары Бүкіл россиялық жер және орман қызметкерлері одағының жұмысын көтеру үшін арнаулы шаралар қажеттігі жөнінде Халық Комиссарлары Советіне немесе Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне нұсқау берулеріне мен қарсы емеспін. Бұл жөнінен бұл одақ аса маңызды тірек болып табылады, тек ол өзі біздің шын қожайын болуымызға көмектесе алатын, нағыз жартылай пролетарлық элементтерді біріктіретін болса болғаны. Мен бұған титтей де қарсы емеспін.

Бірақ бұл заң жобасының қойып отырған міндеті басқаша. Қазіргі уақытта совхоздардың халі орасан көп жағдайда ортадан төмен. Жеке шаруаға сүйену керек, ол өзі солай және таяу уақыттың ішінде сол қалпынан басқаша бола алмайды, демек, социализмге және коллективтендіруге көшу туралы арман етуге болмайды. Жалпы пайымдаулардан нақ осы көктемде және одан ешбір кешікпей алғашқы практикалық қадамды қалай жасауға болатындығына көшу керек, мәселені тек осылай қою ғана іскерлік болады. Ал енді осыны жүзеге асыру үшін заң жобасын дәл қазір бекіту керек, өйткені Халық Комиссарлары Советі оны даярлап болды, оған тиісті түзетулер мен өзгертулерді қазірден бастап енгізу керек, бұл істі ешбір кешеуілдетуге болмайды.

Ал құрал-саймандарды қоғамдастыруға келетін болсақ, мемлекет атынан жалпыға міндетті қандай ережелер белгілеуге болатындығы сіздерге айқынырақ. Мен бұдан сақтандырған болар едім. Ауқатты шаруалардың құрал-саймандарын қоғамдастыруға право беретін заң бізде бар[86]. Мұны ойдағыдай жүзеге асыруға болатын жергілікті орындарда бұл жөнінде муниципализациялауға мейлінше толық еркіндік осы заңның болуымен қам-

тамасыз етіліп отыр. Бірақ мұны қалай істеудің тәсілдері барлық жерде бірдей және әрқашан да толық белгіленген деуге әсте де келмейді; сондықтан тікелей басқа мақсатты көздейтін заңға мұны енгізу — өз күштерімізді бытыратып алу, ең алдымен күш салуға тиісті жерге және қысым жасау қажет болуы мүмкін жерге күштерімізді шоғырландыра алмау қаупін туғызу деген сөз. Одан да біз барлық күшімізді мүлдем кезек күттірмейтін іске, қайткен күнде де тұқымды жеткілікті мөлшерде жинап алу үшін, тұқым себілмей қалатын егістік болмау үшін, тәжірибеде тексерілген ауыл шаруашылығын жақсарту әдістерін басым көпшілігі еңбекшілер — кедейлер мен орташалар — болып отырған жерлерге барлық көлемде жаппай енгізу үшін шоғырландырайық. Істің түйіні осында. Осындай шараларды біз қазір неғұрлым аз белгілесек, соғұрлым жақсы болады, өйткені азын-аулақ шараларды тыңғылықтап жүзеге асырып алып, біз егіншілікті көтерудің бүкіл машинасын дұрыс жолға қоятын боламыз және бұл жолдың дұрыс жол екендігіне шаруалардың сенімін бекіндіріп, нығайта түсеміз. Ал егер істей алатынымыздан гөрі құлашымызды кеңірек сілтеп жіберсек, онда біз шаруалардың алдында тек қадірімізді кетіріп аламыз. Егер бұйрықпен істету жөнінде ілгерілеп кете алатын губерниялар болса,—бұған тыйым салынбайды. Онда былай делінген: шаруа ретінде өзіңнің тәжірибеңмен санасатын бол, күш-көлік пен құрал-саймандарды жинастыру жөнінде өзіңнің неге шамаң келетінімен санасатын бол. Егер губернияда ауыл шаруашылығына қажетті құрал-саймандар жақсы күйде қалып отырған болса, онда бұл іс ойдағыдай болады. Ал егер заң бұл жөнінде жағдай неғұрлым төмен болып отырған және шаруаларының мұны орындауға шамасы келмейтін губернияларға да қолданылса, онда бұйрық қағаз жүзінде қалады, ол іске аспайды, ал шаруалар бұл жолдың маңыздылығын түсінудің орнына, бұдан көңілі қалады, сондықтан болашақта мен бәрінен де гөрі осыдан қорқамын, сондықтан да біз ең алдымен мейлінше қажет болып отырған нәрседен, яғни тұқымды сақтаудан бастауымыз керек.

Енді біз ұсақ жеке шаруа шаруашылығын жақсартудың шараларына көшеміз; бұл шаралар әбден мүмкін шаралар, ол шараларды біз дереу талқылауға, егжей-тегжейлі талқылауға, осы арада декреттеуге тиіспіз, міндетті ережелермен заңдастыруға тиіспіз, әлденеше рет талқылағаннан кейін шешілген нәрселер қайткен күнде де орындалатындай етіп, күштеу мен талап қоюшылықты міндетті түрде қолдануға тиіспіз. Мен баяндамадан кейін съездің пленум жиналысында секцияларды формальды түрде құруға болатынын күтіп отырмастан, нақ қазір секцияларға бөлінуді ұсынған болар едім. Қазір немесе қалай да бүгін құруға болатын осы формальды емес секциядан формальды секция құруға көшуге болады, бірақ біз мұны бір күн немесе жарты күн кейінге қалдыратын болсақ, ол дұрыс болмайды. Бізде небары екі жарым мың делегат бар гой, ал, менің ойымша, олардың оннан бірі бірнеше жылдың ішіндегі жұмыстан кейін бұл мәселені практика жүзінде ұғынып алды, ал егер бізде екі жүз елу кісі, яғни әр ауданға жиырма бестен астам адам болатын болса,— өйткені біздің республика тоғыз ауыл шаруашылық ауданға бөлінген,— онда, менің ойымша, осы мөлшердегі өкілдермен біз нақты іс туралы мәселені талқылауға, өзіміз көшуге тиісті нақты шараларды талқылауға нақ қазір кірісе аламыз.

Ауыл шаруашылығын жақсарту жөнінде нақ қандай шараларды және қандай ауданда қолдануға, заң ретінде күшіне енгізуге болады? Бір ауданда, бәлкім, міндетті түрде тұқыммен қамтамасыз ету жөнінде шаралар белгілеуге болар, екінші бір ауданда, тек көктемде ғана Алтай губерниясымен танысқан жолдастың айтқаны сияқты, неғұрлым күшті бұйрық беру үшін негіз дайындауға болар. Үшінші бір ауданда, мүмкін, агрономдар мен партияда жоқ шаруаларды тарта отырып, жер жырту және тырмалау ісін неғұрлым дер кезінде жүргізуге қатысты шараларды іске асыруға болар. Меніңше, облыстарды аудандарға бөле отырып, қазірден-ақ секциялар құру керек, өйткені түрліше аудандарда бірыңғай шаралар қолдануға болмайды, сөйтіп декретте тура көрсетілмеген, бірақ заң жобасында ең маңызды болып отырған

мәселелерді талқылауға жарты күн немесе бір күн арнау керек. Бұл заң жобасы былай дейді: партияда жоқ шаруалардың сенімін тиісті дәрежеде әзірлеңіздер, ал егер біз бұл жөнінде кешеуілдеп қалған болсақ, онда біз дамытып отырған және осы кезге дейінгіден жүз есе артық, жүз есе күшті дамыта алатын осы бұқаралық үгітке сүйене отырып, осыған сүйене отырып, біз орасан күш салудың арқасында, азық-түлік саясатын жүзеге асыру саласында табысқа жету үшін қаншалықты күш салғанымыз сияқты және одан кем емес күш салып, ойдағыдай табысқа жететін шараларды әрбір аудан үшін, әрбір губерния үшін жасап шығара аламыз. Ол тұста шаруалардан өнімнің белгілі бір мөлшерін беруді талап еткен міндет онша ауыр емес еді, ал бұл арада шаруалардан олардың өз шаруашылығына жалпы мемлекеттік өкімет қажет деп тапқан өзгерістерді енгізу талап етіледі. Негізгі міндет — бұл өзгерістерді белгілеуде қателік жібермеу. Ең маңыздысы міне осы. Кураев жолдастың бұл мәселелерді нақты қойғандығын, мен мұны дұрыс бағыт деп білемін, ал бұл мәселеден коллективтендірудің жалпы жоспары туралы, совхоздардың ролі туралы,— бұлар кейде өте-мөте ұнамсыз роль атқарып жүр,— дайындау ісіне кірісудің маркстік әдісі туралы пайымдауларға көшу — бұл өзі бізді тікелей практикалық істен жалпылама пайымдауларға қарай кейін сүйреу деген сөз; бұл жалпылама пайымдаулардың пайдалы болуы да мүмкін, бірақ аса ірі маңызы бар мемлекеттік акт шығаратын Советтер съезінде пайдасы жоқ. Бұл шараны әзірлеу үшін селолық Советтердің қызметі мен ролі қандай болуы керек екендігін өте-мөте мұқият ойластырып алу керек. Қазіргі уақытта селолық Советтің председателі көбінесе шаруалар арасындағы шараларды жүргізіп отыратын адам емес пе, осы шаралар жөнінде біздің кеңесуімізге болатын адам емес пе?— дегенді әбден ойластырып алу керек. Селолық Советтің председателі мен жәрдемдесу комитетінің председателі міндетін бір адамға жүктеу пайдалы бола ма? Мен бұл арада сұрақ белгісін қойып отырмын. Мен жергілікті жерлердегі жұмыспен таныс жолдастар бұл мәселеге зейін қойып қараса екен дер едім. Жәрдемде-

су комитеттері қандай шараларды заңдастыру керек екендігін талқылаулары керек. Бұл талқылау кезінде партияда жоқтардан қорқудың қажеті де жоқ. Біз олардың ұсыныстарының бәрін саралап таразыға саламыз да, кімнің бізді жақтайтынын және кім бізге қарсы екенін нақты білетін боламыз. Әрбір болыста, әрбір елді мекенде жағдай айқын болатындай ету қажет. Ал белгіленіп отырған талаптар шынында да орындалатын талаптар; белгілі бір дәрежеде күш жұмылдырсақ, оларды нақ осы көктемде жүзеге асыруға болады. Мен фракция кеңесін аяқтауды ұсынған болар едім. Өздеріңіз жалпы жарыс сөз бітті деп тапқаннан кейін,— аудандар бойынша секциялар құрып, нақ осы арада белгілі бір ауыл шаруашылық ерекшеліктері жөнінен өзгеше болып келетін жекелеген аудандар бойынша құрылған секцияларда мәселені талқылауға дереу кірісу қажет. Практикалық жағынан бұл дұрыс болады және заң жобасының табысты болуына кепілдік береді.

*Бірінші рет 1930 ж.*
*В. И. Ленин Шығармаларының*
*2—3-басылуларында басылған,*
*XXVI том*

*Стенограмма бойынша*
*басылып отыр*

## 7

## ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ «ШАРУАЛАРДЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМШАЛАР ТУРАЛЫ СОВЕТТЕРДІҢ VIII СЪЕЗІНДЕГІ РКП(б) ФРАКЦИЯСЫНДА 27 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, Орталық Комитет бүгін ауыл шаруашылығы туралы қарардың жақсарту және сыйлық беру туралы айтылатын пунктіндегі «жекелеген үй қожайындарын» деген сөздерді алып тастау жөнінде фракцияда қабылданған шешім туралы мәселені қарады. Орталық Комитет мынадай шешім қабылдап, оны қорғауды маған тапсырды[87]. (О қ и д ы.) Орталық Комитет шешімінің тексті, міне, осы, жолдастар. Фракцияның шешімімен біздің ешбір келісе алмаған себебімізді енді менің дәлелдеуіме рұқсат етіңіздер. Жекелеген үй қожайындарына сыйлық беруден бас тартуды ұйғарғанда фракцияның басшылыққа алған негізгі пікірлері біз кулаққа сыйлық береміз деп қауіптенушілік және ең алдымен селолық қоғамға, болысқа, коллективке — жекеше еңбекке емес, ортақ еңбекке — сыйлық беруді бірінші қатарға қою тілегі болғанына біз күмәнданған жоқпыз және бұл Орталық Комитеттің мәжілісінде де ерекше баса көрсетілді. Мұнымен біз әбден келісеміз. Бірақ біз әрбір марксист үшін әбден дұрыс, принципті жағынан талассыз, күмәндануға жатпайтын, шаруалар тұрғысынан ерекше бағалы осы пікірлерге бола жекелеген қожайындарға сыйлық беруден мүлде бас тартуға дейін баруға болмайды деп есептейміз.

Бұл заңның шығу тарихынан кішкене бір анықтаманы еске салуыма рұқсат етіңіздер. Мен оның біздің Халық Комиссарлары Советінен өту тарихын әжептәуір зейін қойып қадағалап отырдым, сондықтан Азық-түлік

комиссариаты ұсынған бірінші жобада, жалпы айтқанда, ұқыпты қожайынның негізге алынғанын айтуға тиіспін. Ал Середа жолдас енгізген ұсыныстарда ұқыпты қожайынды негізге алу дұрыс емес, селолық қоғамды, коллективті негізге алу керек деген пікір мәселенің түйіні болды. Бұл мәселеге Халық Комиссарлары Советі, меп, қалай болғанда да, былай деп қарадық: бұл жөнінде жергілікті адамдардан сұрастырып, жақтаушылар мен қарсылардың пікірлерін саралап көру керек. Шынында да, жеке қожайынға сыйлық берудеп бас тарту маған дұрыс емес сияқты болып көрінді, бірақ селолық қоғамды бірінші орынға қою керек дегенге келсек,— егер практикасы бар жергілікті адамдар мұны істеуге болатындығын және мұның істелуге тиіс екендігін мақұлдайтын болса,— бұл, бәлкім, жақсы да шығар. Екі көзқарастың осы таласынан келіп, Халық Комиссарлары Советінің заң жобасында қабылданған тұжырым —сыйлық берудің екі түрінің арасында белгілі бір арасалмақ белгілеп, мұның екеуін де қалдыру керек деген тұжырым — шықты. Соның өзінде жобаны одан әрі талдау, нұсқаудың ісі деп, бұрын Халық Комиссарлары Советінде айтылған пікірлердей, пікірлер туғызғаны табиғи нәрсе. Халық Комиссарлары Советінің шешімінде де былай делінген: Егіншілік халық комиссариаты дәл белгіленген мерзімде нұсқауды жасап, ол Азық-түлік халық комиссариатымен келісілуге тиіс және оны Халық Комиссарлары Советі бекітуі керек. Нұсқауды бекіту ісі тиісті халық комиссарының бір өзінің жарлығымен жүзеге асырылатын жалпы тәртіпті бұзып, біз мұнда тексеру жөнінде ғана — екі халық комиссарының қатысуып — қаулы етіп қойғанымыз жоқ, опың үстіне Халық Комиссарлары Советі бекіту үшін нұсқауды өзіне ұсынуды талап етеді деп арнайы қосымша жасадық. Өте көп нәрсенің нұсқауға байланысты екені осыдан айқын көрініп тұр.

Жеке меншік шаруашылықтарға сыйлық бермеу туралы сіздердің шешіміңіз жолдастардың кейбір түсіндірулерінен бізге кейін айқын болды. Орталық Комитет бұл арада мәселенің түйіні неде екенін түсінді. Ал мәселенің түйіні сыйлық беру әділетсіз болып шықпасын,

кулактарға сыйлық беріліп кетпесін дегенде болып отыр. Ауқатты шаруа мен кулакта шаруашылықтың ең жақсы жолға қойылғаны түсінікті; бұлар, әрине, деревняда әлі толып жатыр, бұл жөнінде біз бір минут та күмәнданбаймыз. Егер біз ұқыпты шаруашылық үшін сыйлық бере отырып, шаруашылықта бұл ұқыптылыққа қандай жолмен қол жететіндігі жайына назар аудармайтын болсақ, онда шаруашылық табыстары бойынша кулактың ең ұқыпты болып шығатыны сөзсіз. Сондықтан егер шаруашылықты жақсартуға жету үшін қаншалық күш жұмсалғаны туралы мәселеге мән берілмейтін болса, онда кулакқа әділетсіз артықшылық жасалатын болып шығады. Егер оған өндіріс құрал-жабдықтарын, яғни шаруашылықты ұлғайту үшін қажетті нәрсе беріп сыйлық жасалатын болса, онда біз жанамалай, тегі, тіпті онша жанамалай да емес, кулактарды дамытуға қатысушы болып шыққанымыз, өйткені жақсы табысқа жету кулактық тәсілдер арқылы болған-болмағанын есепке алмай, ұқыпты қожайынға сыйлық беретін болсақ, оның үстіне өндіріс құрал-жабдықтары сияқты нәрселермен, яғни оның бұл арқылы өз ықпалын одан сайын ығайта алатын нәрсесімен сыйлайтын болсақ, онда біз, әрине, жер жөніндегі саясат былай тұрсын, тіпті бүкіл советтік саясаттың негізгі қағидаларына қайшы келеміз және кулактардың мүдделеріне қарсы еңбекшілердің мүдделерін қолдау керек деген негізгі принципті бұзамыз. Бұл арқылы біз, жалпы айтқанда, жер жөніндегі бүкіл саясат былай тұрсын, бүкіл советтік саясаттың бастамасы мен негізін шынында нағыз түбірінен әлсіреткен болып шығамыз.

Бірақ егер бұдан біз жекелеген қожайындарға сыйлық бермеуіміз керек деген қорытынды жасайтын болсақ, онда мынадай бір мысалды алып қараңыз: еңбектің коллективтілігі, оның қоғамдастырылуы егіншіліктегіге қарағанда әлдеқайда өлшеусіз жоғары сатыға жеткен фабрикалар мен заводтарда жекелеген жұмысшыларға сыйлық береміз. Ал шаруа шаруашылығы жөнінде қалай істеу керек? Шаруаның өзіндік, жеке меншік еңбегінің үлесі $^9/_{10}$ болып отырған, тіпті 99 процент болуы ықтимал, нағыз шаруалар елінде, 20 миллион шаруа

шаруашылығы бар елде біз оларды өрге бастырғымыз келеді, ал біз мұны қайткенде де істеуге тиіспіз. Біз олардың еңбегін бірнеше, талай жылдарға созылған түбегейлі техникалық реформадан кейін ғана көтеруге болатындығын білеміз. Біз үш жыл ішінде өзіміздің практикалық жұмысымызда біраз нәрселерге үйрендік. Біз егіншілікте коммунизм негіздерін қалай қамтамасыз етуді білеміз,— мұны орасан зор техникалық эволюция арқылы жүзеге асыруға болады. Электр станцияларының орындары көрсетіліп жасалған бұл жоспарды біз айқын түсінеміз, біз программа-минимумды, таяудағы он жылдың программасын білеміз, бірақ электрлендіру жөніндегі бұл кітапта біздің программа-максимумымыз да бар, мұнда көптеген жылдарға арналған орасан зор жұмыс жоспарланған. Ал қазір бізде 20 миллион жеке шаруашылық бар, бұлар шаруашылығын жеке-жеке жүргізеді, басқаша жүргізе де алмайды; міне, сондықтан егер біз олардың еңбек өнімділігін арттыру үшін бұларға сыйлық бермейтін болсақ, бұл түбірінен теріс болады, бұл — көріне көзге асыра сілтеушілік және бадырайып тұрған шындықты көргісі келмегендік болады; ал бұл шындықпен санасу керек, оған сүйеніп отыру керек. Әрине, шаруашылықтардың коллективизм арқылы, тұтас болыстар, қоғамдар, т. т. болып өрге басқаны жақсы болған болар еді. Бірақ мұны қазір қаншалықты істеуге болады, міне, осымен санасу керек. Егер сіздер жергілікті жерде жұмыс істей отырып, осы жолмен өрге басуды қолдайтын болсаңыздар, тұтас қоғамның немесе тұтас болыстың өрге басуын жүзеге асыратын болсаңыздар — бұл өте жақсы; онда сыйлық берудегі ең таңдаулы нәрсенің бәрін соларға беріңіздер. Бірақ сіздерде осыны тындыра аламыз деген сенім бар ма, мұның өзі практикалық жұмыста аса зор қателіктерге ұрындыратын бос қиял емес пе?

Сондықтан да біз сіздерге Орталық Комитет қарарының соңғы бөлімін ұсынамыз, ұсынғанда оны белгілі бір өңдеуден өткізіп немесе, бәлкім, практиктердің пікірлері бойынша түрін өзгертіп, Советтер съезінің қарарына енгізу үшін, бұл мәселені сіздер өздеріңіз шешу үшін, сіздер осында: жеке қожайындарды көтермелеуге

және оларға сыйлық беруге жол беріледі, бірақ белгілі үш шартпен жол беріледі деп айтуларыңыз үшін ұсынамыз. Бірінші шарт — сыйлық ең алдымен селолық қоғамдарға беріледі, үй қожайындарына — екінші кезекте, сыйлық беруден қалған нәрсе беріледі, біз бұған келісеміз. Екінші пункт былай дейді — шаруашылық табысқа кулактық тәсілдер арқылы жеткен жекелеген үй қожайындарына сыйлық берілмесін, мәселе: сен шаруашылық табысқа жеткен екенсің, сыйлық алатын боласың деп қойылмасын. Жоқ, егер кімде-кім шаруашылық табысқа жеткен болса, бірақ қарыз беру, жұмыспен өтеу, жалдаптық формасында болсын, бәрібір, кулактық тәсілге жол берсе — кулактық тәсілдер кейде заңды орағытып кету арқылы да қолданылады,— егер кімде-кім титтей де болсын кулактық тәсіл қолданып, табысқа жеткен болса, ол сыйлық атаулыдан құр алақан қалады. Екінші шек қоюшылық міне осы; мұның өзі кулактармен күресу, еңбекші орта шаруа мен кедей шаруаны қолдау жөніндегі сіздердің принципті көзқарастарыңызды бұрынғыдан да гөрі қанағаттандыра түседі. Үшінші қойылатын шек — сыйлық ретінде не беру керек. Шаруашылықты ұлғайтып, жақсарту үшін қызмет ететін өндіріс құрал-жабдықтарын: құрал-саймандарды, машиналарды беруге болады; тұрмыста үйді безендіруге қызмет ететін, өмірді жайнатып, үй тұрмысын жақсартатын тұтыну заттарын беруге болады. Біз: «Жекелеген қожайындарға тек тұтыну заттары мен үй тұрмысы заттарын және, әрине, озаттық белгілерін беріңіздер» дейміз. Осында сіздер Еңбек Қызыл Ту орденін[88] қабылдадыңыздар. Ал жекелеген қожайындарға өндіріс құрал-жабдықтарының кулакша пайдалануға болмайтындарын ғана және олардың кулакша пайдаланылуы мүмкін емес негіздерде ғана беруге болады. Тіпті ол ең ұқыпты қожайын болса да, тіпті ол кулактық тәсілді титтей де қолданбай табысқа жетсе де машиналар берілмесін. Машинаны беруге болмайтын себебі — ол өзінің қолданылуы жағынан коллективтік еңбекті керек етеді, сондықтан қожайын машинаны алғанмен, оны жалғыз пайдалана алмайды.

Орталық Комитет басшылыққа алған пікірлер міне осы; біз осы пікірлердің негізінде сіздерге өз шешіміңізді тағы бір рет қайта қарап шығуға, пікір алысуға және де сіздер жоғарыда көрсетілген үш шартты қолдана отырып, жекелеген қожайындарға сыйлық беруге келісіп, ол шешімді өзгертуді мүмкін деп таппас па екенсіздер деп өтініш айтып отырмыз. Егер біз мұны қабылдамасақ, біз керекті нәтижелерге жете алмаймыз, өйткені қажыған және күйзеліске ұшыраған елде шаруашылықты жақсарту ісін ерекше күш жұмсамайынша жүзеге асыруға болмайды, ал ерекше көзге түскен ұқыптыларға сыйлық беру керек. Егер кулактық тәсілдер қолданылмаған болса, аянбай істелген жұмыстың бәрін көтермелеп отыру керек. Міне, сондықтан да біз осы пікірлерді тыңдағаннан кейін, сіздер біздің шаруашылық құрылысымыздың мүдделері үшін шынымен қажет болып табылатын, жоғарыда көрсетілген шектеулі үш шартпен сыйлық беруге келіседі деп ойлаймыз.

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Стенограмма бойынша басылып отыр*

## 8

# СОВЕТТЕРДІҢ VIII СЪЕЗІНДЕГІ РКП(б) ФРАКЦИЯСЫНДА 27 ДЕКАБРЬДЕ СҰРАҚТАРҒА БЕРІЛГЕН ЖАУАПТАР

Запискаларга жауап берудеи бұрын, фракция мен Орталық Комитет арасында формальды алауыздық бар ма, жоқ па, соны айқын айту керек. Алғашқы шешендердің сөйлеген сөздері жөнінде: біз кулактарға қарсы күресуді ойлап, нақты шешім қабылдадық, бірақ үш қосымшада біз көрсеткен күрес тәсілдері ол кезде сіздерде әлі жоқ болатын. Бұл қосымшаларға қарсы шыққан жолдастар осында не айтты? Шындығына келгенде олар еш нәрсе айтқан жоқ. Осында сөз сөйлеген шаруа-қызыл әскер жолдас[89]: кулактар бар, кулактар көбейіп барады деді, бірақ біз былай деп ашық айтып отырмыз: егер олар кулактар болса, онда сыйлық ала алмайды. Сіздерге мұны заң арқылы жүзеге асыруды ұсынамыз. Ол ол ма, егер орта шаруа жеке меншігіндегі шаруашылығын жақсартып, бірақ мұны кулакқа айналу үшін пайдаланатын болса, онда оған сыйлық беруге тыйым салынады. Демек, осында біздің пікірімізге қарсы қандай дәлел айтылды? Ешқандай дәлел айтылған жоқ. Кулакқа сыйлық бермеу керек дегенді қайталай береді. Ал біз мұнымен келісеміз.

Енді мен осында берілген запискаларга көшемін. Біріншісі:

1) «Ұқыпты кулак» пен «ұқыпты орта шаруаның» критерийі не болмақ?

2) Айталық, біз осында бұл критерийді тауып, жоспар жасап алдық делік, бірақ біз жергілікті жерлерде, оның үстіне кулактар әлі де болса басшылық роль атқарып отырған жерлерде мұны қалай жүзеге асырамыз?

3) Сыйлықты тұтас коллективке немесе жеке қожайынға беру керек пе, әлде тіпті бұлардың екеуіне де сыйлық беру керек пе, мұның аралық шегі қандай болмақ?

Біріншіден. Шаруалар мұны жақсырақ біледі. Егер заңда кулак тәсілін қолданушыға сыйлық беруге тыйым салу туралы айтылса, онда бұл кулак туралы ұғымнан гөрі кеңірек. Кулак дегеніміз жалпы алғанда кулак тәсілін қолданатын адам, ал кулак тәсілін жекелеп алғанда кез келген дерлік орта шаруа қолданады. Демек, біз кулактарға ғана емес, сонымен қатар кез келген орта шаруаға да, егер ол кулак тәсілін қолданатын болса, сыйлық беруге тыйым салып отырмыз, ал бұл тәсілдердің түр-түрінде шек жоқ. 5 пұт астыққа артық ат сатып алған дөрекі кулак сияқтыдан басқасы да бар ғой[90]. Ал осындай кулакқа сыйлық бере ме екен? Деревняда осыған көз жұмбайлықпен қарайды деп сіз не себепті жорамалдайсыз? Ал егер сіз ұқыпты кулак пен ұқыпты орта шаруаның критерийі қандай болады деп сұрасаңыз, онда жергілікті жерлерде мұны өте жақсы біледі. Бұл туралы заң жазуды біз ойлап отырғанымыз жоқ, өйткені мұның өзі адамдардың қалай кулак болып отырғаны туралы тұтас бір том жазу деген сөз, ал жергілікті жерлерде жұрттың бәрі мұны өте жақсы біледі.

Екіншіден. Ал сіздерде партияның уездік комитеттері жоқ па, бұл нәрсе селолық қоғам арқылы, болыстық жер бөлімі арқылы, партия ұясы арқылы өтпей ме? Егер жергілікті жерлерде күресу үшін ұялар жоқ болса, жергілікті жерлерде кулакқа қарсы күресу туралы қалайша айтуға болады. Бұл дәлел маған түсініксіз.

Үшіншіден. Заңда сыйлық беру жөнінде бірінші қатарға коллектив, ал екінші қатарга жеке қожайын қойылады делінген. Бұлардың арасын егжей-тегжейлі ажыратуды партияның әрбір уездік комитеті және жергілікті жерлердегі барлық басқа мекемелер белгілейді.

Екінші записка:

Түзету енгізгенде Орталық Комитет бұл түзетуді «ұқыпты шаруаларды» ауыл шаруашылығын және жалпы өнеркәсіпті көтеруге ынталандыру үшін, белгілі бір мерзім өткеннен кейін қоғамдық өндеуді енгізу жеңіл болу үшін саяси акт деп ойлай ма? Мүмкін болса, жауап беріңіз.

Біріншіден, мұның өзі бұл мәселеде партияда жоқ шаруалардан жасыратын арнайы саяси еш нәрсе жоқ екенін дәлелдейді. Сондықтан мен мұндай мәселелер жөнінде партияда жоқтарды фракцияға шақыруды дағдыға айналдыру қажет деп ойлаймын және мұны сөзсіз дұрыс деп санаймын. Фракцияда мәселені олар шешпейді, бірақ олармен неге ақылдасып кеңесіп алмасқа. Жеке меншік еңбектен коллективтік еңбекке өту керек екенін біздің шаруашылық практикамыз көрсетті, бірақ өту дегеннің не екенін біз байқап көргеннен кейін, бізге қол сілтеудің керегі жоқ, қайта мұнда өту керек екенін және неғұрлым баяуырақ жүрсең, соғұрлым жақсы болатынын түсіну керек.
Үшінші записка:

Меніңше, қоғамдық түрдегі сыйлықтар беруді жақтаушыларға мынаны айту қажет: қоғамға сыйлық беру үшін оларда плугтар мен басқа құрал-саймандар жеткілікті бар ма әлде жоқ па? Егер жоқ болса, онда әңгіме етіп не керек?

Бұл дәлел дұрыс емес. Сыйлық беру үшін бізде жалпы алғанда заттар аз, ал плугтар бізде тіпті аз, біз оларды өндіріс құрал-жабдықтары ретінде жекелеген адамдарға бермейміз, тұтас қоғамдарға беретін боламыз. Бірақ еңбек өнімділігін көтеру үшін көп күш-жігер жұмсаған шаруаға мүмкін болған жағдайда плугты неге бермейміз? Ал ол кулак элемент пе әлде жоқ па, ол жөніндегі мәселені кім шешеді? Төменгі буын не айтып жатыр, соған құлақ салу керек.

Келесі записка:

Егер мүмкін болса, осының екінші бетінде мына сұраққа маған дереу жауап беруіңізді өтінемін. Мен жұмыс істейтін Ставрополь губерниясының Святокрестовск уезіне 1920 жылдың 1 декабріне дейін 10 000 000 пұт астық беру жөнінде салық салынды. Оның 3 200 000 пұты орындалды. Салықтың аз орындалуына байланысты біз кулак элементтердің мүліктерін конфискелеуді көптеп қолданудамыз, сондықтан мынаған жауап беруді тағы да өтінемін: бұдан әрі не істеу керек? Конфискелеуді жүргізе беру керек пе әлде шаруашылықты күйзелтпеу үшін тек аса қажетті жағдайда ғана жүргізу керек пе?

Мұның біз айтып отырған заңға қатысы жоқ. Бұрын қалай істеп келсеңіздер, солай істей беріңіздер. Совет

өкіметінің декретіне және өзіңіздің коммунистік ар-ожданыңызға толығынан сәйкес түрде осы кезге дейін қалай істеп келсеңіздер, алда да солай еркін істей беріңіздер.

Келесі записка:

«Ұқыпты шаруа» ұғымынан «ұқыпты кулак» ұғымын қалай бөліп алу керек?

Бізде бұл туралы заңда бәрі бар, ал енді сіз осында сұрап отырсаңыз, бұл — сұрақ қоюға құмарлық.

Бұдан әрі былай деп сұрайды:

Мәселен, пәлендей бір деревняда ұқыпты шаруаны кім және қалай анықтай алады? Егер мұны деревнядағы сайланғандар немесе уәкілдер істейтін болса, онда сайланғандар мен уәкілдердің қиянат жасауы келіп шығады.

Мен бұған біздің партияны қатыстыру керектігін, бізде кедейлер комитеттерінің, ал Украинада кедей шаруалар комитеттерінің барлығын бұрын да айтқанмын.

1) Мынаны еске алуды өтінемін. 1920 жылы кендір тапшылығын тапсырғаны үшін шаруа қожайындарға сыйлық берілген еді. Олар 100 кезге дейін кездеме алғап болып шықты, ал деревня кедейлері 1920 жылы әлі бір кез де кездеме алған жоқ.

2) Жекелеген үй қожайындарына сыйлық беру шарасы коллективтік бірлестікке кедергі жасайтындығы және егіншіліктегі әлсіреген капиталистік тіректерді біршама нығайтатындығы ескеріле ме екен?

Жолдастар, біздегі жеке меншікті шаруа шаруашылықтары, былайша айтқанда, капитализмнің тіректері екенін сіздер білесіздер. Бұл талассыз, ал мен мұны өз баяндамамда көрсетіп, тура былай дегенмін: Сухарев алаңында болған немесе пәлендей бір жерде жасырын басқа алаңда болған «сухаревка» қорқынышты емес, әрбір жеке меншік шаруаның жүрегіне ұялаған «сухаревка» қорқынышты*. Біз бұдан бір жылда немесе екі жылда құтыла аламыз ба? Құтыла алмаймыз. Ал шаруашылықты қазір жақсарту керек. Сіздің коммунистік ынта-жігеріңіз тамаша-ақ, бірақ осы этаждан анау

* Қараңыз: осы том, 126, 140-беттер. *Ред.*

тобеге қарғып шыққыңыз келеді, ал біз: бұлай болмайды, байқаңқырап, біртіндеп әрекет етіңіз дейміз.

Бұдан әрі:

Азық-түлік комиссариаты және басқа мекемелер 3-ші топтың екпінді жұмысшыларына сыйлық беру үшін неге азық-түліктер бермейді?

Неге екенін білмеймін, бірақ оның себебі мынау шығар деп ойлаймын: сыйлық беру үшін бізде азық-түлік өте аз.

Негұрлым дәулетті шаруаларға, яғни өздері өңдеп отырған үлкен жер учаскелері барларға сыйлық беруге РКП Орталық Комитеті қалай қарайды? осыған жауап беріп, ілтипат жасасаңыз екен. Ал мұнымен қатар өздерінің қарамағындағы жері шағын болғандықтан өзін танытуға мүмкіндігі жоқ, жері аз шаруалардың жағдайы қалай болады?

Оның неге үлкен жер учаскесі бар? Егер бұл әділетсіз болса, қоғам мен жер бөлімі оны неге алып қоймайды? Өйткені оны өңдеуге басқалардың күші жетпейді. Сондықтан егер ол бұл учаскеде тырысып еңбек етіп жатса, оны не үшін жазалау керек? Ал егер кулакша әрекет етіп жатса — бермеу керек, егер әділетсіз ие болып отырса,— одан алыңыздар да, басқаларға, жерді өңдей алатындарға беріңіздер, бірақ тек жерінің көптігі үшін ол адамға шабуыл жасамаңыздар. Россияда жерге жеке меншік жоқ, жерді сіздер өздеріңіз бөлесіздер және қоғам бөледі. Россияда зор көлемді жері бар адамдар бар. Егер мұны партия комитеті мен совет органдары көріп отырып, ешбір шара қолданбаса, онда оларды қуып жіберу керек, бірақ жұртқа сыйлық беруден бас тартпау керек.

Соңғы екі записка. Біріншісі:

Заң жобасының бұл пункті Украинада қолданылатын бола ма?

Қолданылады деп ойлаймын және де Украинадағы кедейлер комитеттерінде жұмыс істеген жолдастардың бірде-бірінің осында пікір айтпағанына қатты өкінемін, сондықтан да мен жарыс сөзді ерте тоқтатуды үлкен қате деп есептеймін.

Екіншісі:

**Егер фракция Орталық Комитеттің қаулысын қабылдамай тастаса, онда біз РКП-ның лайықты мүшелері бола аламыз ба әлде өзіміздің қыңырлығымызды көрсетеміз бе?**

Бұл запискаға мен документпен жауап беремін, ол документ «Россия Коммунистік партиясының уставы» деп аталады. Бұл документтің 62-параграфынан біз мынаны оқимыз: «Фракция өзінің ішкі өмірі мен ағымдағы жұмысы мәселелерінде автономиялы» [91]. Демек, фракцияның барлық мүшелері Орталық Комитеттің нұсқауы бойынша емес, өзінің ар-намысы бойынша дауыс беруге праволы және міндетті. Егер сіздер ар-намысыңыз бойынша дауыс беріп, Орталық Комитеттің ұсынысына қарсы екінші шешім қабылдасаңыздар, онда дәл 62-параграфтың негізінде біз Орталық Комитетті шақыруға міндеттіміз және дереу шақырамыз, сөйтіп оның мәжілісіне сіздер өз өкілдеріңізді жібересіздер. Өз арамыздағы елеулі алауыздықты жоюға тырысу үшін мұндай маңызды мәселені екі немесе үш рет талқылаған жоқ. Істің жайы міне осылай болып отыр, міне осылай істеу керек. Қазір партияның жоғары мекемесі директива бергендіктен емес, осында сіздердің көздеріңізді жеткізген, жеткізбегеніне қарай дауыс беру керек.

Істің жайы нашар болса керек, өйткені оны қорғауға Ленин жолдасты жіберіпті деп осында теріс айтылды [92]. Бұл дұрыс емес, өйткені партия уставы сіздердің праволарыңызды дәл белгілейді. Бұл біріншіден. Мұның дұрыс емес екендігі, екіншіден, мынадан: Орталық Комитетте бұл мәселе жөнінде бірде-бір алауыздық болған жоқ, қайта бірден былай деп айтылды: біз кулакқа қарсы күреспен тым әуестеніп кетіңіз де, молшерді ұмыт қалдырыңыз. Молшер туралы еске түсіріп көрейік.

Орталық Комитет екі жолдасты тағайындады, өйткені Орталық Комитеттің осы екі мүшесінің жобаны талқылауға басқалардан гөрі көбірек қатысуына және жарыс сөздерге өздерінің қатысуына тура келді. Менің барлық жобаларды талдап қарауыма және Преображенскийдің де солай істеуіне тура келді. Сондықтан біздің екеумізді тағайындауға тура келді.

*Бірінші рет, стенограмма бойынша басылып отыр*

---

9

## ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі,

Электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссия председателінің баяндамасын тыңдай келіп, Россияны электрлендірудің жоспарын жасағаны үшін ең алдымен Халық шаруашылығы жоғары советі президиумына, содан соң Егіншілік халық комиссариаты мен Қатынас жолдары халық комиссариатына және әсіресе Россияны электрлендіру жөніндегі комиссияға алғыс айтады.

Съезд Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне, Халық Комиссарлары Советіне, Еңбек және Қорғаныс Советіне және Халық шаруашылығы жоғары советі президиумына, сондай-ақ басқа халық комиссариаттарына осы жоспарды талдап жасауды аяқтап, бекітуді және мұны қалайда ең қысқа мерзімде бекітуді тапсырады.

Съезд сондай-ақ осы жоспарды барынша кеңінен насихаттау үшін және қала мен деревняның ең қалың бұқарасын осы жоспармен таныстыру үшін барлық шараларды қолдануды үкіметке тапсырады және ВЦСПС пен кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық съезінен өтінеді. Бұл жоспарды зерттеп үйрену ісі республиканың барлық оқу орындарына түгел енгізілуге тиіс; әрбір электр станциясы, азды-көпті дұрыс жолға қойылған әрбір завод пен совхоз электрмен, қазіргі өнеркәсіппен таныстырудың орталығы және электрлендіру жоспарын насихаттаудың, оны жүйелі түрде оқытудың орталығы болуға тиіс. Ғылыми немесе практикалық жеткілікті

даярлығы бар адамдардың бәрі де электрлендіру жоспарын насихаттау және мұны түсінуге қажетті білімді оқыту үшін түгел жұмылдырылуға тиіс.

Съезд барлық совет мекемелерінің, барлық Совдептердің, барлық жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың Россияны электрлендірудің жоспарын қайткен күнде де және қандай да болсын кедергілерге қарамастан жүзеге асыру үшін барлық күшін жұмылдыратындығына және ешбір құрбандықтардан тайсалмайтындығына өзінің берік сенетіндігін білдіреді.

*1920 ж. 21 және 29 декабрь аралығында жазылған*

*Бірінші рет 1930 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XXVI том*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## 10

## СОВЕТТЕРДІҢ VIII СЪЕЗІНДЕГІ РКП(б) ФРАКЦИЯСЫ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ

РКП-ның барлық мүшелеріне РКП X съезі алдында (6/II. 1921) мыналар міндеттелсін:

1) өздері барынша түсіне алатын дәрежеде электрлендіру жоспарымен танысатын болсын;

2) жергілікті жерлерде әрбір аудандық жоспарды мүмкіндігінше кеңінен және егжей-тегжейлі зерттеп үйренуге шара қолданылсын;

3) РКП X съезіне практикалық ұсыныстар әзірлесін; олар

әрі барлық еңбекшілерді электрлендіру жоспарымен неғұрлым кеңінен таныстырудың тәсілдері жөнінде болсын,

әрі бұл жоспарды практикада жүзеге асыру ісін бастауға барлық жағынан дереу кірісудің тәсілдері жөнінде болсын.

*1920 ж. 21 және 29 декабрь аралығында жазылған*

*Бірінші рет 1930 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған. XXVI том*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

11

## ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРҒА ТОЛЫҚТЫРУ

Жекелеген үй қожайындарына сыйлық беру

1-ден, тұтас қоғамдар мен жалпы коллективтерге сыйлық берумен салыстырғанда екінші қатарға қойылуға тиіс;

2-ден, жекелеген шаруашылықтар шаруашылық табыстарға кулак тәсілдерін титтей де қолданбай жету шартын мейлінше қатаң орындағанда ғана жекелеген үй қожайындарына сыйлық берілетін болсын және жалпы көтермелеп отырылсын;

3-ден, жекелеген үй қожайындарына сыйлыққа озаттық белгілері, жеке тұтыну заттары, үй тұрмысы заттары, т. с. берілсін; ал жекелеген үй қожайындарына өндіріс құрал-жабдықтарын сыйлыққа бергенде мына шарт сөзсіз сақталғанда ғана: ол құрал-жабдықтар қожайынды кулакқа айналдыру құралы ретінде пайдалануға келмейтін жағдайда ғана және тек осы негізде ғана беруге болады[93].

*1920 ж. 27 декабрьде жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## ҚЫЗЫЛ ПРЕСНЯ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ХАТ

Осыдан он бес жыл бұрын Москва пролетариаты патша өкіметіне қарсы .көтеріліс туын көтерді[94]. Мұның өзі патша өкіметіне қарсы бірінші жұмысшы революциясы дамуының ең жоғарғы шыңы болды. Жұмысшылар жеңіліске ұшырады да, Пресня жұмысшы қанына боялды. Москва жұмысшыларының ұмытылмас ерлігі Россияның бүкіл еңбекші бұқарасына күрестің үлгісін берді. Бірақ ол кезде бұл бұқара әлі тым жетілмеген еді, тым бытыраңқы еді, сондықтан патшалық, помещиктік монархияға қарсы қолдарына қару алып, көтеріліске шыққан Пресня мен Москва қаһармандарын қолдай алмады.

Москва жұмысшылары жеңіліске ұшырағаннан кейін бүкіл бірінші революция жеңіліске ұшырады. Он екі жылға созылған нағыз тағылық помещиктік реакция барлық жұмысшылар мен шаруаларды, Россияның барлық халықтарын ауыр азапқа салды.

Пресня жұмысшыларының ерлігі зая кеткен жоқ. Олардың құрбандықтары бекер жасалған жоқ. Патша монархиясының алғаш рет іргесі сөгіліп, ол баяу, бірақ үздіксіз ұлғая берді, сөйтіп ескі, орта ғасырлық тәртіпті әлсірете берді.

Москва жұмысшыларының ерлік ісі қала мен деревня еңбекші бұқарасының арасында үлкен толқушылық туғызды; оның әсері әр түрлі қуғындауларға қарамастан осыдан кейін басылмады.

1905 ж. декабрьдегі қарулы көтеріліске дейін Россия халқы қанаушыларға қарсы жаппай, қарулы көтеріліске шығуға қабілетсіз болып еді.

Декабрьден кейін бұл енді бұрынғы халық емес еді. Ол қайта туды. Ол жауынгерлік сыннан өтті. Ол көтерілісте шынықты. Ол жауынгерлер топтарын әзірледі, олар 1917 ж. жеңіп шықты, ал қазір — адам айтқысыз ауыр қиыншылықтарға қарамастан, империалистік соғыс туғызған ашаршылық пен күйзеліс азаптарын жеңе отырып,— социализмнің бүкіл дүние жүзілік жеңісі ісін қорғап жатыр.

Бүкіл дүние жүзілік жұмысшы революциясының алдыңғы қатарлы отряды — Қызыл Пресня жұмысшылары жасасын!

*1920 ж. 25 декабрьде мына бюллетеньде басылған: «Советтердің VIII съезі. Съездің күнделікті бюллетені» № 5 Қол қойған: Н. Ленин*

*Бюллетеньнің тексті бойынша басылып отыр*

# КӘСІПТІК ОДАҚТАР ТУРАЛЫ, АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ТРОЦКИЙ ЖОЛДАСТЫҢ ҚАТЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ[95]

## СОВЕТТЕРДІҢ VIII СЪЕЗІ ДЕЛЕГАТТАРЫНЫҢ, ВЦСПС-тің ЖӘНЕ КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ МОСКВА ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТІ МҮШЕЛЕРІНІҢ — РКП(б) МҮШЕЛЕРІНІҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ 1920 ж. 30 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, мен, ең алдымен, өзімнің тәртіптен ауытқып тұрғандығыма кешірім сұрауға тиіспін, өйткені жарыс сөзге қатысу үшін, әрине, баяндаманы, қосымша баяндаманы және жарыс сөзді тыңдау керек еді. Өкініштісі сол, менің сырқаттанып тұрғаным сонша — мен мұны орындай алатын емеспін. Бірақ менің кеше баспаға басылған негізгі документтерді оқып шығып, өзімнің ескертпелерімді даярлауға мүмкіндігім болды. Әрине, мен айтқан бұл тәртіптен ауытқушылық сіздер үшін ыңғайсыздық туғызады: мен басқалардың не айтқанын білмей, жауап беретін нәрсеге жауап бермей, қайталауым мүмкін. Бірақ басқаша амал таба алмадым.

Менің қолымдағы негізгі материал — Троцкий жолдастың «Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы» деген кітапшасы. Бұл кітапшаны Орталық Комитетте Троцкий ұсынған тезистермен салыстыра отырып, оны зер сала оқи отырып, ондағы теориялық қателер мен сорақы теріс пікірлердің соншалық көптігіне мен таң қаламын. Бұл мәселе жөнінде партиялық үлкен айтысқа көшкенде неғұрлым ойластырылған нәрсе берудің орнына, мүлде сәтсіз нәрсенің әзірленгені қалай? Меніңше, алғашқы бастамасында-ақ теориялық түбегейлі теріс жерлері бар негізгі пункттерді қысқаша атап көрсетпекпін.

Кәсіподақтар тарихи тұрғыдан қажет қана емес, сонымен қатар индустриялық пролетариаттың тарихи тұрғыдан болмай қоймайтын ұйымы; пролетариат дик-

татурасы жағдайында бұл ұйым пролетариатты түгел дерлік қамтуға тиіс. Бұл ең негізгі пікір, ал Троцкий жолдас мұны үнемі ұмыта береді, бұған сүйенбейді, бұған баға бермейді. Оның «Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері» деп отырған тақырыбы мейлінше кең тақырып емес пе.

Жоғарыда айтылғандардың өзінен-ақ мынадай қорытынды туады: пролетариат диктатурасын жүзеге асыру ісінің бүкіл он бойында кәсіподақтар барынша елеулі роль атқарады. Ал бұл роль қандай? Ең негізгі теориялық мәселелердің бірі болып отырған осы мәселені талқылауға көше отырып, мен мынадай қорытындыға келеміп: біз бұл арада өзіндік ерекшелігі бар төтенше рольді көріп отырмыз. Бір жағынан, индустриялық жұмысшыларды түгел қамти отырып, оларды ұйымның қатарына ала отырып, кәсіподақтар билеуші, үстемдік етуші, үкімет билігін жүргізуші таптың, диктатураны жүзеге асырып отырған таптың, мемлекеттік күштеуді жүзеге асырып отырған таптың ұйымы болып табылады. Бірақ бұл мемлекеттік ұйым емес, бұл күштеу ұйымы емес, бұл—тәрбиелеуші ұйым, іске тартушы, үйретуші ұйым, бұл—мектеп, басқару мектебі, шаруашылықты жүргізу мектебі, коммунизм мектебі. Бұл мүлде ерекше типтегі мектеп, өйткені біз оқытушылармен және оқушылармен істес болып отырған жоқпыз, біз капитализмнен қалған нәрсенің, қалмауға тиіс емес нәрсенің және алдыңғы қатарлы революцияшыл отрядтар, былайша айтқанда, пролетариаттың революцияшыл авангарды өз ортасынан шығарып отыратын нәрсенің кейбір өтемөте өзіндік ерекше ұштасуымен істес болып отырмыз. Міне, осы ақиқаттарды ескермейінше, кәсіподақтардың ролі туралы әңгіме қозғау — толып жатқан теріс пікірлерге сөзсіз ұрыну деген сөз.

Кәсіподақтар пролетариат диктатурасы жүйесіндегі өздерінің алатын орны жағынан алғанда, егер осылай деп айтуға болатын болса, партия мен мемлекеттік өкіметтің аралығында тұр. Социализмге өту кезінде пролетариат диктатурасы сөзсіз болады, бірақ бұл диктатураны өнеркәсіп жұмысшыларының жаппай ұйымы жүзеге асырмайды. Неге олай? Біз бұл туралы Коминтерннің

II конгресінің жалпы алғанда саяси партияның ролі туралы тезистерінен оқи аламыз. Бұл арада мен бұған тоқталып жатпаймын. Былай болып шығады: партия, былайша айтқанда, пролетариаттың авангардын өз қатарына жинап алады, ал бұл авангард пролетариат диктатурасын жүзеге асырады. Демек, кәсіподақтар тәрізді тірек болмай тұрғанда, диктатураны жүзеге асыруға болмайды, мемлекеттік функцияларды орындауға болмайды. Бұларды қайсыбір жаңа типтегі бірсыпыра айрықша мекемелер арқылы, атап айтқанда: советтік аппарат арқылы жүзеге асыруға тура келеді. Практикалық қорытындылар жөнінен алғанда бұл жағдайдың өзіндік ерекшелігі неде? Ол мынада: кәсіподақтар авангардтың бұқарамен *байланысын* жүзеге асырады, кәсіподақтар өзінің күнделікті жұмысы арқылы бұқараны, бізді капитализмнен коммунизмге апаруға бір өзі ғана қабілетті таптың бұқарасын иландырады. Бұл бір жағынан. Екінші жағынан, кәсіподақтар — мемлекеттік өкіметтің «қайнар көзі». Капитализмнен коммунизмге өту дәуіріндегі кәсіподақтар дегеніміз міне осы. Ірі өндіріс үшін капитализм бір ғана тапты тәрбиелеп шығарды және ұсақ меншікшінің мүдделерінен қол үзген де бір ғана сол тап, міне осы таптың басшылығы болмаса, капитализмнен коммунизмге өтуді жалпы жүзеге асыру мүмкін емес. Бірақ пролетариат диктатурасын оның жаппай ұйымы арқылы жүзеге асыруға болмайды. Өйткені тек бізде ғана, ең артта қалған капиталистік елдердің бірінде ғана емес, сонымен қатар басқа капиталистік елдердің бәрінде де пролетариаттың әлі де болса бытыраңқылығы сонша, кемсітіліп жүргені сонша, оны кей жерлерде (атап айтқанда кейбір елдердің империализмі) параға сатып алғаны сонша — пролетариаттың жаппай ұйымы пролетариат диктатурасын тікелей жүзеге асыра алмайды. Таптың революциялық жігерін өз бойына жинап алған авангард қана диктатураны жүзеге асыра алады. Сонымен, біркатар тісті тегершіктер тәрізді нәрсе болып шығады. Пролетариат диктатурасының нағыз негізінің, капитализмнен коммунизмге өтудің нағыз мәнінің механизмі міне осындай. Троцкий жолдас бірінші тезисте «идея-

лық былықты» көрсетіп, арнайы және нақ кәсіподақтардың дағдарысы туралы айтқан кезде, мұнда негізінен алғанда принципті қате пікір бары осының өзіненақ көрініп тұр. Егер дағдарыс туралы айту керек болса, онда ол туралы саяси кезеңге талдау жасағаннан кейін ғана айтуға болады. «Идеялық былық» нақ Троцкийдің өзінде болып отыр, өйткені капитализмнен коммунизмге өту тұрғысынан белгіленетін кәсіподақтардың ролі туралы нақ сол негізгі мәселеде ол мұнда бірнеше тісті тегершіктердің күрделі жүйесі барын және жай жүйенің бола алмайтындығын, өйткені пролетариат диктатурасын жаппай ұйымдасқан пролетариат арқылы жүзеге асыруға болмайтынын қаперінен шығарып алды, ескермеді. Авангардтан алдыңғы қатардағы таптың бұқарасына дейін, ал одан еңбекшілер бұқарасына дейін тартылған бірнеше «қозғалтқыштар» болмаса, диктатураны жүзеге асыру мүмкін емес. Россияда бұл бұқара — шаруалар бұқарасы, басқа елдерде мұндай бұқара жоқ, бірақ тіпті ең алдыңғы қатарлы елдерде де пролетарлық емес немесе таза пролетарлық емес бұқара бар. Шынында осының өзінен-ақ идеялық шатасушылық туады. Троцкийдің бұл жөнінде басқаларды кінәлауы тек бекершілік.

Мен кәсіподақтардың өндірістік ролі туралы мәселені алғанда Троцкийдің мынадай түбірінен теріс пікірін көремін: бұл туралы ол әрдайым «принципті тұрғыдан», «жалпы принцип» туралы сөйлейді. Оның барлық тезистерінде әңгіме «жалпы принцип» тұрғысынан айтылады. Осының өзінен-ақ мәселе түбірінен теріс қойылып отыр. Партияның IX съезі кәсіподақтардың өндірістік ролі туралы жеткілікті, тіпті артығымен жеткілікті айтқандығын мен енді әңгіме етпесем де болады[96]. Троцкийдің өз тезистерінде Лозовский мен Томскийдің әбден айқын мәлімдемелерін өзі цитатқа келтіріп отырғанын да айтып жатпаймын; олар Троцкийде, немісше айтылатынындай, «сабауға лайық бала» сияқты немесе өзін айтысқа жаттықтыратын зат сияқты көрсетілуге тиіс. Принципті алауыздықтар болмай шықты, сондықтан Троцкийдің өзі цитат етіп келтірген сөздерді жазған Томский мен Лозовскийді оның осы үшін таңдап алуы

сэтсіз болды. Қаншама шұқылап іздесек те, біз бұл арада принципті алауыздықтар жөнінде елеулі еш нәрсе таба алмаймыз. Жалпы алғанда орасан зор қате, принципті қате мынада: Троцкий жолдас ендігі жерде мәселені «принципті түрде» қойып, партия мен Совет өкіметін кейін сүйреп отыр. Біз, құдайға шүкір, принциптерден практикалық, тыңғылықты жұмысқа көштік. Смольныйда біз принциптер туралы сөз қылдық және, күмән жоқ, шектен аса көп сөз қылдық. Енді, үш жылдан кейін, өндірістік мәселенің барлық пункттері жөнінде, бұл мәселенің бірсыпыра құрамды элементтері жөнінде декреттер бар,— осы декрет дегендер сондай күйінішті нәрселер,— оларға қол қойылады, ал содан кейін оларды біз өзіміз ұмытып кетеміз, оларды біз өзіміз орындамаймыз. Ал содан соң принциптер туралы пікірлер ойлап шығарылады, принципті алауыздықтар ойлап табылады. Мен кәсіподақтардың өндірістік ролі туралы мәселеге қатысы бар декретті* кейін еске салып өтемін; бұл декретті жұрттың бәрі ұмытып кеткен, менің өзім де ұмытып кетіппін, бұл жөнінде өкініш білдіруге тиіспін.

Орын алып отырған шын алауыздықтардың, егер мен атап өткендерді есептемесек, жалпы принциптер туралы мәселелерге мүлде қатысы жоқ. Ал Троцкий жолдас пен менің арамыздағы жоғарыда атап өтілген «алауыздықтарды» мен көрсетуге тиісті болдым, өйткені «Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері» деген кең тақырыпты алғанда, Троцкий жолдас, менің білуімше, пролетариат диктатурасы туралы мәселенің шын мәніне байланысты бірсыпыра қателерге ұрынған. Ал егер мұны былай қоя тұрсақ, онда тағы да мынадай сұрақ туады: бізге соншалықты қажет болып отырған ынтымақты жұмыс шынында бізде не себепті болмай отыр? Бұқараға *жақындау*, бұқараны өз жағына тарту, бұқарамен *байланыс жасау* әдістері туралы мәселе жөніндегі алауыздықтардың салдарынан болмай отыр. Істің бүкіл мәні осында. Сөйтіп, капитализм тұсында құрылған, капитализмнен коммунизмге өту кезінде сөзсіз болатын,

---

* Қараңыз: осы том, 250-бет. *Ред.*

бұдан арғы жерде болар-болмасы беймәлім мекеме ретіндегі кәсіподақтардың өзіндік ерекшелігі нақ осында. Кәсіподақтардың болу-болмауы туралы мәселе қойылатын кез — алыстағы болашақтың мәселесі; мұны біздің немерелеріміз сөз қылатын болады. Ал қазіргі мәселе бұқараға қалай жақындасуда, оны қалай өз жағына тартуда, онымен қалай байланыс жасауда, жұмыстың (пролетариат диктатурасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстың) күрделі қозғалтқыштарын қалай жолға қоюда болып отыр. Мен жұмыстың күрделі қозғалтқыштары туралы айтқанда, советтік аппарат туралы ойыма алмайтынымды аңғарыңыздар. Онда қозғалтқыштардың күрделілігі жөнінде тағы не болатыны — өз алдына бөлек мәселе. Мен капиталистік қоғамдағы таптар арасындағы қатынастар туралы әзірше тек абстрактілі және принципті түрде айтып отырмын; капиталистік қоғамда пролетариат бар, пролетариат емес еңбекші бұқара бар, ұсақ буржуазия бар және буржуазия бар. Осы тұрғыдан алғанның өзінде де, тіпті Совет өкіметінің аппаратында бюрократизм болмаған күннің өзінде де, бұл қозғалтқыштар өте-мөте күрделі болып шығады, өйткені оларды құрған—капитализм. Егер кәсіподақтардың «міндетінің» қиындығы неде екендігі туралы мәселе қоятын болсақ, онда ең алдымен міне осы туралы ойлау керек. Қайталап айтамын, шын алауыздық Троцкий жолдас айтып отырған мәселеде емес, әсте онда емес, бұқараны қалай өз жағына тарту туралы мәселеде, оған жақындау туралы, онымен байланыс жасау туралы мәселеде болып отыр. Мен мынаны айтуға тиіспін: егер біз өз практикамызды, өз тәжірибемізді, ең болмағанда аз көлемде болса да, егжей-тегжейіне дейін, толық зерттеген болсақ, онда біз Троцкий жолдастың осы кітапшасындағы толып жатқан жүздеген керексіз «алауыздықтардан» және принципті қателерден аулақ болған болар едік. Мәселен, осы кітапшадағы тұтас бір тезистер «советтік тред-юнионизммен» айтысқа арналған. Еріккеннен ермек етіп, жаңа бір құбыжық тауып алды! Ал бұл кім? Рязанов жолдас. Мен Рязанов жолдасты жиырма жылдан астам уақыттан бері білемін. Сіздер оны уақыт жағынан менің білетінімнен аз біле-

сіздер, бірақ іс жөнінде кем білмейсіздер. Ұрандарға баға беру оның бойындағы күшті жақтарына жатпайтынын сіздер өте жақсы білесіздер. Сөйте тұра Рязанов жолдастың кей кезде мүлде қисынсыз айтқандарын тезистерде «советтік тред-юнионизм» деп көрсетпек боламыз! Кәне, осы да жөн білгендік пе? Егер бұлай болса, онда бізде «советтік тред-юнионизм» де болады, «білім жасасуға советтік тұрғыдан қарсылық» та болады жәпе тағы не болатынын мен енді білмеймін. Советтік «измді» ойлап шығаруға болмайтын бірде-бір пункт жоқ. (Рязанов: «советтік антибрестизм».) Иә, әбден дұрыс, «советтік антибрестизм».

Ал оның бер жағында, осы үстірттікке жол бере отырып, Троцкий жолдас нақ осы арада өз тарапынан қате жасап отыр. Троцкийдің ойынша, жұмысшы табының материалдық және рухани мүдделерін қорғау жұмысшы мемлекетінде кәсіподақтардың ролі емес екен. Бұл қате. Троцкий жолдас «жұмысшы мемлекеті» туралы айтып отыр. Кешірерсіз, бұл абстракция ғой. 1917 жылы біз жұмысшы мемлекеті туралы жазғанымызда, олай деп неліктен жазғанымыз түсінікті еді; ал қазір бізге былай дегенде: «Жұмысшы табын қорғаудың не керегі бар, кімнен қорғау керек, өйткені буржуазия жоқ қой, өйткені мемлекет жұмысшы мемлекеті ғой» дегенде, бұл арада көрінеу қате жіберіліп отыр. Әлі толығынан жұмысшы мемлекеті емес, әңгіме міне осында. Троцкий жолдастың негізгі қателерінің бірі міне осында. Қазір біз жалпы принциптерден мәселені іскерлік тұрғыдан талқылауға және декреттерге көштік, ал кейбіреулер бізді практикалық және іскерлік тұрғыдан талқылауға кірісуден кейін қарай тартып отыр. Бұлай етуге болмайды. Бізде мемлекет іс жүзінде жұмысшы мемлекеті емес, жұмысшы-шаруа мемлекеті — бұл бір. Ал будан өте көп нәрсе туындайды (Бухарин: Қандай? Жұмысшы-шаруа мемлекеті ме?). Бухарин жолдас арт жақтан: «Қандай? Жұмысшы-шаруа мемлекеті ме?» деп айқайлап отырса да, мен оған бұл жөнінде жауап беріп жатпаймын. Ал тілеген адам Советтердің жақында ғана аяқталған съезін есіне түсірсін, оған соның өзіненақ жауап табылады.

Бірақ ол ол ма. Біздегі мемлекет *бюрократтық бұрмалаушылығы* бар жұмысшы мемлекеті екендігі біздің партия программасынан—«Коммунизм әліппесінің» авторына өте жақсы мәлім документтен — осы программаның өзінеп-ақ көрініп отыр. Сөйтіп, біз осы келіссіз,— қалай деп айтсам екен?— жарнаманы ма немене, соған тағуға тиісті болдық. Міне сіздерге—өтудің шындығы. Сонда қалай, практикалық тұрғыдан осылай қалыптасып отырған мемлекет тұсында кәсіподақтардың қорғайтын ештеңесі жоқ па, жаппай ұйымдасқан пролетариаттың материалдық және рухани мүдделерін қорғау үшін кәсіподақтарсыз іс істеуге болғаны ма?— Бұл теориялық тұрғыдан мүлдем теріс пайымдау. Бұл бізді абстракцияға немесе өзіміз 15—20 жылдан кейін ғана жететін идеалға алып кетеді, бірақ оған нақ осындай мерзімде жетеміз дегенге де өз басым сене алмаймын. Біздің көз алдымызда тұрған шындық бар ғой, егер біз интеллигенттік сөздермен, немесе абстрактілі пайымдаулармен, немесе кейде «теория» сияқты болып көрінетін, ал іс жүзінде қате болып шығатын, өту дәуірінің ерекшеліктерін дұрыс есепке алмағандық болып табылатын нәрсемен өзімізді өзіміз желіктірмесек, оларға әуестенбесек, біз бұл шындықты жақсы білмейміз бе. Біздің қазіргі мемлекетіміз мынадай: жаппай ұйымдасқан пролетариат өзін қорғауға тиіс, ал біз осы жұмысшы ұйымдарын жұмысшыларды өз мемлекетінен қорғау үшін және жұмысшылардың мемлекетімізді қорғауы үшін пайдалануға тиіспіз. Қорғаудың бұл екі түрі де біздің мемлекеттік шараларымызды және біздің кәсіподақтармен келісуімізді, «біте қайнасуымызды» өзінше бір ерекше үйлестіру арқылы жүзеге асырылады.

Мен бұл біте қайнасу туралы тағы да айтуға тиіспін. Бірақ жалғыз осы сөздің өзі-ақ мынаны көрсетіп отыр: бұл арада өзіңе «советтік тред-юнионизм» деген жау ойлап шығару — қате жасау деген сөз. Өйткені «біте қайнасу» деген ұғымның мәнісі— *әр түрлі* нәрселер бар, оларды әлі де біте қайнастыру *керек* деген сөз; жаппай біріккен пролетариаттың материалдық және рухани мүдделерін осы мемлекеттік өкімет*тен* қорғау үшін

мемлекет өкіметтің шараларын пайдалана білу керектігі «біте қайнасу» ұғымына кіреді. Ал біз біте қайнасудың орнына әбден *біте қайнаған* және *біріккен* халге қолымыз жеткен кезде, онда біз съезге жиналамыз, ол съезде принципті «алауыздықтар» немесе абстрактілі-теориялық пайымдаулар емес, практикалық тәжірибе іс жүзінде талқыланатын болады. Троцкий жолдастың сөзінде кәсіподақшы «бюрократтар» деп көрсетілген, Томский мен Лозовский жолдастармен екі арадан принципті алауыздықтар таппақ болған әрекет те — сәтсіз әрекет; бұл таласта бюрократтық тенденциялар кімнің жағында екенін мен кейінірек айтамын. Біз мынаны өте жақсы білеміз: егер Рязанов жолдастың бойынан кейде қалай да бір ұран және принципті дерлік ұран ойлап шығаруға ұмтылатын болмашы кемшілік табылып қалатын болса, Томский жолдас өзінің басқа толып жатқан күнәларына бұл күнәны әкеп жамамайды. Сондықтан, меніңше, бұл арада Томский жолдасқа қарсы принципті шайқасқа шығу (Троцкий жолдастың істеп отырғанындай) — мүлде шектен асып кеткендік болады. Мен бұған мүлде таңданып отырмын. Фракциялық, теориялық және басқа да неше түрлі алауыздықтар жөнінде біздің бәріміздің де көп күнәлы болған кезіміз болды,— бірақ, әрине, пайдалы нәрселер де істедік — және біз ол уақыттан бері өскен сияқтымыз. Сондықтан принципті алауыздықтарды ойдан шығарудан және әсірелеп көрсетуден тыңғылықты жұмысқа көшетін уақыт жетті. Томскийдің теоретик жағы басым болғанын, Томскийдің теоретик деген атаққа дәмелегенін мен еш уақытта естігеп емеспін; мүмкін, бұл оның кемшілігі болар, ол басқа мәселе. Бірақ кәсіптік қозғалыспен істесе білген Томский, біліп істесе де, білмей істесе де — бұл басқа мәселе, ол мұны әрқашан да біліп істейді деп айтпаймын,— өзінің қазіргі жағдайында осы күрделі өтуді көрсетуге тиіс, ал егер бұқараның бір жері ауырса, қай жері ауыратынын бұқараның өзі білмесе, оны Томский де білмесе (қол шапалақтау, күлкі), бірақ ол осы үшін безектеп зарласа, онда мен бұл оның кемшілігі емес, қайта сіңірген еңбегі дер едім. Ішінара теориялық қателер Томскийден көп

табылатынына мен кәміл сенемін. Ал, егер біз бәріміз стол басына отыра қалып, қарарды немесе тезистерді ойластырып жазатын болсақ, біз бәрін де түзетеміз, ал мүмкін, түзетіп те жатпаспыз, өйткені болмашы теориялық алауыздықтарды түзетіп жатқаннан гөрі өндірістік жұмыс қызықтырақ.

Енді мен «өндірістік демократияға» көшемін; бұл, былайша айтқанда, Бухаринге арналады. Әрбір адамның кіші-гірім кемшіліктері болатындығын, үлкен адамның да, оның ішінде Бухариннің де, кіші-гірім кемшіліктері болатындығын біз өте жақсы білеміз. Егер сөзсымақ өрнекті болып келсе, онда мұны оның жақтамауы мүмкін емес. Орталық Комитеттің 7 декабрьдегі пленумында Бухарин өндірістік демократия туралы қарарды құштарлана отырып жазды. Ал мен осы «өндірістік демократия» жөнінде неғұрлым көп ойланған сайын, теориялық жалғандықты соғұрлым айқынырақ көремін, ойластырылмағандықты көремін. Бұл арада былықтан басқа ештеңе жоқ. Сондықтан осыны мысалға алып тағы да, ең болмағанда партия жиналысында, былай деуіміз керек: «Н. И. Бухарин жолдас, өрнекті сөздерді азайтыңыз,— бұл өзіңіз үшін де, теория үшін де, республика үшін де пайдалы болады». (Қол шапалақтау.) Өндіріс әрқашан да керек. Демократия — тек саяси саладағы категориялардың бірі. Сөйлегенде, мақалада бұл сөзді қолдануға қарсылық білдіруге болмайды. Мақала бір арасалмақты алып, соны айқын көрсетеді, соның өзі жеткілікті. Ал сіз мұны тезиске айналдырғаныңызда, бұдан «келісетіндерді» де, келіспейтіндерді де біріктіруші ұран жасағыңыз келгенде, Троцкийдің айтқаны сияқты, партия «екі тенденцияның бірін таңдап алуы» керек болады дегенде, бұл тым оғаш естіледі. Партияның «таңдап алуы» қажет бола ма, партияның «таңдап алуды» керек ететін жағдайға түсірілуіне кім кінәлы деген мәселе туралы мен айрықша сөз етемін. Бірақ қазірдің өзінде осылай болып шыққандықтан, біз былай деп айтуға тиіспіз: ««Өндірістік демократия» сияқты, теория жағынан теріс, шатастырудан басқа түк бермейтін ұрандарды таңдап алуды қалай болғанда да азайтыңыздар». Троцкий де, Бухарин де, екеуі де бұл

терминді теориялық тұрғыдан айқын ойластырмай, шатасты. «Өндірістік демократия» оларды өздерінің ынта қойған идеяларының шеңберінде мүлде жоқ пікірлерге ойыстырды. Олар өндірісті баса көрсеткісі келді, өндіріске көбірек назар аударғысы келді. Мұны мақалада, сөйлеген сөзде баса көрсету — бір басқа, ал мұны тезистерге айналдырған кезде және партия таңдап алуға тиісті болған кезде, мен: бұған қарсыны таңдаңыздар, өйткені мұнда шатасушылық бар деймін. Өндіріс әрқашанда керек, демократия әрқашан керек бола бермейді. Өндірістік демократия түбірінен жалған бірсыпыра пікірлер туғызады. Жеке-даралықты уағыздаған кезден бері бір етік те тозған жоқ. Қай кезде демократия, қай кезде жеке-даралық, қай кезде диктатура болуы керек екенін білмей жұрттың шатасу қаупін туғызып, былықтыра беруге болмайды. Диктатурадан да ешбір безуге болмайды,— мен арт жақтан Бухариннің: «Әбден дұрыс» деп күжілдегенін естіп тұрмын. (Күлкі. Қол шапалақтау.)

Одан соң. Екпінділіктен теңгермелікке көшу туралы біз сентябрьден бері айтып келеміз, мұны жалпы партиялық конференцияның Орталық Комитет бекіткен қарарында да[97] айттық. Бұл қиын мәселе. Өйткені теңгермелік пен екпінділікті қалай болған күнде де ұштастыруға тура келеді, ал бұлар бірін-бірі жоққа шығаратын ұғымдар. Бірақ, дегенмен, біз марксизмді аздап үйрендік, қарама-қарсылықтарды қалай және қашан біріктіруге болатынын және біріктіру керектігін үйрендік, ал ең бастысы: өз революциямызда үш жарым жылдың ішінде біз қарама-қарсылықтарды практика жүзінде талай рет біріктіріп келдік.

Мәселеге өте абайлап, ойластырып қарау керектігі айқын. Біз Орталық Комитеттің сол күйіншті пленумдарының өзінде*, жетілік пен сегіздік және Бухарин жолдастың әйгілі «буферлік тобы»[99] пайда болған пленумдардың өзінде, оларда біз осы принципті мәселелер

* Бұл арада Орталық Комитеттің 1920 ж. ноябрь және декабрь пленумдары айтылып отыр. Пленумдар қабылдаған қарарлардың текстерін мыналардан қараңыз: «Правда» № 255, 13—XI—1920 ж. және № 281, 14—XII—1920 ж., сонымен қатар «Известия ЦК РКП»-дағы[98] баяндау, № 26, 20—XII—1920 ж.

туралы сөз қылып, екпінділіктен теңгермелікке көшудің оңай еместігін соның өзінде-ақ анықтадық қой. Міне енді сентябрь конференциясының осы қаулысын орындау үшін біз біраз жұмыс істеуге тиіспіз. Бұл қарама-қарсы ұғымдарды какофония сияқты етіп те, симфония сияқты етіп те ұштастыруға болады ғой. Екпінділік дегеніміз барлық қажетті өндірістердің ішінде аса маңыздылығына қарай бір өндірісті артықша дәрежеге қою деген сөз. Бұл артықшылық неде? Артықшылықтың қаншалық зор болуы мүмкін? Бұл қиын мәселе, сондықтан мен бұл мәселені шешу үшін іске ұқыптылықтың бір өзі жеткіліксіз екенін айтуым керек; бұл арада, бәлкім, тамаша жақсы қасиеттері көп, бірақ өз орнында ғана жақсы болатын, ер жүрек адамның қызметі жеткіліксіз; бұл арада өзіндік ерекшелігі көп мәселеге кірісе білу керек. Міне, сондықтан егер екпінділік пен теңгермелік туралы мәселе қойылатын болса, онда ең алдымен мәселеге іждағатты қарай білу керек, ал Троцкий жолдастың еңбегінде нақ осы айтқандар көрінбей отыр; ол өзінің алғашқы тезистерін одан әрі қайта өңдей түскен сайын, оның тезистерінде теріс қағидалар соғұрлым көбейе түсуде. Біз оның соңғы тезистерінен міне мынаны оқимыз:

«...*Тұтыну* саласында, яғни еңбекшілердің жеке басының өмір сүру жағдайларында теңгермелік бағытын жүргізу қажет. *Өндіріс* саласында екпінділік принципі біз үшін әлі де көп уақытқа дейін шешуші принцип болып қала береді...» (41-тезис, Троцкий кітапшасының 31-беті).

Мұның өзі теориялық тұрғыдан барып тұрған шатасушылық. Бұл мүлде теріс. Екпінділік дегеніміз артықшылық, ал тұтынусыз артықшылық деген түк емес. Егер маған жарты ширек қадақ қана нан аларлық дәрежеде артықшылық берілетін болса, онда мұндай артықшылыққа дән рақмет. Екпінділік жөніндегі артықшылық тұтыну жөнінде де артықшылық болу деген сөз. Мұнсыз екпінділік — құрғақ қиял, сағым, ал біздер қалай дегенмен де материалистерміз ғой. Жұмысшылар да — материалистер; егер екпінділік дейтін болсаң, онда нан да, киім де, ет те бер. Қорғаныс Советінде, нақ-

ты себептер бойынша, бұл мәселелерді жүздеген рет талқылаған кезде, біреу етікке жармасып: «Менің жұмысым екпінді» деген кезде, ал екінші біреу: «Маған етік керек, әйтпесе сенің екпінді жұмысшыларың төзбейді, сенің екпінділігің құриды» деген кезде, біз мұны тек осылай түсіндік және осылай түсінеміз.

Сөйтіп, біз тезистерде теңгермелік пен екпінділік жөнінде мәселенің түбірінен теріс қойылғанын көріп отырмыз. Ал оның үстіне, мұның өзі практика жүзінде тексерілген және қолымыз жеткен табысымыздан кері шегінгендік болып шығады. Бұлай істеуге болмайды және мұндай жолда ешқандай жақсылық болуы мүмкін емес.

Одан соң: «біте қайнасу» туралы мәселе. Ең дұрысы — қазіргі уақытта «біте қайнасу» жөнінде үндемей тұра тұрған жөн болар еді. Сөз — күміс, ал үндемеу — алтын деген ғой. Неліктен олай? Өйткені біте қайнасу ісімен біз іс жүзінде шұғылданып жатырмыз; бізде *іс жүзінде* біте қайнасу жүзеге асырылмаған бірде-бір ірі губерниялық халық шаруашылығы советі, Халық шаруашылығы жоғары советі мен Қатынас жолдары халық комиссариатының бірде-бір ірі бөлімі және т. т. жоқ. Бірақ осының нәтижелері айтарлықтай жақсы ма? Мәселенің астары міне осында. Біте қайнасудың қалай жүргізілгендігінің, бұдан қандай нәтиже шыққандығының *практикалық тәжірибесін* зертте. Белгілі бір мекемеге біте қайнасуды енгізген декреттің көптігі сонша — оларды оқып тауыса алмайсың. Ал бұдан не шыққандығын, губерниялық кәсіподақтың пәлендей мүшесі халық шаруашылығының губерниялық советінде пәлендей қызмет атқарып жүргенде өнеркәсіптің пәлендей саласын пәлендей түрде біте қайнастыруының нәтижесі қандай болғанын, мұның қандай табысқа жеткізгенін, осы біте қайнасуды оның неше ай бойында жүзеге асырғанын, т. т. іс жүзінде зерттеуді,— өзіміздің практикалық тәжірибемізді іскерлікпен зерттеуді біз әлі білмей келеміз. Біз біте қайнасу туралы принципті алауыздықтарды ойлап шығара білдік және бұл жөнінде қателік те жасай білдік, бұған біз шеберміз, ал өз тәжірибемізді зерттеп үйреніп, оны тексеруге келгенде—

бұған біз жоқпыз. Ал бізде Советтердің съездері өтіп, ол съездерде егіншілікті жақсарту туралы заңды белгілі бір түрде қолдану тұрғысынан ауыл шаруашылық аймақтарын зерттейтін секциялармен қатар, біте қайнасуды зерттейтін, Саратов губерниясының ұн тарту өнеркәсібіндегі, Петроградтың металл өнеркәсібіндегі, Донбасстың көмір өнеркәсібіндегі, т. т. біте қайнасудың қорытындыларын зерттейтін секциялар құрылса, бұл секциялар толып жатқан материалдар жинап: «Біз мынаны зерттедік, біз мынаны зерттедік» деп мәлімдейтін болса, онда мен: «Иә, біз іспен айналыса бастадық, біз балалық шақтан өттік!» деп айта алар едім. Ал егер біз біте қайнасуға үш жылдай уақытымызды кетіргеннен кейін, бізге біте қайнасу туралы ойдан шығарылған принципті алауыздықтар жазылған «тезистерді» ұсынып отырса, онда бұдан күйініпті, бұдан қате не болмақ? Біз біте қайнасу жолына түстік, бұл жолға дұрыс түскендігімізге мен күмәнданбаймын, бірақ өз тәжірибеміздің қорытындыларын әлі көңілдегідей зерттеп үйренгеніміз жоқ. Сондықтан біте қайнасу туралы мәселе жөніндегі бірден-бір дұрыс тактика — үндемеу.

Практикалық тәжірибені зерттеу керек. Мен біте қайнасу туралы практикалық нұсқаулар беретін декреттер мен қаулыларға қол қойған болатынмын, ал практика теорияның қай-қайсысынан да жүз есе маңызды. Сондықтан біреулер: «Келіңдер, «біте қайнасу» туралы сөйлесейік» десе, мен: «Келіңдер, өзіміздің істеген ісімізді зерттейік» деп жауап беремін. Біздің көптеген қателіктер жібергеніміз күмәнсыз. Дәл солай, біздің декреттеріміздің көпшілігін, бәлкім, өзгерту керек те болар. Мен бұған қосыламын, өйткені менде титтей де декрет құмарлық жоқ. Бірақ олай болса практикалық ұсыныстар беріңіздер: мынаны және мынаны қайта жасайық деңіздер. Міне бұл мәселені іскерлік тұрғыдан қойғандық болады. Міне бұл өнімсіз жұмыс болмайды. Міне бұл бюрократтық жоба құмарлыққа әкеліп соқтырмайтын болады. Мен Троцкий кітапшасының «Практикалық қорытындылар» деген VI бөлімін алып қарағанда, практикалық қорытындыларда нақ осы кемшіліктер бар екенін көремін. Өйткені онда ВЦСПС-тің және

Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының құрамына осы екі мекемеге ортақ мүшелердің үштен бірінен жартысына дейіні енуге тиіс, ал коллегияларға жартысынан үштен екісіне дейіні енуге тиіс делінген, т. т. Неліктен олай? Жай әншейін, «долбармен». Әрине, біздің декреттерде бұл тәрізді арасалмақ сан рет нақ осылай «долбармен» белгіленеді, бірақ декреттерде сөзсіз осылай болуы неліктен? Мен барлық декреттерді жақтап жатпаймын және декреттерді сол бар қалпындағыдап жақсы етіп көрсеткім де келмейді. Ортақ мүшелердің жартысы, үштен бірі деген сияқты шартты мөлшерлердің шамамен алынған реттері декреттерде тым жиі кездеседі. Декретте осылай делініп отырған болса, мұның мәнісі: сіздер осылай істеп көріңіздер, ал содан соң біз сіздердің «істеп көргендеріңіздің» қорытындысын салмақтап байқаймыз деген сөз. Бұдан не шыққандығын біз кейін талдаймыз. Мұны талдап алып, біз алға қарай басамыз. Біз біте қайнасуды жүзеге асырып жатырмыз және бұдан да жақсы жүзеге асыратын боламыз, өйткені біз барған сайын тәжірибелі және іскер бола береміз.

Бірақ мен «өндірістік насихатпен» айналыса бастаған сияқтымын ба? Амал не! Кәсіптік одақтардың өндірістік ролі туралы сөз қозғағанда осы мәселеге тоқтай кету қажет болады.

Сонымен, мен осы өндірістік насихат туралы мәселеге көшемін. Бұл да — іскерлікті талап ететін мәселе, сондықтан да біз оны іскерлік тұрғыдан қоямыз. Өндірістік насихатты жүргізетін мемлекеттік мекемелер бар, олар қазірдің өзінде құрылып отыр. Олар жаман ба, жақсы ма, оны мен білмеймін; оларды байқап көру керек; ал бұл мәселе туралы «тезистер» жазудың тіпті де қажеті жоқ.

Егер тұтас алғанда кәсіподақтардың өндірістік ролі туралы сөз қозғалатын болса, онда демократия туралы мәселе жөнінде дағдылы демократизмнен басқа еш нәрсе айтудың қажеті жоқ. «Өндірістік демократия» тәрізді айла-шарғылар теріс нәрсе, олардан ештеңе шықпайды. Бұл — бір. Екіншісі — өндірістік насихат. Мекемелер қазірдің өзінде құрылған. Троцкийдің тезистерінде өн-

діріcтік насихат туралы айтылған. Босқа әуре болу, өйткені бұл арада «тезистер» әлдеқашан ескірген нәрсе. Мекеме жақсы ма, жаман ба, оны әзірге білмейміз. Іс үстінде сыннан өткізіп көреміз, сонда айтамыз. Келіңіздер, зерттейік, сұрастырайық. Айталық, съезде әрқайсысы он адамнан 10 секция құрылады делік: «Сен өндірістік насихатпен шұғылдандың ба? Қалай шұғылдандың және одан не шықты?» Осыны зерттеген соң, кімде-кім жұмысын айрықша жақсы орындаса, оған сыйлық береміз, сәтсіз тәжірибені қабылдамаймыз. Бізде қазірдің өзінде практикалық тәжірибе бар, ол шамалы, әлсіз, бірақ әйтеуір бар, ал бізді осы тәжірибеден артқа қарай, «принципті тезистерге» қарай сүйрейді. Мұны «тред-юнионизм» дегеннен гөрі «реакциялық» қозғалыс деген жөн.

Одан соң, үшіншіден, сыйлықтар. Кәсіподақтардың өндірістік рөлі мен міндеті мынау: *заттай* сыйлықтар беруді жүзеге асыру. Бұл іс басталды. Іс орнынан қозғалды. Бұған бес жүз мың пұт астық берілді; ал мұның бір жүз жетпіс мың пұты жұмсалды да. Жақсы жұмсалды ма, дұрыс жұмсалды ма, оны білмеймін. Халық Комиссарлары Советінде сыйлықтың жақсы таратылмағаны, сыйлықтың орнына жалақыға қосымша болып шыққаны сөз болды; кәсіподақшылар да, Еңбек халық комиссариатындағылар да осыны айтты. Біз істі зерттеу үшін комиссия тағайындадық, бірақ әлі зерттеген жоқпыз. Бір жүз жетпіс мың пұт астық берілді, бірақ бұл астықты бергенде шаруашылық қызметкеріне тән қаһармандық, іждағаттылық, талант пен берілгендік көрсеткен адамдарды, бір сөзбен айтқанда, Троцкий мадақтап отырған сипаттары бар адамдарды наградтау үшін беру керек. Бірақ қазір мәселе тезистерде мадақтауда емес, мәселе астық пен ет беруде болып отыр. Айталық, жұмысшылардың белгілі бір категориясына берілетін етті алып, оны сыйлық ретінде басқа, «екпінді» жұмысшыларға беру жақсырақ болмас па еді? Мұндай екпінділіктен біз бас тартпаймыз. Мұндай екпінділік керек. Екпінділікті қолданудың практикалық тәжірибесін тәптіштеп зерттейтін боламыз.

Содан соң, төртіншіден, тәртіпке шақыратын соттар. Егер бізде тәртіпке шақыратын соттар болмаса, онда кәсіподақтардың өндірістік ролі, «өндірістік демократия» деген,— Бухарин жолдасты ызаландыру үшін айтып отырғаным жоқ,— барып тұрған бос сөз. Ал сіздердің тезистеріңізде бұл жоқ. Сонымен, принципті жағынан да, теория жағынан да, практика жағынан да бұдан шығатын бір ғана қорытынды — Троцкийдің тезистері мен Бухариннің позициясы жөніндегі қорытынды — мынадай: бізді мұндай қайғыдан аулақ ете көр!

Мен өзіме-өзім: сіздер мәселені марксисше қоймай отырсыздар дегенімде, мен осы қорытындыға бұрынғыдан да гөрі беки түсемін. Тезистерде бірқатар теориялық қателердің бар екендігі өз алдына. «Кәсіподақтардың ролі мен міндеттерін» бағалауға бұлай қараудың марксистік болмайтын себебі — ағымдағы кезеңнің ерекшеліктеріне оның саяси жағынан қарап ой жібермей тұрып, мұндай ауқымы кең тақырыпты қолға алуға болмайды. РКП IX съезінің кәсіподақтар туралы қарарында: саясат дегеніміз экономиканың нағыз жиынтық көрінісі деп Бухарин жолдаспен бірге біз басқа жазғанымыз жоқ қой.

Ағымдағы саяси кезеңге талдау жасай келіп, біз өтпелі кезеңде өтпелі кезеңді бастан кешіріп отырмыз деп айта алар едік. Бүкіл пролетариат диктатурасы — өтпелі кезең, бірақ қазір бізде, былайша айтқанда, толып жатқан жаңа өтпелі кезеңдер бар. Армияны демобилизациялау, соғыстың аяқталуы, бұрынғыдан гөрі анағұрлым ұзақ уақыт бейбіт тыныс алу мүмкіндігі, соғыс майданынан еңбек майданына неғұрлым берік көшу мүмкіндігі. Бір ғана осыдан, тек осыдан ғана пролетариат табының шаруалар табына көзқарасы қазірдің өзінде өзгеруде. Қалай өзгеруде? Бұған мұқият зер салып байқау керек, ал сіздердің тезистеріңізде бұлай болып шықпай отыр. Біз байқап болғанша, соған дейін күте білу керек. Халық шаршаған үстіне шаршады, кейбір екпінді өндірістерге жұмсау керек болған бірсыпыра запастар қазірдің өзінде жұмсалып болды, пролетариаттың шаруаларға көзқарасы өзгеруде. Соғыстан қажығандықтың шегі жоқ, қажетсіну артып отыр, ал өндіріс

артқан жоқ немесе жеткіліксіз түрде артып отыр. Екінші жағынан, Советтердің VIII съезінде жасаған баяндамамның өзінде-ақ мен мына жағдайды: әуелі иландыруды күштеудің негізі ете білген кезде, күштеуді дұрыс және ойдағыдай қолданғанымызды көрсеткен болатынмын*. Осы аса маңызды пікірді Троцкий мен Бухариннің мүлде ескермегенін мен айтуға тиіспін.

Өндірістің барлық жаңа міндеттеріне иландыруды жеткілікті дәрежеде кең және мықты негіз етіп ала алдық па? Жоқ, біз мұны енді-енді ғана бастадық. Бұқараны біз әлі тартқанымыз жоқ. Ал бұқара бұл жаңа тапсырмаларға бірден көше ала ма? Көше алмайды, өйткені, айталық, Врангель-помещикті лақтырып тастау керек пе, бұл жолда құрбандықты аяу керек пе деген мәселе, мұндай мәселе енді айрықша насихатты керек етпейді. Ал кәсіптік одақтардың өндірістік ролі туралы мәселені, егер «принципті» мәселені емес, «советтік тред-юнионизм» туралы пайымдауларды және сол сияқты түкке тұрғысыз нәрселерді емес, мәселенің іскерлік жағын алатын болсақ, онда біз бұл мәселені тек енді ғана талқылай бастадық, өндірістік насихат жүргізу жөніндегі мекемені тек енді ғана құрдық; бізде әлі тәжірибе жоқ. Біз заттай сыйлық беруді енгіздік, бірақ бізде әлі тәжірибе жоқ. Біз тәртіпке шақыратын соттарды құрдық, бірақ қорытындыларын әлі білмейміз. Ал саяси тұрғыдан алғанда, нақ сол бұқараны даярлау — ең маңызды жұмыс. Мәселе осы жағынан әзірленген бе, зерттелген бе, ойластырылған ба, сараланған ба? Жоқ, әсте олай емес. Негізгі, ең терең және қауіпті саяси қателік міне осында, өйткені басқа мәселелердің бәрінен де гөрі бұл арада: «жеті рет өлшеп, бір-ақ кес» деген ереже бойынша әрекет ету керек, ал бұл жерде бір рет те өлшемей, пішуге кірісті. «Партия екі тенденцияның бірін таңдап алуы керек» деседі, бірақ әлі бір рет те өлшеген жоқ және «өндірістік демократия» деген жалған ұранды ойлап шығарды.

Бұл ұранның маңызын әсіресе осындай саяси кезеңде, бюрократизм бұқараға айқын түрде көрініп отыр-

* Қараңыз: осы том, 153—154-беттер. *Ред.*

ған кезде және біз күн тәртібіне бюрократизм туралы мәселені қойып отырған кезде түсіну керек. Троцкий жолдас тезистерінде: жұмысшы демократиясы туралы мәселе жөнінде съезге «тек біраузыдан бекіту ғана» қалады дейді. Бұл дұрыс емес. Бекіту жеткіліксіз; бекіту дегеннің мәнісі — әбден сараланған және өлшеп-пішілген нәрсені баянды ету деген сөз, ал оның бер жағында өндірістік демократия туралы мәселе ақырына дейін сараланудан әлі аулақ жатыр, ол әлі ақырына дейін сыннан өткізілген жоқ, тексерілген жоқ. «Өндірістік демократия» деген ұран ұсынылғанда, бұқараның мұны қалай түсінетінін ойластырып көріңіздер.

«Біздер, орта буын қызметкерлері, бұқарашылар: жаңарту керек, түзету керек, бюрократтарды қуу керек дейміз, ал сен: өндіріспен шұғылдан, өндірістің табыстары арқылы демократияны көрсет деп кімді алдамақсың, ал мен өндіріспен шұғылданғанда, басқармалардың, бас комитеттердің және басқалардың осындай бюрократтық құрамымен емес, басқалармен бірге шұғылданғым келеді». Сіздер бұқараның пікір айтуына, ұғынуына, ойластыруына мүмкіндік бермедіңіздер, сіздер партияның жаңа тәжірибе жинақтауына мүмкіндік бермедіңіздер, сөйте тұрып енді асығып отырсыздар, асыра сілтеп отырсыздар, теория жағынан жалған формулалар шығарып отырсыздар. Ал тым елгезек орындаушылар бұл қатені тағы да неше есе күшейтер екен? Саяси басшы өзінің қалай басқарып отырғанына ғана емес, сонымен қатар өзінің басқаруындағы адамдарының не істеп отырғанына да жауап береді. Ол мұны кейде білмейді, көп ретте ол мұны білгісі келмейді, бірақ жауапкершілік соған жүктеледі.

Мен енді Орталық Комитеттің ноябрьдегі (9 ноябрь) және декабрьдегі (7 декабрь) пленумдарына көшемін; ол пленумдар бұл қателердің бәрін логикалық талдаулар, тұжырымдар, теориялық пайымдаулар түрінде көрсеткен жоқ, іс үстінде көрсетті. Орталық Комитетте былық пен сапырылыс болып шықты; бұл біздің партиямыздың тарихында революция кезінде бірінші рет болып отыр, сондықтан бұл қауіпті нәрсе. Мәселенің түйіні екіге жарылғандықтың пайда болуында; бәрінен де

көп зиян келтіріп, былықтырған Бухариннің, Преображенскийдің және Серебряковтың «буферлік» тобының пайда болуында.

Главполитпуть[100] пен Цектранның тарихын еске түсіріп көріңіздер. 1920 жылы апрельде болған РКП IX съезінің қарарында Главполитпутьтің құрылатыны, оның «уақытша» мекеме екендігі, оның бер жағында *«мүмкін болғанынша қысқа мерзімнің ішінде»* қалыпты күйге көшу қажет екендігі айтылды[101]. Сентябрьде сіздер: «Қалыпты күйге көш» дегенді оқыдыңыздар*. Ноябрьде (9 ноябрьде) пленум шақырылды. Троцкий оған өзінің тезистерін, тред-юнионизм туралы пікірлерін ала келді. Оның өндірістік насихат жөніндегі кейбір сөздері қаншама жақсы болғанымен, былай деу керек болды: мұның бәрі іске мүлде қатысы жоқ, лайықсыз нәрсе, бұл бір адым кейін шегінгендік, қазір Орталық Комитетте мұнымен шұғылдануға болмайды. Бухарин: «бұл өте жақсы» деді. Мүмкін өте жақсы да шығар, бірақ бұл сұраққа жауап емес. Барынша қызу айтыстардан кейін 10 адам жақтап, 4 адам қарсы болған қарар қабылданды; ол қарарда сыпайы және жолдастық түрде былай делінді: «одақ ішінде пролетарлық демократияның әдістерін күшейтуді және дамытуды» Цектранның өзі «қазірдің өзінде күн тәртібіне қойды». Цектранның «басқа да одақтық бірлестіктермен бірдей правода ВЦСПС-тің құрамына ене отырып, оның жалпы жұмысына белсене қатысуға» тиіс екені айтылды.

Орталық Комитеттің мұндай шешімінің негізгі пікірі неде? Ол пікір айқын: «Цектрандағы жолдастар! өз жұмыстарыңыз арқылы барлық одақтарға көмектесу үшін, бюрократизмнің, артық сапаушылықтың, біз сендерден жақсымыз, сендерден баймыз, біз көмекті көп аламыз деп дандайсушылықтың сарқыншағын да болғызбау

---

* Қараңыз: «Известия ЦК РКП» № 26, 2-бет, Орталық Комитеттің сентябрь пленумының қарары, 3-пункт: «Орталық Комитет одан соң былай деп санайды: транспорт одақтарының ауыр жағдайы, жұмысқа көмектесіп, оны жолға қоятын уақытша тетіктер ретіндегі Главполитпуть пен Политводтың[102] құрылуына себеп болған ауыр жағдай қазіргі уақытта едәуір жақсарды. Сондықтан қазір бұл ұйымдарды одақтық аппаратқа бейімделетін және соған қосылатын одақтық органдар есебінде одаққа енгізу жөніндегі жұмысты бастауға болады және бастау керек те».

үшін съездің және Орталық Комитеттің шешімдерін тек формальды түрде ғана емес, шын мәнісінде жүзеге асырыңыздар».

Бұдан кейін біз нақты жұмысқа көштік. Комиссия құрылды, оның құрамы баспасөзде басылып шықты. Троцкий комиссиядан кетіп қалды, комиссияны сәтсіздікке ұшыратты, жұмыс істегісі келмеді. Неге? Дәлелі біреу-ақ. Лутовиновтың оппозиция ойынын ойнайтын әдеті болады. Рас, бұл Осинскийде де бар. Әділін айтайын, бұл ұнамсыз ойын. Бірақ бұл дәлел ме? Осинский тұқым себу науқанын өте жақсы жүргізді. Оның «оппозициялық науқанына» қарамастан, онымен жұмыс істеу керек болды, ал комиссияны сәтсіздікке ұшырату сияқты тәсіл — бюрократтық тәсіл, советтік емес, социалистік емес, теріс, саяси зиянды тәсіл болып табылады. «Оппозициядағы» дұрыс нәрсені дұрыс емес нәрседен бөліп алу керек болып отырған кезде, мұндай тәсіл үш есе теріс және саяси жағынан зиянды. Осинский «оппозициялық науқан» жүргізген кезде, оған мен: «науқан зиянды науқан» деймін, ал ол тұқым себу науқанын жүргізген кезде сүйсінбей қалмайсың. Ищенко мен Шляпников сияқты, Лутовинов өзінің «оппозициялық науқанында» қатеге жол беріп отыр, мен мұны еш уақытта бекер демеймін, бірақ осыған бола комиссияны сәтсіздікке ұшыратуға болмайды.

Ал енді бұл комиссия нені көздеген еді? Ол мағынасыз алауыздықтар туралы интеллигенттік сөздерден нақты жұмысқа көшуді көздеген еді. Өндірістік насихат туралы, сыйлықтар туралы, тәртіпке шақыратын соттар туралы — міне осылар туралы айту керек еді және комиссияның осы істермен шұғылдануы керек еді. Осы арада «буферлік топтың» басшысы Бухарин жолдас, Преображенскиймен және Серебряковпен бірге, Орталық Комитетте екіге жарылу қауіптілігін көріп, буфер құруға кірісті, буфер болғанда сондай — мен бұл буферді суреттеуге парламенттік сөз таппай қиналып тұрмын. Егер мен Бухарин жолдастың салғанындай карикатура сала білсем, онда мен Бухарин жолдастың суретін мынадай етіп салар едім: бір адам қолына керосин құйылған шелек ұстап, ол керосинді отқа құйып тұрған болар

еді, ал суреттің астына: «буферлік керосин» деп жазар едім. Бухарин жолдас бірдеңе құрғысы келді; оның ниеті нағыз адал және «буферлік» ниет болғандығында күмән жоқ. Бірақ буфер болмай шықты, қайта ол саяси кезеңді ескермеген болып шықты және оның үстіне теориялық қателер жіберген болып шықты.

Осындай таластардың бәрін кең айтысқа салу керек пе еді? Осы пайдасыз нәрсемен айналысу керек пе еді? Партия съезі алдында озімізге керекті апталарды осымен өткізу керек пе еді? Бұл уақыттың ішінде біз сыйлықтар туралы, тәртіпке шақыратын соттар туралы, біте қайнасу туралы мәселелерді талдай отырып, зерттеп алған болар едік. Міне осы мәселелерді біз Орталық Комитеттің комиссиясында іскерлікпен шешкен болар едік. Егер Бухарин жолдас буфер құрғысы келсе және «бір бөлмеге бара жатып, басқа бөлмеге тап болған» адамның халіне түскісі келмесе, онда ол Троцкий жолдастың комиссияда қалуы керектігін айтып, осыны талап етуі керек еді. Егер ол осыны айтып, осыны істеген болса, онда біз іскерлік жолға түскен болар едік, онда біз осы комиссияда жеке-даралықтың іс жүзінде қандай екенін, демократияның қандай екенін, тағайындалушылардың қандай екенін, т. т. талдап шыққан болар едік.

Одан соң. Декабрь айында (7 декабрьдегі пленум) сушылармен ажырасқандық айқын болды, мұның өзі жанжалдың күшеюіне әкеліп соқтырды, сөйтіп осының салдарынан Орталық Комитетте біздің 7 дауысымызға қарсы 8 дауыс жиналды. Бухарин жолдас «ымыраластыруға» және «буферді» іске қосуға тырысып, декабрь пленумы қарарының «теориялық» бөлімін асығыс жаза салды, бірақ комиссия сәтсіздікке ұшыратылғаннан кейін бұдан, әрине, еш нәрсе шыға алмады.

Главполитпуть пен Цектранның қатесі неде еді? Олардың қатесі күштеуді қолданғанында емес, әсте мұнда емес. Қайта, олардың сіңірген еңбегі осында еді. Олардың қатесі мынада болды: олар РКП IX съезінің талабына сәйкес, одақтың қалыпты жұмысына дер кезінде және жанжалсыз көше білмеді, кәсіподақтарға тиісінше бейімделе білмеді, олармен тең праволы қатынаста бола, оларға жәрдем көрсете білмеді. Бағалы

әскери тәжірибе бар, ол: ерлік, тындырымдылық, тағы басқалар. Әскери қызметкерлер арасындағы оңбаған элементтердің тәжірибесінде оңбаған нәрсе бар, ол: бюрократизм, менмендік. Троцкийдің тезистері, оның санасы мен еркіне қарамастан, әскери тәжірибенің жақсы жағын қостамай, жаман жағын қостайтын тезистер болып шықты. Саяси басшы тек өз саясатына ғана емес, сонымен қатар өзінің басқарып отырған адамдарының не істеп отырғанына да жауап беретіндігін есте ұстау керек.

Ең ақырында, менің сіздерге айтайын дегенім және кеше өзімді өзім ақымақсың деп сөгуіме тура келген нәрсе — Рудзутак жолдастың тезистерін байқамай қалуым. Рудзутактың бір кемшілігі — ол өз сөзін естіртіп, қонымды етіп, әдемілеп айта білмейді. Сондықтан байқамай, аңдамай қаласың. Кеше, жиналысқа қатысуға мүмкіндігім болмай, мен өзімнің материалдарымды қарастырып отырғанда, олардың ішінен кәсіподақтардың 1920 жылғы 2—6 ноябрьде болған Бүкіл россиялық V конференциясына арнап бастырып шығарған бір листок тауып алдым. Бұл листоктың тақырыбы: «Кәсіподақтардың өндірістік міндеттері». Мен сіздерге бұл листокты түгел оқып шығайын, өзі көп емес.

## КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ V КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ЖӨНІНДЕ

### Кәсіподақтардың өндірістік міндеттері

(РУДЗУТАК ЖОЛДАСТЫҢ БАЯНДАМАСЫНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ)

1. Октябрь революциясынан кейін дереу кәсіптік одақтар жұмысшы *бақылауын* жүргізумен қатар, *өндірісті* ұйымдастыру және *басқару* жөніндегі жұмысты өз міндетіне ала алатын және алуға тиісті болған *бірден-бір дерлік* органдар болып шықты. Совет өкіметінің өмір сүруінің алғашқы дәуірінде халық шаруашылығын басқаратын мемлекеттік аппарат әлі жолға қойылған жоқ еді, ал кәсіпорындар иелері мен жоғары дәрежелі техникалық қызметкерлердің саботаж жасауы өнеркәсіпті сақтап қалу және елдің бүкіл шаруашылық аппаратын қалыпты жұмыс істейтін етіп қалпына келтіру міндеттерін жұмысшы табының алдына қатаң түрде қойды.

2. Халық шаруашылығы жоғары советі қызмет атқарған дәуірден былай қарай, бұл жұмыстың едәуір бөлегі жеке меншік кәсіпорындарды жоюға және оларды мемлекет тарапынан басқару ісін ұйымдастыруға келіп тірелген кезде, *кәсіптік одақтар бұл жұмысты* экономикалық басқарудың *мемлекеттік органдарымен қатар және солармен бірігіп жүргізді.*

Мемлекеттік органдардың әлсіздігі мұндай *қосарласуды* түсіндіріп қана қойған жоқ, сонымен қатар оны ақтады да; кәсіподақтар мен экономикалық басқару органдарының арасында толық байланыс орнау фактісі арқылы мұның өзі тарихи тұрғыдан ақталды.

3. Мемлекеттік экономикалық органдарды басқару, олардың өндіріс пен басқару аппаратын бірте-бірте меңгеруі, бұл аппараттың жекелеген бөлімдерін сәйкестіру — осының бәрі *өнеркәсіпті басқару* және өндірістік программаны жасау жөніндегі *жұмыстың негізгі салмағын осы органдарға аударды.* Осыған байланысты, кәсіподақтардың өндірісті ұйымдастыру саласындағы жұмысы бас комитеттердің, орталықтардың және завод басқармаларының *коллегияларын құру ісіне қатысу* болды.

4. Қазіргі кезеңде біз Совет республикасының шаруашылық органдары мен кәсіподақтар арасында барынша тығыз байланыс орнату туралы мәселеге қайтадан өте таяу келіп тұрмыз; бұл кезеңде әрбір еңбекші адамды қалай болғанда да тиімді пайдалану, жалпы өндірушілердің бүкіл бұқарасын өндіріс процесіне саналы түрде қатысуға тарту қажет болып отыр; экономикалық басқарудың мемлекеттік аппараты, бірте-бірте өсе келе және күрделілене келе, өндірістің өзімен салыстырғанда өлшеусіз, орасан зор бюрократтық машинаға айналған кезде, кәсіподақтарды өндірісті ұйымдастыру ісіне экономикалық органдардағы жеке өкілдік арқылы ғана емес, тұтас ұйым есебінде тікелей қатысуға сөзсіз итермелейді.

5. Егер Халық шаруашылығы жоғары советі жалпы өндірістік программаны тағайындауға кіріскенде *өндірістің қолда бар материалдық элементтерін* (шикізат, отын, машиналардың жағдайы, т. с.) негізге ала отырып кіріссе, кәсіподақтар бұл мәселеге өндірістік міндеттер үшін *еңбекті ұйымдастыру* және оны тиімді пайдалану *тұрғысынан* қарап кірісуге тиіс. Сондықтан өндірістің материалдық ресурстарын және еңбекті пайдалануды неғұрлым тиімді ұштастыру үшін жалпы *өндірістік программа жекелеген бөлімдері бойынша және тұтас алғанда кәсіподақтардың сөзсіз қатысуымен жасалуға тиіс.*

6. Шын еңбек тәртібін енгізу, еңбектегі бой тасалаушылыққа қарсы ойдағыдай күресу, т. т. өндіріске қатысушы бүкіл бұқара осы міндеттерді жүзеге асыруға *саналы түрде қатысқанда* ғана орындалады. Бұл міндеттер *бюрократтық әдістермен және жоғарыдан берілген бұйрықтар* арқылы орындалмайды, мұның үшін өндіріске қатысушы әрбір адам өзі орындап отырған өндірістік міндеттердің қажеттігін және тиімділігін түсінетін болуы керек; өндіріске қатысушы әрбір адам жоғарыдан берілетін тапсырмаларды орындауға ғана қатысып қоймай, сонымен

бірге өндіріс саласындағы барлық кемшіліктерді, техникалық және ұйымдастырушылық кемшіліктерді, түзетуге де саналы түрде қатысатын болуы керек.

Кәсіподақтардың бұл саладағы міндеттері орасан зор. Олар *әрбір цехтағы*, әрбір фабрикадағы *өз мүшелерін жұмыс күшін пайдаланудағы барлық кемшіліктерді*, техникалық құрал-жабдықтарды *теріс пайдаланудан* немесе әкімшілік жұмыстың нашарлығынан *туатын кемшіліктерді көрсетіп, ескеріп отыруға* үйретуге тиіс. *Жекелеген* кәсіпорындар мен өндіріс *тәжірибесінің жиынтығы* қағазбастылыққа, ұқыпсыздыққа және бюрократизмге қарсы батыл күресу үшін пайдаланылуға тиіс.

7. Осы өндірістік міндеттердің маңыздылығын ерекше баса көрсету үшін олар ұйымдастыру жағынан күнделікті белгілі бір жұмыстан тиісінше орын алуға тиіс. Бүкіл россиялық III съездің қаулысына сәйкес кәсіподақтардың жанынан ұйымдастырылатын *экономикалық бөлімдер* өз жұмысын өрістете отырып, бүкіл одақтық жұмыстың сипатын біртө-бірте айқындап, бөлгілеуге тиіс. Мәселен, қазіргі қоғамдық жағдайларда, бүкіл өндіріс еңбекшілердің өздерінің керегін өтеуге бағытталып отырған кезде, *тариф және сыйлық беру ісі өндірістік жоспардың орындалу дәрежесіне өте-мөте тығыз байланысты және тәуелді болуға тиіс.* Заттай сыйлық беру және жалақыны іпінара заттай белгілеу ісі еңбек өнімділігінің дәрежесіне байланысты бірте-бірте *жұмысшыларды жабдықтау жүйесіне* айналуға тиіс.

8. Кәсіподақтардың жұмысын осылайша жолға қою арқылы, бір жағынан — *қосарлас органдардың (саяси бөлімдердің, т. с.)* болуына тыйым салу керек, екінші жағынан — экономикалық басқару органдарымен бұқараның тығыз байланысын қалпына келтіру керек.

9. III съезден кейін, бір жағынан, *соғыс жағдайларының* салдарынан, екінші жағынан — өздерінің *ұйымдық әлсіздігі* және шаруашылық органдардың басшылық жұмысы мен практикалық жұмысынан қол үзгендігі салдарынан одақтар халық шаруашылығы құрылысына өздерінің қатысуы жөнінде өз программасын елеулі дәрежеде жүзеге асыра алмады.

10. Осыған байланысты кәсіподақтар төмендегі міндеттерді өздерінің ең таяудағы практикалық міндеттері етіп қоюға тиіс: а) өндіріс мәселелері мен басқару мәселелерін шешуге барынша белсенді түрде қатысу; б) басқарудың *іске жетік* органдарын *ұйымдастыруға* тиісті шаруашылық органдарымен бірге тікелей қатысып отыру; в) әр түрлі *типтегі басқармалардың* және олардың өндіріске ықпалын мұқият түрде есепке алып отыру; г) шаруашылық *жоспарлар* мен өндірістік программаларды жасау және белгілеу ісіне міндетті түрде қатысу; д) *еңбекті* шаруашылық міндеттердің екпіндfestival: екпінділігіне сәйкес *ұйымдастыру;* е) өндірістік *үгіт пен насихатты* кең түрде ұйымдастыруды дамыта түсу.

11. *Одақтардың* және одақтық ұйымдардың жанындағы экономикалық бөлімдерді одақтардың өндірісті ұйымдастыру ісіне

жоспарлы түрде қатысуының шапшаң қимылдаушы қуатты тетіктеріне шындап айналдыру қажет.

12. Жұмысшыларды материалдық жағынан қамтамасыз етудің жоспарлылығы ісінде одақтар *Азық-түлік комиссариатының бөлуші органдарына,* жергілікті органдарына да, орталық органына да, *ықпалын* жүргізуі қажет, барлық бөлуші органдардың жұмысына практика жүзінде және нақты қатысуды, олардың жұмысын *бақылауды* жүзеге асыруға тиіс, *жұмысшыларды жабдықтау жөніндегі* орталық және губерниялық *комиссиялардың* қызметіне ерекше назар аударуға тиіс.

13. «Екпінділік» деп аталатын нәрсе жекелеген бас комитеттердің, орталықтардың, т. т. тар шеңберлі ведомстволық талаптары салдарынан қазірдің өзінде нағыз тәртіпсіз сипат алғандықтан, одақтар қай жерде болса да шаруашылықта екпінділікті шындап жүзеге асыруды жақтауы керек және екпінділіктің қолданылып жүрген жүйесін өндірістің маңыздылығына және еліміздің материалдық ресурстарының шамасына сәйкес анықтап қайта қарауды жақтауы керек.

14. Кәсіпорындардың үлгілі тобы деп аталатындарға айрықша көңіл аудару қажет, іске жетік басқарма құру арқылы, еңбек тәртібі арқылы және одақтық ұйымның жұмысы арқылы бұларды нағыз үлгілі кәсіпорындарға айналдыру керек.

15. Еңбекті ұйымдастыру ісінде, тариф жөніндегі шараларды тәртіпті жүйеге келтірумен қатар, жұмыс нормаларын барлық жағынан қайта қараумен қатар, одақтар *еңбектегі бой тасалаушылықтың* жекелеген *түрлеріне* қарсы (қыдырымпаздыққа, кешігіп келушілікке, т. т.) күресу ісінің бәрін мықтап өз қолдарына алуы керек. Осы кезге дейін тиісті көңіл бөлінбей келген тәртіпке шақыратын соттар пролетарлық еңбек тәртібін бұзушылыққа қарсы күресудің шын мәніндегі құралына айналдырылуға тиіс.

16. Жоғарыда аталып өткен міндеттерді орындау, сол сияқты өндірістік насихаттың практикалық жоспарын жасау және жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсарту жөнінде бірсыпыра шаралар белгілеу экономикалық бөлімдерге жүктелуге тиіс. Сондықтан мемлекеттік экономикалық органдардың жұмысына байланысты шаруашылық құрылыстың практикалық мәселелерін қарау үшін таяу уақытта *экономикалық бөлімдердің Бүкіл россиялық* арнаулы *кеңесін* шақыруды ВЦСПС-тің экономикалық бөліміне тапсыру қажетті деп табылады.

Менің не себепті өзімді өзімнің сөгуіме тура келгендігін енді сіздер көріп отырған боларсыздар деп сенемін. Міне платформа деп осыны айтыңыз; бұл — Троцкий жолдастың сан рет ойлап жазғанынан да, Бухарин жолдастың мүлде ойламай (7 декабрьдегі пленумның қарарын) жазғанынан да жүз есе артық. Көп жылдардан бері кәсіптік қозғалыста жұмыс істемеген біздің бәріміз,

цекистер, Рудзутак жолдастан үйренуіміз керек еді, Троцкий жолдастың да, Бухарин жолдастың да одан үйренуі керек еді. Бұл платформаны кәсіподақтар қабылдады.

Тәртіпке шақыратын соттарды бәріміз де ұмыттық, ал «өндірістік демократия» дегеніңіз заттай сыйлықтар болмаған жағдайда, тәртіпке шақыратын соттар болмаған жағдайда әншейін мылжың болып қалады.

Мен Рудзутактың тезистерін Троцкийдің Орталық Комитетке ұсынған тезистерімен салыстырамын. 5-тезистің аяқ жағынан мен мынаны оқимын:

«...одақтарды қайта құруға, яғни нақ осы тұрғыдан ең алдымен басшы қызметкерлерді іріктеп алуға қазірден бастап кірісу қажет...».

Міне сіздерге нағыз бюрократизм! Троцкий мен Крестинский кәсіподақтардың «басшы қызметкерлерін» іріктеп алмақ!

Тағы да айтайын: міне сіздерге Цектранның қатесін түсіндіретін жай. Цектранның қатесі оның қысымды қолданғандығында емес, бұл — оның сіңірген еңбегі. Оның қатесі мынада: ол барлық кәсіподақтардың жалпы міндеттеріне жуыса білмеді, тәртіпке шақыратын жолдастық соттарды неғұрлым дұрыс, тез және ойдағыдай қолдану ісіне өзі де көше білмеді және барлық одақтардың соған көшуіне де жәрдемдесе білмеді. Мен Рудзутак жолдастың тезистерінен тәртіпке шақыратын соттар туралы оқығанымда, мен: қазірдің өзінде бұл туралы декрет бар шығар деп ойладым. Шынында да декрет бар болып шықты. «Тәртіпке шақыратын жолдастық жұмысшы соттары туралы *ереже»* 1919 жылғы 14 ноябрьде шығарылған (Заңдар жинағы, № 537).

Бұл соттарда кәсіподақтарға аса маңызды роль жүктеледі. Бұл соттар жақсы ма, олар қаншалықты ойдағыдай әрекет жасап отыр және үнемі қызмет атқарып отыра ма, мен оны білмеймін. Егер біз өзіміздің практикалық тәжірибемізді зерттеген болсақ, мұның өзі Троцкий мен Бухарин жолдастардың жазғандарының бәрінен миллион есе пайдалырақ болар еді.

Мен сөзімді аяқтаймын. Осы мәселе жөніндегі әңгіменің бәрін қорыта келіп, мен былай деуге тиіспін: осы алауыздықтарды кең көлемді партиялық айтысқа және партия съезіне салу — орасан зор қате. Саяси жағынан алғанда қате. Комиссияда, тек комиссияда ғана біз мәселені тыңғылықты талқылап, алға баса алар едік, ал қазір біз кейін кетіп барамыз, сөйтіп міндетке іскерлік тұрғыдан қараудың орнына, бірнеше апта бойына абстракциялы теориялық қағидаларға қарай кері шегіне беретін боламыз. Ал маған келетін болсаңыздар, мен бұдан әбден жалығып біттім, сондықтан мен өзімнің сырқаттығыма қарамастан, бұдан шын ықыласыммен аулақ кетер едім, мен бұдан қалай болса да құтылудан тайынбас едім.

Қорытынды: Троцкий мен Бухарин тезистерінде толып жатқан теориялық қателер бар. Бірсыпыра принципті теріс пікірлер бар. Саяси жағынан алғанда іске бұлай қарау түгелдей барып тұрған әдепсіздік. Троцкий жолдастың «тезистері» — саяси жағынан зиянды нәрсе. Оның саясаты, жинақтап алғанда,— кәсіподақтарды бюрократтық жолмен жұлмалау саясаты. Сондықтан біздің партиялық съезіміз бұл саясатты қатты айыптайды және қабылдамай тастайды деп сенемін. (Д у, ұ з а қ қ о л ш а п а л а қ т а у.)

*1921 ж. Петроградта жеке кітапша болып басылған*

*В. И. Ленин түзеткен стенограммамен салыстырылған кітапшаның тексті бойынша басылып отыр*

# ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКАЛАР

## 1

### *Электрлендірудің маңызы*

1. Қазіргі замапғы техника.
2. Өндіргіш күштерді қалпына келтіру. Оларды көтеру.
3. Орталықтандыру — maximum.
4. Коммунизм = Совет өкіметі + электрлендіру.
5. Жалпы және бірыңғай жоспар: халықтың назары мен күштерін бір орталыққа шоғырландыру.
6. Мәдениетті (еңбекшілердің) көтеру.
7. Жай ғана сауаттылық емес.

## 2

### *Электрлендіру жөнінде*

1) Жоспарды бекіту туралы декрет...
2) Техникалық күштерді жұмылдыру.
   - Электротехникалық күштерді де, жұмыс күштерін де жинақтау.
   - Станцияларды пайдалану.
   - Үгіт пен насихат.
   - Электр туралы теориялық және практикалық білімдерді оқыту.
3) ГОЭЛРО туралы декрет.
4) Ғылыми-техникалық бөлім туралы декрет...
5) Бүкіл россиялық электротехникалық съезд туралы декрет.
6) Петроград. Мурманск арқылы шетелден көмір тасу.

*1920 ж. декабрьде жазылған*

*Бірінші рет: 1-сі — 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында, 2-сі 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған*

*Қолжазбалар бойынша басылып отыр*

# ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ

## НАДЕЖДА КОНСТАНТИНОВНАНЫҢ ТЕЗИСТЕРІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР[103]

(Ресми емес. Алғашқы нұсқасы. Жарияланбасын. Мен мұны тағы да бір-екі рет ойластырамын.)

Политехникалық білім беру туралы *бұлай* жазуға болмайды: абстрактілі, алыс болашаққа арналған болып шығады, көкейтесті, қазіргі, күйінішті шындық *есепке алынбаған.*

Былай ету керек:

1) политехникалық білім берудің *принципті* мацызы жөнінде 1 немесе 2 тезис қосу керек.

{ *Маркстің айтуы бойынша* *біздің РКП программасы бойынша.* }

2) *Мүмкін болатын деңгейінде* нақ политехникалық білім беру принципінен және оны дереу жүзеге асырудан біздің ешбір жағдайда бас тартпайтынымызды айқын айту керек.

17-ші тезисті *алып тастау керек.*

Екінші басқыш жөнінде (12—17) былай деу керек: Республиканың шаруашылығының тым ауыр жағдайы қазіргі уақытта сөзсіз және дереу мынаны талап етеді:

2-ші басқышты кәсіптік-техникалық мектептермен қосу*,

* (Былай түзетілсін: қосқанда бүкіл 2-басқышты емес, педагогтардың *айтуы және шешуі бойынша,* 13—14 жастан бастап қосу керек.)

2-ші басқышты кәсіптік-техникалық мектептерге айналдыру*, бірақ мұнымен бірге, *қолөнершілдікке айналып кетушілік болмау үшін* мынадай дәл ережелер белгілеу керек:

1) ерте мамандандырудан аулақ болу; бұл жөнінде нұсқау хат дайындау.

2) *барлық* кәсіптік-техникалық мектептерде *жалпы білім беретін* пәндерді көбейту.

Программаны әрбір жылға жасау керек:

| | | |
|---|---|---|
| (Егер мұндай программалар әлі болмаса, онда Луначарскийді асып қою керек) | коммунизм<br>жалпы тарих<br>революциялар тарихы<br>1917 ж. революцияның тарихы | география<br>әдебиет<br>және т. т. |

3) *дереу политехникалық* білім беруге көшуді немесе, дұрысырағы, *политехникалық білім беру жөніндегі* қазір мүмкін болатын *шараларды* дереу жүзеге асыруды *сөзсіз* міндет етіп қою, мәселен:

| ГОЭЛРО-мен бірлесіп |

а) ең таяу жердегі электр станциясына барып тұру және онда тәжірибе жасап, бірқатар лекциялар оқу; электрмен жасауға мүмкін болатын *бірқатар практикалық жұмыстар* жүргізу; дереу егжей-тегжейлі программалар жасау
(1 қатысуға арналған;
5, 10 лекция курсына; 1, 2 айлық курсқа т. с. арналған программа жасау),

б) *әрбір дұрыс* жолға қойылған *совхозда* да осыны істеу,

в) *әрбір дұрыс* жолға қойылған *заводта* да осыны істеу,

г) *барлық* инженерлерді, агрономдарды,

* (Былай түзетілсін: қосқанда бүкіл 2-басқышты емес, *педагогтардың айтуы және шешуі бойынша*, 13—14 жастан бастап қосу керек.)

ГОЭЛРО-мен бірлесіп

университеттің физика-математика факультетін бітіргендердің бәрін (электр жөнінде және политехникалық білім беру жөнінде лекциялар оқу үшін, практикалық сабақтарға басшылық ету, жер-жерге бару және басқалар үшін) мобилизациялау,

д) политехникалық білім беру жөнінде шағын музейлер, поездар, пароходтар және басқалар ұйымдастыру.

Бұл өте-мөте маңызды нәрсе. Біз жарлымыз. Бізге ағаш ұсталары, слесарьлар *дереу* керек. *Сөз жоқ* керек. **Барлығы да** ағаш ұсталары, слесарьлар және сондайлар болып шығуға тиіс, *бірақ* жалпы білім мен политехникалық білімнің белгілі бір минимумын қоса алуы керек.

2-басқыш мектептердің (дұрысы: 2-ші басқыштың жоғары кластарының) (12—17) міндеті: өз ісін толық білетін, мастер болуға әбден жарайтын және бұған практика жүзінде әзірленген

*ағаш ұстасы,*
*балташы,*
*слесарь* және т. с. беру,

*алайда* бұл «қолөнершінің» *кең көлемде жалпы білімі* болсын (белгілі бір ғылымдардың minimum *негіздерін* білсін; қандай ғылымдар екенін дәл көрсету керек);

ол *коммунист болсын (нені* білуі керек екенін дәл корсету керек);

*политехникалық ой-өрісі және политехникалық білімнің негіздері (бастаулары) болсын,*

атап айтқанда:

(аа) электр жөнінде *негізгі* ұғымдары болсын (қандай ұғымдар екенін дәл корсету керек),

(бб) электрді *механикалық* өнеркәсіпке қолдану туралы ұғымдары болсын,

(вв) *.химия өнеркәсібі* жөнінде де осылай,

(гг) РСФСР-ді электрлендіру жоспары туралы да осылай,

(дд) **кемінде 1—3** рет электр станциясына, заводқа, совхозға барған болсын,

(ее) агрономияның *белгілі бір* негіздерін білетін болсын, т. т.

*Білімдер минимумын егжей-тегжейлі* талдап жасау керек.

(Политехникалық білім беруді *теріске шығарып,* Гринько, сірә, ақымақтыққа дейін барып, сорақылық жасаған болу керек (мүмкін, ішінара О. Ю. Шмидт те солай істеген шығар)[104]. *Мұны түзету керек.)*

*1920 ж. аяғында жазылған*

*Бірінші рет 1929 ж. «На Путях к Новой Школе» журналының 2-номерінде басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

Поручить т.
Осинскому
вместе со всей
коллегией НКЗ

разработать
и внести в СНК
и открывающуюся сес-
сию ЦИКа

Как положение
о наркомате в
целом, так и специ-
ально о более ши-
роком и системати-
ческом включении
в наркомат спецов
агрономов

В. И. Лениннің «РКП(б) Орталық Комитеті пленумының Егіншілік халық комиссариаты туралы қаулысының жобасы» деген қолжазбасының бірінші беті.— 4 январь, 1921 ж.
*Кішірейтілген*

# РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ ЕГІНШІЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[105]

Тұтас алғанда халық комиссариаты туралы ережені де, сондай-ақ маман агрономдарды неғұрлым кең және жүйелі түрде жұмысқа қатыстыру туралы арнайы ережені де талдап жасап, Халық Комиссарлары Советіне және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің таяудағы сессиясына енгізу Егіншілік халық комиссариатының бүкіл коллегиясымен бірге Осинский жолдасқа тапсырылсын[106].

*1921 ж. 4 январьда жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ПАРТИЯ ДАҒДАРЫСЫ

Съезд алдындағы айтыс қазірдің өзінде жеткілікті түрде кең өріс алды. Кішкентай ғана келіспеушіліктер мен алауыздықтардан ірілері туды; егер кішкене қатені жақтап, оны түзетуге бар күшін салып қарсыласатын болса, немесе егер бір адамның немесе аздаған адамның кішкене қатесіне үлкен қате істеп жүрген адамдар жармасатын болса, онда әрдайым осылай болып шығады.

Алауыздықтар мен жікке бөлінушіліктер әрқашан да осылай ұлғая береді. Біз де осылай кішкентай алауыздықтардан синдикализмге дейін «өсіп жеттік», ал егер бұл дерттен тез де батыл сауығу үшін партия жеткілікті түрде өміршең және күшті болмаса, синдикализм дегеніміз коммунизмнен толық қол үзгендік және партияның сөзсіз жікке бөлінуі болып шықпақ.

Күйінішті шындыққа тура қарау үшін ерлік керек. Партия дертке шалдықты. Партияны безгек қалтыратып отыр. Бүкіл мәселе мынада: дерт тек «безгек тиген жоғарғы топтарға», онда да, бәлкім, тек москвалық топтарға ғана жайылды ма немесе дерт бүкіл денені жайлап алды ма. Егер дерт бүкіл денені жайлап алған болса, бұл дене бірнеше аптаның ішінде (партия съезіне дейін және партия съезінде) толық айығып, дертті қайталамайтындай ете ала ма, немесе дерт ұзаққа созылып, қауіпті бола бере ме.

Неғұрлым тез және неғұрлым дұрыс сауығып кету үшін не істеу керек? Партияның *барлық* мүшелері ба-

Российская Социалистическая Федеративная Советская Республика

*Пролетарии всех стран, соединяйтесь!*

---

Н. Ленин

# КРИЗИС ПАРТИИ

С приложением тезисов тов. Рудзутака
о производственных задачах профсоюзов

ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО
1921

В. И. Лениннің «Партия дағдарысы» деген кітапшасының мұқабасы.—
Январь, 1921 ж.

рынша байсалдылықпен және орасан зор құнттылықпен: 1) алауыздықтардың мәнін және 2) партия күресінің дамуын *зерттеуге* кірісетін болуы керек. Мұның екеуі де қажет, өйткені алауыздықтардың мәні *күрес үстінде* ашылып, анықталып, нақтылана түседі (екінің бірінде өзгеріп те отырады); ол күрес әр түрлі кезеңдерден өте отырып, әрқашан бізге әрбір кезеңде күресушілердің құрамы мен саны бірдей *еместігін,* күрестегі позициялардың бірдей *еместігін,* т. т. көрсетіп отырады. Басылып шыққан, барлық жағынан тексеруге келетін өте дәл документтерді міндетті түрде талап ете отырып, мұның екеуін де *зерттеу* керек. Кімде-кім сөзге иланатын болса, ол адам оңалмайтын нақұрыс, жұрт одан күдер үзеді. Егер документтер *жоқ* болса, *екі* жақтың немесе бірнеше жақтың куәларынан жауап алу керек, жауап алғанда міндетті түрде «тәптіштеп жауап алу керек» және куәлардың көзінше жауап алу керек.

Алауыздықтардың мәнін де, күрес кезеңдерінің алмасуын да менің қалай ұғынатындығымның конспектісін жасап көрейін.

1-кезең. Кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясы, 2—6 ноябрь. Күрестің басталуы. Цекистерден шыққан бірден-бір «күрескерлер» Троцкий мен Томский. Троцкий кәсіподақтарды «сілкілеу» туралы «қанатты сөзсымақ» енгізді. Томский қатты таласты, Цекистердің көпшілігі аңысын аңдайды. Олардың орасан зор қатесі (соның ішінде ең алдымен менің де) мынау болды: біз V конференция қабылдаған «кәсіподақтардың өндірістік міндеттері» туралы Рудзутактың тезистерін «байқамай қалдық». Ол тезистер — *бүкіл* таластағы *ең* маңызды документ.

2-кезең. Орталық Комитеттің 9 ноябрьдегі пленумы. Троцкий: «Кәсіподақтар және олардың бұдан былайғы ролі» деген «тезистердің алғашқы нобайын» ұсынады; тезистерде кәсіподақтардың «аса ауыр дағдарысы» туралы және жаңа міндеттер мен әдістер туралы пайымдаулармен *бүркемеленген* немесе әшекейленген «сілкілеу» саясаты ұсынылады. Ленин барынша қолдаған Томский Цектрандағы қателер мен бюрократизмді асыра көрсетушіліктерге байланысты, нақ сол «сілкілеуді»

таластардың өзегі деп есептейді. Оның бер жағында талас кезінде Ленин кейбір көрінеу асыра айтылған, сондықтан да қате болатын «жазғыру сөздер» қолданады, осыған байланысты «буферлік топ» қажет болады, бұл топ 10 цекистен құралады (бұған Бухарин де, Зиновьев те кіреді, бірақ Троцкий де, Ленин де кірмейді). «Буфер»: «алауыздықтарды кең талқылауға салмау керек» деп қаулы шығарады және *Лениннің баяндамасын* (кәсіподақтардағы) *алып тастап,* Зиновьевті баяндамашы етіп белгілейді, оған «айтыс туғызбайтын, іскерлік тұрғыдағы баяндама жасауды» тапсырады.

Троцкийдің тезистері қабылданбайды. Лениннің тезистері қабылданады. Қарардың 10 дауыс жақтаған ақырғы нұсқасы қабылданады, 4 дауыс (Троцкий, Андреев, Крестинский, Рыков) қарсы болады. Ал бұл қарарда «еңбекті милитарландырудың дұрыс формалары» жақталады, «централизмнің және жұмыстың милитарландырылған формаларының бюрократизмге, есуастыққа, үстіртін төрешілдікке айналуы», т. т. айыпталады. Цектранға «басқа одақтық бірлестіктермен тең праволылық жағдайында ВЦСПС-тің құрамына ене отырып, оның жалпы жұмысына неғұрлым белсенді қатысу қажеттігі» атап көрсетіледі.

Орталық Комитет кәсіподақ жөнінде комиссия сайлайды, оның құрамына Троцкий жолдасты да енгізеді. Троцкий комиссияда жұмыс істеуден бас тартады, сөйтіп *тек* осы әрекет арқылы Троцкий жолдастың алғашқы қатесі ұлғая түседі, мұның өзі келешекте фракцияшылдыққа әкеп соғады. Бұл әрекет болмаған жағдайда, Троцкий жолдастың қатесі (теріс тезистерді ұсынуы) — онша үлкен қате емес еді, мұндай қате цекистердің түгелдей бәрінде де болған.

3-кезең. Сушылар мен Цектранның арасында декабрьде болған жанжал. Орталық Комитеттің 7 декабрьдегі пленумы. Басты «күрескерлер» енді Троцкий мен Ленин емес, Троцкий мен Зиновьев болып шығады. Кәсіподақ жөніндегі комиссияның председателі ретінде, Зиновьев сушылар мен Цектранның арасында декабрьде болған таласты тексереді. Орталық Комитеттің 7 декабрьдегі пленумы. Зиновьев Цектранның құрамын дереу өзгерту

жөнінде практикалық ұсыныс енгізеді. Орталық Комитеттегілердің көпшілігі бұған қарсы болады. Рыков Зиновьевтің жағына шығады. Бухариннің қарары қабылданады, бұл қарардың практикалық бөлімінің төрттен үшінде сушылар жақталады, ал кіріспеде кәсіподақтарды «жоғарыдан қайта құру» теріс деп танылып (3-параграф), атышулы «өндірістік демократия» мақұлданады (5-параграф). Біздің цекистер тобы Бухариннің қарарына қарсы болып, азшылықта қалады, қарсы болуының басты себебі—«буферді» қағаз жүзіндегі нәрсе деп есептейді, өйткені Троцкийдің кәсіподақ жөніндегі комиссияға қатыспауы іс жүзінде күрестің жүргізіле беретіндігін және оның Орталық Комитеттің шеңберінен сыртқа шығарылатындығын көрсетеді. Біз партия съезін 1921 жылғы 6 февральға белгілеу керек деп ұсыныс енгіздік. Ұсыныс қабылданды. Съезд кейіннен шеткері аймақтардың талабы бойынша 6 мартқа қалдырылады.

4-кезең. Советтердің VIII съезі. Троцкийдің 25 декабрьде «Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері» деген «платформа-кітапша» шығаруы. Формальды демократизмнің тұрғысынан қарағанда, Троцкийдің платформа ұсынуға сөзсіз правосы бар еді, өйткені 24 декабрьде Орталық Комитет айтыс еркіндігіне рұқсат етті. Революциялық тиімділік тұрғысынан қарағанда, мұның өзі қатені орасан зор ұлғайтып жібергендік болды, қате платформа негізінде *фракция құрғандық* болды. Кітапшада Орталық Комитеттің 7 декабрьдегі қарарынан тек «өндірістік демократияға» қатысты жерлері ғана цитатқа келтіріледі де, «жоғарыдан қайта құрушылыққа» қарсы айтылған жерлер цитатқа *келтірілмейді.* Троцкийдің қолдауымен 7 декабрьде Бухарин құрған буферді Троцкий 25 декабрьде талқандады. Кітапшаның бүкіл мазмұны, басынан аяғына дейін, «сілкілеу» рухына толы болып шыққан. Егер теория жүзінде теріс, ал өзінің нақты жұмысы туралы бөлімінде түгелімен өндірістік насихаттың ұғымына, міндеттеріне, шеңберіне енетін интеллигенттік әрнекті сөздерді («өндірістік атмосфера», «өндірістік демократия») есепке алмасақ, онда кітапша «сілкілеуді» әшекейлеуге

немесе бүркемелеуге немесе ақтауға тиісті «жаңа» «міндеттер мен әдістерді» көрсете *алмады.*

5-кезең. Бүкіл Россияның мыңдаған жауапты партия қызметкерлерінің алдында, Советтердің VIII съезіндегі РКП фракциясында, 30 декабрьде болған айтыс. Таластар мейлінше өрістей түсті. Бір жағынан, Зиновьев пен Ленин, екінші жағынан, Троцкий мен Бухарин. Бухарин «буфер жасағысы» келеді, бірақ тек Ленин мен Зиновьевке ғана қарсы сөйлеп, Троцкийге қарсы бір сөз де айтпайды. Бухарин өз тезистерінің (16 январьда жарияланған) бір бөлегін оқиды, бөлегі болғанда коммунизмнен қол үзіп, синдикализмге көшкендік туралы еш нәрсе айтылмаған бөлегін *ғана* оқиды. Шляпников («жұмысшы оппозициясының» атынан) синдикалистік платформаны жариялайды, бұл платформаны Троцкий жолдас күні бұрын-ақ күл-талқан еткен болатын (оның платформасындағы 16-тезис), сондықтан да бұған (бәлкім, ішінара, нақ осы себептен болса керек) ешкім де мән бермейді.

Мен өзім 30 декабрьдегі бүкіл айтыстың түйіні Рудзутактың тезистерін жариялауда болды деп санаймын. Шынында да: Бухарин жолдас та, Троцкий жолдас та бұл тезистерге қарсы бір ауыз сөз айта алмағандығы былай тұрсын, тіпті олар: осы тезистердің «ең жақсы бөлегін» *цектранистер,* Гольцман, Андреев, Любимов жазыпты деген ертегі шығарды. Сондықтан да Троцкий Лениннің сәтсіз «дипломатиясын» тым көңілді әрі сыпайы түрде әзілдеп қойды және оның ойынша Ленин айтысты «болдырмай, алып тастағысы» келді, «жайтартқыш» іздеп бақты, «бірақ қолына жайтартқыш түспей, әлдеқалай Цектранға жармаса кетті» деді.

Рудзутак ертегіні сол бойда-ақ, 30 декабрьде, бекерге шығарды; ол: Любимов «ВЦСПС-тің жаратылысында» болған емес, ал Гольцман ВЦСПС президиумында Рудзутактың тезистеріне қарсы дауыс берді, тезистерді Андреев, Цыперович және Рудзутак құрамына кірген комиссия жасап шығарды деп көрсетті[107].

Алайда бір минутқа болса да Бухарин мен Троцкий жолдастардың ертегісі факт екен делік. Осылай деп жорамалдаудан артық еш нәрсе де оларды осынша күл-

талқан ете алмас еді. Өйткені, егер «цектранистер» өздерінің «жаңа» идеяларын Рудзутактың қарарына енгізген болса, егер Рудзутак бұл идеяларды қабыл алған болса, барлық кәсіподақтар бұл қарарды қабылдаған болса (2—6 ноябрьде!!), егер Бухарин мен Троцкий бұл қарарға қарсы еш нәрсе айта алмайтын болса, онда бұдан қандай қорытынды шығады?

Бұдан шығатын қорытынды мынадай: Троцкийдің барлық алауыздықтары ойдан шығарылған алауыздықтар, Троцкийде де, «цектранистерде» де *ешқандай да* «жаңа міндеттер мен әдістер» *жоқ*, тыңғылықты, мәнді нәрселердің бәрін кәсіподақтар айтқан, қабылдаған, *шешкен*, оның үстіне *мәселе Орталық Комитетте қойылудан бұрын-ақ шешілген.*

Егер біреуді жақсылап сөгу, «сілкілеу» керек болатын болса, онда ВЦСПС-ті емес, Рудзутактың тезистерін «байқамағандығы» үшін, сөйтіп өзінің осы қателігі салдарынан барып тұрған мағынасыз айтыстың өріс алуына мүмкіндік бергені үшін РКП Орталық Комитетін сөгіп, «сілкілеу» керек. Цектранистердің қатесін (шын мәнісінде, бұл мүлдем шектен асқан қате емес, бюрократизмді біршама асыра көрсетушілікте болып отырған тіпті жай ғана қате) *бүркемелейтін* еш нәрсе жоқ. Оны бүркемелеудің, әшекейлеудің, ақтаудың керегі жоқ, оны түзету керек. Не бары осы ғана.

Рудзутак тезистерінің мәнін мен 30 декабрьде төрт пунктпен көрсеттім*: 1) кәдімгі демократизм (ешбір асырып көрсетпейтін, Орталық Комитеттің «тағайындау», т. с. праволарынан ешбір бас тартпайтын, сонымен қатар кейбір «тағайындалушылардың» түзетілуге тиісті қателері мен асыра сілтеушіліктерін қарысып қорғамайтын демократизм); 2) өндірістік насихат (бұған «өндірістік демократия», «өндірістік атмосфера», т. б. тәрізді қолапайсыз, кісі күлерлік, теория жағынан теріс «формулалардағы» жарамды нәрселердің барлығы да енеді). Бізде өндірістік насихат жөнінде Бүкіл россиялық бюро деген *советтік мекеме* құрылды. Оны барынша қолдау керек, *жаман тезистерді... тоғыту арқылы*

---

* Қараңыз: осы том, 233—240 беттер. *Ред.*

өндірістік жұмысты бүлдірмеу керек. Бар болғаны осы ғана; 3) заттай сыйлықтар және 4) тәртіпке шақыратын жолдастық соттар. 3 және 4-пункттер болмайынша «өндірістік роль мен міндеттер», т. с. туралы сөздердің бәрі — интеллигенттік бос мылжың болады, ал Троцкийдің «платформа-кітапшасында» нақ осы пункттің екеуі де ұмытылған. Ал Рудзутакта бұл пункттер бар.

30 декабрьдегі айтыс туралы айтқанда, мен өзімнің тағы бір қатемді түзетуге тиіспін. Мен: «Бізде мемлекет іс жүзінде жұмысшы мемлекеті емес, жұмысшы-шаруа мемлекеті» дедім. Бухарин жолдас дереу: «қандай мемлекет?» деп сұрақ қойды. Ал мен оған жауап ретінде жақында ғана аяқталған Советтердің VIII съезін дәлел еттім*. Енді айтыс туралы есепті оқи келе, мен өзімнің айтқаным теріс болғанын, ал Бухарин жолдастың сұрағы дұрыс болғанын көріп отырмын. Менің былай деуім керек еді: «Жұмысшы мемлекеті дегеніміз абстракция. Ал іс жүзінде бізде жұмысшы мемлекеті бар, 1-ден, оның ерекшелігі — елімізде жұмысшы халқы емес, шаруа халқы басым; және, 2-ден, бюрократиялық тұрғыдан бұрмаланған жұмысшы мемлекеті». Менің сөзімді түгел оқып шыққысы келген оқушы бұл түзетуден менің дәлелімнің желісі де, менің қорытындыларым да өзгермейтіндігін көреді.

6-кезең. Питер ұйымының Троцкийдің платформасына қарсы «партияға үндеу» жазуы және Москва комитетінің бұған қарсы шығуы («Правда», 13 январь)[108].

Жоғарыда құрылатын фракциялардың күресінен төменгі ұйымдардың араласуына көшу. Бұл — сауығу жолында ілгері басқан ірі адым. Москва комитетінің *Питер ұйымының* платформамен шығуының «қауіпті» жағын байқап, Троцкий жолдастың 25 декабрьде фракция құрғандығының *қауіпті жағын* байқағысы келмегендігі қандай өрескелдік десеңізші!!! Әзілқойлар бұл сияқты соқырлықты (жалғыз көзділікті) «буферлік» деп атайды...

7-кезең. Кәсіподақ жөніндегі комиссия өзінің жұмысын бітіріп, платформа басып шығарады («Кәсіподақ-

* Қараңыз: осы том, 230-бет. *Ред.*

тардың ролі мен міндеттері туралы мәселе жөнінде РКП X съезі қаулысының жобасы»[109] деген тақырыптағы кітапша 14 январьда шықты; бұған 9 цекист: Зиновьев, Сталин, Томский, Рудзутак, Калинин, Каменев, Петровский, Артем, Ленин және кәсіподақ жөніндегі комиссияның мүшесі Лозовский қол қойған; Шляпников пен Лутовинов жолдастар, сірә, «жұмысшы оппозициясына» «қашып кеткен» болуы керек). Бұл платформа «Правдада» 18 январьда басылды, бұған Шмидтің, Цыперовичтің және Милютиннің қолдары да қоса қойылды.

16 январьдағы «Правдада» мынадай платформалар пайда болады: Бухариннің платформасы (қол қойғандар: «Бір топ жолдастардың тапсыруы бойынша Бухарин, Ларин, Преображенский, Серебряков, Сокольников, Яковлева») және Сапроновтың платформасы (қол қойғандар: «Демократиялық централизм платформасында тұрған бір топ жолдастар», Бубнов, Богуславский, Каменский, Максимовский, Осинский, Рафаил, Сапронов)[110]. Москва комитетінің 17 январьда болған кеңейтілген жиналысында осы платформалардың өкілдері де, «игнатовшылдар»[111] да сөз сөйлейді (тезистері 19 январьдағы «Правдада» басылып шықты; қол қойғандар: Игнатов, Орехов, Корзинов, Куранова, Буровцев, Маслов)*.

Біз бұл арада, бір жағынан, топтасудың нығая түскендігін көріп отырмыз (өйткені 9 цекистің платформасы кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясының шешіміне толық қосылады); екінші жағынан, ыдыраушылықты, тозғындаушылықты көріп отырмыз. Оның бер жағында *идеялық* тозғындаудың шыңы Бухарин мен К[0]-нің тезистері болып табылады. Бұл арада марксистер баяғы бір уақыттарда мысқылдап айтып келген «бетбұрыс тарихи тұрғыдан гөрі есерсоқтық тұрғыдан» жасалды деген «бетбұрыстардың» бірі жүзеге асырылып отыр. 17-тезистен мынаны оқимыз: «...қазір-

* Айта кететін нәрсе, партия «платформалардың» әрбір платформаға жауапты жолдастардың бәрінің түгел қолдары қойылып ұсынылуын талап етуге тиіс. Бұл талапты «игнатовшылдар» мен «сапроновшылдар» орындағанмен, «троцкийшілдер» де, «бухариншілдер» де, «шляпниковшілдер» де орындамай отыр, бұлар аты аталмаған жолдастарды сылтау етіп, осы платформаға соларды да жауапты деп көрсетпек болады.

гі уақытта бұл кандидатураларды (атап айтқанда: кәсіподақтардың тиісті «бас комитеттер мен орталықтарға» ұсынатын кандидатураларын) *міндетті түрдегі* кандидатуралар ету керек».

Бұл — коммунизмнен толық қол үзгендік және синдикализм позициясына көшкендік болады. Бұл шын мәнісіне келгенде, «мемлекетті одақтандыру керек» деген Шляпниковтың ұранын қайталағандық; бұл — Халық шаруашылығы жоғары советінің аппаратын бөлшектеп, тиісті кәсіподақтардың қолына бергендік болады. «Мен *міндетті түрдегі* кандидатураларды ұсынамын» деу мен «мен тағайындаймын» деу екеуі бір нәрсе.

Коммунизм былай дейді: пролетариаттың авангарды, коммунистік партия, жұмысшылардың партияда жоқ бұқарасына басшылық етеді, бұл бұқараның бүкіл халық шаруашылығын басқару ісін өз қолына жинақтап аларлықтай дәрежеге жете алуы үшін және жетуі үшін осы бұқараны, алдымен жұмысшыларды, одан соң шаруаларды оқытады, даярлайды, үйретеді, тәрбиелейді (коммунизм «мектебі»).

Синдикализм әр алуан өндіріс бойынша бөлініп кеткен партияда жоқ жұмысшы бұқарасына өнеркәсіп салаларын («бас комитеттер мен орталықтар») басқару ісін беріп қояды, сөйтіп партияның қажеттігін жояды, бұқараны тәрбиелеу жөнінде де, *бүкіл халық шаруашылығын* басқару ісін *іс жүзінде бұқараның* қолына жинақтау жөнінде де ұзақ жұмыс жүргізбейді.

РКП программасында былай делінген: «...Кәсіподақтар біртұтас шаруашылық тұлға ретіндегі бүкіл халық шаруашылығын түгел басқару ісін шындығында өздерінің қолдарына жинақтауға» (*өздерінің*, яғни кәсіподақтардың қолдарына, яғни түгел біріккен *бұқараның* қолдарына жинақтауға; мұндай *іс жүзіндегі* жинақтауға тіпті алғаш жақындаудан біздің әлі де тым алыс жатқанымызды әркім-ақ көріп отыр) «жетуге тиіс» (демек, жеткен жоқ және тіпті әлі жете бастаған да жоқ) ...нені жинақтауға? «біртұтас шаруашылық тұлға ретіндегі бүкіл халық шаруашылығын түгел басқару ісін» жинақтауга жетуге тиіс (демек, өнеркәсіп салаларын

емес, өнеркәсіпті де емес, қайта өнеркәсіпті және оған *қоса* егіншілікті, т. т. басқарулары керек. Кәсіподақтардың қолдарына егіншілікті басқаруды іс жүзінде жинақтауға біз жақын тұрмыз ба?). Ал РКП программасының мына бір сөйлемінде «мемлекеттік орталық басқару орны» мен «қалың еңбекшілер бұқарасы» арасындағы «байланыс» туралы, «кәсіподақтардың шаруашылықты жүргізу ісіне қатысуы» туралы айтылады[112].

Егер кәсіподақтар, ягни $^9/_{10}$ бөлігі партияда жоқ жұмысшылар, өнеркәсіпті басқаруды («міндетті түрдегі кандидатураларды») тағайындайтын болса, онда партияның не керегі бар? Бухариннің аузы барып айтып отырған бұл сөздері логика жағынан да, теория жағынан да, практика жағынан да партияның жікке бөлінуі болады, дұрысырақ айтқанда: синдикалистердің партиядан қол үзгендігі болады.

Осы кезге дейін күрестегі «басты» адам Троцкий болып келді. Енді Бухарин одан әлдеқайда «басып озып», мүлдем «басым түсіп отыр», сөйтіп күресте мүлде жаңа арасалмақты туғызды, өйткені ол Троцкийдің барлық қателерін қоса алғанда солардың бәрінен жүз есе артық ірі қате жасауға дейін барды.

Коммунизмнен осылайша қол үзуге дейін жеткізетін сөзді айтуға Бухариннің қалай аузы барады? Біз Бухарин жолдастың бүкіл биязылығын білеміз, бұл биязылық — жұрт оны сонша жақсы көретін және жақсы көрмей тұра да алмайтын қасиеттерінің бірі. Жұрт оны әзілдеп: «жұмсақ балауыз» деп талай рет атағанын біз білеміз. Бақсақ, көрінген «принципсіз» адам, көрінген «демагог» осы «жұмсақ балауызға» ойына келген нәрсені жазатын көрінеді. Тырнақшаға алынған осы қатты сөздерді Каменев жолдас 17 январьдағы айтыста қолданды және қолдануға праволы да еді. Бірақ осы жағдайды принципсіз *демагогиядан* туған нәрсе, барлығы да соның кесірі деп *түсіндіру* Каменевтің де, басқа ешкімнің де, әрине, ойына келмейді.

Қайта керісінше. Фракциялық күрестің объективті логикасы бар, бұл логика тіпті таңдаулы адамдарды да, егер олар өздері ұстаған теріс позицияны жақтайтын болса, іс жүзінде принципсіз демагогиядан әшбір айыр-

масы жоқ жағдайға сөзсіз түсіреді. Фракциялық шайқастардың бүкіл тарихы осыған үйретіп отыр (мысалы: «впередшілдер» мен меньшевиктердің большевиктерге қарсы бірігуі[113]). Нақ сондықтан да алауыздықтардың абстракті мәнін ғана зерттемей, сонымен қатар күрестің түрлі кезеңдерінің дамуындағы бұл алауыздықтардың нақты өрістеуін де және түрінің өзгеруін де зерттеу керек. 17 январьдағы айтыс осы дамудың қорытындысын көрсетті[114]. Енді «сілкілеуді» де, «жаңа өндірістік міндеттерді» де қорғауға болмайды (өйткені іске керекті және тыңғылықты нәрсенің бәрі де Рудзутактың тезистеріне енген). Енді не қатені мойындап, оны түзету үшін, сөйтіп РКП тарихының осы бетін аудару үшін, Лассальдің сөзімен айтқанда, өзіңнен «ақылдың» (және мінездің) «жігерлі күшін» табу керек, не... не ешқандай да принциптерді «байқамай», қалған одақтастарға, олар қандай болса да, жармасу керек. «Демократияны» *есінен танғанша* жақтаушылар қалды. Бухарин де соларға қарай құлдырап барады, синдикализмге қарай құлдырап барады.

Біз «демократиялық» «жұмысшы оппозициясындағы» жарамды нәрсені аз-аздап өзімізге жинап алып отырғанда, Бухариннің *жарамсыз* нәрсеге жармасуына тура келеді. Бумажный жолдас, көрнекті цектранист немесе троцкист, 17 январьда Бухариннің синдикалистік ұсыныстарын қабыл алуға дайын екендігін білдірді. «Сапроновшылдар» мынаған дейін барды: олар бір тезистің өзінде (№ 3) кәсіподақтардың «терең дағдарысы» туралы және «бюрократтанып жансызданyы» туралы сөз қылып, сонымен бірге, «абсолюттік» қажетті нәрсе ретінде, «өндірісте кәсіподақтардың *праволарын* кеңейтуді...» ұсынады, бәлкім, бұл олардың «бюрократтанып жансыздануы» себепті болар? Мұндай топқа мән беруге бола ма? Олар кәсіподақтардың өндірістік *рөлі* туралы сөздерді естіді де, басқалардан гөрі қаттырақ айқайға басу үшін: «бюрократтанып жансыздануы» себепті «праволарды кеңейту» керек деп қойып қалды. Олардың «практикалық» ұсыныстарының: «Халық шаруашылығы жоғары советі президиумын ВЦСПС пленумы ұсынады да, оны Бүкіл россиялық Орталық Атқару

Комитеті түпкілікті бекітеді» деген алғашқы жолдарын оқыған жеткілікті, әрі қарай мүлде оқымауға болады. Ал олардың «принципті» *демократиялық* позициясы ше? Тыңдаңыздар: (2-тезис) «...Олар (Зиновьев пен Троцкий) іс жүзінде *шаруашылықты бұрынғы милитарландырушылардың* белгілі бір тобының екі ағымын білдіреді»!!

Егер бұған мән беретін болсақ, бұл — ең жаман меньшевизм және эсершілдік. Бірақ Сапронов, Осинский және К$^0$, осы—меніңше, өте бағалы—қызметкерлер партияның әрбір съезі алдында («әрқашан дәл осы жерде») әлденендей қалшылдақ пароксизмге салынып отырғанда, қайтсе де бәрінен қаттырақ айқайға басуға тырысып отырғанда («бәрінен де қатты айқайға басушылардың» фракциясы), сөйтіп салтанатты түрде сазға отырып жүргенде, бұларға мән беруге болмайды. «Игнатовшылдар» «сапроновшылдардың» соңынан сүйретіліп жүр. Әр түрлі топтардың блок жасасуына (әсіресе съезд алдында), әрине, болады (дауыс жинауға жүгіруге де болады). Бірақ мұны коммунизм шеңберінде (синдикализм шеңберінде емес) істеу керек, істегенде күлкі туғызбайтындай етіп істеу керек. Кім көп? Партияда жоқтарға көбірек «право» береміз деп уәде берушілер РКП партия съезі алдында бірігіп бағыңдар!..

Осы уақытқа дейін біздің платформамыз: шектен асқан бюрократизмді қорғамау керек, оларды түзету керек деген платформа болды. Бюрократизмге қарсы күрес—ұзақ және ауыр еңбек. Шектен асушылықты дереу түзетуге болады және түзету қажет те. Әскери қызметкерлер мен тағайындалған адамдардың беделін түсіретіндер шектен асушылықты көрсетіп, оларды түзету ісін жүргізіп отырғандар емес, осындай түзетуге қарсыласқандар. Кейбір цектранистердің шектен асуы нақ осындай еді, алайда олар бағалы, пайдалы қызметкерлер болады (және болды да). Кәсіподақтардың өндірістік міндеттері туралы мәселе жөніндегі барлық жаңа, іске асарлық жәпе тыңғылықты нәрселерді кәсіподақтардың өздері мойындап, өздері шешіп отырған кезде, оларды жұлқыламау керек, олармен екі арадағы алауыздықтарды қолдан туғызбау керек. Кәпе, осы негізде

практикалық тұрғыдан күш сала, ынтымақтасып жұмыс істейік.

Енді біздің платформамызға мыналар қосылып отыр: идеялық ыдыраушылыққа қарсы күресу керек және оппозицияның «шаруашылықты милитарландыру» атаулының қандайынан болса да безуге дейін барған, осы күнге дейін басым түрде қолданылып келген «тағайындаушылық әдістен» ғана емес, сонымен қатар «тағайындаушылық» атаулыдан, яғни ақыр аяғында *партияның* партияда жоқ бұқара жөніндегі басшылық ролінен безуге дейін барған *жарамсыз* элементтеріне қарсы күресу керек. Синдикалистік уклонға қарсы күресу керек, егер бұл уклоннан біржолата айықпасақ, мұның өзі партияны құртады.

Жаңадан шапқыншылық жасау үшін Антантаның капиталистері де, заговорлар мен көтерілістер жасау үшін эсерлер де партиямыздың дертке душар болуын пайдалануға тырысатындығы күмәнсыз. Бізге бұл қорқынышты емес, өйткені біз derттің бар екендігін мойындаудан қорықпай, бәріміз бір адамдай болып бірігеміз, бұл дерт қандай қызметте болмасын үлкен тәртіптің, үлкен ұстамдылықтың, үлкен табандылықтың болуын бәрімізден талап ететінін түсінеміз. РКП-ның мартта болатын X съезі қарсаңында және одан кейін де партия әлсіремейді, қайта нығая түседі.

19 январь, 1921 ж.

*«Правда» № 13, 21 январь, 1921 ж.*
*Қол қойған: Н. Ленин*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр, бұл текст мына кітапшонын текстімен салыстырылған: Н. Ленин. «Партия дағдарысы», 1921*

# КЕН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ II СЪЕЗІ[115]

25 ЯНВАРЬ—2 ФЕВРАЛЬ, 1921 ж.

1

## СЪЕЗДЕГІ КОММУНИСТІК ФРАКЦИЯНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ РОЛІ МЕН МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ 23 ЯНВАРЬДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Кәсіптік одақтардың ролі мен міндеттері туралы мәселенің дертке айналған сипат алуы — оның фракциялық күрес формасына тым ерте көшкендігінен болып отыр. Бұл мәселеге, өте кең, ұшы-қиырсыз мәселеге, біздегідей үстірт қарауға болмайды, бұл жөнінде — мәселеге үстірт қарау, өте үлкен асығыстық жасау жөнінде,—мен көбіне-көп нақ Троцкий жолдасты кінәлаймын. Орталық Комитетке жеткілікті даярланбаған тезистермен бару біздің әрқайсымыздың да басымызда болды және бола береді де, өйткені бізде бүкіл жұмыс тым асығыс жүргізіледі. Бұл үлкен қателік емес, асығу біздің әрқайсымыздың да басымызда болған. Бұл қате былай айтқанда дағдылы қате, бұдан сіздер айыға алмайсыздар, өйткені кезеңнің объективті жағдайлары өте ауыр. Сондықтан да фракциялық сипаттағы мәселелерге, талас тудыратын мәселелерге неғұрлым абайлап қарау керек. Өйткені бұл арада тіпті онша қызба емес адамның да, мен мұны өзімнің оппонентім жөнінде айта алмаймын, бұл қатеге ұшырауы оп-оңай. Міне сондықтан мұны айқын түрде көрсетіп, істің мәніне бірден көшу үшін мен сіздерге қазір Троцкийдің тезистерінен негізгі жерлерін оқып берейін.

Өзінің кітапшасында, 12-тезисте, аяқ жағында, Троцкий жолдас, міне, былай деп жазады:

«Біз мынадай фактіні байқап отырмыз: шаруашылық міндеттері бірінші орынға қойылуына байланысты көптеген кәсіп-

одақшылар «біте қайнасу» перспективасына және одан шыгатын практикалық қорытындыларга барған сайын қатаң және ымырасыз түрде қарсы шығып отыр. Біз бұл кәсіподақшылардың ішінде Томский мен Лозовский жолдастардың бар екенін көреміз.

Ол ол ма. Көптеген кәсіподақшылар жаңа міндеттер мен әдістерден бой тартып, өз орталарында корпорациялық томаға-тұйықтық рухын, шаруашылықтың белгілі бір саласына тартылған жаңа қызметкерлерге жирене қараушылық рухын күшейтіп отыр, сөйтіп іс жүзінде кәсіптік жағынан ұйымдасқан жұмысшылардың арасында цехшылдықтың қалдықтарын қолдап отыр».

Мен Троцкийдің кітапшасынан осындай жерлерді көп келтіре алар едім. Фракциялық бой көрсету тұрғысынан мен былай деп сұраймын: соншалық беделді адамның, осындай ірі көсемнің өзінің партиялас жолдастарына осылай қарсы шығуы лайық па? Жолдастардың 99 проценті, тек төбелесіп қалған жолдастардан басқасы, бұлай қарсы шығуға болмайды дейтініне мен сенемін.

Егер Томский мен Лозовский жолдастар кінәлы болған болса, немесе олар, мысалы, Брест бітіміне қол қоюдан бірден бас тартқандығы үшін, немесе соғыс жүргізуден бірден бас тартқандығы үшін кінәлы деп күдікке алынған болса,— міне мұндай бой көрсетушілікті мен түсінемін. Революциялық тиімділік формальды демократизмнен жоғары. Бірақ осындай кезеңде осындай ұшқалақтықпен қарау — негізінен қате нәрсе. Бұлай етуге болмайды. Осы пунктте: көптеген кәсіподақшылар өз орталарында жирене қараушылық пен томаға-тұйықтық рухын күшейтіп отыр делінген. Бұл не деген сөз? Бұл нендей әңгіме және қандай тілде айтылған? Осылай қарауға бола ма? Егер мен бұрын: бәлкім, менің «буфер жасап», айтыста сөйлемеуімнің реті келер, өйткені Троцкиймен керісу зиянды нәрсе, өйткені бұл біз үшін зиянды, партия үшін зиянды, республика үшін зиянды деген болсам, мына кітапшадан кейін мен: сөйлеу қажет деп түйдім.

Троцкий: «көптеген кәсіподақшылар жаңа қызметкерлерге жирене қараушылық рухын күшейтіп отыр» деп жазады — сонда бұл қалай болғаны? Егер, шынында да, көптеген кәсіподақшылар өз орталарында «жаңа

қызметкерлерге жирене қараушылық рухын» күшейтіп отырған болса, онда осындай жирене қараушылық рухын күшейтіп отырған адамдарды көрсету керек. Ал егер бұл адамдар көрсетілмеген болса, онда мұның өзі сілкілеу болады, мұның өзі іске бюрократтық тұрғыдан қарау болады. Тіпті онда жаңа қызметкерлерге жирене қараушылық рухы болған күннің өзінде де, бұлай деуге болмайды. Троцкий Лозовский мен Томскийді бюрократизмге салынды деп кінәлайды. Ал мен мұның керісінше деген болар едім. Бұл арада әрі қарай оқудың өзі мүмкін емес, себебі іске осы тұрғыдан қарау бәрін бүлдірді, ол балға бір қасық қарамай құйды, енді оған қанша бал құйсаң да бәрібір бүлініп болды.

Көптеген кәсіподақшылардың жаңа қызметкерлерге жирене қараушылық рухын күшейтіп отырғанына кім кінәлы? Буферші немесе цектраншы, әрине, кәсіподақшылар кінәлы дейді.

Ал шын мәніне келгенде бұл арада қазіргі соғып тұрған борандай құйындатушылық бар, ойдан шығарып, жоқтан барды құрастырушылық бар. Бірақ жолдастар, мұның байыбына жетіп, мәнін алып қарау керек. Ал мұның мәні мынада: бірсыпыра әдепсіз қимылдар бұқара арасында жиреніш рухын туғызып отыр. Менің оппонентім: жиреніш рухын күшейткен адамдар болды деп дәлелдеп отыр. Мұның өзі мәселе түбірінен теріс екенін көрсетеді. Істің байыбына бару керек қой. Ноябрьде Бүкіл россиялық конференция жиналды, «сілкілеу» деген осы сөзсымақ сонда енгізілді. Троцкий осылай деп айтуымен қате жасады. Іске осындай тұрғыдан қараушылық жікке бөлінуді туғызып, пролетариат дитатурасын құлататындығы бұл жерде саяси жағынан айқын.

Кәсіптік одақтар халық комиссариаттары сияқты ведомство емес екенін, олар түгел біріккен пролетариат екенін, олар ерекше ведомство емейін және оларға бұлайша қарауға болмайтындығын түсіну керек. Жікке бөліну қаупін төндірген теріс көзқарас туралы мәселе қойылғанда мен: «Бұл жерде кең айтыс туралы әзірге мылжыңдамаңыздар, комиссияға барып, сол арада істі абайлап айқындаңыздар» дедім. Ал жолдастар: «Жоқ,

бұлай етуге бола ма, бұл — демократизмді бұзғандық» десті. Бухарин жолдас тіпті «жұмысшы демократиясының қасиетті ұраны» туралы айтуға дейін барды. Бұл оның дәл өз сөзі. Мен осыны оқып шықтым да... тәубаға келе жаздадым. (Күлкі.) Мен қате әрқашан да кішкентай нәрседен басталып, үлкен қатеге айналады деп кесіп айтамын. Алауыздықтар әрқашан кішкентай нәрседен басталады. Әркімнің де жарақат алған кездері болған шығар, ал егер сол жарақат ушыға бастаса, онда мұның өзі ажалды дертке айналуы мүмкін емес пе. Мына нәрсе де жарақаттың нақ сол ушығуы. Ноябрьде сілкілеу туралы айтылады, ал декабрьде ол үлкен қатеге айналады.

Орталық Комитеттің декабрь пленумы бізге қарсы болды. Орталық Комитеттің декабрьдегі пленумында көпшілік Троцкийге қосылып, Троцкий мен Бухариннің қарары өткізілді, ол қарарды сіздер, әрине, оқыдыңыздар. Бірақ тіпті Орталық Комитеттің бізге тілектес емес мүшелері де Цектраннан гөрі сушылардікі көп дұрыс деп мойындауға тиіс болды. Міне факт осы. Ал мен: Цектранның кінәсы неде болды деп сұрағанымда, былай деп жауап беру керек: кінәларыңыз сіздердің қысым жасағандықтарыңызда емес, қайта бұл сіздердің сіңірген еңбектеріңіз, кінә — бюрократизмнің шектен асуына сіздердің жол бергендіктеріңізде.

Ал егер сіздер бұл шектен асушылықты түсінген болсаңыздар, онда мұны түзету керек, түзетуге қарсы таласпау керек. Бар болғаны осы. Бюрократизмге қарсы күрес ондаған жылдарды керек етеді. Бұл күрес аса қиын күрес, сондықтан сіздерге: егер біз антибюрократтық платформаларды қабылдасақ, онда бюрократизмнен бірден құтыламыз дейтін адамның қайсысы болса да тек жақсы сөздерге әуесқой дүмше болғаны. Бюрократизмнің шектен асушылығын қазір түзету керек. Бюрократизмнің осы шектен асушылығын аңғарып, жаманды жақсы демей, қараны ақ демей, оларды түзету керек. Жұмысшылар мен шаруалар басқару ісіне өздерінің әлі де үйренуі керек екендігін түсінеді, сонымен бірге олар бюрократизмнің шектен асушылығы бар екенін өте жақсы түсінеді, ал егер сен бұл шектен асушы-

лықты түзеткің келмесе, сен өте кінәлысың. Сен бұларды басқалар көрсеткен кезде емес, сушылар айтқандай, дер кезінде түзетуге тиіссің.

Тамаша қызметкерлердің де қателескен кездері болған. Цектранда өте жақсы қызметкерлер бар, біз оларды тағайындап та отырамыз, олар жол берген бюрократизмнің шектен асушылығын түзетіп те отырамыз. Троцкий жолдас: Томский мен Лозовский жолдастар — кәсіподақшылар — өз орталарында жаңа қызметкерлерге жирене қараушылық рухын күшейтіп отырғандығы үшін кінәлы дейді. Бірақ бұлай деу масқара ғой. Бұлай деп айту үшін мүлде дімкәс тәрізді немесе шама-шарқын білмейтін қызба адам болу керек шығар.

Осы асығыстықтан мынадай жағдай келіп туады: талас туады, платформалар ұсынылады, кінәлы екендіктерін жазады, сойтіп бәрі түбірінен бүлінген болып шығады.

Адамдар ұрсысқан кезде, екі күннен кейін не болатынын өздеріңіз білесіздер,— олар он атасына дейінгі ағайындарын еске түсіріп, әңгімелейді. Былай деп сұраймыз: «Сен не үшін ұрсысып қалдың?» — «Көрдің бе, мынаның апасы, ананың бабасы» дейді. — «Жоқ, қазіргіні айтпаймын, ана жолы не үшін ұрсысып қалдың?» Бақсақ, осы екі күннің ішінде соншалық көп алауыздықтар ойдан құрастырылған.

Цектранда бірсыпыра асыра сілтеушіліктерге және зиянды асыра сілтеушіліктерге жол берілген, орынсыз бюрократизмге жол берілген. Асыра сілтеушілікке барлық жерде жол беріліп отыр. Бір ғана Москваның өзінде отыз мың қызметші істейтін ведомстволар бар. Бұл аз нәрсе емес. Бұл нәледен айық, осы дуалдан жарып өт. Әлдекім қайдағы біреуді ренжітіпті деп, қайдағы біреуді қудалапты деп қорықпау керек, бұл туралы ойламау керек. Егер фракциялық күрес ашып: бұқара арасында цектранистерге жирене қараушылық рухын күшейткен Томский кінәлы дейтін болса, онда мұның өзі істі толық бұрмалағандық болады, мұның өзі бүкіл жұмысты түбірінен бүлдіреді, кәсіптік одақтарға деген бүкіл көзқарасты түбірінен бүлдіреді. Ал кәсіптік одақтар — барша пролетариат. Егер осыны жақтап, осы нәр-

сені платформалар бойынша дауысқа салатын болсаң, онда мұның өзі Совет өкіметін құлатуға әкеліп соғады.

Егер партия кәсіптік одақтардан ажырасатын болса, онда партия кінәлы, ал мұның өзі Совет өкіметінің сөзсіз күйреуі болар еді. Бізде миллиондаған пролетарлардан басқа тірек жоқ, олардың санасы жетілмеген, шетінен қараңғы, даму дәрежесі төмен, сауатсыз, бірақ олар пролетарлар ретінде өз партиясының соңынан еруде. Олар жиырма жыл бойы бұл партияны өз партиямыз деп санап келді. Ал бұдан кейін біздің тап емес тап келеді, ал егер біз ақылды болсақ және өз табымыздың ішінде дұрыс саясат жүргізетін болсақ, ол тап, бәлкім, бізді жақтайтын болар. Біз өз революциямызда аса ұлы кезеңге жеттік, біз пролетарлар бұқарасын көтердік, біз деревнядағы кедейлер бұқарасын бізді саналы түрде қолдауға көтеруге жеткіздік. Бірде-бір революция мұны істеген жоқ. Бізді құлатып тастай алатын тап жоқ: пролетарлардың және деревня кедейлерінің көпшілігі біздің жағымызда. Біздің өз қателеріміз болмаса, басқа ешкім де біздің түбімізге жете алмайды. Бүкіл мәселе осы «егерде». Егер біз жікке бөлінуді туғызатын болсақ, бұған біз өзіміз кінәлы, онда бәрі де быт-шыт болады, оған себеп: кәсіптік одақтар тек ведомство ғана емес, ол біздің бүкіл өкіметіміз нәр алып отырған қайнар бұлақ. Бұл тап капитализмнің экономикасы арқылы экономикалық біріктіргіш болып құрылған тап, миллиондаған бытыраңқы, шашыранды шаруаларды өзінің өнеркәсібі арқылы біріктіретін тап. Сондықтан да бір пролетар екі жүз шаруадан гөрі күштірек.

Троцкийдің бүкіл осы көзқарасының теріс көзқарас болатын себебі міне осыдан. Мен кез келген тезисті алып, талдай алар едім, онда бір сағат емес, он сағат керек болар еді де, жұрттың бәрі қашып кетер еді, өйткені бұл зеріктіріп жіберер еді. Әрбір тезистен сіздер: «көптеген кәсіподақшылар жирене қараушылық рухын күшейтіп отыр» деген нақ сол түбегейлі теріс көзқарасты табасыздар. Қателердің салдарынан, бюрократизмнің салдарынан кәсіптік одақтардың көпшілігінде бізге жирене қараушылық рухы күшейді, бұл бюрократизмге жоғарыдан жол берілді, оның ішінде мен де жол бердім,

өйткені Главполитпутьті тағайындаған мен. Не істеу керек? Түзету керек пе? Партияның бекемдігін және оның жұмысшы партиясы екендігін, күш-қуаты жеткілікті, ақыл-есі түзу екендігін түсіне отырып, Цектранның шектен асуларын түзету керек. Біз тағайындаушылықтан да, диктатурадан да безбейміз. Россияда жиырма жылдық мектептен өткен жұмысшы бұған бармайды. Егер біз ол қатені қолдасақ, онда біз сөзсіз бытшыт боламыз, ал бұл арада қате бар, істің түйіні де осында.

Троцкий: Лозовский мен Томский жаңа міндеттерден тартынып отыр дейді. Егер мұны дәлелдесе, істің жайы өзгереді. Жаңа міндеттер неде?

Бұл жерде бізге: «өндірістік атмосфера», «өндірістік демократия», «өндірістік роль» дегендерді айтады. Мен әуел бастан-ақ, 30 декабрьдегі айтыста, бұл — жалаң сөзуарлық, мұны жұмысшы түсінбейді, мұның бәрі өндірістік насихаттың міндетіне кіреді дегенмін*. Біз диктатурадан, дара басшылықтан бас тартпаймыз, олар сақталады, мен оларды қолдаймын, бірақ зердесіздік пен шектен асушылықты әсте қорғамаймын. «Өндірістік атмосфера» деген кісі күлерлік сөз, бұған жұмысшылар күлетін болады. Қарапайым әрі түсініктірек етіп айт,— осының бәрі өндірістік насихат болып табылады демеймісің. Ал бұл үшін айрықша мекеме құрылған.

Одақтардың өндірістік ролін көтеру туралы мен 30 декабрьде жауап берген болатынмын, Рудзутак жолдастың қарары бар, ол 5 ноябрьдегі конференцияда қабылданған деп мен баспасөзде жауап берген болатынмын. Троцкий мен Бухарин жолдастар бұл қарарды Цектран жазған деді. Бұл факт теріске шығарылды, бірақ сонда да мен былай деймін: олар жазған болса, онда тартынып отырған кім? Кәсіптік одақтар қабылдаған екен; Цектран жазған екен. Өте жақсы, осыдан соң балалардың таласын, фракциялық алауыздық көтеруінің керегі жоқ. Троцкий жолдаста жаңа міндеттер бар ма? Жоқ. Ал жаңа бірдеңесі болса, онысының өзі жаман. Мәселе міне осында. Троцкий жолдас партия жаңа

* Қараңыз: осы том, 233—239 беттер. *Ред.*

міндеттерден бой тартқандарды жазғырса екен деп шайқасқа шығып отыр, ал Томский мен Лозовский нағыз барып тұрған күнәкарлар деп аталған.

Рудзутакта бәрі де айқынырақ және қарапайымдырақ айтылған, «өндірістік атмосфера» да, «өндірістік демократия» да жоқ онда. Онда одақтың әрбір мүшесі елімізде өнімділікті арттырудың аса қажет екендігіне саналы түрде қарауға тиіс деп айқын жазылған. Бұл қарапайым, түсінікті тілмен жазылған. Бәрі де Троцкийдегіден гөрі жақсы айтылған, толығырақ айтылған, өйткені заттай сыйлықтар беру мен тәртіпке шақыратын соттар қоса айтылған. Бұлар болмайынша, транспортты өркендетеміз, жағдайды жақсартамыз деген сөздердің бәрі де — жалаң сөзуарлық. Келіңіздер, комиссиялар құрайық, келіңіздер, тәртіпке шақыратын соттар құрайық. Цектранда осы жолда шектен асушылыққа жол берілген. Біз былай деуді ұсынамыз: шектен асушылықтың аты шектен асушылық, сондықтан оларды жаңа міндеттер арқылы қорғау бекершілік, оларды түзету керек. Біз күштеуден бас тартпаймыз. Дұрыс ойлай білетін бірде-бір жұмысшының қазір күштеусіз-ақ жұмыс істеуге болады немесе қазір одақтарды таратуға болады немесе оларға бүкіл өндірісті беруге болады деп айтуға аузы бармайды. Бұлай деп Шляпников жолдас қана қойып қала алды.

Шляпников жолдастың бүкіл сөзінің тамаша бір жері бар, ол жерінде ол былай деді: бізде, Сормовода, тәжірибе жасалды, сөйтіп жұмыста қыдырымпаздыққа салыну 30% азайды деді. Бұл рас деседі, бірақ мен күдікшіл адаммын, сондықтан тексеру жүргізу үшін, Нижний Новгородты Петроградпен салыстыруға комиссия жіберуді жақтаймын. Мұны жиналыста емес, іспен шұғылданатын комиссияда істеуге болады. Троцкий біте қайнасуға бөгет жасамақ болатындар бар дейді. Бұл барып тұрған бос сөз. Троцкий жолдас ілгері жүру керек дейді; егер жақсы машина болса, онда ілгері жүру керек, ал егер машина жолдан шығып кетсе, онда кейін қайту керек. Ал мұның өзі партия үшін пайдалы нәрсе, өйткені тәжірибені зерттеп білу керек болады.

Өндіріс жоқ, ал нашар тезистерді тоғытумен шұғыл-

данып жүргендер бар. Мұндай жұмыс зерттеуді және тәжірибені талап етеді. Сіздер, кәсіподақшылар, сіздер, кен жұмысшылары, өз істеріңізбен шұғылданып жүрсіздер. Рақым етіңіз, егер сіздер осы іспен айналысқан болсаңыздар, онда сұраңыздар, цифрларды талап етіңіздер, жиырма рет тексеріңіздер, бір сөзге де сенбеңіздер, содан кейін не болып шыққанын айтыңыздар. Егер жақсы болып шықса, ілгері басыңыздар, егер жаман болса — кейін қайтыңыздар. Бұл — мылжыңдау емес, жұмыс. Міне партия жиналыстарында осыны істеу керек еді.

Советтердің VIII съезінде мен: бізде саясат азырақ болса екен дедім*. Мен мұны айтқанда: бізде саяси қателер болмайды деп ойладым, ал біз советтік революциядан кейін үш жылдан соң синдикализм туралы айтып отырмыз,— бұл масқаралық. Егер бұдан жарты жыл бұрын маған синдикализм туралы жазасың деген болса, онда мен ең жақсысы Донбасс туралы жазған болар едім. Ал қазір біздің көңілімізді аландатып, партияны артқа сүйреуде. Кішкене қateден үлкен қате туады. Енді мен Шляпников жолдасқа көшемін. Троцкий жолдас өз тезистерінің 16-пунктінде Шляпниковтың қатесін дұрыс анықтаған.

Бухарин, өзінің буфершілдігі себепті, Шляпниковқа жармаса кетті, бірақ одан да тал қармағаны жақсы болған болар еді. Бухарин одақтарға міндетті түрдегі кандидатураларды уәде етіп отыр. Демек, кәсіптік одақ тағайындайтын болады. Бұл Шляпниковтың айтқанымен бірдей. Марксистер синдикализмге қарсы бүкіл дүние жүзінде күрес жүргізіп келді. Біз партия ішінде жиырма жылдан астам уақыт күресіп келеміз, біз жұмысшыларға партия — айрықша нәрсе, ол өзін-өзі құрбан етуге даяр болатын саналы адамдарды талап етеді, партия қателіктер жібереді, бірақ оларды түзетіп отырады, ол біздің алдымызда әлі де қандай жол тұрғандығын, біз әлі де қандай бөгеттер арқылы өтуге тиіс екендігімізді білетін адамдарды басқарады, соларды іріктеп алады дегенді сөзбен емес, іспен дәлелдедік. Партия жұмыс-

* Қараңыз: осы том, 173-бет. *Ред.*

шыларды алдамайды. Ол орындауға болмайтын уәделерді бермейді. Сондықтан, егер сіздер кәсіптік одақтарды аттап өтетін болсаңыздар, сіздер біздің үш жыл бойы істеген жұмысымыздың бәрін далаға кетіресіздер, бәрін де ғайыбыл етесіздер. Мен осы қате туралы Бухарин жолдаспен әңгімелескенімде, ол: «Сіз, Ленин жолдас, жайдан-жай тиісесіз»,— деді.

Мен міндетті түрдегі кандидатураларды былайша түсінемін: олар партияның Орталық Комитетінің басшылығымен ұсынылады. Ал сонда біз қандай праволар береміз? Онда ешқандай да блокты жүзеге асыра алмайсың. Жұмысшылар мен шаруалар — әр түрлі екі тап. Электр бүкіл жер бетіне, барлық жерге тараған кезде, егер біз мұны жиырма жылдан кейін істей алсақ, онда бұл адам айтқысыз тез болғаны. Мұны тез істеуге болмайды. Кәсіптік одақтарға праволар беру туралы міне сонда айтатын болайық, ал оған дейін айтсақ, бұл жұмысшыларды алдау болады. Пролетариат диктатурасы дүниедегі ең берік диктатура, өйткені мұнда сенімге іс арқылы ие болдық, өйткені партия ыдырауға жол бермеуге қатаң зер салып отырды.

Ал бұл не деген сөз?

Мемлекетті қалай басқару керек екенін әрбір жұмысшы біле ме екен? Практик адамдар мұның ертегі екенін, бізде кәсіптік жағынан ұйымдасқан миллиондаған жұмысшылар біз айтқан нәрсені, кәсіптік одақтар — коммунизм мектебі, басқару мектебі дегенді бастарынан кешіріп отырғанын біледі. Осы жылдарда олар мектептен өтіп шыққанда, олар үйреніп шығатын болады, бірақ бұл баяу жүріп отыр. Біз тіпті сауатсыздықты да жойғанымыз жоқ. Шаруалармен байланысы бар жұмысшылардың пролетарлық емес ұрандарға қалай еріп кетіп жүргенін біз білеміз. Жұмысшылардан кімдер басқарды? Бүкіл Россияға бірнеше мың ғана, бар болғаны осы. Егер біз кандидатураларды өткізетін және басқаратын партия емес, кәсіптік одақтардың өздері десек, онда бұл тым демократиялық секілді естіледі, осы арқылы, бәлкім, дауыстар жинап алуға болар, бірақ бұл ұзаққа бармайды. Бұл пролетариат диктатурасының түбіне жетеді.

Коминтерннің II конгресінің шешімін оқып көріңіздерші[116]. Оның қаулылары мен шешімдері бүкіл дүние жүзін шарлап өтті. Францияда социалистердің жуырда болған съезі мынаны көрсетті: біз осы елде, нағыз үлкен шовинизмге шалдыққан елде, көпшілікті жеңіп алдық, партияны екіге жардық, іріп-шіріген көсемдерді аулақ лақтырып тастадық және мұны синдикалистерге қарсы істедік[117]. Сөйтіп, олардың бәрі, таңдаулы жұмысшылардың бәрі, таңдаулы көсемдердің бәрі біздің теориямызды қабылдады. Тіпті бүкіл дүние жүзіндегі синдикалистер, революцияшыл синдикалистер, бізге келуде. Бізде болып кеткен американ синдикалистерін мен өз көзіммен көрдім, олар қазір былай деп отыр: «Шынында да, пролетариатты партиясыз басқаруға болмайды екен». Сіздер мұны іс жүзінде білесіздер. Сондықтан синдикализмнің құшағына кіру, «өндірушілердің бүкіл россиялық съездеріне» міндетті түрдегі кандидатуралар жіберу туралы айту пролетариатқа мүлде лайықсыз нәрсе. Бұл қауіпті, бұл партияның басшылық ролін әлсіретеді. Қазір елімізде ұйымдасқан жұмысшылардың саны болмашы ғана. Ал шаруалардың көпшілігі партияның соңынан ереді, өйткені партияның саясаты дұрыс, өйткені Брест бітімінің ең қиын кезінде партия уақытша құрбандықтар мен шегінулерге бара білді, бұл дұрыс болып шықты да. Осының бәрін қалай тастауға болады? Осының бәрі кездейсоқ нәрсе ме? Бұл — партияның ондаған жылдар бойы шұғылданған нәрсесінің табыстары. Жиырма жылдық партия мектебінен өткен большевиктердің сөзіне жұрттың бәрі сенеді.

Басқару үшін шыныққан революционер-коммунистердің армиясы болу керек, ол армия бар, ол партия деп аталады. Синдикалистік былшылдың бәрін, өндірушілердің міндетті түрдегі кандидатуралары дегенді — мұның бәрін керексіз қағаздарға арпалған себетке лақтырып тастау керек. Егер сол жолға баратын болсақ, іс жүзінде мұның өзі партияны жоққа шығарғандық болады, Россияда іс жүзінде пролетариат диктатурасы бола алмайды деген сөз болып шығады. Сіздерге баяндап беруді өзімнің партиялық борышым деп есептеген көзқарас міне осы, бұл көзқарас, менің пікірімше, прак-

тикалық қағидалар түрінде «РКП X съезі қаулысының жобасы» деп аталатын платформада баяндалған, оған Ленин, Зиновьев, Томский, Рудзутак, Калинин, Каменев, Лозовский, Петровский, Сергеев және Сталин қол қойған. Олардың ішінде Орталық Комитеттің мүшесі емес Лозовский кәсіподақ жөніндегі комиссияда істегендігі себепті енгізілді; ол комиссиядан, амал не, Шляпников пен Лутовинов кетіп қалған-ды. Шляпников кетіп қалып, жақсы істеді ме, жоқ па, ол жөнінде жұмысшылар төрелігін айта жатар. Егер ол жақсы істемеген болса, бұл үшін оны жазғырады. Барлық саналы жұмысшылар осы платформаны қабылдайды, сөйтіп біздің партиядағы қазіргі келіспеушіліктер жоғарғы топтардың ұстамалы безгегі ғана болып қалады, ал жұмысшылар оларды түзетеді, өз орындарында болады, партия тәртібін қорғап қалады және ынтымақты, практикалық, тыңғылықты, байыпты жұмысы арқылы қалай болғанда да өндірісті арттырып, бізге толық жеңіс әперетін болады деп мен сенемін. (*Ұзақ қол шапалақтау.*)

*1921 ж. 25 январьда «Кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық 2-съезі бюллетенінің» 1-номерінде басылған*

*Бюллетеньнің тексті бойынша басылып отыр*

## 2

## СЪЕЗДЕГІ КОММУНИСТІК ФРАКЦИЯНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ РОЛІ МЕН МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША 24 ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар, мен сөзімді кімнің кімді қорқытып отырғандығы жөнінде және бізді қатты қорқытқан Шляпников жолдас жөнінде айтудан бастағым келеді. Осында жұрттың бәрі: Ленин бізді синдикализммен қорқытып отыр деді. Ленин біреуді қорқытқысы келеді деу — өзіңді күлкілі жағдайға душар ету деген сөз, өйткені қорқыту ретіндегі синдикализм туралы ой, бұл — күлкілі ой. Мен ең алдымен өзіміздің программаларымыздан бастауымыз керек, коммунистік партияның программасын оқып шығып, онда не айтылғанын көру керек деп ойлаймын. Троцкий мен Шляпников жолдастар коммунистік программаның бір ғана жерін ауызға алады, ол жер программаның дәл 5-параграфында тұр. Мен қазір сіздерге оны толық оқып берейін:

> «5. Қоғамдастырылған өнеркәсіптің ұйымдастыру аппараты алдымен кәсіптік одақтарға сүйенуге тиіс. Олар цехтық тар өрістен барған сайын құтыла беруге тиіс және өндірістің белгілі бір тарауындағы еңбекшілердің копшілігін, ал бірте-бірте бәрін түгел қамтитын өндірістік ірі бірлестіктерге айнала беруге тиіс».

Мұны Шляпников жолдас өз сөзінде келтіріп өтті. Ал егер цифрлар дұрыс болған болса, онда ұйымдарды басқарушылар 60 процент болған, ал бұл 60 процент жұмысшылардан құралған. Одан әрі. Егер программаға сүйенетін болсақ, онда оған дұрыстап сүйену керек, оны партия мүшелері толық білетінін есте ұстау керек, Троц-

кий мен Шляпниковтың істегеніндей, бір бөлегін ғана оқып шығып, сонымен шектеліп қалмау керек. Жолдастар, жұмысшылар өндіріс бойынша бірікпесе, басқаша біріге алмайтындығы тарихта дәлелденген. Сондықтан бүкіл дүние жүзінде жұрттың бәрі өндірістік одақтар туралы идеяға келді. Әрине, бұл әзірше ғана. Цехтық тар өрістен құтылу қажеттігі туралы айтылып жүр. Сонда ше, цехтық тар өрістен тым болмаса оннан біріндей мөлшерде құтылғандар бар ма? Шыншыл болғысы келетін әрбір адам: әрине, жоқ, құтылған жоқпыз дейді. Ал мұны ұмытудың керегі не?

Одақтарға: «Сіздер цехтық тар өрістен әлі де құтылған жоқсыздар, бірақ құтылуға тиіссіздер» деп айтып отырған кім? Оны өзінің программасында РКП айтып отыр. Осы программаны оқыңыздар. Бұдан шегіну — программадан синдикализмге қарай шегіну деген сөз. Ленин біреулерді қорқытқысы келеді деп қанша ым қаққанымен, қалай да программа бар. Бірінші бөлімін цитатқа алып, екінші бөлімін ұмытып кету — шегіну деген сөз. Қай жаққа қарай? — синдикалистік жаққа қарай. Мен әрі қарай оқимын:

> «Осы күннің өзінде-ақ, Совет республикасының заңдары бойынша және орныққан практика бойынша, өнеркәсіпті басқаратын барлық жергілікті және орталық органдарға қатысушылар болғандықтан, кәсіптік одақтар біртұтас шаруашылық тұлға ретіндегі бүкіл халық шаруашылығын түгел басқару ісін шындығында өздерінің қолдарына жинақтауға жетуге тиіс».

Жұрттың бәрі осыған сүйенеді. Бұл арада не айтылған? Мүлде талассыз нәрсе айтылған: «жинақтауға жетуге тиіс» делінген. Қазірдің өзінде жетіп жатыр делінбеген. Түсініксіз бірдеңе болып шығарлықтай әсірелеу бұл арада жоқ. Мұнда «жинақтауға жетуге» делінген. Неге? Басқаруға және шындығында жинақтауға. Сіздер бұған қашан жетуге тиіссіздер? Бұл үшін тәрбие керек. Жұрттың бәрі түгел басқара алатындай және оны қалай істеуді білетіндей етіп тәрбиелеу керек. Әділін айтқанда, қазір сіздер: кәсіподақтар басқарушылық қызметтерге әрқашанда, қалаған мөлшерде, жарамды басқа-

рушыларды қоя алады деп айта аласыздар ма? Басқарушылық қызметтерге алты миллион емес, бәлкім, алпыс мың, әрі кеткенде жүз мың адам керек қой. Кәсіподақтар осыларды ұсына ала ма? Егер формулаларға, тезистерге және жұрттың бәрінен де гөрі қаттырақ айқай салушыларға елігіп кетпейтін болса, әркімақ: жоқ, ұсына алмайды, бұл жағдай әлі жоқ деп айта алады. Партияның алдында сауатсыздықты жоюдан бастап партияның кәсіподақтар ішіндегі жұмыстарының бүкіл жиынтығын қамтитын көптеген жылдарға арналған тәрбиелік жұмыстар тұр. Бұған тиісті жолмен жету үшін кәсіподақтарда істелетін жұмыс көп-ақ. Дәл былай делінген: «бүкіл халық шаруашылығын түгел басқару ісін шыныдығында өздерінің қолдарына жинақтауға жетуге тиіс». Нақ сол Троцкийдің тезистеріндегідей, өнеркәсіп салаларын делінбеген. Алғашқы тезистердің бірінде цитат дәл келтіріледі. Ал екіншісінде—өнеркәсіпті ұйымдастыру делінген. Ғапу етіңіз, цитатты бұлай келтіруге болмайды. Егер сіз тезис жазып отырсаңыз, егер сіз программаға сүйенгіңіз келсе, онда ақырына дейін оқып шығыңыз. Осы 5-параграфты басынан аяғына дейін оқып шығып, сәл ойланып, бұған он минут уақытын бөлген әрбір адам Шляпниковтың программадан айдалаға лағып кеткенін, ал Троцкийдің секіріп өткенін көреді. Осы 5-параграфты аяғына дейін оқып шығыңыз:

«Осы ретпен мемлекеттік орталық басқару орнының, халық шаруашылығының және қалың еңбекшілер бұқарасының арасында тығыз байланыс жасауды қамтамасыз ете отырып, кәсіптік одақтар шаруашылықты жүргізу жөніндегі тікелей жұмысқа бұқараны барынша кеңінен тартуға тиіс. Кәсіптік одақтардың шаруашылықты жүргізу ісіне қатысуы және олардың бұған қалың бұқараны тартуы, сонымен бірге Совет өкіметінің экономикалық аппаратының бюрократтануына қарсы күрестің ең басты құралы да болып табылады және өндірістің нәтижелеріне шын халық бақылауын орнатуға мүмкіндік береді».

Қарацыздар, алдымен сіздер шындығында жинақтауға жетуге тиіссіздер. Ал қазір сіздер нені қамтамасыз етіп отырсыздар? — Мемлекеттік орталық басқару орнымен арадағы байланысты қамтамасыз етіп отырсыздар — бұл бір. Бұл — орасан зор нәрсе. Сіздер бізге мұны жеңуді үйреткен жоқсыздар. Сонымен, біріншіден, мемлекеттік орталық басқару орны, екіншіден, халық шаруашылығы және, үшіншіден, бұқара арасындағы байланысты қамтамасыз ету керек. Біз осы байланысты қамтамасыз еттік пе? Немесе — одақтар басқара ала ма? Отыздан асқан және советтік құрылыстан азды-көпті өмір тәжірибесі бар адам бұған ішек-сілесі қатып күлер еді ғой. Оқыңыздар:

> «Кәсіптік одақтардың шаруашылықты жүргізу ісіне қатысуы және олардың бұған қалың бұқараны тартуы, сонымен бірге Совет өкіметінің экономикалық аппаратының бюрократтануына қарсы күрестің ең басты құралы да болып табылады және өндірістің нәтижелеріне шын халық бақылауын орнатуға мүмкіндік береді».

Біріншіден — мемлекеттік орталық аппараттар арасындағы байланысты қамтамасыз ету. Біз бұл дертті бүркемелеп отырғанымыз жоқ, ал программада: бұқарамен байланысты, ал екіншіден, кәсіподақтардың шаруашылықты жүргізу ісіне қатысуын қамтамасыз етіңіздер деп көрсетті. Бұл арада даурықпа сөздер жоқ. Сіздер мұны жұмысқа себепсіз шықпай қоюшылықты 30 процентке емес, тым болмаса 3 процентке азайтатындай етіп істеген кездеріңізде, біз: өте жақсы, пайдалы және бағалы іс істедіңіздер дейміз. «Кәсіптік одақтардың шаруашылықты жүргізу ісіне қатысуы және олардың бұған қалың бұқараны тартуы» — міне, бүгінгі күннің программасында айтылған нәрсе осы. Бірде-бір уәде созді, ешбір даурықпа нәрсені, өздеріңіз таңдап алып отырғандарыңызға ұқсас еш нәрсені программа айтқан жоқ. Ол демагогтыққа салынбайды және былай дейді: қараңғы, жетілмеген бұқара бар; кәсіподақтар бар, бұлардың күштілігі соншалық, тіпті барлық шаруаларды өз соңынан ертеді, ал кәсіподақтар өздері патша өкіме-

тіне қарсы күресте жиырма жыл бойы шыңдалған партияның басшылығымен жүреді. Бірде-бір ел Россияның бастан кешіргенін соншалық дәрежеде бастан кешірген емес. Бізді төтеп бергізіп отырған бүкіл тетік міне осында. Жұрттың мұны керемет деп есептейтін себебі не? Оның себебі — шаруалы елде, егер алты миллион бұқара өз партиясына сенетін болса, өз партиясының соңынан осы уақытқа дейін еріп келгеніндей еретін болса, тек кәсіподақтар ғана миллиондаған бытыраңқы шаруашылықты экономика жағынан біріктіре алады. Бізді төтеп бергізіп отырған тетік міне осы. Бұл тетіктің қалай жұмыс істейтіндігі — саяси мәселе. Орасан көп шаруалы елде азшылықтың басқара алатын себебі неліктен және біздің сенімді болатын себебіміз неліктен? Үш жылдық тәжірибеден кейін бізді дүние жүзінде сыртқы күштердің де, ішкі күштердің де ешқайсысы қирата алмайды; егер біз жікке бөлінушілікке әкеп соқтыратын шектен асқан зердесіздік жасамасақ, біз өз жағдайымызды сақтап қаламыз, бұлай етпесек, аяғымыз аспаннан келеді. Сондықтан, Шляпников жолдас өз платформасында:

«Өндірушілердің Бүкіл россиялық съезі халық шаруашылығын басқару органын сайлайды».

деп айтып, жазғанда, мен сіздерге былай деймін: мен сіздерге өзіміздің программамыздан оқып берген 5-параграфты түгелімен оқып шығыңыздаршы, сонда Ленин де, басқа ешкім де қорқытып отырмағанын өздеріңіз де көресіздер.

Шляпников өз сөзін аяқтай келіп былай деді: «Мемлекеттің бюрократизмі мен халық шаруашылығының бюрократизмін жоятын боламыз». Мен мұны демагогия деймін. Бюрократизм туралы біз өткен жылдың июль айынан бастап күн тәртібіне қойып келеміз. Өткен жылғы июльде, РКП IX съезінен кейін, Преображенский де: бізде шектен шыққан бюрократизм жоқ па екен деген мәселе қойды. Қырағы болу керек. Августа Орталық Комитет Зиновьевтің бюрократизмге қарсы күресіңіздер деген хатын бекітті. Сентябрьде партия конференциясы жиналып, мұны бекітті. Демек, Троцкийдің айт-

қапындай, жаңа жолды Ленин ойлап шығарған жоқ, қайта, партия: «Жаңа дерт пайда болды, қырағы болыңдар» деді. Преображенский бұл мәселені июльде қойды, августа — Зиновьевтің хаты, сентябрьде — партия конференциясы болды, декабрьде — Советтер съезінде — бюрократизм туралы орасан зор баяндама жасалды. Демек, дерт пайда болған. Біз 1919 жылы программада бізде бюрократизм бар деп жаздық. Кімде-кім сізге бюрократизмді жоюды ұсынса, ол адам — демагог. Шляпников қазір қандай адам болса, әрқашан да сондай адам болып келген-ді—мұндай қасиет онда ептеп бар-ды. Егер сіздердің алдарыңызға шығып: «бюрократизмді жояйық» десе, онда бұл — демагогия. Бұл сандырақ. Бюрократизмге қарсы біз ұзақ жылдар бойы күресетін боламыз, демек, кімде-кім басқаша ойлайтын болса, ол адам дүмшелікке ұрынып, демагогтыққа салынады, өйткені бюрократизмді жеңіп шығу үшін жүздеген шара керек, түгел сауаттылық керек, түгел мәдениеттілік керек, Жұмысшы-Шаруа инспекциясына түгел қатысу керек. Шляпников еңбек халық комиссары болды, сауда және өнеркәсіп халық комиссары болды. Сонда ше, ол бюрократизмді құртты ма? Киселев Главтекстильде болды. Сонда ше, ол бюрократизмді құртты ма?

Тағы да айтамын, біздің съездеріміздің бәрі секцияларға бөлініп, ұн тартушылар мен донбастықтарда біте қайнасудың фактілерін іріктеп алған кезде, онда біз есейген адамдар боламыз. Ал егер біз толып жатқан жарамсыз платформалар жазған болсақ, бұл біздің қожайын еместігімізді дәлелдейді. Мен қайталап айтамын, егер біз істі жікке бөлінушілікке апарып соқтырмайтын болсақ, бізді ешкім де, сыртқы күш те, ішкі күш те қирата алмайды. Мен Цектран тек сойыл ғана емес деймін, бірақ осыны әсірелеу жікке бөлінушілікке апарып соқтырады. Бюрократизмді әсірелеу жұрттың бәрінде болады, Орталық Комитет мұны біледі, бұл үшін жауап береді. Ал бұл тұрғыдан алғанда Троцкий жолдастың қатесі сол, оның барлық тезистері теріс рухта жазылған. Олардың бәрі сілкілеу рухында жазылған және олардың бәрі одақты жікке бөлінушілікке апарып

соқтырды. Мәселе Троцкий жолдасқа оте жаман деген баға қоюда емес, біз мектеп оқушылары емеспіз, сондықтан бізге балл қоюдың керегі де жоқ, бірақ мынаны айту керек: Троцкий жолдастың тезистері букіл мазмұны жағынан теріс, сондықтан оларды қабылдамау керек.

*1921 ж. 26 январьда «Кен жумысшыларының Букіл россиялық 2-съезі бюллетенінің» 2-номерінде басылған*

*Бюллетеньнің тексті бойынша басылып отыр*

# АКАДЕМИК И. П. ПАВЛОВТЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУІНЕ ҚАЖЕТТІ ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАУ ТУРАЛЫ

## ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Академик И. П. Павловтың бүкіл дүние жүзі еңбекшілері үшін орасан зор маңызы бар аса ерекше ғылыми еңбектерін ескере отырып, Халық Комиссарлары Советі қаулы етті:

1. Петроград Советінің ұсынысы бойынша кең уәкілдігі бар арнаулы комиссия құрылсын, оның құрамына мыналар енгізілсін: М. Горький жолдас, Петроград жоғары оқу орындарының меңгерушісі Кристи жолдас және Петроград Советінің басқарма бөлімі коллегиясының мүшесі Каплун жолдас; бұл комиссияға академик Павловтың және оның қызметкерлерінің ғылыми жұмысын қамтамасыз ету үшін ең қысқа мерзімде барынша қолайлы жағдайлар жасау тапсырылсын.

2. Академик Павловтың өзінің соңғы 20 жыл ішіндегі ғылыми жұмыстарының нәтижелерін жинақтайтын ғылыми еңбегін республиканың таңдаулы баспаханасында әдемілеп басып шығару ісі Мемлекеттік баспаға тапсырылсын, оның бер жағында Россияда да, шетелде де бұл шығарманы меншіктену правосы академик И. П. Павловтың өзіне қалдырылсын.

3. Академик Павловқа және оның әйеліне калориялылығы жағынан екі академиктің паегіне тең арнаулы паек беру жұмысшыларды жабдықтау жөніндегі комиссияға тапсырылсын.

4. Профессор Павлов пен оның әйеліне өздері отырған пәтерді өмір бойы пайдалануын қамтамасыз ету және

осы пәтер мен академик Павловтың лабораториясын барынша ыңғайлы етіп жабдықтау Петроград Советіне тапсырылсын.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

Москва, Кремль.
24 январь, 1921 ж.

*В. Ульянов (Ленин)*

*1921 ж. 11 февральда «Известия ВЦИК» газетінің 30-номерінде басылған*

*Машинкада басылған, В. И. Ленин қол қойған дана бойынша басылып отыр*

---

# ТАҒЫ ДА КӘСІПОДАҚТАР ТУРАЛЫ, АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ТРОЦКИЙ МЕН БУХАРИН ЖОЛДАСТАРДЫҢ ҚАТЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ[118]

Съезд қарсаңындағы, яғни сайлау алдындағы және РКП X съезіне алда болатын сайлауға байланысты партиялық айтыс пен фракциялық күрес барынша өрши түсті. Бірінші фракциялық бой көрсетудің ізінше, атап айтқанда, Троцкий жолдастың «платформа-кітапша» жазып («Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері», алғы сөзі 25 декабрь, 1920 деп белгіленген), «бірқатар жауапты қызметкерлердің» атынан бой корсетуінен соң, бұған РКП Петроград ұйымы қатаң түрде (оның қатаң болуы орынды екенін оқушылар төмендегілерден біледі) қарсы шықты («Партияға үндеу», 1921 ж. 6 январьда «Петроградская Правдада»[119], содан соң 1921 ж. 13 январьда партияның Орталық Органы — Москвадағы «Правдада» жарияланды). Содан соң Петроград ұйымына Москва комитеті қарсы тұрды (бұл да сол күні «Правдада» жарияланды). Одан кейін ВЦСПС-тегі РКП фракциясының бюросы бастырған — 1920 ж. 30 декабрьде партияның өте жауапты, үлкен жиналысында, атап айтқанда, Советтердің VIII съезіндегі РКП фракциясында болған айтыс туралы стенографиялық есеп шықты. Ол стенографиялық есеп былай деп аталды: «Кәсіптік одақтардың өндірістегі ролі туралы» (алғы сөзі 6 январь, 1921 ж. деп белгіленген). Әрине, айтыс материалдарының бәрі мұнымен бітпейді. Ал талас мәселелерді талқылаған партия жиналыстары барлық жерде өтіп жатыр деуге болады. Менің 1920 ж. 30 декабрьде, өзім айтқандай — «тәртіптен ауытқушылық» жағдайын-

да, атап айтқанда: жарыс сөзге қатыса алмаған кезімде, алдыңғы шешендерді де, соңғы шешендерді де тыңдай алмаған кезімде сөйлеуіме тура келді*. Енді сол тәртіптен ауытқығанды жөндеп, пікірімді «тәртіптірек» етіп айтып көрейін.

## ФРАКЦИЯЛЫҚ БОЙ КӨРСЕТУЛЕРДІҢ ПАРТИЯҒА ҚАУІПТІЛІГІ

Троцкий жолдастың «Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері» деген кітапшасы фракциялық бой көрсету болып табыла ма? Мазмұнын былай қойғанда, мұндай бой көрсетуде партияға қауіпті бірдеңе бар ма? Бұл мәселе туралы үндемеуді әсіресе питерліктердің фракцияшылдығын көре қалған Москва Комитетінің мүшелері (әлбетте, Троцкий жолдастан басқасы) және Бухарин жолдас жақсы көреді; алайда Бухарин 1920 ж. 30 декабрьде «буферлік фракцияның» атынан сөйлей келіп, былай деп мәлімдеуге мәжбүр болды:

«... поезд апатқа ұшырауға біршама бейімделіп қалғанда, буфер оншама жаман нәрсе болмайды» (1920 ж. 30 декабрьдегі айтыс туралы есептің 45-беті).

Сонымен, апатқа ұшырауға біршама бейімделу бар. Ендеше, бұл бейімделу дәл қай жерде, дәл не жайында, дәл қалай басталды деген мәселе жөнінде партияның саналы мүшелерінің ішінде бейқам жатқандардың болуы жөн бе?

Троцкийдің кітапшасы мынадай мәлімдемемен ашылады: «бұл кітапша—коллективтік жұмыстың жемісі»; мұны құрастыруға «бірталай жауапты қызметкерлер, әсіресе кәсіподақшылар (ВЦСПС президиумының, металлистердің Орталық Комитетінің, Цектранның және басқалардың мүшелері)» қатысты; бұл—«платформа-кітапша». Ал № 4 тезистің аяғында: «алдымызда болғалы тұрған партия съезінің кәсіптік қозғалыс саласындағы екі тенденцияның бірін *таңдап алуына* (курсив Троцкийдікі) тура келеді» дегенді оқимыз.

---

* Қараңыз: осы том. 224-бет. *Ред.*

Егер бұл Орталық Комитеттің бір мүшесі құрған фракция болмаса, егер бұл «апатқа ұшырауға біршама бейімделу» болмаса, онда Бухарин жолдас немесе оның пікірлестерінің қайсысы болса да біреуі партияға мынаны түсіндіріп көрсінші: орыстың «фракцияшылдық», партияның «апатқа ұшырауға бейімделуі» деген сөздерінің басқа қандай мағынасы бар?? «Буфер жасағысы» келетін, *мұндай* «апатқа ұшырауға бейімделуді» *көрмейтін* адамдардың осы соқырлығынан асқан сорақы соқырлық болуы мүмкін бе??

Тек ойлап қараңыздаршы: Троцкий жолдастың тезистерінің алғашқы нобайын және Троцкийдің өзі жақтап отырған партияның кәсіподақтар жөніндегі бүкіл саясатын әбден егжей-тегжейлеп, ұзақ, қызу талқылаған Орталық Комитеттің екі пленумынан кейін (9 ноябрь және 7 декабрь), Орталық Комитеттің бір мүшесі *19 мүшесінен тыс жалғыз* қалып, өзіне Орталық Комитеттен тыс топ жинайды, осы топтың «коллективтік» «еңбегін» «платформа» ретінде алға тартып, партия съезіне *«екі* тенденцияның бірін таңдап алуды» ұсынады!! Бухарин 9 ноябрьде-ақ «буферші» болып шыққанмен, Троцкий жолдастың 1920 ж. 25 декабрьде дәл екі тенденция, тек қана екі тенденция бар деп жариялауы ең жаман, ең зиянды фракцияшылдықты қолдаушы ретінде Бухарин тобының шын ролін айқын әшкерелейтіндігі туралы сөз қылып та отырғаным жоқ. Мұны жол-жөнекей айтып отырмын. Бірақ мен партияның кез келген мүшесінен былай деп сұраймын: кәсіптік қозғалыс жөніндегі екі тенденцияның бірін «таңдауға» осыншалықты төгеуріи жасап, ұрыну өзінің бас айналдырғыштығымен таңдандырмай ма? Егер пролетарлық диктатура орнағалы үш жыл өткеннен кейін, партия ішінде кәсіптік қозғалыс жөніндегі екі тенденция туралы мәселеге *бұлайша* «ұрынуға» батылы баратын бір мүше табылса да, бұған тек таңдануға ғана тура келмей ме?

Ол ол ма. Бұл кітапшадағы толып жатқан фракциялық тиісушілікке қараңыз. 1-тезисте-ақ «партия принципті түрде әлдеқашан жойған» (тегінде, Орталық Комитеттің 19 мүшесінің біреуі ғана партияның өкілі болса керек) «тред-юнионистік позицияларға қарай кейін»

ығыстырылған «кейбір кәсіптік қозғалыс қызметкерлеріне» айбат шегіп, «қол сермеушілікті» көреміз. 8-тезисте «кәсіподақ қызметкерлерінің басшы тобындағы кәсіподақшылар консерватизмін келістіре кінәлайды» (байқап қойыңыз, мұнда назарды шын бюрократтық тұрғыдан «басшы топқа» аудару!). 11-тезистің бас жағында РКП IX съезінің қарарларын «кәсіподақшылардың көпшілігі» «формальдық жағынан, *яғни сөз жүзінде* мойындайды» деп таңданарлықтай орынды, дәлелді, іскерлік сипатта... қалай деп сыпайырақ айтсам екен?.. «ишара» қылады.

Міне біздің алдымызда кәсіподақшылардың *көпшілігі* (!!) партияның шешімдерін *сөз жүзінде* мойындайды дейтін осындай беделді төрешілер тұрғанын қараңыздар!

12-тезисте былай делінген:

«...көптеген кәсіподақшылар біте қайнасу перспективасына барған сайын қатаң және ымырасыз түрде қарсы шығып отыр... Біз бұл кәсіподақшылардың ішінде Томский мен Лозовский жолдастардың бар екенін көреміз. Ол ол ма. Көптеген кәсіподақшылар жаңа міндеттер мен әдістерден бой тартып, өз орталарында корпорациялық томаға-тұйықтық рухын, шаруашылықтың белгілі бір саласына тартылған жаңа қызметкерлерге жиренә қараушылық рухын күшейтіп отыр, сөйтіп іс жүзінде кәсіптік жағынан ұйымдасқан жұмысшылардың арасында цехшылдықтың қалдықтарын қолдап отыр».

Оқушылар бұл пайымдауларды қайта-қайта оқып, жақсылап ой жүгіртіп көрсінші. Мұндағы «кереметтердің» көптігі қайран қалдырады. 1-ден, бұл сөзге оның фракцияшылдығы тұрғысынан баға беріп көріңіздер! Ойлап қараңызшы, егер Томский Троцкийді және «көптеген» әскери қызметкерлерді бюрократизм рухын күшейттіңіздер, тағылықтың қалдықтарын, т. т. қолдадыңыздар деп айыптап платформа жарияласа, Троцкий не айтар еді, не деп шығар еді? *Бұл арадағы* қатты кетушілік пен фракцияшылдықты көрмейтін — тіпті ешбір байқамайтын, мүлде байқамайтын,— бұл істің питерліктердің бой көрсетуіне қарағанда әлденеше есе фракцияшыл екенін көрмейтін Бухариннің, Преображенскийдің, Серебряковтың және басқалардың «рөлі» қандай?

2-ден. Іске бұлай қараушылықтың байыбына барып көріңіздерші: көптеген кәсіподақшылар «өз орталарында... рухын күшейтіп отыр». Бұл іске нағыз бюрократтық тұрғыдан қарау емей не. Көрдіңіздер ме, істің барлық түйіні тіпті де бұқараның, миллиондардың даму дәрежесі мен тұрмыс жағдайларында емес, ал Томский мен Лозовскийдің «өз орталарында» қандай «рухты» күшейтіп отырғанында екен.

3-ден. Троцкий өзі де, «буферші» Бухарин мен К$^0$ де өте ұқыптылықпен жанамалап өтіп, бүркемелеп жүрген бүкіл таластың *мәнін* Троцкий жолдас бұл арада аңдамай айтып қойды.

Бүкіл таластың мәні мен күрестің қайнар көзі көптеген кәсіподақшылардың өз орталарында жаңа қызметкерлерге жирене қараушылық рухын күшейтіп, жаңа міндеттер мен әдістерден бой тартып отырғандығында ма?

Әлде кәсіптік жағынан ұйымдасқан жұмысшылар бұқарасының заңды наразылық жасап, жаңа қызметкерлердің ішіндегі бюрократизмнің керексіз және зиянды шектен асушылығын түзеткісі келмейтіндерді шығарып тастауға дайын тұрғандығын сөзсіз білдіріп отырғандығында ма?

Таластың мәні біреулердің «жаңа міндеттер мен әдістерді» түсінгісі келмейтіндігінде ме?

Әлде жаңа міндеттер мен әдістер жөніндегі бос сөздер арқылы бюрократизмнің кейбір керексіз, зиянды шектен асушылығын жақтаушылықты біреулердің олақ бүркемелеуінде ме?

Оқушы бүкіл таластың осы *мәнін* есінде сақтасын.

## ФОРМАЛЬДЫ ДЕМОКРАТИЗМ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІК

Троцкий жолдас «коллективтік жұмыстың жемісі» болып табылатын тезистерінде былай деп жазады: «Жұмысшы демократиясы фетиш дегендерді білмейді». «Ол тек революциялық тиімділікті ғана біледі» (23-тезис).

Троцкий жолдастың бұл тезистері ақыры қолайсыз оқиғаға душар болды. Ол тезистердегі дұрыс нәрселер-

дің жаңалық еместігі былай тұрсын, тіпті Троцкийдің өзіне *қарсы* шығып отыр. Ал олардағы жаңалықтар түгелінен теріс.

Мен Троцкий жолдастың дұрыс қағидаларын көшіріп алдым. Ол қағидалар 23-тезисте қозғалған мәселе жөнінде (Главполитпуть туралы) ғана емес, басқа мәселелер жөнінде де Троцкийдің өзіне қарсы шығып отыр.

Троцкий формальды-демократиялық тұрғыдан фракциялық платформамен тіпті бүкіл Орталық Комитетке қарсы шығуға да *праволы еді.* Бұл даусыз. Бұл формальды правоны Орталық Комитеттің айтыс еркіндігі туралы 1920 ж. 24 декабрьдегі өзінің шешімімен қостағаны да даусыз. Бұл формальды правоны буфершіл Бухарин Троцкийге келгенде дұрыс деп таниды да, бірақ Питер ұйымына келгенде дұрыс деп тапымайды; сірә, оның себебі — Бухариннің 1920 ж. 30 декабрьде «жұмысшы демократиясының қасиетті ұранын» сөз қылуға дейін барғандығында болар (стенографиялық есептің 45-беті)...

Ал революциялық тиімділік ше?

«Цектрандық» немесе «буферлік» фракцияның фракцияшылдық өзімшілдігімен көзін шел қаптамаса, Троцкий сияқты *осындай* беделді көсемнің кәсіптік қозғалыс мәселелері жөніндегі *осындай* сөздеріп,— ақылы түзу, есі бүтін тұрғанда,— *революциялық тұрғыдан тиімді* деп таныған тым болмаса бір салиқалы адам табыла қояр ма екен?

Троцкийдің іс жүзінде қаншалық дәрежеде түгелімен теріс көрсетіп отырған «жаңа міндеттер мен әдістері» (бұл туралы кейін айтылады) нақ соншалық дәрежеде өте дұрыс көрсетілген күнде де, іске тек осылай қарауы арқылы Троцкий өзіне де, партияға да, кәсіптік қозғалысқа да, кәсіподақтардың миллиондаған мүшелерін тәрбиелеуге де, республикаға да зиян келтірген болар еді; мұны бекер деуге бола ма??

Тегінде, көңілшек Бухарин мен оның тобының өздерін «буферлікпіз» деп атайтын себебі — олардың бұл атақтың қандай міндеттер жүктейтіндігі туралы *ойламауға* берік бел байлағандығында болса керек.

## КӘСІПТІК ҚОЗҒАЛЫСТА ЖІККЕ БӨЛІНУДІҢ САЯСИ ҚАУІПТІЛІГІ

Кейде үлкен алауыздықтар ең кішкене — бастапқы кезде тіпті болмашы ғана — келіспеушіліктен өсіп шығатындығын кез келген адам біледі. Әркімнің өз өмірінде әлденеше ондаған рет кездескен болмашы ғана жарақат немесе тіпті тырнақ ізі өте қауіпті дертке айналып кете алады, кейде тіпті, *егер* жарақат ушыға бастаса, *егер* қанды улай бастаса, ажалды дертке айналуы да сөзсіз, мұны кез келген адам біледі. Кез келген жанжалда да, тіпті кісінің жеке басына байланысты жанжалда да осылай болады. Саясатта да осылай болады.

Кез келген, тіпті болмашы ғана келіспеушіліктің өзі, егер ол ұлғая келіп, жікке бөлінушілікке, оның үстіне бүкіл саяси үйді шайқалтып, бұза алатын жікке бөлінушілікке — Бухарин жолдастың теңеуімен айтқанда — поезды апатқа ұшырата алатын жікке бөлінушілікке ұласып кетуіне мүмкіндік туатын болса, ол саяси жағынан қауіпті бола алады.

Пролетариат диктатурасы өмір сүріп отырған елде пролетариат арасындағы немесе пролетарлық партия мен пролетариат бұқарасы арасындағы жікке бөлінушіліктің қауіпті болатыны былай тұрсын, сонымен қабат, әсіресе егер бұл елде пролетариат халықтың шағын азшылығы болса, тіпті өте қауіпті болатыны анық. Ал кәсіптік қозғалыстағы (бұл қозғалыс,— менің 1920 ж. 30 декабрьдегі сөзімде бар күшімді салып баса айтуға тырысқанымдай,— түгел дерлік кәсіподақтарға ұйымдасқан пролетариаттың қозғалысы болып табылады*) жікке бөлінушілік нақ сол пролетариат бұқарасы арасындағы жікке бөлінушілік болып табылады.

Міне сондықтан, кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясында 1920 ж. 2—6 ноябрьде «шатақ басталғанда» (ол нақ сол конференцияда басталды) дереу сол конференциядан кейін... жоқ, мен қателесіп тұрмын,— сол конференцияның *үстінде* Томский жолдас буырқанған ашу-ызамен Саяси бюроға жетіп келіп, мы-

---

* Қараңыз: осы том, 224—225-беттер. *Ред.*

наны айта бастады: конференцияда Троцкий жолдас кәсіподақтарды «сілкілеу» туралы айтқан, ал Томский онымен айтысқа түскен; Томский осы жайды айтқан кезде мінезі өте ұстамды Рудзутак жолдас оның сөзін толық қостады,— міне, осы оқиға болған кезде, мен бұлтармай, бірден: таластың мәні нақ саясатта (яғни партияның кәсіподақтар жөніндегі саясатында) болып отыр және бұл таласта Томский жолдасқа өзінің «сілкілеу» саясатын ұсынып қарсы шыққан Троцкий жолдастыкі түбірінен теріс деп ұйғардым. Өйткені «сілкілеу» саясаты — «жаңа міндеттер мен әдістер» арқылы (Троцкийдің 12-тезисі) *ішінара ақталған күнде де*, қазіргі кезеңде және қазіргі жағдайда мүлде жол беруге болмайтын, жікке бөліну қаупін туғызатын саясат.

Троцкий жолдасқа «жоғарыдан сілкілеу» саясатын таңу қазір оған «барып тұрған карикатура» тәрізді болып көрінеді (Л. Троцкий: «Петроградтық жолдастарға жауап», «Правда» № 9, 15 январь, 1921 ж.). Бірақ «сілкілеу» деген сөзсымақтың нағыз «қанатты сөзсымақ» болып тұрғандығы бұл сөздің Троцкий жолдас тарапынан кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясында айтылып, қазірдің өзінде-ақ, былайша айтқанда, партияны да, кәсіподақтарды да «шарлағандығында» ғана емес. Жоқ. Бұл сөзсымақ, амал не, қазірде де анағұрлым тереңірек мағынасында дұрыс сөз болып отыр. Атап айтқанда: бұл сөзсымақтың бір өзі ғана «Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері» деген платформа-кітапшаның *бүкіл рухын, бүкіл тенденциясын* ең қысқа түрде көрсетіп отыр. Троцкий жолдастың бұл платформа-кітапшасы басынан аяғына дейін түгелдей нақ сол «жоғарыдан сілкілеу» саясаты рухына толы. Томский жолдасты немесе «көптеген кәсіподақшыларды» олар «өз орталарында жаңа қызметкерлерге жирене қараушылық рухын күшейтіп отыр» деп кінәлаушылықты еске түсірсек те жеткілікті.

Ал егер кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясында (2—6 ноябрь, 1920 ж.) жікке бөліну қаупін туғызатын жағдай жаңа ғана қалыптаса бастаған болса, 1920 ж. декабрьдің басында Цектранның жікке бөлінуі фактіге айналды.

Бұл оқиға біздің таластарымыздың саяси мәнін бағалау үшін керекті ең негізгі, басты, түбегейлі оқиға болды; сондықтан Троцкий, Бухарин жолдастардың бұл арада үндемей қалудың бір нәрсеге септігі тиер деп ойлауы бекершілік. Бұл арада үндемеушілік «буфер жасамайды», қайта қоздыра түседі, өйткені мәселені күн тәртібіне өмірдің өзі ғана қойып отырған жоқ, сонымен қабат Троцкий жолдас та өзінің платформа-кітапшасында баса көрсетіп отыр. Өйткені нақ осы кітапша мен талай келтірген жерлерінде, әсіресе 12-тезисте, мынадай сұрақ қояды: мәселенің мәні «көптеген кәсіподақшылардың өз орталарында жаңа қызметкерлерге жирене қараушылық рухын күшейтіп отырғандығында» ма, әлде бюрократизмнің, мәселен, Цектрандағы сияқты, кейбір керексіз, зиянды шектен асушылығы салдарынан *бұқараның* «жирене қарауының» заңдылығында ма?

Зиновьев жолдас өзінің 1920 ж. 30 декабрьдегі алғашқы сөзінде-ақ бұл мәселені әбден дәлелді түрде тура қойып, жікке бөлінушілікке жеткізген «Троцкий жолдастың нысапсыз жақтаушылары» деді. Бәлкім, Бухарин жолдас Зиновьев жолдастың сөзін «көпірме сөз» деп осынысы үшін сөккен шығар? Бірақ 1920 ж. 30 декабрьдегі айтыс туралы стенографиялық есепті оқып шыққан партия мүшесінің қай-қайсысы да бұл жазғырушылықтың әділдік еместігіне енді кәміл сенбек және нақ Зиновьев жолдастың дәл фактіні келтіріп, дәл фактіге сүйенетіндігін, ал нақ Троцкий мен Бухаринде ешбір фактісіз интеллигенттік «жалаң сөздің» басым екенін көретін болады.

Зиновьев жолдас: «Цектран тәлтіректеп тұр, ол қазірдің өзінде-ақ үш бөлекке бөлінді» дегенде, Сосновский жолдас оның сөзін былай деп бөліп жіберді:

«Ал сіздер бұған дем бердіңіздер» (Стенографиялық есеп, 15-бет).

Міне бұл елеулі айыптау. Егер бұл айыптау дәлелденген болса, онда, әрине, кәсіподақтардың ең болмаса бірінің *жікке бөлінуіне дем беру* жөнінен кінәлыларға Орталық Комитетте де, РКП партиясында да, республикамыздың кәсіподақтарында да орын болмас еді. Бақытымызға қарай, бұл елеулі айыпты, амал не,

бұрын өзінің айтысқа орынсыз «әуестенушілігінің» үлгісін талай рет көрсеткен кісі орынсыз түрде тағып отыр. Сосновский жолдас өзінің, айталық, өндірістік насихат жөніндегі өте тәуір мақалаларына да кейде сол өндірістік насихаттың барлық жақсы жағын көбіне-көп жоққа шығаратын «бір қасық қарамай» қосып жібере білетін. Күрестің тіпті барынша шиеленіскен кезінде де өзінің шабуылын ушықтырып асқындыру қолынан келе бермейтін бақытты адамдар (мәселен, Бухарин сияқты) болады; өзінің шабуылын ушықтырып асқындыра түсетін онша бақытты емес адамдар да болады. Сосновский жолдасқа, осы жағынан, өзін өзі байқап жүру, өзін тіпті достарының да байқап жүруін өтіну пайдалы болар еді.

Бірақ қалайда айып тағылып отыр ғой деушілер болар. Мейлі орынсыз, орашолақ, көрінеу «фракциялық» формада-ақ болсын. Бірақ, егер іс елеулі болатын болса, шындық туралы үндемеуден гөрі шындықты орашолақ түрде болса да айтқан жақсы.

Іс, күмән жоқ, елеулі іс, өйткені, қайталап айтамын, бүкіл таластың *түйіні* осында болып отыр, бұл жұрттың ойлағанынан әлдеқайда зор болып отыр. Сондықтан Сосновский жолдастың көтерген мәселесіне *шын мәнісінде* жауап беру үшін біздің қолымызда, бақытымызға қарай, жеткілікті түрде сенімді және жеткілікті түрде объективті деректеріміз бар.

1-ден. Біз стенографиялық есептің нақ сол бетінде Зиновьев жолдастың мәлімдемесін оқимыз; ол Сосновский жолдасқа: «Дұрыс емес!» деп жауап бергені былай тұрсын, сонымен қатар шешуші фактілерге дәл сүйенген дәлелдер де келтірді. Зиновьев жолдас былай деп көрсетті: Троцкий жолдас Сосновский жолдастың таққан айыбына тіпті ұқсамайтын айыпты тағуға (өз жанымнан қосамын: көрінеу фракциялық әуестенушілікке түсе отырып) тырысты, ол Зиновьев жолдасты — ол, Зиновьев, *РКП-ның сентябрьдегі Бүкіл россиялық конференциясында* өзінің *сөйлеген сөзі* арқылы жікке бөлінушілікке дем берді немесе жікке бөлінушілікті туғызды деп айыптады. (Жақшаның ішінде айта кетейін: бұл тағылған айыптың негізсіз екендігі мынада: Зиновьев-

тің сентябрьдегі сөзін шын мәнісінде Орталық Комитет те, партия да мақұлдаған және оған формальды жағынан ешкім бір рет те наразылық білдірген жоқ).

Сонда Зиновьев жолдас былай деп жауап берді: Рудзутак жолдас Орталық Комитеттің мәжілісінде қолына протоколдарды алып тұрып: «бұл мәселе (Цектранда бюрократизмнің кейбір керексіз және зиянды шектен асушылығы туралы мәселе) менің (яғни Зиновьевтің) қандай сөздеріммен болса да *көп бұрын* және Бүкіл россиялық конференциядан көп бұрын Сибирьде де, Волгада да, Солтүстікте де, Оңтүстікте де қаралғандығын» дәлелдеді.

Бұл өте айқын, дәл, факт жүзіндегі мәлімдеме. Бұл мәлімдемені Зиновьев жолдас РКП-ның мыңдаған өте жауапты мүшелерінің алдында сөйлеген алғашқы сөзінде жасады, оның бер жағында Зиновьевтің бұл сөзінен кейін *екі рет* сөйлеген Троцкий жолдас та, Зиновьевтің бұл сөзінен *кейін* сөйлеген Бухарин жолдас та Зиновьевтің факт жүзінде көрсеткендерін теріске шығарған *жоқ*.

2-ден. Сосновский жолдастың таққан айыбын одан да гөрі дәл, ресми түрде теріске шығаратын дерек — нақ сол стенографиялық есепте басылған *РКП Орталық Комитеті пленумының сушы коммунистер мен Цектран кеңесінің коммунистік фракциясының арасындағы жанжал туралы мәселе жөніндегі қаулысы*; бұл қарар 1920 ж. 7 декабрьде қабылданған. Бұл қарардың Цектранға арналған бөлімінде былай делінген:

«Цектран мен сушылар арасындағы жанжалға байланысты Орталық Комитет қаулы етеді: 1) Біріккен Цектранда сушылардың секциясы құрылсын. 2) Февральда теміржолшылар мен сушылардың съезі шақырылсын; ол съезде жаңа Цектранға дұрыс сайлау жүргізілсін. 3) Оған дейін Цектранның ескі құрамы қызмет атқара беретін болсын. 4) Главполитвод пен Главполитпуть дереу таратылып, олардың барлық күштері мен қаржылары дұрыс демократизм негізінде кәсіптік ұйымға берілсін».

Оқушы бұдан мынаны көреді: сушыларды кінәлау туралы бір сөз де айтылмағаны былай тұрсын, қайта, керісінше, маңызды жерлердің бәрінде *олардікі дұрыс*

деп танылған. Оның бер жағында 1921 ж. 14 январьдағы жалпы платформаға қол қойған цекистердің (Каменевтен басқа) *бірде-біреуі* бұл қарарды жақтап дауыс берген *жоқ* («Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы». РКП X съезі қаулысының жобасы; Орталық Комитетке мұны Орталық Комитеттің мүшелері мен кәсіподақ жөніндегі комиссия мүшелерінің бір тобы ұсынған. Орталық Комитеттің мүшесі емес, бірақ кәсіподақ жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде Лозовский қол қойған, басқа қол қойғандар: Томский, Калинин, Рудзутак, Зиновьев, Сталин, Ленин, Каменев, Петровский, Артем Сергеев).

Бұл қарар жоғарыда аттары аталған цекистерге *қарсы*, яғни біздің тобымызға қарсы өткізілді. Өйткені біз ескі Цектранды уақытша қалдыруға қарсы дауыс берген болар едік. Сөйтіп, біздің тобымыз сөзсіз жеңіп шығатын болғандықтан, Троцкий амалсыз Бухариннің қарарын жақтап дауыс берді, өйтпесе біздің шешіміміз өткен болар еді. Ноябрьде Троцкий *жағында* болған Рыков жолдас декабрьде сушылар мен Цектран арасындағы жанжалды тексеретін кәсіподақ жөніндегі комиссиясының жұмысына қатысып, сушылардың дұрыстығына көзі жетті.

Қорытынды: Орталық Комитеттің декабрьдегі (7 декабрь) көпшілігі Троцкий, Бухарин, Преображенский, Серебряков жолдастар және т. б. болды, яғни Цектранға әдейі *қарсы* деп ешкім күдіктенбейтін цекистер болды. Ал бұл көпшілік, оның шешімінің мәніне қарағанда, сушыларды емес, Цектранды дереу орнынан түсіруден бас тартуының өзімен ғана оны айыптап шықты. Демек, Сосновскийдің таққан айыбының негізсіз екені дәлелденді.

Түсінбестікке орын қалдырмау үшін тағы бір пунктке тоқталу керек. Сонымен, мен талай рет ауызға алған «бюрократизмнің кейбір керексіз және зиянды шектен асушылығы» неде болды? *Бұл* айыптауда жалаң сөзге салынушылық немесе асыра сілтеушілік болмады ма екен және болып отырған жоқ па екен?

Тағы да: мұның жауабын да 1920 ж. 30 декабрьдегі алғашқы сөзінде-ақ Зиновьев жолдас берген болатын; ол

жауап — дәлдігі жағынан мүлтіксіз жауап. Зиновьев жолдас Зоф жолдастың су транспорты жөніндегі, «комитетшілдік жойылады»[120] деген мәлімдемесі бар, баспаға басылған (1920 ж. 3 майдағы) бұйрығынан үзінді келтірді. Зиновьев жолдас оны түбегейлі қате деп дұрыс атады. Міне осының өзі бюрократизм мен «тағайындаушылықтың» керексіз және зиянды шектен асушылығының үлгісі болып табылады. Оның үстіне Зиновьев жолдас: Зоф жолдастан гөрі «анағұрлым аз ысылған, тәжірибесі аз жолдастар» — тағайындалушылар бар деп бірден ескертіп өтті. Мен Орталық Комитетте Зофқа берілген бағаны естіттім, онда ол аса бағалы қызметкер деп аталды және менің Қорғаныс Советінде байқауым да бұл берілген бағаны әбден растайды. Ешкім мұндай жолдастардың беделін түсіргісі де келмейді, оларды «жазықсыз айыпты еткісі» де келмейді (Троцкий жолдас өзінің баяндамасында, еш дәлелі болмаса да, осылай деп күдіктенді, 25-бет). «Тағайындалушылардың» беделін түсіретіндер олардың қателерін түзетушілер емес, ал олар қателік істегенде де оларды қорғап қалғысы келетіндер.

Сонымен, біз кәсіптік қозғалыстағы жікке бөлінушілік қаупі ойдан шығарылған қауіп емес, шын қауіп екенін көріп отырмыз. Сондай-ақ біз алауыздықтардың әсірелеп көрсетілмеген мәнінің де дәл неде болғанын: бюрократизм мен тағайындаушылықтың кейбір керексіз және зиянды шектен асушылығының қорғалмауы, ақталмауы, қайта олардың түзетілуі жолындағы күресте болғанын айқын көріп отырмыз. Бар болғаны тек осы ғана.

## ПРИНЦИПТІ АЛАУЫЗДЫҚТАР ТУРАЛЫ

Бізге былай деушілер болар: ал егер түбегейлі және терең принципті алауыздықтар бар болса, олар тіпті ең қатаң, фракциялық бой көрсетулердің болуын да ақтамай ма? Егер жаңа және түсініксіз нәрсені айту керек болса, бұл кейде тіпті жікке бөлінудің болуын да ақтамай ма?

Егер алауыздықтар шынында да барынша тереңдеп кеткен болса және партияның немесе жұмысшы табы-

пың саясатындағы теріс бағытты басқаша жолмен түзетуге болмайтын болса, әрине, ақтайды.

Бірақ мұндай алауыздықтар жоқ, міне, барлық пәле осында. Троцкий жолдас ол алауыздықтарды көрсетуге тырысты, бірақ көрсете алмады. Ал егер оның кітапшасы (25 декабрь) жарыққа шыққастан *бұрын* шартты немесе ымыралы түрде сөйлеуге болатын болса, солай сөйлеу керек болса («ұғылмаған жаңа міндеттер болған күнде де, алауыздықтар болған күнде де мәселеге бұлай қарауға болмайды»), енді бұл кітапшадан *кейін:* жаңалығы бар жерде Троцкий жолдастыкі шын мәнісінде дұрыс емес деп айтуға тура келді.

Мұның өзі Троцкий жолдастың тезистері мен кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясы (2—6 ноябрь) қабылдаған Рудзутактың тезистерін салыстырғанда бәрінен де гөрі айқынырақ көрінеді. Мен бұл тезистерді 30 декабрьдегі сөзімде және 21 январьдағы «Правдада» келтіргенмін*. Бұл тезистер Троцкийдің тезистерінен гөрі әрі дұрысырақ, әрі толығырақ. Троцкий тезистерінің Рудзутак тезистерінен айырмашылығы бар жерін алсақ, Троцкийдікі дұрыс болмай шығады.

Әуелі Бухарин жолдас Орталық Комитеттің 7 декабрьдегі қарарына асығыс енгізген атышулы «өндірістік демократия» дегенді алайық. Әрине, бұл орашолақ әрі интеллигенттік-жасанды («өрнекті») термин сөйленген сөзде немесе мақалада қолданылған болса, оған ілік тағу кісі күлерлік болар еді. Бірақ нақ осы Троцкий мен Бухарин өздерін кісі күлерлік халге түсіріп, өздерінің «платформасын» Рудзутактың кәсіподақтар қабылдаған тезистерінен өзгеше етіп көрсету үшін нақ осы терминді *тезистерінде барынша жақтап отыр* ғой!

Бұл термин теориялық жағынан дұрыс емес. Демократия атаулының бәрі, жалпы алғанда, саяси қондырма атаулының бәрі сияқты (таптарды құрту ісі аяқталмаған кезде, тапсыз қоғам құрылмаған кезде болмай қоймайтын қондырма), сайып келгенде, өндіріске қызмет істейді және, сайып келгенде, белгілі бір қоғамның өндірістік қатынастарына қарай белгіленеді. Сондықтан

* Қараңыз: осы том, 246—249-беттер. *Ред.*

басқа демократия атаулыдан «өндірістік демократияны» бөліп алу еш нәрсе бермейді. Бұл — шатастырушылық және бос сөз. Бұл — бір.

Екіншіден. Орталық Комитеттің 7 декабрьдегі пленумының Бухариннің өзі жазған қарарында бұл терминді оның қалай түсіндіргенін қараңыз. «Сондықтан,— деп жазды онда Бухарин,— жұмысшы демократиясының әдістері өндірістік демократияның әдістері болуға тиіс. Мұның мәнісі»—байқап қойыңыз: «мұның мәнісі»! Бухарин өзінің бұқараға арналған сөзін *ерекше түсіндіруді* керек ететін осындай бұлдыр терминнен бастайды: меніңше, демократизм тұрғысынан қарағанда, бұл *демократияға жатпайды;* бұқара үшін жазғанда ерекше түсіндіруді керек ететін жаңа терминдерсіз жазу керек; «өндірістік» тұрғыдан қарағанда, бұл зиянды, өйткені керексіз терминді түсіндіруге босқа уақыт кетіреді —«мұның мәнісі —барлық сайлаулар, кандидаттар ұсыну, оларды қолдау, т. т. олардың саяси ұстамдылығы тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге шаруашылық қабілеттілігіне, әкімшілік стажына, ұйымдастырушылық қасиетіне қарай және еңбекшілер бұқарасының материалдық және рухани мүдделеріне қамқорлық жасай білетіндігі іс үстінде сыналғандығы тұрғысынан өткізілуге тиіс».

Бұл көрер көзге жасанды әрі теріс пайымдау. Демократияның мәнісі «сайлаулар, кандидаттар ұсыну, оларды қолдау, т. т.» ғана емес. Бұл бір жағынан. Ал екінші жағынан, сайлаудың бәрі бірдей саяси ұстамдылығы және шаруашылық қабілеттілігі тұрғысына қарай өтуге тиісті емес. Оның үстіне, Троцкийге қарамастан, миллиондар ұйымында жанашырлардың, бюрократтардың белгілі бір проценті болу керек (көп жылдар бойына жақсы бюрократтарсыз ештеңе бітіре алмаймыз). Бірақ біз «жанашырлардың» демократиясы немесе «бюрократтық» демократия туралы айтып отырғанымыз жоқ.

Үшіншіден. Сайланушыларға ғана, ұйымдастырушыларға, әкімдерге және басқаларға ғана қарап отыру дұрыс емес. Бұл аса көрнекті адамдардың қалай дегенмен де азшылығы ғана. Қарапайым адамдарға, бұқара-

ға қарау керек. Рудзутакта бұл қарапайым, түсініктірек түрде ғана емес, сонымен бірге теория жағынан дұрысырақ түрде бейнеленген (6-тезис):

«...мұның үшін өндіріске қатысушы әрбір адам өзі орындап отырған өндірістік міндеттердің қажеттігін және тиімділігін түсінетін болуы керек; өндіріске қатысушы әрбір адам жоғарыдан берілетін тапсырмаларды орындауға ғана қатысып қоймай, сонымен бірге өндіріс саласындағы барлық кемшіліктерді, техникалық және ұйымдастырушылық кемшіліктерді, түзетуге де саналы түрде қатысатын болуы керек».

Төртіншіден. «Өндірістік демократия» деген теріс мағынадағы түсініктерді туғызатын термин. Оны диктатура мен дара басшылықты теріске шығару мағынасында түсінуге болады. Оны дағдылы демократияны кешеуілдете тұру немесе одан сылтау айтып құтылу мағынасында да түсіндіруге болады. Бұл түсініктің екеуі де зиянды, ал олардан құтылу үшін айрықша және ұзақ түсініктемелер бермесе болмайды.

Рудзутактың ол пікірлерді қарапайым баяндауы әрі дұрысырақ, әрі бұл ыңғайсыздықтардың бәрінен аулақ. Ал Троцкий өзінің «Правдада» 11 январьда басылған «Өндірістік демократия» деген мақаласында бұл теріс пікірлер мен ыңғайсыздықтардың бар екендігін теріске шығармайтыны былай тұрсын (ол бүкіл осы мәселені орағытып өтеді, өзінің тезистерін Рудзутактың тезистерімен салыстырмайды), қайта, мұның керісінше, өз терминінің ыңғайсыздығы мен терістігін жанамалап қуаттай түседі, атап айтқанда, бұл терминге «әскери демократияны» қатар қою арқылы қуаттай түседі. Бақытымызға қарай, біздің еш уақытта да мұндай терминге бола фракциялық таластар шығармағанымыз есімде.

Троцкийдің «өндірістік атмосфера» деген термині бұдан да гөрі сәтсіз болып шықты. Зиновьев оны әділ күлкі етті. Троцкий қатты ашуланып, қарсы шықты: «Әскери атмосфера бізде болған... Енді жұмысшы бұқарасының ішінде, оның үстіңгі қабатында ғана емес, қалың ортасында да өндірістік атмосфера жасалуға тиіс, яғни майданға қандай көңіл бөлінсе, өндіріске де сондай жігер салушылық, іске құштарлық, көңіл бөлушілік болу-

ға тиіс...». Әңгіменің өзі міне осында, «жұмысшы бұқарасына, оның қалың ортасына» деп айту керек, Рудзутактың тезистерінде қалай айтылса, солай айту керек, кісіні таңдандыратын немесе күлдіретін «өндірістік атмосфера» деген сияқты сөздерді қолданбай айту керек. Шын мәнісінде, «өндірістік атмосфера» деген сөзді қолданғанда, Троцкий жолдас өндірістік насихат деген ұғым білдіретін пікірді айтып отыр. Ал нақ жұмысшы бұқарасы үшін, оның қалың ортасы үшін өндірістік насихатты жүргізгенде мұндай сөздерден аулақ болатындай етіп жүргізу керек. Бұл сөздер бұқара арасында өндірістік насихатты қалайша жүргізуге *болмайтындығын* көрсететін үлгі ретінде ғана жарайды.

## САЯСАТ ПЕН ЭКОНОМИКА. ДИАЛЕКТИКА МЕН ЭКЛЕКТИЦИЗМ

Бір ғажабы, соншалық қарапайым, ап-анық мәселені жаңадан тағы көтеруге тура келеді. Амал не, Троцкий мен Бухарин осыны істетуге мәжбүр етіп отыр. Ол екеуі мені былай деп жазғырады: мен мәселені «алмастыратын» көрінемін, немесе мен мәселеге «саяси» тұрғыдан қарайтын көрінеміп, ал олар «шаруашылық» тұрғысынан қарайтын көрінеді. Бухарин мұны тіпті өзінің тезистеріне енгізіп, таласушылардың екеуінен де «жоғарырақ көтерілуге» тырысты: мен саяси тұрғыдан қараушылықты да, шаруашылық тұрғыдан қараушылықты да біріктіремін демек болды.

Теория жағынан терістігі адам айтқысыз. Саясат дегеніміз — экономиканың жиынтық көрінісі дегенді мен өз сөзімде қайталап айттым, өйткені мені «саяси» тұрғыдан қарайтындығым үшін жазғырушылықты, ешбір қисыны жоқ, марксистің аузынан мүлде шығуға тиісті емес жазғырушылықты бұрын да есіткен болатынмын. Саясат экономикадан басым болмай тұра алмайды. Басқаша пайымдау марксизмнің әліппесін ұмыту деген сөз.

Мүмкін, менің саяси бағалауым дұрыс емес шығар? Онда оны айтып, дәлелдеңіздер. Бірақ саяси тұрғыдан қараушылық «шаруашылық» көзқараспен барабар, «оны да, мұны да» алуға болады деушілік (немесе тіпті

жанамалап болса да сондай пікірге жол беру) — марксизмнің әліппесін ұмыту деген сөз.

Басқаша айтып көрелік. Саяси тұрғыдан қараушылық дегеніміз мынау: егер кәсіподақтарға теріс көзбен қараса, бұл Совет өкіметін, пролетариат диктатурасын құртады. (Партиянікі теріс болған күнде, партияның кәсіподақтардан бөлектенуі Россия сияқты шаруалары басым елде Совет өкіметін сөзсіз құлатар еді.) Бұл пікірді мәніне қарай жете тексеруге, яғни осы көзқарастың дұрыс, не теріс екенін айыруға, жете білуге, шешуге болады (және солай ету керек те). Ал: мен сіздің саяси тұрғыдан қараушылығыңызды «бағалаймын», *«бірақ»* бұл саяси көзқарас қана, ал бізге *«әрі* шаруашылық» тұрғыдан қарау да керек деушілік былай деп айтқанмен барабар: мен сіздің, осындай бір қадам жасай отырып, өзіңіздің мерт болатыныңыз туралы пікіріңізді «бағалаймын», *бірақ* аш, жалаңаш болғаннан гөрі тоқ әрі киіміңіз бүтін болғаны тәуірірек екенін де саралап көріңіз.

Бухарин саяси *әрі* шаруашылық тұрғыдан қараушылықты біріктіруді уағыздап, теория жүзінде *эклектикаға* қарай құлдырап кетті.

Троцкий мен Бухарин мәселені: мына біздер өндірісті арттыруға қамқорлық жасап отырмыз, ал сіздер тек формальды демократия туралы ғана ойлайсыздар деп көрсетеді. Бұлай көрсету дұрыс емес, өйткені мәселе *тек* былай қойылып отыр (және, марксисше, осылай ғана қойыла *алады):* іске саяси тұрғыдан дұрыс қарамаған жағдайда белгілі бір тап өзінің үстемдігін ұстап тұра алмайды, *ал олай болса,* ол *өзінің өндірістік міндетін* де шеше алмайды.

Нақтылаңқырап айталық. Зиновьев былай дейді: «Сіздер кәсіподақтарды жікке бөлінуге дейін жеткізіп, саяси қателік жасап отырсыздар. Ал өндірісті арттыру туралы мен 1920 ж. январьда-ақ монша салуды мысалға келтіріп айтқан да, жазған да болатынмын». Троцкий былай жауап береді: «Сол да сөз бе екен, монша туралы мысал келтіріп кітапша жазғанда не тұр (29-бет), ал оның есесіне сіздерде кәсіподақтардың не істеуі керек екенді-

гі туралы «бір сөз де», «бір ауыз сөз де» айтылмаған» (22-бет).

Дұрыс емес. Бұра сөйлегенім үшін ғапу етіңіз, монша жөніндегі мысал үстіне бірнеше «өндірістік демократияларды» қосып бергендегі он «өндірістік атмосфераға» татиды. Монша жөніндегі мысал кәсіподақтардың не істеуі керек екенін ашық, түсінікті түрде, нақ бұқараға, нақ «қалың ортаға» арнап айтады, ал «өндірістік атмосфералар» мен «демократиялар» дегендер жұмысшылар бұқарасының көзіне түсетін қоқыс, бұл олардың ұғуын *қиындата түседі.*

«Кәсіподақтардың аппараты деп аталатын тетіктердің қандай роль атқаратыны және атқаруға тиіс екені» туралы «Ленин бір сөз де айтқан жоқ» (66-бет) деп Троцкий жолдас мені де жазғырады.

Ғапу етіңіз, Троцкий жолдас: Рудзутактың тезистерін толық оқып шығып және оларға қосылып, мен бұл туралы сіздердің барлық тезистеріңізден, сіздің бүкіл баяндамаңыздан немесе қосымша баяндамаңыздан және қорытынды сөзіңізден гөрі *көбірек, толығырақ, дұрысырақ, түсініктірек, ашығырақ* айттым. Өйткені, қайталап айтамын, заттай сыйлықтар мен тәртіпке шақыратын жолдастық соттардың шаруашылықты меңгеру үшін, өнеркәсіпті басқару үшін, кәсіподақтардың өндірістік ролін арттыру үшін мәнділігі жөнінен «өндірістік демократия» туралы, «бітө қайнасу», т. с. туралы мүлдә абстрактілі (сондықтан да құр бос) сөздерден жүз есө артық.

«Өндірістік» көзқарасты ұсынуды (Троцкий) немесе саяси тұрғыдан қараушылықтың бір жақтылығын жеңуді және саяси тұрғыдан қараушылықты шаруашылық тұрғыдан қараушылықпен біріктіруді (Бухарин) желеу етіп, бізге мынаны алға тартып отыр:

1) марксизм ұмыт қалды; бұл ұмытушылық саясаттың экономикаға қатынасын теория жағынан теріс, эклектикалық түрде белгілеуден көрінді;

2) сілкілеу саясаты арқылы көрінген саяси қате қорғалды немесе бүркемеленді; бұл қате Троцкийдің *бүкіл* платформа-кітапшасының он бойын түгел қамтыған. Ал

бұл қате, егер ол ұғынылмаса және түзетілмесе, пролетариат диктатурасының құлауына әкеліп *соқтырады;*

3) таза өндірістік, шаруашылық мәселелер жөнінде, өндірісті қалай арттыру туралы мәселелер жөнінде бір адым кері шегінді; атап айтқанда Рудзутактың нақты, практикалық, өмірлік, көкейтесті міндеттерді алға қойған (өндірістік насихатты өрістетіңдер, заттай сыйлықтарды жақсылап бөлуді және тәртіпке шақыратын жолдастық соттар түріндегі күштеуді дұрысырақ қолдануды үйреніңдер деген) *тиянақты* тезистерінен абстрактілі, дерексіз, «құр бос», теория жағынан теріс, интеллигентше тұжырымдалған, ең тиянақты және практикалық нәрсені *ұмытқан* жалпы *тезистерге* қарай бір адым кері шегінді.

Саясат пен экономика туралы мәселе жөнінде, бір жағынан, Зиновьев пен менің және, екінші жағынан, Троцкий мен Бухариннің арасындағы арақатынас іс жүзінде, міне, осындай болып отыр.

Сондықтан мен Троцкий жолдастың 30 декабрьде маған қарсы айтқан: «Ленин жолдас Советтердің VIII съезінде жасаған біздің жағдайымыз туралы баяндамасы бойынша қорытынды сөзінде: бізде саясат азырақ болсып да, шаруашылық қабілет көбірек болсын деген еді, ал кәсіподақтар туралы мәселе жөнінде ол істің саяси жағын алдыңғы қатарға қойды» (65-бет) деген пікірін күлмей оқи алмадым. Бұл сөздер Троцкий жолдасқа «өте-мөте тауып айтылған сөздер» болып көрінді. Шынында бұл сөздер ұғымдарды жанталаса шатастырушылықты, нағыз шексіз «идеялық абыржушылықты» көрсетеді. Әрине, мен біз саясатпен азырақ шұғылданып, шаруашылықпен көбірек шұғылдансақ екен деген тілекті әрдайым айтып келдім, айтып отырмын және айтамын да. Бірақ бұл тілектерді орындау үшін саяси қауіптердің *және саяси қателердің* болмауы керек екенін түсіну қиын емес. Троцкий жолдас жасаған, Бухарин жолдас тереңдетіп, асқындырып жіберген саяси қателер шаруашылық міндеттерден, «өндірістік» жұмыстан партиямызды *алаңдатады, бізді, амал не,* бұл қателерді түзетуге *уақыт кетіруге мәжбүр етіп отыр,* синдикалистік уклонға (пролетариат диктатурасының

құлауына апарып соқтыратын уклонға) қарсы таласу үшін, кәсіптік қозғалыс жөніндегі теріс көзқарасқа (Совет өкіметінің құлауына апарып соқтыратын көзқарасқа) қарсы таласу үшін, кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясында 2—6 ноябрьде қабылданған Рудзутак тезистерінің негізіне сүйене отырып, заттай сыйлықтар беруді, соттарды ұйымдастыруды, біте қайнасуды жүзеге асыруды кімдер жақсы және табысты түрде жолға қойды: Саратовтың ұн тартушылары, Донбастағы көмір қазушылар, Питердегі металлистер, т. т. жолға қойды деп іскерлік, практикалық, «шаруашылық» тұрғыдан таласудың орнына, жалпы «тезистер» туралы таласу үшін уақыт кетіруге мәжбүр етіп отыр.

«Кең айтыстың» пайдасы туралы мәселені алыңыз. Біз бұл арада да саяси қателердің шаруашылық міндеттерден алаңдатып отырғанын көреміз. Мен «кең» айтыс дегенге қарсы болдым және Троцкий жолдастың кәсіподақ жөніндегі комиссияны құруға бөгет жасауын оның қателігі, саяси қателігі деп санадым, солай деп санаймын да, өйткені бұл комиссияда айтыс нақ іскерлік тұрғыдан өтетін еді. Мен Бухарин бастаған буферлік топтың саяси қателігі — олардың буфердің міндеттерін түсінбегендігі деп санаймын (бұл арада да диалектиканы эклектицизммен алмастырды); олар нақ сол «буфердің» көзқарасы тұрғысынан барынша батыл жігермен айтысты кәсіподақ жөніндегі комиссияға көшіруді жақтап, кең айтысқа қарсы шығуға тиіс еді. Ақыры не болды, қараңыздаршы.

30 декабрьде Бухарин былай деп айтуға дейін барды: «Біз қасиетті жаңа ұранды — жұмысшы демократиясы ұранын жарияладық; оның мәнісі мынада: мәселелердің бәрі тар шеңберлі коллегияларда емес, шағын жиналыстарда емес, қандай бір өзінің корпорациясында емес, қайта кең жиналыстарға апарылып талқыланады. Міне сондықтан менің айтатыным — біз кәсіподақтардың ролі туралы мәселені бүгінгі сияқты зор жиналысқа салғанда, кейін қарай емес, ілгері қарай қадам басып отырмыз» (45-бет). Міне осы адам да Зиновьевті көпірме сөзділікке салындың, демократияны асыра бағаладың

деп кінәлады-ау! Бұл — барып тұрған көпірме сөзділік, «аузына ие бола алмаушылық», формальды демократизмнің революциялық тиімділікке бағынуға тиіс екенін бүтіндей түсінбеушілік!

Троцкийдікі де онша оңып тұрған жоқ. Ол: «Ленин мәселенің мәні жөніндегі айтысты қайткен күнде де болдырмағысы келеді, оған жол бермегісі келеді» (65-бет) деп кінәлап шықты. Ол былай деп мәлімдейді: «Мен комиссияға неліктен кірмегендігім туралы Орталық Комитетте ашық айтқанмын: қашан маған, басқа жолдастардың бәрімен бірдей, бұл мәселелерді партия баспасөзінде толық көлемде көтеруге рұқсат берілгенге дейін, мен бұл мәселелерді құпия қараудан, демек, комиссияда жұмыс істеуден де ешқандай пайда күтпеймін» (69-бет).

Қорытынды қандай? Троцкий 25 декабрьде «кең айтысты» бастағаннан бері бір ай да өткен жоқ, ал жауапты партия қызметкерлерінің 100-нің ішінен бұл айтыстың құлақ тұндырғанын сезбеген, оның пайдасыздығын (егер одан да жаман болмаса) түсінбеген 1 адам табыла қояр ма екен. Өйткені Троцкий комиссияда мәселені нағыз *іскерлік*, шаруашылық тұрғыдан қарауды «құпия» қарау деп балағаттап, сөздер туралы, нашар тезистер туралы таласпен партияның уақытын алды; ал ол комиссия, жанды істен әр түрлі «өндірістік атмосфералардың» өлі схоластикасына қарай *кері кету үшін емес*, практикалық тәжірибеден үйрене отырып, нағыз «өндірістік» жұмыста *алға басу* үшін сол практикалық тәжірибені зерттеп, тексеруді өзінің міндеті етіп қойған болар еді.

Атышулы «біте қайнасуды» алып қараңыз. Мен 30 декабрьде ол туралы үндемей тұра тұру керек, өйткені біз өзіміздің практикалық *тәжірибемізді зерттегеніміз жоқ*, ал мұнсыз біте қайнасу туралы таластар амалсыз көпірме сөзге айналады, партияның күшін шаруашылық *жұмыстан* босқа алаңдатушылыққа айналады деп кеңес берген едім. Мен Троцкийдің осы пункт жөніндегі тезистерін бюрократтық жобақұмарлық деп атадым; ол онда халық шаруашылығы советтерінің құрамына $^1/_3$-

нен $1/2$-не дейін және $1/2$-нен $2/3$-не дейін кәсіподақтардың өкілдерін енгізуді ұсынады*.

Бұл үшін маған Бухарин қатты ашуланып қалды; ол маған, есептің 49-бетінен көріп отырғанымдай, «жұрт жиналып белгілі бір нәрсе туралы әңгімелегенде, олар өздерін мылқау (сол көрсетілген бетте нақ осылай деп басылған!) етіп көрсетпеуге тиіс» деп толық, тәптештеп дәлелдемек болды. Троцкий де ашуланып қалды; ол былай деп екіленді:

> «Мен сіздердің әрқайсыңыздан өзіңіздің қойын дәптеріңізге мынаны жазып қоюларыңызды өтінемін: Ленин жолдас мұны пәлен күні бюрократизм деп атады, ал менің былай деп болжам айтуға батылдығым барады: бірнеше айдан кейін ВЦСПС пен Халық шаруашылығы жоғары советінде, металлистердің Орталық комитетінде, металл бөлімінде, т. т. ортақ қызметкерлер үштің бірінен жартыға дейін болсын... деген пұсқау ескерілетін де болады, басшылыққа да алынатын болады...» (68-бет).

Осыны оқып шықтым да, мен Милютин жолдастан (Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары) маған біте қайнасу туралы мәселе жөнінде *басылған* қолда бар есептерді беріп жіберуін өтіндім. Мен ішімнен былай деп ойладым: аз-аздап болса да *практикалық тәжірибемізді зерттей* бастайын, өйткені бостан босқа, материалсыз, фактілерсіз, жоқ жерден талас туғызып, дефиницияны, «өндірістік демократияларды» ойдан шығарып, «жалпы партиялық қысыр сөзділікке» салыну (Бухариннің сөзі, 47-бет; бұл сөз, бәлкім, атақты «сілкілеуден» кем түспейтіп «қанатты сөзсымаққа» айналар) жан төзгісіз көңілсіз нәрсе ғой деп түйдім.

Милютин жолдас маған бірнеше кітап жіберді, соның ішінде «Халық шаруашылығы жоғары советінің Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіне есебін» (М., 1920; алғы сөз 19 декабрь, 1920 деп белгіленген) жіберді. Есептің 14-бетінде кесте келтірілген, онда жұмысшылардың басқарушы органдарға қатысу дәрежесі көрсетіледі. Осы кестені келтірейін (бұл кесте губерниялық

* Қараңыз: осы том, 237—238-беттер. *Ред.*

халық шаруашылығы советтері мен кәсіпорындардың тек бір бөлегін ғана қамтиды):

| Басқарушы аппарат: | Жалпы саны | Олардың ішінде Жұмысшылар | %% | Мамандар | %% | Қызметшілер және басқалар | %% |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Халық шаруашылығы жоғары советінің Президиумы мен Губерниялық халық шаруашылық советтері | 187 | 107 | 57,2 | 22 | 11,8 | 58 | 31,0 |
| Бас басқармалардың, бөлімдердің, орталықтардың және бас комитеттердің коллегиялары | 140 | 72 | 51,4 | 31 | 22,2 | 37 | 26,4 |
| Коллегиялық және дара басшылықтағы фабрика-завод басқармалары | 1143 | 726 | 63,5 | 398 | 34,8 | 19 | 1,7 |
| *Барлығы* | 1470 | 905 | 61,6 | 451 | 30,7 | 114 | 7,7 |

Сонымен қазірдің өзінде жұмысшылардың қатысуы, орта есеппен, 61,6%, яғни жартыдан гөрі $^{2}/_{3}$-не жақын! Троцкий жолдастың тезистерінде бұл туралы жазғандарының бюрократтық-жобақұмарлық сипаты *қазірдің өзінде дәлелденді.* «$^{1}/_{3}$-нен $^{1}/_{2}$-не дейін» немесе «$^{1}/_{2}$-нен $^{2}/_{3}$-не дейін» деп сөз қылу, таласу, платформа жазу, мұның бәрі — нағыз бостан-бос «жалпы партиялық қысыр сөзділікке» салыну, күштерді, құралдарды, назарды, уақытты *өндірістік* жұмыстан алаңдату, елеулі мазмұны жоқ құр саясатқұмарлық. Ал комиссияда тәжірибелі адамдар табылар еді, олар фактілерді зерттеп білмей тұрып, тезистер жазуға көнбес еді, комиссияда іске пайда келтіріп, тәжірибені тексеруге болар еді,— айталық, он шақты—жиырма шақты адамдарға (мыңдаған «жалпы қызметкерлердің» ішінен) сұрау салуға, олардың пікірлері мен қорытындыларын статистиканың объективті деректерімен салыстыруға болар еді, келешек үшін іске керекті, практикалық нұсқаулар алуға әрекет

жасауға болар еді: тәжірибенің қорытындылары осындай болып отырғанда, қазірден-ақ бұрынғы бағытпен алға жылжи беру керек пе, әлде бағытты, тәсілді, іске белгілі бір тұрғыдан караушылықты біраз өзгерту керек пе және өзгерткен күнде қалай өзгерту керек, немесе, істің мүддесі үшін кідіре тұрып, тәжірибені қайта-қайта тексеріп, мүмкін, кейбір нәрселерді қайта жасау, т. т. және т. с. керек пе деп, осыны білуге болар еді.

Жолдастар, нағыз «шаруашылық қызметкер» (маған да аздап «өндірістік насихатпен» шұғылдануға рұқсат етіңіздерші!), тіпті ең алдыңғы қатарлы елдердегі капиталистердің және трестерді ұйымдастырушылардың көп жылдар бойы, кейде ондаған және одан да көп жылдар бойы, белгілі бір іске әбден сай келетін басқару жүйесін, жоғарғы, төменгі орындарға әкімдерді, т. т. іріктеу жүйесін табу үшін, бастаған істі түзете, қайта жасай отырып, кері орала отырып, көптеген түзетулер енгізе отырып, өзінің (және бөтеннің) практикалық тәжірибесін зерттеп, тексерумен шұғылданғанын біледі. Капитализм тұсында осылай болды; ол бүкіл цивилизациялы дүниеде өзінің шаруашылық жұмысында *ғасырлар бойындағы тәжірибе мен әдеттерге* сүйенді. Ал біз құрылыс ісін әдеттерді қайта тәрбиелеу жолында мейлінше ұзақ, қажырлы және төзімді жұмыс істеуді талап ететін жаңа негізге сүйеніп жүргізіп отырмыз; ол әдеттерді бізге капитализм мұра етіп қалдырды және оларды тек бірте-бірте ғана өзгертуге болады. Бұл мәселеге Троцкийше қарау түбірінен теріс болады. Ол 30 декабрьдегі сөзінде былай деп екіленді: «Біздің жұмысшыларда, партия мен кәсіподақтардың қызметкерлерінде өндірістік тәрбие бар ма? бар ма, жоқ па? Мен: жоқ деп жауап беремін» (29-бет). Мұндай мәселеге бұлай қарау кісі күлерлік болады. Бұл сіз: мына дивизияда жеткілікті пима бар ма? бар ма, жоқ па? деп сұраған тәрізді болады.

Біз он жылдан кейін де партия мен кәсіподақтардың барлық қызметкерлерінің жеткілікті өндірістік тәрбиесі жоқ деп айтуға тиісті болатынымыз сөзсіз. Сол сияқты, 10 жылдан кейін партияның, кәсіподақтардың, әскери ведомствоның барлық қызметкерлерінің де жеткілікті

әскери тәрбиесі болмайды. Бірақ бізде өндірістік тәрбиенің *негізі* құрылғанын мынадан аңғаруға болады: бір мыңдай жұмысшы, кәсіподақтардың мүшелері мен делегаттары басқару ісіне қатысып отыр, кәсіпорындарды, бас комитеттерді, одан да жоғары мекемелерді басқарып отыр. «Өндірістік тәрбиенің», *біздердің өзімізді,* бұрын астыртын жағдайда жұмыс істегендер мен профессионал журналистерді, тәрбиелеудің негізгі принципі мынада: біз өзіміздің практикалық тәжірибемізді барынша көңіл бөліп, барынша тәптештеп зерттеуге өзіміздің де кірісуіміз керек, басқаларды да соған кірісуге үйретуіміз керек, мұны «жеті рет өлшеп, бір-ақ кес» деген ережені басшылыққа ала отырып істеуіміз керек. Осы мың адамның не істегенін табандылықпен, жайлап, сақтықпен, ұқыппен, іскерлікпен тексеру, олардың жұмыстарын одан да гөрі сақтықпен, іскерлікпен түзету, белгілі бір әдістің, белгілі бір басқару жүйесінің, белгілі бір пропорцияның, адамдарды белгілі бір тәртіппен іріктеудің, т. т. пайдалылығы әбден дәлелденгеннен кейін ғана ілгері жылжу керек. Міне, «өндірістік тәрбиенің» негізгі, түбегейлі, сөзсіз дұрыс ережесі осындай, ал нақ осы ережені Троцкий жолдас өзінің барлық тезистері арқылы, өзінің мәселеге бүкіл көзқарасы арқылы бұзып отыр. Троцкий жолдастың барлық тезистері, бүкіл платформа-кітапшасы нақ осындай: олар өздерінің қателіктері арқылы партияның назары мен күшін нақты «өндірістік» жұмыстан құрғақ, мазмұнсыз сөз жарыстырушылыққа аударып жіберді.

## ДИАЛЕКТИКА МЕН ЭКЛЕКТИЦИЗМ. «МЕКТЕП» ПЕН «АППАРАТ»

Бұхарин жолдастың толып жатқан өте қымбат қасиеттерінің бірі —оның теорияға зеректігі және оның қандай мәселенің болса да теориялық түп тамырын іздеп табуға құштарлығы. Бұл өте қымбат қасиет, өйткені өзі әдейі қабылдаған белгілі бір қағидаларға сүйене отырып, қате жасайтын кісінің қатесінің теориялық тамырларын таппасаң, ешбір қатені, соның ішінде саяси қатені де, әбден ұғынуға болмайды.

Өзінің мәселені теория жағынан тереңдете түсуге осылайша ұмтылатындығына қарай, Бухарин жолдас 30 декабрьдегі айтыстан бері, егер бұдан ерте болмаса, таласты нақ сол көрсетілген салаға аударуда.

«Осы саяси жағдайды да, осы шаруашылық жағдайды да елемеуге болмайды, мен мұны барынша қажетті деп санаймын,— деді Бухарин жолдас 30 декабрьде,— өйткені осында «буферлік фракция» немесе оның идеологиясы деп аталып отырғанның теориялық мәні осында,— сондықтан меніңше бұл мүлдем даусыз нәрсе...» (47-бет).

Бухарин жолдастың бұл арада жол беріп отырған қателігінің теориялық мәні мынада: ол саясат пен экономика арасындағы диалектикалық арақатынасты (марксизм бізді осыған үйретеді) эклектицизммен алмастырады. «Ананы да, мынаны да», «бір жағынан, екінші жағынан» — міне, Бухариннің теориялық позициясы осы. Эклектицизм дегеніміз міне осы. Диалектика белгілі бір нәрсенің мына бөлшегін, екінші бір нәрсенің ана бөлшегін жұлып алуды талап етпейді, арақатынастарды нақты дамуына қарай барлық жағынан есепке алуды талап етеді. Мен мұны саясат пен экономиканың мысалынан көрсетіп өткенмін.

«Буферді» мысалға алғанда да осылай болатыны күмәнсыз. Егер партиялық поезд апатқа ұшырауға бейімделіп бара жатса, буфер пайдалы да, керек те. Бұл даусыз. Бухарин Зиновьевтен бір бөлшек, Троцкийден бір бөлшек алып, «буферлік» міндетті эклектикалық тұрғыдан қойды. Бухарин, «буферисше», белгілі бір адамның немесе белгілі бір адамдардың қай жерде, қай уақытта, не жөнінде қате жасағанын, бұл теориялық қате ме, әлде саяси әдепсіздік түріндегі қате ме, әлде шығып сөйлеген сөздегі фракцияшылдық қате ме, әлде әсірелеу, т. с. жөніндегі қате ме, қандай қате жасап отырғанын өз бетінше анықтауға тиіс еді және осындай қатенің *әрқайсысына бар күшті салып* қарсы шығуға тиіс еді. Бухарин өзінің осы «буферлік» міндетін түсінбеді. Мұны айқын көрсететін дәлелдердің бірі мынау:

Цектранның (теміржолшылар мен сушылар одағының Орталық комитеті) Петроград бюросының коммунистер фракциясы — Троцкийге тілектес ұйым, өзінің пікірін-

ше, «кәсіподақтардың өндірістік ролі туралы негізгі мәселеде Троцкий жолдас пен Бухарин жолдастың позициялары бір көзқарастың әр түрлі жақтары болып табылады» деп тура мәлімдеген ұйым,— Бухарин жолдастың Петроградта 1921 ж. 3 январьда жасаған қосымша баяндамасын Петроградта кітапша етіп басып шығарды (Н. Бухарин: «Кәсіптік одақтардың міндеттері туралы». П., 1921). Бұл қосымша баяндамадан мынаны оқимыз:

«Әуел баста Троцкий жолдас тұжырым жасағанда кәсіподақтардың басшы құрамын ауыстыру керек, тиісті жолдастарды іріктеп алу керек деді және т. т., ал одан да бұрыпырақ ол тіпті «сілкілеу» көзқарасында да болды, бұдан ол қазір бас тартты, сондықтан да «сілкілеуді» Троцкий жолдасқа қарсы дәлел ретінде қою мүлдем қисынсыз» (5-бет).

Мен бұл баяндаудың факт жүзіндегі толып жатқан дәл емес жерлеріне тоқталып жатпаймын («Сілкілеу» деген сөзсымақты Троцкий кәсіподақтардың Бүкіл российлық V конференциясында 2—6 ноябрьде қолданды. «Басшы қызметкерлерді іріктеп алу» туралы Троцкий өз тезистерінің 5-параграфында айтты; бұл тезистерді ол 8 ноябрьде Орталық Комитетте ұсынған және, сөз арасында айта кетсек, Троцкийді жақтайтындардың бірі оны баспа түріндегі листок етіп басып шығарған. Троцкийдің «Кәсіптік одақтардың ролі мен міндеттері» деген, 25 декабрьдегі, бүкіл кітапшасының өн бойы да, менің бұдан бұрынғы көрсеткенімдей, сол ой-пікірге, сол рухқа әбден толы. «Бас тартудың» қай жерде, қай түрде болғаны мүлде белгісіз.) Менің тақырыбым қазір басқаша. Егер «буфер» эклектикашыл болса, ол белгілі бір қателерді қалдырып кетіп, екінші қателерді еске салады; 1920 ж. 30 декабрьде Москвада, бүкіл Россиядағы РКП-ның мыңдаған қызметкерлері алдында болған қателер туралы үндемейді, 1921 ж. 3 январьда Питерде болған қателер туралы сөз қылады. Егер «буфер» диалектикашыл болса, ол екі жақтан да немесе барлық жақтан да байқалған қателердің әрқайсысына бар күшін салып қарсы шығуға тиіс емес пе. Бухарин міне осыны істемей отыр. Ол Троцкийдің кітапшасын сілкі-

леу саясаты тұрғысынан талдауға тіпті әрекет те жасамайды. *Ол бұл кітапша туралы мүлде үндемейді.* Буфердің өз ролін бұлай орындауына жұрттың бәрі күлетіні таңданарлық емес.

Содан соң Бухариннің Петроградта сөйлеген сол сөзінің 7-бетінен мынаны оқимыз:

«Троцкий жолдастың қателігі — оның коммунизм мектебі жағдайын жеткілікті қорғамайтындығында».

30 декабрьдегі айтыста Бухарин былай пайымдайды:

«Зиновьев жолдас: кәсіподақтар — коммунизм мектебі деді, ал Троцкий: бұлар — өндірісті басқарудың әкімшілік-техникалық аппараты деді. Мен біріншісі де, екіншісі де дұрыс емес деп дәлелдейтін ешбір логикалық негіздерді көріп отырғаным жоқ; осы екі қағида да дұрыс, осы екі қағиданың екеуінің қосындысы дұрыс» (48-бет).

Бухариннің және оның «тобының» немесе «фракциясының» 6-тезисіндегі пікірі де сондай: «...бір жағынан, олар (кәсіподақтар) — коммунизм мектебі,.. екінші жағынан, олар—оның үстіне үдемелі дәрежеде — шаруашылық аппарат пен жалпы мемлекеттік өкімет аппаратының құрамды бөлімі...» («Правда», 16 январь).

Бухарин жолдастың негізгі теориялық қатесі, марксизм диалектикасын эклектицизммен алмастыруы міне нақ осында (эклектицизм әр түрлі «сәнге айналған» және реакциялық философиялық системалардың авторларында өте-мөте көп тараған).

Бухарин жолдас «логикалық» негіздер туралы айтады. Оның барлық пайымдауы мынаны көрсетеді: ол бұл арада — мүмкін, әдейі емес шығар — диалектикалық немесе маркстік логиканың көзқарасында емес, формальды немесе схоластикалық логиканың көзқарасында болып отыр. Мұны түсіндіру үшін Бухарин жолдастың өзі алып отырған өте қарапайым мысалдан бастайын. 30 декабрьдегі айтыста ол былай деді:

«Жолдастар, осында болып отырған таластар сіздердің көбіңізге, шамасы, мынадай сипатта әсер ететін болар: екі адам келеді де, кафедрада тұрған стаканды көрсетіп, бірінен бірі: стакан деген не деп сұрайды. Бірі былай дейді: «стакан — шыныдан жасалған цилиндр; кімде-кім мұны бұлай емес дейтін

болса, оны қарғыс атсын». Екіншісі тұрып былай дейді: «стакан — бірдеңе ішуге арналған ыдыс; ал мұны бұлай емес дейтін адамды қарғыс атсын»» (46-бет).

Оқушының көріп отырғанындай, Бухарин бұл мысал арқылы маған сыңаржақтылықтың зиянын жеңіл түсіндірмек болды. Мен бұл түсіндіруді алғыс айтып қабыл аламын және өзімнің алғысымды іспен дәлелдеу үшін мен диалектикадан өзгеше эклектицизм дегеннің не екенін жеңіл түсіндіру арқылы жауап беремін.

Стакан, дау жоқ, әрі шыныдан жасалған цилиндр, әрі бірдеңе ішуге арналған ыдыс. Бірақ стаканның қасиеті немесе сапасы, немесе түрлі жақтары тек осы екеуі ғана емес, оның толып жатқан басқа қасиеттері, сапалары, түрлі жақтары, қалған басқа дүниемен арақатынастары, «жанама түрдегі байланыстары» бар. Стакан — лақтыруға болатын құрал ретінде салмақты бұйым да. Стакан бірдеңе ішуге жарай ма, жоқ па, ол шыныдан жасалған ба, жоқ па, оның формасы цилиндр сияқты ма, әлде онша ұқсамай ма, тағысын-тағы сондай қасиеттері бар ма, жоқ па, бұларына мүлде қарамастан, стакан пресс-папье бола алады, ұстап алған көбелекті орналастыратын орын бола алады, стакан көркем нақышы немесе суреті бар зат ретінде бағалы бұйым бола алады.

Содан соң. Егер қазір маған стакан бірдеңе ішуге арналған ыдыс ретінде керек болса, оның формасы нағыз цилиндр сияқты ма, жоқ па және ол шынында шыныдан жасалған ба, жоқ па, оны білу маған мүлде қажет емес, бірақ оның есесіне түбі жарық болмағаны қажет, бұл стаканды пайдаланғанда ернімді жараламайтын болғаны, т. с. қажет. Ал егер маған стакан бірдеңе ішу үшін емес, шыныдан жасалған цилиндрдің қандайы болса да жарайтын жұмысқа қолдану үшін керек болса, онда маған түбі жарық стакан да, тіпті мүлде түпсіз стакан да жарай береді, т. т.

Мектептерде формальды логикамен шектеледі (және солай шектелуге тиіс те — түзетіп айтқанда — мектептің төменгі кластары үшін), формальды логика формальды анықтамаларды алады, әдетте ең көп кездесетін немесе көбірек көзге түсетін нәрсені қолданып, соны-

мен шектеледі. Егер мұндай жағдайда екі немесе одан да көп түрлі анықтама алынып, олар бір-бірімен мүлде кездейсоқ қосыла салса (әрі шыныдан жасалған цилиндр, әрі бірдеңе ішуге арналған ыдыс), онда заттың түрлі жақтарын көрсететін эклектикалық анықтама аламыз, бары сол болады.

Диалектикалық логика біздің одан әрі баруымызды талап етеді. Затты шындап білу үшін, оның барлық жақтарын, барлық байланыстары мен «жанама түрдегі байланыстарын» қамтып, зерттеу керек. Бұған біз еш уақытта да толық жете алмаймыз, бірақ барлық жақтарын қамтуды талап ету бізді қателерден және сіресіп қатып қалудан сақтандырады. Бұл 1-ден. 2-ден, диалектикалық логика затты оның өз дамуында, оның «өз қозғалысында» (кейде Гегельдің айтатынындай), өзгерісінде алуды талап етеді. Стакан жөнінде бұл бірден айқын болып көрінбейді, бірақ стакан да өзгеріссіз қалмайды, әсіресе оның атқаратын міндеті, оның қолданылуы, оның айналадағы дүниемен *байланысы* өзгеріп отырады. 3-ден, адамзаттың бүкіл практикасы ақиқаттың критерийі ретінде де, заттың адамға керекті нәрсемен байланысын практика жүзінде белгілеуші ретінде де заттың толық «анықтамасына» енуге тиіс. 4-ден, диалектикалық логика: «абстракты ақиқат жоқ, ақиқат әрдайым нақты» деп үйретеді; бұлай деп айтуды, Гегельден соң, Плеханов марқұм ұнатушы еді. (Жақшаның ішінде партияның жас мүшелері үшін мынаны ескерту, меніңше, орынды деп санаймын: Плехановтың философия жөніндегі жазғандарының бәрін зерттеп үйренбейінше,—нақ *зерттеп үйренбейінше* — саналы, *нағыз* коммунист болуға *болмайды*, өйткені оның жазғандары марксизмнің бүкіл халықаралық әдебиетіндегі ең таңдаулы еңбектер болып табылады*.)

---

* Айтқандай-ақ, мынаны тілемеске болмайды: 1-ден, қазір жарыққа шыққалы жатқан Плеханов шығармаларындағы философия жөніндегі мақалалардың бәрі, толық көрсеткіштер және сондайлар қосылып, өз алдына бір том немесе өз алдына бірнеше том болып бөлінетін болсын. Өйткені бұл коммунизм жөніндегі міндетті түрде оқылатын оқулықтардың сериясына енуге тиіс. 2-ден, жұмысшы мемлекеті, меніңше, философия профессорларынан олардың маркстік философияны Плехановтың қалай баяндағанын білуін, бұл білімді оқушыларға бере білуін талап етуі керек. Бірақ мұның бәрі де енді «насихаттан» «әкімшілікке салынушылыққа» қарай шегіну болады.

Мен, әлбетте, диалектикалық логика ұғымын сарқып тауысқан жоқпын. Бірақ әзірше осы да жетер. Енді стаканнан кәсіподақтарға және Троцкийдің платформасына көшуге болады.

«Бір жағынан—мектеп, екінші жағынан—аппарат,— дейді Бухарин және өзінің тезистеріне солай деп жазады. Троцкийдің қателігі оның «мектеп жағдайын жеткілікті қорғамайтындығында»... Зиновьевте аппарат «жағдайы» кем соғып жатыр.

Бухариннің осы пайымдауының өлі, мазмұнсыз эклектицизм болатын себебі не? Оның себебі—Бухаринде өз бетімен, өз көзқарасы тұрғысынан, әрі осы таластың бүкіл тарихына талдау жасауға тырысушылықтың (марксизм, *яғни* диалектикалық логика, мұны сөзсіз талап етеді), әрі қазіргі уақытта, қазіргі нақты жағдайларда бұл мәселеге қандай тұрғыдан қарауға, мәселенің бүкіл қойылысына — немесе, егер тілесеңіз, мәселенің бүкіл қойылу бағытына — талдау жасауға тырысушылықтың ізі де жоқ. Бухаринде мұны істеуге тырысушылықтың ізі де жоқ! Ол мәселеге аздап та болса нақты түрде зерттеп қарамайды, құр абстракты түрде қарап, бір бөлшекті Зиновьевтен, бір бөлшекті Троцкийден ала салады. Эклектицизм дегеніміз де осы.

Мұны бұрынғыдан да айқынырақ түсіндіру үшін бір мысал келтірейін. Мен Оңтүстік Қытайдың көтерілісшілері мен революционерлері туралы (Сун Ят-сеннің 2—3 мақаласынан басқа және бұдан көп жылдар бұрын өзім оқыған бірнеше кітап пен газет мақалаларынан басқа) еш нәрсе білмеймін. Онда көтерілістер болып жатқан соң, тегінде, көтеріліс дегеніміз өте шиеленіскен, бүкіл ұлтты қамтыған тап күресінің жемісі дейтін № 1 қытай мен көтеріліс дегеніміз өнер дейтін № 2 қытайдың арасында таластар да бар болса керек. Бұдан басқа ештеңе білмей-ақ мен де Бухариннің тезистеріндей тезистерді жаза аламын: «бір жағынан... екінші жағынан». Бірі өнер «жағдайын», екіншісі «шиеленісу жағдайын» жете ескермеді, т. т. Бұл өлі, мазмұнсыз эклектицизм болады, өйткені мұнда *осы* таласты, осы мәселені, мәселеге қандай тұрғыдан қараушылықты т. т. *нақты* зерттеп білу деген жоқ.

Кәсіподақтар бір жағынан — мектеп, екінші жағынан — аппарат, үшінші жағынан — еңбекшілер ұйымы; төртінші жағынан—кілең дерлік өнеркәсіп жұмысшыларының ғана ұйымы; бесінші жағынан — өндірістер бойынша құрылған ұйым*, т. т., т. с. Бухаринде мәселенің немесе заттың үшінші, төртінші, бесінші, т. т. жақтарын алмай, неліктен алғашқы екі «жағын» алу керек екендігін дәлелдеу, ешқандай негіздеу, өз бетімен ешқандай талдау жасау дегеннің ізі де жоқ. Сондықтан Бухарин тобының тезистері де — түгелімен эклектикалық бос сөз. Бухарин «мектеп» пен «аппараттың» арақатынасы туралы бүкіл мәселені түбірінен теріс, эклектикалық тұрғыдан қойып отыр.

Бұл мәселені дұрыс қою үшін құр абстрактылықтан нақты нәрсеге, яғни осы болып отырған таласқа көшу керек. Осы таласты алып қараңыз, бұл таластың кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясында қалайша пайда болғанын алсаңыз да, немесе бұл таласты Троцкийдің өзі 25 декабрьдегі платформа-кітапшасы арқылы қалайша қойғанын, *бағыт бергенін* алсаңыз да мейлі,— Троцкийдің *бүкіл* қойысы, бүкіл бағыты теріс екенін көресіз. Тақырыпты «советтік тред-юнионизм» туралы деп қойғанда да, жалпы өндірістік насихат туралы сөз қозғағанда да, Троцкий *сияқты,* мәселені «біте қайнасу» туралы, кәсіподақтардың өндірісті басқаруға қатысуы туралы қойғанда да, кәсіподақтарға мектеп ретінде қарау керек екенін, солай қарауға болатынын Троцкий түсінбеді. Ал осы соңғы мәселеде де, Троцкийдің бүкіл платформа-кітапшасында қойылған түрінде, теріс нәрсе мынада — кәсіподақтар өндірісті *әкімшілік-техникалық жағынан басқару мектебі* болып табылатындығын түсінбегендікте болып отыр. «Бір жағынан — мектеп, екінші жағынан — басқа бірдеңе» емес, *барлық жағынан алғанда да,* қазіргі талас тұсында, Троцкийдің мәселені қазіргі қойысы тұсында, *кәсіподақтар дегеніміз мектеп,* бірігу мектебі, ынтымақ мектебі, өз мүдде-

* Айта кетелік, Троцкийде бұл арада да қате бар. Ол: өндірістік одақ дегеніміз өндірісті меңгеретін одақ деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Өндірістік одақ дегеніміз жұмысшыларды өндірістер бойынша ұйымдастыратын одақ; техника мен мәдениеттің қазіргі дәрежесінде (Россияда да, бүкіл дүние жүзінде де) бұл сөзсіз болатын жағдай.

лерін қорғау мектебі, шаруашылықты жүргізу мектебі, басқару мектебі. Троцкий жолдастың осы түбегейлі қатесін түсініп түзетудің орнына, Бухарин жолдас «бір жағынан, екінші жағынан» деп кісі күлерлік түзетусымақ берді.

Мәселеге әлде де нақтырақ жақындай түсейік. Өндірісті басқару «аппараты» ретінде қазіргі кәсіподақтардың не екенін қарап көрейік. Біз мынаны көрдік: толық емес деректерге қарағанда, 900-ге жуық жұмысшы, кәсіподақтардың мүшелері мен делегаттары, өндірісті басқарып отыр. Егер тілесеңіздер, осы санды тіпті он есе, тіпті жүз есе көбейтіңіздер, тіпті сіздерге кеңшілік жасау үшін және сіздердің түбірлі қателеріңізді түсіндіру үшін жуық арада осындай орасан жылдам «алға басу» болады делік,— соның өзінде де бізде кәсіподақтардың 6 миллион мүшеден тұратын жалпы бұқарасымен салыстырғанда *тікелей басқарып отырғандар* болмашы ғана топ болып шығады. Мұның $98^1/_2$ проценті *үйреніп жатқанын* (6 000 000—90 000=5 910 000= =жалпы саннан $98^1/_2$ процент) *және ұзақ уақыт үйренуге тиіс* екенін есепке алмай, бүкіл назарды, Троцкийдің істеп отырғанындай, «басшы топқа» аудару, кәсіподақтардың өндірістік ролі туралы және өндірісті басқару туралы сөз қозғау түбегейлі қателік жасау болатыны міне осыдан-ақ одан сайып айқындала түседі. Мектеп *және* басқару емес, *басқару мектебі.*

30 декабрьде Зиновьевке қарсы таласа отырып, оны «тағайындаушылықты» бекерге шығарды, яғни Орталық Комитеттің қызметкерлерді тағайындау жөніндегі правосы мен міндетін бекерге шығарды деп мүлде теріс және дәлелсіз кінәлағанда, Троцкий жолдас байқаусызда мынадай бір ерекше сипаттағы қарама-қарсылықты айтып салды.

«...Зиновьев,— деді ол,— бұл арада үгіт үшін материал ғана емес, әкімшілік жолмен шешуді керек ететін мәселе де тұрғанын ұмытып, әрбір практикалық тыңғылықты мәселеге тым насихатшылық тұрғыдан қарайды» (27-бет).

Мен бұл мәселеге әкімшілік тұрғыдан қараудың қандай болуы *мүмкін* екенін қазір талдап түсіндіремін. Бі-

рақ Троцкий жолдастың түбегейлі қатесінің өзі нақ мынада: ол платформа-кітапшасында өзі қозғаған *сол мәселелерге әкім* ретінде қарады (дұрысырақ айтқанда—келіп қонды), шынында оның *бұл* мәселелерге *тек қана насихатшы ретінде* қарауына болатын еді, солай қарауы тиіс еді.

Шынында да солай. Троцкийдегі тәуір нәрсе не? Оның тезистеріндегі емес, оның *сөздеріндегі* — әсіресе ол кәсіподақшылардың бейне бір «консерваторлық» қанатымен өзінің орынсыз айтысын ұмытқанда — күмәнсыз тәуір, пайдалы нәрсе *өндірістік насихат* болып табылады. Кәсіподақ жөніндегі комиссияда тыңғылықты «шаруашылық» жұмыс істесе, өндірістік насихаттың Бүкіл россиялық бюросының қатысушысы және қызметкері ретінде шешен болып сөйлеген сөздерінде және әдеби еңбектерінде Троцкий жолдас іске, күмән жоқ, біраз пайда келтірген болар еді (күмән жоқ, келтіреді де). Оның қатесі—«платформа-тезистер». Бұл тезистердің өн бойынан кәсіподақ ұйымындағы «дағдарысқа», кәсіподақтардағы «екі тенденцияға», РКП программасын түсіндіруге, «советтік тред-юнионизмге», «өндірістік тәрбиеге», «біте қайнасуға» әкім ретінде қараушылық айқын көрінеді. Мен қазір Троцкийдің «платформасының» барлық басты тақырыптарын түгел айтып шықтым, нақ осындай тақырыптарға қазіргі уақытта Троцкийдің қолындағы бар материалдар тұрғысынан дұрыс қараушылық тек қана насихатшылық тұрғыдан қарау болып табылады.

Мемлекет дегеніміз — күштеу саласы. Әсіресе пролетариат диктатурасы заманында күштеуден безу есуастық болар еді. Мұнда «әкімшілік жасау» және іске әкімшілік тұрғыдан қарау міндетті нәрсе. Партия — пролетариаттың тікелей билеуші авангарды, ол — басшы. Авангардтың айрықша ықпал ету құралы, тазарту және шыныктыру құралы — күштеу емес, партиядан шығару. Кәсіподақтар — мемлекеттік өкіметтің ең мол қайнар көзі, коммунизм мектебі, шаруашылық жүргізу мектебі. Бұл салада айрықша, ең басты нәрсе басқару *емес*, «орталық» (әрине, жергілікті де) «мемлекеттік

басқару орнының, халық шаруашылығының және қалың еңбекшілер *бұқарасының арасындағы» «байланыс»* болып табылады (біздің партия программасының экономикалық бөлімінің кәсіподақтарға арналған 5-параграфы осылай дейді).

Троцкийдің платформа-кітапшасының өн бойында бүкіл осы мәселені теріс қоюшылық, осындай арақатынасты түсінбеушілік айқын көрінеді.

Айталық, Троцкий оз платформасының басқа тақырыптарымен байланысты сол атышулы «біте қайнасуды» бүкіл мәселеге басқа жағынан қарап талдап шешті делік. Айталық, оның кітапшасы бүтіндей «біте қайнасудың» 900 жағдайының 90-ын, Халық шаруашылығы жоғары советіндегі өнеркәсіпті басқару лауазымдары мен кәсіподақтардан сайлау бойынша қойылған лауазымдарды ұштастыру жағдайларын, кәсіподақтардың мүшелері мен кәсіптік қозғалыстың тұрақты қызметкерлерін ұштастыру жағдайларын егжей-тегжейлі тексеру міндетіне арналған делік. Айталық, осы жағдайлардың 90-ына іріктеп жүргізілген статистикалық тексерістердің деректерімен байланыстыра, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы мен тиісті халық комиссариаттарының тергеушілері мен нұсқаушыларының баяндамаларымен, есептерімен байланыстыра талдау жасалды делік, яғни әкімшілік мекемелердің деректері бойынша талдау жасалды, жұмыстың қорытындылары мен нәтижелерінің, өндіріс табыстарының, т. с. тұрғысынан талдау жасалды делік. Іске осылай қараушылық әкімшілік тұрғыдан дұрыс қарағандық болған болар еді және мұның өзі «сілкілеу» бағытын әбден ақтаған болар еді, яғни кімді орнынан ауыстыру керек болса, кімді басқа орынға қою керек болса, кімді тағайындау керек болса, «басқарушы топқа» дереу қандай талаптар қою керек болса, назарды соған аудару бағытын әбден ақтаған болар еді. Егер Бухарин өзінің Питерде 3 январьда сөйлеген, цектранистер басып шығарған сөзінде: Троцкий бұрын «сілкілеу» козқарасында болып еді, ал қазір одан бас тартып отыр деген болса, онда Бухарин бұл арада да практикалық тұрғыдан кісі күлерлік, теориялық тұрғыдан марксиске мүлде лайықсыз эклектикаға ұрынып

отыр. Бухарин мәселеге нақты түрде қарай білмей (не қарағысы келмей), оны абстракты түрде алып отыр. Әзірге біздер, партияның Орталық Комитеті және бүкіл партия, әкімшілік жүргізіп отырғанда, яғни мемлекетті басқарып отырғанда, біз еш уақытта да «сілкілеуден», яғни орнынан түсіруден, басқа орынға ауыстырудан, тағайындаудан, жұмыстан босатудан және басқаларынан бас тартпаймыз, бас тарта алмаймыз да. Ал Троцкийдің платформа-кітапшасында мүлде басқа материал алынған, «практикалық тұрғыдан» мүлде «тыңғылықты» емес «мәселе» көтерілген. Зиновьев пен Троцкийдің, біз бен Бухариннің таласып отырғаны, бүкіл партияның таласып отырғаны — «практикалық тұрғыдағы тыңғылықты мәселе» жөнінде емес, «кәсіптік қозғалыс саласындағы *т е н д е н ц и я л а р*» (Троцкийдің 4-тезисінің соңы) жөніндегі мәселе туралы.

Бұл мәселе, өзінің мәні жағынан, саяси мәселе. Троцкийдің қателерін, Бухариннің ойлағанындай, эклектикалық түзетулер және қосымшалар енгізу арқылы түзету, бұл, әлбетте, оның мейлінше адамгершілікке толы сезімі мен пиғылынан туып отырғанның өзінде істің — осы, нақты «істің» — мәні бойынша, мүмкін емес.

Бұл арада шешім біреу, тек қана біреу болуы мүмкін.

«Кәсіптік қозғалыс саласындағы тенденциялар» туралы, таптардың арақатынасы туралы, саясат пен экономиканың арақатынасы туралы, мемлекеттің, партияның, кәсіподақтардың — «мектеп» пен аппараттың, т. с. айрықша рольдері туралы саяси мәселені дұрыс шешу керек. Бұл бір.

Екінші: дұрыс саяси шешім негізінде ұзақ, жүйелі, табанды, төзімді, әр тарапты, қайталамалы өндірістік насихат жүргізілсін — дұрысырақ айтқанда: жүргізіп отыру керек, оны мемлекеттік көлемде, мемлекеттік мекеменің атынан, соның басшылығымен жүргізіп отыру керек.

Үшінші: «практикалық тыңғылықты мәселелерді» тенденциялар туралы таластармен, «жалпы партиялық қысыр сөзділіктің» және кең көлемді айтыстардың заңды игілігі болып табылатын таластармен шатастырмау керек; ол мәселелерді қойғанда іскерлік тұрғыдан, іс-

пен шұғылданатын комиссияларда, куәлардан сұрастырып, баяндамаларды, есептерді, статистиканы зерттеу негізінде қою керек, сөйтіп осының бәріне сүйене отырып — тек осының бәріне сүйене отырып, тек осындай жағдайларда ғана — тек тиісті совет немесе партия органының немесе осы екі органның шешімі бойынша ғана «сілкілеу» керек.

Ал Троцкий мен Бухаринде мәселені қарауда саяси қателерге жол берілгендіктен, арадағы дәнекерді, қозғалтқыш белбеуді орта тұстан үзуден, құрдан-құр, жалаң «әкімшілікке» салынудан немесе тұра ұмтылудан қойыртпақ қана шыққан. Қатенің «теориялық» негізі,— Бухарин өзінің «стаканы» арқылы теориялық негіз туралы мәселе қойған соң,— айқын. Бухариннің теориялық — бұл арада гносеологиялық — қателігі — диалектиканы эклектикамен алмастыруында. Мәселені эклектикалық тұрғыдан қойып, Бухарин мүлде шатасты және синдикализмге дейін барды. Троцкийдің қателігі—сыңаржақтылығы, елігушілігі, асыра сілтеушілігі, қыңырлығы. Троцкийдің платформасы стакан — бірдеңе ішуге арналған ыдыс деуде, бірақ бұл стаканның түбі жоқ болып шықты.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Маған енді кейбір пункттерге қысқаша ғана тоқталып өтуге тура келіп отыр, өйткені ол пункттер туралы үндемей өту түсініспеушілік туғызуға сылтау болуы мүмкін.

Троцкий жолдас өз «платформасының» 6-тезисінде РКП программасының экономикалық бөліміндегі кәсіподақтар туралы соз болатын 5-параграфты келтірді. Екі бет өткеннен кейін, 8-тезисте, Троцкий жолдас былай деп мәлімдеді:

«...Одақтар озінің омір сүруінің бұрынғы негізін, таптық экономикалық күресті жоғалтып»,...—(бұл дұрыс емес, бұл асығыс асыра сілтеушілік; одақтар *таптық* экономикалық күрес ретіндегі негізді жоғалтты, бірақ советтік аппараттағы бюрократтық бұрмалауға қарсы күресу мағынасындағы, бұл аппараттың қолы жетпейтін жолдар мен құралдар арқылы еңбекшілер бұқарасының

материалдық және рухани мүдделерін қорғау, т. т. мағынасындағы *таптық емес* «экономикалық күрес» ретіндегі негізін еш жоғалтқан жоқ және әлі көп жылдар бойы, амал не, жоғалта алмайды)...— «одақтар бірқатар жағдайлардың себебінен, өздерінің алдына пролетарлық революция қойған, біздің программада тұжырымдалған жаңа міндетті: *өндірісті ұйымдастыру* міндетін шеше аларлықтай қабілетті бояуға өз қатарларында қажетті күштерді жинап үлгірмеді және қажетті әдістерді жасап үлгірмеді» (курсив Троцкийдікі, 9-бет, 8-тезис).

Бұл бәз-баяғы асығып асыра сілтеушілік; бұл асыра сілтеушілікте үлкен теріс пікірдің ұрығы бар. Программа «өндірісті ұйымдастыру» деген сияқты тұжырым жасамайды, одақтардың алдына мұндай міндет қоймайды. Біздің партия программасындағы әрбір пікірді, әрбір қағиданы сол қағидалардың программа текстіндегі тұрған тәртібі бойынша алып, бірінен соң бірін қарап көрелік:

(1) «Қоғамдастырылған өнеркәсіптің ұйымдастыру аппараты» (кез келген аппарат емес) «алдымен» (тек қана емес) «кәсіптік одақтарға сүйенуге тиіс». (2) «Олар цехтық тар өрістен барған сайын құтыла беруге тиіс» (қалай құтыла беруге тиіс? партияның басшылығы арқасында және пролетариаттың пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасына жүргізетін тәрбиелік ықпалы мен басқа да түрлі ықпалы арқылы құтыла беруге тиіс) «және өндірістің белгілі бір тарауындағы еңбекшілердің көпшілігін, ал бірте-бірте бәрін түгел қамтитын өндірістік ірі бірлестіктерге айнала беруге тиіс...»

Бұл — партия программасының кәсіподақтарға арналған бөлімінің бірінші бөлегі. Көріп отырсыздар, бұл бөлім келешек үшін өте *«қатаң»* және өте ұзақ жұмысты керек ететін «шарттарды» бірден алға қояды. Ал одан кейін былай делінген:

«...Осы күннің өзінде-ақ, Совет республикасының заңдары бойынша және орныққан практика бойынша, өнеркәсіпті басқаратын барлық жергілікті және орталық органдарға қатысушылар болғандықтан...» (бұл, көріп отырсыздар, өте сақтықпен айтылған сөз: тек қатысушылар болғандықтан) «...кәсіптік одақтар біртұтас

шаруашылық тұлға ретіндегі бүкіл халық шаруашылығын түгел басқару ісін шындығында өздерінің қолдарына жинақтауға жетуге тиіс...» (байқаңыздар: өнеркәсіп салаларын емес, өнеркәсіпті емес, бүкіл халық шаруашылығын және біртұтас шаруашылық тұлға ретінде басқару ісін шындығында жинақтауға жетуге тиіс: бұл шартты, экономикалық шарт ретінде, шын мәнінде орындалды деп өнеркәсіпте де, егіншілікте де ұсақ өндірушілердің үлесі халық пен халық шаруашылығының жартысынан аз болып қалған кезден бұрын санауға болмайды)... «Осы ретпен»... (жоғарыда көрсетілген шарттардың бәрін бірте-бірте орындайтын нақ «осы ретпен»)... «мемлекеттік орталық басқару орнының, халық шаруашылығының және қалың еңбекшілер бұқарасының арасында тығыз байланыс жасауды қамтамасыз ете отырып, кәсіптік одақтар шаруашылықты жүргізу жөніндегі тікелей жұмысқа бұқараны» (яғни бұқараны, яғни халықтың көпшілігін)... «барынша кеңінен тартуға тиіс. Кәсіптік одақтардың шаруашылықты жүргізу ісіне қатысуы және олардың бұған қалың бұқараны тартуы, сонымен бірге Совет өкіметінің экономикалық аппаратының бюрократтануына қарсы күрестің ең басты құралы да болып табылады және өндірістің нәтижелеріне шын халық бақылауын орнатуға мүмкіндік береді».

Сонымен, соңғы сөйлемде де өте сақтықпен: «шаруашылықты жүргізу ісіне қатысуы» деп айтылған; мұнда да, бюрократизмге қарсы күрестің ең басты (бірақ бірден-бір емес) құралы ретінде, қалың бұқараны тарту көрсетілген; ал қорытындысында өте-мөте сақтықпен: *«халық бақылауын»*, яғни тек пролетарлық қана емес, жұмысшы-шаруалардың *«бақылауын»* орнатуға *«мүмкіндік береді»* делінген.

Осының бәрін біздің партия программасы кәсіподақтардың міндетін «өндірісті ұйымдастыру» деп «тұжырымдады» деп қорыту мүлде дұрыс емес. Ал егер осы дұрыс емес нәрсені жақтап, оны платформа-тезистерге енгізетін болсаңыз, онда бұдан антикоммунистік, синдикалистік уклоннан басқа дәнеңе де шығаруға болмайды.

Айтқандай-ақ. Троцкий жолдас өзінің тезистерінде:

«біз соңғы кезеңде программада қойылған мақсатқа жақындағанымыз жоқ, қайта одан қашықтай түстік» (7-бет, 6-тезис) деп жазады. Бұл бос сөз және, менің ойымша, теріс пікір. Мұны, айтыстарда Троцкийдің істегеніндей, мұндай фактіні кәсіподақтардың «өздерінің» мойындауына сүйеніп дәлелдеуге болмайды. Партия үшін ол ең соңғы инстанция емес. Тегінде, мұны тек толып жатқан фактілерді объективті түрде нағыз шындап зерттеп білу арқылы ғана дәлелдеуге болар. Бұл бір. Ал екіншіден, бұл дәлелденген күнде де: неліктен қашықтай түстік?— деген мәселе шешілмей ашық қала берер еді. Троцкийдің ойлағанындай, «көптеген кәсіподақшылардың» «жаңа міндеттер мен әдістерден бой тартып отырғандығынан» қашықтай түстік пе, әлде бюрократизмнің кейбір керексіз және зиянды шектен шығушылықтарын құртып, түзету үшін «өз қатарларымызда қажетті күштерді «біздің» жинап үлгірмегендігімізден және қажетті әдістерді жасап үлгірмегендігімізден» қашықтай түстік пе.

Осыған байланысты Бухарин жолдастың 30 декабрьде бізге таққан кінәсына (ал оны Троцкий кеше, 24 январьда, кен жұмысшыларының II съезінің коммунистік фракциясындағы біздің айтысымызда қайталап айтты), атап айтқанда «партияның IX съезі белгілеген бағыттан безу» (30 декабрьдегі айтыс туралы есептің 46-беті) жөнінде таққан кінәсына тоқталып өту орынды болады. Ленин IX съезде еңбекті милитарландыруды жақтап, демократияға сүйеншілікті мазақ етіпті-міс, ал қазір одан «безіп» отырған көрінеді. Троцкий жолдас 30 декабрьдегі қорытынды сөзінде бұл кінәны күшейтіп, былайша айтқанда, ушықтыра түсті: «Ленин кәсіподақтарда оппозициялық пиғылдағы жолдастардың топталуы... болып жатқандығы фактісін еске алады» (65-бет); Ленин «дипломатиялық көзқарас тұрғысынан» (69-бет), «партиялық топтар ішінде амал табу» (70-бет) тұрғысынан қарайды т. с. Троцкий жолдастың істі бұлай баяндауы, әрине, Троцкий жолдасқа өте мақтаныш, ал мен үшін бұл абырой емес, онан да жаман. Бірақ фактілерге көз салайық.

Нақ сол 30 декабрьдегі айтыста Троцкий мен Крестинский «Преображенский жолдас июльдің ішінде-ақ (1920) Орталық Комитетке мәселе енгізді, онда біз жұмысшы ұйымдарымыздың ішкі өмірі жөнінде жаңа жолға көшуге тиісті болатынбыз» (25-бет) деген фактіні анықтады. Августа Зиновьев жолдас хаттың жобасын жазды және Орталық Комитет бюрократизмге қарсы күресу, демократизмді кеңейту туралы *Орталық Комитеттің хатын* бекітеді. Сентябрьде мәселе партия конференциясына қойылады, сөйтіп конференцияның шешімін Орталық Комитет бекітеді. Декабрьде бюрократизмге қарсы күрес туралы мәселе Советтердің VIII съезінде қойылды. Демек, бүкіл Орталық Комитет, бүкіл партия және бүкіл жұмысшы-шаруа республикасы бюрократизм туралы және оған қарсы күрес туралы мәселені күн тәртібіне қоюды қажет деп тапты. Осыдан РКП IX съезінен «безушілік» шыға ма? Жоқ. Бұл арада ешқандай безушілік жоқ. Еңбекті милитарландыру, т. т. жөніндегі шешімдер даусыз, сондықтан бұл шешімдерге қарсы таласқандардың демократизмге сүйенушілігін мазақ еткенімді қайтып алудың маған титтей де қажеті жоқ. Бұдан шығатын қорытынды тек мынау ғана: жұмысшы ұйымдарында біз демократизмді кеңейте түсетін боламыз, бірақ әсте оны фетишке айналдырмаймыз;— бюрократизмге қарсы күрес ісіне біз айрықша көңіл бөлетін боламыз;—бюрократизмнің керексіз және зиянды шектен шығушылықтарының қандайын болса да, оларды кім көрсетсе де, біз ерекше ұқыпты түрде түзетіп отыратын боламыз.

Енді екпінділік пен теңгермелік туралы шағын мәселе жөнінде тағы бір соңғы ескертпе. 30 декабрьдегі айтыста мен Троцкий жолдастың бұл пункт жөніндегі 41-тезисінің тұжырымы теория жағынан теріс дедім, өйткені онда тұтынуда—теңгермелік, ал өндірісте—екпінділік болып шыққан. Мен: екпінділік дегеніміз артықшылық, ал тұтынусыз артықшылық деген түк емес деп жауап бердім. Троцкий жолдас маған осы үшін және «аса зор ұмытшақтық» үшін, «қудалауға салынғандық» үшін (67 және 68-беттер) кінә тағады,— амал табушылық, дипломаттыққа салынғандық, т. с. жөнінде

кінә тағылмағанына таңданамын. Ол, Троцкий, менің теңгермелік бағытымның пайдасына бола «кеңшілік» жасапты, ал мен Троцкийге шабуыл жасап отырған көрінемін.

Ал шынында партия істеріне назар аударғысы келетін оқушыға партияның дәл документтері: Орталық Комитеттің ноябрь пленумы қарарының 4-пункті мен Троцкийдің платформа-тезистері, 41-тезисі бар. Мен қаншалықты «ұмытшақ» болсам да, Троцкий жолдас қаншалықты жадында сақтағыш болса да, 41-тезистің ішінде теория жағынан теріс нәрсе бар екені, бұл теріс нәрсе Орталық Комитеттің 9 ноябрьдегі қарарында жоқ екені факт болып қала береді. Бұл қарар былай дейді: «Шаруашылық жоспарды жүзеге асыруда екпінділік принципін сақтауды қажет деп тани отырып, Орталық Комитет, соңғы (яғни сентябрьдегі) Бүкіл россиялық конференцияның шешіміне толық қосылып, жалпы одақтық ұйымды ұдайы күшейте отырып, жұмысшылардың түрлі топтарының және тиісті кәсіподақтардың жағдайында бірте-бірте, бірақ бұлжымастан теңгермелікке көшу қажет деп табады». Мұның Цектранға қарсы бағытталғаны айқын және бұл қарардың дәл мағынасын басқаша түсіндіру ешбір мүмкін емес. Екпінділік жойылмайды. Екпінді кәсіпорынның, кәсіподақтың, тресттің, ведомствоның артықшылығы (шаруашылық жоспарды жүзеге асыруда) қала берді, бірақ сонымен бірге «Ленин жолдас» жақтаған емес, *ал партия конференциясы мен Орталық Комитет бекіткен, яғни бүкіл партия бекіткен* «теңгермелік бағыт» мынаны айқын талап етеді: бірте-бірте, бірақ бұлжымастан теңгермелікке *к ө ш е б е р*. Орталық Комитеттің ноябрьдегі осы қарарын Цектранның орындамағаны Орталық Комитеттің декабрьдегі (Троцкий мен Бухарин өткізген) шешімінен көрінеді; мұнда «қалыпты демократизмнің бастамасы» туралы тағы да еске салушылықты оқимыз. 41-тезистің теория жағынан теріс жері — онда: тұтыну саласында теңгермелік болсын, өндіріс саласында екпінділік болсын делінген. Бұл — экономикалық тұрғыдан қисынсыздық, өйткені бұл тұтыну мен өндірудің арасын ажырату болады. Бұған ұқсас еш нәрсе туралы мен айтқаным жоқ,

айтуым да мүмкін емес. Завод керек болмаса — опы жауып тастау керек. Мүлде керек емес заводтардың бәрін жауып тастау керек. Аса керектілерінің ішінен — екпінді заводтарға артықшылық беру керек. Айталық, транспорт артықшылық жағдайда. Бұл даусыз. Бірақ бұл артықшылықтың тым шектен шығып кетпеуі үшін және мұның өзі Цектранда тым шектен шығып кеткендіктен, *партияның* (Лениндікі емес) директивасы мынадай: *бірте-бірте*, бірақ бұлжымастан теңгермелікке *көш*. Егер дәл және теория жағынан дұрыс шешім берген ноябрь пленумынан кейін Троцкий «екі тенденция» туралы фракциялық кітапша жазып, 41-тезисте өзінің экономикалық жағынан теріс тұжырымын ұсынып отырса, мейлі, өз обалы өзіне.

---

Бүгін, 25 январьда, Троцкий жолдастың фракциялық сөз сөйлеген күніне тура бір ай толды. Формасы жағынан орынсыз, мәні жағынан теріс осы сөздің салдарынан партия тиянақты, практикалық, шаруашылық, өндірістік жұмыстан алаңдатылды, саяси және теориялық қателерді түзетуге бола алаңдатылды, бұл қазірдің өзінде-ақ өте-мөте айқын көрініп отыр. Бірақ «жаман айтпай, жақсы жоқ» деген ескі мақал текке айтылмаған.

Орталық Комитет ішіндегі алауыздықтар туралы, сыбыстарға қарағанда, масқара әңгімелер айтылып жүр. Оппозицияның маңына меньшевиктер мен эсерлер үйіріліп алды (күмән жоқ және үйіріліп те жатыр); олар барынша жаманатқа қалдыру, қаралап теріс түсінік беру, жанжалды шиеленістіре түсу, партияның жұмысын бүлдіре түсу мақсатымен сыбыстарды өршітіп жүр, адам естімеген ызалы тұжырымдарды жапынан қосып жүр, жоқ нәрселерді ойдан шығарып жүр. Бұл — буржуазияның, соның ішінде ұсақ буржуазияшыл демократтардың, меньшевиктер мен эсерлердің, саяси тәсілі; олар большевиктерге қарсы өршелене қаһарын тігіп жанталасады және өте түсінікті себептерден олар жанталаспай тұра алмайды. Партияның кез келген саналы мүшесі буржуазияның бұл саяси тәсілімен таныс және бұл тәсілдің құнын біледі.

Орталық Комитеттің ішіндегі алауыздықтар партияға жүгінуге мәжбүр етті. Айтыс бұл алауыздықтардың мәні мен шегін айқын көрсетті. Сыбыс пен жалаға тыйым салынды. Партия жаңа дертке, фракцияшылдыққа (жаңа дейтініміз — біз Октябрь төңкерісінен кейін бұл дертті ұмытқан едік) қарсы күресте үйреніп, шынығып келеді. Істің шын мәніне келгенде, бұл—ескі дерт, мұның, тегінде, бірнеше жыл қайталай беруі сөзсіз, бірақ бұл дерттен емделіп айығу енді тезірек, жеңілірек болады және солай болуға тиіс.

Партия алауыздықтарды асыра корсетпеуді үйренуде. Бұл арада Троцкий жолдастың Томский жолдас жайында айтқан дұрыс ескертпелерін қайталаған орынды: «Томский жолдасқа қарсы ең қатты айтыста да мен әрдайым былай деп айтып келдім: біздің кәсіподақтардағы басшыларымыз тек тәжірибелі, беделді адамдар ғана болуға тиіс, ал мұндай қасиеттер Томский жолдаста бар, бұл маған әбден айқын. Мұны мен кәсіподақтардың V конференциясының фракциясында айтқанмын, мұны жақын арада Зимин театрында да айттым. Партиядағы идеялық күрес өзара жоққа шығару деген сөз емес, қайта өзара ықпал ету деген сөз[121]» (30 декабрьдегі айтыс туралы есептің 34-беті). Партияның бұл дұрыс пайымдауды Троцкий жолдас жөнінде де қолданатыны өзінен-өзі түсінікті.

Синдикалистік уклон айтыс кезінде, әсіресе Шляпников жолдаста және оның «жұмысшы оппозициясы» деп аталатын тобында байқалды. Мұның өзі партиядан ауа жайылған, коммунизмнен ауа жайылған көрінеу уклон болғандықтан, бұл уклонды айрықша ескеруге тура келеді, ол туралы ерекше әңгімелесуге тура келеді, бұл көзқарастардың қателігін және мұндай қатенің қауіптілігін түсіндіріп, насихат жүргізуге айрықша көңіл бөлуге тура келеді. «Міндетті түрдегі кандидатуралар» (кәсіподақтардың басқару органдарына ұсынатын кандидатуралары) деген синдикалистік сөзді айтуға аузы барған Бухарин жолдас бүгін «Правдада» өзін өте сәтсіз, көрер көзге теріс қорғаған. Ол, байқайсыздар ма, партияның ролі туралы басқа пункттерде айтады! Айтпағанда ше! Әйтпесе бұл партиядан кету болар

еді. Әйтпесе бұл түзетуді керек ететін және жеңіл түзетуге келетін *қате* ғана болып қоймас еді. Егер «міндетті түрдегі кандидатуралар» туралы айта отырып, нақ сол бойда олардың партия үшін міндетті нәрсе *емес* екенін қоспау — синдикалистік уклон болып шығады, бұл коммунизммен сыйыс*пайды*, РКП-ның партиялық программасымен сыйыс*пайды*. Егер «партия үшін міндетті *емес»* деп қосылса, онда бұл партияда жоқ жұмысшыларды олардың праволарын қайдағы бір арттыру жөніндегі елеспен алдау болып шығады, ал іс жүзінде қазіргі бар жағдайдан басқа титтей де өзгеріс болмайды. Бухарин жолдас коммунизмнен өзінің теория жағынан көрінеу теріс, саяси жағынан алдамшы ауытқуын барған сайын қорғай беретін болса, қыңырлықтың нәтижесі соғұрлым қайғылы бола түседі. Бірақ қорғауға келмейтін нәрсені қорғауға болмайды. Партияда жоқ жұмысшылардың праволарын барынша кеңейтуге партия қарсы емес, бірақ бұл жөнінде қай жолмен жүруге болатынын, қай жолмен жүруге болмайтынын түсіну үшін азғана ойланудың өзі де жеткілікті.

Кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық II съезіндегі коммунистік фракциядағы айтыста Шляпниковтың платформасы, оны осы одақтағы айрықша беделді Киселев жолдастың жақтағанына қарамастан, жеңіліске ұшырады: біздің платформаны 137 дауыс, Шляпниковтың платформасын 62 дауыс, Троцкийді 8 дауыс жақтады. Синдикалистік уклоннан айығу керек және одан айығатын болу керек.

Бір айдың ішінде Питер де, Москва да, бірқатар провинциялық қалалар да партияның айтысқа үн қосқанын және басым көпшілік болып Троцкий жолдастың қате бағытын қабылдамай тастағанын көрсетті. Егер «жоғарғы топтарда» және «перифериядa», комитеттерде, мекемелерде, сөз жоқ, қобалжулар болған болса, партияның қарапайым мүшелер бұқарасы, партиядағы жұмысшы бұқара нағыз басым көпшілік болып бұл қате бағытқа қарсы шықты.

Каменев жолдас маған былай деп хабарлады: Москва қаласының Замоскворецк ауданындағы айтыста, 23 январьда, Троцкий жолдас өз платформасынан бас

тартатынын, жаңа платформа негізінде Бухарин тобымен бірігетінін мәлімдеген. Амал не, кен жұмысшылары съезіндегі коммунистік фракцияда маған қарсы шыққан Троцкий жолдастан бұл туралы мен 23 январьда да, 24 январьда да бір ауыз сөз естігенім жоқ. Троцкий жолдастың пиғылы мен платформасы тағы өзгерді ме, әлде істің мәні қалайда басқаша ма, мен мұны білмеймін. Бірақ қайткен күнде де Троцкий жолдастың 23 январьдағы мәлімдемесі мынаны көрсетеді: партия, өзінің барлық күшін жұмылдырып үлгірмей-ақ, тек Питердің, Москваның және провинциялық орталықтардың азшылығының ғана козқарастарын білдіріп үлгірсе де, дегенмен, Троцкий жолдастың қатесін бірден, берік, батыл, тез, бұлжымастан түзеді.

Партия жаулары босқа масайрады. Олар партия ішіндегі кейде болмай қоймайтын алауыздықтарды партияға және Россиядағы пролетариат диктатурасына зиян келтірерліктей етіп пайдалана алмады және пайдалана алмайды да.

25 январь, 1921 ж.

*1921 ж. 25 және 26 январьда жұмысшы, шаруа және қызыл әскер депутаттары Москва Советінің баспасөз бөлімі басылымында жеке кітапша болып басылған Қол қойған: Н. Ленин*

*Кітапшаның қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр*

# РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ЦЕКТРАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[122]

Мәселенің толық айқын болуы себепті Орталық Комитет мүшелерінің пікірін сұрастырумен шектелуді ұсынамын. Мынадай қарар ұсынамын:

«Съезд алдында (Цектран съезі болсын, РКП съезі болсын) уақыт соншалық аз қалып отырғанда жұмыстан босату мүлде мүмкін емес және оған жол беруге болмайды. «Қудалаудың», яғни транспорт ісіне зиянын тигізетін, *тәртіпті бұзатын* тиісулерге *ұласатын* айтыстың сәл көрінісін Орталық Комитет қатаң жазалап отыратын болады және мұндай жағдайлар жөнінде өзін хабардар етуді сұрайды».

31. I. *Ленин*

*1921 ж. 31 январьда жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# МЕТАЛЛИСТЕРДІҢ МОСКВАДА БОЛҒАН КЕҢЕЙТІЛГЕН КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1921 ж. 4 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[123]

Мен конференция жұмысына қатыса алмайтындығыма кешірім сұраймын, сондықтан өз көзқарасымды баяндап қана өтейін.

Сөйлеп өткен жолдастардың соңғы сөздерінен мен сіздердің егіс науқанына қатты назар аударатындарыңызды білдім. Көптеген адамдар Совет өкіметінің шаруалар жөніндегі саясатында қайсыбір айлакерлік бар деп ойлайды. Өзіміздің бұл салада жүргізіп отырған саясатымызды біз бүкіл бұқараның көз алдында әрқашан ашық баяндап келеміз. Совет өкіметінің түбегейлі мәселесі мынада: біздің жеңістерімізден кейін басқа елдерде әзір жеңіске қол жетпей отыр. Егер біздің Конституциямызды зер салып оқитын болсаңыздар, онда сіздер біз қисынсыз, қайдағы жоқты уәде етіп отырмағанымызды, қайта диктатураның қажет екендігін айтып отырғанымызды көресіздер, өйткені бүкіл буржуазиялық дүние бізге қарсы тұр.

Бізге: шаруалар жағдайы жұмысшылармен бірдей емес, сіздер бұл арада айлакерлік жасап отырсыздар деседі. Бірақ бұл айлакерлікті біз ашық жариялап отырмыз ғой.

Кімде-кім буржуазиямен арадағы күштердің арасалмағын азды-көпті сабыр тұтып ойластыратын болса, ол буржуазияның бізден күштірек екенін, солай бола тұрса да, үш жыл бойы ол бізді жаныштай алмай отырғанын біледі. Бұл бір керемет емес, біз кереметке сенбейміз. Мәселе тек мынада ғана: олар біріге алмай,

олжа бөлісуге бола таласып отыр. Езгіде болып отырған жерлердің басым бөлігі — отарлар, ал азшылық болса, осы отарлардың еңбегімен күпелтіп, өздерін жанартаудың үстінде отырғандай сезінеді.

Олар бізден күштірек, бірақ оларда да қозғалыс өршіп келеді. Капиталистердің әскери күші біздің күшімізден басымырақ болса да, олар жеңіліп қалды, сондықтан біз былай дейміз: ең ауыр кезең артта қалды, бірақ жау әлі де әрекеттеніп бағады. Біздің елімізде болған европалықтардың бірде-бірі: біз жұлмаланбай және «жал-құйрығымыз» күзелмей шығар едік, Англия да алты жылдық соғыстан кейін бәз-баяғы қалпында болар еді дей алмады.

Барлық күш-жігерді жұмысшылар мен шаруалардың қарым-қатынасын реттеуге бағыттау керек. Шаруалар дегеніміз өзгеше тап; социализм таптар болмаған кезде, өндіріс құрал-жабдықтарының бәрі еңбекшілердің қолында болған кезде ғана орнайды. Бізде әлі таптар қалып отыр, оларды жою талай-талай көптеген жылдарды талап етеді, ал кімде-кім мұны тез арада істеймін деп уәде берсе, ол — барып тұрған алдамшы. Шаруа бөлек тұрады, ол қожайын ретінде жеке-дара өмір сүреді, астық та сонда: мұнымен ол жұрттың бәрін кіріптар ете алады. Бізді қаруланған жау аңдып отыр, ал оның бізді құлатып тастамауы үшін жұмысшылар мен шаруалардың қарым-қатынасын дұрыс жолға қоюымыз керек.

Егер жұмысшылар мен шаруаларды алатын болсақ, онда шаруалардың көп екенін көреміз. Буржуазия біздің демократиямыз бар, бізде жұмысшылар да, шаруалар да бірдей правомен пайдаланады дейді. Әзірге шаруалар буржуазияға еріп отырған кезде, әзірге жұмысшылар жалғыз болып отырған кезде, олар әрдайым талқандала бермек. Егер біз мұны ұмытатын болсақ, онда бізді капитал соққылап кетеді. Біз теңдік жөнінде уәде бермейміз, бізде теңдік жоқ. Біреуінің астығы мол болып, екіншісінің дәнеңесі жоқ болып отырғанда, теңдік болуы мүмкін емес.

Фабриканы бөлуге болмайтынын, бірақ жерді бөлуге болатынын капиталистер дұрыс ескерген. Бізде проле-

тариат диктатурасы орнаған, бұл сөз шаруаларды үрейлендіреді, бірақ бұл шаруаларды біріктіретін және оларды жұмысшылардың басшылығымен жүруге көндіретін бірден-бір құрал. Біз бұл дұрыс шешім, жұмысшы табы шаруаларды біріктіреді деп ойлаймыз. Тек сонда ғана ілгері басуға жол ашылады, тек сонда ғана біз таптарды жоюға қарай алға баса аламыз.

Америкада капиталистер қандай саясат жүргізіп жатыр? Олар жерді тегін үлестіріп жатыр, сондықтан да шаруалар капиталистерге еріп отыр, ал капиталистер шаруаларды теңдік туралы сөздермен алдандырып келеді[124]. Не осы алдауға ере беру керек, не оны түсініп, жұмысшылармен бірігу керек, сөйтіп капиталистерді қуып жіберу керек.

Біздің саясатымыз міне осындай, ал сіздер оны біздің Конституциямыздан таба аласыздар. Маған осында: егіс науқанын қайтадан қарау керек дегенді айтты. Биылғы көктемде шаруалардың жағдайы өте ауыр екенін мен білемін. Ал жұмысшылар үшін ең ауыр кезеңнен өттік. Біз ешкімге де тең етеміз деп уәде бергеніміз жоқ: жұмысшылармен бірге болғың келсе — бізбен бірге жүр, социалистер жағына өт, жұмысшылармен бірге болғың келмесе — ақтарға барып қосыл. Жайлы өкімет болады деп біз уәде бергеніміз жоқ: бірақ ол өкімет бізді помещиктер мен капиталистердің өкіметінен құтқарды. Жұмысшылар осы үш жыл ішінде аш-жалаңаштыққа душар болды, сөйтіп жүргенде қолының жеткені тоқтап қалған фабрикалар ғана. Бірақ олар өкіметке ие болды. Тіпті астықты өлкелердің шаруалары да жұмысшылар өкіметі мен Деникин өкіметінің айырмашылығын түсінді, сөйтіп олар өз таңдауын жасады. Егер біз Деникинді жеңген болсақ, онда кереметтіктен жеңгеніміз жоқ, оны жеңген себебіміз — Құрылтай жиналысынан іс жүзінде не шыққанын тіпті бай шаруалардың да көргендігінен жеңдік; сөйтіп шаруа түсіне бастады және тәжірибе жүзінде сынап көре бастады.

Ақтар жерді неғұрлым көбірек басып алған сайын, шаруаларды соғұрлым көбірек армияға шақырғанын шаруалар түсінді, ал онда олар көбейе келіп, Деникинді лақтырып тастады.

Біз төлегей теңіз молшылық болады деп уәде бермейміз, ал ана жақтағылар теңдік береміз деп уәде етіп,— помещикті береді. Міне, сондықтан да біз жеңіп шықтық.

Бізге: егіс науқанын қайта қарау керек деседі. Мен былай деймін: жұмысшыдай ешкім де азап шеккен жоқ. Шаруа осы уақыттың ішінде жер алды, оның астық жинап алуға мүмкіндігі болды. Шаруалар осы қыста мүшкіл жағдайға душар болды, сондықтан олардың наразылығы түсінікті.

Ал енді жұмысшылардың шаруаларға көзқарасып қайта қарастыралық. Біз жұмысшылардың адам айтқысыз құрбандықтар жасағанын айтқанбыз, енді шаруалардың нағыз ауыр жағдайға душар болған жылы келіп отыр, ал біз бұл жағдайды білеміз. Біз бұл көзқарастарды қайта қарауға қарсы емеспіз. Егіс науқанының негізгі міндеті неде?— барлық егістік жерге түгел тұқым себу керек, әйтпесе біз сөзсіз құримыз. Осы жылы олардан қанша астық алынғанын сіздер білесіздер ме? Үш жүз миллионға жуық алынды, ал ойтпеген күнде жұмысшы табы не істеген болар еді? Бірақ соның өзінде де ол аш болды! Шаруалардың жағдайының ауыр екенін біз білеміз, бірақ бұл жағдайды түзетудің басқа жолы жоқ. Қазір біз 13 губернияда салымды мүлдем тоқтатып отырмыз. Өткен жылы біз тұқымға сегіз миллион пұт бердік, жаңа өнімнен қайтарып алғанымыз алты миллион пұт, ал қазір шамамен он бес миллиондай беріп отырмыз. Егіс науқанын жүргізбей тастау үйдің бесінші қатарынан құлап өлумен тең. Біз шаруаларға мұқтаждықтан бірден құтқарамыз деп уәде бере алмаймыз, бұл үшін фабрикаларда өнімді жүз есе көп өндіру керек болады.

Егер жұмысшыларды тіпті осы жартымсыз паекпен қолдамаған болсақ, біз бүкіл өнеркәсіпті тоқтатып алған болар едік.

Рас, жұмысшылар үш жыл бойына еш нәрсе алған жоқ. Бірақ бірден ем боларлық шара табуға болмайды және ондай шара жоқ та.

Жұмысшы табы үш жыл ішінде әлсіреді, ал шаруалар үшін ең ауыр көктем келді. Бірақ сіздер бізге егіс

науқанын өткізуге, егістік жердің бәріне тұқым себуге жәрдемдесіңіздер, сонда біз қиыншылықтан құтылып кете аламыз.

Венгрияда шаруалар венгр жұмысшыларына көмектеспей, помещиктердің өкіметіне тап болды.

Сіздердің алдыңызда тұрған таңдау осындай. Бұл қиыншылық жағдайдан қалай құтылуға болады?— Барлық күшті егіс науқанына жәрдемдесуге жұмсау керек, қатенің бәрін·көрсету керек, түзетулер енгізіп отыру керек, әйтпесе біз қиыншылық жағдайдан құтыла алмаймыз.

*Газет есебі 1921 ж. 8 февральда «Коммунистический Трудтың» 264-номерінде басылған*

*1926 ж. Н. Лениннің (В. Ульяновтың) Шығармалар жинағында толық басылған, XX том, II бөлім*

*Протоколдық жазбаның машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр*

# ТІГІН ӨНЕРКӘСІБІ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ IV СЪЕЗІНДЕ 1921 ж. 6 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[125]

(*Ұзақ қол шапалақтау.*) Жолдастар, бұл съезді біздің партиямыздың Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің атынан құттықтай алғаныма мен өте қуаныштымын. Сондай-ақ, шағын бөлегі біздің партиямыздың Орталық Комитеті Саяси Бюросының да мойнына түскен біршама еңбектерден кейін және сіздердің бәріңіздің де мойныңызға түскен үлкен еңбектерден кейін сіздердің араларыңызда болған жанжалды, қақтығысуларды және егестерді әйтеуір жайшылық ымыраға келумен және сіздердің кешегі бірауыздан қабылдаған шешіміңізбен аяқтай алғанымызға одан да зор қуаныштымын. Міне, осы кішкене қақтығыс және оның ойдағыдай шешілуі, жолдастар, келешек жұмыста сіздер, одақ мүшелері ретінде де, партия мүшелері ретінде де, әлі де алдымызда тұрған үлкен қиыншылықтар мен міндеттердің бәрін шеше алатындарыңызға біз үшін енді кепіл болады деп сенемін.

Жолдастар, егер біздің республикамыздың жалпы жағдайы туралы, Совет өкіметінің ішкі жағдайы мен сыртқы жағдайы туралы айтатын болсақ, онда, әрине, біздің алдымызда тұрған ең үлкен қиыншылықтар республикамыздың сыртқы жағдайы тұрғысынан болды. Россиядағы бүкіл пролетарлық революцияның ең үлкен қиыншылықтары мынада еді: империалистік соғыстың барысы жағдайына және 1905 жылғы бірінші революцияның бұрынғы дамуы жағдайына байланысты социалистік революцияны бастауды біздің өз мойнымызға

алуымызға тура келді, ал осы бастама бізге және біздің елімізге құлақ естіп, көз көрмеген қиыншылықтар жүктеді. Капиталдың қаншалықты халықаралық күш болып табылатынын, аса ірі капиталистік фабрикалардың, кәсіпорындардың, магазиндердің бүкіл дүние жүзінде қаншалықты өзара байланысты екенін, ал осыдан келе, әрине, істің шын мәніне келгенде капиталды бір елде ақырына дейін жеңуге болмайтыны анық екенін сіздер бәріңіз де, әрине, білесіздер,— сіздердің өнеркәсіп салаңызда, менің ойымша, бұл сіздерге, өнеркәсіптің басқа салаларындағы жұмысшылардан гөрі, сірә, анығырақ болу керек. Капитал — халықаралық күш, ал оны ақырына дейін жеңіп шығу үшін жұмысшылардың да сондай халықаралық көлемде бірігіп, қимыл жасауы керек. Сондықтан да біз 1917 жылы Россияда буржуазиялық-республикалық үкіметтерге қарсы күрескен кезден бастап, 1917 жылдың аяғында Советтер өкіметін жүзеге асырған кезімізден бастап, біз жұмысшыларға біздің жеңісіміздің түбегейлі, басты міндеті және негізгі шарты — революцияны, ең болмағанда, неғұрлым алдыңғы қатарлы бірнеше елге тарату болып табылатынын әрқашан және сан рет көрсетіп отырдық. Ал біздің алдымызда төрт жыл бойы тұрған ең басты қиыншылықтар мынада болды: батыс европалық капиталистер соғысты тоқтатуға қол жеткізіп, революцияны біраз кейінге ысырды.

Империалистік соғыс кезінде буржуазияның жағдайы неғұрлым тұрақсыз болғанын біз Россияда бәріміз өтемөте айқын байқадық; біз одан кейін басқа елдердің бәрінде де нақ соғыстың аяғы, халық қаруланған жағдайда болған кезде, осы мемлекеттерде бәрінен бұрын саяси дағдарыс кезеңі болғанын естідік, дәл осы кезеңде пролетариат капиталистерге қарсы күрес мәселесін бір соққымен-ақ шешкен болар еді. Толып жатқан себептерге байланысты батыс европа жұмысшылары мұны жүзеге асыра алмады, сондықтан міне төртінші жыл бізге өз жағдайымызды жеке-дара қорғауға тура келіп отыр.

Осы жағдайға байланысты Советтік Россия республикасының мойнына түскен қиыншылықтар ұшы-қиырсыз зор болды, өйткені біздегі помещиктерді қолдау үшін

дүние жүзі капиталистерінің әскери күштері мүмкін болған нәрсенің бәрін істеді және олардың әскери күші біздің күшімізден, әрине, көптен-көп есе артық еді. Ал егер біз қазір, үш жылдан астам уақыт өткеннен кейін, олардың соғыс шабуылдары мен кедергілерінің бәрін қиратып отырған болсақ, онда біз осы уақыттың ішінде Россия жұмысшы табының басына түскен адам айтқысыз қиыншылықтарды, ауыртпалықтарды, тарығулар мен күйзелістерді жақсы біле отырып, ешбір асырмайақ айтқанда, біз ең басты қиыншылықтар қазірдің өзінде артта қалды деуге қалайда праволымыз. Егер бүкіл дүние жүзілік буржуазия өзінің әскери күші артықша басым бола тұрып, әлсіз және артта қалған елді үш жыл бойы жеңе алмаған болса, онда мұның себебі — бұл елдің пролетариат диктатурасына көшкендігінде ғана, мұның себебі — бұл елге бүкіл дүние жүзіндегі, былайша айтқанда, қандай елдің болса да бәріндегі, еңбекші бұқараның тілектес болғандығында ғана. Егер бүкіл дүние жүзінің капиталистері өздерінің әскери күші орасан басым болуына қарамастан, өздеріне қиын соқпайтын осы міндетті орындай алмаған болса, онда біз, халықаралық тұрғыдан алғанда, бүкіл советтік революцияның осы ең қауіпті пунктінде, қайталап айтайын, ең басты қиыншылықтар артта қалды деп айта аламыз.

Әрине, қауіп әлі жойылып болған жоқ, түпкілікті бітімге қол жеткізу туралы келіс сөздер әлі де жүріп жатыр, кейбір белгілеріне қарағанда, осы келіс сөздердің едәуір қиын кезеңі дәл қазір туып келеді, өйткені әсіресе француз империалистері Польшаны әлі де жаңа соғысқа киліктіре түсуде және Советтік Россия бітімге көлгісі келмейді деген әр түрлі жалған лақаптар таратып отыр.

Ал шынына келгенде, біз бітімді тілейтінімізді дәлелдеу үшін не керектің бәрін істедік: біз алдын ала шарттарға бұдан бірнеше ай бұрын қол қойдық, олар өзінің мазмұны жағынан біздің икемділігіміз жұрттың бәрін таңдандырған шарттар болды. Біз бұл шарттардан ешбір жағдайда да бас тартпаймыз, бірақ патша өкіметі тұсында соның тепкісінде болған поляк халқына да, орыс халқына да тиесілі болған мүлікті бөлеміз деген желеу-

мен тек мүлік бөлудің біз үшін жаңа алымға айналып кетуіне жол беруге біз ешбір келісе алмаймыз. Бұған біз ешбір жол бере алмаймыз. Ортақ деп танылуы керек мүлікті және ішінара темір жол мүлкін әділетті түрде бөлу керек, поляк халқы үшін айрықша зор маңызы бар, патша өкіметі тұсында тонап алынып, Россияға әкетілген мәдени мүліктердің бәрін поляк халқына қайтарып беру керек, бұлайша қайтаруды біз талассыз деп есептейміз. Бұл істі реттеудің барысында қиын мәселелер болады-ау деп біз әрқашан күткен едік; бірақ егер француз империалистерінің қысымымен поляктар қайткен күнде де жанжал туғызғысы келетін және бітімді бұзғысы келетін болса, онда біз бұл арада еш нәрсе істей алмаймыз. Бітімге келу үшін тек бір жақтың ғана емес, екі жақтың да бірдей ерікті келісімі болу керек. Бұл бір жеке одақтың ішіндегі өте үлкен жанжал болсын немесе екі мемлекеттің арасындағы өте үлкен жанжал және қақтығыс болсын, оның бәрібір. Егер поляктар француз империалистерінің қысымына тағы да берілетін болса, онда, тағы да қайталап айтайын, бітім ісінің бұзылуы мүмкін. Егер француз империалистері бұл бітімді бұзып жіберетін болса, біздің басымызға тағы да қандай жаңа ауыртпалықтар түсетінін сіздер бәріңіз де, әрине, білесіздер, ал біз ондай әрекеттердің істеліп жатқанын және бұл жөнінде орасан зор күш жұмсалып жатқанын, көктем шыға Советтік Россияға қарсы тағы да жаңа шабуыл ұйымдастыру үшін шетел капиталистері сан миллиондаған сом қаржыны үсті-үстіне төгіп жатқанын толып жатқан мәліметтер мен деректемелерден жақсы білеміз. Үш жылдан астам уақытты басымыздан кешіргеннен кейін біздің енді бұл шабуылдардың қалай ұйымдастырылатыны жөнінде тәжірибеміз бар. Көрші мемлекеттің көмегінсіз шетел капиталистері азды-көпті үлкен жорық ұйымдастыра алмайтынын, сондықтан олардың Савинков бастаған әр түрлі топтарға немесе Прагада өз газетін[126] шығарып тұрған және кейде Құрылтай жиналысының атынан сөз сөйлеп отырған эсерлер тобына бірнеше миллион сом қаржы беріп жатқанын біз білеміз,— міне, осы бірнеше миллион сом қаржы босқа шашылып жатқанын, ал одан Праганың түрлі

баспаханаларында қағазды баспахана бояуымен былғаудан басқа түк шықпайтынын біз білеміз.

Бірақ Россиямен соғысып көрмеген Румыния сияқты және авантюристерден құралған үстемдік етуші әскери сұрқия тобы мен үстемдік етуші қанаушы табы бар Польша сияқты мемлекеттер қалып отыр. Олардың бізге қарсы үлкен күш жинай алмайтынын біз білеміз, ал сонымен қатар бізге бейбітшілікті сақтаудың және барлық күшті шаруашылықты қалпына келтіруге жұмсауға толық мүмкіндік алудың бәрінен де қымбат екенін де біз білеміз, сондықтан біз өте-мөте сақ болуымыз керек. Халықаралық саясаттың басты қиыншылықтарынан өттік деп айтуға біз праволымыз, бірақ егер біз тағы да жаңа әрекеттердің болуы мүмкін екенін ескермесек, онда тым ұшқалақ адамдар болар едік. Әрине, бізде Врангель майданы толық жойылған кезде, ал Румыния өзіне тиімді кезде соғысуға бата алмай қалған кезде, енді келіп оның соғысуға батылы бара ды деудің ықтималы кемірек, бірақ Румыния мен Польшада билеуші таптар мүлде жан түңілерлік деп атауға болатын жағдайға жақын тұрғанын ұмытпау керек. Бұл екі елдің екеуі де түгелімен және бөлшектеліп шетел капиталистеріне сатылған елдер. Борышқа белшесінен батып жатыр, ал оларын өтер ештеңелері жоқ. Банкротқа ұшырауы сөзсіз. Жұмысшылар мен шаруалардың революциялық қозғалысы барған сайын өсіп келеді. Мұндай жағдайда буржуазиялық үкіметтің, алды-артын ойламастан, нағыз жөнсіз, есуастық авантюраларға баруы талай рет болған нәрсе, ондайларды жаннан түңілушілік және олардың жағдайларының мүшкілдігі деуден басқа ештеңемен түсіндіре алмайсың. Міне сондықтан да соғыс шабуылының жаңа әрекеттері болу мүмкіндігімен қазір де санасуымызға тура келеді.

Бұл әрекеттердің талқандалатыны ғана емес, сонымен қатар капиталистік державалардың жағдайы, жалпы айтқанда, бүкіл дүние жүзінде тұрақсыз екені жөнінде бізге сенім беретін басты нәрсе — барлық елдерде экономикалық дағдарыстың өсіп отырғандығы және коммунистік жұмысшы қозғалысының өсіп отырғандығы. Европада революция біздің революциямыз сияқты болма-

ды. Менің жоғарыда айтып өткенімдей, қарулы күш жұмысшылар мен шаруалардың қолында болып тұрған кезде, соғыстың аяғын батыс европалық мемлекеттерде тез және ауыртпалығы неғұрлым аз революция жасау үшін пайдаланудың сәті түспеді, бірақ империалистік соғыс бұл мемлекеттердің жағдайын нашарлатқаны сонщалық, оларда дағдарыс осы кезге дейін аяқталмағаны былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, нақ осы келесі көктемге қарай барлық жерлердің бәрінде де, ең бай алдыңғы қатарлы елдерде, экономикалық дағдарыс күшейген үстіне күшейіп келеді. Капитал дегеніміз халықаралық қырсық, ал мұның нақ осы халықаралық қырсық болғандығынан да барлық елдердің бір-бірімен байланысты болып отырғаны сонщалық, олардың біреуінің апатқа ұшырауы қалғандарының бәрін су түбіне ала кетеді.

Соғыс уақытында бай елдер байып алды, әрине, олардың капиталистері байып алды, бірақ осының бәріне қарамастан, Россияның ғана емес, сонымен қатар Германия сияқты елдің де толық күйзелуі салдарынан, езіліп жаншылуы салдарынан, ақшаның құнсыздануы салдарынан Европа елдерінің басым көпшілігінде сауда қатынастары әлсіреп, бұзылды; өз өнеркәсібінің өнімдерін сатуға мүмкіндігі болмай, аса бай елдер тұншығуда, өйткені ақшаның құны жойылып кетті, жұмыссыздық барлық елдерде де көз көріп, құлақ естімеген дәрежеде өсуде, бүкіл дүние жүзінде бұрын-соңды болып көрмеген экономикалық дағдарыс өсіп келеді.

Ал сонымен бірге жұмысшы табы, оны революциядан аулақтату үшін өз пайдаларының едәуір бөлегін жұмысшы табының жоғарғы топтағы өкілдеріне берген, өз буржуазиясы сатып алып отырған жұмысшы табы, Советтік Россияға қарсы жүргізілген соғыстың үш жарым жылы ішінде өзінің көр соқырлыққа түскен жағдайынан барлық елдерде де сергіп келеді, ал коммунистік қозғалыс партиялар ішінде ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзіндегі кәсіптік одақтарда да, біздің тілегеніміздей тез болмаса да, тұрақты, берік және терең алға басып келеді. Бүкіл дүние жүзінің билеуші таптары әсіресе кәсіптік қозғалыста болып жатқан өзгерістерден қорқа-

ды. Орыс революциясында болғаны сияқты, жасырын жағдайда болып келген партия бірнеше айдың немесе бірнеше аптаның ішінде бүкіл халық күшін билеуші партияға айналған, революцияшыл пролетариатты бастай алатын партияны, миллиондарды өзіне ерте білетін партияны Европада ондаған жылдар бойы көрген жоқ және одан қорықпайды. Ал әрбір капиталист кәсіптік одақтардың миллиондарды біріктіретінін біледі, социалистер деп атала тұрса да, капиталистердің саясатын жүргізетін көсемдері арқылы кәсіптік одақтарды өз қолдарында ұстап отырмайтын болса, міне осындай кәсіптік одақтарсыз капитализмнің бүкіл машинасы күйрейтінін олар көріп, біліп отыр. Олар мұны біледі, сезеді және байқайды. Мәселен, Германияда ең бір айта қаларлық жағдай мынау болар деймін: бүкіл буржуазиялық баспасөздің, II Интернационалда мәжіліс құрып, өздерін социалистер деп атап жүрген, ал іс жүзінде капиталистерге жан-тәнімен қызмет етіп отырған социал-сатқындардың бүкіл баспасөзінің айрықша ызасын келтірген, олардың осы айрықша ызасын келтірген жағдай Германияға Зиновьевтің баруынан гөрі орыс кәсіподақшыларының баруы болды, өйткені Германияны, бірінші рет, азғантай аралаған кезінде герман кәсіптік одақтарын орыс жұмысшы кәсіподақшыларындай ыдыратқан ешкім болмады; ал Германияның барлық буржуазиялық газеттерінің, коммунистерді жек көретін барлық капиталистердің бұл өлердей ызалануы олардың жағдайының соншалықты тұрақсыз екендігін, берік еместігін көрсетеді. Қазіргі кезде барлық цивилизациялы мемлекеттерде миллиондаған жұмысшыларды біріктіріп отырған кәсіптік одақтарға ықпал жүргізу жолындағы күрес бүкіл дүние жүзінде халықаралық көлемде қызу жүріп жатыр, ал бірақ барлық осы ішкі, бірден қарағанда көзге көрінбейтін жұмыс кәсіптік одақтарға байланысты; күшейіп келе жатқан экономикалық дағдарысқа байланысты капиталистік мемлекеттердің тағдыры сөзсіз шешілгелі отыр.

Германияның монархистік партиясының төңкеріс жасау әрекеті неміс жұмысшылары кәсіптік одақтарының қарсылығы арқылы жойылды; осы кезге дейін Шейде-

манға, Либкнехт пен Люксембургті өлтірушілерге, еріп келген жұмысшылар тегіс көтеріліс жасап, әскери күштерді қиратты. Англияда және едәуір дәрежеде Америкада да қазір экономикалық дағдарыс неғұрлым күшейе түскен сайын нақ осындай жағдай соғұрлым тез өріс алып жатыр. Міне сондықтан да капиталистік державалардың ішкі жағдайы олардың күштерін біржолата әлсірететініне және біздің кеше қиын болған, ал бүгін, орасан зор табыстарға қарамастан, қиын қалпында қалып отырған халықаралық жағдайымыздың біз үшін күмәнсыз жақсаратынына, сөйтіп біз барлық күшті өзіміздің ішкі міндеттерімізді орындауға жұмсай алатындығымызға нақ осы халықаралық жағдай бізді бәрінен де көбірек үміттендіріп қана қоймайды, сонымен қатар бізге сенім де береді. Мен бұл міндеттер жайында көп айтып жатпаймын, өйткені сіздердің бәріңізге, өндіріспен таныс болғандықтан, әрине, құрылыстың бұл міндеттері маған қарағанда неғұрлым жақын және түсініктірек, сондықтан да көп сөйлеп жату артық болған болар еді.

Мен жаңа өзімнің алдымда сөйлеп өткен шешеннің сөзінің соңында айтқан ескертпесін естідім, демек мен тек оның айтқанына толығымен қосыла аламын, қазір әрбір мүшеден өндірістің, шаруашылық құрылыстың біздің алдымызда тұрған практикалық міндеттеріне көбіне-көп назар аудару талап етіледі. Кәсіптік одақтар қазір өнеркәсіп жұмысшыларын түгел дерлік біріктіріп отыр, олар осы үш жыл ішінде ауыртпалықты бәрінен де көп көтерген тапты біріктіріп отыр. Жұмысшы табы Россияда диктатураны жүзеге асыруда, ол жұмысшылары азшылық болып отырған елде билеуші тап болып табылады, бірақ нақ жұмысшы табы басқарып отырғандықтан да, капиталистік қанаудың ауыртпалығын жұмысшы басынан кешіріп, мойнымен көтергендіктен де, міне дәл сондықтан да шаруалардың бүкіл еңбекші бұқарасының, басқаның еңбегімен күнелтпейтіндердің бәрінің тілектестігі мен қолдауы жұмысшы табына қамтамасыз етіліп отыр. Міне, дәл сондықтан да буржуазия ғана емес, сонымен қатар III Интернационалдың

жаулары болып қалған социалистер де түсіне алмайтын жағдай кез болды, бұл оларға біздің үкіметтің айлакерлігі болып көрінді, олар жұмысшы табының үш жыл бойы осынша қиыншылықпен қалайша күресе алғанын және оларды неліктен жеңе алғанын түсінбейді. Бірақ еңбекшілердің өкімет басына келуі деген, ең көп қаналып келген таптың өкіметті өз қолына алуы деген тарихта бірінші рет болып отырғандықтан, міне, нақ сондықтан шаруалардың көпшілігі жұмысшы табының праволылығын көре отырып және буржуазияға тілектес емес бола отырып, жұмысшы табын қолдамай отыра алмайды. Буржуазия деген сөзді шаруалар масқара деп атайды; менің қазіргі тәртіптер жөнінде айтып шағынған, Совет өкіметінің азық-түлік саласындағы және толып жатқан басқа мәселелер жөніндегі саясатын көрінеу жаратпайтын бір шаруаның айтқанын естігенім бар, ол деревня кедейлерінің оны «буржуй» дегеніне өкпелейді екен. Мұндай масқара созді маған қолданууларына мен көне алмаймын деді ол; бұл сөзді шаруалар,— тіпті неғұрлым ірі орташалар да, егер олар өздері жұмыс істейтін болса және өз еңбегімен нан табудың не екенін білетін болса және егер помещик пен капиталистің қанауын көрген болса, ал мұны жұрттың бәрі де көрген болатын,— бұл сөзді олар масқара деп танымай отыра алмайтынына келетін болсақ, бұл сөз барлық жағдайды білдіреді: біздің насихатымыз, үгітіміз, жұмысшы табының мемлекеттік ықпалы осы сөзге негізделген. Ал көптеген ауқаттылар мен жалдаптардың қарсылығына қарамастан, шаруалар бұқарасының жұмысшы табын нақ осы қолдауы қамтамасыз етілді. Нақ сондықтан да кәсіптік одақтар бізде еңбекшілердің одақтары ретінде ғана, біздің шаруашылығымызды құрушылар,— олардың басты міндеті осында,— ретінде ғана болып отырған жоқ, сонымен қатар олар помещиктерсіз және капиталистерсіз жаңа мемлекет құрып жатқан мемлекеттік күш болып та табылады және олар, азшылық бола тұрса да, жаңа коммунистік қоғамды орната алады және орнатады, өйткені өз еңбегімен күнелткен ондаған миллиондардың бәрінің бізге деген көмегі қамтамасыз етілген. Міне, сондықтан да

мен сіздердің съезіңізді құттықтай отырып, өзіміздің алдымызда тұрған қиыншылықтардың бәріне қарамастан, біз өз міндетімізді ойдағыдай орындаймыз деген сенім білдіремін. (Ұзақ қол шапалақтау.)

*Бірінші рет 1922 ж. мына кітапта басылған: «Тігін өнеркәсібі жұмысшыларының Бүкіл россиялық төртінші съезі (1—6 февраль, 1921 ж.) (Стенографиялық есеп)». Петроград*

*Кітаптың протоколдық жазбаның машинкада басылған данасымен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр*

# ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫНЫҢ КОММУНИСТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ДИРЕКТИВАЛАРЫ

1. Политехникалық білім беру жөнінде РКП программасы белгілеген позицияда сөзсіз бола отырып (программаның халық ағарту жұмысына арналған бөліміндегі, әсіресе 1 және 8-параграфтарын қараңыз), партия жалпы және политехникалық білім беру үшін жас мөлшерін 17-ден 15-ке түсіруді Антанта бізге еріксіз таңған соғыстардың салдарынан елдің қайыршылануы мен күйзелуінен туған тек қана уақытша практикалық қажеттілік деп карауға тиіс.

15-тен асқан адамдар үшін кәсіптік білім берудің «жалпы политехникалық білім берумен» «байланысы» (РКП программасының жоғарыда айтылған бөлімдегі 8-параграфы) оған титтей де болса мүмкіндік туған жағдайда міндетті түрде, сөзсіз және барлық жерде бірдей жүзеге асырылатын болсын.

2. Халық ағарту комиссариатының негізгі кемшілігі мынада: жұмыстың іскерлік және практикалық жағы жетіспейді, практикалық тәжірибені есепке алу және тексеру жеткіліксіз, осы тәжірибенің көрсеткендерін пайдалануда жүйелілік жоқ, жалпылама пайымдаулар мен абстракты ұрандар басым келеді. Халық комиссары мен коллегияның басты назары осы кемшіліктермен күресуге жұмылдырылуы керек.

3. Жалпы алғанда Халық ағарту комиссариатында, жекелеп алғанда Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқармада, орталықта мамандарды, яғни теориялық және практикалық мол даярлығы бар педагогтарды жә-

не кәсіптік-техникалық (соның ішінде агрономиялық та) білім жөнінен сондай даярлығы бар адамдарды жұмысқа тарту ісі дұрыс жолға қойылмаған.

Осындай қызметкерлердің есебін алу, олардың стаждарын анықтау, олардың жұмыс нәтижелерін тексеру және жергілікті, әсіресе орталықтағы жұмыста оларды жауапты қызметтерге үнемі тартып отыру ісін дереу ұйымдастыру қажет. Бірде-бір елеулі шара осындай мамандардың қорытындысынсыз және олардың үнемі қатынасуынсыз жүргізілмеуге тиіс.

Әрине, мамандарды іске тарту мынадай сөзсіз 2 шартпен жүзеге асырылуы керек: 1-ден, коммунист емес мамандар коммунистердің бақылауымен жұмыс істеуге тиіс. 2-ден, әңгіме жалпы білім беретін пәндер туралы, әсіресе философия, қоғамдық ғылымдар және коммунистік тәрбие туралы болып отырғандықтан оқытудың мазмұнын тек коммунистер ғана белгілеуге тиіс.

4. Негізгі типті оқу орындарының, ал одан кейін курстардың, лекциялардың, оқулардың, әңгімелесулердің, практикалық сабақтардың программаларын коллегия мен халық комиссары талдап жасап, бекітуге тиіс.

5. Азды-көпті тәуір жолға қойылған әрбір фабрика-завод және ауыл шаруашылық кәсіпорнын (совхозды, ауыл шаруашылық тәжірибе станциясын, жақсы шаруашылықты, т. с., электр станцияларын, т. т.) пайдалануға байланысты барлық қолайлы техникалық және агрономиялық күштерді кәсіптік-техникалық және политехникалық білім беруге неғұрлым кең және үнемі тартып отыру ісіне бірыңғай еңбек мектебі бөлімі, ал содан кейін әсіресе Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқарма күшті зер салып отыруы керек.

Шаруашылық кәсіпорындары мен мекемелерін политехникалық білім беру үшін пайдаланудың формалары мен тәртібі өндірістің қалыпты барысын бұзбайтындай етіп, тиісті шаруашылық органдарымен келісім бойынша белгіленуге тиіс.

6. Жұмыстың көлемі мен қорытындыларын есепке алып, тексеріп отыру үшін есеп берудің тиімді, нағыз қысқа, бірақ айқын және дәл формалары жасалуға тиіс.

Бұл жағынан алғанда Халық ағарту комиссариатында істің жолға қойылысы өте қанағаттанғысыз.

7. Мектептер жанындағы, сондай-ақ мектептен тыс жерлердегі кітапханалар мен оқу үйлеріне газеттер, кітапшалар, журналдар мен кітаптар бөлу ісі де өте қанағаттанғысыз жолға қойылған. Осының салдарынан газет пен кітапты совет қызметшілерінің азғана тобы алып қалып, олар жұмысшылар мен шаруаларға тым аз жетіп отыр. Осы жұмыстардың бәрін негізінен қайта құру қажет.

*«Правда» № 25*
*5 февраль, 1921 ж.*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

«Правданың» 5 февральдағы 25-номерінде «Халық ағарту комиссариатының коммунист қызметкерлеріне (комиссариаттың қайта құрылуына байланысты) РКП Орталық Комитетінің *директивалары»* басылып шықты.

Амал не, оның бірінші пунктінде бір сөз үш қайтара мағынасы бұзылып қате басылған: «политехникалық» білім беру деудің орнына саяси білім беру деп басылған!!

Мен осы директиваларға жолдастардың назарын аударып, кейбір өте маңызды пункттер жөнінде пікір алысуға шақырғым келіп отыр.

1920 ж. декабрьде халыққа білім беру мәселелері жөнінде партиялық кеңес болды. Оған шешуші дауыспен 134 делегат және кеңесші дауыспен 29 делегат қатысты. Кеңес бес күнге созылды. Бұл кеңес туралы есеп «Советтердің VIII съезінің халыққа білім беру мәселелері жөніндегі партиялық кеңеске арналған бюллетеніне қосымшада» берілді (Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің басылымы, 10 январь, 1921). Кеңес қарарларынан, ол туралы есептен, аталған «Бюллетеньге қосымшада» басылған — Луначарский жолдастың кіріспе мақаласы мен Гринько жолдастың мақаласынан басқа — мақалалардың бәрінен политехникалық білім беру туралы мәселенің теріс қойылуы көрініп тұр, Орталық Комитет директивалары көрсеткен кемшіліктің, онымен күресуге халық комиссары мен коллегияның «басты назарын» аударған кемшіліктің, атап айтқанда: жалпыла-

ма пайымдаулар мен абстракты ұрандарға «әуестенушілiктiң» бар екенi көрiнiп отыр.

Политехникалық бiлiм беру туралы мәселе бiздiң партиямыздың программасында, оның халық ағарту жұмысына арналған бөлiмiндегi 1 және 8-параграфтарында негiзiнен шешiлген. Орталық Комитеттiң директивасы да осы пункттерге меңзеп отыр. 1-параграфта 17 жасқа дейiнгiлерге *политехникалық бiлiм беру* туралы айтылған, 8-параграфта —*«жалпы политехникалық бiлiм берумен байланысты*, 17 жастан асқан адамдар үшiн кәсiптiк бiлiм берудi кеңiнен дамыту» туралы айтылған.

Сонымен, мәселе партияның программасында әбден айқын қойылған. *«Политехникалық немесе монотехникалық* бiлiм беру» туралы пайымдаулар (тырнақшаға алынған және мен астын сызған нақ осы сөздердi, бұларды бүкiл сорақы қисынсыз қалпында, бiз аталған «Бюллетеньге қосымшаның» 4-бетiнен кездестiремiз!) — мiне бұл пайымдаулар түбiрiнен терiс, коммунист үшiн тура жол беруге болмайтын нәрсе, бұлар программаны бiлмеушiлiктi де, абстракты ұрандармен босқа «әуестенушiлiктi» де көрсетедi. Егер бiз (жалпы политехникалық бiлiм беруден кәсiптiк политехникалық бiлiм беруге көшетiн) жасты *уақытша* 17 жастан 15 жасқа дейiн төмендетуге мәжбүр болып отырған болсақ, онда *«партия»* жас мөлшерiн бұл төмендетудi *«елдiң қайыршылануы мен күйзелуiнен»* туған «тек қана» уақытша шара, практикалық қажеттiлiк деп (Орталық Комитет директиваларының 1-пунктi) *«қарауға тиiс»*.

Бұл төмендетудi босқа әуреленiп «дәлелдемек болған» жалпылама пайымдаулар дегенiмiз түгелiмен сорақылық. Жалпылама пайымдау ойындары мен бейне бiр теорияға салынушылық ендi жетер! Жұмыстың барлық салмағы *«практикалық* тәжiрибенi есепке алу және тексеру» iсiне, «осы тәжiрибенiң *көрсеткендерiн* жүйелi түрде *пайдаланып отыру»* iсiне көшiрiлуге тиiс.

Педагогикалық *практикадан* түсiнiгi, бiлiмi, тәжiрибесi бар адамдар бiзде қаншама аз болғанмен, олар, сөз жоқ, қалай дегенмен де бар. Бiз оларды таба бiлмеуден, оларды тиiстi басшы орынға қоя бiлмеуден, олармен бiрге советтiк құрылыстың практикалық тәжiрибесiн

*зерттей* білмеуден қорлық көріп отырмыз. 1920 жылғы декабрьдегі партиялық кеңестен міне тап осы көрінбей отыр, ал егер бұл халыққа білім беру ісінің 163 — жүз алпыс үш! — қайраткерінің кеңесінде көрінбей отырған болса, онда істі жолға қоюда белгілі дәрежеде жалпы, түбірлі кемшілік бар екені, партияның Орталық Комитетінің айрықша директивасын қажет еткен кемшілік бар екені мүлде күмәнсыз болып шығады.

Ағарту комиссариатында ерекше сипатты тапсырмалар жүктелген екі — тек екі ғана — жолдас бар. Олар — жалпы басшылықты жүзеге асырып отыратын халық комиссары Луначарский жолдас және, біріншіден, халық комиссарының орынбасары ретінде, екіншіден, ғылыми мәселелер жөнінде, жалпы алғанда марксизм мәселелері жөнінде міндетті кеңесші (және жетекші) ретінде басшылық ететін Покровский жолдас. Луначарский жолдасты да, Покровский жолдасты да жақсы білетін бүкіл партия олардың екеуінің де осы айтылғандар жөнінен Халық ағарту комиссариатында өзінше «мамандар» болып табылатынына, әрине, күмән келтірмейді. Ал қалған қызметкерлердің бәрінде бірдей ондай *«мамандықтың»* болуы мүмкін емес. Қалған қызметкерлердің бәрінің «мамандығы» жұмысқа маман-педагогтарды тарту ісін тәртіпке сала білу, олардың жұмысын дұрыс жолға қоюды жүзеге асыра білу, практикалық тәжірибенің көрсеткендерін үнемі пайдалана білу болуға тиіс. Бұл туралы Орталық Комитеттің директивалары 2-параграфта да, 3-параграфта да, 5-параграфта да айтып отыр.

Партия қызметкерлерінің кеңесінде практикалық жұмыста он жылдай қызмет атқарған және белгілі бір салада, мәселен, кәсіптік білім беру саласында не істелгенін және не істеліп жатқанын, советтік құрылыс мұны қалайша орындап жатқанын, жақсы дерлік не істелгенін, осы жақсының үлгілері (мұндай үлгілер ең аз мөлшерде болса да, сірә, бар болса керек) қандай екенін, нақ қандай басты кемшіліктердің бар екенін және ол кемшіліктерді жою тәсілдері қандай екенін бәрімізге айта алатын мамандардың, педагогтардың пікірлері тыңдалуға тиісті еді.

Партия қызметкерлерінің кеңесінде *практикалық* тәжірибені бұлайша есепке алу *болмады,* бұл тәжірибені нә былай, нә олай қолданған педагогтардың пікірлері болмады, тек «жалпылама пайымдаулар» мен «абстракты ұрандарға» баға беруге сәтсіз тырыштанушылық қана болды. Бүкіл партияның, Халық ағарту комиссариатындағы барлық қызметкерлердің осы кемшілікті ұғынуы керек және бәріміз күшімізді біріктіріп оны жою ісін қолға алуымыз керек. Жергілікті қызметкерлер бұл жөнінде тәжірибелерін ортаға салуға тиіс, сөйтіп біршама тар шеңберлі, жергілікті немесе арнаулы көлемде жақсы нәтижелерге жеткен үлгілі губернияларды немесе уездерді, немесе аудандарды, немесе оқу орындарын, немесе үлгілі педагогтарды партияның алға тартуына жәрдемдесулері керек. Қазірдің өзінде практикада сыннан өткен осы жетістіктерге сүйене отырып,— тиісінше тексеріліп болғаннан кейін — жергілікті тәжірибені бүкіл россиялық көлемге дейін ұлғайтып, талантты немесе жай қабілетті педагогтарды іс шеңбері неғұрлым кең, неғұрлым жауапты қызметтерге қойып, біз істі ілгері бастыруымыз керек, т. т.

Халық ағарту саласында (және мекемелерінде) қызмет атқарып жүрген коммунистің жұмысының табысы ең алдымен мамандарды осылай тарту ісі, оларды тауып ала білу, оларды пайдалана білу, маман-педагог пен коммунист басшының ынтымағын жүзеге асыра білу, нақ не нәрсенің және қаншалықты *жүзеге асырылып жатқанын* тексере білу, мейлі тіпті аса сылбыр болсын, аса шамалы көлемде болсын, бірақ тек *іскерлік* негізінде, *практикалық* тәжірибе негізінде алға баса білу ісі қалай жолға қойылғандығымен өлшенуге тиіс. Ал егер біздің Халық ағарту комиссариатында «коммунистік басшылыққа» дәмегерлер бұдан былай да көп болатын болса, ал практикалық салада іс жоқ болатын болса, маман-практиктер жеткіліксіз немесе жоқ болатын болса, оларды жоғарылата білу, тыңдай білу, олардың тәжірибесін есепке ала білу болмайтын болса,— онда іс ілгері баспайды. Басшы-коммунист өзінің басшылыққа деген правосын тек қана ол өзіне педагог-практиктерден шыққан *көптеген,* бірден-бірге көбейе

түсетін, көмекшілерді *таба алатындығымен, олардың* жұмыс істеуіне көмектесе *білетіндігімен, оларды* жоғарылата *білетіндігімен, олардың* тәжірибесін көрсетіп, есепке ала *білетіндігімен,* тек осымен ғана дәлелдеуге тиіс.

*Бұл* мағынада алғанда біздің сөзсіз қолданатын ұранымыз мынау болуға тиіс: «басшылық ету» *азырақ болсын,* практикалық іс көбірек болсын, яғни жалпылама пайымдаулар азырақ болсын, біз не жөнінен, қандай жағдайларда, қаншама ілгері басқанымызды немесе бір орында тұрғанымызды немесе кері кеткенімізді корсететін фактілер және тексерілген фактілер көбірек болсын. Практик -педагогтардың оқыту программасын түзеткен, тәуір оқулық құрастырған, *ондаған, жүздеген, мыңдаған* маман-педагогтардың жұмысының мазмұнында, жұмысының жағдайларында тіпті болмашы ғана болса да, *практика жүзінде жүзеге асырылатын* жақсарту жасаған коммунист-басшы — міне нағыз басшы дегеніміз осы. Ал «басшылық» туралы *пайымдай алатын, бірақ* мамандарды практикалық іске бейімдей *білмейтін,* практикада *олардың* табысты болуына қол жеткізе алмайтын, жүздеген және жүздеген мұғалімдердің практикалық тәжірибесін пайдалана білмейтін коммунист, міне, мұндай коммунист түкке тұрмайды.

Өте жақсы құрастырылған: «Ағарту ісі жөніндегі халық комиссариаты. 1917— октябрь —1920. Қысқаша есеп» деген кітапшаны қарап шықсаңыз-ақ, Халық ағарту комиссариатының барлық жұмысы көбінесе осы айтылған кемшіліктен ақсап отырғанын коруге болады. Луначарский жолдас мұны мойындап, алғы сөзде (5-бет) «практикалықтың жоқтығы күмәнсыз» екенін айтады. Бірақ Халық ағарту комиссариатындағы барлық коммунистердің мұны мойындайтын болуы үшін және олар мойындалған ақиқаттарды іс жүзінде нақты жүзеге асыратын болуы үшін әлі де бірталай қажырлы жұмыс істеу керек болады. Аталған кітапша мыналарды көрсетеді: біз фактілерді аз білеміз, өлшеусіз аз білеміз; оларды біз жинастыра білмейміз; алдымызға қоюға болатын және (біздің мәдени дәрежеміз жағдайында, біздің әдет-ғұрпымыз жағдайында, біздің қатынас құралдарымыз жағдайында) жауап күтуге болатын мәселелер

санының шамасын білмейміз; практикалық тәжірибенің көрсеткендерін жинастырып, қорыта білмейміз; мағынасыз «жалпылама пайымдаулармен және абстракты ұрандармен» шұғылданамыз, ал жалпы алғанда іскер оқытушыларды, әсіресе техникалық білім беру үшін іскер инженерлер мен агрономдарды пайдалана білмейміз, заводтарды, совхоздарды, біршама тәуір жолға қойылған шаруашылықтар мен электр станцияларын политехникалық білім беру үшін пайдалана білмейміз.

Осы кемшіліктерге қарамастан, Совет республикасы халық ағарту ісінде алға басып келеді, бұған күмән жоқ. «Төменнен», яғни капитализм — ашық жолмен де, күштеу жолымен де, екіжүзділік және алдау әдістерімен де — шеттеткен, шеттеткенде білімнен шеттеткен еңбекшілер бұқарасының арасынан жарыққа, білімге деген қуатты өрлеу туып келеді. Осы өрлеуге жәрдемдескенімізге, оған қызмет еткенімізге мақтануға біз праволымыз. Бірақ өз жұмысымыздың кемшіліктерін көрмеу, мемлекеттік ағарту аппаратын біздің әлі дұрыс *жолға қоюды* үйренбегенімізді көрмеу тура қылмыс болған болар еді.

Енді газеттер мен кітаптарды бөлу мәселесін, Орталық Комитет директиваларының соңғы, 7-пункті арналған мәселені алып қаралық.

1920 жылы 3 ноябрьде Халық Комиссарлары Советінің «Кітапхана ісін орталықтандыру туралы» (Заңдар жинағының 439-статьясы, 1920, № 87), *РСФСР-дің бірыңғай кітапхана желісін* құру туралы декреті шығарылды.

Осы мәселе жөнінде менің «Центропечатьтан», Малкин жолдастан және Москва халық ағарту бөлімінің (МОНО) кітапхана секциясынан, Модестов жолдастан, алған бірқатар нақты деректер мынадай. 38 губерния бойынша, 305 уезд бойынша, орталық Советтік Россиядағы кітапханалардың саны (Сибирьді қоспағанда, Солтүстік Кавказды қоспағанда) мынадай болған:

| | |
|---|---|
| Орталық кітапханалар | 342 |
| Аудандық, қалалық кітапханалар | 521 |
| Болыстық кітапханалар | 4 474 |
| Жылжымалы кітапханалар | 1 661 |

| | |
|---|---|
| Оқу үйлері | 14 739 |
| Басқалар («селолық кітапханалар, балалар кітапханалары, анықтамалық кітапханалар, әр түрлі мекемелердің, әр түрлі ұйымдардың кітапханалары») | 12 203 |
| *Барлығы* | 33 940 |

Өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, Модестов жолдас осы кітапханалардың $^{3}/_{4}$ бөлігіне жуығы іс жүзінде бар да, қалғандары тек қағаз жүзінде ғана болу керек деп ойлайды. «Центропечатьтың» деректері бойынша Москва губерниясында 1223 кітапхана бар да, Модестов жолдастың деректері бойынша 1018 кітапхана бар; соның ішінде кәсіподақтардың кітапханаларын (сірә, 16-ға жуық) және әскери (125-ке жуық) кітапханаларды қоспағанда, қала бойынша 204 және губерния бойынша 814 кітапхана бар.

Губерниялар бойынша деректерді салыстырып қарағанда, бұл цифрлар жөніндегі сенім онша зор емес — іс жүзінде мұның өзі 75 проценттен де кем болып жүруі мүмкін! Вятка губерниясында, мәселен, 1703 оқу үйі бар, Владимир губерниясында — 37, Петроград губерниясында — 98, Иваново-Вознесенск губерниясында — 75 оқу үйі бар, т. т. «Басқа» кітапханалар Петроград губерниясында — 36, Воронеж губерниясында — 378, Уфа губерниясында — 525, Псков губерниясында — 31, т. т.

Бұл деректер, сірә, нақ мынапы: жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының білімге деген ынтасы өте зор екендігін, оқуға және кітапхана ашуға деген талабы өте күшті екендігін, сөздің шын мағынасында алғанда «халықтық» талап екендігін көрсетеді. Бірақ халықтың бұл талабын ұйымдастыру, тәртіпке салу, қалыпқа келтіру, бұл талапты дұрыс қанағаттандыру деген бізде әлі де әлдеқайда жоқ деуге болады. Шын мәнісінде *бірыңғай* кітапхана *желісін* құру жөнінде бізге әлі өте көп, көп уақыт және қажырлы еңбек ету керек болады.

Газеттер мен кітаптарды біз қалай бөліп отырмыз? «Центропечатьтың» деректері бойынша 1920 жылы 401

миллион дана газет, 14 миллион кітап (11 ай ішінде) таратылған. 3 газетті бөлу жөніндегі (12. I. 1921) деректер мынадай, бұл бөлуді Орталық есеп-бөлу комиссиясының[127] мерзімді баспасөз секциясы анықтаған (цифрлар *мың* дананы көрсетеді):

| | «Известия» | «Правда» | «Беднота» |
|---|---|---|---|
| «Центропечать» агенттіктері | 191 | 139 | 183 |
| Әдеби экспедивтөр үшін әскери бюро | 50 | 40 | 85 |
| Темір жол ұйымдары, Центропечатьтың темір жол бөлімдері, үгіт пункттері | 30 | 25 | 16 |
| Москва қаласының мекемелері мен ұйымдары | 65 | 35 | 8 |
| Москва қаласының әскери комиссариаты | 8 | 7 | 6 |
| Жолаушылар поезы үшін комплект | 1 | 1 | 1 |
| Жапсыруға арналғандары және комплектілер | 5 | 3 | 1 |
| *Барлығы* | 350 | 250 | 300 |

Жапсыруға, яғни нағыз қалың бұқараға арналған газеттер сұмдық аз. Астана «мекемелеріне», т. т. арналғандары сұмдық көп,—бұл, сірә, әскери болсын, азаматтық болсын — «совбурлардың» талан-таражға салуына және бюрократтық түрде пайдалануына арналған болу керек.

«Центропечатьтың» жергілікті бөлімшелерінің есептерінен алынған тағы бірқатар цифрлар мынадай. «Центропечатьтың» Воронеж губерниялық агенттігі 1920 ж. сентябрьде газетті 12 рет алған (яғни сентябрьдің 30 күнінің 18 күнінде газет алынбаған). Алынған газеттер былайша бөлінген: «Известия» «Центропечать» агенттіктеріне: уездік агенттіктерге—4986 дана (4020; 4310)*; аудандық агенттіктерге—7216 (5860; 10064); болыстық агенттіктерге — 3370 (3200; 4285); партия ұйымдарына — 447 (569; 3880); совет мекемелеріне — 1765 (1641; 509),— байқайсыз ба, «Правда» совет меке-

* Жақша ішіндегі бірінші цифр «Правданы», екінші цифр «Бедноtаны» көрсетеді.

мелеріне партия ұйымдарынан үш есеге жуық көп тиген! Одан кейін: әскери комиссариаттың үгіт-ағарту бөліміне — 5532 (5793; 12 332), үгіт пункттеріне — 352 (400; 593); оқу үйлеріне — *ноль*. Жазылушыларға — 7167 (3080; 764). «Жазылушыларға», яғни іс жүзінде, әрине, «совбурларға», демек, өте мол тиген. Жапсыруға—460 (508; 500). Барлығы 32 517 (25 104; 37 237).

Уфа губерниясы бойынша 1920 ж. ноябрьде газетті 25 рет алған, яғни тек бес күн ғана газет болмаған. Ол былай бөлінген: партия ұйымдарына —113 (1572; 153); совет мекемелеріне 2763 (1296; 1267); әскери комиссариаттың үгіт-ағарту бөліміне — 687 (470; 6500); болыстық атқару комитеттеріне —903 (308; 3511); оқу үйлеріне —36 (8—«Правда» 8 дана!—2538); жазылушыларға — *ноль;* «әр түрлі уездік ұйымдарға»—1044 (219; 991). Барлығы 5841 (4069; 15 429).

Ақырында, Владимир губерниясы, Судогод уезінің Пустошенск болыстық агенттігінің 1920 ж. декабрьдегі есебін алалық. Партия ұйымдарына—1 (1; 2); совет мекемелеріне— 2 (1; 3); әскери комиссариаттың үгіт-ағарту бөліміне —2 (1;2); болыстық атқару комитеттеріне —2 (1; 3); почта-телеграф мекемелеріне —1 (1; 1); Уршель заводтық комитетіне —1 (1; 2); аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне —1 (0; 3). Барлығы 10 (6; 16).

Бұл үздік-создық деректерден шығатын қорытындылар қандай? Ол қорытынды, меніңше, біздің партиялық программамызда мынадай сөздермен берілген: «қазіргі уақытта... капитализмнен коммунизмге өту жолында тек бірінші адымдар ғана жасалып жатыр»[123].

Капитализм газеттерден капиталистік кәсіпорындар жасаған еді, байлардың баю құралын, хабарлану және ермек құралын, еңбекшілер бұқарасын алдау және топастандыру құралын жасаған еді. Біз баю және алдау құралын қираттық. Біз газеттен бұқараның көзін ашу және оларды помещиктер*сіз*, капиталистерсіз өмір сүруге және өз шаруашылығын оларсыз құруға үйрету құралын жасай *бастадық*. Бірақ біз мұны тек енді-енді ғана істей бастадық. Үш жылдан астам уақыт ішінде көп нәрсе істегеніміз жоқ. Ал әлі де өте көп іс істеу ке-

рек, әлі де өте үлкен жолды өту керек. Саяси сылдыр сөз азырақ болсын, жалпылама пайымдаулар мен абстракты ұрандар азырақ болсын, тәжірибесі жоқ және өз міндеттерін түсінбеген коммунистер осыған әуестенеді; өндірістік насихат көбірек болсын, ал бәрінен де бұрын практикалық тәжірибені іскерлікпен, тетігін таба, бұқараның даму дәрежесіне сәйкестіріп есепке алу көбірек болсын.

Газеттерді бөлу жөнінде (кітаптар жөнінде деректер жоқ; тегі, істің жайы онда бұдан да жаман болса керек) біз жазылып алдыруды жойдық. Бұл капитализмнен коммунизмге қарай бір адым алға басу болады. Бірақ капитализмді бірден жоюға болмайды. Ол әр түрлі сылтаулармен газетті өздері алып қалатын «совбурлар», совет бюрократтары түрінде қайтадан туып отырады. Бұл бюрократияның қанша газет алып қалатынын есептеп білуге болмайды, тегі, көп алып қалатын болу керек. Бюрократияның «қолын қағын», оның газеттер мен кітаптарды басып қалуына жол бермеу, оның үлесін кеміту, «совбурлар» санының өзін бірден бірге кеміте беру жөнінде ерінбей және үздіксіз көп жұмыс істеу керек болады. Бұлардың санын бірден он есе, жүз есе кемітуге біздің, амал не, шамамыз келмейді,— мәдениетіміздің қазіргі дәрежесі жағдайында мұны істейміз деу дүмшелік болар еді,— бірақ біз оны үнемі және бірденбірге кеміте аламыз және кемітуге тиістіміз де. Мұны істемейтін коммунист тек сөз жүзіндегі ғана коммунист болады.

Газеттер мен кітаптардың, әдетте, *тек* кітапханалар мен оқу үйлеріне *ғана*, бүкіл елді, бүкіл жұмысшы, солдат, шаруа бұқарасын дұрыс қамтитын солардың *желісіне ғана* тегін таратылуын қамтамасыз ету керек, соған қол жеткізу керек. Сонда халық сауаттылыққа, жарыққа, білімге жүз есе күштірек, тезірек, табыстырақ ұмтылатын болады. Сонда халық ағарту ісі алып адымдармен ілгері басатын болады.

Көрнекі болу үшін кішкене есеп жасалық, мысал есебінде, бүкіл Россияға тарайтын 350 мың «Известия» мен 250 мың «Правданы» алалық. Біз қайыршымыз. Қағаз жоқ. Жұмысшылар суыққа тоңуда, ашығуда, жалаңаш,

жалаңаяқ. Машиналар тозған. Үйлер құлап жатыр. Біздің бүкіл елімізге, 10 000-нан астам болысқа, қағаз жүзінде емес, іс жүзінде 50 000 кітапхана мен оқу үйлеріміз бар екен делік. Бұл әрбір болысқа кемі үшеуден және әрбір заводқа немесе фабрикаға, әрбір әскери бөлімге міндетті түрде бір-бірден келеді. Біз «капитализмнен коммунизмге қарай бірінші адым» ғана емес, оның үстіне екінші, үшінші қадам да жасауға үйрендік делік. Біз әрбір кітапхана мен оқу үйіне 3 дана газеттен келтіріп, оның 2 данасын, айталық, «жапсыруға» арнап дұрыс болуді үйрендік делік (біз капитализмнен коммунизмге төртінші қадам жасаған екенбіз деп жори келіп, мен: газетті бүлдіретін тағылық «жапсырманың» орнына біз оны, оқуға қолайлы болу үшін және газеттің сақталуы үшін, тегіс тақтаға ағаш шегемен шегелеп қоямыз деуге батылым барады,—темір шеге жоқ, темір «төртінші қадамда» да бізде жеткіліксіз болады!). Сонымен 50 000 кітапхана мен оқу үйіне 2 данадан «жапсыруға», 1 дана запасқа беріледі. Одан әрі, біз бостан-босқа «совбурларға» газетті *шамалап* беруді, айталық, бүкіл Совет республикасының ерке «ұлықтарына» бірнеше мың данадан аспайтын етіп беруді үйрендік делік.

Тап осылай болады деп батыл жорамал жасаған кезімізде 160, айталық, 175 мың дана газет бүкіл елге қазіргіден бес есе жақсы жетеді. Газет арқылы хабарланып отыруға жұрттың бәрінің де мүмкіндігі болады (бұл үшін «жылжымалы кітапханаларды» тиісінше дұрыстап ұйымдастыру керек; ал бұларды жуырда «Правдада» Ф. Доблер жолдас, меніңше, ойдағыдай қорғады[129]). Екі газет 350 мың дана болса болғаны. Қазір— тек қана капиталистік әдеттердің салдарынан, «совбурлар», талан-таражға салған, бостан-босқа әкетіп, «темекі тартуға» және т. т. жойып жатқан — 600 мың дана шығып отыр. Сонда 250 мың дана газет үнемделген болар еді. Басқаша айтқанда: біз, өзіміздің қайыршылығымызға қарамастан, 125 мың данадан келетін күнделікті *екі* газетті үнемдеп қалған болар едік. Ал осындай газеттің әрқайсысында күн сайын халыққа елеулі, бағалы әдеби материал, таңдаулы және классикалық белле-

тристика, жалпы білім беру жөніндегі оқулықтар, ауыл шаруашылығы жөніндегі оқулықтар, өнеркәсіп жөніндегі оқулықтар беріп отыруымызға болар еді. Егер француз буржуасы ақша табу мақсатымен халыққа арналған романдарды бариндер кітапшасы түрінде $3^{1}/_{2}$ франктен шығармай, пролетарлық газет түрінде 10 сантимнен (яғни 35 есе арзан, соғысқа дейінгі бағамен 4 тиын) шығаруды тіпті соғысқа дейін үйренген болса, онда біз — капитализмнен коммунизмге қарай басқан екінші қадамымызда — нақ осылай етуді неге үйренбейміз? Міне нақ осылай ете отырып, бір жыл ішінде—тіпті қазіргі қайыршылық жағдайымыздың тұсында-ақ — халыққа арнап 50 000 кітапхана мен оқу үйінің әрқайсысына 2 дана газеттен, барлық қажетті оқулықтарды және бүкіл дүние жүзілік әдебиеттің, қазіргі заманғы ғылымның, қазіргі заманғы техниканың барлық қажетті классиктерін беретін болуды неге үйренбейміз?

Үйренеміз.

7 февраль, 1921 ж.

*«Правда» № 28,*
*9 февраль, 1921 ж.*
*Қол қойған: Н. Ленин*

*«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ШАРУАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕРДІҢ АЛДЫН АЛА ЖАСАЛҒАН, АЛҒАШҚЫ НОБАЙЫ[130]

1. Салымды (артық өнімдерін алу мағынасында) астық салығымен ауыстыру жөніндегі партияда жоқ шаруалардың тілегі қанағаттандырылсын.

2. Өткен жылғы салыммен салыстырғанда бұл салықтың мөлшері кемітілсін.

3. Егіншінің ұқыптылығы арта түскен жағдайда салық процентін кеміту мағынасында салық мөлшерін егіншінің ұқыптылығына қарай белгілеу принципі мақұлдансын.

4. Салығын тез және толық өтеп болған жағдайда егіншінің салықтан тыс артық өнімдерін жергілікті шаруашылық айналымында пайдалану еркіндігі кеңейтілсін.

*1921 ж. 8 февральда жазылған*

*Бірінші рет 1930 ж. 26 июньде «Правда» газетінің 174-номерінде басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## МҰНАЙ КОНЦЕССИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАТ

Саяси бюроның мүшелеріне және Рыков жолдасқа

Сталинге
Бухаринге
Каменевке
Крестинскийге
Рыковқа

Саяси бюроның мұнай концессиялары жөніндегі сұрауына Красиннен де (және Богдатьяннан да), Мұнай бас комитетінің председателі Доссерден де және оның 4 маманынан да жауаптар алынды.

Бұл жауаптарды мен «Мұнай өнеркәсібінің 1920 жылдың аяғындағы жағдайы» (Баку, 1920) туралы есепке байланысты Сталин жолдасқа жіберіп отырмын, сондықтан одан дер кезінде алып, осы материалдарды оқып шығу үшін Саяси бюро мүшелерінің бәрінен Сталинмен телефон арқылы сөйлесуді өтінемін. (Басылып шыққан есептің беттеріндегі менің көк қарындашпен белгі салған жерлерімді қарап шықса да жеткілікті, ол беттер есептің мұқабасында, яғни текстің алдындағы бетте көрсетілген.)

Бұл материалдарды шұғыл оқып шығу керек, өйткені Саяси бюрода (14 февральда, дүйсенбі күні кешкі сағат 8-де) шешім қабылдаған жөн.

Бұл материалдар мынаны толық дәлелдейді:

(а) апат қаупі бар және *жақын қалды;*

(б) Бакуде концессиялар беруге (яғни концессионерлер табуға) бар күшті салып тырысу қажет;

(в) Мұнай бас комитетінің председателі барып тұрған топас адам. Мұндай жоғары орындағы адамның топастығы қауіпті болады.

Қысқаша барлық осы үш пункт жөнінде:

(а) Апат төніп келеді. Мұны *Мұнай бас комитетінің мамандары* өте-мөте айқын дәлелдеп отыр. Доссер ақымақ өзінің «баяндама хатында» қауіпті *азайтып* көрсетуге тырысады. Бұл өте-мөте зердесіздік. Мұнай бас комитетінің *барлық мамандарының* пікірлерін оқып шығу керек және оларды Доссердің қауіпті кеміте көрсететін қорытындысымен салыстыру керек.

(б) «Концессионер тарту пайдасы екіталай іс» деп тұжырымдайды Доссердің қорытындысы. Ол өзінің мамандарын, сірә, нағыз ақ көңіл ақымақ болғандықтан, «совет» адамына концессияларға тек қарсы болу ғана лайық деп қорқытқан болса керек!! Шынында да пайдасынан зияны деген осы!!

Іс жүзіне келгенде Мұнай бас комитеті мамандарының баяндамаларынан (іскерлік тұрғыда жазылған және «1920 жылдың аяғына дейін» деп баспаға басылған есеп әбден растап отырған баяндамалардан) концессионерге біздің *қандай шарттар* қоюымыз керек екендігі айдан айқын көрініп отыр.

Осы шарттарға концессионер табыла ма, жоқ па, бұл, әрине, «екіталай іс». Бірақ саясатшылардың ешқайсысы да, ақылынан адасқаны болмаса, Доссерден де, мамандардан да бұл жөнінде сұрамаған болар еді.

Біздің ісіміз — осындай концессионерлер табуға барлық күш-жігерді жұмсау.

Егер табылмайтын болса, біз үшін жаманы осы болмақ.

Егер концессионер табуға бар күш-жігерімізді жұмсай білмесек, онда біз банкрот болып қаламыз.

Шарттар жасап шығару ісін тездету керек.

Жұмысшылардың бір бөлегін оңай ертіп кете алатын және қалай болған күнде де жеңуімізге тиісті аса зиянды соқыр сенімге қарсы күресті дереу бастауымыз керек. Бұл соқыр сенім: «капиталистерге жұмыс істегіміз келмейді» деген немесе тағы бір нұсқасы: «егер қатарымыздағы жұмысшылар капиталистерге жұмыс істе-

мей отырғанда, капиталистерге жұмыс істегіміз келмейді» деген «идеяда».

Мамандардың баяндамаларына айқын қорытынды жасайтын мынадай үлгі есептен мұндай соқыр сенімнің (біздің РКП программасы да, жалпы алғанда марксизм де теріске шығаратын соқыр сенімнің) зияны айқын көрінеді.

Біз 100*а* мұнай өндіреміз.

Өндіріс құлдырап барады.

Су жайылуы апат қаупін төндіруде.

Егер біз 100*а*+100*б* мұнай өндіруге жәрдемдесетін концессионерді іске тартатын болсақ және егер біз бұл үшін оған 98*б* төлейтін болсақ, онда біздің мұнай өндіруіміз кемудің орнына баяу да болса (100*а*+2*б*) өсе түсетін болады.

Бұдан мынадай сұрақ туады: концессионерге 100*б*-ден 98*б* беретін жұмысшылар«капиталистерге» жұмыс істей ме әлде Совет өкіметіне жұмыс істей ме?

Жауабы қиын емес.

Тезірек шешім қабылдай алатын болуымыз үшін осыған қоса жіберіліп отырған материалдар мен есептерді тезірек қарап шығуларыңызды өте-мөте өтінемін. Кешіктіре беру аса қауіпті.

12. II. 1921. *Ленин*

*Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ИМПОРТ ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[131]

1) Халық Комиссарлары Советі өзіне ұсынылып отырған шеттен зат сатып әкелу жоспарының кем дегенде бес есе артық белгіленуі себепті оны бекітпейді*.

2) Халық Комиссарлары Советі сарапшылардың қатысуымен жалпы жоспарлау комиссиясын дереу құруды Еңбек және Қорғаныс Советіне тапсырады, сөйтіп ол комиссияға (немесе оның кіші комиссиясына) осы жоспарды ықшамдау және оны қазіргі біздің шаруашылық жағдайларымыз кезінде сатып алынатын нәрсенің іс жүзінде қолданылуы тұрғысынан қайта қарауды тапсырады. Еңбек және Қорғаныс Советі оны біржола бекітетін болсын.

3) Алдағы уақытта бұл жоспар қайта қаралғанға дейін Сыртқы сауда халық комиссариаты негізгі 71 заявканың әрқайсысы бойынша бұл жоспардың $^1/_5$ бөлігінің шегінен шығуға праволы емес; әскери ведомство $^1/_{10}$ бөлігінен аспауы керек; онда да мына шарт сөзсіз орындалатын болсын: отын өндіру өнеркәсібі мен металлургия өнеркәсібінің қажеттерін қанағаттандыру бірінші кезекке қойылсын. Алып тастауға Еңбек және Қорғаныс Советі ғана рұқсат етеді.

*1921 ж. 15 февральда жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

* Қолжазбада В. И. Ленин 1-пунктті сызып тастап, жоғарғы жағына «Красиндікі» деп жазған. *Ред.*

# ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЖАЛПЫ ЖОСПАРЛАУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПУНКТІНІҢ ЖОБАСЫ[132]

*Ленин жолдастың өз атынан Еңбек және Қорғаныс Советінің мүшелеріне*

Ертең (18/II.) жалпы жоспарлау комиссиясы туралы қаулының жобасын Еңбек және Қорғаныс Советіне енгізе отырып, қаулының негізгі пунктінің жобасы мен мүшелердің алдын ала жасалған (Рыков жолдаспен және Кржижановский жолдаспен кеңескеннен кейін жасалған) тізімін — еске алуға — ұсынамын*. Еңбек және Қорғаныс Советінің 18/II. мәжілісіне дейін түзетулер немесе қарсы жоба әзірлеуді сұраймын.

Советтердің Бүкіл россиялық 8-съезі мақұлдаған электрлендіру жөніндегі жоспардың негізінде бірыңғай жалпы мемлекеттік шаруашылық жоспарын жасау үшін және бұл жоспардың жүзеге асырылуын жалпы бақылау үшін Еңбек және Қорғаныс Советі жанынан жалпы жоспарлау комиссиясы құрылады.

Бірінші кезектегі шаруашылық міндеттерді және әсіресе өте таяу мерзімде, атап айтқанда 1921 жылдың ішінде жүзеге асырылуы тиіс міндеттерді жалпы жоспарлау комиссиясы немесе оның кіші комиссиясы неғұрлым егжей-тегжейлі, нақты экономикалық өмірдің қазіргі жағдайларын толық есепке алып жасауға тиіс.

*1921 ж. 17 февральда жазылған*

*Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған*

*Машинкада басылған дана бойынша басылып отыр*

---

* Қараңыз: Лениннің XX жинағы, 24-бет. *Ред.*

## БІРЫҢҒАЙ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖОСПАР ТУРАЛЫ

Осы тақырыптағы мақалалар мен әңгімелер ауыр әсер қалдырады. Л. Крицманның «Экономическая Жизньдегі»[133] (I—14 декабрь, 1920; II—23 декабрь; III—9 февраль; IV—16 февраль; V—20 февраль) мақалаларына зер салыңыз. Барып тұрған бос сөздер. Әдебиетшілдік. Бұл салада тыңғылықты не істелгендігімен санасқысы және оны зерттегісі келмеушілік бар. Деректер мен фактілерді зерттеу орнына — ұзақ-ұзақ бес мақалада!— зерттеуге қалай кірісу керек екені туралы айтылған пайымдаулар ғана бар.

Милютиннің (19 февральдағы «Экономическая Жизнь), Ларин нің (20 февральдағы «Экономическая Жизнь») тезистерін алып қараңыз, «жауапты» жолдастардың сөздерін тыңдап көріңіз. Бәрінде де сол Крицмандағы сияқты негізгі кемшіліктер. Тізбекті байланыс заңы және т. с. туралы мылжыңдауға дейін барған әбден іш пыстырарлық схоластика, біресе әдебиетшілдік, біресе бюрократтық схоластика, ал нақты іс жоқ.

Ол ол ма. Қазірдің өзінде істеліп қойған және істеле беруге тиісті нақты іске тәкаппар-бюрократтық немқұрайдылықпен қараушылық бар. Біздің өзіміздің практикалық тәжірибемізбен мұқият, құнттап танысудың орнына, қайта-қайта барынша мағынасыз «тезистерді тоғытушылық» немесе жоқ жерден ұрандар туғызып, жобалар жасаушылық бар.

Бірыңғай шаруашылық жоспар мәселесі жөніндегі

бірден-бір елеулі еңбек — «РСФСР-ді электрлендіру жоспары», «Гоэлродан» (Россияны электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссиядан) Советтердің VIII съезіне жасалған баяндама; бұл баяндама 1920 ж. декабрьде басылып шығып, VIII съезде үлестіріліп берілді. Бұл кітапта біздің республикамыздың жоғары органдарының тапсыруы бойынша республиканың таңдаулы ғылыми күштері — әлбетте, алғашқы жуықтау ретінде ғана — жасап шыққан бірыңғай шаруашылық жоспар баяндалған. Ал енді ұлықтардың надан менмендігімен, коммунист әдебиетшілердің интеллигенттік менмендігімен күресу ісін ең шағын істеп, осы кітаптың тарихы туралы, оның мазмұны, оның маңызы жайындағы жай әңгімеден бастауға тура келеді.

1920 ж. 2—7 февральда, яғни бұдан бір жылдан астам уақыт бұрын, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы болып өтті, онда электрлендіру жөнінде қарар қабылданды. Осы қарардан біз мынаны оқимыз:

«...Транспортты құру, отын, азық-түлік жөніндегі дағдарыстарды жою туралы, індеттермен күрестегі, тәртіпті еңбек армияларын ұйымдастырудағы ең таяудағы, ең зәру, кезек күттірмейтін, бірінші кезектегі міндеттермен қатар — Советтік Россияның негұрлым жоспарлы түрдегі шаруашылық құрылысқа, бүкіл халық шаруашылығының мемлекеттік жоспарын ғылыми тұрғыдан талдап жасап, дәйектілікпен жүзеге асыруға кірісуіне алғаш рет мүмкіндік туып отыр. Электрлендіру ісінің аса зор маңызы бар екенін еске ала келіп... өнеркәсіп, егіншілік, транспорт... және т. т., т. б... үшін электрлендірудің маңызын бағалай отырып, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қаулы етеді: Халық шаруашылығы жоғары советіне, Егіншілік халық комиссариатымен бірлесе отырып, электр станциялары желісін салудың жобасын талдап жасау тапсырылсын...».

Түсінікті болар деймін? «Бүкіл халық шаруашылығының мемлекеттік жоспарын ғылыми тұрғыдан талдап жасау» деп отырса,— бұл сөздерді, біздің жоғары өкіметіміздің бұл шешімін, түсінбеуге бола ма? Егер «мамандар» алдында өзінің коммунизмімен дандайситын әдебиетшілер мен ұлықтар бұл шешімді білмейтін болса, онда өз заңдарымызды білмеу дәлел емес екенін олардың естеріне салуымыз ғана қалады.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің шешімін орындау жолында Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумы 1920 ж. 21 февральда электр бөлімі жанынан құрылған электрлендіру жөніндегі комиссияны бекітті, ал одан кейін Қорғаныс Советі «Гоэлро» туралы ережені бекітті, оның құрамын Егіншілік халық комиссариатымен келісе отырып белгілеу және бекіту ісі Халық шаруашылығы жоғары советіне тапсырылды. «Гоэлро» 1920 ж. 24 апрельде-ақ істелетін жұмыстардың тәптештеп жасалған программасы көрсетілген, әр түрлі кіші комиссияларға кіретін, жекелеген аудандардағы жұмысқа басшылық ететін, өздеріне әр түрлі, дәл белгіленген тапсырмалар алған жауапты адамдардың, ғалымдардың, инженерлердің, агрономдардың, статистиктердің тізімі көрсетілген өз «Бюллетенінің»[134] 1-номерін жарыққа шығарды. Осы жұмыстардың және оларды мойнына алған адамдардың тізімінің өзі «Бюллетеньнің» 1-номерінде он баспа бет орын алады. Халық шаруашылығы жоғары советі мен Егіншілік халық комиссариаты, сондай-ақ Қатынас жолдары халық комиссариаты лайықтаған таңдаулы күштердің бәрі жұмысқа тартылды.

«Гоэлро» жұмыстарының нәтижесі жоғарыда аталып өткен көлемді — және тамаша — ғылыми еңбек болды. Бұған 180-нен астам маман қызметкерлер қатысты. Олардың «Гоэлроға» әкеліп тапсырған жұмыстары тізімінің номер саны 200-ден астам болды. Бізде, біріншіден, осы жұмыстардың жиынтығы (ол аталып отырған томның 200-ден астам бетін алатын бірінші бөлімі) бар: а) электрлендіру және мемлекеттік шаруашылық жоспары; одан кейін б) отынмен жабдықтау ісі (мұнда РСФСР-дің *таяудағы он жылға мөлшерлеп,* қажетті жұмысшылар санын еске ала отырып, дәлме-дәл жасалған «отын бюджеті» бар); в) су энергиясы; г) ауыл шаруашылығы; д) транспорт және е) өнеркәсіп.

Жоспар жұмысшылардың саны және қуат мөлшері (мың ат күшімен есептелген) көрсетіліп, шамамен он жылға белгіленген. Әрине, бұл — шамамен жасалған, бастапқы, долбарлы ғана, қателері бар жоспар, «алғашқы жуықтау ретінде» жасалған жоспар, бірақ бұл на-

ғыз ғылыми жоспар. Бізде мамандардың барлық негізгі мәселелер бойынша жасаған дәлме-дәл есептері бар. Бізде олардың өнеркәсіптің барлық салалары бойынша жасаған есептері бар. Бізде — бір кішкене мысал — жан басына екі пардан есептелген (300 миллион пар) аяқ киім, былғары өндіру мөлшерінің есебі бар, т. т. Қорыта келгенде бізде электрлендірудің материалдық та, финанстық та (алтын сом есебімен) балансы бар (370 миллиондай жұмыс күні, пәлен бөшке цемент, пәлен дана кірпіш, пәлен пұт темір, мыс және басқалар, пәлендей қуаты бар турбогенераторлар және т. б.). Баланс («өте-мөте долбарлы баға бойынша») өңдеуші өнеркәсіпті 10 жыл ішінде 80 процентке, ал өндіруші өнеркәсіпті 80—100 процентке ұлғайтуды көздеп жасалған. Алтын балансының дефициті (+11 миллиард—17, бүкіл дефицит 6 миллиардқа жуық) «концессиялар мен кредит операциялары арқылы өтелмекші».

Бірінші кезекте салынатын, бу күшімен жұмыс істейтін аймақтық 20 электр станциясы мен 10 су электр станциясының орындары көрсетілген, олардың әрқайсысының шаруашылық маңызы толық суреттелген.

Жалпы мәліметтен кейін осы томға, беттері өз алдына номерленіп, әрбір аудан бойынша істелетін жұмыстар енгізілді; бұлар: Солтүстік, Орталық-өнеркәсіпті (бұл екі аудан ерекше жақсы, дәл, егжей-тегжейлі, ғылыми бай материалға сүйеніп жасалған), Оңтүстік, Приволжье, Урал, Кавказ (мұндағы түрлі республикалар арасында экономикалық келісім болар деген үйғарынды бойынша Кавказ тұтасымен алынды), Батыс Сибирь және Түркістан аудандары. Әрбір аудан бойынша жасалған есепті бірінші кезекте салынатын электр станцияларымен ғана шектемейміз; одан кейін «Гоэлроның *А* программасы» деп аталатын, яғни *қазіргі бар* электр станцияларын барынша тиімді және үнемді пайдалану жөнінде жоспарымыз бар. Тағы бір кішкене мысал: Солтүстік (Петроград) ауданы жөнінде жасалған есеп бойынша, Петроград станцияларын қосқанда, мұның өзі былайша белгіленетін үнем берер еді. Қуаттың жартысына жуығын Солтүстіктегі сал ағызу орындарына, Мурманскіге, Архангельскіге, т. т. жіберуге болар еді

(Солтүстік аудан жөніндегі есептің 69-беті). Ағаш дайындау мен оны шетелге жөнелтуді ұлғайту осы жағдайларда *«таяу уақыттың ішінде жылына жарты миллиардқа жуық валюталық сом»* бере алған болар еді.

Егер біз, әрине, жоспар туралы бос сөздерден ғалымдардың жасаған жоспарын іс жүзінде зерттеуге және *қолдануға* көше алатын болсақ, «солтүстік ағашын өткізуден түсетін жыл сайынғы түсім таяу жылдардың ішінде біздің алтын қорымыздың мөлшеріне жете алады» (бұл да сонда, 70-бет)!

Тағы бір айта кететін нәрсе, бірсыпыра мәселелер жөнінде (әлбетте, барлық мәселелер жөнінде болу қайда) біздің календарьлық программамыздың бастамасы бар, яғни жалпы жоспар ғана емес, сонымен қатар 1921 жылдан 1930 жылға дейін неше станцияны іске қосуға болатынны және қазіргі бар станцияларды қаншалық кеңейтуге болатыны жайында әрбір жылға арналған есебіміз бар (бұл ретте де жоғарыда көрсетілген шарттың, біздің интеллигенттік-әдебиетшілдік және ұлықтықбюрократтық әдет-ғұрпымыз жағдайында онша оңай жүзеге асырыла қоймайтын шарттың орындалуы керек).

«Гоэлроның» жасаған еңбегінің соншалықты орасан зор, соншалық құнды екенін бағалау үшін Германияға көз жіберіп көрелік. Онда Баллод деген бір ғалым осындай жұмыс жасаған болатын. Ол Германияның бүкіл халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың ғылыми жоспарын жасаған болатын[135]. Капиталистік Германияда ол жоспар іске аспай, әдебиетшілдік болып, жалғыз адамның жұмысы болып қала берді. Ал біз мемлекеттік тапсырма беріп, жүздеген мамандарды қатыстырып, он ай ішінде (әрине, әуелгі белгілегеніміздей, екі ай ішінде емес) ғылымға негізделген бірыңғай шаруашылық жоспарын жасап алып отырмыз. Біздің бұл жұмысқа мақтануға заңды правомыз бар; оны тек дұрыстап пайдаланудың *мәнісін түсінуіміз* керек және де нақ *осыны* түсіне білмеушілікпен қазір күрес жүргізуімізге тура келеді.

Советтердің VIII съезінің қарары былай дейді: «...Съезд... *Халық шаруашылығы жоғары советінің,* т. б.

және әсіресе «Гоэлроның» *Россияны электрлендіру жоспарын жасау жөніндегі жұмысын мақұлдайды*... бұл жоспарды *ұлы шаруашылық бастамасының алғашқы қадамы* деп бағалайды, *бұл жоспарды талдап жасауды аяқтап, бекітуді* және мұны қалай да ең қысқа мерзімде бекітуді Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне, т. т. тапсырады... Бұл жоспарды *барынша кеңінен насихаттау* үшін барлық шараларды қолдануды тапсырады... Бұл жоспарды зерттеп үйрену ісі *республиканың барлық оқу орындарына түгел* енгізілуге тиіс»,[136] т. т.

Біздің аппаратымызда, әсіресе жоғарғы аппаратымызда, бір кеселдің бар екенін, кесел болғанда осы қарарға Москвада байқалып отырған көзқарас сияқты, одан жалтаруға дейін барып, оны олай да, бұлай да бұрмалап «түсіндіруге» тырысу сияқты бюрократтық та, интеллигенттік те кеселдің бар екенін еш нәрсе де мұндай айқын сипаттай алмайды. Әдебиетшілер талдап жасалған жоспарды насихаттамайды, қайта жоспарды талдап жасауға қалай кірісу керектігі туралы тезистер мен бос пайымдаулар жазады! Ұлықтар таза бюрократтық тұрғыдан келіп әңгімені жоспарды «бекітудің» қажеттігіне әкеліп тірейді, мұны нақты тапсырмалар беру (пәлендей нәрселерді пәлендей уақытта салып бітіру, шетелден пәлендей нәрселер сатып алу, т. т.) деп түсінбейді, *жаңа* жоспар жасау сияқты мүлде шатасқан бір нәрсе деп түсінеді! Істің жайын түсінбеушілік деген масқара күшті,— жаңаны құрмай тұрып, әуелі ескіні тым болмаса ішінара қалпына келтірейік; электрлендіру дегеніміз электрлендірусымаққа ұқсас; неге газдандыру емес; «Гоэлрода» буржуазияшыл мамандар отыр, коммунистер аз; «Гоэлро» жалпы жоспарлау комиссиясын беруге тиіс емес, сарапшылар кадрларын беруге тиіс, т. т. деген сөздер естіледі.

Міне, осындай пікір алалығы деген қауіпті, өйткені ол жұмыс істей білмеушілікті, шын істен интеллигенттік және бюрократтық менмендіктің басым екендігін көрсетеді. Жоспардың қиялилығы жөніндегі мысқыл, газдандыру жөніндегі сұрақтар және басқалар надан менмендікті көрсетеді. Жүздеген таңдаулы мамандардың жұмысын атүсті түзету, пасық естілетін әзілдермен

құтыла салу, өзінің «бекітпеуге» праволылығын айтып дандайсу дегендер масқара емес пе?

Ғылымды бағалауға, дилетанттар мен бюрократтардың «коммунистік» даңғойлығын теріске шығаруға үйрену керек қой, өзінің тәжірибесін, өзінің практикасын пайдалана отырып, жүйелі жұмыс істеуге үйрену керек қой!

Әрине, «жоспар» дегеніміз, оның нағыз шын мәніне келгенде, шексіз сөйлей беруге және таласа беруге болатын нәрсе. Бірақ нақты, бірден-бір ғылыми жоспарды зерттеуді және *практикалық* тәжірибенің деректеріне сүйеніп, неғұрлым талдап зерттеу негізінде оны түзетуді қолға алу керек болып отырған кезде, «принциптер» (жоспар жасаудың принциптері) туралы жалпылама лепірме сөздер мен таластарға жол берудің керегі жоқ. Әрине, «бекіту», не «бекітпеу» правосы әрқашан ұлықтың және ұлықтардың өзінде қалады. Егер бұл правоны дұрыс түсінетін болсақ, VIII съезд мақұлдаған және нағыз кең түрде насихаттауға ұсынған жоспарды бекіту жөніндегі оның шешімдерін дұрыс түсіндіретін болсақ, онда бекіту деп толып жатқан заказдар және бұйрықтар беруді түсіну керек: пәлендей нәрсені, пәлен уақытта, пәлен жерден сатып алу, пәлендей нәрсені сала бастау, пәлендей материалдарды жинау және тасып жеткізу, т. т. деп түсіну керек. Ал егер бюрократтық тұрғыдан түсіндіретін болсақ, онда «бекіту» дегеніміз ұлықтың ақымақтығы, қағазбастылық, тексеруші комиссиялар ойынын ойнау, қысқасы, нақты істі таза чиновниктік жолмен құрту болады.

Мәселеге тағы бір жағынан қарап көрелік. Электрлендіру жөніндегі ғылыми жоспарды күнделікті практикалық жоспарлармен және олардың шын жүзеге асырылуымен ерекше байланыстыру қажет. Бұл, әлбетте, мүлде талассыз нәрсе. Ал пақ қалайша байланыстыру керек? Мұны білу үшін экономистердің, әдебиетшілердің, статистиктердің жалпы жоспар туралы мылжыңдамауы керек, біздің жоспарларымыздың орындалуын, біздің бұл практикалық істегі қателерімізді, ол қателерді түзету тәсілдерін талдап зерттеулері керек. Бұлайша талдап зерттемесек, біз соқыр болғанымыз. Осылай зерттеген

жағдайда, онымен қатар практикалық тәжірибені зерттеген жағдайда,— әкімшілік әдісінің мүлде кішкене мәселесі ғана қалады. Жоспарлау комиссиялары дегеннен тіпті аяқ алып жүре алмайсың. Біріктіру үшін екеуін — Иван Иванычтың қарауындағы мекемеден, біреуін—Пал Палычтың қарауындағы мекемеден, немесе оның керісінше, алу керек. Оларды жалпы жоспарлау комиссиясының кіші комиссиясымен қосу керек. Міне, мұның нақ әкімшілік әдіс екендігі, одан басқа түк еместігі айқын. Олай да, бұлай да тексеріп көріп, тәуірін таңдау керек—бұл жөнінде айтып жатудың өзі адам күлерлік нәрсе.

Істің мәні мынада: бізде мәселе қоя білмейді, нақты жұмысты интеллигенттік және бюрократтық жоба құмарлыққа айналдырады. Бізде азық-түлік және отын жөнінде ағымдағы жоспар болған еді және бар да. Біз мұның екеуінде де айқын қате жол бердік. Бұл жөнінде екі түрлі пікірдің болуы мүмкін емес. Іс білетін экономист түкке тұрмайтын тезистердің орнына, фактілерді, цифрларды, деректерді зерттеу ісін қолға алып, біздің өзіміздің практикалық тәжірибемізді талдайды да, қате мынада екен, оны былай түзету керек екен дейді. Іс білетін әкім осындай зерттеуге сүйене отырып, адамдарды ауыстырып қою, есеп-қисапты өзгерту, аппаратты қайтадан құру, т. т. жөнінде ұсыныс жасайды немесе оны өзі істейді. Бірыңғай шаруашылық жоспарына іскерлік тұрғыдан, іс тетігін біле тұрып қараудың бізде онысын да, мұнысын да көрмейсің.

Кеселдің өзі нақ мынада: коммунистің мамандарға, әкімнің ғалымдар мен әдебиетшілерге көзқарасы туралы мәселе теріс қойылады. Бірыңғай шаруашылық жоспары туралы мәселеде, басқа мәселенің бәріндегі сияқты, коммунистердің ғана шешуін талап ететін немесе тек әкімшілік тұрғыдан талап ететін жақтар бар,— ондай жаңа жақтардың әрқашан туып отыруы мүмкін. Бұл даусыз. Бірақ бұл жалаң абстракция. Ал қазір бізде бұл мәселеге қате қарап жүргендер бұл жерде буржуазиялық мамандар мен ғалымдардан көбірек үйреніп, әкімшілік ойынын аз ойнау керек екендігін түсіне білмей жүрген коммунист әдебиетшілер мен коммунист

әкімдердің нақ өздері. «Гоэлро» қазірдің өзінде-ақ талдап жасаған бірыңғай шаруашылық жоспарынан басқа ешқандай жоспар жоқ және болуы да мүмкін емес. Оны толықтырып, одан әрі дамыта беру керек, құнттап ден қойып зерттеген практикалық тәжірибенің деректері негізінде түзетіп, тұрмысқа қолданып отыру керек. Мұның керісінше пікір, партия программасының сөзімен айтқанда, тек «жалған радикалдық, іс жүзінде надандық пікір»[137]. РСФСР-де «Гоэлродан» басқа тағы да бір жалпы жоспарлау комиссиясының болуы мүмкін дейтін пікір жоғарыдағыдан кем соқпайтын надандық пікір болып табылады; мұнымен, әрине, оның құрамын ішінара, іскерлік тұрғыдан түзетудің пайдалы болу мүмкіндігі теріске шығарылмайды. Біздің халық шаруашылығымыздың жалпы жоспарын жақсарту мағынасында елеулі бір нәрсені тек осы негізде ғана, басталған істі жалғастыра беру арқылы ғана жасауға болады, әйтпесе бұл әкімшілік ойынын ойнау немесе, анығын айтқанда, ақымақтық болады. «Гоэлроның» өз ішіндегі коммунистердің міндеті — билік айтумен көп әуестенбеуге тиіс, дұрысырақ айтқанда, тіпті билік айтудан мүлдем аулақ болу керек, ғылым мен техниканың мамандарынан үйрене отырып және тиісті ғылымның табыстары мен деректері негізінде олардың өз ой өрісін кеңейтуіне көмектесе отырып, оларға (РКП программасының айтқанындай, «олар көбінесе буржуазиялық дүние таным мен дағдылар бойына сөзсіз сіңген адамдар болып келеді») өте-мөте сақтықпен, білгірлікпен қарау керек; инженер коммунизмді мойындауға астыртын жұмыста болған насихатшы, әдебиетші *сияқты келмей, өз ғылымының деректері арқылы* келетінін, коммунизмді мойындауға агроном *өзінше*, орманшы өзінше келетінін, т. т. есте сақтау керек. Істің мәніне түсіне отырып, оны егжей-тегжейлі зерттей отырып, мамандардың жұмысын біріктіре білетінін және жүйелі бағыттай алатынын дәлелдемеген коммунист, міне мұндай коммунист көбінесе зиянды болып шығады. Мұндай коммунистер бізде көп, ал өзінің ісін адал зерттейтін және істі білетін бір ғана буржуазиялық маманның орнына мен оларды он-ондап берген болар едім.

«Гоэлродан» тысқары жүрген коммунистер бірыңғай шаруашылық жоспарын жасау және оны жүзеге асыру ісіне екі түрлі көмек бере алады. Егер олар экономистер, статистиктер, әдебиетшілер болатын болса, олар әуелі біздің өзіміздің практикалық тәжірибемізді зерттеп білуге тиіс және тиісті фактілерді талдап зерттеу негізінде ғана қатені түзету, жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныс енгізуге тиіс. Зерттеу дегеніміз ғалымның ісі, ал бұл жерде де, әңгіме бізде көптен бері-ақ жалпы принциптер туралы емес, нақ осы практикалық тәжірибе туралы болып отырғандықтан, «тезистер» жазуға, «ұрандар» ұсынуға, жалаң абстракциялар әкелуге күн мен түннің кез келген минутында әзір тұратын тәкаппар коммунистен, тіпті буржуазияшыл болса да, істі білетін «ғылым мен техниканың маманы» бізге он есе бағалы. Фактілерді білу көбірек болсын, коммунистік принциптілікке дәмеленетін сөз жарыстыру азырақ болсын.

Екінші жағынан, егер коммунист әкім болатын болса, оның бірінші парызы — билік айтумен әуестенуден сақтану, әуелі ғылымның талдап жасап берген нәрсесімен санаса білу, әуелі фактілердің тексерілген-тексерілмегенін сұрастырып білу, әуелі (баяндамаларда, баспасөзде, жиналыстарда және басқа жерлерде) біздің нақ қай жерде қателік жібергенімізді зерттеп білуге жету, сөйтіп жіберілген қателерді тек осы негізде ғана түзетіп отыру. Тит Титычтың («мен бекіте де аламын, бекітпей де қоя аламын» дейтін) тәсілдері азырақ болсын, өзіміздің практикалық қателерімізді зерттеу көбірек болсын.

Адамдардың кемшілігі көбінесе олардың жақсылық жақтарымен байланысты екендігі әлдеқашан байқалған нәрсе. Басшы коммунистердің көбінің кемшіліктері осындай. Ондаған жылдар бойы біз ұлы іс істеп келдік, буржуазияны құлатуды уағыздадық, буржуазиялық мамандарға сенбеуді үйреттік, оларды әшкереледік, олардан өкіметті тартып алдық, олардың қарсылықтарын басып-жаныштадық. Бұл—бүкіл дүние жүзілік-тарихи, ұлы іс. Бірақ сәл ғана асырсаң болғаны, ұлылық пен бейшаралықтың арасы бір-ақ қадам деген ақиқат расқа

шыға келеді. Біз Россияны сендірдік, біз Россияны қанаушылардан еңбекшілер үшін тартып алдық, біз қанаушыларды жаншып тастадық — біз енді Россияны басқаруды үйренуге тиіспіз. Бұл үшін кішіпейілділікке үйренуіміз, «ғылым мен техника мамандарының» іскерлік еңбегін құрмет тұтуға үйренуіміз керек, бұл үшін біздің көптеген *практикалық* қателерімізді іскерлік тұрғыдан, зер салып талдауға және ол қателерді біртебірте, бірақ бұлжымастан түзетіп отыруға үйренуіміз керек. Интеллигенттік және бюрократтық менмендік азырақ болсын, біздің практикалық тәжірибеміздің, орталықта және жергілікті жерлерде, не беретінін, ғылымның бізге қазірдің өзінде не бергенін зерттеу көбірек болсын.

21 февраль, 1921 ж.

*«Правда» № 39, 22 февраль, 1921 ж.*
*Қол қойған: Н. Ленин*

*В. И. Ленин түзеткен гранкалармен салыстырылған «Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# МОСКВА ҚАЛАСЫ ПАРТИЯ АКТИВІНІҢ ЖИНАЛЫСЫНДА 1921 ж. 24 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[138]

Бүгінгі әңгіменің сипаты мені біршама таңдандырып отыр. Меніңше, қазір саяси кезең мұндай емес. Туып отырған жағдаймен күресу керек, бұл жағдай ішкі жәпе халықаралық тұрғыдан алғанда да нашарлап кетті. Польшамен осы кезге дейін бітім әлі жасалған жоқ, ел ішінде бандитизм мен кулактар көтерілістері өрши түсуде. Азық-түлік пен отын жөнінде жағдай өте нашарлап кетті. Өткен жылы біз бірінші жарты жылда 15 миллион пұт, екінші жарты жылда — 8 миллион пұт астық жұмсадық, ал биылғы жылы біз бірінші жарты жылда 25 миллион пұт жұмсап қойдық, ал енді паекті қысқартуға тиіс болып отырмыз, оның үстіне тіпті мұның өзін де үзбей беріп тұрамыз деген сенім жоқ. Айқын қателік мынада: біз астықты бірінші жарты жылда дұрыс бөлмедік; біз астықтың жұмсалуын 25 миллионға дейін көбейтуге тиіс емес едік. Қазір Сибирьден астық тасып жеткізілмей жатыр, өйткені кулак көтерілісшілері темір жол қатынасын үзіп тастады. Біздің сибирьлік жолдастар кулактар көтерілісінің болу мүмкіндігі туралы айтқан болатын, бірақ оның мөлшерін анықтау өте қиын. Бұл соғыс емес қой, онда күштерді есепке алуға болады. Сибирь шаруалары Европалық Россия шаруаларына қарағанда ауыртпалықтарды аз көрді, бірақ соның өзінде олар бұған дағдыланбаған, оның үстіне Сибирьмен қатынас үзіліп, астықты тасып жеткізу тоқталып қалды. Шамамен алғанда марттың 1-нен 10-на дейін азық-түлік жағдайы жақсармайды.

Біз қор қалдырғанымыз жоқ. Қазір бар күш осы жағдайға төтеп беруге, оған барынша табандылықпен шыдап бағуға бағытталуға тиіс. Кавказдан тасымал аздап жақсарды, бірақ оның нашарлап кетуі де мүмкін. Сірә, Армениядағы көтеріліс тыныштылатын болар[139], бірақ олқылықтардың орнын толықтыру үшін Оңтүстік-Шығыс жолына күш салынып отырғанымен, Кавказдан астық тасып жеткізу бізге Сибирьден тасып жеткізілмей қалған астықтың орнын толтыра алмайды. Мәліметтердің жайы нашар, бірақ еш нәрсе істеуге болмайды.

Бандитизмде эсерлердің ықпалы бары сезіледі. Олардың басты күштері шетелде; олар көктем сайын Совет өкіметін құлатуды арман етеді. Чернов осы жайында жақында шетелдегі бір орыс газетінде жазды. Эсерлер жергілікті арандатушылармен байланысты. Бұл байланыс мынадан көрініп отыр: көтерілістер нақ біз астық алып отырған аудандарда болып жатыр. Салым салуды жүргізу өте-мөте қиын болды. Сибирьде де салым бар, бірақ онда өткен жылдардан қалған қор әлі бар.

Отын жағдайы да нашарлап кетті. Мұнда дәл цифрлар жоқ, айқын қорытынды жасауға болмайды, отын дағдарысының себептерін анықтауға да болмайды.

Біз жалпы сипаттағы наразылық бар деген қорытындыларға келіп отырмыз. Бұл наразылықты төменнен біліп алу керек, егер советтік аппараттар арқылы тез білуге болмайтын болса, тікелей партия аппараттары арқылы білу керек.

Бюрократизмнің бар екендігін былай қойғанда, жоспарда да қателер бар. Жоспар жасалғанда, оны баспасөз бетінде және жиналыстарда талқылап, тексеру керек. Біз кәсіпорындарды тоқтатуға мәжбүр болып отырмыз, сөйтіп мұнымызбен тіпті отыны бар фабрикалардың жұмысын бүлдірдік. Неге олай? Қателерден басқа, жоспарда сот процесін өткізуге тұрарлық материалдар бар екені айқын. Мекемелерге пролетарлық элементті жіберу керек.

Сал ағызу аяқталғанға дейін біздің отын дағдарысынан шыға алмайтынымыз күмәнсыз. Мүмкін болғанынша, шана жолын пайдалану керек және сал ағызуды

жақсы пайдалану қажет. Отын дағдарысы тоқыма кәсіпорындарына да әсерін тигізіп отыр, сондықтан олар тіпті ең аз программаны да орындай алатын емес.

Бандитизмнің және Сибирьмен қатынастың үзіліп қалуы салдарынан туған қиыншылықтар міне осындай. Смирновтың хабарына қарағанда, онда бандитизмді жоямыз дейді, бірақ астықты тасып жеткізу ісін жақсартуға кепілдік бере алмайды. Сондықтан жалпы жағдай туралы көп айтып жатудың керегі жоқ, қайта осы жағдайдан шығуға бар күшті салу керек.

Москва ұйымындағы жағдай туралы бірер сөз. Кейбір жолдастар өсек-аяң жөніндегі кінәны Москва комитетінің көпшілігіне жабады. Егер азшылық наразы болса, ол конференцияның қаулысы жөнінде Орталық Комитетке шағым жасауына болады. Орталық Комитеттің бұл мәселені қалай шешетінін мен білмеймін, бірақ менің өз пікірім — кінә азшылықта жатыр. Бүкіл россиялық конференцияның қарары азшылықтың пікірімен санасу керек, партия ішінде талқылау және айтыс ашу керек дейді[140]. Ноябрьде губерниялық конференцияда Москва комитетінің сайлауы осы платформа негізінде жүргізілді[141]. Екі бөлме системасы қолданылған еді, осының өзі-ақ жарықшақ болатын; бірақ ендігі жерде мұндай жағдайға тозуге болмайды. Біз сынға жол бергенде, сынға бола емес, дұрыс шешімдер қабылдау үшін жол бердік. Москва айтыстар жөнінде рекорд жасады. Ноябрьде Москва комитетінің теріс бағыты туралы айтылды, мұны 120 дауыс жақтады. Әркім өз платформасын ұсынған айтыс кезінде Москва комитетіне қарсы берілген дауыс аз болды. Егер конференция Москва комитетін сайлай алмайтын болса, бұл қандай демократия болғаны? Үш айға созылған айтыстан кейін өсек-аяң жөніндегі кінә наразы болғандарға ауып отыр. Әрине, шешімге қарсы шағым айтуға ресми право берілген, бірақ революционердің борышы — қиын-қыстау кезеңдерде топтаса түсу және шағым айту жөніндегі ресми правоны теріс пайдаланбау.

Біз шетелдердегі 67 орыс газетінен эсерлердің және сондайлардың көктемде партиялық емес конференцияларда жұртты бізге қарсы айдап салуға тырысып көреті-

пін оқып отырмыз. Міне осындай кезеңде: біз конференцияның қаулысына қарсы шағым айтамыз деседі. Не үшін, қашан және қандай дәрежеде шағым айту керектігін түсіну керек. Біз жұрттың бәріне өз пікірін айтуға мүмкіндік бердік, айтыс ашуға жол бердік, — ендігісін съезд шешеді, ал қазір біз жауынгерлік сапта тұрмыз. Топтасу керек және мынаны ұғыну қажет: айтыс ашуға қарай тағы бір адым жасасақ, біз партия болудан қаламыз. Шағым айту правосын титтей де теріске шығармай, мен біз айтыстарсыз да өз борышымызды орындап келгенбіз, сондықтан қазір осыны білу керек деймін. Осы ауыр жағдайды түсіндіру үшін коммунистерді партиялық емес барлық ұйымдарға жіберу керек.

*Бірінші рет, протоколдық жазбаның машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр*

# СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ УКРАИНДЫҚ V СЪЕЗІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ[142]

Жолдастар! Советтердің Бүкіл украиндық V съезіне шын жүрегімнен сәлем жолдаймын. Жаулардың барлық кедергілеріне және зұлымдықтарына қарамастан, кедей шаруалар мен украин жұмысшыларының одағы Советтік Украинаны нығайтып, Украин республикасын баянды етеді деген кәміл сенім білдіремін.

Съезд ұсынысын қабылдауға еш мүмкіндік болмағанына, сөйтіп өзімнің бара алмайтыныма өкінетінімді Петровский жолдастың хабарлауын өтінемін. Алайда таяу арада менің Советтік Украинаға баруымның сәті түсер деп сенемін. Жұмысшылар мен шаруалар өкіметін нығайту және шаруашылықты қалпына келтіру ісінде съездің табысты болуын тілеймін.

Сіздің *Ленин*

*«Коммунист» (Харьков) № 45, 27 февраль, 1921 ж.*

*«Коммунист» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

# ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ЖАБДЫҚТАУ ІСІН ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ[143]

28. II. 1921 ж.

Еңбек және Қорғаныс Советі мұқтаж жұмысшыларды азық-түлікпен және ең қажетті заттармен жабдықтауды жақсарту үшін дереу, төтенше шаралар қолдануға, бұл мақсат үшін *алтынмен он* миллион сомға дейін қаржы бөліп, тиісті заттарды дереу сатып алу үшін шетелге делегация жіберуге қаулы етеді,— делегацияға ВЦСПС өкілдері қатысуға тиіс.

Еңбек және Қорғаныс Советінің
Председателі *В. Ульянов (Ленин)*

*Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XX жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫ МОСКВА СОВЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1921 ж. 28 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[144]

(Ұзақ қол шапалақтау.) Әрине, зор назар аударуды талап етіп отырған және үлкен абыржушылық туғызатын ішкі жағдай туралы мәселеге көшпестен бұрын,— халықаралық саладағы басты-басты жаңалықтарға ғана қысқаша тоқталып өтуіме рұқсат етіңіздер. Қысқа болу үшін мұндай жаңалықтардың мен үшеуін ғана атап өтемін: біріншісі—бізде осында Москвада түрік делегаттарымен конференция[145] басталды. Бұл фактіні өте-мөте құттықтауымыз керек, неге десеңіз біздер мен түрік үкіметі делегациясының арасында тікелей келіс сөздер жүргізуге деген кедергілер өте көп болған, ал біз қазір осында келісуге мүмкіндік туып отырған кезде жақындасу мен достық бастамасы өте-мөте берік орнайды деп сенеміз, бұларға қол жеткенде, әрине, дипломатиялық айла-шарғылар арқылы емес (бұл жөнінде біздің дұшпандарымыз бізден анағұрлым күшті, ал біз мұны мойындаудан қорықпаймыз), осы екі халықтың екеуі де соңғы жылдар ішінде империалистік державалардан құлақ естіп, көз көрмеген көп қорлық көргендігінен қолымыз жетеді. Сөйлеп өткен шешендердің біреуі осында империалистік елдерден оқшауланудың (бөлектенудің) зияны туралы айтты. Бірақ қойға қасқыр шапқан кезде, қойға қасқырдан оқшауланып қалма деуге тура келмейді ғой. (Күлкі және қол шапалақтау.) Ал егер Шығыс халықтары осы кезге дейін империалистік қасқыр алдында қой ғана болып келген болса, онда Советтік Россия өзінің әскери күші жағынан

сопшалықты әлсіз екендігіне қарамастан, өзіне тырнақ батырып, ауыз салудың онша оңай еместігін бірінші болып көрсетті. Советтік Россияның бұл өнегесін өте көптеген халықтар үлгі етті, олар «большевиктік сыбыршыларға» тілектестігіне немесе тілектес еместігіне тіпті қараған да жоқ. Бұл «сыбыршылар» жайында бүкіл дүние жүзінде талай нәрсе айтылып жүр, ал бізді тіпті Түркия жөнінде қаскөй сыбыршылар деп те атайды. Ал біз, әрине, бұл салада осы кезге дейін еш нәрсе істей алғанымыз жоқ, солай бола тұрса да, түрік жұмысшылары мен шаруалары қазіргі заманғы халықтардың жыртқыштыққа қарсы тойтарысы онымен санасуды керек ететін нәрсе екенін, ал империалистік үкіметтердің Түркияны душар еткен талан-таражы нағыз күшті империалистік державалардың қолдарын тарттырған тойтарыс туғызғанын көрсете алды. Түрік үкіметімен арадағы бұл келіс сөздерді өте ірі табыс деп есептеуге мәжбүр ететін нәрсе міне, осы. Ешқандай айла-шарғыларға біз бармаймыз. Бұл келіс сөздердің өте шағын көлемде жүретінін біз білеміз, бірақ олардың маңызы мынада: барлық халықтардың жұмысшы және шаруа еңбекші бұқарасының жақындасуы, жанталаса жасалған кедергілерге қарамастан, бірден-бірге алға басып келеді, сондықтан біздің басымыздан кешіріп отырған қиыншылықтарымызды бағалауда мұны ұмытпауымыз керек.

Халықаралық жағдай туралы әңгіме болып отырған кезде айтылуға тиісті екінші нәрсе — бітім жөнінде Ригада болып жатқан келіс сөздердің жайы[146]. Өздеріңіз білесіздер, азды-көпті болса да берік бітім жасасу үшін бұрын Россия империясының құрамына кірген мемлекеттердің бәріне де біз барынша көп кеңшілік жасаймыз. Бұл түсінікті, өйткені империалистерді жек көруге мәжбүр ететін және халықтарды оларға қарсы топтастыратын басты күштердің бірі ұлтты езу болып табылады, ал бұл жөнінде бұрынғы Россия империясындай, Керенскийдің және меньшевиктер мен эсерлердің буржуазиямен одақтасып құрған буржуазиялық республикасындай айыпты болған мемлекеттер дүние жүзінде көп кездесе бермейді. Міне сондықтан да нақ осы мемлекет-

тер жөнінде біз неғұрлым көп кеңшіліктер жасап, кейбір эсерлердің бізді бейне бір толстойшылдар деп сөгуіне себепкер болған бітім шарттарына да барамыз. Біз мұндай кінәлауға мейлінше байсалды қараймыз, өйткені бұл мемлекеттердегі бұрынғы езгіден туған ғасырлар бойғы сенімсіздікті жою үшін және бір кезде патша өкіметі мен орыс помещиктерінен бірге қорлық көрген, ал қазір империализмнен қорлық көріп отырған әр түрлі ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларының одағына негіз салу үшін біз бұл мемлекеттерге барынша кеңшілік жасауға тиістіміз. Польша жөнінде бұл саясатты Польшаның көбірек бөлегін емін-еркін сатып алған және оны бізге қарсы соғысқа киліктіру үшін Польшада өз үгітін барынша емін-еркін өршіткен француз капиталистері мен басқа капиталистердің төтенше бостандығымен қатар «баспасөз бостандығы», «сөз бостандығы» және басқа тамаша «бостандықтары» бар орыс ақ гвардияшылары, эсерлер мен меньшевиктер көп жағдайда жүзеге асыртпай отырды. Енді капиталистердің барлық күші қол жеткен бітімді бұздыруға жұмсалып отыр. Біз армиямызды өз тілегеніміздей демобилизация жасай алмауымызға себеп болып отырған жағдайлардың бірі — біз соғыс қаупімен санасуға тиіс болып отырмыз, ал бұл қауіп, кейбіреулердің ойлайтындарындай емес, анағұрлым зор көлемде болып отыр. Бізге соғыс ісіне мұнша көп күш жұмсамаса да болар еді дейтіндер қателеседі. Қателесетін себебі: қазір алдын ала бітімге қол қойылған Польшамен түпкілікті бітімге келуді болдырмау үшін біздің жауларымыз барлық зұлымдықтары мен әзәзілдік әрекеттерін жасап жатыр. Соңғы кезде бұл келіс сөздер созылып кетті, ал бұдан бірнеше апта бұрын мәселе бұл келіс сөздерде елеулі дағдарыс туып кете ме деп қауіптенуге дейін барғанмен, соңғы кезде біз тағы да кейбір кеңшіліктер жасауға баруды ұйғардық, оның себебі — мұны әділетті деп санағандығымыздан емес, бітімді болдырмауға бәрінен де көбірек тырысып отырған Варшавадағы орыс ақ гвардияшыларының, эсерлер мен меньшевиктердің, Антанта империалистерінің әзәзілдік әрекеттеріне жол бермеуді маңызды деп санағандықтан болып отыр. Бі-

тімге әлі қол қойылған жоқ, бірақ мен таяу арада бітімге қол қойылатыны және бітім жасасуға қарсы әзәзілдік әрекеттерге біздің жол бермейтініміз жөнінде біз өтеместе оптимистік пиғылда болуға праволымыз деп айта аламын. Мұның өзі жорамал ғана бола тұрса да, бұл жағдайға біздің бәріміз де қуанамыз ғой деп ойлаймын. Бірақ кеш болмай жатып, таңды мақтамау керек. Міне сондықтан да біз өзіміздің әскери күштерімізді бір минут та және титтей де азайтпаймыз, әлсіретпейміз, ал сонымен бірге Польша жұмысшылары мен шаруаларын Антантадан тек айырып алу үшін және оларға жұмысшы-шаруа өкіметінің ұлттық қырқысумен шұғылданбайтынын дәлелдеу үшін буржуазиялық Польша жөнінде біршама көбірек кеңшіліктер жасаудан қорықпаймыз. Бұл бітімді біз тіпті әрқашан жеңіл бола бермейтін құрбандықтар арқылы да қорғайтын боламыз.

Үшінші халықаралық мәселе — Кавказдағы оқиғалар. Онда соңғы кезде үлкен оқиғалар болды, олардың анық-танығы бізге қазір мәлім емес, бірақ олардың мәні біздің үлкен соғыс алдында тұрғанымызды білдіреді. Армения мен Грузияның қақтығысуы біздің көңілімізді қобалжытпай қоймады, ал осы оқиғалар келіп армян-грузин соғысын көтеріліске айналдырды, оған орыс әскерлерінің кей бөлімдері де қатысты. Сөйтіп, оның ақыры мынамен тынды: армян буржуазиясының бізге қарсы, кем дегенде осы кезге дейінгі, арам ойы олардың өздеріне қырын келді, қырын келгені сондай, әлі тексерілмеген соңғы мәліметтерге қарағанда, Тифлисте Совет өкіметі орнаған болып шықты. (Қол шапалақтау.) Біз көтерілістің Арменияда, Грузия мен Армения арасында жатқан нақ бейтарап аймақта басталғанын және ол аймақты Антанта империалистерінің рұқсатымен Грузияның басып алғанын білеміз. Меньшевиктер, соның ішінде грузин меньшевиктері, батыс елдерден оқшаулануның зияны туралы пайымдаған кездерінде мұны Антанта империалистеріне сенім көрсету мағынасында түсінуге дағдыланған, өйткені олар жұрттың бәрінен де күштірек. Ал алдыңғы қатарлы капиталистердің жұрттың бәрінен де күштірек алдайтынына келетін болсақ, кейбір

ақ гвардияшылар мұны ұмытады, өйткені олар былай деп ойлайды: дүние жүзінің барлық біріккен империалистік державаларына қарағанда Армения, армян шаруалары және басқалар деген немене, күйзелген Совет республикасы деген немене. Алдыңғы қатарлы капиталистер — бүкіл дүние жүзінің мәдениетті күштері: соларға қарай бет бұралық. Капиталистерді қорғау жөніндегі арам ниетті ісін грузин меньшевиктері осылай ақтайды. Армян шаруаларының азық-түлігіне жалғыз темір жол арқылы қол жеткізетін кілт грузин меньшевиктерінің қолында болды.

Біздің бұл жөнінде Грузиямен алысқан телеграммаларымызды, мәлімдемелеріміз бен наразылықтарымызды оқып шығуға ешкімнің де шыдамы жетпейді. Егер біздің Грузиямен бітім шартымыз болса, біз оны мүмкіндігінше ұзаққа созуға тиіс болар едік. Бірақ мына жағдайды көз алдыңызға елестетіп көріңіз: армян шаруалары шартқа бұлай қарамады, мұның өзі февральдың басында сұрапыл көтерілістің бұрқ етуіне әкеліп соқты, ол масқара тез жайылып, тек армян халқын ғана емес, грузин халқын да қамтыды. Ол жақтан хабар қиыншылықпен алынып отырды, ал біздің соңғы алған хабарымыз біздің жорамалымызды растап шықты. Грузин буржуазиясы мен грузин меньшевиктерінің еңбекші бұқараға емес, өз елінің капиталистеріне сүйенетінін, ал бұл капиталистердің соғыс әрекетін бастау үшін шатақ шығаратып сылтау іздеп отырғанын біз өте жақсы білеміз, бірақ біздің үш жыл бойына сүйенген сүйенішіміз бар, біз осы сүйенішке ақырғы деміміз біткенше сүйене беретін боламыз, ол сүйеніш — тіпті артта қалған және езілген елдің болса да еңбекшілер бұқарасы. Ал ақырында келіп, біз қалайша сақтық жасасақ та, Қызыл Армияны нығайтуға күшімізді қалайша жұмылдырсақ та, біз Кавказда тұтанып отырған өртті сөндіруге өзіміздің бар күш-жігерімізді салатын боламыз. Біздің Батысқа көрсете алған нәрсеміз: Совет өкіметі бар жерде, ұлттық езгіге орын жоқ дегендік еді,—осыны біз енді Шығысқа да көрсететін боламыз. Сайып келгенде, бүкіл күрес осыған байланысты, ақыр аяғында келіп жұмысшы және шаруа күші капиталистік күштен

басым және көп болып шығады, өйткені жұмысшылар мен шаруалар капиталистерден анағұрлым көп.

Сыртқы саясат туралы осы ескертпелерден кейін мен енді ішкі саясатқа көшемін. Мен, амал не, Брюханов жолдастың осында жасаған баяндамасын түгел тыңдай алмадым. Сіздер одан барлық жайды түгелімен естідіңіздер және дәл мәлімет алдыңыздар, сондықтан маған, әлбетте, оларды қайталап жатудың қажеті жоқ. Мен ең басты нәрсеге, бәлкім, біздің сұмдық дағдарысымыздың себептерін көрсетіп беретін нәрсеге тоқталғым келеді. Біз өзіміздің алдымызға шешу жолын өзіміз таба білетін міндет қоюға тиіс боламыз. Мұндай жол бар, біз оны таптық, бірақ бұл жолмен соғыстан кейін мұра болып қалған ауыр жағдайлар талап етіп отырған жігермен, үздіксіз түрде жүре беретін күш бізде әлі жоқ. Біз барлық жағынан бірдей өте зор қайыршылық жағдайда отырмыз, бірақ солай бола тұрса да, біздің күйзелісіміз Вена жұмысшыларының күйзелісінен ауыр емес. Вена жұмысшылары ашығып, өліп жатыр, олардың балалары да ашығып, өліп жатыр, бірақ оларда бізде бар ең басты нәрсе жоқ: оларда үміт жоқ. Олар капитализм езгісіне түсіп, өліп жатыр, олар құрбандықтар жасайтын жағдайда болып отыр, бірақ олардың құрбандықтары біз жасаған құрбандықтардай емес. Біз бүкіл капиталистік дүниеге жариялаған соғысымызға бола құрбандықтар жасап отырмыз. Петроград пен Москва жұмысшылары жағдайының Вена жұмысшылары жағдайынан айырмашылығы міне осы. Енді, көктемде, біздің азық-түлік күйзелісіміз тағы да күшейіп отыр, ал бұдан біраз бұрын біз азық-түлік жағдайымыздың жақсарғанын байқаған едік. Бұл арада біз ойламаған жағдай туып отыр. Салым салу жоспары жасалған кезде, оның табысты жүргізілуі бізге жағдайды жақсарту мүмкіндігін көрсеткен еді. Халықтың ашыққаны соншалық, оның жағдайын қалай болған күнде де жақсарту керек болды. Тек жәрдем беріп қою ғана керек болған жоқ, нақты жақсарту керек болды. Егер біз қазір жақсы істесек, онда ақырында қиын болады деп біз есептегеніміз жоқ, міне бұл бізді қазір азық-түлік дағдарысына әкеліп соқтырған қателік болды. Дәл осы қателікті біз

басқа салада да жібердік. Біз осындай қателікке Польша соғысында жол бердік және дәл сондай қателікке біз отын жөнінде жол беріп отырмыз. Азық-түлік жұмысы, отын жұмысы, көмір, мұнай, ағаш отын дегендер—бәрі әр түрлі жұмыстар, ал осы үш саланың үшеуінде де біз біртектес қателер жібердік. Аштықта, жалаңаштықта жүріп, біз өз күштерімізді асыра бағалап жібердік, оларды есептей алмадық. Біз өз ресурстарымызды бірден шығындап алғанымызды аңғармай қалдық, біз өзіміздің запастағы ресурстарымызды дұрыс есептемедік, сөйтіп біз қиын-қыстау күндерге деп ештеңе қалдырмадық. Бұл жалпы алғанда қарапайым ереже және бұл өзінің күрделі емес дағдылы шаруашылығында әрбір шаруаға түсінікті ереже. Бірақ мемлекеттік көлемде алғанда біз әрдайым мынадай жағдайға душар болып отырдық: запас дегенің не, бізге тек осы күнді аман өткізсек те жетер дедік, ал содан алғаш рет осы запасқа қолымыз жеткенде, оған практикалық тұрғыдан қарауға тура келген кезде, біз оны қиын-қыстау күндерге запас қаларлықтай етіп жайғастыра алмадық.

Польша соғысында біздің жігерлі, батыл Қызыл Армиямыз бар еді, бірақ біз керегінен гөрі бірсыпыра әрірек барып қалдық — Варшава қақпаларына дейін жеттік те, одан Минскінің өзіне дейін дерлік кері шегінуге мәжбүр болдық. Міне осы жағдай азық-түлік ісінде де болып отыр. Рас, біз соғыста жеңіп шықтық. 1920 жылы біз поляк помещиктері мен буржуазиясына олар үшін қазіргіден гөрі анағұрлым пайдалы шарттармен бітім ұсынған болатынбыз. Олар осыдан сабақ алды, сондай-ақ бүкіл дүние жүзі де ешкім бұрын күтпеген сабақ алды. Біз өз жайымыз туралы айтқанда, шындығын айтамыз, біз көбіне-көп жамандық жағын біраз асырыңқырап көрсетеміз. 1920 жылы апрельде біз: транспорт құлдырап барады, азық-түлік жоқ деген болатынбыз. Мұны өз газеттерімізде ашықтан-ашық жаздық, Москва мен Петроградтың таңдаулы залдарында болған, мыңдаған адам қатысқан жиналыстарда ашықтан-ашық айттық. Европа шпиондары мұны телеграф арқылы жеткізуге асықты, ал ол жақтағылар қолдарына түкіріп: «Ал барыңдар, поляктар, кордіңдер ме, олардың жағ-

дайы қандай нашар екенін, біз оларды қазір-ақ тапап тастаймыз» деген-ді, ал біз болсақ, шындықты айтамыз деп, кейде жаман жағын асыра көрсеттік. Жұмысшылар мен шаруалар қиыншылықтың бітпегенін біліп отырсып. Польша армиясы француз, ағылшын және басқа маман-нұсқаушылардың бақылауымен, солардың капиталдарымен, солардың киім-кешегін киіп аттанған кезде, оның талқаны шықты. Ал қазір, біздің жағдайымыз нашар деп отырған кезімізде, біздің елшілер бүкіл буржуазиялық баспасөз: «Совет өкіметі құриды» деп жазып жатыр деп хабарлап отырған кезде, тіпті Чернов та Совет өкіметі күмәнсыз құлайды деп отырған кезде,—біз: «Тілегендеріңізше даурыға беріңіздер, өйткені капиталистік ақшаға сатып алған баспасөз бостандығы осыған қызмет етеді; бұл бостандық сіздерде қанша тілесеңіз де жетеді, ал біз өкінішті шындықты айтудан ешбір қорықпаймыз» дейміз. Иә, осы көктемде жағдай тағы да нашарлап кетті, демек, қазір біздің газеттеріміздің беті жағдай нашар деген мойындауларға толы. Ал кәне, қарманып қалыңыздар, ондағы капиталистер, меньшевиктер, эсерлер, савинковшылдар немесе тағы бірдеме деп аталатындар, осы арадан бірдеме тауып қалуға қарманып қалыңыздар, сонда бұрынғыдан да жаман, күштірек, қауырт мерт боласыздар. (Қол шапалақтау.) Сірә, мүлдем қайыршылық жағдайдан шығу қиын болса керек, біз 1918—1919 жылдары осындай жағдайда болғанбыз, ол кезде запас туралы немесе жыл бойына бөлу туралы ешкім де ойлай алмаған, үш аптаға немесе екі аптаға ғана жеткізуді ойлап, үшінші аптаны «көре жатармыз» дескен болатын. Сірә, осындай жағдайдан 1920 жылғы жағдайға жету қиын болған болу керек, бұл кезде біз поляктардың армиясынан біздің армиямыздың көп екенін, астық өткен жылғыга қарағанда екі есе көп екенін, отынымыздың бар екенін,— Донецк және Сибирь көмірі бір жарым есе көп екенін көргенбіз. Біз мұны жалпы мемлекеттік көлемде біле білмедік. Бір жылға шақталған есептер айрықша тұрғыдан қарауды, айрықша жағдайларды талап ететінін есте сақтау керек. Жағдай көктемде күзден жаман болатынын біз білдік, бірақ қаншалықты жаман болатынын

біз біле алмадық. Мәселе цифрларда емес, мәселе бөлуде емес, мәселе жұмысшылар мен шаруалардың қаншалықты ашығып отырғандығында, барлық жұмысшылар мен шаруалардың ортақ ісіне олардың қаншалықты құрбандық жасауға шамасы келетіндігінде. Мұны кім есептеп шығарады? Бізді бұл үшін кінәлайтын, кінәлағанда әділетті кінәлайтын адам,—өйткені бұл жерде біздің қатеміз бар, ал мұны, сондай-ақ Польша соғысындағы қатемізді де жасыру ешкімнің ойына келмейді,—бізге бұл қатемізді көрсететін адам, міне ол бізге мынадай есеп шығарып берсін: екінші жарты жылдағы қиын-қыстау күндерге деп бірінші жарты жылда қолда бар астық қорымыздан қанша астық қалдыруымыз керек екендігін мемлекеттік көлемде алдын ала белгілеп алуға негіз болатын есебін шығарып берсін. Мұндай есеп болған жоқ. Біз ондай есепті бірінші рет 1920 жылы жасап көрдік, бірақ қателестік. Революция дегеніміздің өзі белгілі бір мағынада керемет нәрсе ғой. Егер бізге 1917 жылы: сіздер үш жыл бойына бүкіл дүние жүзіне қарсы соғысқа төтеп бересіздер және осы соғыстың нәтижесінде екі миллион орыс помещиктері мен капиталистері және олардың балалары шетелге кетіп қалады, ал сіздер жеңіп шығасыздар деген болса, бұған біздің ешқайсымыз сенбеген болар едік. Бұл керемет болды, өйткені жұмысшылар мен шаруалар арасынан помещиктер мен капиталистердің шапқыншылығына қарсы сондай зор күш көтеріліп, тіпті құдіретті капитализмнің өзіне де қауіп туды. Бұл арада нақ осы керемет болғандықтан да ол бізді ұзаққа есеп жасаудан жаңылдырды. Сондықтан біздің бәріміз де өте-мөте ақсап отырмыз. Алдағы партия съезін тездетіп отырмыз, өйткені біз осы жаңа тәжірибенің өте елеулі қорытындыларын шығаруымыз керек. Жұмысшылар мен шаруалар өкіметін қорғауда бұл арада керемет болды, бірақ бұл керемет тәңірінің құдіреті мағынасындағы керемет емес, аспаннан түскен қайдағы бір керемет емес, бұл керемет жұмысшылар мен шаруалар арасынан шыққан керемет, бұлар қаншалықты жаншылған, қорланған, күйзелген, азапталған болса да — революцияны нақ жұмысшылар бастап барғандығынан керемет болды — революция

қандай да болсын бай, мәдениетті және алдыңғы қатарлы мемлекеттегіден гөрі жүз есе көп күш таба білді, міне, бұл осы мағынадағы керемет болды. Бірақ мұндай әдетпен шаруашылық жұмысқа кірісуге болмайды. Шаруашылық жұмыста белгілі бір—бұл онша қолайлы сөз болмаса да айтайын — «сараңдық» керек. Міне осындай «сараңдық» жасауға біз әлі үйренгеніміз жоқ. Буржуазияны біз жеңіп шықсақ та, буржуазияның бізде қалып қойғанын, күрестің де бітпегенін есте сақтау керек. Ал оның бізге қарсы күрес құралдарының бірі— үрей туғызу. Бұған келгенде олар шебер-ақ, міне мұны ұмытпау керек. Олардың газеттері бар, олары баспа газеттер болмаса да, жақсы тарайды, оның үстіне олар түймедей нәрседен тек түйедей нәрсе ғана шығарып коймайды... Бірақ біздің үрейленуімізге ешбір болмайды. Жұмыстың барлық жағынан бірдей қателік жібергендігімізден біздің жағдайымыз шиеленісіп отыр. Бұл қателерден қорықпалық, бұларды мойындаудан қорықпалық, бір-бірімізді кінәлай бермелік; ал жұмыстың барлық түрлерінде бар күшті пайдалана білу үшін және күш-жігерді сарқа жұмсай білу үшін есеп жасай білуіміз керек, ол есепті бүкіл республикамыздың қожайыны боларлықтай дәрежеде жүргізуіміз керек, өйткені тек осындай есеп болған жағдайда ғана көп астық пен отынды есептеуге болады. Дені сау адамның тұрғысынан қарағанда бізде астық аз, бірақ оны бірден көбейтуге болмайды. Астық тек запас жасамаған жағдайда ғана жетіспейді, ал егер бәрінен де гөрі мұқтаж адамға ғана беру үшін және соңғы үш жылдың ішінде, мүмкін, қолындағы ең соңғы дәніне дейін берген адамнан алмай, артық астығы көп адамнан алу үшін дұрыс есептесек, астық жетеді. Сибирь мен Украина шаруалары бұл есепті түсінді ме екен? Жоқ, әлі түсінген жоқ. Оларда Россияның орта аймағындағы шаруаларда ешқашан болып көрмеген артық астық бар және болып келді. Олар басқа жердегідей жағдайға әлі душар болған емес. Олар біздегі, Москва мен Петроград губернияларындағы шаруалардың үш жыл бойы көрген мұқтаждығын (ал украин мужигінен гөрі олар әлдеқайда аз алып отырды), міне осындай мұқтаждық пен аштықты украин шаруа-

сы да, Сибирь шаруасы да, Солтүстік Кавказ шаруасы да ешқашан, еш уақытта көрген емес. Олардың әдетте жүздеген пұт артық астықтары болды, олар ондай артық астығымыз үшін бізге қолма-қол товар берілсін деп дағдыланған. Фабрикалар тоқтап тұрған кезде товар алатын жер жоқ. Фабрикаларды іске қосу үшін уақыт керек, әзірлік керек, жұмысшы керек қой. Біз адам айтқысыз құрбандықтарды лажсыздықтан жасап отырғанымыз жоқ, жеңіске жеткізіп жатқан күрестің барысында жасап отырмыз. Бұл айырмашылық бәрін аңғартады.

Соңғы жылдардағы қателердің өткен жылдардағы қателерден айырмашылығы неде екенін, ал олар басқа түрдегі қателер болғанымен де, олардың бәріне ортақ нәрсе — біздің бір саты көтерілуге мүмкіндігіміз бола тұрып, екі саты котерілуге әрекет істегеніміз екенін түсіну үшін, сіздерге азық-түлікші жолдас пен отыншы жолдас баяндаған дәл деректер тұрғысынан емес, шаруашылық және саясат тұрғысынан менің осында баса корсеткім келген басты нәрсе осы. Бірақ қалай болған күнде де біз жоғары тұрмыз. Бұл жақсы. Қалай болған күнде де біз биыл отын балансын өткен жылғыдан коп жақсартамыз. Ал енді сөзімді аяқтау үшін азық-түлік жөнінде тек соңғы айтайын дегенімді ғана — маған республиканың Сибирьдегі барлық қарулы күштері бас қолбасшысының комекшісінен келген телеграмманы ғана келтіріп өтейін. Ол: жол қатынасы қалпына келтірілді, Москваға астық тиелген 7 поезд бара жатыр деп телеграмма жіберіпті. Бір кезде толқу және кулак көтерілістері болған еді. Бұл арада, әрине, сыбыршылар жөнінде әзілдеуге болар еді, бірақ тап күресінде біздің қалай дегенмен де бірсыпыра нәрсеге үйренгенімізді түсіну керек. Патша үкіметінің бізді сыбыршылар деп атағанын біз білеміз, ал біз сыбыршы эсерлер мен меньшевиктерді әңгіме еткен кезімізде, біз басқа тап туралы айтамыз, буржуазияға еріп жүргендер туралы, әр түрлі ауыр жағдайды пайдаланатындар туралы, листоктар шығарып: «Байқаңдар, сендердің үш жүз пұт артық астықтарыңды тартып алғалы жатыр, мейлі бәрін беріңдер, оның отеуіне түрлі түсті қағаз ғана аласыңдар»

дейтіндер туралы айтамыз. Ал біз ондай сыбыршыларды білмейміз бе? Олар қай таптан шыққандар? Олар өздерін эсерлерміз, бостандықты, халық өкіметін, құрылтайды, т. б. жақтаушылармыз деп қалайша атаса да, олар сол баяғы помещиктер. Біздің бәріміз де олардың сөздерін тыңдап көргенбіз және оларды түсінуді үйренгенбіз. Бұл көтерілістер шаруалардың ортасында азық-түлік салымымен де, салықпен де келіскісі келмейтін топтардың бар екендігін көрсетеді. Осында біреу салық туралы сөйледі. Ол сөзде жөн пікір көп, бірақ ол Россия коммунистік партиясының Орталық Органы болып табылатын «Правда» газетінде біздің осы трибунадан айтуымыздан бұрын да, сол «Правданың» бетінде салық туралы кездейсоқ қызметкерлердің ғана емес, сонымен қатар жауапты қызметкерлердің де қолы қойылған ұсыныстар болғанын[147] айта кетуді бекер ұмытқан. Партияда жоқ шаруа бізге: «Кәне, есебімізді ұсақ шаруаға не керек екендігімен орайластырып көрелік; оған пәлендейін беремін, содан кейін қожайындық етемін деген сенімділік керек» деген кезде, біз былай дейміз: иә, бұл — жөн-ақ, бұл арада жергілікті жағдайларға барынша сай келетін жөн пікір бар, ал бізде әзірге машиналар болмай тұрған кезде, ұсақ шаруашылықтан ірі шаруашылыққа көшуді әзірге шаруаның өзі тілемей отырған кезде, біз бұл пікірмен санасуға бейімбіз және бір аптадан кейін партия съезінде бұл мәселені қоямыз, талқылап қараймыз, сөйтіп шешім қабылдаймыз, ол шешім партияда жоқ шаруаны қанағаттандыратын болады, қалың бұқараны да қанағаттандыратын болады. Әрине, біздің аппаратымызда кемістіктер, жөнсіз нәрселер көп, өйткені оған бюрократизм көп енді, көп, өте көп еніп алды. Ал осындай қателер мен кемістіктер біздің Қызыл Армияда болмап па еді? Ондайлардан бірден арылуға болмады, бірақ жұмысшылар мен шаруалардың көмегі арқасында ол қалай да жеңіп шықты. Қызыл Армияда болған нәрсе басқаша түрде, бірақ барлық салада да болып өтеді және ол бюрократтық жөнсіздіктерден,— біздің қателеріміз бен кеселдерімізді білдіретін болғандықтан, олар жөнінде жұрттың бәрі айқай салып отыр, барлық жердің бәрінде кінәлап отыр,— бұл жөн-

сіздіктерден біз үрейге берілмей және осы қателерді пайдаланып Колчак пен Деникин тарихын қайталағысы келетіндер жөнінде көз жұмбайлыққа салынбай, батыл қызмет істеу арқылы арылатын боламыз. Украинада көмір қорын талан-таражға салу сияқты жөнсіздіктер деген өте көп, ал мұнда біз көмірдің жеткіліксіздігінен соншалық қиындық көріп отырмыз. Онда 120 үкімет болды, сондықтан ондағы ауқатты шаруалар аздырылған. Олар жұмысшы-шаруа үкіметі бар екендігін, ол астықты алатын болса, жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жеңілдету үшін алатынын түсінбейді. Онда осы мәселелердің бәрін толық түсіндіріп беруге қолымыз жеткенге дейін, біз тәртіпсіздіктер, бандалар, көтерілістер туралы хабарлар алудан жазбаймыз. Бұл сөзсіз, өйткені капитализмнен бізге мұра болып қалған, көп жылдар қайта тәрбиелеуімізді керек ететін кейбір шаруалардың қараңғылығы, бытыраңқылығы және ызалануы болатыны сөзсіз. Мұны біз көктем сайын көріп отырмыз және әлі де көктем сайын көретін шығармыз.

Оңтүстік-шығыс темір жолдары жөнінде мәселе басқаша. Біз биыл көбіне-көп Сибирь мен Солтүстік Кавказ берген ресурстармен күнелтіп келдік қой. Міне менің қолымда бес күндік мәлімет бар. 1 февральдан бастап тәулігіне 8 вагон келіп тұрды. Екінші бес күндікте — 32, үшіншіде — 60, төртіншіде — 109 вагон келді, ал біз тәулігіне 200 вагон алуымыз керек, тек соңғы бес күндікте ғана, февральдың 20-нан 24-не дейін, тәулігіне 120 вагон келіп отыр. Бұл үш маршруттыкі. Бүгін ғана Фомин жолдас соңғы екі күннің ішінде біздің төрт маршрут поезын алғанымызды хабарлап отыр. Донбасста, бір жолдастың айтқанындай, жағдай мынадай: көмір жоқ, өйткені астық жоқ, астық жоқ, өйткені көмір жоқ. Машиналардың бәрі жүріп кету үшін бұл қарғыс атқан шынжырды бір жерінен өз жігерімізбен, төзімімізбен, еңбекшілердің ерлігі арқылы үзуіміз керек. Мұнда біз аса зор қиыншылық көрдік, қазір одан шыға бастадық. Сацылау көрінді. Мен, жолдастар, сіздерді, уәделер беріп, әсте жұбатқым келіп отырған жоқ және қиын кезең бітті деу де ойымда жоқ. Мүлде олай

емес! Жақсарудың белгілері бар, бірақ кезең әлі адам айтқысыз қиын қалпында қалып отыр, ал өткен жылғы күзбен салыстырғанда ол, біздің Батыс Европадан бөлініп тасталғанымызға қарамастан, қазіргідей онша қиын болмауы мүмкін еді. Батыс Европадан бөлініп тасталмауымыз үшін біз концессия беруге: мә саған 500 процент пайда, бізге астықты, керосинді, т. б. қос деуге тиіс болдық. Міне, біз осыған барып отырмыз, барамыз да. Мұның өзі жаңа күрес болады, өйткені 500 процентті, мүмкін тіпті одан да көпті, біз оларға саудаласпай бермейміз, ал бұл күреске шығу дегеніңіз барлық поездарды жаңа рельске ауыстырумен бірдей деген сөз.

Бұл үшін бізбен соғысуға болмайтынына капиталистердің көзін жеткізу керек. Бұл концессия саясатын біз біржола қабылдап отырмыз. Сіздер білесіздер, бұл жөнінде шаруалармен және жұмысшылармен аз талас болған жоқ, жұмысшылардың былай деп айтқанын сіздер білесіздер: «Өз буржуазиямызды қуып жіберіп едік, енді басқа буржуазияға жол бергеніміз бе». Сонда біз оларға былай деп түсіндірдік: ештеңеміз болмаған жағдайдан бәрі де болатын жағдайға біз бірден көшіе алмаймыз, сондықтан өзімізге осы көшуді жеңілдету үшін, қажетті мөлшерде астық, кездеме алу үшін, міне осы үшін қандай құрбандықтардан болса да бас тартпауды үйренуіміз керек. Мейлі, капиталистердің араны ашылса ашыла берсін, бізге тек жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жақсартсақ болғаны дедік. Бірақ концессиялар ісін жүзеге асыру — қиын іс. Біз бұл жөнінде ноябрьде-ақ декрет шығардық, бірақ осы уақытқа дейін әлі бірде-бір концессия жасалған жоқ. Әрине, бұл арада ақ гвардиялық және меньшевиктік баспасөздің әсері болып отыр. Дүние жүзінде қазір орыс газеті жоқ бірде-бір ел болмай отыр, ал солардың бәрінде де меньшевиктер концессияларға қарсы дауырығып: Москвада тыныштық жоқ, олай болса, Совет өкіметі жуырда құлайды, ал сіздер, капиталист мырзалар, оларға сенбеңіздер және олармен мәмлеге келмеңіздер деп отыр. Бірақ біз бұл күрестен бас тартпаймыз, біз капиталистерді жеңдік, бірақ жойғанымыз жоқ, олар басқа бір орындыққа барып отырды, олар бір кезде орыс

самодержавиесіне қарсы күрестің орталығы болған, ал қазір Советтік Россияға қарсы ақ гвардияшыларды біріктіріп жатқан Варшавада отыр, сондықтан біз оларға қарсы барлық майдандарда бірдей, ішкі майданда да, сыртқы майданда да, күресе береміз.

Міне, мен Петроградтағы Зиновьев жолдастан телеграмма алып отырмын, бұл телеграммада онда жүргізілген тұтқындауларға байланысты ұсталған адамдардың бірінен листок табылғаны, ол листокқа қарағанда ол адам шетел капиталистерінің барлаушысы екені айқындалғаны айтылған. Одан соң «Адал ниеттілерге» деген тақырыпта контрреволюциялық мазмұндағы листок бар. Одан кейін Зиновьев жолдас Петроградта меньшевиктер көшелерге листоктар жапсырғанын, оларда меньшевиктер ереуіл жасауға шақырғанын хабарлайды, ал осында Москвада қайдағы бір демонстрация болғаны туралы лақап тараған. Ал шындығында, арандату ниетімен оқ атылып, бір коммунист қаза табады. Бұл — осы бақытсыз күндердің бірден-бір құрбаны. Деникин Орел түбінде тұрған кезде ақ гвардиялық газеттер: ол сағатына 100 шақырым дерлік екпінмен зымырап барады деп жазған еді. Бізді бұл газеттер таңдандырмайды. Біз мәселеге сергек қараймыз, бізге, жолдастар, тығыз топтасу керек, әйтпесе бізге басқа не істеуге болады? Әлде тағы да Керенскийдің «коалициялық» үкіметін, Колчакты байқап көру керек пе? Айталық, Колчак енді жоқ-ақ делік, бірақ Колчак жоқ болса, басқа біреу келеді ғой. Орыс генералдары деген толып жатыр, олар орасан зор армияға да жетеді. Дүние жүзінің барлық қалаларында шығып жатқан газеттерден қорықпастан, біз турасын айтуымыз керек. Бұлар түк емес, оларға бола біз өзіміздің ауыр жағдайымыз жайында үндемей отыра алмаймыз. Бірақ біз былай деп айтамыз: жолдастар, біз осы қан төгіс ауыр күрестің бәрін жүргізіп жатырмыз, ал егер бізге қарсы қазір қолына қару алып ешкім шыға алмай отырса, онда олар өтірік пен жаланы қару етеді, мұқтаждық пен кедейшілік жағдайдың бәрін пайдаланады, сөйтіп осы арқылы біздің жауларымызға көмектесіп бағады. Мұның бәрін біз, қайталап айтайын, басымыздан кешірдік, бәрінен оттік. Біз бұдан анағұрлым

зор қиыншылықтарды да басымыздан кешірдік, біз бұл жауды өте жақсы білеміз және бұл жауды біз нақ осы көктемде жеңіп шығамыз, жеңгенде неғұрлым ойдағыдай қызмет істеуімізбен, неғұрлым ойланып қызмет істеуімізбен жеңіп шығамыз. (Қол шапалақтау.)

*«Правда» № 46, 2 март, 1921 ж.*

*«Правда» газетінің стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр*

## Г. К. ОРДЖОНИКИДЗЕГЕ ХАТ

2. III. 1921 ж.

Серго Орджоникидзеге

Грузин коммунистеріне және арнайы Грузин ревкомының барлық мүшелеріне менің Советтік Грузияға арнаған ыстық сәлемімді табыс етіңіз. Мен мына үш мәселе жөнінде біздің олармен толық келісіміміз баржоғын маған хабарлауды олардан ерекше өтінемін:

Біріншi: жұмысшылар мен кедей шаруаларды дереу қаруландырып, қуатты грузин Қызыл Армиясын құру керек.

Екінші: грузин интеллигенциясы мен ұсақ саудагерлер жөнінде айрықша кеңшілік беру саясатын жүргізу қажет. Оларды национализациялаудың жөнсіз екендігі былай тұрсын, қайта олардың жағдайын жақсарту және олардың ұсақ сауда жүргізуіне мүмкіндік беру үшін тіпті белгілі бір дәрежеде шығындар жасауға дейін бару керектігін түсіну керек.

Үшінші: Жорданиямен немесе Грузияда советтік құрылыс орнату туралы пікірге көтеріліске дейін де абсолютті түрде қарсы болмаған Жордания сияқты грузин меньшевиктерімен белгілі бір шарттар негізінде блок жасасу үшін қолайлы компромиске келуді қарастыру аса маңызды болмақ.

Мынаны есте сақтауларыңызды өтінемін: Грузияның ішкі жағдайы да, халықаралық жағдайы да грузин коммунистерінен орыс шаблонын қолданбауды талап етеді, қайта әр түрлі ұсақ буржуазиялық элементтерге

үлкен кеңшілік жасауға негізделген өзіндік ерекше тактиканы шебер де икемді қолдануды талап етеді.

Жауап беруіңізді өтінемін.

*Ленин*

*Сталинге.* Осыны жіберуіңізді, ал егер қарсы болсаңыз, телефон арқылы сөйлесуіңізді өтінемін.

*Ленин*

*«Правда Грузии» № 5, 6 март, 1921 ж.*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

## ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ

Большевизмдегі және орыс Октябрь революциясындағы басты, негізгі нәрсе нақ капитализм тұсында бәрінен де көп езілгендерді саясатқа араластыру болып табылады. Капиталистер монархия тұсында да, демократиялық-буржуазиялық республикалар тұсында да оларды жаншып, оларды алдап, оларды тонап келді. Әзірге жерге, фабрикаларға, заводтарға жеке меншік болып тұрған кезде, бұл езгі, бұл алдау, халық еңбегін капиталистердің осылайша тонауы сөзсіз болды.

Большевизмнің мәні, Совет өкіметінің мәні мынада: буржуазиялық демократизмнің жалғандығы мен екіжүзділігін әшкерелей келіп, жерге, фабрикаларға, заводтарға жеке меншікті жоя келіп, бүкіл мемлекеттік өкіметті еңбекшілер мен қаналғандар бұқарасының қолына шоғырландыруда. Саясатты, яғни жаңа қоғам орнату ісін олардың өздері, осы бұқара, өз қолдарына алады. Іс қиын, бұқараны капитализм меңіреу етіп, жаныштап тастаған, бірақ жалдамалы құлдықтан, капиталистердің құлдығынан құтылатын бұдан өзге жол жоқ және оның болуы да мүмкін емес.

Ал әйелдерді саясатқа араластырмай тұрып, бұқараны саясатқа араластыруға болмайды. Өйткені адамзаттың әйелдер жағы капитализм тұсында екі есе езілген. Жұмысшы әйел мен шаруа әйелді капитал езеді, ал оның үстіне олар тіпті буржуазиялық республикалардың ең демократиялық дегендерінің өздерінде де, біріншіден, толық праволы болмай келді, өйткені еркекпен

тең болуды заң оларға бермейді; екіншіден,— және бастысының өзі осы — олар ас үйдегі, жалпы алғанда оқшау үй-семья шаруашылығындағы ең ұсақ, ең қарадүрсін, ең ауыр, адамды барынша топастандыра түсетін жұмыспен жаншылып келгендіктен «үй құлдығында», «үй күңдігінде» қала береді.

Большевиктік, советтік революция әйелдерді езгіге салу мен әйелдер теңсіздігінің тамырларын дүние жүзіндегі ешбір партия және ешбір революция қыркып көрмеген дәрежеде терең қырқады. Әйелдің еркекпен теңсіздігі жөнінен бізде, Советтік Россияда, заң бойынша із де қалған жоқ. Неке мен семья правосындағы өте-мөте жексұрын, пасық, екіжүзділік теңсіздікті, бала жөніндегі теңсіздікті Совет өкіметі толығымен жойды.

Бұл — әйелдерді азат ету жолындағы бірінші қадам ғана. Бірақ ең демократиялық деген буржуазиялық республикалардың бірде-біреуінің осы бірінші қадамды да жасауға батылы бармады. «Қасиетті жеке меншіктен» қорқып батылы бармады.

Екінші және басты қадам — жерге, фабрикаларға, заводтарға жеке меншіктің жойылуы. Әйелді толық және шын азат етуге, ұсақ оқшау үй шаруашылығынан қоғамдасқан ірі шаруашылыққа көшу арқылы оны «үй құлдығынан» азат етуге осы арқылы және тек қана осы арқылы жол ашылады.

Бұл көшу қиын, өйткені мәселе мұнда неғұрлым терең тамыр жайған, әдетке айналған, шорланған, әбден қатып-семіп қалған «тәртіптерді» (шынын айтқанда, «тәртіптерді» емес-ау, оңбағандықтар мен тағылықтарды) қайта жасау туралы болып отыр. Бірақ бұл көшу басталды, іс орнынан қозғалды, біз жаңа жолға түсіп отырмыз.

Ал жұмысшы әйелдердің халықаралық күні дүние жүзінің барлық елдерінде жұмысшы әйелдердің сансыз көп жиналыстарында көз көріп құлақ естімеген қиын және ауыр істі, бірақ ұлы, дүние жүзілік ұлы және шын азаттық жолындағы істі бастаған Советтік Россияға құттықтаулар айтылатын болады. Аса қатал және көбінесе айуандық түрдегі буржуазиялық реакцияның алдында жасымау керек деген жігерлі ұрандар айтылатын бола-

ды. Буржуазиялық ел неғұрлым «еркін» немесе «демократияшыл» бола түскен сайын капиталистер бандасы жұмысшылар революциясына қарсы соғұрлым зор қаталдық, соғұрлым зор айуандық жасайды, бұған Солтүстік-Америка Құрама Штаттарының демократиялық республикасы мысал бола алады. Бірақ жұмысшылар бұқарасы қазірдің өзінде оянды. Империалистік соғыс Америкада да, Европада да, артта қалған Азияда да ұйқыда жатқан, қалғып келген, керенау бұқараны біржола оятты.

Дүние жүзінің барлық түкпірлерінде сең қозғалды. Халықтарды империализмнің езгісінен азат ету, жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерді капиталдың езгісінен азат ету тоқтаусыз алға басып келеді. Бұл істі ондаған және жүздеген миллион жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, шаруалар мен шаруа әйелдер алға бастырып келеді. Сондықтан да еңбекті осы капитал езгісінен азат ету ісі бүкіл дүние жүзінде жеңіп шығады.

4. III. 1921 ж.

*1921 ж. 8 мартта «Правда» газетінің 51-номеріне қосымшада басылған*
*Қол қойған: Н. Ленин*

*Қосымшаның тексті бойынша басылып отыр*

# ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

# «КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ӘДІСТЕРІ» ДЕГЕН ҚАРАР ЖОБАСЫНЫҢ НОБАЙЫ*

1. Екпінділіктен теңгермелікке біртіндеп, бірақ бұлжымастан өту барлық жерде, оның ішінде кәсіптік қозғалыста да жүзеге асырылсын.

2. Бұл талап ВЦСПС-ке және тұтас алғанда кәсіптік қозғалысқа қатынасы тұрғысынан тікелей Цектранға да қолданылсын.

3. Қалған одақтарға қарағанда Цектранды орынсыз күшейту (адамдармен және материалдық құралдармен) тоқтатылсын.

4. Бүкіл ВЦСПС-ті және тұтас алғанда оның жалпы одақтық жұмысын күшейтудің (қызметкерлермен, газеттермен, қаржымен және т. б.) егжей-тегжейлі программасы талдап жасалсын.

5. Жұмысшы демократиясының әдістерін, кәсіподақтардың ішіндегі демократизмді күшейту ең шұғыл міндет деп танылсын және бұл міндет егжей-тегжейлі белгіленсін.

6. Өндірісті басқаруға кәсіподақтардың қатысуын дамыту жеке пункттерге бөлініп (тәсілдері, әдістері, жолдары бойынша) тиянақты нұсқау етіп талдап жасалсын.

7. Мамандар жөнінде, оларды 3 категорияға немесе одан да көп категорияға болу, оларды дұрыс пайдалану, ұдайы пайдалану және т. б. жөнінде де осылай істелсін.

Нұсқау әзірленетін болсын.

*1920 ж. кеш дегенде 8 ноябрьде жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

* Қараңыз: осы том, 10—11-беттер. *Ред.*

# ӨНДІРІСТІК НАСИХАТ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР ЖӨНІНДЕ*

1) *«Известия» жәнe «Правда».*
2) *Бірыңғай өндірістік газет.*
3) Кітапшалар мен листовкалар.
4) Фильм және диаграммалар.
5) Пластинка (өндірістік насихат).
6) Театр?
7) Лекциялар...
8) Есептер...
9) Жетілдірулерді жинақтау...

||| **Мұғалімдерді пайдалану...**

+ **өндірістік инспекция.**

---

**1) Өндірістік насихат бірінші кезекке қойылуға тиіс****.

**2) *«Известия»* жәнe *«Правда»;* жалпы алғанда жетекші басылымдар.**

**3) Бірыңғай коллегия басшылық ететін бірыңғай өндірістік насихат.**

**4) Бұл коллегия = көпшілікке арналған «өндірістік» газет — «Беднотаның» редакциясы.**

---

* Қараңыз: осы том, 15—18-беттер. *Ред.*

** Қолжазбада осы пунктті және одан кейінгі пункттердің бәрін В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

5) Бұл коллегия = 5 адам: 1) Халық шаруашылығы жоғары советі; 2) ВЦСПС; 3) Егіншілік халық комиссариаты; 4) Саяси ағарту бас комитеті; 5) Орталық Комитеттен.

7)) 4) Шамамен: $^1/_6$—$^1/_4$ саясат; $^1/_2$—$^1/_3$ өнеркәсіптегі өндірістік насихат; егіншілік насихат $^1/_4$; қалғаны оқушылардың хат-хабарлары.

5) Өндірістер бойынша материалды іріктеп алып, кітапшалар, листовкалар етіп қайта басып шығару; әрбір фабрика үшін; әрбір кітапхана үшін.

6) *Барлық* кітапханаларға газеттерді (және баспа шығармаларды) неғұрлым дұрыс бөлу.

7) Барлық мұғалімдерді, агрономдарды, инженерлерді және т. б., барлық «интеллигент» және сауатты адамдарды өндірістік насихатқа ұйымшылдықпен қатысуға міндетті түрде тарту.

| ad* 11 |

8) Осымен байланысты фильм. Кино бөлімі.

9) Кітапханалардағы, клубтардағы, көшелердегі және т. б. диаграммалар мен картограммалар.

10) Пластинка.

| ad 7 | 11) Лекциялар; әңгімелер; есептер.

12) Өндірістік инспекция; нұсқаушылар, олардың поездары etc.

*1920 ж. ерте дегенде 16— кеш дегенде 18 ноябрьде жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — пунктке. *Ред.*

## ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ*

Халық ағарту комиссариатын тұтасымен қайта құру бұл мәселені анағұрлым мұқият талқылау үшін кейінге қалдырылсын.

Мына төмендегі шаралар дереу жүзеге асырылатын болсын:

1) *халық комиссарының көмекшісі* қызметі тағайындалсын, оған бүкіл әкімшілік жұмысты жүргізу түгелдей тапсырылып, бұл жөнінен халық комиссариатының барлық секторлары мен бөлімдері оған бағынатын болсын,

2) бұл қызметке Литкенс жолдас тағайындалып, ол Халық ағарту комиссариатының коллегиясына енгізілсін және оған Саяси ағарту бас комитетіндегі жұмысты тастамау, қайта жұмыс уақытының кемінде жартысын міндетті түрде соған жұмсау тапсырылсын, ал Саяси ағарту бас комитетінде Литкенстің орынбасары қызметін енгізіп, оған кісі іздеп табу Саяси ағарту бас комитетіне дереу міндеттелсін,

3) халық комиссары көмекшісінің міндеттері мен праволары туралы дәл нұсқаудың жобасын әзірлеу Литкенс жолдасқа тапсырылсын.

*1920 ж. ноябрьде жазылған*

*Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* Қараңыз: осы том, 96—97-беттер. *Ред.*

# ШАРУАЛАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕ

## КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНЕ НҰСҚАУ

1) Шаруалардың жәрдемдесу комитеттерінен өкілдер саны көбейтілсін...

2) Шаруалардың жәрдемдесу комитеттерінің қатысуын белгілеген кезде **Егіншілік халық комиссариатынан** 6-параграфтың тұжырымдамасы негізге алынсын.

3) Егіс көлемі жөніндегі комитеттердің міндетті қаулылар шығару правосы шектелетін болсын, ол үшін қаулы шығарудан бұрын ұсынылатын шаралар уездік және губерниялық көлемде, сондай-ақ облыстық көлемде шаруалардың жәрдемдесу комитеттерінің кеңестерінде алдын ала талқыланатын болсын.

4) Тұқымды тартып алу туралы пункт алынып тасталсын, тұқымдық қорды күзету формасын белгілеу жергілікті органдардың алдына міндет етіп қойылсын.

5) ...Жазалар туралы VII бөлім алынып тасталсын.

6) Жобаның көпшілік бөлегі нұсқауға енгізілсін.

*1920 ж. 4 декабрьде жазылған*

*Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ VIII СЪЕЗІНДЕ ЖАСАЛАТЫН БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ*

## Баяндаманың жоспары

Тақырыбы:

| (А) | (Б) |
|---|---|
| Сыртқы және ішкі саясат туралы баяндама. | тақырыбы |
| Тізбе емес, баяндау емес, ал тәжірибеден алған сабақтар және солардан туатын міндеттер. | оны талдап жасаудың жоспары (немесе сипаты, немесе тәсілі). |

1. (А) *Сыртқы саясат.*

| | |
|---|---|
| 1. Поляк соғысы. (Бейбітшілік vs** соғыс, біздің бітім жөніндегі ұсынысымыз және оның сәтсіздікке ұшырауы.)<br>2. Варшава түбіндегі жеңіліс: қажығандық. (*Сабақ:* бізге тыныс алу керек. Өжет қимылдаған тез қарқынмен үнемі жүре алмайсың.) | Поляк соғысы және оның сабақтары. |

---

* Қараңыз: осы том, 141—179-беттер. *Ред.*

** — Versus — оған қарама-қарсы. *Ред.*

В. И. Лениннің «Советтердің
Бүкіл россиялық VIII съезінде
жасалатын баяндаманың
жоспары»
деген қолжазбасының
бірінші беті.— Декабрь,
1920 ж.

# План доклада:



тема: (А) (Б)
Доклад о вне. и вну. п-ке.
Не перечень, не рассказ, а уроки опыта и задачи, из них вытек.

тема
план (или кругозор или способ) его разработки.

I. Вне. п-ка.

(А) 1. По. в-на. (Мир vs война, конец мирн. пер. и его срав.)

2. Пораж. под Варш.: усталость. (Урок: нужна передышка нам. Не все [illegible] бур.-бел. [illegible])

По. в-на и ее уроки

3. Врангель. 4. Упрочение среди Ант. Обзор [illegible] 5. живем.

Кроме уроков: необходим мира

Латвия Персия Армения

6. Договор с Англией: почему он нам нужен?

7. Концессии (дек. 23.XI.1920) ((м. предохр. безнадеж. кризис))

Отвод из опыта внеш. с всемирн. полит.

(Б) II. 8. Подход и переход к труд. фронту, к вну. п-ке

Латвия „бумаге" 43 Персия Армения Отнош. [illegible]

9. Вну. п-ка = переход на тр. фронт.

10. Ср. 29.IV.1918: резол. ЦИКа

11. ...§2: 1-ая очередная; ...§5: повыш. пр. дисц. и пр. тр. особ. профсоюз...; ...§6: подъем диктаторск. власт.

„повторение = нарушения"

12. Ср. обл. – бюрократизм

11. [illegible] Сов.

переходное к более трудн. задач.

3. Врангель.
4. *Антанта ішіндегі жанжал.*
5. Врангельдің қалдықтары әлі тірі.

|| Врангель. Сабақтар: бейбітшіліктің қамтамасыз етілмегендігі.

6. Англиямен шарт: ол бізге не үшін керек?

7. *Концессиялар* (23. XI. 1920 ж. зац) ((NB: партияда жоқ шаруаның сақтандыруы)).

} Латвия Бұхара + Персия Армения ⧺ Бүкіл дүние жүзілік империализммен қатынас тәжірибесінен туатын қорытынды. Латвия, Бұхара және Азербайжан, ⧺ Персия—*шарт*, Армения. Ауғанстанмен және әсіресе Түркиямен достық қатынастар.

II. (Б)

8. {Еңбек майданына, *ішкі саясатқа* кірісу жолы және оған көшу.}
9. Ішкі саясат = еңбек майданына көшу.
10. Салыстыр. 29. IV. 1918: **ВЦИК** қарары*.
11. {... § 2: ұйымдық міндет
... § 5: әсіресе еңбек тәртібі мен еңбек өнімділігін арттыру... кәсіподақтар...
... § 6: диктаторлық уәкілдікке бағыну.} «білім басы = пысықтау»
12. Салыстыр, бюрократизммен күрес. 11. XII. ұйымдық кеңес. {{ неғұрлым қиын міндеттерге көшу.
13. Еңбек майданы > қиын. Ergo**: *иландыру* арқылы *күштеуге* көшу. Көбінесе иландыру.
14. Өндірістік насихат. Орталық бюро. Газеттер.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 299—302-беттер. *Ред.*

** — Демек. *Ред.*

15. Кәсіподақтардың ролі.
16. Аграрлық жоба (14. XII. 1920 ж. жазылған).
   ( «Реттеу ме»?
   Иландыру арқылы.
   Бұқара («Umfang der Aktion»*).
   Партияда жоқ шаруалар = мәселенің түйіні.
17. Шаруашылық жоспар? Негізі: азық-түлік дайындау
   (320—50—100—200—?300).
18. Заттай сыйлық беру { 20. IV. 1920 ж. принцип; 23. X. 1920 ж. декрет } Қор = 500 мың пұт; берілгені 172 мың. (XI+XII).
19. Өнеркәсіптегі жағдайдың және *отын* жағдайының жақсаруы { ағаш, отын, көмір, мұнай }
20. «Гидроторф». { 21. шымтезек }
21. Транспорттың жақсаруы
   (әсіресе $4^1/_2$ және $3^1/_2$ жыл). ‖‖
   9-тезис.
22. Рыковтың *ұзақ жылдарға* арналған жоспар туралы тезистерінен
   ((ескерту)).
23. Экономикалық *халық комиссариаттарын* біріктіру (Еңбек және Қорғаныс Советі). (Гусевтің нашар кітапшасы.)
24. Шаруашылық *энтузиазм* (α) саяси; β) әскери; γ) шаруашылық).
25. Электрлендіру: саясатшылар азырақ болсын, инженерлер мен агрономдар көбірек болсын.
   *Коммунизм = советтік құрылыс + электрлендіру.*
   Электрлендіру — «демократияның» базасы.
   Бірыңғай шаруашылық жоспар. Ұлы жоспар.

---

* — «Әрекет көлемі, ауқымы». В. И. Ленин бұл арада «Қасиетті әулеттің» жұртқа белгілі бір жеріне сілтеп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 90-бет). *Ред.*

**Шаруалар шабыты: «жасанды жарық».**

**Россияның капитализмге қайтып оралуы** мүмкін **бе?**

**Сухаревканы жауып тастады.**

Сухаревка миллиондардың көкейінде және *іс-әрекетінде.*

26. ΣΣ* = Барлығы шаруашылық майданы үшін!!!

*Электрлендіру.*

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің тапсырмасы *7. II. 1920 ж.* берілді.

**Халық шаруашылығы жоғары** советі президиумы**ның 21. II. 1920 ж. қаулысы.**

**Қорғаныс Советінің** ГОЭЛРО туралы ережесі (бюллетень *№ 1,* 24. IV. 1920).

Еңбек: *т о м.*

*П а р т и я н ы ң 2 - п р о г р а м м а с ы...*

*Саясатшылардан гөрі инженерлер мен агрономдар көбірек болсын.*

Өнеркәсіпті қайта құруды 10 жылға жоспарлау керек...

Программа: Σ** = 191-бет. 17 **миллиард**
материалдық баланс.
30 аймақтық станция

{ егіншілік
отын
өңдеу өнеркәсібі және өндіру өнеркәсібі
транспорт

{ Электрлендіру + Совет өкіметі = коммунизм..
Электрлендіру — демократияның базасы.
«Жасанды жарық»...

Капитализм қайтып орала ала ма? Сухаревка? Иә, **әзірше,** қайтып оралуы мүмкін.

* — Summa summarum — жалпы жиыны. *Ред.*
** — Summa — сомасы, жиыны. *Ред.*

*Барлық* мектептерде: біздің программа:
политехникалық білім беру + жұмысқа жан-жақты кірісу.

*1920 ж. 13 және 22 декабрь аралығында жазылған*

*Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫНА ЗАПИСКА

**Цекистер мен халық комиссарларын хабардар ету үшін**

Шаруалардың партиялық емес кеңесіндегі жарыс сөздер мен мәлімдемелер туралы мына төмендегі заметкаларды Ленин жазған; ол осы заметкалармен танысуды өтінеді.

*Партиялық емес жиналыста:*

*Белоруссиядан* (Минск губерниясы).

Тұз, темір және *барлық* жерге тұқым себуге қажет нәрсенің бәрі керек. Берілсін. Енді сөйлемеймін.

*Украинадан.*

Норма аз (малға азық та, адамға да). Ал біз тұқым себілмеген жер қалдырмаймыз.

*Теерь.*

Биылғы жылы реті келмейді. Жоңышқа тұқымы жоқ. Шаруа коллективтік шаруашылықтан ештеңе көрмей отыр.

*Иваново-Вознесенск губерниясы.*

? Салым салған кезде жалқауға да, ұқыптыға да бірдей салынады, бұл мүлде әділетсіз.

Ұсталар (балташылар да) тұрақты баға бойынша жөндеуге тиіс. Әйтпесе ұсталар мен балташылар 4000 сомдап және 5 қадақтап сыпырады, тым көп сыпырады.

*Екатеринослав губерниясы.*

Кедей шаруалардың тұрмысына неғұрлым жақынырақ және жүрегіне...

Астық, темір, көмір — бізге керегі осылар. Құрал-сайман керек.

*Курск губерниясы.*

Ең кедейлердің ұқыптылардан үйренгені жоқ...

...Осинский 120 000 адамды курстан өткіземіз деп тек бипаздап сөйлей ғана біледі...

Ұқыптыларды қолдау керек...

*Донбасс.*

35 000 тұқым сұраймыз. Жұрт тек портфель ұстаумен жүр, ал бітірген түгі жоқ. Бере алмайды екенсіздер — іздеп табуға рұқсат етіңіздер...

*? Череповец губерниясы.*

Жалқау деген атақ тағылатын кездер де болады. Ал іс жүзінде соқа да, тырма да жоқ. Кедейге аудара беруге болмайды, одан көп талап ете алмайсың.

Кедейді қолдау керектігі заңда көрсетілсін.

Күштеу міндетті түрде қажет.

| Дауыстар: жетер. NB |

*Тула губерниясы.*

Енді кулактар жоқ (дауыстар: әлі бар). Масқара кулак болғанша, мүлде жұмыс істемеген артық. Еңбеккер табыс келтіре алды, жалқау келтіре алмады.

Бүгін үйіп-төксең, ертең кімге?

*Ишим уезі.*

Егіс егіледі, бірақ 18 пұт сұлы себуге жетпейді. Малға норманы өсіру керек. Осинский Сибирьмен таныс емес: мен жер жыртқалы 38 жыл, ал Осинский білмейді.

*Новгород.*

Құрал-сайман көбейтілсін. Жөндеу керек. Малды өте көп алады. Диірмен алымын алады. Дезертир үшін алады. Мөлшерсіз көп алымдар азайтылсын.

*Пенза губерниясы.*

Насихат керек. Тек насихат арқылы жүргізуге болады. Шаруашылығын соғыс күйзелткендерді жалқау деп есептемейміз.

Ағайынның комиссиясы өз туғанын қорғайды. Жоғарырақтан тағайындалған комиссия керек.

*Кострома губерниясы.*

Шаруаны ынталандыру керек. Онсыз түк шықпайды. Мен отын кескенде, таяқтың күшімен істеймін. Ал ауыл шаруашылығын таяқтың күшімен жүргізуге болмайды.

Саңырауқұлақ терушіні емес, еңбеккерді қадірлеу қажет.

*Новгород губерниясы.*

Көктемде жерді қайта бөлуге уақыт кетіреді. Жиі-жиі қайта бөлуді жойыңыздар.

*Тұқымдық материал міндетті түрде есепке алынсын.* Кедейге беру керек.

Біз үш жыл бойы теңеліп келдік.

Қалай ынталандыру керек? Ол оңай: малға салынатындай етіп, астық салымын проценттеп салу қажет...

Жалқауды қамшылау керек... 10 пұт тұқымды сеп те — тиістісін бер.

*Бұрынғы Қазан губерниясы,* Царевококшайск уезі.

Орман. Жері аз. Тұқымға қара бидай жетпей қалды. Салым күшті. Біз үшін норма сұраңыздар, әйтпесе жаздық егіс тұқымының қалғанын жеп қоямыз.

*Рязань губерниясы.* (VII армиядан).

Соғыс бітіп келеді, жерді тең етіп қайта бөлуді күтуде.

Ортақ қоймадағы тұқым жөніпен де қиянат жасалады. Шаруаларды жексұрын кісі ретінде көрсеткенде менің ызам келеді. Әкемнің 35 десятина жері бар. Жалқау кісіні көрген жоқпын. Кедейлер азап көруде. Кулактар (дезертирлер секілді) *бар* (ду қол шапалақтау).

*Вятка губерниясы.*

Жерді қайта бөле беру зиянды. 6 жылда бір рет бөлу керек, одан жиі емес.— Мал жопінде... сақтау керек...

*Петроград губерниясы.*

Жерді пайдалану ісін түп-тамырынан бұзбау керек. Салым: бізде *қысым* күшті болды, самайға тапаншаның аузын тақаған кездер де орын алды. Халық ашынулы...

Еңбек міндеткерлігі... Егер жағдаймен есептессе, тартынбай істейді.

Аяқ киім жоқ, құрал-сайман жоқ, ал жұмысқа күштеп айдайды. Өртке ұшырағандарға жәрдемдеспейді.

Балалар октябрь мейрамына белгіленген пәрсесін алмады.

*Новгород губерниясы, Демянск уезі.*

Кулактар бар. Астық жерге көмілді. Ұраларды аршып, астықты алуға өзім қатыстым. Кедейді қорғау керектігін қолдаймын...* болып шықты. Кулакты аластадық. Байды жасыруға жол бермейміз.

*Пермь губерниясы.*

Ауыл шаруашылығын көтеру үшін таяқтаудан босату керек. Таяқ = азық-түлік реквизициясы.

Жәрдемдесу комитеттеріне практик адамдар кіруге тиіс. Таяқ болсын, бірақ біздің жәрдемімізге қызмет етсін.

Ұқыпты салаққа теперіш көрсетсін.

*Самара губерниясы.*

Жөндеу үшін ескі темірлер берілсін. Әйтпесе келісе алмаймыз. Жақсы өңдегені үшін сыйлық беру қажет.

Көрмелер ұйымдастыру керек. Прокат пункттері.

*Чернигов губерниясы.*

Жалқаулар жоқ, кедейлер жұмыс істеуде. Бәріне себу керек.

---

* Қолжазбадағы бір сөз ажыратуға келмеді. *Ред.*

*Дон облысы.*

Бандалар бүкіл транспортты істен шығарды. Күйзеліс. Мемлекеттік тіршілік құру керек.

*Қырғыз республикасы.*

? Астық сыпырып-сиырып жиналды. Түк қалған жоқ. Малшыларға жәрдемдесу керек. Соғыс шаруашылықты күйзелтіп кетті. Насихат керек.

*Тула губерниясы.*

Заң жобасын қабылдау керек. Пайдалы. Тыңайтқыш жоқ. Мал аз. 10 губернияда (орталық губерниялар) тұқым жоқ. *Тұқым* берілсін. Тыңайтқыш үшін концессия.

*Курск губерниясы.*

100 ат қосылсын және доңғалақтар берілсін. Тұз бар. Тырма жоқ. Керосин қажет емес.

*Царицын губерниясы.*

Өндіруші губерния еді. Енді тұтынушы. Тек тұқымдық дән болса екен. Контрреволюциядан зиян шектік.

*Енисей губерниясы.*

Жаңадан қоныстанушылар. Жалаңаштық. Суық өлтіріп барады. Күйзеліс. Қолайлы жерлерге қоныс аудару керек.

*1920 ж. 22 декабрьде жазылған*

*Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР

## Шаруашылық құрылыстың негізгі міндеттері

Шаруаларға көзқарас: салық + сыйлықтар беру (Азық, өнім.) ...*
Салық = салым.
Id.** отын.
Idem шикізат.
Астық және отын. Азық-түлік және отын.

Бірыңғай шаруашылық жоспар және *ГОЭЛРО*... Minimum мен maximum арасалмағы. Металлургия.

*1920 ж. декабрьдің аяғында жазылған*

*Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* Жақша ішіндегі сөздердің мәні ажыратылмады. *Ред.*
** — Idem — бұл да солай. *Ред.*

# «КӘСІПТІК ОДАҚТАР ТУРАЛЫ, АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ТРОЦКИЙ ЖОЛДАСТЫҢ ҚАТЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ»* ДЕГЕН СӨЗДІҢ КОНСПЕКТІСІ

1) Кәсіподақтар = индустриялық пролетариаттың тарихи тұрғыдан болмай қоймайтын және қазіргі жағдайда *оларды түгел дерлік* қамтитын ұйымы.

2) Осыдан келіп — олардың пролетариат диктатурасын жүзеге асырудағы ерекше маңызды ролі мен міндеті туады.

3) Бұл рольдің ерекшелігі = бір жағынан, басқарушы, үстемдік етуші, үкімет басында отырған таптың ұйымы, бірақ күштеу ұйымы емес, мемлекеттік ұйым емес. Екінші жағынан, тәрбиелеуші ұйым, іске тартушы, үйретуші ұйым, мектеп, басқару мектебі, шаруашылықты жүргізу мектебі, *коммунизм мектебі.*

4) Кәсіподақтардың орны, былайша айтқанда, коммунистік партия мен мемлекеттік өкіметтің арасында. Кәсіподақтардың өзіндік күллі ерекшелігі. 2 сипатты үйлестіруінде: *бұқараны* иландыру, өкіметтің қайнар көзі. Бұқарамен байланыс (пролетариат диктатурасы=*үкімет басында отырған* пролетариаттың авангарды. Кәсіподақтар бұқарамен байланыстырады).

---

* Қараңыз: осы том, 224—251-беттер. *Ред.*

5) Саяси және әскери жұмыстың қайнар көзі. Осыдан келіп кәсіподақтар әлсірейді. Кәсіподақтардағы *өзгеше* құбылыс ретіндегі дағдарыс туралы Троцкийдің негізгі дәлелінің толық қателігі.

Троцкийде 1-параграфта «идеялық былық».

Кәсіподақтардың «өндірістік ролі» РКП IX съезінде жалпы танылған[148]. Цитаттарды (Троцкий) Томский мен Лозовскийден алған.

6) «Принципінде» — Троцкийде мәселенің қойылысы қате, өйткені ол практикада жүзеге асырылатынды «принциптерге» қарай *кейін сүйрейді.*

Троцкийде 9-параграфта «жалпы принцип»; § 24;

7) Шын алауыздық бұқараға жақындау, *бұқараны өз жағына тарту*, бұқарамен *байланыс* жасау әдістерінде болып отыр.

8) Рязановтың «советтік тред-юнионизмі»? Қате. Рязановтағы шындықтың дәні (материалдық мүдделерді қоргау).

Троцкийде 14-параграфта «Материалдық мүдделерді сақтау»

9) «Жұмысшы мемлекетіндегі» одақтар ше? Ал *бюрократтық бұрмалаушылықтары* бар жұмысшы мемлекетінде ше?

ал жұмысшы-*шаруа* мемлекетінде ше?

Қорғанатындай жағдайлар бар!

10) Томский мен басқалардағы **«жартылай тред-юнионизм»**? Қате. Бұқараның көзқарасын білдіру, онымен байланыс, жұмыс қарқыны мен байланыс тәсілдерін көрсету.

11) «Өндірістік демократия». Өндіріс әрқашан да қалады, демократия бітеді, өтеді.

[ Бухарин және «сөзсымақтар» ]

Демократия болмайтын кезде өндірісті барлығы басқарады.

«Өндірістік» көзқарас тұрғысынан алынған сайлау?

*Қате:* сайлау ғана емес, тағайындау да*.

12) Екпінділік және теңгермелік. § 41 (с. 31)
Троцкийде қате баға берілген Троцкийде.

13) Жартылай бюрократтық аппаратпен «біте қайнасу»? *сақтықпен* әрі *ақылмен* жүргізілсін. Біте қайнасу туралы азырақ сөз болсын да, оның іс жүзіндегі практикалық табыстары (өйткені олар көптен бері және барлық жерде бар) көбірек тексерілсін.

14) Троцкийдің жобақұмарлығы, «бюрократизмі», нормалауы немесе ұсыныстары: $^1/_3$-нен $^1/_2$-не дейін және т. с.
1-ден 100%-ке дейіні дұрысырақ!

15) Өндірістік роль және *өндірістік насихат.*

Нақ «өндірістік *роль»* туралы мәселе жөнінде көбіне-көп күштеуге, *басқаруға,* әкімшілік етуге байланысты емес, қайта көпшілігінде *материалдық құралдарға* (тамақ, киім, аяқ киім) және *иландыруға* байланысты.
Өндірістік насихат** бейне принципті түрде алауыздық *туғызбастан* іскерлік тұрғыдан қойылады. Жалпы алғанда кәсіподақтардың өндірістік ролі туралы мәселеде олармен осылай, тек қана осылай болуы мүмкін және осылай болуға тиіс.

(α) қалыпты, дағдылы демократизм
(β) өндірістік насихат
(γ) сыйлықтар беру
(δ) тәртіпке шақыратын соттар

16) Ағымдағы саяси кезең. Оған баға берілмегендіктен

* В. И. Лениннің қолжазбасында соңғы сөздің орнына алғашқыда былай деп жазылған (және сызылып тасталған): «*Қате:* әкімшілік ету. Адамдармен істес болу. Совет қызметшілерінің кеңседегі, бухгалтерлік жұмысы: «өндірістік» көзқарас тұрғысынан алынған сайлау? Қате». *Ред.*

** Қолжазбада бұдан әрі В. И. Ленин сызып тастаған мына сөздер келеді: «(«Гудок»[149] және оның күштерді дұрыс бөлмеуі: жалғыз транспортқа біржақты келген)». *Ред.*

Троцкийдің бүкіл мәселе қойысы антимаркстік қойыс. Саясат = жиынтықталған экономика.

17) Соғыс заманынан шаруашылық заманына көшу, әскери-екпінді жұмыстан шаруашылық-екпінді жұмысқа көшу.

Армияны демобилизациялау.

Жұрттың жалақыны жаппай күтуі.

Әбден қажыған қалың бұқараның (пролетариаттың да, шаруалардың да) тым көп дәмеленуі,—ресурстар аз.

*Барлық жерде* дағдарыс. «Оппозициядағы» *д ұ р ы с* нәрселер мен *қ а у і п т і* нәрселер.

18) Мұндай кезеңде *пролетариатта,* оның бұқарасында (соның ішінде кәсіптік қозғалыста да) ұйымшылдықпен жұмыс жүргізу бәрінен де маңызды. Онша қажет емес жағдайда күрес туғызу қателік.

Қажеттігі жоқ еді; Троцкийдің күрестегі позициясы қате.

19) Өтпелі дәуірдегі өтпелі дәуір = ағымдағы кезеңнің ΣΣ*.

20) Осыдан келіп = бюрократизммен күрес туралы мәселе 1-кезекке қойылады; ойластыру керек, бойға сіңіру керек, жаңа адамдарды, жаңа топтарды қайта іріктеп, ауыстырып, жаңартып, мемлекеттік машинамен таныстыру керек.

21) Бюрократизммен күресуді, демократизмді қорғауды «өндірістік роль» туралы сөздер арқылы алмастырады, бүркемелейді — Троцкий позициясының *о б ъ е к т и в т і* мәні осындай.

Дәлел: Троцкийде № 23 тезистің соңы: Главполитпуть vs** Цектран.

22) «Орындай» алды ма?

---

* — Summa summarum — жалпы жиыны. *Ред.*

** — versus — жөнінде алғанда. *Ред.*

РКП IX съезі (IV. 1920)[150]
Орталық Комитеттің: сентябрьдегі қарары IX. 1920
ноябрьдегі қарары XI. 1920
декабрьдегі қарары XII. 1920
январьдағы үндеуі I. 1921

XI. 1920 ж. *пленум*.

Троцкийдің тезистеріне қарсы қарар (қазіргі-(10 және 4) деп де *соғқарырақ)*.

23) **Комиссия және оның сәтсіздікке ұшырауы.**

XII. 1920. Жарылыс: сушылар және Цектран. Ищенконың қателіктері және т. с.?

24) Жоқ. Шешім **7-ге қарсы 8.** Троцкийдің отставкасы.

| Бухарин + Преображенский + Серебряков буфер немесе былықтыру? |
|---|

Татулық емес, қайта күресті шиеленістіру.

25) +Кәсіподақтардың V конференциясына Рудзутактың тезистері.

+Бірқатар «әскери коммунистердің» кәсіподақ жұ-
26) мысына ауысуы.
«Басшы персонал»? (Троцкийдің тезистері ескі, № 5)
әлде төменнен бе?

Цектранның сәтсіздікке ұшырауы. Кәсіптік қозғалыстың ерекшеліктерін түсінбеген бірсыпыра әскери коммунистердің қателіктері.

Троцкийдің позициясы объективті түрде = *әскери коммунистік* ортадағы *жақсыны емес*, ал *жаманды*, соқыр сенімдерді, жаман әдеттерді қолдау.

Бұл күрестің қорытындысы?

27) (1) Троцкийдің теориялық қателіктері.
(2) Бухаринде де id.* (өндірістік демократия).

* — Idem — бұл да солай. *Ред.*

(3) Троцкийдің кәсіптік қозғалысқа көзқарасындағы бірқатар қателіктер. — Теория жағынан қате, принципті тұрғыдан бірқатар қателіктер бар, саяси жағынан әдепсіз әрі зиянды.

(4) Цектранның ішіндегі күрес = **кәсіптік қозғалыстағы** *оның ролінің*, оның әдістерінің сәтсіздікке ұшырауы. Ашу-ыза, жікке бөлінушілік туғызып барып кетті. — ΣΣ бюрократтық жұлмалау, партия съезі айыптайды және қабылдамай тастайды.

(5) Бухарин жолдастың буфері? Ештеңеге кедергі жасамайды, буфер емес, ал «күрсіну» мен отқа май құю.

(6) Іскерлік жұмыстан «тезистерге» және әлдеқашан шешілген нәрсе туралы «принципті» таласқа қарай кейін шегіну. *Кері* кету.

28) (7) **Партия съезі** мыналарды:

(α) теориялық қателіктерді қабылдамауға...
(β) принципті қателіктерді түзетуге...
(γ) зиянды алалықты жоюға
(δ) кері кетуді тоқтатуға: іске кірісуге
(ε) буфер бола алмайтын буферді, тежей алмайтын тежеуішті алып тастауға тиіс.

*1920 ж. 29 декабрьде жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# «ПАРТИЯ ДАҒДАРЫСЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛЕГІНІҢ НОБАЙЫ*

Коммунизм жәпе синдикализм

Коммунизм партияда жоқтар бұқарасына *басшылық етеді* және оны (мектеп) *бүкіл халық шаруашылығын* басқару ісіне көтереді.
Синдикализм партияда жоқтар бұқарасына *өнеркәсіп* салалары бойынша басқару ісін *беріп қояды.*

РКП программасы.

Партия неге керек? Жікке бөліну...
Бухарин Троцкийден «басым түсті».
«Жұмсақ балауыз»... *Принципсіз демагогия.*

Фракциялық күрес логикасы.

{ Шляпниковтың фракциясы — синдикалистік.
«Бәрінен де қатты айқайға басушылардың» фракциясы («кәсіподақтардың праволары»).
Игнатовшылдардың қобалжуы
бәріміз топтасайық, сонда бәлкім дауыс жинап алармыз... *Кім көп алар екен?*

---

* Қараңыз: осы том, 260—272-беттер. *Ред.*

Жалпы қойып қалу (Бухариндікі)
cf.* тағайындау азырақ болсын (XI. § 2; XII, § 2)
vs** ешқандай тағайындау болмасын (Бухарин, § 15, *2*)

Бухарин Шляпников емес: синдикалистердің көсемі? «Ниночка»?
«Ақылдың нақты күші» (Лассаль) және *мінездің* нақты күші?

Бюрократизмнің шектен шығушылығын
қорғамау керек және тағайындаушылық
Қызыл Армияның беделін түсіретін кім?
және тағайындаушылықтың ше?

«Жаңа міндеттер» туралы әр түрлі нәрсені ойлап шығара бермеу керек, қайта *Рудзутактың тезистері негізінде* ұйымшылдықпен жұмыс істеу керек.

Анархизм+синдикализм.

Партия дағдарысы: *Антанта* және *эсерлер*, сырттай және іштей қатарды топтастыру,— тәртіп — бәрі жұмыс орнында — баса назар аудару, қадағалау etc. *Партия съезіне дейін емдеп жазу керек.*

*1921 ж. кеш дегенде 19 январьда жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — confer — салыстыр. *Ред.*
** — versus — бұған қарама-қарсы. *Ред.*

# *«ТАҒЫ ДА КӘСІПОДАҚТАР ТУРАЛЫ, АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ТРОЦКИЙ МЕН БУХАРИН ЖОЛДАСТАРДЫҢ ҚАТЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ»* ДЕГЕН КІТАПШАНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ*

## 1

## ТРОЦКИЙДІҢ «КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ РОЛІ МЕН МІНДЕТТЕРІ» ДЕГЕН КІТАПШАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР

**Троцкий:**

*Троцкий* «Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері»

Алғы сөз — *фракция:*
1) коллективтік жұмыстың жемісі
2) «бірқатар»
3) платформа-кітапша.

(салыстыр: тезис 4 i. f.**)

Бүкіл I бөлім grundfalsch!****

1-тезис. a limine*** дұрыс емес. «Кейін» дегені керегі емес (ал Троцкий), қажетті жаққа емес

{ал тезистерге практика*дан* демократия*дан* бюрократизмге}

4-тезис. (i. f.) «кәсіптік қозғалыс саласындағы *2 тенденцияның* бірін... таңдап алу (Фракция!)»

5-тезис. «Жұмысшы мемлекеті ішіндегі ең үлкен қайшылық»

Дұрыс емес!!!

---

* Қараңыз: осы том, 294—340-беттер. *Ред.*
** in fine — соңында. *Ред.*
*** — табалдырықтан: принципінде. *Ред.*
**** — түбірімен қате! *Ред.*

6-тезис. Программа: «біртұтас шаруашылық тұлға ретіндегі *бүкіл* халық шаруашылығын **(демек, егіншілікті де!!)** түгел басқару ісін *шындығында* шоғырландыруға *жетуге тиіс». «Практикада*... біз... алыстап кеттік»??? *Дұрыс емес.* — *αα* 6-тезис: программа

7-тезис. (i. f. 8-бет): «таптық экономикалық күрес» «керек емес». *Дұрыс емес!*

7-тезис. (i. f. 9-бет): «барлығы > ықшамдалғандарға, жүйесіздерге»??? *Дұрыс емес.*

8-тезис. «басшы топтағы кәсіподақшылар консерватизмі» — 8-тезис секіріс

«басшы органдардың адам құрамында»??? фракцияшылдық тиісу {*NB:* + «жоғарыдағы» пазардың бюрократтық талпынысы}

8-тезис. i. f. міндет: *«өндірісті ұйымдастыру»* (курсив) = программаға

{*Теориялық жағынан дұрыс емес*} Дұрыс емес. *Тең емес.* (Шындығында шоғырландыруға «жетуге *тиіс*»...) |||

*ββ*

9-тезис. (10-бет): ... «тікелей» (сандырақ!)

9-тезис. (i. f.) өндірісті ұйымдастыру жөнінен және кәсіптік қозғалыс жөнінен мамандар болуы «мүмкін емес» (сандырақ! Мүмкін!!).

10-тезис. «өндірісті басқару ісінің бәрін одақтардың қолына шоғырландыруға жетуге» (= программа). **Жоқ. Дұрыс емес**

(программа=*«шындығында* шоғырландыруға жетуге тиіс және өндіріске *емес*) ... (өнеркәсіптің әрбір саласын» 10-тезис і. f.)

(γγ)

NB
*(бұл емес)*

11-тезис. «Бұл көзқарас формальды, яғни оны *сөз жүзінде* кәсіподақшылардың көпшілігі мойындайды. **Мәселен, Томский жолдас...»** **Лозовскийден** цитат...

| *δδ* «сөз жүзіндегі» фракцияшылдық тиісу |

| 100 мәрте ақылдырақ |

(NB)
...«**Процесс** нәтижесінде... *ілгерілеген* сайын... *(bis)* бірлесіп жасайды»...
*(Лозовскийде* **біте** **қайнасу** да, *біріктіру* де дұрыс).

*12*-тезис. *Томский* мен *Лозовский «біте қайнасуға* бірден-бірге қатаң қарсы»

| ее фракцияшылдық тиісу |

12-тезис. i. f. «корпоративтік томаға тұйықтық рухын күшейтіп отыр»
«жаңа қызметкерлерге *жирене қараушылық»*
...«цехшылдықтың қалдықтарын қолдап отыр»...

*14-тезис.* Рязанов одақтардың «материалдық және рухани мүдделерін жақтауды немесе қорғауды» олардың қолында сақтамақ.
«советтік тред-юнионизм».
Сандырақ. Бұл арада *Рязановтікі дұрыс.*

15-тезис. (...«*к ө с е м д е р д і*... алып тастайды...») | ζζ фракцияшылдық тиісу «алып тастайды» | { **Б ю р о к р а т т ы қ** көзқарас: ВЦСПС көсемдері кінәлы. }

15-тезис. (i. f.) Томский Рязановтың айтқанына қарай **ойысады** | сандырақ! |

16-тезис. i. f. «негізгі міндет: одақтарды қайта топтастыру, қайта құру, қайта тәрбиелеу» (өндірісті ұйымдастыру міндеттерімен сәйкес) ((NB одақтарды қайта тәрбиелеу немесе $6^1/_2$ миллионды қайта тәрбиелеу? NB)) | бюрократизм: жоғарыдағыларды қайта жасау! |

17-тезис. «ходатай *е м е с, ал* ұйымдастырушы» (сандырақ! **Анасы** да, **мынасы** да) | contra 18 (Орталық Комитеттің 7. XII-дегі қарарынан)[151] |

«кәсіподақ оның (еңбектің) механикаландырылуын арттырады» (*с и н д и к а л и с т і к* елігу) (салыстыр: Шляпников)

19-тезис. «өндірістік қайта тәрбиелеу... *1*-кезекте кәсіподақшы-қызметкерлерге... *жаңарту*... Басшылар»... { жоғарыдағыларды *ж а ң а р т у* деген бюрократтық көзқарас }

20-тезис. *Өндірістік насихат* («өндірістік *тәрбиенің* (?) құрамдас бөлігі (?)»... «...кәсіп- | Дұрыс емес! «Ең маңызды» |

одақтардың өмірі мен жұмысының ең маңызды мазмұны болуға тиіс». | емес, ал маңыздыларының бірі |

**20-тезис.** i. f. жұмысшы «бұқарасы» шаруашылық қызметкерін «біліп алуға» және «оған деген сенімін жаңартып, шыңдауға» тиіс.

| v.v.*, бастауышы дұрыс емес. Бұқара шаруашылық қызметкерінің емес, қайта шаруашылық қызметкер бұқараның көңілінен шығуға тиіс |

*2 1*-тезис. «Кейбір кәсіподақшылардың» *«қазіргі идеялық күресті»* (?) *тағайындаушылықтың* демократиямен күресі деп көрсетуге тырысуы { мәселені «алмастыру»? }

*«түбірінен жалған».* | Ал тағайындаушылықты дұрыс қолданбау ше? |

«Тағайындаушылық» = «өндірістік дәрменсіздіктің» сөзсіз болатын қосымшасы?

*22*-тезис. Жұмысшы демократиясы *тек* өндірістік демократия ретінде. | сандырақ! мәдениет дәрежесі де және 1000 басқа нәрселер де ұмытылған |

*23*-тезис. «Формальды -демократиялықтың айқын үлгісымағы»— *Главполитпуть* «кейбір кәсіподақшылар»— «айыптайды»... { мәселені «алмастыру»? }
(не үшін?? *ш а р а,* ал «принцип» емес...)

* — vice versa — керісінше. *Ред.*

| | | |
|---|---|---|
| *24*-тезис. | Күштеу барған сайын >жәпе>кеңірек тарту жұмысына *жалпы мәдени дәрежені көтеруді* ұйымдастыру жұмысына **«сүйенуге»** тиіс... | мәнісі осы! шара! тиісті түрде қолға алу! (сүйенуге! ал сіздер **сүйенбеп**пе едіңіздер) |
| 24-тезис. | «Кәсіптік ұйымның консервативтік қанаты»... Томский? | (фракцияшылдық тиісу) |
| 25-тезис. | «Әскери тәртіп бойынша жұмыс істеу» «**иландыру** жолымен *де* істеу» деген сөз ғой | Тамаша! Ал *шара?* Ал істі қолға алу ше? |
| 26-тезис. | Бюрократизммен күрес... ең алдымен кәсіподақтар жұмысының «құрамдас бөлігі»? (Қойып қалды!) Бақылау органдарын үйіп-төгін көбейтуден *гөрі, түзетуді көбейту*. (Өте жақсы! *Рабкринді жақтайды!)* | |
| 28-тезис. | Тездетудің қажеті жоқ, *дәрежемен* санасу керек деген қарсылық *«нысанаға дөп тимейді»*... | Ха-ха!! Бұл жердегі түйін... |
| | *Қарқын әртүрлі болуы мүмкін* (Троцкий жолдастың барлық *қатесі* қарқынның қатесі: *асығыстық жасаған!*) | NB |

<table>
<tr><td>28-тезис.</td><td>i. f. «Бағыттан айнымау керек, жағдай алға қарай ілгерілеуді үзілді-кесілді талап етіп отырғанда, кейін қарай шегінбеу керек»</td><td>Түйіп! Қандай «жағдай»? Цектранның сушылармен жанжалы?</td><td>ΣΣ* = NB = Шектен шығушылықпен дұрыс бағыттың беделін түсіру және қарқынды бұзу!</td></tr>
<tr><td>29</td><td>i. f. «Кәсіподақшылар бюрократиясының консервативтік бөлегі... жаңа өндірістік бағытқа қарсы әрекет жасайды»</td><td></td><td>ϑϑ фракцияшылдық тиісу</td></tr>
<tr><td>29-тезис.</td><td>«Бұқара»!! қара үшін шаруашылық табыстар»... «Бұелеулі</td><td>Троцкий шаруашылық табыстарды жақтайды, Ленин саясатты жақтайды</td><td>ха-ха!! салыстыр: Троцкийдің қорытынды сөзі</td></tr>
</table>

## VI. Практикалық қорытындылар

<table>
<tr><td>30-тезис.</td><td>...«Одақтардың енжарлығын жоюға тиісті»... «кейбір ұйымдық шаралар»... $^1/_3$-пен $^1/_2$-не дейін... және $^1/_2$-пен $^2/_3$-не дейін...</td><td>Ха-ха! Бюрократ!</td><td>Осы да практикалық қорытынды болғаны ма?</td></tr>
<tr><td>30-тезис.</td><td>(26 б.): «қызметкер одақтың толық сеніміне ие болғандықтан»...</td><td></td><td>бастысы міне қайда! Болғандықтан деген сөзге жасырылған!!</td></tr>
</table>

* — Summa summarum — жалпы жиыны. *Ред.*

| | | |
|---|---|---|
| 33-тезис. | Жанжалдарды *«тек қана* кәсіподақтар» *шешеді*?? | Дұрыс емес! Екінші жаққа қарай шектен шығу. *Синдикализм.* |
| 35-тезис. | «Басқару ісіне одақтардың араласуы туралы мәселенің өзі» «жойылуға тиіс» (?? қашан?) | қашан? қарқын!! Осы да «практикалық қорытынды болғаны ма»?? |
| 38-тезис. | «Біз»... кәсіподақ өндірістің нақты бір саласын қамти отырып... «өз арасынан (??) (??) бүкіл әкімшілік-шаруашылық *аппаратты бөліп шығаратындай»* болатын... жағдайға «жетеміз»... | Дұрыс емес! *Бүкіл* емес, Синдикализм! |
| 39-тезис. | ...«**Қарқынды** алдын ала шешіп қою мүмкін емес... дүние жүзілік революция... *икемді* саясат» | video meliora proboque, deteriora sequor...* |
| 40-тезис. | Одақтарды қайта құру =<br>1) **оларға** *мақсат* қою (!! Өндірістік насихат)<br>2) *қызметкерлермен* күшейту<br>3) аппаратты қамтамасыз ету | жоғарыдан емес, төменнен жұмыс істеу? қарар 7. XII. 1920? |
| 41-тезис. | Тұтынуда — теңгермелік.<br>Өндірісте — екпінділік. (Дұрыс емес.) | |

* — жақсылықты көріп тұрмын, мадақтаймын да, бірақ жамандыққа үйірмін (Овидий; «Метаморфозалар»). *Ред.*

43-тезис. «Тұрғын үй, киім, азық-түлік жөніндегі жағдайды жақсартуға әжептәуір кең мүмкіндік»... | бұл нақ *х о д а т а й б о л ғ а н д ы қ!!* NB NB *«м а т е р и а л д ы қ ж ә н е р у х а н и м ү д д е л е р д і қ о р ғ а у»* деген осы. Салыстыр: 14-тезис Рязановқа қарсы

Тезистердегі *«фракцияшылдық тиісулер»:*
«кейін кету» (1); «басшы топтағы кәсіподақтық консерватизм» (8); «ВЦСПС түгелдей негізгі шаруашылық жұмыстан тысқары» (9); «басшы органдардың адам құрамын азғана өзгертті» (8);

*αα* (т. 6); *ββ* (т. 8); *γγ* (т. 10); *δδ* (т. 11 басы);
*εε* (т. 12 i. f.); *ζζ* (т. 15 i. f.); *ηη* (т. 24); *ϑϑ* (т. 29 i. f.)

## 2
## «ТАҒЫ ДА КӘСІПОДАҚТАР ТУРАЛЫ, АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ТРОЦКИЙ МЕН БУХАРИН ЖОЛДАСТАРДЫҢ ҚАТЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН КІТАПШАНЫҢ КОНСПЕКТІЛЕРІ

*Тағы да кәсіподақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий жолдастың қателіктері туралы*

α Теориялық алауыздықтар.
β «Екі тенденция» және Троцкийдің фракциясы («мәселені алмастыру») «цектрандық у» (+ «Бағыт және қарқын»)
γ «Біте қайнасу» vs * «бір ауыз соз жоқ» «4 пункт»

+ Менің «қобалжуым» және менің «соғысым»

+ Троцкийдің «бюрократтық» тәсілі

+ шаруашылық қызметкерінің тәсілі

δ РКП IX съезінен безіну
Тағайындаушылық, иә немесе жоқ?
Зиновьевтің «екіжүзділігі» (Троцкий, 27).
**ε Әсірелеп корсетудің қажеті жоқ.**
**ζ Жаман айтпай жақсы жоқ.**

---

«Тақырыптар» (тараулар емес) мынадай:
Біздің алауыздықтар (α)
Фракцияшылдық және Троцкийдің фракцияшылдық елігуі (β + γ)
РКП IX съезінен безіну (δ)
Келіспеушілікті әсірелеудің қауіптілігі (ε)
Жаман айтпай жақсы жоқ (ζ)

---

* — versus — қарсы. *Ред.*

1. Троцкийдің 25. XII-де сөйлеген сөзінің *фракцияшылдық* сипаты = партиялық қауіп*.

{ коллективтік еңбек
2 тенденция
фракцияшылдық
тиісу
сілкілеу }

2. Цектранның жікке бөлінуі = саяси қауіп.

{ Формальды демократизм *vs* Главполитпуть «Зоф»

3. Бұл екі мәрте қауіптің қайнар көзі: 8. XI. Plenum[152] және комиссияның сәтсіздікке ұшырауы

+ 3 bis буфер?

4. Алауыздықтардың тереңдігі мен елеулілігі мұны, мүмкін, ақтайтын шығар? Алауыздықтардың *мәні*,— тезистерді теориялық жағынан талдау және т. б.

5. Саяси және (vs) шаруашылық тәсіл
эклектика.

6. Мектеп және (vs) «аппараттың құрамдас бөлегі»
эклектика.

+ 5 bis: Саяси амал табу және (vs) шаруашылықты жақсарту

7. «Өндірістік демократия»?

8. «Советтік тред-юнионизм»? «Материалдық және рухани мүдделерді қорғау»? ходатайлар?

9. Партия программасы және оны орындау немесе тұрпайыландыру?

10. *Екпінділік және теңгермелік?*

11. «Біте қайнасу». Ол жөнінде неге үндемеу керек?
«Зиновьев пен Ленинде бір ауыз сөз жоқ»?

12. 30. XII-дегі менің сөзімдегі төрт пункт**
*α*) дағдылы демократизм
*β*) өндірістік насихат—vs демократиялық «атмосфера»

+ *12 bis* «Цектрандық у» (Рудзутактың тезистері жөніндегі жанжал)

---

* 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 11, 12, 12 bis, 15 және 16-пункттерді В. И. Ленин қолжазбада сызып тастаған. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 226—240-беттер. *Ред.*

γ) заттай сыйлықтар
σ) тәртіпке шақыратын соттар.

Зоф және «жазықсыз айыптылар»

13. РКП IX съезінен «безіну»
Зиновьевтің «екіжүзділігі».
Тағайындаушылық, иә немесе жоқ?
14. Троцкийдегі бағыт, қарқын, жағдай
насихатшылық және әкімшілік тәсіл...
15. Жанжалдарды кәсіподақтар шешуге тиіс? Синдикалистік елігу.
16. Практикалық және іскерлік жұмыстан тезистерге қарай кері шегіну (саясатқа уақыт кетіру)
тәсіл және жағдай

17. Келіспеушіліктерді әсірелеп көрсетпеу керек
(«ысырып тастау» емес).
18. «Жаман айтпай жақсы жоқ».
Буфер және «кірлеген іш киім».
19. ΣΣ =

Менің «платформам»:
- Фракцияшылдық сөз сөйлеу
  партиялық қауіп.
- Цектранның жікке бөлінуі
  саяси қауіп.
- Теориялық қателіктер
  және қате тенденция.
- Іскерлік және практикалық жұмыстан «тезистер» мен «принциптерге» қарай кері шегіну
  4 «пункт».

---

*α* Теориялық алауыздықтар

1. саяси және шаруашылық тәсіл (немесе көзқарас) ( «саясат» пен «экономика» «мектеп» пен «аппарат» ) · ( «буферлік» көзқарас )

2. эклектика ма әлде диалектика ма?
3. «өндірістік демократия». Формальды демократизм *vs* Главполитпуть (23-тезис)...
   Троцкий, 67, Бухарин
4. советтік тред-юнионизм немесе «қарқын» мен жағдайды дұрыс бағаламау
5. партияның программасы және Троцкийдің оны тұрпайылауы мен нашарлатуы. «Материалдық және рухани мүдделерді қорғау» және «жерлеу ғұрыптары». Бухарин мен Троцкий, 48-бет.

Фракция (25. XII. 1920 ж. Троцкий негізін қалаған).
Ұзаққа емес (8 фракцияшылдық тиісу)
Өндірістік рольге бола немесе бұқараға жанасу тәсіліне бола туған «екі тенденция» ма?

Буферлік топ және буферлік көзқарас (эклектика мен диалектика) *

| айтысты сөтсіздікке ұшырату Троцкий, 65 |
|---|

Алауыздықтарды (немесе пікір алалығын?) әсірелеп көрсетпеу керек

| «ысырып тастау», Троцкий, 34 |
|---|

(*Жаман айтпай жақсы жоқ.* («Цеканың кір іш киімі»?))

+ «буферлік топ»
Іскерлік Сарайының кухнясы?

| Троцкий, 31 |
|---|

Ленин, қателесіп, «Цектран жайтартқышына» қалай жармаса кетті және Троцкий мені қалай әшкереледі**
«Цектрандық у»
(және Зофпен жанжал)

| Цектран... «Қате екен делік» Троцкий, 24 |
|---|

* Қолжазбада «Фракция» деген сөзден бастап «диалектика» деген сөзге дейінгі тексті В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*
** Қолжазбада бұл сөздерді В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

«Біте қайнасу» және ол туралы үндемеу неліктен жақсы
{ 1) фактілерсіз пайда жоқ
2) босқа қорқытудың керегі не* }

| Троцкий, 32 тартысушы жақтар есебінде емес, ал ортақ жұмысқа қатысушылар ретінде |
|---|

Насихатшы мен әкімнің тәсілі

| | | |
|---|---|---|
| әкімшілік «мектебі» | «насихатшы» және әкім *(Троцкий, 27-бет)* | «ерекше мәселе», Троцкийше, 22 |

Бағыт (28-тезис) және қарқын (39-тезис) және «жағдай» (28-тезис i. f.)

Зиновьевтің «екіжүзділігі» (Троцкий, 27)

*α* 6. Теңгермелік және екпінділік — (Троцкий, 67)

Жанжалдарды кәсіподақтар шешетін болады (33-тезис)?

Елігудің, асыра сілтеп алудың мысалы.

Троцкийдегі бюрократтық көзқарас
{ 1/3 және 1/2
жоғарыдағыларды
түзету }

(cf.** 24-тезис: күштеу неге сүйенуге тиіс)

Тағайындаушылық, иә немесе жоқ? Троцкий, 25

«Жазықсыз айыптылар». Троцкий, 25

---

* Қолжазбада бұл сөздерді В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

** — confer — салыстыр. *Ред.*

## 3
## «САЯСАТ ПЕН ЭКОНОМИКА. ДИАЛЕКТИКА МЕН ЭКЛЕКТИЦИЗМ» ЖӘНЕ «ДИАЛЕКТИКА МЕН ЭКЛЕКТИЦИЗМ. «МЕКТЕП» ПЕН «АППАРАТ»» ДЕГЕН БӨЛІМДЕР ЖОСПАРЫНЫҢ НОБАЙЫ

1) Буфердің эклектикасы
2) диалектика және эклектика
3) мектеп пен аппарат
(*бір жағынан және екінші* жағынан)
4) аппарат ретінде де, олар = мектепке
$1500 \times 5 = 7500 \times 5 = 37\,500$
37.5 *vs 6 000* мың < 1 %[153]
5) Бухарин 3. I. *Питерде*
6) Троцкий *сілкілеу*
«жиренe қараушылық рухы оршиді»
әкім vs насихатшы (Троцкий, 27)
7) мемлекет — күштеу
партия — ерекшелік
кәсіподақтар—мектеп.

---

1) Кең көлемді айтыс
Кім тіледі?
2) «Біте қайнасу»
ол туралы талас?
Кім бастады?*

---

* В. И. Ленин бір параққа қарындашпен жазған бұл текст сызылмаған, ал оның үстіңгі жағынан жоғарыдағы жеті пункт жазылған. *Ред.*

«Стакан»: 2 «жағы», 222 емес пе? не үшін?
қашан? кімге? немен байланысты?
Формальды және диалектикалық логика
α) жан-жақты
β) дамыта отырып
γ) *compris** адам практикасы
Σ = δ) «абстракт ақиқат жоқ». «Ақиқат қашанда нақтылы».

*Стаканнан*

*кәсіподақтарға:* мектеп пеп аппарат...
жалпы алғанда ма? Иә!

Пролетариат диктатурасы — «капитализмнен коммунизмге қарай алғашқы қадамдар» заманында (РКП программасы)

аппарат = қосылып кеткенде (кәсіподақтар да, мемлекет те болмайды)

ал қазір мектеп *және* коммунистік әзірлік = мектеп
*және* аппарат ретінде = *аппарат мектебі*, мектеп = «өндірісті басқарудың әкімшілік-техникалық мектебі»
бір жағынан мектеп емес, екінші жағынан — аппарат,

ал екі жағынан да, барлық жағынан да ***м е к т е п.***

Одан да гөрі нақтырақ.
Аппарат? *И ә,* 1500×5=7.₅; 7.₅×5=37.₅ vs
6000<1%
бұл аппаратқа (1%) *ә к і м* ретінде
(cf. Троцкий, 27-бет)
***к ә с і п о д а қ т а р ғ а*** «насихатшы» ретінде.
Мемлекет = күштеу. *Ә к і м ш і л і к е т у.* Оның ішінде кәсіподақшыларға да (азтылық, жоғарыдағылар).
Партия = ерекшелік
(басқа тексті жоғарыдағылар).

---

* — оның ішінде. *Ред.*

*Кәсіподақтар*=бұқара. *Мектеп.* Насихатшы.

| Жиыны 2 ΣΣ. |
|---|
| Олай етпе. |

Одан да гөрі нақтырақ.

Троцкийде 12-тезис

жирене қараушылық рухы өршиді. Жоғарыдағылар? Олар жойылсын? бұқара? α) Цектранды түзетіп жібер

β) бұқараны үйрет, тәрбиеле. Бәрінен де *жақсысы* сөз, *насихат.*

Жиыны және ΣΣ=олай етпе, Троцкийдің 12-тезисіндегідей етпе.

---

Неліктен насихатшы ретінде, ал әкім ретінде емес?

1) өйткені жалпы алғанда әуелі насихатшы ретінде,— әсіресе қазір,— кәсіптік одақтарға квадраттап алғандағыдай керек,— мынадай тақырыптарға кубтап алғандағыдай керек
2) мемлекет (әкім) — партия (ерекшелік) — кәсіподақтар { мектеп, *байланыс* }
3) егер Троцкийдікі басқа тақырып болса:
   90 «сілкілеу»*

12-тезис — одан да гөрі нақтырақ.

«келуге тиіс — өндірісті ұйымдастыруға тиіс».

---

Троцкий шаруашылық роль туралы: Зиновьевте «бір де сөз жоқ» (Троцкий, 22). Лeнинде «бір де сөз жоқ» (Троцкий, 66)**.

Зиновьевтікі «мәселені алмастыру» (Троцкий, 25)

---

* Қараңыз: осы том, 329—330-беттер. *Ред.*

** Қолжазбада бұл сөздерді В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

Өндірістік *насихат* *vs* өндірістік атмосфера (Троцкий, 29)

(қайта тәрбиелеу және т. б.)

(cf. 16-тезис. i. f.) Тәрбие бар ма? Иә немесе жоқ? (Троцкий, 29) *

*Шаруашылық қызметкерінің тәсілі*

Шляпников

Ногин

Зиновьев және Ленин

(монша)

менің 4 пунктім { дағдылы демократизм; өндірістік насихат; заттай сыйлықтар; тәртіпке шақыратын соттар**. }

Уақыт кетіру (неге саяси (Троцкий, 65), неге инженер ретінде емес? Өйткені Троцкий жолдас сөз алды. Өзінің саяси қатесімен Троцкий партияны кейін қарай сүйреді).

Менің «қобалжуым» және соғысым.

| РКП IX съезінен «безіну» (Бухарин, 46 бет). |

1) саясат және экономика

дұрыс емес

2) сайлау?

тек кімді сайлау?

3) жоғарыдағылар мен төмендегілер.

{ Саяси тәсілді «бағалай отырып»,—әңгіме папда, кимде

| Троцкий, 70 | }

---

* Қолжазбада бұл сөздерді В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

** Қолжазбада өрнекті жақшадағы тексті және «менің 4 пунктім» деген сөздерді В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

4

## ҚОРЫТЫНДЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

*Қорытынды*

(1) Партия программасы*.
(2) Екпінділік және теңгермелік.
(3) *РКП IX съезінен безіну*
9-тезис (?) «Біз алыстап кеттік»? 7-тезис.
(4) *Әсірелеп көрсетпеу* керек.
(5) *Жаман айтпай жақсы* жоқ.

---

* Қолжазбада бірінші пунктті В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

## 5
## КІТАПША МАЗМҰНЫНЫҢ НОБАЙЫ

Кіріспе есепті . . . . . . . . . 1 б.
Фракциялық бой көрсетулердің партияға қауіптілігі . . . . . 3 б.
Формальды демократизм және революциялық тиімділік . . . . 8 б.
Кәсіптік қозғалыста жікке бөлінудің саяси қауіптілігі . . . . . 10 б.
Принципті алауыздықтар туралы. . 20 б.

| өндірістік демократия |

Саясат пен экономика . . . . . 25 б.

| «біте қайнасу» |

Диалектика мен эклектика. Мектеп пен аппарат . . . . . . . . . . 38
*Қорытынды* . . . . . . . . . . 56-дан 70-ке дейін

3 б. (22.I) Преображенскийді мысқылдауды қосу керек

9 б. Орталық Комитеттің 24 (?) XII.[154] қарары

*1921 ж. 25 январьдан ертерек жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# «ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫНЫҢ КОММУНИСТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ДИРЕКТИВАЛАРЫНЫҢ» ЖОСПАРЫ*

## Халық ағарту комиссариаты туралы:

1. Политехникалық және кәсіптік білім берудің қатынасы.

2. Электр станцияларын
   фабрикалар мен заводтарды
   совхоздарды
   колхоздарды
   жақсы жолға қойылған шаруашылықтарды
   тәжірибе станцияларын пайдалану.

3. Лекциялар мен курстар
   техникалық
   агрономиялық.

4. Лекциялар саны +әсіресе
   курстар саны сауатсыздықты
   курсанттар » жою
   қатысу »
   өтілген курс »
   жұмыс қорытындылары және т. б. туралы дәлме-дәл есеп.

5. Мамандарды (білімді және тәжірибелі педагогтарды) үнемі және көптеп тарту.

6. Жергілікті қызметкерлерді тексеруге және орталықтағы жұмысқа жоғарылатуға арналған аттестациялық тізімдер және сол сияқты бірқатар шаралар.

---

* Қараңыз: осы том, 357—359-беттер. *Ред.*

7. Халық ағарту комиссариатының негізгі кемшілігі практицизмнің жеткіліксіздігі, практикалық тәжірибені есепке алу мен тексерудің аздығы, жалпылама пайымдаулар мен абстракты ұрандардың басымдылығы болып отыр. Бұл кемшілікті қалай да жою керек.

8. Кітапханалар. Желі. Желіні дұрыс ұйымдастыру және оны пайдалану.

9. Кітаптар мен оқулықтарды 600 (соған жуық) уезге және 10 000 (соған жуық) болысқа бөлу.

10. Қысқа, бірақ айқын әрі дәл есептің формасы

{оның ішінде бөлімдер, кіші бөлімдер және т. б. бойынша оқушылар мен қызметшілер саны}...

11. Мектеп *программалары*.

1
7
5. 6
11
2. 3
4. 10
8. 9[155]

*1921 ж. 2 және 5 февраль аралығында жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# «ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ*

## 1

1920 ж. 1. XII-ге

| Деректер | Кітапханалар | Кітапханалар саны |
|---|---|---|
| Губерниялар 38 | Орталық | 342 |
| Уездер 305 | Аудандық қалалық | 521 |
| | Болыстық | 4 474 |
| | Жылжымалы | 1 661 |
| | Оқу үйлері | 14 739 |
| | Басқалары** | 12 203 |
| | | Жиыны 33 940 |

| | |
|---|---|
| 33 940<br>+ 305<br>34 245 | Кітапханаларды уездермен қосқап!! (цифрларды қосуда қате жіберген)[156] |

Москва халыққа білім беру бөлімінің (МОНО) Москва кітапхана секциясының деректері
18 уезде — 518
+ 137 жылжымалы
+ 154 оқу үйі
+ 5 басқалары (?)

+ кәсіподақтардың кітапханалары 16-ға жуық, әскери кітапханалар 125-ке жуық, жекелеген ұйымдардыкі ??

814+204=1018 губерния мен қала бойынша.

* Қараңыз: осы том, 360—371-беттер. *Ред.*
** «Селолық, балалар, анықтамалық әр түрлі мекемелер, әр түрлі ұйымдар».

Қала бойынша

| | | |
|---|---|---|
| Кітапхана секциясы | 81 | Σ = |
| Клубтар | 42 | 139+65 жылжымалы |
| Халықтық үйлер | 9 | 204 |
| партиялық | 7 | |

Москва губерниясындағы оқу үйлері
қағаз жүзінде 180-ге жуық
*іс жүзінде* 154
Әскери мекемелерде *14-ке* жуық,
қалғандары клубтар жанында

| іс жүзін-де 3/4 |
|---|

2

Центропечатьта (31. I. 1921) *бары:*

60 губерниялық агенттік
570 уездік агенттік
1640 (болыстық) аудандық агенттік
470 үгіт пункті—темір жол станцияларында

қызметшілер
Москвада 3000-ға дейін
РСФСР-де[157] *17000.*

3

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| «Известия» | (1) | 350 000 | 200 000 | *10 000* | 50 000 |
| «Правда» | (2) | 250 000 | 100 000 | *болыс* | кітапхана |
| | | 600 | 300 | | |

| | | | | мың |
|---|---|---|---|---|
| совдептер мен мекемелерге | *15* | *м.* × 2 = | | 30 |
| кітапханаларға | 50 | м. × 2 = | | 100 |
| | | | | 130 м. |
| | | | + | 20 |
| | | | | 150 м. |

3) 50—75 м. 10 000 болыс
× 5 = 50 000 кітапхана

2) 10—15 м. армиялық және 20 000 = 20
1) 1—1.5 мекемелік

70 000 × 2 = 140
+10
150

(2) — (3)

300 м.
300
90 000 м.

90 млн. дана

150 мың

2 газет × 300 №№
= 600 №№
300 №№ × 2 = 600

| | | |
|---|---|---|
| 100 беллетристика | 50 | 300 |
| 200 аграрлық | 100 | |
| 200 техника | 100 | |
| 100* ғылым мен саясат | 50 | |
| 600 | | |

*1921 ж. кеш дегенде 7 февральда жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

* Қолжазбада 100, 200, 200, 100 цифрларын В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

# ДАҒЫСТАН ДЕЛЕГАЦИЯСЫН ҚАБЫЛДАҒАНДАҒЫ ЖАЗБАЛАР

*Дағыстан*
Еске салу керек!

Дағыстан *делегациясы:*

1) *Астық...*
(азық-түлік органдарымен келісу)
(*түк те* алмаған)
(және тұқымға 50% кем себілген...)

2) *Кездеме*

| | |
|---|---|
| 1920 ж. мартта 1 милл. аршынға жуық алған таулықтар тағы $1^1/_2$—2-ден алған Дағыстан — *түк те алмаған.* | өзге таулықтар қанша... |

3) *Транспорт.* Тас жол бар. Жүк машиналары керек, minimum 40.

4) *Халық байланысы*
телефондар
телеграф
және *радио.*

5) Литография (minimum 2) және қағаз (1,2 миллионға 6000 дана. Не бары сол!! *Бәрі сауатты).*

6) Өтініш: *асығыс түрде поезбен жөнелту керек.*

Сенбіліктер *дағдылы іске айналды.*

*Ленин*

*1921 ж. 12 февральда жазылған*

*Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# РКП(б) МОСКВА КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯ АКТИВІМЕН ӨТКІЗІЛЕТІН МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ[158]

**16. II. 1920 ж. сөздің жоспары**

Наразылық.
Мамандар?
Жоғарыдағылар мен төмендегілер. Теңдік?
Бюрократизм?

Фактілер |||| Қызыл Армия.
Одан басқаға көшу.

Программа ||| РКП программасы:
Теңдік?
«Алғашқы қадамдар».
Бюрократизммен күрес.

Мысалдар |||| Қателіктер:
Поляк соғысы
Отын 1920—1921
Астық (азық-түлік) — » —
Баспаханалар (15./II. 1921)[159].

|| Бастысы: бюрократизм?
Киселев?
Шляпников? *Осинский*
Синдикалистік уклон.

||| ||| *Пікір алалығы мөлшері.*
Пролетариат диктатурасы?
*Қауіп?*

*1921 ж. 15 немесе 16 февральдо жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫ МОСКВА СОВЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫНЫҢ НОБАЙЫ*

1) Халықаралық жағдай
*баянды бейбітшілік*

2) *Кавказ*

3) түрік делегаттарымен конференцияның басталуы

---

4) ішкі жағдай
*Санкт-Петербургтегі листоктар*

5) азық-түлік жағдайы { нашарлау және жақсарудың басы }

6) отын дағдарысы

*1921 ж. 24 және 28 февраль аралығында жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* Қараңыз: осы том, 395—410-беттер. *Ред.*

# БАКУЛІК ЖОЛДАСТАРҒА ХАТТЫҢ ЖОСПАРЫ[160]

**Құпия**

*Бакулік жолдастарға хат*

(Концессиялар туралы мәселе жөнінде)

**Алдын ала жоспар:**

1. Барынша маңызды мәселе жөнінде алауыздықтар туа бастады. (*Халық Комиссарлары Советінің шешімі.* 1921, оның тексті [161].)
2. Бакудегі концессия ма? барлық алауыздықтардың мысалы мен түйіні, олардың «фокусы».

3—8. Қарсы дәлелдер (*А 1—а 6*).
*+8 bis*

9. Оларды талдап, теріске шығару.
10. Мәселенің экономикалық мәні.
11. Саяси қателік орасан зор.
12. Мәселенің принципті мәні.
13. Үлгі шарт.
14. Қорытынды.

---

**NB**

| | |
|---|---|
| a I | Қарсы жақтың басты |
| II | «дәлелдерінің» (және басты |
| III | қателіктерінің) басты сатылары |
| IV | қарсы жақтың «шегінуі» |
| V | «соқыр сенім жасырынғысы |
| VI | келіп отырған окоптар шебі» |

3. (а I) «Жанындағылар жұмысты өздері үшін істеп жатқанда, капиталистер үшін жұмыс істегісі келмейді».

4. (а II) «Красинді Богдатьян жақтайды».

> Красин: Красиннің жеке басы туралы таластардың жалпы принципті мазмұны неде болып отыр? Тек «буржуазиялық маман»!

Мамандардың алдауы

(мамандардың маңызы туралы және оларға көзқарастар туралы мәселе.)

*4 а.* «Буржуазиялық маман ба»? Тайып тұр! «Буржуазиялық маманды» пайдалана білу керек, одан талап ете білу керек, оның «күші» неде екенін түсіне білу керек.

**4 б.** «Ізгі ниетті коммунистік музыканттар», бұлар аздап шу көтергенімен, жаңсақ қадам жасамайды.

5. (а III) «Жеке меншік капитализм жыртқыш, тек мемлекеттік өкімет қана (национализация) істі тиімді жүргізуге *қабілетті»*.

6. (а IV) «Жабдықтарды біздің өзіміздің таба алмайтынымыз дәлелденген жоқ». (=өзіміз меңгере аламыз).

7. (а V) Шетелдіктерді бақылай алмаймыз.

8. (а VI) *Біздің* мамандар: «проблематикалық» дейді (атап айтқанда не нәрсе проблематикалық және маманнан не жайында талап ете *білу* керек).

**8 bis** (а VII) { *Баку:* апат. *Грозный.* Нұсқа. }

$^1/_4$ кәсіпшіліктер, жабдық және басқалар — алдыңғы қатарлы капитализмнің «**тылы**».

10. | Экономикалық мәселе: алдыңғы қатарлы капитализм қазір техника жөнінен және ұйымдастыру жағынан бізден жоғары ма?

*10 а.* Бізге қазір мынадай міндеттер қоюға бола ма: өзіміз меңгере аламыз ба, әлде бұл солшылдық балалық бола ма, әлде зердесіз доктринерлік бола ма?

*10 б.* Қазір міндетті бұлай қою шарт па: экономикалық бүлініпілік пен мешеуліктен, *артта қалып қою, қуып жете алмау* қаупінен келіп, Совет өкіметіне орасан зор сәтсіздікке ұшырау қаупі төнуі себепті, міндетті тек былай қою керек пе: шетелдік капиталмен одақ жасасудың *жәрдемімен қуып жету керек пе?*

«Егер 1/4 берсе, 2/4 кейін қалмасаң» — *мұрат* осы, мұны біз бір жыл ішінде шеше алмаймыз, ал егер 5 жылда шешіп алсақ, онда ол ұлы жеңіс болғаны.

Мәселені, балалық тұрғыдан емес, іскерлік тұрғыдан қою дегеніміз, міне осы.

11. Σ неліктен орасан зор *саяси* қателік береді? *Таптардың* әрі Россиядағы (пролетариат, шаруалар, буржуазия), әрі **бүкіл дүние жүзіндегі** перспективаларын, *арақатынастарын* теріс бағалау.

12. Экономикалық маңызы = (α) *ұсақ буржуазиялық* және *мешеу* стихияға қарсы *алдыңғы қатарлы мемлекеттік* капитализммен блок жасасу = (β) бір *империалистік* треске қарсы екінші треспен блок жасасу.

«Солай деп есептемеу керек пе»? Кімге? Патшалық және буржуазиялық чиновниктерге ме? Бізге.

1/4 беру керек пе? Оқуға деген мұрат. 1/4 беру керек, 2/4 қуып жету керек (3/4 қол жетпейтін мұрат). Сонда 30 жылдан кейін (концессияның орташа мерзімі) бейбіт жеңіс қамтамасыз етіледі, мүмкін 15 жылдан кейін сатып alармыз.

**Etwa *:**

13. § 1. Техниканың соңғы жаңалықтарының ғылыми-техникалық ережелерін сақтау.

---

* Шамамен. *Ред.*

§ 2. Астықты, киім-кешекті және басқа да тұтыну заттарын тасып жеткізу («олардың» кәсіпорнының жұмысшыларына).
§ 3. Жабдықтарды тасып жеткізу.
§ 4. Шетелден тасып жеткізу атаулының бәрі (§ 2 және § 3) бізге дәл сондай $^1/_4$—$^1/_3$ өнім береді. (Жеребе бойынша 3 «жәшіктің» біреуі бізге.)

§ 5. Біз минимум (мысалы, ағаш) береміз және айрықша төлемге береміз.

§ 6. Біздің заңдарымыз міндетті.

§ 7. Біз «оған» мұнайдың 50—75 процентін береміз.

§ 8. Біз өзіміздің жұмысшыларымыз бен мамандарымызды кезекпен қосымша жабдықтап тұрамыз.

§ 9. Біз байсалды түрде үйренудеміз, «бөрікпен соғып аламыз» деп айқай салмаймыз.

14. Осындай шарттарға көнетін мұндай концессионерлерді табуға біз тырысуымыз керек пе? Мәселенің бірден-бір дұрыс қойылысы осы.

*1921 ж. февральдың екінші жартысында жазылған*

*Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ МІНДЕТТІ ҒЫЛЫМИ МИНИМУМ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМША

Советтердің Бүкіл россиялық 8-съезі қарарының негізінде мыналарды қосу керек:

*электрлендіру жоспары,*
оның экономикалық негіздері,
Россияның экономикалық географиясы,
жоспарды жүзеге асырудың маңызы мен шарттары.

*Ленин*

*1921 ж. 5 мартта жазылған*

*Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр*

# В. И. ЛЕНИННІҢ
# ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

---

# ЕСКЕРТУЛЕР

---

# КӨРСЕТКІШТЕР

---

# В. И. ЛЕНИННІҢ
# ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

# В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

*(6 ноябрь, 1920—7 март, 1921)*

## Л. М. КАРАХАНҒА ХАТ

В. И. Лениннің атынан жөнелтілетін документтерді тіркейтін журналда бұл хат 1920 жылы 18 ноябрьде 98-номермен тіркеліп, былай деп жазылған: «Караханга — Шухтты дипломатиялық курьер етіп тағайындау туралы» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

## Ф. Э. ДЗЕРЖИНСКИЙГЕ ХАТ

В. И. Лениннің атынан жөнелтілетін документтерді тіркейтін журналда бұл хат 1920 жылы 22 ноябрьде 107-номермен тіркеліп, былай деп жазылған: «Дзержинскийге — Галан туралы» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

## Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ХАТ

В. И. Лениннің атынан жөнелтілетін документтерді тіркейтін журналда бұл хат 1920 жылы 16 декабрьде 143-номермен тіркеліп, былай деп жазылған: «Чичеринге — Карель үкіметінің хаты жолданып, оған қандай бір шара қолдану керек пе деп сұралған» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

## В. П. МИЛЮТИНГЕ ХАТ

В. И. Лениннің атынан жөнелтілетін документтерді тіркейтін журналда бұл хат 1920 жылы 16 декабрьде 144-номермен тіркеліп, былай деп жазылған: «Милютинге. Концессиялар жөніндегі

ағымдағы материалдарды жариялау үшін шара қолданылып жатыр ма деп сұралған» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

## Г. И. ЛОМОВ пен Н. П. БРЮХАНОВҚА ХАТ

В. И. Лениннің атынан жөнелтілетін документтерді тіркейтін журналда бұл хат 1921 жылы 5 январьда 154-номермен тіркеліп, былай деп жазылған: «Ломов пен Брюхановқа. Қорғаныс Советінің азық-түлік және мұнай туралы қаулысының орындалмағаны туралы Иваново-Вознесенск губерниялық атқару комитеті председателінің мәлімдемесі жөнінде сұралған» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

## Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ХАТ

В. И. Лениннің атынан жөнелтілетін документтерді тіркейтін журналда бұл хат 1921 жылы 9 январьда 155-номермен тіркеліп, былай деп жазылған: «Францияның Россияға қарсы жаңа заговоры туралы Красиннің телеграммасына байланысты Чичериннен В. И. бұл жөнінде қандай шара қолдануды ойлайтынын сұраған» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

## В. В. ФОМИНГЕ ХАТ

В. И. Лениннің атынан жөнелтілетін документтерді тіркейтін журналда бұл хат 1921 жылы 10 февральда 166-номермен тіркеліп, былай деп жазылған: «Фоминге, құпия түрде Еңбек және Қорғаныс Советіне баяндау үшін жедел поездар туралы» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

## И. С. УНШЛИХТКЕ ХАТ

В. И. Лениннің қолымен «Бүкіл россиялық төтенше комиссияға Уншлихт жолдасқа (Лениннен)» деп жазылған және осы хатты 1921 жылы 18 февральда алғандығы жөнінде И. С. Уншлихттің 1921 ж. 18 февральда алдым деген қол хаты бар конверт сақталған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

# В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

## ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Ленин Халық Комиссарлары Советінің барлық шаруашылық халық комиссариаттары арасында байланыс ұйымдастыру туралы мәселе жөніндегі Экономикалық комиссиясының мәжілістерінде председательдік етеді; бұл мәжілістерде Еңбек және Қорғаныс Советі туралы Ереженің жобасы талқыланады. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде В. И. Лениннің түзетулері бар Ереженің жобасы сақтаулы. Ереже Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде 1920 жылы 29 декабрьде бекітілген болатын.

## СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ VIII СЪЕЗІНІҢ ДЕЛЕГАТТАРЫНА АРНАЛҒАН «ХАБАРЛАНДЫРУ»

Съездің жұмысына қатысы жоқ әр түрлі мәселелермен және өтініштермен Ленинге немесе Халық Комиссарлары Советінің Іс басқармасына келудің тәртібі туралы Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы Н. П. Горбунов қол қойған «Хабарландыруды» Лениннің тапсыруы бойынша Горбунов жазған болатын. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде В. И. Ленин түзетулер және қосымшалар енгізген «Хабарландырудың» қолжазбасы сақтаулы.

## ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ «ШАРУАЛАРДЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ЖОБАСЫ

В. И. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі аграрлық комиссиясының жұмысына қатысты, Советтердің VIII съезіндегі РКП(б) фракциясына Кураев енгізген заң жобасына

жасалған түзетулерге ескертпелер жазды. Советтердің VIII съезінің жер мәселесі жөніндегі қарарына қосымшаны жазды. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде съездің аграрлық комиссиясы әзірлеген және В. И. Ленин түзетулер енгізген «Шаруалардың ауыл шаруашылығын нығайту және дамыту шаралары туралы» декреттің жобасы және Ленин жазған қосымша сақтаулы. Заң жобасы Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде 1920 жылы 28 декабрьде қабылданды.

## ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Ленин «Халық ағарту комиссариаты туралы ережені» жасау үшін РКП(б) Орталық Комитетінің пленумында Халық ағарту комиссариатын қайта құру жөнінде құрылған комиссияның жұмысын басқарды, осы комиссияның барлық мәжілістерінде председательдік етті. «Ереженің» комиссияның жекелеген мүшелері ұсынған жобаларына ескертпелер жазды. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Халық ағарту комиссариаты туралы ереженің Е. А. Литкенс жазған, Ленин қосымша қосқан және редакциялық түзетулер енгізген жобасы сақтаулы. «Халық ағарту комиссариаты туралы ереже» 1921 ж. 15 февральда «Известия ВЦИК» газетінің 33-номерінде жарияланған.

## РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ КІШІ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *10 ноябрь, 1920 ж.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ «ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ІШКІ ҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ» ҚАУЛЫСЫ. *8 декабрь, 1920 ж.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК НАСИХАТ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *8 декабрь, 1920 ж.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ АРНАУЛЫ ӨНДІРІСТІК ОРГАН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *20 декабрь, 1920 ж.*

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ЕГІН ШЫҚПАЙ ҚАЛУЫНАН ЗИЯН ШЕККЕН ШАРУАЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫ. *2 февраль, 1921 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде аталған қаулылардың Ленин түзету енгізген және қосымшалар жазған жобалары сақтаулы.

## БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ДЕКРЕТТЕРІ, ҚАУЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СОВЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ МЕН ЖҰМЫСШЫЛАРЫН ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *6 ноябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ЖАБДЫҚТАУ НОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *6 ноябрь, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЖҮК АВТОМАШИНАЛАРЫН ЧУСОСНАБАРМНЫҢ ҚАРАМАҒЫНА БЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *12 ноябрь, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ИВАНОВО-ВОЗНЕСЕНСКІ ФАБРИКАЛАРЫН МҰНАЙМЕН, МАЗУТПЕН ЖӘНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *17 ноябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАДАН ТЫС ЖЕРЛЕРГЕ ҚАШҚАН НЕМЕСЕ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ЖАСЫРЫНЫП ЖҮРГЕН АЗАМАТТАРДЫҢ БҮКІЛ ЖЫЛЖЫМАЛЫ МҮЛКІН КОНФИСКЕЛЕУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *19 ноябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚИЫР ШЫҒЫС РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АҚША АЙНАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *20 ноябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ДОНБАСС КӨМІР ӨНЕРКӘСІБІН КӨТЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *23 ноябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫН ӘСКЕРИ КӘСІПОРЫНДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕРГЕ ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *26 ноябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МЕРДІГЕРЛІК ӘДІСПЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРҒА ТЫЙЫМ САЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *30 ноябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ОРМАН БАС КОМИТЕТІНЕ АҒАШ ДАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕ БАСТАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ АҒАШ ДАЙЫНДАУ МАУСЫМЫ АЯҚТАЛҒАНҒА ДЕЙІН ЖҮРГІЗЕ БЕРУГЕ РҰҚСАТ ЕТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *6 декабрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ДІНИ НАНЫМДАРЫНА ҚАРАЙ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕН БОСАТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *14 декабрь, 1920 ж.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АВТОНОМИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАЛАР МЕН АВТОНОМИЯЛЫҚ ОБЛЫСТАРДА ҰЛТ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ ӨКІЛДІКТЕРІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *16 декабрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МОСКВАДАҒЫ КӨРКЕМ-СУРЕТ-ТЕХНИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ЖОҒАРЫ ШЕБЕРХАНАЛАР ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *18 декабрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚЫРЫМДЫ ЕҢБЕКШІЛЕРДІ ЕМДЕУГЕ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *21 декабрь, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АЗАМАТТАРДЫ ҚЫЗЫЛ АРМИЯДАН БІРЖОЛА БОСАТУДЫҢ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *4 февраль, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ Л. П. СЕРЕБРЯКОВТЫ ЕҢБЕК ХАЛЫҚ КОМИССАРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК БАС КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ҚЫЗМЕТІНЕН БОСАТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *8 февраль, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЕМДЕУ МЕКЕМЕЛЕРІН, АНАЛАР МЕН СӘБИЛЕРДІ ҚОРҒАУ МЕКЕМЕЛЕРІН, МЕКТЕПТЕР МЕН БАЛАЛАР МЕКЕМЕЛЕРІН АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ЖӘНЕ КӨПШІЛІК ТҰТЫНАТЫН БҰЙЫМДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *8 февраль, 1921 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ДОНБАССТА ОТЫНДЫ ТАЛАН-ТАРАЖҒА САЛУҒА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *9 февраль, 1921 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ МҰНАЙ ТАСУДЫ КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *11 февраль, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СОВЕТ АППАРАТЫ МЕН ШТАТ КОМИССИЯСЫН ОҢАЙЛАТУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕҢЕСІН ТАРАТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *15 февраль, 1921 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ӘСКЕРДЕН БІРЖОЛА БОСАТЫЛҒАН ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРДІҢ ТРАНСПОРТПЕН ТЕГІН ҚАЙТУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *18 февраль, 1921 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ СУ ТРАНСПОРТЫН ӨЗІНІҢ ЖӨНДЕУ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *18 февраль, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ, ОЛАРДЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНДЕГІ ӨКІЛДЕРІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *22 февраль, 1921 ж.*

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫ ЖОСПАРЛАУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ. *22 февраль, 1921 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ БАНДИТИЗММЕН КҮРЕС ЖҮРГІЗУ ҮШІН ТЕМІР ЖОЛ БОЙЫНА КҮЗЕТ ҚОЮДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *4 март, 1921 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ МІНДЕТТІ ҒЫЛЫМИ МИНИМУМ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *7 март, 1921 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы аталған декреттер мен қаулылардың Ленин түзеткен, қосымшалар енгізген және ескертпелер жазған жобалары сақтаулы. Халық Комиссарлары Советінің Қырымды еңбекшілерді емдеуге пайдалану туралы 1920 жылғы 21 декабрьдегі декретін В. И. Лениннің редакциялағаны туралы мәліметтер Н. А. Семашконың мына естелігінде бар: «Ленин және 1921 жылғы денсаулық сақтау ісі» (қараңыз: «Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер», 2-бөлім, М., 1957, 772—773-беттер).

## ТЕЛЕГРАММАЛАР, ТЕЛЕФОНОГРАММАЛАР ЖӘНЕ ХАТТАР

**Н. Н. КРЕСТИНСКИЙДЕН И. В. СТАЛИНГЕ ТЕЛЕГРАММА.** *1920 ж. 8 ноябрьден ертерек.*

**РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ «ПРОЛЕТКУЛЬТ ТУРАЛЫ» ХАТЫ.** *1 декабрь, 1920 ж.*

**Л. Б. КРАСИНГЕ ХАТТЫҢ ЖОБАСЫ.** *16 декабрь, 1920 ж.*

**Н. ЭЙСМОНДҚА ТЕЛЕФОНОГРАММА.** *22 декабрь, 1920 ж.*

**РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ НҰСҚАУ ХАТЫ.** *5 февраль, 1921 ж.*

**ТИФЛИСКЕ, А. П. ШЕЙНМАНҒА.** *18 февраль, 1921 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде аталған хаттар мен телеграммалардың Ленин түзеткен, қосымшалар енгізген және ескертпелер жазған текстері сақтаулы.

# ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *Антанта* — империалистік державалардың (Англия, Франция және Россия) блогы, 1907 жылы біржолата қалыптасты; Үш жақты одақ (Германия, Австро-Венгрия, Италия) империалистеріне қарсы бағытталды. 1904 жылы жасалған ағылшын-француз келісіміне — «Entente cordiale»-ге («Шын пейілді келісу») сәйкес аталды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) Антантаға Америка Құрама Штаттары, Жапония және басқа елдер қосылды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін бұл блоктың басты қатысушылары — Англия, Франция, Америка Құрама Штаттары және Жапония — Совет еліне қарсы соғыс интервенциясына дем берушілер, оны ұйымдастырушылар және оған қатысушылар болды.—*2.*

[2] Қызыл Армияның патша генералы Врангель әскерлеріне шабуылы 1920 жылғы октябрьдің соңғы күндерінде басталды. Кескілескен ұрыстардың нәтижесінде Врангель Қырымға шегіндіріліп тасталды. 8 ноябрьге қараған түнде Перекопқа қаһармандық штурм басталды; 16 ноябрьде бүкіл Қырым ақ гвардияшылардан тазартылды. Азамат соғысы мен шетел интервенциясының дәуірі негізінен Врангельдің талқандалуымен аяқталды.— *3.*

[3] *Коммунистік Интернационалдың II конгресі* — Коминтерннің программалық, тактикалық және ұйымдық негіздерін қалаған конгресс — 1920 жылы 19 июль — 7 августа болып өтті. Конгресс Петроградта ашылды, кейінгі мәжілістері 23 июльден бастап Москвада өтті. Конгресте 37 елдің 67 жұмысшы ұйымынан өкіл болып шешуші дауыспен 169 делегат, кеңесші дауыспен 49 делегат қатысты. Коммунистік партиялар мен ұйымдардың өкілдерімен қатар конгресс жұмысына Германияның тәуелсіз социал-демократиялық партиясының, Италия мен Францияның социалистік партияларының, Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшыларының (Австралияның, Анг-

лияның, Ирландияның), Испанияның ұлттық еңбек конфедерациясының және басқа ұйымдардың өкілдері қатысты. Конгреске РКП(б)-дан өкіл болып 64 делегат қатысты, олардың қатарында В. И. Ленин, А. А. Андреев, И. Ф. Арманд, С. И. Гопнер, Ф. Э Дзержинский, М. И. Калинин, А. М. Коллонтай, Н. К. Крупская, А. В. Луначарский, Д. З. Мануильский, М. С. Ольминский, М. Н. Покровский, Ф. А. Сергеев (Артем), Е. М. Ярославский және басқалар болды. Ленин II конгрестің президиумына сайланды.

II конгресті шақыру жөніндегі бүкіл әзірлік жұмысына Ленин басшылық етті, ол коммунистік және жұмысшы ұйымдарының бұл халықаралық съезіне зор мән берді. Коминтерннің міндеттерін анықтап, саяси бағытын талдап жасауда Лениннің II конгрестің ашылу қарсаңында жазған «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабы маңызды роль атқарды.

Конгресс мынадай күн тәртібін қабылдады: 1) Халықаралық жағдай және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері; 2) Коммунистік партиялардың өкіметті пролетариат жеңіп алғанға дейінгі және жеңіп алғаннан кейінгі ролі және оның құрылымы; 3) Кәсіптік одақтар мен фабрика-завод комитеттері; 4) Парламентаризм туралы мәселе; 5) Ұлт және отар мәселесі; 6) Аграрлық мәселе; 7) «Центрдің» жаңа ағымдарына көзқарас жөніндегі позиция және Коммунистік Интернационалға кіру шарттары; 8) Коммунистік Интернационалдың уставы; 9) Ұйымдық мәселелер (жария және құпия ұйымдар, әйелдер ұйымдары, т. б.); 10) Жастардың коммунистік қозғалысы; 11) Сайлаулар; 12) Әр түрлі мәселелер.

Конгрестің бірінші мәжілісінде халықаралық жағдай және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы Ленин баяндама жасады. Баяндамада бірінші дүние жүзілік соғыстан және Октябрь социалистік революциясынан кейінгі халықаралық экономикалық және саяси жағдайға жасалған талдау конгрестің аса маңызды шешімдеріне негіз болды, бұл шешімдер коммунистік партиялардың жаңа жағдайлардағы — дүние жүзілік капиталистік системаның жалпы дағдарысы жағдайларындағы міндеттерін белгілеп берді. Бұдан кейінгі мәжілістерде Ленин коммунистік партияның ролі туралы сөз сөйлеп, ұлт және отар мәселелері жөніндегі комиссияның баяндамасын жасады, парламентаризм туралы және басқа мәселелер бойынша сөз сөйледі.

Ленин конгрестің көптеген комиссияларының: ұлт және отар мәселелері жөніндегі, аграрлық мәселе жөніндегі, Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары туралы, халықаралық жағдай және Коминтерннің міндеттері туралы мәселелер жөніндегі комиссиялардың жұмысына қызу ат салысты. Конгрестің аграрлық және ұлт-отар мәселелері жөніндегі комиссияларында қызу айтыс туды, өйткені көптеген делегаттар бұл мәселелер жөнінде өздері II Интерна-

ционалдан мұра етіп қабылдаған теріс көзқарастарды ұстанды. Айтысқа Ленин белсене қатысты. Қателіктер мен теріс қағидаларды сынай отырып, ол делегаттардың дұрыс, принципті позицияда болуына көмектесті, оларды пролетариат мүдделерін дәйекті түрде қорғауға үйретті. Ұлт-отар және аграрлық мәселелер жөнінде конгрестің қарарлары ретінде Лениннің тезистері бекітілді.

Конгресс жұмысында Коммунистік партияның ролі туралы, партия мен таптың өзара қатынасы туралы мәселе негізгі мәселенің бірі болды. «Коммунистік партияның пролетарлық революциядағы ролі туралы» қабылданған қарарда конгресс: Коммунистік партия жұмысшы табын азат етудің басты және негізгі құралы деп атап көрсетті, бұл қарарды жазуға Ленин тікелей қатысты. Сонымен бірге қарарда былай деп көрсетілді: жұмысшы табы өкіметті жеңіп алғаннан кейін Коммунистік партияның ролі кемімейтіндігі былай тұрсын, қайта, керісінше, ерекше арта түседі.

Революциялық программа негізінде коммунистік партияларды нығайтуда, Коминтернді оған оппортунистік және центристік партиялар мен топтардың еніп кетуінен сақтауда II конгресс қабылдаған «Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары» маңызды роль атқарды, бұл шарттар В. И. Ленин жасаған принциптер негізінде жазылды. Коминтернге қабылдаудың конгресс қабылдаған 21 шартында жаңа типті пролетарлық партия туралы лениндік ілім өзінің жарқын көрінісін тапты, оның ұйымдық негіздері баяндалды, Коммунистік Интернационалдың программалық және тактикалық принциптеріне қысқаша анықтама берілді. Бұл шарттарға II конгрестің негізгі шешімдерінің аса маңызды қағидалары ықшамды тұжырымдалған түрде енді. II конгрестен кейін Коминтернге қабылдаудың шарттары коммунистік және жұмысшы партияларының съездерінде егжейтегжейлі талқыланды. «21 шарт» коммунистердің жаңа типті партияларды құру және нығайту жолындағы күресінде, дүние жүзілік коммунистік қозғалысты одан әрі дамытуда зор роль атқарды.

II конгресс Коминтерннің уставын бекітті, Манифест қабылдады; сонымен бірге, конгресс бірқатар үндеу хаттар: «Үшінші Интернационал — барлық елдердің кәсіптік одақтарына», «Питер жұмысшыларына», «РСФСР-дің Қызыл Армиясына, Қызыл Флотына», «Венгрия жендеттеріне қарсы», «Барлық елдердің пролетарлары мен пролетар әйелдеріне» және басқа үндеу хаттар жариялады.

Конгресс жұмысы жүріп жатқан кезде де, конгресс жұмысы аяқталғаннан кейін де Ленин көптеген делегаттармен дидарласты. Ол У. Галлахермен, М. Кашенмен, А. Запотоцкиймен, Х. Кабакчиевпен және конгрестің басқа қатысушыларымен әңгімелесті, олармен бірігіп Коммунистік партиялар құрылысының мәселелерін талқылады, олардың елде-

ріндегі революциялық күрес туралы егжей-тегжейлі сұрастырып білді.

Коминтерннің II конгресі халықаралық коммунистік қозғалысты дамытуда зор роль атқарды. Конгрестен кейін Ленин: «коммунизм тұтас алғанда бүкіл жұмысшы қозғалысының негізгі мәселесіне айналды» (Шығармалар, 32-том, 178-бет) деп көрсетті.

Лениннің Коминтерннің II конгресіндегі баяндамаларын, сөздерін және басқа да документтерін Шығармалар толық жинағының 41-томынан қараңыз, 175—291, 478—503-беттер.—*4*.

[4] *Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясының төтенше съезі* 1920 жылы 12—17 октябрьде Галледе өтті. Коммунистік Интернационал туралы баяндама және Коминтернге қабылдаудың 21 шарты съезд күн тәртібінің өзекті мәселесі болды. 156 дауысқа қарсы 237 дауыс алып, съезд көпшілігі партияның Коминтернге кіруін жақтады. Осыған байланысты оң қанат съезден кетіп қалып, жеке партия құрды, бұл партия социал-демократиялық партиямен қосылған 1922 жылғы сентябрьге дейін бұрынғы атымен өмір сүрді. Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясының сол қанаты 1920 жылы декабрьде Германия Коммунистік партиясымен бірікті.— *4*.

[5] 1918 жылғы 27 январьда басталған революцияның нәтижесінде Финляндияда буржуазиялық үкімет құлатылып, өкімет жұмысшылардың қолына көшті. 29 январьда Финляндияның революциялық үкіметі — халық уәкілдерінің Советі құрылды, оған Э. Гюллинг, О. Куусинен, Ю. Сирола, А. Тайми және басқалар енді. Жұмысшы үкіметінің аса маңызды шаралары: жерсіз шаруаларға өздері өңдейтін жерлерді олардың толық меншігіне тегін беру туралы заң қабылдау, халықтың ең кедей топтарын барлық салықтардан босату, қашып кеткен иелердің меншігінде болған кәсіпорындарды экспроприациялау, жеке меншік банктерге мемлекеттік бақылау орнату (жеке меншік банктердің функциясы мемлекеттік банкке берілді) және басқалар болды.

Алайда пролетарлық революция Финляндияның тек оңтүстігінде ғана жеңген еді. Контрреволюция елдің солтүстігіне бекініп алып, германдық кайзер үкіметінен көмек сұрады. Герман қарулы күштерінің араласуы салдарынан Финляндиядағы революция, кескілескен азамат соғысынан кейін, 1918 жылы майда басып-жаншылды. Елде ақ террор етек алды, мыңдаған революцияшыл жұмысшылар мен шаруалар дарға асылып, түрмелерде өлімші етіп азапталды.— *4*.

[6] *Венгрияда Совет республикасы* 1919 жылғы 21 марттан 1 августқа дейін өмір сүрді. Оны Венгрия социалистік партиясы болып бір партияға біріккен коммунистік және социал-демократиялық партиялардың өкілдерінен құралған үкімет

басқарды. Венгриядағы социалистік революция бейбіт сипатта болды; күресуге мүмкіндіктері болмаған буржуазия ол кезде Совет өкіметінің орнауына қарсылық көрсетуге тәуекел ете алмады.

Революциялық үкімет советі бірінші мәжілісте-ақ республиканы қорғау үшін Қызыл Армияны құру туралы шешім қабылдады. 26 мартта Венгрияның Совет үкіметі өнеркәсіп орындарын, транспортты, банктерді национализациялау туралы декрет шығарды; 2 апрельде сыртқы сауда монополиясы туралы декрет жүзеге асырылды. Жұмысшылардың жалақасы орта есеппен 25 процентке көбейтілді, 8 сағаттық жұмыс күні енгізілді; 3 апрельде жер реформасы туралы заң қабылданды, бұл заң бойынша көлемі 100 хольдтен (57 га) астам поместьелердің бәрі конфискеленді. Алайда, конфискеленген жерлер жері аз және жері жоқ шаруаларға бөлініп берілмеді, қайта жергілікті жерлерде ұйымдастырылған ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтер мен мемлекеттік шаруашылықтарға берілді. Жер алудан үміт еткен ең кедей шаруалардың үміті ақталмады. Мұның өзі пролетариаттың шаруалармен берік одақ орнатуына кедергі жасады, Венгриядағы Совет өкіметін әлсіретті.

Антанта империалистері Венгрияда пролетариат диктатурасының орнатылуын дұшпандық ниетпен қарсы алды; Совет республикасы экономикалық блокадаға ұшыратылды. Венгр Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясы ұйымдастырылды. Интервенционистік әскерлердің шабуылы венгр контрреволюциясын жандандыра түсті. Халықаралық империализммен одақ жасасқан оңшыл социал-демократтардың сатқындық әрекеті де Венгр Совет республикасының күйреуіне тағы бір себеп болды.

1919 жылы жазда, Советтік Россия барлық жағынан жаулардың қоршауында болып, Венгр Совет республикасына көмек көрсете алмаған кезде орын алған қолайсыз халықаралық жағдай да теріс роль атқарды. 1919 жылы 1 августа сыртқы империалистік интервенция мен ішкі контрреволюцияның бірлесіп әрекет етуі нәтижесінде Венгриядағы Совет өкіметі құлатылды.— *4.*

7 *Француз флотының 2-ші Қара теңіз эскадрасы матростарының 1919 жылғы апрель — майдағы қаһармандық көтерілісі* жас Совет республикасын тұншықтыру үшін 300 мыңға тарта солдат пен матрос жіберген Франция үкіметінің саясатына қарсы бағытталған еді. Россияның оңтүстігінде интервенттердің әскерлерінің саны 130 мыңға дейін жетті. Большевиктер партиясының И. Ф. Смирнов (Ласточкин) басқарған астыртын Одесса комитеті мен осы комитет құрған «Шетелдік коллегия» интервенттер әскерлерінің солдаттары мен матростарына революциялық рухта тәрбие беруде орасан зор роль атқарды; «Шетелдік коллегияның» бюросына француз халқының даңқты қызы Жанна Лябурб кір-

ген болатын. Коллегияда тәжірибелі үгітші-коммунистер: Яков Елин, Владимир Деготь және басқалар жұмыс істеді. Олар солдаттармен және бірқатар корабльдердің командаларымен байланыс орнатты. Көтеріліс 20 апрельде Севастополь рейдінде тұрған «Франс» және «Жан Бар» линкорларында басталды. Бұларға басқа әскери корабльдердің командалары мен француздың 175-жаяу әскер полкінің солдаттары қосылды. Бұдан кейін көтеріліс Одесса рейдінде тұрған корабльдерге де тарады. Көтеріліс жасаушылар интервенцияны дереу тоқтатып, өздерін отанына қайтаруды талап етті, бұлай етпеген жағдайда олар Қызыл Армия жағына шығып кетеміз деп сес көрсетті. Француз командованиесі революциялық көтерілістің ұйымдастырушыларын тұтқынға алып, дереу Францияға аттандырды, онда олар қатал жазалауға ұшырады. Революциялық айқын перспективаның жоқтығына және шын мәніндегі басшылықтың болмауына байланысты көтерілісшілер жеңіліске ұшырады: Францияда ол кезде әлі коммунистік партия құрылмаған еді. Дегенмен француз солдаттары мен матростарының ерлігі Францияда революциялық қозғалыстың өсуіне жәрдемдесті, еңбекшілердің дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекетімен революциялық ынтымақтастық қимылы болды.

Қызыл Армияның табыстары, француз армиясы мен флотындағы революциялық бой көрсетулер, жұмысшылардың талаптары Франция үкіметін Советтік Россиядан өз әскерін алып кетуге мәжбүр етті. Осыған байланысты Ленин былай деп жазды: «Үгіт пен насихат жүргізу жолымен біз Антантадан оның өз әскерлерін тартып алдық. Біз империалистерді жеңгенде өз солдаттарымыздың жәрдемімен ғана емес, сонымен бірге олардың өз солдаттарының бізге тілектестігіне сүйене отырып та жеңдік» (Шығармалар толық жинағы, 40-том, 136-бет).— *4*.

[8] РКП(б) Орталық Комитеті пленумының 1920 жылғы 9 ноябрьдегі мәжілісінде Г. М. Кржижановскийге Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіне «Россияны электрлендіру туралы» баяндама даярлау тапсырылды. 1920 жылғы 22—29 декабрьде Москвада болып өткен Советтер съезінде, президиумның ұсынысы бойынша, бұл баяндама съездің күн тәртібіне енгізілді.— *8*.

[9] Бұл документ Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық V конференциясында РКП(б) фракциясы 1920 жылғы 8 ноябрьде қабылдаған кәсіптік қозғалыстың міндеттері туралы қарардың негізіне алынды, қарар 13 ноябрьде «Правда» газетінде жарияланды. Қарарды жақтап 200-ден астам адам дауыс берді, 12 адам қалыс қалды.

Москвада ноябрьдің 2-нен 6-на дейін өткен конференцияда (конференция ресми түрде 3 ноябрьде ашылды) партия кәсіподақтардың жұмысын бейбіт социалистік құрылыс мін-

деттеріне сәйкес қайта құру туралы, демократияны өрістету туралы, басқарушылық және әкімшілік қызметтерде әскери әдістерден бас тарту туралы мәселе қойды. Жұмыстың жаңа әдістеріне көшуге Троцкий қарсы шықты. Конференцияның коммунистік фракциясының 3 ноябрьдегі мәжілісінде ол, Лениннің сөзімен айтқанда, кәсіподақтарды «сілкілеу» туралы «қанатты сөзсымақ» тастап, «бұранданы бұрай түсуді» және дереу «кәсіподақтарды мемлекеттендіруді» талап етті. Партия ішіндегі айтысқа бастама болған Троцкийдің бұл сөзіне конференцияның коммунист-делегаттары тарапынан тойтарыс берілді. Кәсіподақтар туралы мәселе жөнінде Троцкиймен арадағы алауыздық «бұқараға *жақындау*, бұқараны өз жағына тарту, бұқарамен *байланыс жасау* әдістері туралы мәселе жөніндегі» (қараңыз: осы том, 228-бет) алауыздық болып табылады. Троцкийдің талаптарын жүзеге асыру іс жүзінде кәсіподақтарды жоюға, пролетариат диктатурасын әлсіретуге әкеліп соқтырған болар еді, сондықтан бұл талаптар партияның Орталық Комитетінің талқысына салынды. 8 ноябрьде Ленин Орталық Комитеттің пленумында Троцкийдің көзқарастарына қарама-қарсы өз тезистерін ұсынды. Дауысқа салғанда Троцкийдің тезистері 7 дауыс, Лениннің тезистері 8 дауыс алды.

Лениннің тезистері пленумда көпшілік дауыспен қабылданған (4 дауысқа қарсы, 10 дауыс алған, 1 дауыс қалыс қалған) «Кәсіптік одақтардың міндеттері және оларды жүзеге асыру әдістері» деген өзі жазған қарар жобасының негізіне алынды.— *10.*

10 *РКП(б) IX съезі* 1920 жылы 29 март — 5 апрельде Москвада өтті. IX съезд өзінің құрамы жағынан партияның бұған дейін өткен барлық съездерінің ішіндегі ең үлкені болды: оған 715 делегат, оның ішінде шешуші дауыспен — 553 делегат, кеңесші дауыспен — 162 делегат қатысты; олар партияның 611 978 мүшесінің өкілдері еді. Съезде Орталық Россия, Украина, Урал, Сибирь және Қызыл Армия жуырда ғана азат етіп басқа аудандардың партия ұйымдарының өкілдері болды. Көптеген делегаттар съезге тура майданнан келді.

Съездің күн тәртібі: 1. Орталық Комитеттің есебі. 2. Шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері. 3. Кәсіптік қозғалыс. 4. Ұйымдық мәселелер. 5. Коммунистік Интернационалдың міндеттері. 6. Кооперацияға көзқарас. 7. Милиция жүйесіне көшу. 8. Орталық Комитеттің сайлауы. 9. Ағымдағы істер.

Съездің жұмысы В. И. Лениннің тікелей басшылығымен өтті. Ленин Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы есепті баяндама жасады және баяндама бойынша қорытынды сөз сөйледі, шаруашылық құрылысы туралы, кооперация туралы сөз сөйледі, съезд жабыларда сөз сөйледі және пар-

тияның Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидаттардың тізімі жөнінде ұсыныс жасап сөз сөйледі.

Съезд «Шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарарда «таяудағы тарихи дәуірге арналған *бірыңғай шаруашылық жоспарды* бұлжытпай жүзеге асыру — елдің шаруашылық жағынан өркендеуінің негізгі шарты болып табылатындығын» атап көрсетті («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 156-бет). Бірыңғай шаруашылық жоспарда Ленин 10—20 жылға арналған ұлы программа ретінде алға қойған электрлендіру ісі басты орын алды. IX съездің директивалары Россияны электрлендіру жөніндегі Мемлекеттік комиссия жоспарының (ГОЭЛРО) негізі болды, бұл жоспар біржола жасалып біткеннен кейін, 1920 жылы декабрьде Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде бекітілді. Съезде өндірісті басқару ісін ұйымдастыруға зор көңіл бөлінді. Бұл мәселе жөніндегі қарарда дара басшылық негізінде білгір, берік және жігерлі басшылық орнату қажеттігі атап көрсетілді.

Съезде партияның бағытына антипартиялық «демократиялық централизм» тобы (Сапронов, Осинский, В. Смирнов және басқалар) қарсы шықты. «Децистер» демократиялық централизм туралы жел сөздерді бүркемеленіп, ал шын мәнінде бұл принципті бұрмалап, өндірісте дара басшылықтың қажеттігін теріске шығарды, берік партиялық және мемлекеттік тәртіп болуына қарсы шықты, Орталық Комитетте коллегиялық басшылық принципі қолданылмайды деген жалған пікірлер айтты. Съезде «децистердің» бұл тобын Рыков, Томский, Милютин, Ломов қолдады. Съезд «децистерге» тойтарыс беріп, олардың ұсыныстарын қабылдамай тастады.

Съезде еңбек жарысы мен коммунистік сенбіліктерге айрықша көңіл бөлінді. Жарысты өрістету үшін еңбекке ақы төлеудің сыйлық беру жүйесін кеңінен пайдалану ұсынылды. Съезд 1920 жылы сенбі күніне сәйкес келген халықаралық пролетарлық 1 Май мейрамын бүкіл россиялық орасан зор сенбілікке айналдыруға қаулы етті.

Съездің жұмысында кәсіподақтар туралы мәселе маңызды орын алды, бұл мәселе кәсіподақтардың бүкіл жұмысын шаруашылық міндеттерді орындауға бейімдеу тұрғысынан қаралды. Съезд бұл мәселе жөніндегі шешімінде кәсіподақтардың ролін, олардың мемлекетпен және партиямен өзара қатынастарын, коммунистік партияның кәсіподақтарға басшылық ету формалары мен әдістерін, кәсіподақтардың шаруашылық құрылысына қатысу формаларын айқын белгілеп берді. Съезд кәсіподақтардың «тәуелсіздігін» қорғаған және кәсіподақтарды коммунистік партия мен Совет өкіметіне қарама-қарсы қойған анархо-синдикалистік элемент-

терге (Шляпников, Лозовский, Томский, Лутовинов) батыл тойтарыс берді.

Съезд 4 апрельдегі жабық мәжілісінде Орталық Комитеттің жаңа құрамын — Орталық Комитеттің 19 мүшесін және оның мүшелігіне 12 кандидатты сайлады.— *10.*

[11] Қараңыз: РКП(б) Бүкіл россиялық тоғызыншы конференциясының «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарары («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 196-бет).

*РКП(б) Бүкіл россиялық тоғызыншы конференциясы* 1920 жылы 22—25 сентябрьде Москвада өтті. Оның жұмысына партияның 700 мың мүшесінің атынан 241 делегат (116 делегат шешуші дауыспен және 125 делегат кеңесші дауыспен) қатысты. Конференцияның күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: 1) Поляк коммунистері өкілінің баяндамасы; 2) Орталық Комитеттің саяси есебі; 3) Орталық Комитеттің ұйымдық есебі; 4) Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы; 5) Партия тарихын зерттеу жөніндегі комиссияның баяндамасы; 6) Коминтерннің II конгресі туралы есеп.

Конференцияның бірінші мәжілісінде В. И. Ленин Орталық Комитеттің саяси есебі туралы баяндама жасады. Орталық Комитеттің саяси есебінің негізгі мәселесі Польшамен бітім жасасу және Врангельдің ақ гвардиялық армиясын талқандауға әзірлену туралы мәселе болды. Конференция Польшамен бітім жасасу шарттары туралы бірауыздан қарар қабылдады. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Польшамен бітім жасасудың нақтылы шарттары туралы мәлімдемесі мақұлданды, бұл мәлімдемені жазуға Ленин тікелей басшылық етті және өзі редакциялады.

IX конференция жұмысында партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы мәселені талқылау маңызды орын алды. Орталық Комитет 1920 жылғы сентябрьдің басында-ақ барлық партия ұйымдарына нұсқау хат жолдаған болатын, ол хатта сол кезеңде бірқатар партия ұйымдарында көзге шалынып жүрген кейбір келеңсіз құбылыстар көрсетілді, совет және шаруашылық мекемелерінде басшы қызметтерде істейтін кейбір коммунистердің бюрократизмге қарсы күреспегендігі, өзінің қызмет бабын пайдаланып қиянат жасағандығы, өз партия ұйымы мен жұмысшы бұқарасынан қол үзгендігі атап көрсетілді. Орталық Комитеттің ұсынысы бойынша жергілікті партия ұйымдары бұл хатты партия жиналыстарында талқылап, өз делегаттары арқылы конференцияға кемшіліктерді жою жөнінде практикалық ұсыныстарын тапсырды. Конференцияда партия құрылысының міндеттерін талқылаған кезде антипартиялық «демократиялық централизм» тобы бой көрсетіп, өзінің қосымша баяндама-

шысы етіп Т. В. Сапроновты шығарды. «Децистер» партиялық тәртіпке, Коммунистік партияның Советтер мен кәсіподақтардағы басшылық роліне қарсы болды. Партия конференциясы да, РКП(б) IX съезі сияқты, «демократиялық централизм» тобына үзілді-кесілді тойтарыс берді.

Конференция «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарар қабылдады, бұл қарардың жобасын Ленин жазды. Ленин сонымен бірге «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы қарар жөніндегі ұсыныстарды» да жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 41-том, 318—320-беттер). Қарарда партия қатарын одан әрі нығайтуға және оның Совет мемлекетіндегі басшылық ролін күшейтуге, ішкі партиялық және советтік демократияны жан-жақты дамытуға бағытталған практикалық шаралар белгіленді. «Ұйымның барлық жауапты қызметкерлерін міндетті түрде қатыстыра отырып, партия мүшелерінің жалпы жиналыстары мүмкіндігінше жиірек шақырылсын» деп ұсынды («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 197-бет). Конференция қатардағы коммунистерді РКП(б) губерниялық конференциялары мен губерниялық комитеттері пленумдарының жұмысына белсенді қатысуға кеңінен тарту қажеттігін көрсетті. Сондай-ақ Совет және шаруашылық органдарының жұмысындағы бюрократизмнің қалдықтарын түбірінен жою жөніндегі шаралар да белгіленді. Конференция әр түрлі қиянат көрсетушілікке қарсы күресу үшін және коммунистерден түскен шағымдарды тексеру үшін Бақылау комиссиясын, ал губерниялық комитеттер жанынан арнаулы партия комиссияларын құру қажет деп тапты.

IX конференция Орталық Комитеттің ұйымдық есебі жөнінде қарар қабылдады, ол қарарда жергілікті жерлердегі жұмыспен мейлінше толық танысу және одан тәжірибе алу бағытында Орталық Комитет Секретариатының жұмысын күшейту, Үгіт-насихат бөлімінің жұмысына көбірек көңіл бөлу ұсынылды; сондай-ақ Қызыл Армия мен Флот қатарындағы коммунистік ұйымдардың ұйымдық жұмысына Орталық Комитет тарапынан тікелей басшылық етуді жақсарту және бұл ұйымдардың жұмысының қоғамдық өмірден оқшауланып қалуына жол бермеу қажеттігі көрсетілді.— *10.*

12 *Цектран* — Темір жол және су транспорты біріккен кәсіптік одағының орталық комитеті; 1920 жылы сентябрьде құрылды. Транспорттың екі кәсіптік одағын біріктіру транспортты тез қалпына келтіруге бағытталған міндеттерді орындауды қамтамасыз ете алатын орталықтандырылған мықты басшылық құру қажеттігінен туған болатын, өйткені транспорт күйзелісі елде халық шаруашылығының берекесін кетіру қаупін туғызған еді. Алға қойылған міндеттердің қиындығы кәсіподақ ұйымының ішінде төтенше шараларды жүзеге

асыру саясаты мен жұмыста уақытша әскери әдістерді қолдануды талап етті. Транспортты қалпына келтіру жөнінде елеулі жұмыс атқарған Цектран кейін кәсіподақ бұқарасынан қол үзген бюрократтық органға айналып азғындап кетті. Цектранның басшылығын өз қолдарына түсіріп алған троцкистер күштеп таңған бюрократизм, жалаң әкімшілік, тағайындаушылық, жұмыстың демократиялық әдістерінен бас тартушылық жұмысшыларды партияға қарсы қойды, транспорт қызметкерлерінің қатарын ыдыратты. Партияның Орталық Комитеті бұл теріс әдістерді айыптады. РКП(б) Орталық Комитетінің 1920 жылғы 8 ноябрьде және 7 декабрьде болып өткен пленумдары Цектранды басқа одақтармен бірдей правода ВЦСПС жұмысының жалпы жүйесіне енгізу жөнінде шешім қабылдады және Цектранға кәсіподақ демократиясын кеңейту, барлық кәсіподақ органдарының кеңінен сайланып қойылуын жүзеге асыру, тағайындаушылықты қысқарту бағытында және басқа бағытта өзінің жұмыс әдістерін өзгертуді ұсынды. Партияның Орталық Комитетінің шешімі бойынша 1921 жылы мартта шақырылған транспорт жұмысшыларының Бүкіл россиялық бірінші съезі Цектранның басшылығынан троцкистерді қуып шығып, жұмыстың жаңа әдістерін белгілеп берді.— *10.*

[13] *Пролеткульт* — жұмысшылардың бұқаралық мәдени-ағарту ұйымы. Тәуелсіз дербес жұмысшы ұйымы ретінде 1917 жылы сентябрьде-ақ пайда болған Пролеткультке басшылық ету ісі А. А. Богдановтың және оның жақтастарының қолына шоғырланды. Пролеткульт Октябрь революциясынан кейін де өзінің «тәуелсіздігін» қорғауын тоқтатпады, сол арқылы өзін пролетарлық мемлекетке қарсы қойды. Осының салдарынан Пролеткультке буржуазиялық интеллигенттер еніп кетіп, оның позициясына шешуші ықпал ете бастады. Пролеткульт Коммунистік партияның басшылық жүргізуінен жалтарды және Совет өкіметінің органдарынан, соның ішінде Халық ағарту комиссариатынан тәуелсіз болуды талап етті. Пролеткультшілдер іс жүзінде бұрынғы мәдени мұраның маңызын жоққа шығарды, бұқаралық мәдени-ағарту жұмысының міндеттерінен жалтаруға және өмірден қол үзіп, «лабораториялық жолмен» айрықша «пролетарлық мәдениетті» жасауға тырысты. Пролеткульттің басты идеологы Богданов марксизмді сөз жүзінде мойындап, іс жүзінде субъективтік-идеалистік, махистік философияны уағыздады. Пролеткульт біртекті ұйым болған жоқ. Пролеткульттің көптеген ұйымдарына жетекшілік еткен буржуазиялық интеллигенттермен қатар, ол ұйымдарға Совет мемлекетінің мәдени құрылысына шын ниетімен көмектесуге тырысқан жұмысшы жастар да енді. Пролеткульт ұйымдары 1919 жылы барынша дамыды. 20-жылдардың бас кезінде олар құлдырай бастады; 1932 жылы Пролеткульт өзінің өмір сүруін тоқтатты.

Ұйымның қатардағы мүшелерін Богдановтың идеалистік көзқарастарының ықпалынан шығарып алу жолында күресе отырып, партия Пролеткульттің сепаратистік пиғылдарына қарсы шықты. Ленин 1920 жылы октябрьде Пролеткульт туралы мәселені РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының талқылауына қояды. Саяси бюроның шешіміне сүйене отырып,— оның негізіне В. И. Ленин жазған жоба алынды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 41-том, 365—367-беттер),— Саяси ағарту бас комитеті Пролеткульт пен Халық ағарту комиссариатының қарым-қатынасы туралы нұсқау әзірледі. Бұл нұсқау Орталық Комитеттің 1920 жылғы 10 ноябрьдегі пленумында талқыланды. Орталық Комитет пленумының Пролеткульт туралы қаулысының Ленин ұсынған жобасы өзгеріссіз дерлік қабылданды.— *13.*

14 *Главполитпросвет* — Саяси-ағарту бас комитеті — Халық Комиссарлары Советінің «Республика саяси-ағарту бас комитеті (Главполитпросвет) туралы» декреті бойынша Халық ағарту комиссариатының жанынан құрылды, декрет В. И. Лениннің нұсқаулары негізінде әзірленді және оған ол 1920 жылы 12 ноябрьде қол қойды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 41-том, 432—433-беттер). Декрет «Известия ВЦИК» газетінің 1920 жылғы 23 ноябрьдегі 263-номерінде жарияланды. Халық ағарту комиссариатының құрамына кіріп, әкімшілік және ұйымдық жағынан оған бағына отырып, өз жұмысының идеялық мазмұны жөніндегі мәселелер жағынан ол РКП(б) Орталық Комитетіне тікелей бағынатын болды. Саяси-ағарту бас комитеті бүкіл саяси-ағарту және үгіт-насихат жұмысын біріктірді, ересек адамдардың жаппай коммунистік оқуына (сауатсыздықты жою, мектептер, клубтар, кітапханалар, оқу үйлері), сондай-ақ партия оқуына (коммунистік жоғары оқу орындары, партия мектептері) басшылық етті. Саяси-ағарту бас комитетін — ол Халық ағарту комиссариатының бұқаралық жұмыс секторы болып қайта құрылғанға дейін (июнь 1930) — Н. К. Крупская басқарды.—*13.*

15 Бұл документ РКП(б) Орталық Комитеті пленумының 1920 жылғы 10 ноябрьдегі кешкі мәжілісінде Артем (Ф. А. Сергеев) жолдастың «Легин одақтарын біздің заказдарды орындау жөніндегі бақылау ісіне тарту туралы» жасаған баяндамасы бойынша қабылданды.— *14.*

16 Бұл документ «Правданың» 1920 жылғы 27 ноябрьдегі 267-номерінде «Өндірістік насихат (Саяси-ағарту бас комитеті тезистерінің жобасы)» деген тақырыппен жарияланған Саяси-ағарту бас комитетінің тезистері жобасының негізіне алынды.

Өндірістік насихат туралы мәселе бірінші рет партияның IX съезінде шаруашылық құрылысының кезектегі міндетте-

рін талқылауға байланысты алға қойылды, съезд 1920 жылғы 29 марттан 5 апрельге дейін болып өтті. Алайда буржуазиялық-помещиктік Польшаның Совет еліне шабуыл жасауына байланысты қысқа мерзімді тыныс алу бұзылып, шаруашылық құрылысы мәселелері қайтадан екінші кезекке ығыстырылды. Тек 1920 жылдың аяғында, Польшамен уақытша бітім жасалып, Врангель талқандалғаннан кейін ғана, халық шаруашылығын қалпына келтіруге халық бұқарасын саналы түрде қатыстыру мақсатымен өндірістік насихаттың қажеттігі туралы мәселе барынша күшті қойылды. В. И. Ленин ұсынған өндірістік насихат идеясы қазіргі уақытта да партия мен Совет мемлекетінің саяси және мәдени-тәрбие жұмысының аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.—*15.*

17 *«Беднота»* («Кедейлер»)—шаруаларға арналған күнделікті газет; 1918 жылғы 27 марттан Москвада шығып тұрды. Газет РКП(б) Орталық Комитетінің қаулысы бойынша «Деревенская Беднота», «Деревенская Правда» және «Солдатская Правда» газеттерінің орнына шығарылды. Газет жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайту жолында, деревняның кедей және орта шаруа бұқарасын Коммунистік партия мен Совет өкіметінің төңірегіне ұйымдастырып, топтастыру жолында белсенді күрес жүргізді. «Беднота» шаруалардың еңбекші топтарының саяси жағынан көзін ашу және мәдениетін көтеру, деревня кедейлері мен орта шаруалар арасынан қоғам өміріне белсене қатысушыларды жоғарылату, село тілшілері армиясын көптеп тәрбиелеу ісінде маңызды роль атқарды. 1931 жылғы 1 февральдан бастап «Беднота» «Социалистическое Земледелие» газетімен бірікті.— *16.*

18 *РКП(б) Москва губерниялық конференциясы* 1920 жылғы 20—22 ноябрьде Кремльде өтті. Конференцияға шешуші дауыспен 289 делегат және кеңесші дауыспен 89 делегат қатысты. Күн тәртібіне мынадай баяндамалар қойылды: РКП(б) Москва комитетінің қызметі туралы, сыртқы және ішкі жағдай және партияның міндеттері туралы, елдің экономикалық жағдайы туралы, өндірістік насихат туралы; және Москва комитетінің сайлауы.

19 ноябрьде, конференция ашылар қарсаңында, делегаттардың алдын ала кеңесі өткізілді, онда В. И. Ленин сөз сөйледі (сөздің стенограммасы сақталмаған). 21 ноябрьде конференцияның кешкі мәжілісінде күн тәртібінің екінші пункті бойынша В. И. Ленин екі сағаттық баяндама жасады. Оның баяндамасы нақ сол жылы орыс, неміс және француз тілдерінде жеке кітапша болып жарияланды. Осы мәжілісте Ленин Москва комитетінің сайлауына байланысты сөз сөйледі. Сайлау алдындағы кеңестерде сөйлеген сөздердің жазбалары сақталмаған.

Конференция кәсіподақ туралы айтыс басталған кезеңде өтті. Партияның бағытына қарсы оппозициялық топтардың жанталаса күрес жүргізуіне байланысты конференция жұмысы шиеленіскен сипатта болды. Конференцияда антипартиялық «демократиялық централизм», «жұмысшы оппозициясы» топтары мен Игнатов тобының өкілдері партияның саясатына демагогтық қатаң шабуыл жасады. Конференцияны әзірлеу кезінде де, конференцияның өзінде де олар Москва партия ұйымында басым ықпалға ие болуға тырысты. Москва комитетіне өзінің пікірлестерінен көп адам өткізуге тырысқан «жұмысшы оппозициясы» тобының мүшелері Митрофаньев залында жұмысшы-делегаттардың арнаулы кеңесін ұйымдастырды, сөйтіп бұл кеңесті Свердлов залында мәжіліс құрып жатқан басқа делегаттарға қарсы қойды. «Ноябрьде, екі бөлмелі конференция болған кезде,— деді В. И. Ленин партияның X съезінде,— осы арада біреулер отырып, ал үйдің осы қабатының екінші бөлмесінде екіншілер отырған кезде, менің де азап шегіп, қолқанат есебінде, бір бөлмеден екінші бөлмеге бара беруіме тура келген кезде,— мұның өзі жұмысты бүлдіру, фракцияшылдық пен жіктелістің басталуы болған еді» (Шығармалар, 32-том, 195-бет).

Лениннің басшылығымен конференция антипартиялық бой көрсетулерге тойтарыс берді және өсек-аяң негізінде пайда болған принципсіз топтарға қарсы күресудің қажеттігін атап көрсетті. Москва комитетінің есебі бойынша қарар қабылданып, онда партияның Орталық Комитетінің көзқарасы бейнеленді. Конференция Москва комитеті құрамының жеке кеңесте оппозиционерлер белгілеген тізімін де қабылдамай тастап, Орталық Комитеттің Саяси бюросы ұсынған тізімді қабылдады.— *19.*

Буржуазиялық-помещиктік Польшаның Советтік Россияға қарсы соғысын Америка Құрама Штаттары мен Антанта империалистері ұйымдастырды және солар тұтандырды. Олар Совет еліне қарсы жаңа әскери жорықты әзірлей отырып, басты соққы беруші күш ретінде ақ пандық Польшаны және генерал Врангель Қырымда жинастырған деникиндік армияның қалдықтарын пайдаланбақ болды. В. И. Ленин Польша мен Врангельді Совет мемлекетін жоюға ұмтылған империалистердің екі қолы деп атады. Екі армия әскерлерінің жалпы саны бір миллионға жуық болды және техникалық жарақтануы жағынан Қызыл Армия күштерінен басым еді.

Империалистер айдап салған Польша Совет үкіметінің бітімге келу жөніндегі ұсыныстарына жауап беруден барынша жалтарды, бұл ұсыныстарды әлсіздіктің белгісі деп бағалады. 1920 жылғы 25 апрельде Пилсудскийдің қолбасшылығымен поляк әскерлері соғыс жарияламастан Совет мемлекетінің шегіне басып кірді. 26 апрельде интервенттер

Житомирді, Коростеньді, Радомышльді, 7 майда Киевті басып алды.

30 апрельде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі «Россияның барлық жұмысшыларына, шаруаларына және адал азаматтарына» үндеу хат жариялады, 23 майда РКП(б) Орталық Комитеті «Польша майданы және біздің міндеттеріміз» деген тезистерді халыққа жария етті. Бұл документтер совет халқының күштерін интервенттерді талқандауға жұмылдыру жөніндегі айбынды программа болды. Майдың аяғында Оңтүстік-Батыс майданы әскерлерінің қарсы шабуылы басталды. 12 июньде Киев азат етілді. Августың орта шенінде совет әскерлері Варшава мен Львовқа таяп келді. Алайда ақ поляктар армиясының командованиесі Антантаның көмегімен резервтерін мобилизациялап үлгірді, сөйтіп ұрыстардан қажыған әрі сиреген совет әскерлеріне 16 августа жау бірсыпыра күшті соққы берді. 15 октябрьде поляктар тағы да Минскіні алды. Бірақ Варшава түбіндегі сәтсіздіктер Совет мемлекетінің жеңілгендігінің белгісі емес еді. Совет әскерлері жаңа шабуылға әзірленді. Буржуазиялық-помещиктік Польша біржолата талқандалудан қауіптеніп, 12 октябрьде уақытша бітім жөніндегі шартқа қол қойды. РСФСР-дің және УССР-дің Польшамен түпкілікті бітім шартына 1921 жылғы 18 мартта Ригада қол қойылды.— *19.*

20 *«Le Temps»* («Уақыт») — күнделікті газет; 1861 жылдан 1942 жылға дейін Парижде шығып тұрды. Газет Францияның билеуші топтарының мүддесін көздеді және іс жүзінде сыртқы істер министрлігінің ресми органы болды.— *20.*

21 *РСФСР мен Финляндия арасындағы бітім шартына* 1920 жылғы 14 октябрьде қол қойылды. Шартта мемлекеттер арасындағы соғыстың тоқтатылғаны жарияланды, Финляндияның 1917 жылы оған Совет үкіметі берген тәуелсіздігі мен суверендігі қуатталды, Финляндия мен РСФСР арасындағы мемлекеттік шекара белгіленді.

*РСФСР мен Эстония арасындағы бітім шартына,* Америка Құрама Штаттары мен Антанта империалистерінің бітім жөніндегі келіс сөздерді бұзуға тырысқан тімініскі әрекеттеріне қарамастан, Юрьевте (қазір Тарту) 1920 жылғы 2 февральда қол қойылды; бұл келіс сөздер Совет үкіметінің инициативасы бойынша жүргізілген болатын. Советтік Россия Эстонияның тәуелсіздігін таныды. Екі мемлекет өз территорияларында шетелдік немесе екі жақтың біріне дұшпан қарулы топтардың болуына жол бермеу жөнінде өзара міндеттеме алды. Екі мемлекеттің арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды. Эстониямен жасасылған шарт Совет мемлекетінің капиталистік елдермен бейбіт қатынастар орнатудағы алғашқы қадамы болды. Бұл шарт Европамен жә-

не Америкамен товар айырбасын жасасуға мүмкіндік туғызды. Лениннің бейнелі сөзімен айтқанда, біздің еліміз империалистік державалар орнатқан дипломатиялық оқшаулаудың және экономикалық блокаданың бітеу қабырғасынан «Европаға терезе» ойып шығарды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 40-том, 120-бет).

1919 жылы шетел интервенттері мен ақ гвардияшылардың талқандалуына және Советтік Россияның халықаралық жағдайының нығаюына байланысты Латвияның билеуші топтары РСФСР-мен бітім жасасуға мәжбүр болды. 1920 жылы 25 мартта Латвияның сыртқы істер министрлігі бітім келіс сөздерін бастау жөнінде Совет үкіметіне ұсыныс жасады. 16 апрельде Москвада РСФСР мен Латвия өкілдерінің бітім шартын жасасу мәселелері жөніндегі конференциясы ашылды, сөйтіп 11 августа Ригада Латвиямен бітім шартына қол қойылды.— *20.*

[22] *Брест бітімі* — Советтік Россия мен Төрт жақты одақ державалары (Германия, Австро-Венгрия, Болгария, Түркия) арасындағы 1918 жылы 3 мартта Брест-Литовскіде қол қойылған және Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі 15 мартта бекіткен бітім шарты. Бітімнің шарттары Советтік Россия үшін өте-мөте ауыр болды. Шарт бойынша Польша, Прибалтика түгел дерлік, Белоруссияның бір бөлегі Германия мен Австро-Венгрияның бақылауына өтуге тиіс еді. Украина Советтік Россиядан бөлініп шығып, Германияға тәуелді мемлекетке айналуға тиіс болды. Карс, Батум және Ардаган қалалары Түркияның қарамағына өтуге тиіс еді. 1918 жылы августа Германия Советтік Россияға қосымша шарт пен финанс келісімін күштеп таңды, оларда жаңадан тонаушылық талаптар қойылды.

Брест бітімін жасасуға байланысты Троцкийге және антипартиялық «солшыл коммунистер» тобына қарсы қажырлы күрес жүргізілді. Тек В. И. Лениннің орасан зор күш-жігер жұмсауының арқасында ғана Германиямен бітім шартына қол қойылды. Брест бітімі лениндік тактиканың дапалығы мен икемділігінің, өте-мөте қиын жағдайда бірден-бір дұрыс саясат белгілей білудің жарқын үлгісі еді. Брест бітімінің жасалуы парасатты саяси компромисс болды. Брест шарты Совет мемлекетіне уақытша бейбіт тыныс алуға мүмкіндік берді, ыдырап бара жатқан ескі армияны демобилизациялап, жаңа армияны — Қызыл Армияны құруға, социалистік құрылысты өрістетіп, ішкі контрреволюция мен шетел интервенттеріне қарсы күресу үшін күш жинауға мүмкіндік берді. Брест шартының жасалуы бейбітшілік жолындағы күрестің одан әрі күшеюіне, барлық соғысушы елдердің әскерлері мен халқының қалың бұқарасы арасында революциялық пиғылдың өсуіне жәрдемдесті. Германиядағы монархиялық режимді құлатқан 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 13 ноябрьде тонаушылық Брест шартын жойды.— *25.*

[23] 1920 жылы күзде американдық ірі «Вандерлип синдикатының» өкілі Вашингтон Вандерлип Камчаткада және Шығыс Сибирьдің 160 меридианнан шығысқа қарай жатқан басқа бөліктерінде балық кәсіпшіліктерін пайдалануға, мұнай мен көмір барлауға және оларды өндіруге концессия алу туралы келіс сөздер жүргізу үшін Москваға келді. Келіс сөздерді жүргізу үшін Халық шаруашылығы жоғары советінің, Сыртқы істер халық комиссариатының және Сыртқы сауда халық комиссариатының өкілдерінен комиссия құрылды. Концессия туралы келіс сөздер жапон билеуші топтарын абыржытты, олар Америка Құрама Штаттарының Қиыр Шығыстағы позицияларының одан әрі нығаюынан қауіптенді.

Шарттың түпкілікті жобасы октябрьдің аяғында жасалды. Шарт бойынша синдикат 60 жыл мерзімге концессия алатын болды. 35 жыл өткеннен кейін Совет үкіметі концессиялық кәсіпорындардың бәрін мерзімінен бұрын сатып алуға праволы болды, ал концессия мерзімі түгел біткеннен кейін кәсіпорындар өздерінің жабдықтарымен қоса, толық қызмет істеп тұрған қалпында, РСФСР-дің меншігіне тегін көшетін болды.

Концессия беруге келісе отырып, Совет үкіметі американ кәсіпкер топтарымен өзара тиімді ынтымақтастық орнату мақсатын көздеп қана қойған жоқ, сонымен бірге Советтік Россия мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы қатынасты дұрыстау мақсатын да көздеді. Алайда «Вандерлип синдикаты» Америка Құрама Штаттарының үкіметі тарапынан да, беделді финанс топтары тарапынан да қолдау таппады, сөйтіп шарт жобасына қол қойылмады.— *25.*

[24] *Америка социалистік партиясы* 1901 жылы июльде Индианополистегі съезде Америка Құрама Штаттары Социалистік жұмысшы партиясы мен социал-демократиялық партиясынан бөлініп шыққан топтардың бірігуі нәтижесінде құрылды; Америка Құрама Штаттары жұмысшы қозғалысының белгілі қайраткері Ю. Дебс Социал-демократиялық партияны ұйымдастырушылардың бірі болған еді. Ол жаңа партияның негізін қалаушылардың да бірі болды. Партияның әлеуметтік құрамы біртектес болған жоқ: оған жұмысшы-американдардың бір бөлегі, жұмысшы-иммигранттар, сондай-ақ ұсақ фермерлер және ұсақ буржуазиядан шыққандар кірді. Партияның центристік және оңшыл оппортунистік басшылығы (В. Бергер, М. Хилквит және басқалар) пролетариат диктатурасының қажеттігін теріске шығарды, күрестің революциялық әдістерінен бас тартты, партияның қызметін негізінен сайлау науқандарына қатысуға әкеп сайды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) Социалистік партияда үш ағым қалыптасты: социал-шовинистер — бұлар үкіметтің империалистік саясатын қолдады; центристер — бұлар империалистік соғысқа тек сөз жүзінде қарсы шық-

ты; революцияшыл азшылық — бұлар интернационалистік позицияда болды және соғысқа қарсы күресті.

Социалистік партияның Ч. Рутенберг, У. Фостер, У. Хейвуд және басқалар бастаған сол қанаты пролетарлық элементтерге сүйене отырып, партияның оппортунистік басшылығына қарсы, пролетариаттың дербес саяси қимыл жасауы жолында, тап күресі принциптеріне негізделген өндірістік кәсіподақтар құру жолында күрес жүргізді. 1919 жылы Социалистік партия жікке бөлінді. Социалистік партиядан бөлініп шыққан сол қанат Америка Құрама Штаттары Коммунистік партиясын құрудың инициаторы және оның негізгі ұйтқысы болды.

Қазіргі уақытта Социалистік партия сан жағынан аз сектанттық ұйым болып табылады.— *26.*

25 Түркияны Советтік Россияға қарсы айдап салуға және достық қатынастар орнату жөніндегі келіс сөздерді бұзуға тырысқан Антанта дипломаттары дашнак Армениясын Түркияға шабуыл жасауға арандатты. Дашнактар Түркия жөнінде агрессиялық позицияда болды, олар «Ұлы Арменияны» құрып, оның құрамына Кіші Азияның жартысына жуығын қосып алуды арман етті. 1920 жылы 24 сентябрьде дашнак үкіметі Түркияға қарсы соғыс қимылдарын бастады. Түрік армиясы дашнактардың шабуылын тоқтатып, 29 сентябрьде қарсы шабуылға көшті, сөйтіп сентябрь — ноябрь ішінде Сарықамысты, Карсты, Александропольды басып алды. Түрік үкіметі Арменияның территориясын басып алу үшін дашнактардың авантюристік саясатын пайдаланып қалуды үйғарды.

11 ноябрьде РСФСР Сыртқы істер халық комиссариаты соғысып жатқан екі жаққа да өзінің делдалдық қызметін ұсынды. Түркия совет ұсыныстарын қабылдамады, ал дашнак үкіметі кіріптарлық шартқа конуді артық көрді, бұл шарт бойынша Армения түрік протектораты болып жарияланды. Алайда шарт күшіне енбеді, өйткені оған қол қойылғанға дейін 29 ноябрьде Арменияда Совет өкіметі жарияланды да, дашнак үкіметі құлатылды. Түрік үкіметі шарт күшінде қалады деп дәлелдеуге тырысты, сөйтіп өз әскерлерін Александрополь ауданынан әкетуді кідірте берді. Тек РСФСР үкіметінің үзілді-кесілді талап етуінен кейін ғана 1921 жылғы майдың орта шенінде түрік әскерлері Александрополь ауданынан әкетілді.— *27.*

26 В. И. Ленин бұл арада Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 29 апрельдегі мәжілісінде жасаған өзінің *«Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы баяндамасын»* айтып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 257—298-беттер). Ленин келтірген сөздерді «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген еңбектен қараңыз (бұл да сонда, 186—187-беттер).— *30.*

[27] Әңгіме меньшевиктер мен эсерлердің белсене қатысуымен Антанта империалистері ұйымдастырған чехословак әскери корпусының контрреволюциялық қарулы бүлігі жайында болып отыр. Чехословак корпусы Россияда Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгенге дейін соғыс тұтқындары чехтар мен словактардан құрылған болатын. 1918 жылдың жазында бұл корпуста 60 мыңнан астам адам болды (Россияда барлығы 200 мыңға жуық тұтқын чехтар мен словактар болды). Совет өкіметі орнатылғаннан кейін корпусты қаржыландыруды оны Совет республикасына қарсы күрес жүргізу үшін пайдалануға ұйғарған Антанта державалары өз міндеттеріне алды. Чех буржуазиялық ұлтшылдарының лидері, чехословак Ұлттық советінің президенті Т. Массарик корпусты француз армиясының бөлімі деп жариялады, сондықтан Антантаның өкілдері корпусты Францияға эвакуациялау туралы мәселе қойды. Совет үкіметі бұған Франциядағы орыс солдаттары қайтарылатын болсын деген шарт қойып, чехословактарды эвакуациялауга келісім берді. 1918 жылғы 26 марттағы келісім бойынша корпус қару-жарағын тапсырған жағдайда, оған Владивосток арқылы Россиядан жүріп кетуге мүмкіндік берілді. Бірақ корпустың контрреволюциялық командованиесі қару-жарақты тапсыру туралы Совет үкіметімен жасасқан келісімді опасыздықпен бұзып, Антанта империалистерінің айдап салуымен майдың аяқ кезінде қарулы бүлік ұйымдастырды. Америка Құрама Штаттарының, Англияның және Францияның үкіметтері бүлікті ашықтан-ашық, жан-жақты қолдап шықты; оған француз офицерлері тікелей қатысты. Ақ гвардияшылармен және кулактармен тығыз байланыса отырып, қимыл жасаған ақ чехтар Уралдың, Поволжьенің, Сибирьдің едәуір бөлегін басып алып, барлық жерде буржуазия өкіметін қалпына келтірді. Ақ чехтар басып алған аудандарда меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен ақ гвардиялық үкіметтер: Омскіде — Сибирь «үкіметі», Самарада — Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті (Комуч) және т. т. құрылды.

Бүлік басталғаннан кейін көп ұзамай, 11 июньде, Россиядағы чех-словак коммунистік топтарының Орталық атқару комитеті корпустың солдаттарына үндеу хат жазып, онда бүліктің контрреволюциялық мәнін ашып көрсетті, чех және словак жұмысшылары мен шаруаларын бүлікті жоюға және Қызыл Армияның чехословак бөлімдеріне енуге шақырды. Чех және словак соғыс тұтқындарының көпшілігі Совет өкіметіне тілектестік көзқараста болды және корпустың реакциялық жоғарғы тобының антисоветтік насихатына берілмеді. Алданғандарына көздері жеткен көптеген солдаттар корпустан кетіп, Советтік Россияға қарсы соғысудан бас тартты. 12 мыңға жуық чехтар мен словактар Қызыл Армия қатарында шайқасты.

Қызыл Армия Поволжьені 1918 жылдың күзінде азат етті. Ақ чехтар колчакшылдарды жоюмен бір мезгілде біржола талқандалды.— *30.*

28 Қызыл Армияның тұрақты бөлімдерін шаруашылық құрылысы саласында пайдалану үшін оларды еңбек армиялары жағдайына көшіру 1920 жылдың бас кезіндегі бейбіт тыныс алу кезеңінде Совет елі душар болған жағдайға байланысты туды, бұл кезеңде империалистердің соғыс интервенциясы қайталануын күн сайын күтуге болатын еді. Еңбек армияларының құрылуына байланысты В. И. Ленин 1920 жылғы февральда былай деп көрсетті: «Соғыстан бейбіт құрылысқа көшу міндеті тым ерекше жағдайда алға қойылып отыр — бұл жағдайда біз армияны тарата алмаймыз, өйткені біз, ең болмаса, әлі де бізге Антанта айдап салып отырған сол Польшаның немесе қандай да болсын басқа державаның шабуыл жасау мүмкіншілігімен есептесуге тиіспіз» (Шығармалар толық жинағы, 40-том, 114-бет). 1920 жылғы 15 январьда Қорғаныс Советі 3-ші армияны 1-ші еңбек армиясы етіп қайта құру туралы қаулы қабылдады және Революциялық-әскери совет мүшелері мен Азық-түлік халық комиссариаты, Қатынас жолдары халық комиссариаты, Егіншілік халық комиссариаты, Еңбек халық комиссариаты және Халық шаруашылығы жоғары советі өкілдерінен 1-ші еңбек армиясының Советін құрды. 17 және 18 январьда әскер бөлімдерін шаруашылық майданда пайдалану туралы мәселе РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросында талқыланды. Қорғаныс Советінің 3-ші армияны 1-ші еңбек армиясы етіп қайта құру туралы қаулысы мақұлданды және Кубань-Грозный, Украин, Қазан және Петроград еңбек армияларын құрудың жобаларын әзірлеу туралы шешім қабылданды. 21 январьда РСФСР Халық Комиссарлары Советі Бүкіл украиндық революциялық комитетпен келісе отырып, Оңтүстік-Батыс майданы аймағында Украин еңбек армиясын құру туралы шешім қабылдады. 10 февральда Қорғаныс Советі 7-ші армияның атын Петроград революциялық еңбек армиясы деп өзгерту туралы қаулы алды. Январьдың аягы мен февральдың басында Республиканың Запастағы армиясы және 2-ші армияның бөлімдері, мартта — 8-ші армияның әскерлері, ал біраз кейінірек басқа да бірқатар әскери құрамалар шаруашылық құрылысына тартылды. Помещиктік буржуазиялық Польшамен және Врангельмен соғыстың басталуы еңбек армияларын жауынгерлік жағдайға көшіруге мәжбүр етті.— *30.*

29 Әңгіме «РСФСР-ді электрлендірудің жоспары. Россияны электрлендіру жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Советтердің 8 съезіне баяндамасы» (М., 1920) деген кітап туралы болып отыр. Аса көрнекті ғалымдар мен мамандардың бұл коллективтік ғылыми еңбегі елді электрлендіру негізінде

социализмнің материалдық негізін жасау жөніндегі мемлекеттік тұңғыш перспективалық жоспар еді. Ленин ГОЭЛРО жоспарын «партияның екінші программасы» деп атады.—*33.*

30 Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулылары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 44-бет.—*35.*

31 Ленин бұл арада РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясының «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарарын айтып отыр (қараңыз: КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 196—203-беттер).— *36.*

32 *Москва полиграфия өндірісі кәсіпорындары фабрика-завод комитеттерінің конференциясы* 1920 жылы 25 ноябрьде Одақтар үйінің Колонналы залында өтті. Конференцияға одақтың 2000-нан астам мүшесі қатысты. В. И. Ленин Совет республикасының халықаралық және ішкі жағдайы және жұмысшы табының кезектегі міндеттері туралы баяндама жасады.— *44.*

33 *Москва партия ұйымы ұяларының секретарьларының жиналысы* 1920 жылы 26 ноябрьде Одақтар үйінің Колонналы залында өтті. Күн тәртібіне РКП(б) Москва губерниялық конференциясы туралы есеп және соғыс жағдайы туралы баяндама қойылды. Конференцияда В. И. Ленин 25 ноябрьде концессиялар туралы декреттің жариялануына байланысты сөз сөйледі.— *46.*

34 В. И. Ленин бастаған *Халық Комиссарлары Советі (СНК)* Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде 1917 жылғы октябрьде құрылды. Кіші Халық Комиссарлары Советінен ажырату үшін кейде ол Үлкен Халық Комиссарлары Советі деп аталды, Кіші Халық Комиссарлары Советі шағын, «ұсақ-түйек» істерді қарау және Үлкен Халық Комиссарлары Советіне мәселелер даярлау үшін Үлкен Халық Комиссарлары Советінің жанындағы комиссия правосымен 1917 жылғы декабрьден 1926 жылға дейін жұмыс істеді.— *46.*

35 *Версаль бітім шарты* 1914—1918 жылдардағы дүние жүзілік империалистік соғысты аяқтады, оған 1919 жылы 28 июньде, бір жағынан, Америка Құрама Штаттары, Британия империясы, Франция, Италия, Жапония және олармен біріккен державалар, екінші жағынан, Германия қол қойды.

Версаль бітім шартына баға бере келіп, Ленин былай деді: «Бұл бітім ондаған миллион адамды, соның ішінде ең цивилизациялы адамдарды құлдық халге түсірген құлақ естімеген, тонаушылық бітім» (Шығармалар толық жинағы,

41-том, 384-бет). Версаль бітім шарты капиталистік дүниенің жеңген державалардың пайдасына қайта бөлінуін баянды етуді, сондай-ақ елдер арасында Советтік Россияны тұншықтыруға және бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалысты талқандауға бағытталған қатынастар системасын жасауды мақсат етті.— *47.*

36 Жапония империалистік үкіметі америкаы және ағылшын билеуші топтарымен сөз байласып, Байкалдың шығыс жағында жатқан совет жерлерін тартып алуға әрекеттеніп, 1918 жылы көктемде Қиыр Шығыста қарулы интервенция бастады. 1918 жылы 5 апрельде жапон әскерлері Владивостокқа түсірілді. Владивостокты басты стратегиялық базаға айналдырған интервенттер Приморьені, Солтүстік Сахалин мен Забайкальені басып алды. 1919 жылдың аяғында Қызыл Армияның Колчак әскерлерін талқандауы, жаппай партизан қозғалысының өршуі, Жапонияда жапон-американ қайшылықтарымен асқына түскен 1920—1921 жылдардағы экономикалық дағдарыс жапон әскерлерінің совет жерінде одан әрі қалуына мүмкіндік бермеді. 1922 жылдың күзіне қарай жапон интервенциясы біржола күйреді; 25 октябрьде жапон интервенттері Владивостокты тастап кетті.— *47.*

37 Ленин бұл арада Совет үкіметінің одақтастармен, сондай-ақ Россия территориясында құрылған ақ гвардиялық үкіметтермен бітім жасасуға келісетін шарттарын анықтау үшін 1919 жылы мартта Советтік Россияға келген Буллитпен жүргізілген келіс сөздерді айтып отыр. Америка Құрама Штаттарының президенті Вильсон мен Великобританияның премьер-министрі Ллойд Джордж тарапынан жасалған ұсыныстар Буллит арқылы жіберілген болатын.

Тезірек бітім жасасуға ұмтылған Совет үкіметі ұсынылған шарттар негізінде келіс сөз жүргізуге ризалық білдірді, алайда, бұл шарттарға елеулі түзетулер енгізді (Америка Құрама Штаттары үкіметінің өкілі Буллит пен РСФСР үкіметі әзірлеген одақтас және біріккен елдер бітім ұсынысы жобасының текстін мына жинақтан қараңыз: «СССР сыртқы саясатының документтері» М., 1958, II том, 91—95-беттер).

Буллит Советтік Россиядан жүріп кеткеннен кейін көп ұзамай Колчак Шығыс майданында біраз табысқа жеткен болатын, сондықтан Совет мемлекеті талқандалады деп үміттенген империалистік үкіметтер бітім жөнінде келіс сөздер жүргізуден бас тартты. Вильсон Буллит апарған келісім жобасын жариялауға тыйым салды, ал Ллойд Джордж парламентте сөйлеген сөзінде Совет үкіметімен екі арадағы келіс сөздерге өзінің ешқандай қатысы жоқ екенін мәлімдеді.— *48.*

38 РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жарияланып отырған жобасы Саяси бюроның 1920 жылғы 27

ноябрьдегі мәжілісінде болмашы қосымшалармен қабылданған болатын.— *50.*

[39] *Қорғаныс Советін (Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советін)* 1918 жылы 30 ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті құрды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысында былай деп көрсетілді: Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советі Совет республикасын әскери лагерь деп жариялаған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 2 сентябрьдегі декретін жүзеге асыру үшін құрылады. Қорғаныс Советі Совет мемлекетінің елде туып отырған ерекше қиын жағдайдың нәтижесінде дүниеге келген төтенше органы болды. Елдің күші мен қаражатын қорғаныс мүддесіне пайдалануға жұмылдыру ісіндегі бүкіл уәкілдік соған берілді. Қорғаныс Советінің Председателі болып В. И. Ленин тағайындалды.

Қорғаныс Советінің қаулылары орталық және жергілікті ведомстволар мен мекемелер үшін, Совет республикасының барлық азаматтары үшін бірдей міндетті болды. Қорғаныс Советі шетел интервенциясы мен азамат соғысы дәуірінде Республиканың ең басты әскери-шаруашылық және жоспарлаушы орталығы болды. Революциялық-әскери советтің және басқа әскери органдардың қызметіне Қорғаныс Советі күшті бақылау жасады.

1920 жылы апрельдің бас кезінде Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советі қайта құрылып, Еңбек және Қорғаныс Советі (СТО) деп аталды. Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің 1920 жылғы декабрьдегі қаулысы бойынша Еңбек және Қорғаныс Советі Халық Комиссарлары Советінің комиссиясы правосында жұмыс жүргізе бастады, барлық ведомстволардың шаруашылық құрылысы жөніндегі жұмыстарын үйлестіріп отыру оның басты міндеті болды; 1937 жылға дейін жұмыс істеп келді.— *50.*

[40] *Кедейлер комитеттері (комбедтер)* Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 11 июньдегі «Деревня кедейлерін ұйымдастыру және жабдықтау туралы» декреті бойынша құрылды. Декрет бойынша кедейлер комитеттеріне шаруа шаруашылықтарындағы азық-түлік запасының есебін алу, кулактардың запастары мен артық азық-түліктерін анықтау және осы артық азық-түліктерді алу ісінде совет азық-түлік органдарына көмек көрсету, кулак шаруашылықтарының есебінен кедейлерді азық-түлікпен жабдықтау, ауыл шаруашылық құрал-саймандары мен өнеркәсіп товарларын бөлу және т. б. міндеттер жүктелді. Алайда кедейлер комитеттерінің практикалық жұмысы деревнядағы жұмыстың барлық жағын қамтыды; іс жүзінде олар пролетариат диктатурасының деревнядағы тірек пункттері, органдары болды; кедейлер комитеттерінің ұйымдастырылуы деревнядағы социалистік революцияның одан әрі өрістетілуінің

айғағы болды. 1918 жылдың аяғында кедейлер комитеттері өздеріне жүктелген міндеттерді орындағаннан кейін, болыстық және селолық Советтермен біріктірілді.

Азербайжан деревнясында кедейлер комитеттері Азербайжан Советтік Социалистік Республикасы жарияланғаннан кейін пайда болды. Оларды ұйымдастыру туралы қаулы АКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросында 1920 жылы августа қабылданды.— *50.*

41 *ВСП* — Тасымалдау жөніндегі жоғары советтің қысқартылған атауы.— *51.*

42 *Жұмысшы-Шаруа инспекциясы (Рабкрин)* Совет өкіметі орнаған бастапқы айларда құрылған Мемлекеттік бақылау халық комиссариатын қайта құру негізінде В. И. Лениннің инициативасы бойынша 1920 жылғы февральда құрылған болатын.

Ленин жоғарыдан төменге дейін бақылауға және істің орындалуын тексеруге орасан зор маңыз берді. Ол Совет мемлекетінде бақылауды ұйымдастыру принциптерін жанжақты талдап жасады, Жұмысшы-Шаруа инспекциясының қызметін мұқият қадағалап отырды, оның кемшіліктерін сынап, жұмысын жақсартуға табандылықпен күш салды. Кейінірек, «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» және «Аз болса да жақсы болсын» деген өзінің соңғы мақалаларында ол Рабкринді қайта құру жоспарын ұсынды. Лениндік жоспардың негізгі принциптері партиялық және мемлекеттік бақылауды біріктіру, оның жұмысына жұмысшылар мен шаруаларды кеңінен тарту болды. Ленин жұмыстың табысты болуының кепілі, партия мен мемлекеттің сарқылмас күшінің қайнар көзі осында деп білді. РКП(б) XII съезі лениндік нұсқауларға сәйкес біріккен орган — Орталық Бақылау Комиссиясын — Жұмысшы-Шаруа инспекциясын құрды, ол партиялық және мемлекеттік бақылау функциясын атқарды.— *53.*

43 *«Жұмысшы оппозициясы»*— А. Г. Шляпников, С. П. Медведев, А. М. Коллонтай, И. И. Кутузов, Ю. Х. Лутовинов және басқалар басқарған антипартиялық анархо-синдикалистік фракцияшыл топ. Топ осы демагогтық атпен 1920 жылы сентябрьде РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясында тұңғыш рет бой көрсетті; ноябрьде ол РКП(б) Москва губерниялық конференциясында айрықша кеңес ұйымдастырып, фракциялық күрес және партияның бірлігін бұзу жолына түсті. 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысының барысында «жұмысшы оппозициясы» біржола қалыптасты. Оның көзқарастары партия ішіндегі анархо-синдикалистік уклонның көрінісі болып табылды. Бұл көзқарастар Коллонтайдың РКП(б) X съезі қарсаңында басылып шыққан «Жұмысшы оппозициясы» деген кітапшасында анағұрлым

толық баяндалды. Оппозиция бүкіл халық шаруашылығын басқару ісін кәсіптік өндірістік одақтарға біріккен «өндірушілердің Бүкіл россиялық съезіне» беруді ұсынды, бұл кәсіптік өндірістік одақтар елдің бүкіл халық шаруашылығын басқаратын орталық орган сайлауға тиісті болды. Оппозиция халық шаруашылығын басқарудың барлық органдарын тиісті кәсіподақтар сайлайтын болсын, оның үстіне одақтың ұсынған кандидатураларын партия және совет органдары шығарып тастай алмайтын болсын деп талап етті. Бұл талаптар социалистік құрылыстың негізгі құралы ретіндегі партия мен пролетариат диктатурасының басшылық ролін жоққа шығару болып табылатын. «Жұмысшы оппозициясы» жұмысшы табы ұйымының жоғары формасы — партия емес, керісінше, кәсіподақтар деп санап, кәсіподақтарды Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы қойды.

«Жұмысшы оппозициясының» ішкі партиялық мәселелер жөніндегі платформасы партия басшылығын «партия бұқарасынан қол үзді», «пролетариаттың творчестволық күштерін жете бағаламады», «партияның жоғарғы тобы азғындады» деген сияқты жалақорлық айыптаулардан құралды.

Ұсақ буржуазиялық стихияның ықпалына негұрлым көбірек еліккіш жұмысшылардың артта қалған бөлегі арасында «Жұмысшы оппозициясының» бір кезде белгілі дәрежеде тірегі де болды. Жұмысшы табының осы тұрлаусыз бөлегінің ауытқуын оппозиция өзінің тар өрісті фракциялық мүдделері үшін пайдалануға тырысты. Орталықта да, жергілікті жерлерде де бірқатар партия ұйымдары «жұмысшы оппозициясына» тілектес болды. 1920 жылы ноябрьде РКП(б) Москва губерниялық конференциясында оппозицияның платформасы барлық дауыстың 21 процентіне, 1921 жылдың басында өткен кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық II съезіндегі коммунистік фракцияның мәжілісінде 30 процентіне ие болды. Оппозицияның демагогтық антипартиялық ұрандарын әшкерелеген түсінік жұмысын жүргізудің нәтижесінде оның қатары партияның X съезі қарсаңында едәуір сиреді. Партияның X съезінде оппозиция платформасын жақтап берілген дауыс 6 процентке жеткен жоқ. Съезд «жұмысшы оппозициясы» көзқарастарына күйрете соққы берді. В. И. Ленин ұсынған «Партиямыздағы синдикалистік және анархистік уклон туралы» қарарда «жұмысшы оппозициясының» көзқарастары теория жағынан теріс, «практика жүзінде Коммунистік партияның ысылған басшылық бағытын әлсіретеді және іс жүзінде пролетарлық революцияның тап жауларына көмектеседі» деп атап көрсетілді («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 233-бет). Партияның X съезі «жұмысшы оппозициясының» идеяларын насихаттау Коммунистік партия қатарында болумен сыйыспайды деп тапты. Съезд қабылдаған партияның бірлігі туралы қарар белгілі бір платформа негі-

зінде құрылған топтардың бірін қалдырмай дереу таратуды талап етті. Съезден кейін партияның қатардағы мүшелерінің көпшілік бөлегі «жұмысшы оппозициясынан» қол үзіп, партияның бағытын сөзсіз қолдады. Алайда оппозицияның Шляпников пен Медведев басқарған қалдықтары құпия ұйымын сақтап қалды және архиреволюциялық жел сөздерді бүркемеленіп, антипартиялық насихатты жүргізе берді. 1922 жылы февральда олар Коминтерннің Атқару Комитетіне «22-нің мәлімдемесін» жіберді, бұл мәлімдеме партияға жабылған өшпенділік жала еді. Коминтерннің Атқару Комитеті «22-нің мәлімдемесін» мұқият зерттегеннен кейін бұл топтың әрекетін батыл айыптады және оның бұдан былайғы қызметі топты III Интернационал қатарынан тысқары қалдыратынын ескертті. «Жұмысшы оппозициясын» ұйымдық жағынан талқандау 1922 жылы РКП(б) XI съезінде аяқталды.— *54*.

44 В. И. Ленин жазған жобаны Халық Комиссарлары Советі 1920 жылғы 30 ноябрьде қабылдады.— *56*.

45 Жарияланып отырған документ «Еңбек және Қорғаныс Советі туралы» қаулының негізіне алынған; бұл қаулы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің атынан Советтердің VIII съезіне ұсынылып, съезд оны 1920 жылғы 29 декабрьде бекітті.

*Экономикалық комиссия* — В. И. Лениннің председательдік етуімен барлық шаруашылық халық комиссариаттары арасында байланыс ұйымдастыру жөніндегі комиссия 1920 жылы 26 ноябрьде құрылды. Комиссия Еңбек және Қорғаныс Советінің жұмысын негізінен шаруашылық құрылысы міндеттеріне қарай көшіру мақсатымен Еңбек және Қорғаныс Советін қайта құрудың жобасын жасады. Одан әрі комиссия Халық Комиссарлары Советінің «Экономикалық комиссариаттардың қызмет тәртібін Советтердің VIII съезінің «Еңбек және Қорғаныс Советі туралы» қаулысымен сәйкестендіру туралы» қаулысының жобасын жасаумен шұғылданды. Кейбір редакциялық өзгерістер енгізілгеннен кейін бұл жобаны Халық Комиссарлары Советі «Жоспарлау комиссиялары туралы ереже» ретінде 1921 жылғы 17 мартта бекітті.— *57*.

46 1920 жылы 30 ноябрьде Арменияның Революциялық әскери комитеті Арменияда Совет өкіметінің орнауына байланысты В. И. Ленинге құттықтау жолдады. Жарияланып отырған телеграмма осы құттықтауға жауап ретінде жіберілді.— *59*.

47 В. И. Лениннің РКП(б) Москва ұйымы ұялары секретарьларының жиналысында сөйлеген сөзі «Правда» газетінің 1920 жылғы 30 ноябрьдегі 269-номерінде толық емес түрінде жарияланды (қараңыз: осы том, 46—49-беттер). Оның бер

жағында бұл сөздің саяси көзқарас тұрғысынан алғанда Лениннің ол кезде жария еткізгісі келмеген қағидалары басылып кеткен еді (мәселен, соғыс бола қалған жағдайда концессиялардың күллі жабдығы Совет мемлекетіне қалады деген жерлері, сондай-ақ Бүкіл россиялық төтенше комиссия органдары туралы айтқандары). Редакцияның қатесін И. И. Скворцов-Степанов «Правданың» 1920 жылғы 5 декабрьдегі 274-номерінде басылған «Концессияларды кімдерге беруге болмайды!» деген мақаласында түзетті. Ол былай деп жазды: Бүкіл россиялық төтенше комиссия органдары концессионерлердің Совет мемлекетіне дұшпандық іспен шұғылданбауын бақылайтын болады: «Демек, Ленин жолдас та өзінің «Правдада» (№ 269, 30 ноябрь) тым қысқа және көп жері көріне бұрмаланып жарияланған сөзінде Бүкіл россиялық төтенше комиссияның, Москва төтенше комиссиясының, губерниялық төтенше комиссиялардың жұмыс істеп отырғандығы туралы айтқанда, осы жағдайды ескерді. Соғыс бола қалған жағдайда барлық мүлік соғыс правосы бойынша бізге қалатындығы жөніндегі нұсқау да дәл осы сияқты әбден дұрыс қағиданы белгілеп отыр, осыны еске сақтай отырып, бізден концессия алғысы келетін топтардың тек өз елдерінің мүдделері бізбен соғысуды талап етпейтіндігіне, қайта бізбен сауда жасауды талап ететіндігіне көздері жеткендігінен ғана алатынын айтып отыр».— *61.*

48 Осы арада және 102—103 беттерде В. И. Ленин Вашингтон Вандерлиптің хатынан цитат келтіріп отырған жоқ, тек хаттың мазмұнын ғана баяндап отыр.— *68.*

49 *Қиыр Шығыс республикасы (ДВР)* 1920 жылы апрельде Забайкалье, Амур, Приморье, Камчатка облыстары мен Солтүстік Сахалин территориясында құрылды. Қиыр Шығыс республикасының буржуазиялық-демократиялық мемлекет формасында құрылып, ал шын мәнінде советтік саясатты жүргізуі Советтік Россияның Шығыс майданында өзіне ұзақ уақыт тыныс алуды қамтамасыз етуге және Жапониямен соғысудан бойды аулақ ұстауға тырысқан мүдделеріне сәйкес келді. Сонымен бірге Қиыр Шығыста «буферлік» мемлекет құру амалсыздан жасалған шара еді. В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, «жағдайлардың өзі бізді Қиыр Шығыс республикасы түрінде буферлік мемлекет құруға мәжбүр етті» (қараңыз: осы том, 103-бет).

Қиыр Шығыс территориясын интервенттер мен ақ гвардияшылардан тазартқаннан кейін (Солтүстік Сахалиннен басқасын) Қиыр Шығыс Республикасының Халық жиналысы 1922 жылы 14 ноябрьде РСФСР-ге қосылу жөнінде шешім қабылдады.— *69.*

50 В. И. Ленин бұл арада мына кітапшаны айтып отыр: «Концессиялар туралы. Халық Комиссарлары Советінің 1920 ж.

23 ноябрьдегі декреті. Декрет тексті. Концессия объектілері. Карталар». М., 1920.— *75.*

[51] Әңгіме Великобритания мен РСФСР арасындағы сауда келісімінің жобасы туралы болып отыр; бұл жобаны Великобритания сауда министрі Уайз Лондондағы совет сауда делегациясының басшысы Л. Б. Красинге 1920 жылғы 29 ноябрьде табыс етті. Экономикалық және саяси байланыстарды қалыпқа келтіру туралы 1920 жылғы майда басталған келіс сөздер ұзаққа созылды, ал кей кездерде ағылшын үкіметінің кінәсынан іс жүзінде тіпті үзіліп те қалып отырды. Келіс сөздер 1921 жылғы 16 мартта сауда шартына қол қоюмен аяқталды.— *77.*

[52] *«Народы Востока»* («Шығыс Халықтары») — ай сайып шығып тұрған журнал, Шығыс халықтарының насихат және қимыл Советінің органы; ол Шығыс халықтарының 1920 жылы 1—7 сентябрьде Бакуде өткен Бірінші съезінің ұйғарымымен шығарылған болатын. 1920 жылы октябрьде Бакуде орыс, түрік, парсы және араб тілдерінде журналдың жалғыз ғана номері шықты.— *78.*

[53] Ленин бұл арада «Шаруалардың ауыл шаруашылығын нығайту және дамыту шаралары туралы» заң жобасын айтып отыр; оны Халық Комиссарлары Советі Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде бекіту үшін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына табыс еткен болатын. Заң жобасы «Известияның» 1920 жылғы 14 декабрьдегі 281-номерінде жарияланды.

Заң жобасында ауыл шаруашылығын өркендетуді мемлекет тарапынан реттеп отыру шараларын шаруалардың өз шаруашылықтарының өнімділігін арттыру үшін жеке басының мүдделілігімен ұштастыру көзделді. Съезд заң жобасын бірауыздан қабылдады. — *85.*

[54] *Әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі губерниялық бөлімдер меңгерушілерінің Бүкіл россиялық кеңесі* 1920 жылғы 1—6 декабрьде Москвада өтті. Кеңеске 5 республиканың, 65 губернияның және 5 облыстың өкілі ретінде 200-ден астам делегат қатысты. Кеңесте елдің халықаралық және ішкі жағдайы туралы баяндама, Орталық Комитеттің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің есебі тыңдалды, әйелдер бөлімдерінің кезектегі міндеттері туралы, аналар мен сәбилерді қорғау туралы мәселелер қаралды. Өндірістік міндеттерге, өндірістік насихатты өрістетуге, жұмысшы әйелдердің кәсіптік одақтарға және жұмысшы-шаруа инспекциясына қатысуына ерекше назар аударылды.

В. И. Лениннің құттықтау телефонограммасы кеңесте 6 декабрьде оқылды. — *95.*

65 Халық ағарту комиссарнатын қайта құру туралы қаулының В. И. Ленин екінші пунктті қосып ұсынған жобасы РКП(б) Орталық Комитетінің пленумында 1920 жылғы 8 декабрьде қабылданды.

Екінші пунктте былай делінген: «Халық ағарту комиссариатының бүкіл россиялық кең көлемде ұйымдастыру және әкімшілік-жарлық ету саласындағы жұмыстарына, сондайақ Халық ағарту комиссариаты аппаратының өз ішіндегі жұмыстарға басшылықты халық комиссары тек өзінің көмекшісі арқылы жүзеге асырады».

Халық ағарту комиссариатының жұмысын қайта құру туралы мәселені Ленин 1920 жылы ноябрьде қойған болатын (қараңыз: осы том, 422-бет). Оны қайта құру қажеттігі мынадан туды: Халық ағарту комиссариатының жұмысы мен құрылымы бейбіт социалистік құрылысқа көшуге байланысты халыққа білім беру саласында алға қойылған жаңа міндеттерге сай келмеді. Лениннің инициативасы бойынша Орталық Комитеттің Саяси бюросы 1920 жылғы 24 ноябрьде Халық ағарту комиссариатының аппаратын қайта құру жоспарын жасау үшін құрамында А. В. Луначарский (оны М. Н. Покровскиймен алмастыруға право беріліп), Е. А. Литкенс және Н. П. Горбунов (оны В. И. Соловьевпен алмастыруға право беріліп) бар комиссия құрды.

«Халық ағарту комиссариаты туралы ереженің» Литкенс пен Соловьев дайындаған жобасы Ленинді қанағаттандырмады. 29 ноябрьде Луначарскийге жазған хатында бұл туралы хабарлай келіп, Владимир Ильич Халық ағарту комиссариатын қайта құру туралы мәселе жөнінде өзінің алдын ала айтатын пікірлерін баяндады (қараңыз: Лениннің XXXV жинағы, 179—180-беттер).

РКП(б) Орталық Комитетінің 8 декабрьде өткен пленумында «Халық ағарту комиссариаты туралы ереже» талқыланған-ды, бірақ бекітілген жоқ. Ленин Халық ағарту комиссариатын жалпы қайта құру жобасын негұрлым тыңғылықты әзірлеп, оны халыққа білім беру жөніндегі партия кеңесінде талқылау қажет деп санады.

1920 жылғы 31 декабрьден 1921 жылғы 4 январьға дейін өткен кеңесте талқылау жалпылама пайымдауларға келіп сайды. Осыған байланысты Ленин кеңесте қабылданған Халық ағарту комиссариатын қайта құру туралы қарарларды жүзеге асыруды кідірте тұруға нұсқау берді (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 164-бет). 26 январьда Орталық Комитеттің пленумы Халық ағарту комиссариаты туралы мәселені қайта талқылап, Халық ағарту комиссариатын жалпы қайта құру жобасын талдап жасау үшін Лениннің басқаруымен комиссия құрды. Халық комиссариатын қайта құруға байланысты мәселелерді зерттеу жөнінде Ленин осы уақыттан бастап қызу жұмысқа кіріседі. 28 январьда Ленин Халық ағарту комиссариаты коллегиясы мүшелерінің атына жазған хатында өзіне мектептердің барлық түрлері туралы

материалдарды мектептер жөнінде қолданылып келген заңдардың текстімен қоса жедел түрде жіберуді өтінеді (қараңыз: Лениннің XXXV жинағы, 211—212-беттер). КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Лениннің мынадай документі сақталулы:

«Шәкірт жөніндегі декрет: 29. VII. 1920 (№ 70, 325-бет);

*Бірыңғай еңбек мектебі туралы ереже* 16. X. 1918 (Заңдар жинағы, № 74, 812-бет);

Главпрофобр 29. I. 1920 (№ 6, 41-бет)».

Сірә, бұл Ленин сұратқан немесе оған жіберілген материалдардың тізімі болу керек.

20 және 31 январьда және 2 февральда Лениннің председательдік етуімен комиссия мәжілісі өткізілді. Комиссия Халық ағарту комиссариатын қайта құруды ол туралы ереже қабылдаумен шектеуге болмайды деген қорытындыға келді. Ленин Халық ағарту комиссариатының коммунист-қызметкерлерін халыққа білім беру жөніндегі партия кеңесінің қате шешімдерін түзетуге жұмылдыратын қосымша саяси нұсқаулар қажет деп санады. Лениннің ұсынысы бойынша 2 февральда Орталық Комитеттің Саяси бюросы комиссияға партияның Орталық Комитеті атынан Халық ағарту комиссариатының коллегиясына директивалар беру правосын берді. 5 февральда «Правданың» 25-номерінде Ленин жазған «Халық ағарту комиссариатының коммунист қызметкерлеріне Орталық Комитеттің директивалары» жарияланды (қараңыз: осы том, 357—359-беттер).

11 февральда Халық Комиссарлары Советі комиссия мүшелері талдап жасаған және Ленин редакциялаған «Халық ағарту комиссариаты туралы ережені» бекітті. Ереже «Известия ВЦИК» газетінің 15 февральдағы 33-номерінде жарияланды және соның негізінде 1921 жылдың ішінде Халық ағарту комиссариатын қайта құру ісі жүзеге асырылды.— *96.*

56 Жарияланып отырған документ РКП(б) Орталық Комитеті пленумының өндірістік арнаулы баспа органын құру туралы мәселе жөніндегі 1920 жылғы 20 декабрьдегі қаулысының текстіне енді. — *98.*

57 *Жұмысшы, шаруа, қызыл әскер және казак депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық VIII съезі* 1920 жылғы 22—29 декабрьде Москвада өтті. Өзінің құрамы жағынан ол одан бұрынғы Советтер съездерінің бәрінен де ең көп адам қатысқан съезд болды: оған 2537 делегат, оның ішінде шешуші дауыспен 1728 және кеңесші дауыспен 809 делегат қатысты. Делегаттардың партиялық құрамы: коммунистер 91,7%, коммунистерге тілектестер 2,7%, партияда жоқтар 3,9%, меньшевиктер 0,3%, бундшылдар 0,3%, солшыл эсер-

лер 0,15%, анархистер 0,15%, басқа партиялардың мүшелері 0,8%. Съезд құрамының мұндай болуы Коммунистік партияның беделінің өскендігін және халық алдында өздерін антисоветтік контрреволюциялық партиялар ретінде әшкерелеген ұсақ буржуазиялық партиялардың саяси мерт болғандығын айқын көрсетті.

Съезд шетел соғыс интервенциясына және контрреволюцияның ішкі күштеріне қарсы соғыстың жеңіспен аяқталған дәуірінде, шаруашылық майданы «ең басты және негізгі» (осы том, 151-бет) майдан ретінде алға қойылған кезде жиналды. Күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы есеп, Россияны электрлендіру туралы, өнеркәсіп пен транспортты қалпына келтіру туралы, ауыл шаруашылығы өндірісін өркендету және шаруалар шаруашылығына жәрдемдесу туралы, совет органдарының қызметін жақсарту және бюрократизмге қарсы күресу туралы. Күн тәртібінің негізгі мәселелері РКП(б) фракциясының мәжілістерінде алдын ала талқыланды. Мәселелерді жан-жақты және терең талқылау үшін съезд үш секция: өнеркәсіп, ауыл шаруашылық және совет құрылысы секцияларын құрды.

Съезд жұмысы В. И. Лениннің тікелей басшылығымен өтті. Ол съездің пленум мәжілістерінде 22 декабрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндама жасады және 23 декабрьде баяндама бойынша қорытынды сөз сөйледі. Сонымен бірге ол съездегі коммунистік фракцияның мәжілістерінде (21, 22, 24 және 27 декабрьде) концессиялар туралы мәселе бойынша және шаруалар шаруашылығын нығайту және өркендету шаралары туралы заң жобасын талқылауға байланысты алты рет сөз сөйледі.

Лениннің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндамасы бойынша съезд басым көпшілік дауыспен үкіметтің қызметін мақұлдаған қарар қабылдады. Антисоветтік декларациялармен шығып сөйлеп, өздерінің қарары жобасын өткізбек болған ұсақ буржуазиялық партиялар өкілдерінің әрекетіне съезд делегаттары ұйымдасқан түрде тойтарыс берді.

Советтердің VIII съезі Лениннің инициативасы мен нұсқаулары бойынша жасалған елді электрлендіру жоспарын (ГОЭЛРО жоспарын) қабылдады. Бұл Совет мемлекетінің тұңғыш перспективалық халық шаруашылық жоспары еді, оны Ленин «партияның екінші программасы» деп атады. Г. М. Кржижановскийдің баяндамасы бойынша қабылданған қарарды Ленин жазған болатын (қараңыз: осы том, 218—219-беттер).

Съездің күн тәртібіне қойылған ең маңызды мәселелердің бірі шаруалардың ауыл шаруашылығын нығайту және

өркендету шаралары туралы заң жобасы еді, бұл жобаны Халық Комиссарлары Советі 1920 жылғы 14 декабрьде қабылдаған болатын. Осы заң жобасының маңызын атап көрсете келіп, Ленин оның төңірегінде «бір нүктеге шоғырланғандай, осының маңына Совет өкіметінің жүздеген қаулылары мен заң жобалары топталып жинақталатындығында» деді (осы том, 164-бет). Заң жобасының негізгі қағидалары В. И. Лениннің қатысуымен 22 декабрьде Советтер съезі делегаттарының — партияда жоқ шаруалардың жеке кеңесінде және 24 және 27 декабрьде РКП(б) фракциясында талқыланды (қараңыз: осы том, 198—217, 429—433-беттер). Съезд заң жобасын бірауыздан қабылдады.

Бейбіт құрылысқа көшу ісі бүкіл советтік аппаратты жақсартуды және қайта құруды талап етті. Съезд совет құрылысы туралы кең көлемді қаулы қабылдады. Бұл қаулы өкімет пен басқару ісінің орталық және жергілікті органдарының қарым-қатынасын тәртіпке келтірді. Жаңа шаруашылық міндеттерге сәйкес халық шаруашылығына басшылық етудің бүкіл жүйесін қайта құру мәселелері съезд жұмысында үлкен орын алды. Съезд Еңбек және Қорғаныс Советі туралы жаңа ережені бекітті.

Советтердің VIII съезі «Еңбек Қызыл Ту» орденін бекітті; бұл орденмен шаруашылық міндеттерді шешудегі жанқиярлығы, инициативасы, еңбек сүйгіштігі мен ұйымшылдығы үшін наградталатын болды. — *99.*

58 1920 жылғы 21 декабрьде кешке Одақтар үйінің Колонналы залында Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіндегі РКП(б) фракциясының мәжілісінде В. И. Ленин концессиялар туралы баяндама жасады және осы баяндама бойынша қорытынды сөз сөйледі.

Фракция мәжілісі съезд ашылар қарсаңында өткізілді. Фракция съездің күн тәртібін және оның жұмыс тәртібін талқылады. «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің сыртқы және ішкі саясат туралы баяндамасы» (қараңыз: осы том, 141—179-беттер), «Ауыл шаруашылығы өндірісін өркендету және шаруалар шаруашылығына жәрдемдесу туралы» және «Орталықта және жергілікті жерлерде совет органдарының қызметін жақсарту және бюрократизмге қарсы күресу туралы» баяндамаларды алдын ала фракция мәжілістерінде талқылау жөнінде шешім қабылданды.—*101.*

59 В. И. Ленин, сірә, жапон агрессорларынан қаза тапқандарды еске түсіруге арналған «Қызыл Голгофа» деген жинақты айтып отыр. — *104.*

60 1919 жылы 26 майда Антантаның Жоғарғы кеңесі Колчакқа Вильсонның, Ллойд Джорджның, Клемансоның, Орландоның және Сайонздзидің қолдары қойылған нота жолдаған-ды,

мұнда олардың Колчакты тануға және оның бүкіл россиялық әмірші ретінде орнығуы үшін оған соғыс жарақтары, азық-түлік, оқ-дәрі жағынан жәрдем көрсетуге әзір екендігі жайында айтылған. Сонымен қатар одақтастар Колчактан кейбір шарттарды орындауды: Москваны алғаннан кейін құрылтай жиналысын шақыруды, Польша мен Финляндияның тәуелсіздігін тануды, Россияның Эстониямен, Латвиямен, Литвамен, Кавказдағы және Каспий сыртындағы облыстармен арадағы қарым-қатынас мәселесін реттеу мүмкін болмаған жағдайда бұл мәселені Ұлттар лигасына беруді, оған дейін бұл территорияларды автономиялы деп тануды және басқаларды талап етті. Колчак Антантаның Жоғарғы кеңесіне жолдаған жауап хатында одақтастардың бірқатар шарттарын қабылдауға әзір екенін білдірді. 12 июльде Англия, Франция, Америка Құрама Штаттары және Италия Колчактың жауабын қанағаттанарлық деп танып, өздерінің оған жәрдем көрсетуге әзір екенін тағы да растады. — *105.*

61 *«Қимыл комитеттері» («Қимыл советтері»)* 1920 жылы августың басында құрыла бастады, оларды ағылшын жұмысшылары Англияның Советтік Россияға қарсы соғысқа кірісуіне бөгет жасау үшін құрды. Августың аяғына қарай Англияда 150-ден астам осындай ұйым болды, ал бір айдан кейін олардың саны екі есе көбейді. «Қимыл комитеттерін» ұйымдастыру ісінде Великобритания коммунистік партиясы зор роль атқарды. Бұқаралық революциялық қозғалыстың қысымымен тред-юниондар мен Жұмысшы партиясының оппортунистік лидерлері басқарған орталық «Қимыл комитеті» үкіметтің антисоветтік саясатына қарсы шығуға мәжбүр болды. Бірақ революциялық қозғалыстың өрлеуінен қорыққан үкімет Советтік Россиямен соғысудан бас тартқан кезде, орталық «Қимыл комитеті» күресті одан әрі өрістетуден тартынды және жергілікті ұйымдардың қызметін тежей бастады. Бұл «Қимыл комитеттерінің» жұмысына нұқсан келтіріп, қозғалысты әлсіретті; 1921 жылдың бас кезіне қарай олар тарап кетті. — *111.*

62 Әңгіме Коминтернніц II конгресі 1920 жылғы 6 августа қабылдаған Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары туралы болып отыр. Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары конгресс сайлаған комиссияда алдын ала талқыланды. Комиссия құрамына Россия, Германия, Болгария, Америка Құрама Штаттары, Венгрия, Австрия, Голландия коммунистік партияларынан, Ирландияның дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшыларынан, Швейцария социал-демократиялық партиясының сол қанатынан және Франция коммунистік тобынан өкілдер енді. Комиссияның жұмысына В. И. Ленин тікелей қатысты. «Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары» жөніндегі тезистер комиссия жұмысының негізіне алынды (қараңыз: Шығармалар толық жина-

ғы, 41-том, 224—231, 232-беттер). 29 июльде комиссия тезистерді конгрестің талқылауына ұсынды. — *112.*

63 Бұл арада *Шығыс халықтарының бірінші съезі* айтылып отыр, съезд 1920 жылы 1—7 сентябрьде Бакуде өтті. Съезге 1891 делегат—37 ұлттың (Кавказдың, Орта Азияның, Ауғанстанның, Египеттің, Индияның, Иранның, Қытайдың, Кореяның, Сирияның, Түркияның, Жапонияның және басқа елдердің) өкілдері келді. Съезд делегаттарының үштен екісі (1273 делегат) коммунистер болды. Съездің ашылу қарсаңында, 31 августа, жұмысшы, қызыл әскер және матрос депутаттарының Баку Советі мен кәсіподақтардың Азербайжан съезінің салтанатты жиналысы болды, бұл жиналыс съезге келген делегаттарды құттықтады. Жиналыста Шығыс халықтарын Европа мен Американың коммунистік партияларының өкілдері де — Бела Кун (Венгрия), Томас Квелч (Англия), Джон Рид (Америка Құрама Штаттары), т. б. құттықтап сөз сөйледі.

Шығыс халықтарының съезі мына мәселелерді талқылады: 1) Халықаралық жағдай және Шығыс халықтары еңбекшілерінің міндеттері; 2) Ұлт-отар мәселесі; 3) Аграрлық мәселе; 4) Шығыстағы Советтер; 5) Ұйымдық мәселе жәпе басқа мәселелер. Съезде материалдарды әзірлеу үшін төрт секция: аграрлық мәселе жөнінде, ұлт-отар мәселесі жөнінде, совет құрылысы мәселесі жөнінде және ұйымдық мәселе жөнінде секциялар құрылды.

Шығыс халықтарының съезі Коммунистік Интернационалдың II конгресінің шешімдерін қостады және осы шешімдердің негізінде бірқатар қарарлар қабылдады. Съезд Шығыс халықтарын отаршылдарға қарсы күреске шақырған үндеу хат пен Европа, Америка және Жапония еңбекшілерін Шығыс халықтарының азаттық қозғалысын қолдауға шақырған үндеу хатты жариялауға қаулы қабылдады. Қабылданған шешімдерді жүзеге асыру үшін съезд Коминтерннің Атқару Комитеті жанынан тұрақты орган — Шығыс халықтарының насихат және қимыл Советін құрды.

Коминтерннің II конгресі мен Шығыс халықтарының бірінші съезі туралы айта келіп, В. И. Ленин былай деп атап көрсетті: «Бұл съездер коммунистерді топтастырған халықаралық съездер болды, олар барлық цивилизациялы елдерде және шығыстың барлық артта қалған елдерінде большевиктік ту, большевизм программасы, большевиктердің қимыл әдістері — барлық цивилизациялы елдердің жұмысшылары үшін, барлық артта қалған отар елдердің шаруалары үшін құтқару туы, күрес туы екендігін көрсетті, шынында да Советтік Россия соңғы үш жылдың ішінде өзіне тұншықтырмақшы болып тарпа бас салғандарға тойтарыс беріп қана қоймай, сонымен бірге бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілердің тілектестігіне ие болғандығын көрсетті...» (Шығармалар толық жинағы, 41-том, 388—389-беттер). — *113.*

64 *Ұлттар лигасы* — бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстардың аралығындағы кезеңде болған халықаралық ұйым. Ол 1919 жылы бірінші дүние жүзілік соғыста жеңіске жеткен державалардың Париж бейбітшілік конференциясында құрылды. Ұлттар лигасының уставы 1919 жылғы Версаль бітім шартының бір бөлегі болды және оған 44 мемлекет қол қойған еді. Ұлттар лигасының қызметін Ассамблея, Ұлттар лигасы Советі және бас секретарь басқаратын тұрақты Секретариат жүзеге асырып отырды. Ұлттар лигасының уставы бұл ұйым агрессияға қарсы күресу, қару-жарақты қысқарту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту мақсатын көздейді деген әсер тудыратындай етіп жасалды. Шындығына келгенде Ұлттар лигасының басшылары агрессорларды қолпаштап, жанталаса қаруланууды және екінші дүние жүзілік соғысқа әзірленуді көтермеледі.

1920 жылдан 1934 жылға дейінгі кезеңде Ұлттар лигасының қызметі Совет Одағына дұшпандық сипатта болды. 1920—1921 жылдары Ұлттар лигасы Совет мемлекетіне қарсы қарулы интервенцияны ұйымдастыру орталықтарының біріне айналды.

1934 жылы 15 сентябрьде француз дипломатиясының инициативасы бойынша Ұлттар лигасына мүше 34 мемлекет Совет Одағына Лигаға кіру жөнінде ұсыныс жасады. Бейбітшілікті нығайту жолында күресу мақсатын көздеген СССР Ұлттар лигасына кірді. Алайда СССР-дің бейбітшілік майданын құру жөніндегі әрекеттері батыс державалардың реакцияшыл топтарының қарсылығына кездесе берді. Екінші дүние жүзілік соғыс басталғаннан кейін Ұлттар лигасының қызметі іс жүзінде тоқтап қалды. Арнайы шақырылған Ассамблеяның қаулысы бойынша 1946 жылы апрельде Ұлттар лигасы ресми түрде таратылды.— *114*.

65 *Спартакшылдар* — герман солшыл социал-демократтарының революциялық ұйымының мүшелері; ұйымды дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде К. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Ю. Мархлевский, Л. Иогихес (Тышка) және В. Пик ұйымдастырды. Спартакшылдар бұқара арасында революциялық насихат жүргізді, соғысқа қарсы жаппай бой көрсетулер ұйымдастырды, стачкаларға басшылық етті, дүние жүзілік соғыстың империалистік сипатын және социал-демократияның оппортунистік лидерлерінің сатқындығын әшкереледі. Алайда спартакшылдар теория мен саясаттың кейбір аса маңызды мәселелерінде елеулі қателіктер жіберді. Ленин герман солшыл социал-демократтарының қателіктерін талай рет сынап, олардың дұрыс позиция ұстауына көмектесті (мәселен, «Юниустың кітапшасы туралы», «Пролетарлық революцияның соғыс программасы» деген еңбектеріп қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 30-том, 1—18, 149—162-беттер).

1917 жылы апрельде спартакшылдар центристік Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясына кіріп, онда өздерінің ұйымдық дербестігін сақтады. 1918 жылы ноябрьде, Германиядағы революция барысында, спартакшылдар «Спартак одағы» болып қалыптасты, 14 декабрьде өз программасын жариялады, «тәуелсіздерден» қол үзді. 1918 жылы 30 декабрьде — 1919 жылы 1 январьда болған Құрылтай съезінде спартакшылдар Германия Коммунистік партиясын құрды. — *116.*

66 Халық Комиссарлары Советінің концессиялар туралы декреті, орман, азық-түлік және кен концессияларының карталары, сондай-ақ басшы совет қызметкерлерінің бірқатар мақалалары 1921 жылы «Russische Korrespondenz» («Орыс Корреспонденциясы») журналының 1—2-номерінде неміс тілінде жарияланды. — *117.*

67 Әңгіме РКП(б) Москва ұйымы активінің 1920 жылғы 6 декабрьде өткен жиналысы туралы болып отыр.—*123.*

68 *Сухаревка* — Москвадағы 1692 жылы I Петр салдырған Сухарев мұнарасының төңірегіне орналасқан базар. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы жылдары Сухаревка жалдаптықтың орталығына айналды, «еркін», жеке саудаdebіның синонимі болып алды. 1920 жылы декабрьде Москва Советі базарды жабу туралы шешім қабылдады. Жаңа экономикалық саясат жылдарында ол қайта қалпына келіп, 1932 жылға дейін сақталып келді. 1934 жылы көше жүрісіне кедергі келтіргендіктен Сухарев мұнарасы бұзылды. Қазір бұрынғы Сухаревка территориясына Колхоз алаңы орналасқан. — *126.*

69 РКП(б) Орталық Комитетінің 1920 жылғы 8 декабрьдегі пленумының шешімі бойынша партияның X съезі 1921 жылғы февральда шақырылатын болып тағайындалды. Январьда жергілікті ұйымдардың өтініші бойынша Орталық Комитет съезді мартқа қалдыру туралы шешім қабылдады. — *132.*

70 Франция үкіметі 1920 жылы 10 августа Врангельді «Россия Оңтүстігінің әміршісі» деп танитындығы туралы ресми мәлімдеме жасады, сөйтіп Врангель «үкіметі» жанындағы өзінің дипломатиялық өкілі етіп де Мартельді тағайындады, ол бұған дейін Францияның Колчак жанындағы, ал одан кейін Кавказдағы буржуазиялық үкіметтер жанындағы өкілі болатын. — *143.*

71 РСФСР мен Персия арасында достық қатынастар орнату туралы шартқа, ағылшын билеуші топтары тарапынан болған кедергілерге қарамастан, 1921 жылғы 26 февральда Москвада қол қойылды. Ол шарт мемлекеттердің бейбіт қатар

өмір сүруі мен ынтымақтастығы — теңдігі, суверенитетін құрметтеу, ішкі істеріне қол сұқпау және өзара тиімділік принциптеріне негізделді. Бұл шарт арқылы патшалық Россияның Персиямен және басқа үшінші державалармен жасасқан, иран халқының суверендік мүдделеріне нұқсан келтіретін келісімдердің бәрі жойылды. Патша үкіметінің Персия территориясынан алған концессияларының бәрі оның өзіне қайтарылып берілді. Совет үкіметі патша үкіметінің Персияға берген қарыздары жөніндегі праволардың бәрінен бас тартты. Россияға немесе Персияға қарсы күресуді мақсат еткен ұйымдар немесе топтар құруға, немесе олардың өз территорияларында болуына жол бермеуге екі жақты міндеттейтін статьялардың ерекше маңызы болды. Бұл Персия жасасқан шарттардың ішіндегі тұңғыш тең праволы шарт болды. — *145.*

72 *ВЦСПС жанындағы өндірістік насихаттың Бүкіл россиялық бюросы* РКП(б) Орталық Комитетінің 1920 жылғы 8 декабрьдегі пленумының шешімі бойынша құрылды. Оның құрамына РКП(б) Орталық Комитетінен, ВЦСПС-тен, Халық шаруашылығы жоғары советінен, Саяси ағарту бас комитетінен, Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқармадан және Егіншілік халық комиссариатынан өкілдер енді. РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросы 1921 жылғы 21 январьда бюро туралы ережені бекітті, бұл ереже орталықта және жергілікті жерлерде өндірістік насихат органдарының мақсаттары мен міндеттерін және олардың құрылымын белгілеп берді. Бүкіл россиялық бюроға жұмыстың жалпы жоспарын жасау, әр түрлі органдар мен мекемелердің өндірістік үгіт және насихат жүргізуіне басшылық ету және оны бақылау жүктелді. — *157.*

73 *№ 1042 бұйрықты* Қатынас жолдары бас басқармасы 1920 жылғы 22 майда шығарды. Бұл бұйрықта империалистік және азамат соғыстары кезінде қираған паровоздарды қалпына келтіру туралы сөз болды. Бұйрық $4^1/_2$ жылдық (1920 жылғы 1 июльден бастап) мерзім белгіледі, осы мерзімнің ішінде жөндеуге қойылған паровоздар 60-проценттен 20 процентке дейін кемітілуге тиіс болды. — *169.*

74 Әңгіме Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіне арналып шығарылған С. И. Гусевтің «Бірыңғай шаруашылық жоспар және бірыңғай шаруашылық аппарат» деген кітапшасы туралы болып отыр. Оның «Шаруашылық құрылысының кезектегі мәселелері (РКП Орталық Комитетінің тезистері туралы)» деген бұдан бұрынғы кітапшасы партияның IX съезіне арналып шығарылған еді. Ол кітапша туралы Ленин партияның IX съезінде 1920 жылғы 29 мартта жасаған өзінің баяндамасында жақсы пікір айтқан болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 40-том, 280-бет). — *171.*

75 Москва губерниясының Волоколамск уезіндегі Ярополъск болысының Кашино деревнясы шаруаларының шақыруы бойынша В. И. Ленин мен Н. К. Крупская 1920 жылы 14 ноябрьде электр станциясының ашылуына қатысты. Ол шаруалармен әңгімелесті, митингіде халықаралық жағдай туралы және халық шаруашылығында электрлендірудің маңызы туралы сөз сөйледі. В. И. Ленин мен Н. К. Крупская Кашино деревнясының митингіге қатысқан бір топ шаруаларымен бірге суретке түсті. — *177.*

76 В. И. Лениннің Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіндегі РКП(б) фракциясының 1920 жылғы 22 декабрьдегі кешкі мәжілісінде сөйлеген сөзі фракцияда «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің сыртқы және ішкі саясат туралы баяндамасын» талқылау кезінде сөйленген сөздерге жауап еді. — *180.*

77 *Керзонның нотасы* 1920 жылы жазда ақ поляк басқыншыларын Украина мен Белоруссиядан қуған Қызыл Армияның табыстарына байланысты туған еді. Совет әскерлері шабуылды өрістете отырып, Львов пен Варшаваға дейін дерлік жетті; поляк армиясы толық талқандалу шегіне жетті. Қызыл Армияның алға жылжуын бөгеу үшін және пандар Польшасын күйреуден, Врангельді талқандалудан сақтап қалу үшін Англия үкіметі 1920 жылғы 11 июльде Советтік Россияға нота жолдады, оған сыртқы істер министрі Керзон қол қойды. Нотада Қызыл Армияның шабуылын тоқтату, Польшамен уақытша бітім жасасу және Врангельге қарсы соғысты тоқтату жөнінде үзілді-кесілді талап етілді. Нотада Польша мен Советтік Россия арасындағы мемлекеттік шекараны «Керзон линиясы» дейтін линия бойынша белгілеу ұсынылды, бұл линия Гроднодан шығысқа таман шамамен 50 километр жерден Немиров пен Брест-Литовск арқылы Перемышль мен Карпатқа қарай кесіп өткен болар еді. Ағылшын үкіметі өзінің делдалдығын ұсынды және бұл ультиматум қабылданбаған жағдайда, «өздерінің қарамағындағы барлық құрал-жабдықтармен» Польшаға жәрдем береміз деп Антантаның жоғарғы советі атынан қорқытпақ болды.

В. И. Лениннің ұсыныстары негізінде жазылған жауап нотада Совет үкіметі Керзонның делдалдығынан батыл бас тартты, сөйтіп Польшамен тікелей келіс сөздер жүргізу талабын қойды. Совет үкіметі Англияның Қырымды аннексиялау әрекетіне қарсы наразылық білдірді және Врангель мен оның әскерлері дереу, толық тізе бүккен жағдайда ғана олардың жеке бастарының қауіпсіздігіне кепілдік беруге келісті. — *182.*

78 Бұл арада ол кезде Москва Советі басшылық ететін барлық әкімшілік, шаруашылық және мәдени мекемелердегі қызметкерлердің саны айтылып отыр.— *183.*

79 В. И. Ленин, сірә, «Россия коммунистік (большевиктер) партиясы Программасының» мына жерін айтып отырса керек: «РКП деревнядағы өзінің бүкіл жұмысында бұрынғыша деревняның пролетарлық және жартылай пролетарлық топтарына сүйенеді, оларды ең алдымен дербес күшке ұйымдастырып, деревняда партия ұяларын, кедейлер ұйымдарын, деревняның пролетарлары мен жартылай пролетарлары кәсіптік одақтарының ерекше типін, т. т. құрады, оларды қала пролетариатымен мейлінше жақындастырады, сөйтіп оларды деревня буржуазиясы мен ұсақ меншікшілдік мүдделердің ықпалынан босатады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 54-бет).— *189.*

80 Әңгіме Всеработземлес — ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы жұмысшыларының кәсіптік одағы туралы болып отыр. — *189.*

81 В. И. Ленин «Россия коммунистік (большевиктер) партиясы Программасының» мына жерін айтып отыр: «Кәсіптік одақтардың шаруашылықты жүргізу ісіне қатысуы және олардың бұған қалың бұқараны тартуы, сонымен бірге Совет өкіметінің экономикалық аппаратының бюрократтануына қарсы күрестің ең басты құралы да болып табылады және өндірістің нәтижелеріне шын халық бақылауын орнатуға мүмкіндік береді» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 51-бет).— *190.*

82 1920 жылы 22 декабрьде В. И. Ленин Советтердің VIII съезінің партияда жоқ шаруа делегаттарының жеке кеңесіне қатысты; бұл кеңесті Лениннің өтініші бойынша Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі М. И. Калинин ұйымдастырған болатын. Кеңес Халық Комиссарлары Советінің ауыл шаруашылығын шығайту және өркендету жөнінде 14 декабрьде қабылдаған, сөйтіп съездің қарауына ұсынған декретін алдын ала талқылауға арналды. Ленин жарыс сөздердің барысын зор ынтамен қадағалай отырып, сөйленген сөздерді қысқаша жазып алады (қараңыз: осы том, 429—433-беттер). — *193.*

83 Бұл арада оппортунистік лидерлер құрған центристік социалистік партиялар мен топтардың халықаралық ұйымы айтылып отыр; бұл центристік социалистік партиялар мен топтар революциялық бұқараның қысымымен II Интернационалдан шыққан болатын. «2½ Интернационал» немесе «Веналық Интернационал» (ресми аты «Социалистік партиялардың халықаралық бірлестігі») деген атпен белгілі болған бұл бірлестік 1921 жылғы февральда Венадағы кон-

ференцияда қалыптасты. Сөз жүзінде II Интернационалды сынай отырып, 2½ Интернационалдың лидерлері іс жүзінде пролетарлық қозғалыстың барлық ең маңызды мәселелері жөнінде жұмысшы табы ішінде оппортунистік, жікшілдік саясат жүргізді және құрылған бірлестікті коммунистердің жұмысшы бұқарасына ықпалының өсуіне қарсы пайдалануға тырысты. «Революционерлер деп атанғысы келіп,— деп жазды В. И. Ленин,— II½ Интернационалдағы мырзалар елеулі жағдай атаулының бәрінде іс жүзінде контрреволюцияшыл болып шығады, өйткені олар ескі мемлекеттік аппаратты күшпен қиратудан қорқады, олар жұмысшы табының күшіне сенбейді» (Шығармалар, 33-том, 6-бет).

1923 жылы майда II және 2½ Интернационалдар бірігіп, Социалистік жұмысшы Интернационалы деп аталатын болды. — *193.*

84 Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіндегі РКП(б) фракциясының 1920 жылғы 24 декабрьде өткен таңертеңгі мәжілісі ауыл шаруашылығын қалпына келтіру проблемасына арналды, бұл съездің күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі болып саналды. Халық Комиссарлары Советі 14 декабрьде қабылдап, съездің қарауына ұсынған «Шаруалардың ауыл шаруашылығын нығайту және дамыту шаралары туралы» деген заң жобасына үлкен назар аударылды.

Заң жобасы фракция мәжілісінде алдын ала талқыланғаннан кейін съездің пленум мәжілісіне ұсынылды, ал одан соң егіншілік секциясының зерттеуіне берілді, секция оған бірқатар толықтырулар мен өзгерістер енгізді. Секция өңдеген заң жобасы фракцияның 25 және 27 декабрьдегі мәжілістерінде тағы да талқыланды. Тек осындай мұқият және егжей-тегжейлі талқыланғаннан кейін ғана съезд 28 декабрьде заң жобасын қабылдады. — *198.*

85 Ленин бұл арада РКП(б) VIII съезінде 1919 жылғы 23 мартта деревнядағы жұмыс туралы жасаған баяндамасында өзі ұсынған: *«Орта шаруаларға күш қолдану өте-мөте зиянды іс болып табылады»* деген қағиданы айтып отыр (Шығармалар толық жинағы, 38-том, 221-бет). — *198.*

86 Ленин бұл арада Советтердің Бүкіл россиялық III съезі 1918 жылғы 18 (31) январьда қабылдаған және 19 февральда «Известия ВЦИК» газетінің 28-номерінде жарияланған жерді социализациялау туралы заңды айтып отыр. 6-статьяда былай делінген: «Жеке иеліктегі бүкіл ауыл шаруашылық күш-көлігі мен құрал-сайман еңбекпен айналыспайтын шаруашылықтардан, өздерінің маңызына қарай, уездік, губерниялық, облыстық және федеральдық Советтердің жер бөлімдерінің қарамағына ешқандай төлемсіз көшіріледі».— *201.*

[87] Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің «Шаруалардың ауыл шаруашылығын нығайту және дамыту шаралары туралы» қарарының жобасын талқылаганда съездегі коммунистік фракция жекелеген үй қожайындарына дербес сыйлық беруге байланысты пункттерді алып тастауды жақтап пікір айтты. Орталық Комитеттің 1920 жылғы 27 декабрьдегі пленумы осы мәселені қараған кезде съездегі фракцияның теріс шешім қабылдағанын атап көрсетіп, оны қайта қарауды ұсынды. Пленум В. И. Ленин ұсынған қаулының жобасын қабылдады, онда жекелеген үй қожайындарына сыйлық берудің шарттары мен принциптері белгіленді (қараңыз: осы том, 221-бет). Пленум Ленинге осы мәселе жөнінде съездегі фракцияда баяндама жасауды тапсырды. Ленин соз сойлегеннен кейін фракция озінің бұрынгы шешімінен бас тартты. — *206.*

[88] *«Еңбек Қызыл Туы» ордені* Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің шешімі бойынша шаруашылық міндеттерді орындауда ерекше жанқиярлық, инициатива, еңбек сүйгіштік және ұйымшылдық көрсеткен еңбекшілер топтары мен жекелеген азаматтарды наградтау үшін белгіленген болатын. — *210.*

[89] Әңгіме Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің делегаты Еремин туралы болып отыр.—*212.*

[90] В. И. Лениннің Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіндегі РКП(б) фракциясының мәжілісінде сөйлеген сөзінен кейін (қараңыз: осы том, 206—211-беттер) жарыс соз кең оріс алды. Жарыс сөзде сөйлеген орта шаруа-қызыл әскер Еремин кулактар ауыл шаруашылық құралдары мен жұмыс аттарын кедейлерден бәрібір тартып алады деп дәлелдеуге тырысты. Ол мынадай мысал келтірді: Тамбов губерниясының Козловск уезінде ашыққан кедейлер кулактарға оздерінің аттарын 5 пұт астыққа сатуга мәжбүр болган. — *213.*

[91] Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 139-бет. — *217.*

[92] В. И. Ленин бұл арада Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіндегі РКП(б) фракциясының мәжілісінде сөйлеген сөзінен кейін озіне қойылған сұраққа жауап береді. Сұрақ қоюшы адам Орталық Комитет пленумының шешімін (қараңыз: 87-ескерту) қоргау үшін В. И. Лениннің беделі қажет болған болса, онда бұл шешімнің қандай да бір елеулі кемшіліктері болған шығар деген болжам айтады. — *217.*

[93] Жекелеген үй қожайындарына сыйлық беру туралы пункттер Орталық Комитеттің пленумында 1920 жылғы 27 ноябрь-

де қабылданды және Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің «Шаруалардың ауыл шаруашылығын нығайту және дамыту шаралары туралы» қарарына енгізілді.—*221.*

94 Әңгіме бірінші орыс революциясы кезінде 1905 жылы Москвада болған Декабрь қарулы көтерілісі туралы болып отыр. Москваның ізінше 1905 жылдың декабрінде және 1906 жылдың январында көтеріліс басқа да бірқатар жерлерде: Нижний Новгородта, Дондағы Ростовта, Новороссийскіде, Донбасста, Екатеринославта, Пермьде (Мотовилихада), Уфада, Красноярскіде, Читада қыза түсті. Закавказьеде, Польшада, Прибалтикада, Финляндияда ірі қарулы бой көрсетулер болып өтті. Бірақ бұл бытыраңқы көтерілістердің бәрін патша үкіметі аяусыз басып тастады.

Декабрь қарулы көтерілісі революцияның өрлеуінің жоғары шыңы болды. Декабрь қарулы көтерілісінің маңызын жоғары бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: халық «жауынгерлік сыннан өтті. Ол көтерілісте шынықты. Ол жауынгерлер топтарын әзірледі, олар 1917 ж. жеңіп шықты» (осы том, 223-бет). Декабрь қарулы көтерілісі жөнінде Лениннің «Москва көтерілісінің сабақтары» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық. жинағы, 13-том, 407—415-беттер).— *222.*

95 Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіндегі, ВЦСПС-тегі және кәсіптік одақтардың Москва қалалық советіндегі РКП(б) фракцияларының 1920 жылы 30 декабрьде Үлкен театрда өткен бірлескен мәжілісінде сөйленген сөз кәсіптік одақтардың социалистік құрылыстағы ролі мен міндеттері туралы айтысқа байланысты В. И. Лениннің партия активі алдында сөйлеген бірінші сөзі болды.

Партияға айтысты Троцкий әкеп таңды; Троцкий 3 ноябрьде кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясындағы РКП(б) фракциясының мәжілісінде партияның кәсіподақтарда демократия принциптерін өрістету жөніндегі бағытына «әскери коммунизм бұрандасын бұрай түсу керек» деген үндеумен қарсы шықты.

Алауыздықтың мәнісі «бұқараға *жақындау,* бұқараны өз жағына тарту, бұқарамен *байланыс жасау* әдістері туралы мәселе жөніндегі» пікір алшақтығында еді (қараңыз: осы том, 228-бет). Фракцияда туған алауыздықтар РКП(б) Орталық Комитеті пленумының талқысына салынды. Алайда декабрьдің аяқ шенінде кәсіподақтар жөніндегі айтыс өршіп, Орталық Комитеттің шеңберінен шығып кетті. 24 декабрьде Троцкий кәсіптік қозғалыс қызметкерлерінің активі мен Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі делегаттарының жиналысында сөз сөйледі. 25 декабрьде ол кітапша шығарды, бұл кітапша антипартиялық фракцияның қалыптасқандығын көрсетті. Мұның өзі антипартиялық басқа топтардың: «буферлік», «жұмысшы оппозициясы», «демократия-

лық централизм» жәпе басқа топтардың бас көтеруі үшін дабыл қағу болды.

Ленин бұл айтыс партияның назары мен күшін экономикалық күйзеліс пен ашаршылыққа қарсы күресуге бағытталған кокейтесті шаруашылық міндеттерді шешуден басқа жаққа аударып жібереді деп санап, айтысқа қарсы болды. Бірақ оппозиционерлердің бас көтеруіне байланысты Ленин оларға қарсы батыл күрес жүргізді, басты соққыны антипартиялық топсымақтардың негізгі күші ретінде троцкистерге қарсы бағыттады. Бұдан кейінгі сөйлеген бірсыпыра сөздерінде, сондай-ақ «Партия дағдарысы», «Тағы да кәсіподақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий мен Бухарин жолдастардың қателіктері туралы» деген мақалаларында (қараңыз: осы том, 260—272, 294—340-беттер) Ленин партияның ішкі күресінің шын мәнін ашып берді, партияның бірлігін бұзған оппозиционерлер әрекетінің фракциялық сипатын әшкереледі және олар әкеп таңған айтыстың зияндылығын көрсетті. Сонымен бірге ол кәсіптік одақтардың пролетариат диктатурасы системасындағы ролі және социалистік құрылыстағы міндеттері туралы бірқатар аса маңызды принципті қағидаларды ұсынды және дамытты.

Кәсіподақтар туралы айтыс екі айдан астам уақытқа созылды. Айтыстың барысында партия ұйымдарының басым көпшілігі лениндік платформаны мақұлдады. Негізгі партия ұйымдарының бәрінде де оппозиция толық жеңіліске ұшырады. Айтыс партияның 1921 жылғы 8—16 мартта өткен X съезінде қорытындыланды. — *224.*

96 Партияның IX съезінің күн тәртібіне шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері туралы және кәсіптік қозғалыс туралы мәселелер енгізілді. Съезд социалистік құрылыстың ең таяу уақыттағы шаруашылық міндеттерін белгіледі және кәсіптік одақтардың социалистік құрылысқа практика жүзінде қатысуы қажеттігін айрықша атап көрсетті. Бұл «Шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері туралы» және «Кәсіптік одақтар және олардың ұйымдары туралы мәселе жөнінде» деген қарарларда бейнеленді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 155—169, 170—174-беттер).— *227.*

97 Әңгіме РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясының «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарары жөнінде болып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 196—203-беттер).—*234.*

98 *«Известия Центрального Комитета Российской Коммунистической Партии (большевиков)»* — Орталық Комитеттің ин-

формациялық бюллетені, онда партия өмірінің мәселелері жазылып тұрды. РКП(б) VIII съезінің шешімі бойынша 1919 жылғы 28 майдан шығарыла бастады. Алғашқы номерлері «Правда» газетіне апталық қосымша ретінде, ал 1920 жылғы октябрьден бастап дербес орган ретінде шығарылды.

1929 жылы «Известия ЦК ВКП(б)» екі аптада бір шығатын «Партийное Строительство» журналы болып қайта құрылды, сөйтіп 1946 жылдың июніне дейін осы атпен шығып тұрды, ал кейін екі аптада бір шығатын «Партийная Жизнь» журналы болып өзгертілді. — *234.*

99 *«Буферлік топ»* — 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде бой көрсеткен антипартиялық фракцияшыл топтардың бірі. Топты Н. И. Бухарин басқарды, оған Ю. Ларин, Е. А. Преображенский, Л. П. Серебряков, Г. Я. Сокольников, В. Н. Яковлева және басқалар кірді. Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы мәселе жөнінде В. И. Ленин мен Л. Д. Троцкийдің арасындағы алауыздықтарды жұмсартқысы келгенсіп, «буферлік топ» ленинизмді троцкизммен ымыраластыруға әрекет жасады. Бухарин ымыраластырушы ролін атқарған болып, Троцкийді барынша қорғап, Ленинге шабуыл жасады. Ленин Бухариннің позициясына «бір адам қолына керосин құйылған шелек ұстап, ол керосинді отқа құйып тұрған болар еді» (осы том, 244-бет) деп бейнелі сипаттама берді. «Буферлік топ» Троцкийдің фракциялық әрекетіне жәрдемдесіп, партияға үлкен зиян келтірді. Ол топ іс жүзінде ең жаман әрі ең зиянды фракцияшылдықтың жәрдемшісі болды; Бухариннің және оның жақтастарының тезистерін Ленин «*идеялық* тозғындаудың шыңы» (осы том, 267-бет) деп атады. Көп ұзамай Бухарин өз платформасынан бас тартып, Троцкийдің позициясына ашықтан-ашық қосылды.

«Буферлік топтың» сипаттамасын және бұл топтың антипартиялық көзқарастарына бағаны Ленин «Партия дағдарысы» деген мақалада, «Тағы да кәсіподақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий мен Бухарин жолдастардың қателіктері туралы» деген кітапшада (қараңыз: осы том, 260—272, 294—340-беттер) және басқа шығармаларда берді.— *234.*

100 *Главполитпуть (Қатынас жолдары халық комиссариатының Бас саяси бөлімі)* РКП(б) Орталық Комитетінің тікелей басшылығымен жұмыс істейтін уақытша саяси орган ретінде 1919 жылы февральда құрылды; 1920 жылы январьда ол Қатынас жолдары халық комиссариатының Бас саяси басқармасы болып қайта құрылды. Главполитпуть транспортты империалистік және азамат соғыстарының салдарынан толық бүлінуден сақтап қалуға, транспорт жұмысшылары арасында партиялық және саяси жұмысқа басшылықты күшейтуге, теміржолшылардың кәсіптік одағын ығайтуға

және оны транспортты одан әрі оркендету құралына айналдыруға бағытталған төтенше шараларды іске асыру үшін құрылды. Главполитпуть темір жолдарда әскери тәртіп енгізді, оларды бүтіндей әскери кезеңнің міндеттеріне бағындырды. Главполитпуть жұмысының төтенше әдістері транспортты күйзелістен құтқаруға мүмкіндік берді, сонымен бірге бюрократизмді күшейтіп, бұқарадан қол үзу, кәсіподақтарда жұмыстың демократиялық әдістерінен бас тарту тенденциясын да тудырды.

1920 жылы азамат соғысы аяқталып, бейбіт құрылысқа көшуге байланысты РКП(б) Орталық Комитеті пленумының 7 декабрьдегі шешімі бойынша Главполитпуть таратылды. — *243.*

[101] Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 165—166-беттер.— *243.*

[102] *Политвод (Главполитвод — Қатынас жолдары халық комиссариатының су транспорты Бас саяси басқармасы)* Главполитпутьтің бөлімшесі ретінде 1920 жылы апрельде құрылды. Ол әкімшілік-техникалық аппаратқа саяси бақылау жасауға, су транспортын жылдам қалпына келтіруге бағытталған саяси-ағарту жұмысына басшылық етуге, еңбек өнімділігін арттырып, еңбек тәртібін жолға қою үшін күресуге тиіс болды. 1920 жылы декабрьде таратылды.— *243.*

[103] В. И. Лениннің ескертпелері Н. К. Крупскаяның тезистеріне арналып жазылған, бұл тезистерді Н. К. Крупская РКП(б) Орталық Комитеті шақырған халыққа білім беру мәселелері жөніндегі партия кеңесінде баяндама жасау үшін әзірлеген болатын. Кеңес Москвада 1920 жылғы 31 декабрьден 1921 жылғы 4 январьға дейін өткізілді, оның міндеті РКП(б) X съезіне ағарту ісін ұйымдастыру жөнінде материалдар әзірлеу болды. Кеңес бірнеше мәселені: әлеуметтік тәрбие туралы, оқыту реформасы туралы, кәсіптік білім беру міндеттері туралы мәселелерді талқылады. Кеңесте Н. К. Крупскаяның политехникалық білім беру туралы баяндамасы да тыңдалмақшы еді, алайда оның сырқаттанып қалуына байланысты баяндама жасалған жоқ.—*253.*

[104] *Г. Ф. Гринько* — Украинадағы халық ағарту комиссары — халыққа білім беру жөнінде өз схемасын ұсынды. Ол схеманың негізгі ережелері басты екі пункттен тұрады: 1) 15 жасқа дейін «әлеуметтік тәрбиенің бірыңғай жүйесі құрылады және де оның барлық ұйымдық формалары (балалар бақшалары мен балалар үйлері, жетіжылдық мектептер және т. б.) еңбек принципі бойынша құрылады» және 2) 15 жастан кейін «белгілі бір өндіріс саласында немесе ұйымдық

топта (индустриялық, ауыл шаруашылық, өнеркәсіптік-экономикалық және т. б.) арнаулы даярлық басталады».

Бұл схема РКП(б)-ның халық ағарту саласында жарияланған мына программасына қайшы келді: «1) 17 жасқа дейінгі ер балалар мен қыз балалардың бәріне тегін, міндетті жалпы және политехникалық (өндірістің барлық басты салаларымен теория және практика жүзінде таныстыратын) оқу ісін жүзеге асыру... 8) 17 жастан асқан адамдар үшін жалпы политехникалық білімге байланысты кәсіптік білім беруді кеңінен дамыту» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 48—49-беттер).

*О. Ю. Шмидт,* Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқарма председателінің орынбасары болған кезінде, Гринько сияқты, бұл да жастарды кәсіптік-техникалық білімге «неғұрлым жастау шағында, ... яғни 15 жастан бастап» тарту қажеттігін жақтап пікір айтты. Ол «өндіріс мүдделері, шаруашылық құрылыс мүдделері жалпы білім беру деп аталатын, іс жүзінде — таза сөзге сүйенген мектепті қысқартып, мүмкіндігінше нақты, арнаулы оқыту ісіне ертерек көшуді қатты талап етеді» деп дәлелдеді. Елдегі жоқшылық пен күйзелістен туған уақытша шараны Шмидт принципке айналдыруға тырысты. Политехникалық білім беруге баспасөз бетінде қарсы шығып, ол монотехникалық, яғни өндірістің белгілі бір саласын ғана оқытуды жақтады. В. И. Ленин бұл көзқарастарды қатаң сынға алды (қараңыз: осы том, 360—361-беттер). — *256.*

105 В. И. Ленин ұсынған жобаны РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1921 жылы 4 январьда қабылдады. — *259.*

106 VIII сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің II сессиясында (1921 жылғы 19—20 март) Егіншілік халық комиссариаты туралы мәселе талқыланған жоқ. Сессияның күн тәртібіне халық комиссариаттарына арналған ережелер туралы мәселе қойылды. Бұл мәселе жөніндегі шешімде халық комиссариаттары және олардың органдары туралы ережелерді Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының бекітуіне ұсынудың түпкілікті мерзімі белгіленді. — *259.*

107 1920 жылы 30 декабрьде Советтердің VIII съезіндегі, ВЦСПС-тегі және Кәсіподақтардың Москва қалалық советіндегі РКП(б) фракцияларының біріккен мәжілісінде Я. Э. Рудзутак «Кәсіподақтардың өндірістік міндеттері» деген тезистердің авторы болып саналама, жоқ па деген талас туды. Осыған байланысты В. И. Ленин ВЦСПС-тен тезистердің қалай пайда болғаны туралы документке сүйенетін деректер беруді талап етті. В. И. Ленинге ВЦСПС президиумының

1 ноябрьдегі мәжілісінің № 44 протоколынан көшірме және оған қоса С. А. Лозовскийдің запискасы тапсырылады. Көшірме президиум Рудзутак тезистерін талқылай келіп, ол тезистерді негізге алғандығын көрсетті. Түпкілікті қайта өңдеу ісі М. П. Томский мен Рудзутакқа тапсырылады. Ал запискада Томский бұл іске араласқан жоқ, сондықтан тезистерді ақырына дейін Рудзутак өңдеп шықты деп хабарланады. Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық V конференциясы Рудзутактың баяндамасын тыңдағаннан кейін оның тезистерін негізге алып, құрамында Г. В. Цыперович, А. А. Андреев және Рудзутак бар комиссияға тезистерді түпкілікті редакциялауды тапсырады. Комиссия коллективті түрде бірнеше пункт әзірлеп қосып, тезистерді толықтырады.

Жиналған материалдар мен Рудзутактың тезистерін Ленин «Правда» газетінің редакциясына жібереді. Оған қоса жолданған хатта былай делінеді: «Редакциядан кәсіподақтардың 1920 жылғы 2—6 ноябрьдегі Бүкіл россиялық V конференциясында қабылданған Рудзутак тезистерін жариялауды өтінемін; айтысқа керек материал ретінде бұл тезистер өте-мөте қажет. Бұған осы тезистердің қалай пайда болғаны туралы партия топтары ішінде туған талас жөніндегі материалды да қоса жолдап отырмын». Лениннің хаты мен оның жіберген материалдары «Правданың» 1921 жылғы 21 январьдағы 13-номерінде жарияланды. — *264.*

108 РКП(б) Петроград партия ұйымының *«Партияга үндеуі»* 1921 жылы 3 январьда қалалық аудандық партия ұйымдары өкілдерінің дискуссиялық жиналысында қабылданған болатын. 6 январьда үндеуді Халық үйінде өткен жалпы қалалық жиналыс бекітті, оған партияның 4000-нан астам мүшелері мен кандидаттары қатысты. Үндеуге қарсы дауыс бергендер 20-ға да жетпеді. Аудандық жиналыстарда талқыланғанда ұйым мүшелерінің 95—98-проценті үндеуді жақтап дауыс берді.

Үндеуде кәсіптік одақтардың ролі мен міндеттеріне Петроград большевиктерінің көзқарастары баяндалды, Лениннің позициясы жақталды және Троцкийдің платформасы қатты айыпталды. Петроград ұйымы партияның барлық басқа ұйымдарын лениндік платформаны қолдауға шақырды, сөйтіп Троцкий платформасының қауіптілігіне, оның жүзеге асырылуы іс жүзінде кәсіптік одақтарды жоюға және пролетариат диктатурасын әлсіретуге әкеп соқтыруы мүмкін екендігіне бүкіл партияның назарын аударды. «Партияға үндеу» «Правданың» 13-январьдағы 7-номерінде жарияланды.

Бұл кезде «буферлік» позицияда болған РКП(б) Москва комитеті Петроград ұйымының үндеуіне қарсы шығумен жауап берді. «Правданың» пақ сол номерінде жарияланған қарарда былай делінді: Москва комитеті «Партияға үндеу-

де» ұсынылған ұсыныстарға қосылуды «мүлде мүмкін емес» деп есептейді. Петроград партия ұйымының үн көтеруін партия съезін әзірлеу жөніндегі ерекше орталыққа айналудың «мейлінше қауіпті» тенденциясы деп бағалай отырып, Москва комитеті Троцкийдің фракция құруын айыптамады, осы арқылы оның фракцияшылдық күресіне қолдау жасады. — *266.*

109 *«Кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы мәселе жөнінде РКП X съезі қаулысының жобасын»* партияның Орталық Комитетінің карауына Орталық Комитеттің бір топ мүшелері мен Орталық Комитет жанындағы кәсіподақ жөніндегі комиссияның мүшелері ұсынған болатын; бұл жоба антипартиялық топтардың платформаларына қарама-қарсы қойылған лениндік платформа («он адамның платформасы») еді. Бұл документте азамат соғысының аяқталуына және бейбіт социалистік құрылысқа көшуге байланысты елдің алдына қойылған жаңа міндеттер негізінде кәсіптік одақтардың ролі белгіленді. Кәсіподақтарға басқару мектебінің, шаруашылықты жүргізу мектебінің, коммунизм мектебінің ролі жүктелді. Кәсіподақтардың басты міндеттері — мемлекетті басқаруға қатысу, совет және шаруашылық аппараты үшін кадрлар даярлау, еңбек тәртібін ныгайту жолында күресу болды. Тәрбие беру және сендіру әдісі, одақтар ішінде демократиялық негіздерді кең өрістету кәсіподақтар қызметінің негізі деп танылды. Кәсіподақ айтысы кезінде жергілікті партия ұйымдарының көпшілігі қуаттап шыққан «он адамның платформасы» РКП(б) X съезінде қабылданған кәсіптік одақтардың ролі мен міндеттері туралы қаулының негізіне алынды.—*267.*

110 *«Демократиялық централизм» («децистер») тобы*—фракциялық оппортунистік топ, оны М. С. Богуславский, А. З. Каменский, В. Н. Максимовский, Н. Осинский, Рафаил (Р. Б. Фарбман), Т. В. Сапронов басқарды. Бұл топ партия және совет құрылысы мәселелері жөніндегі лениндік принциптерге тұңғыш рет РКП(б) VIII съезінде қарсы шықты. РКП(б) IX съезінде «децистер» шаруашылық құрылысы мәселелері жөнінде және ұйымдық мәселе жөнінде өздерінің қосымша баяндамашыларын тағайындады; съезд «децистердің» антипартиялық көзқарастарын әшкереледі, сөйтіп оларға үзілді-кесілді тойтарыс берді. «Децистер» партияның Советтердегі және кәсіподақтардағы басшылық ролін мойындамады, өнеркәсіпте директорлардың дара басшылығына және жеке жауапкершілігіне қарсы болды, ұйымдық мәселелерде лениндік принциптерге қарсы шықты, фракциялар мен топсымақтарға еркіндік берілуін талап етті. Оның өкілдері Халық Комиссарлары Советін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумымен қосуды жақтап пікір айтты, жергілікті өкімет органдарының орталыққа бағынуын

жоюды талап етті. Олар Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросын саяси басшылықтан тайдыруға күш салып, Орталық Комитеттің саяси және ұйымдық басшылығының бірлігіне қарсы шықты. Украинада «децистер» пролетарлық диктатураның деревнядағы құралы болып отырған «село кедейлері» комитеттерін құруға қарсы шықты.

Партия бұқарасы арасында «децистердің» ықпалы болмады, «децистердің» әрекеттерін олармен көптеген мәселелер жөнінде ынтымақтас болған меньшевиктер мақұлдады.

1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде «демократиялық централизм» тобы өзінің фракциялық платформасын жариялады, сөйтіп съезд алдындағы жиналыстарда сол платформаны жақтап сөйледі, бірақ оны бірлі-жарым адамдар ғана қолдады. РКП(б) X съезінде «децистер» өз платформасын қорғаудан бас тартты, сөйтіп топ мүшелерінің еркін дауыс беруіне мүмкіндік жасады. Партияға қарсы күрестің негізгі салмағын олар партия құрылысы мәселелеріне аударды, бұл мәселелер жөнінде топ атынан съезде қосымша баяндамашы ретінде В. Н. Максимовский сөз сөйледі. X съезден кейін антипартиялық қызметін тек топ жетекшілері ғана тоқтатпады. 1923 жылы олар троцкистік оппозициямен блок құрды, 1926 жылы Сапронов пен Смирнов басқарған «15-тің тобы» деп аталған топ ұйымдастырды. ВКП(б) XV съезінде бұл топ партиядан шығарылды. — *267*.

111 *Игнатовшылдар немесе «Москва қаласындағы аудандардың белсенді қызметкерлерінің тобы»* — Е. Н. Игнатов басқарған антипартиялық анархо-синдикалистік топ, 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезеңінде өмір сүрді. Оның қызметі Москва партия ұйымының шеңберінен әрі шыққан жоқ. Москваның партия мүшелері мен жұмысшылары арасында топтың ықпалы болмады. Партияның X съезі алдында топ екі платформамен — кәсіптік одақтардың кезектегі міндеттері туралы және партия құрылысы мәселелері жөніндегі платформалармен бой көрсетті. Игнатовшылдар «жұмысшы оппозициясының» анархо-синдикалистік көзқарастарына қосылды, халық шаруашылығын басқаруды кәсіподақтардың бүкіл россиялық съезі сайлайтын органға беруді талап етті. «Жұмысшы оппозициясынан» айырмасы сол, олар бұл сайланған органды Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті де бекітуге тиіс деп есептеді. «Жұмысшы оппозициясы» сияқты, игнатовшылдар да кәсіптік одақтарды Совет мемлекетіне қарсы қойды, партияның социалистік құрылыстағы басшылық ролін мойындамады, демократиялық централизм принциптеріне қарсы болды, айтыс еркіндігін, партияны «жұмысшыландыруды» талап етті. Партияның X съезінде Игнатов «жұмысшы оппозициясының» атынан партия құрылысы мәселелері жөнінде ресми баяндамашы ретінде сөз сөйледі. Съезден кейін игнатовшылдар тобы өмір сүруін тоқтатты. — *267*.

112 Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 50—51-беттер (5-пункт). — *269.*

113 Бұл арада впередшілдердің (антипартиялық «Вперед» тобы, оған шақырымпаздар, ультиматистер және құдай жасампаздар кірген-ді) меньшевик-жойымпаздармен және троцкистермен бірігуі айтылып отыр. Бұл бірігу РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясынан кейін оның шешімдеріне қарсы күресу үшін жасалды.

Революциялық жұмысшы қозғалысының бірлігін бұзып, пролетарлық партияның күшін әлсіретуге, пролетарлық партияны ыдыратуға тырысқан оппортунистер большевиктерге қарсы өшпенділік науқан жүргізді. Олар жойымпаздық негізінде блок құруға тырысты, партияны «қайта құру» жөнінде талап қойды, мұның өзі іс жүзінде партияны жою деген сөз еді. Алайда принципсіздік негізде құрылған бірлік өте тұрақсыз болды, сөйтіп кешікпей ыдырап кетті. — *270.*

114 В. И. Ленин бұл арада кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы мәселе жөнінде болған айтысты айтып отыр; бұл айтыс 1921 жылғы 17 январьда РКП(б) Москва комитетінің Москва аудандарының партия ұйымдары мен уездік ұйымдар өкілдерімен бірлесіп өткізген кеңейтілген мәжілісінде өріс алған болатын.

Мәжілісте әр түрлі топтардың айтыс кезінде ұсынған барлық тезистерінің жобалары тыңдалып, талқыланды. Алдын ала дауыс беру нәтижесінде Лениннің тезистеріне 76 дауыс, Троцкийдің тезистеріне — 27, Бухариннің тезистеріне — 5, Шляпниковтың тезистеріне — 4, Сапроновтың тезистеріне —11, Игнатовтың тезистеріне —25 адам жақтап дауыс берді, ал Ногиннің тезистері —0, Рязановтың тезистері —0 дауыс алды. Негізгі екі платформаға қайта дауыс берген кезде Лениннің тезистерін жақтап —84 дауыс, Троцкийдің платформасын жақтап —27 дауыс берілді. Ленин және оның жақтастары қол қойған тезистер басым көпшілік дауыспен қабылданды.

Келесі күні, 18 январьда, партияның Москва комитеті «Барлық партия ұйымдарына» үндеу қабылдады, онда партияның барлық мүшелерін лениндік платформаны бір кісідей қолдауға шақырды. — *270.*

115 *Кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық II съезі* 1921 жылы 25 январьдан 2 февральға дейін Москвада Одақтар үйінің Колонналы залында өтті. Съезге кен жұмысшылары кәсіподағының 332 мыңнан астам мүшелерінің атынан 341 делегат (295 делегат шешуші дауыспен және 46 делегат кеңесші дауыспен) қатысты. Делегаттардың ішінде 259 коммунист

және партия мүшелігіне кандидат болды. В. И. Ленин, М. И. Калинин және басқалар съездің құрметті председательдері болып сайланды.

Съезд одақтың Орталық комитетінің есебін, Кен советінің және Бас басқармалардың есептерін, сондай-ақ отынмен жабдықтау мәселелерін, одақтың міндеттері туралы, өндірісті ұйымдастыру, тариф, ұйымдық мәселелерді, мәдени-ағарту жұмысы туралы, еңбек қорғау, халықаралық байланыстар туралы, концессиялар туралы мәселелерді тыңдап, талқылады және одақтың жаңа Орталық комитетін сайлады. Қорытындысында съезд барлық елдердің ұйымдасқан жұмысшыларына оларды бірігуге шақырған үндеу жолдау туралы қаулы алды.

Съезд ашылар алдында РКП(б) фракциясының төрт мәжілісі (22—24-январьда) өтті, ол мәжілістерде кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы айтыс өріс алды. Фракция мәжілістерінде Ленин, Троцкий және Шляпников баяндамалар жасады. Фракция мүшелерінің басым көпшілігі Ленинді қостады. Ленин қорғаған платформаны жақтап 137 адам, Шляпниковтың тезистерін жақтап 61 адам және Троцкийдің тезистерін жақтап 8 адам дауыс берді.

Совет республикасы отын дағдарысын бастан кешіріп отырған сол бір кезде отын дағдарысына қарсы күрес жүргізу үшін және кен өнеркәсібінде өндірістік программаларды әзірлеу үшін съезд жұмысының зор маңызы болды. — *273.*

116 Бұл арада Коммунистік Интернационал II конгресінің «Коммунистік партияның пролетарлық революциядағы ролі туралы» қарары айтылып отыр (қараңыз: «Коминтерннің екінші конгресі», М., 1934, 640—646-беттер). — *283.*

117 В. И. Ленин бұл арада Француз социалистік партиясының XVIII съезін айтып отыр, съезд Турда 1920 жылғы 25—30 декабрьде өткен болатын. Съезге 4575 мандатқа ие болған 285 делегат қатысты. Француз социалистік партиясының Коммунистік Интернационалға қосылуы туралы мәселе съездегі өзекті мәселе болды. Ұлттық съездің алдында федерациялардың съездері болды, олардың орасан басым көпшілігі 21 шарттың негізінде III Интернационалға дереу қосылуды жақтап шықты. Сонымен, Француз социалистік партиясының III Интернационалға қосылуы туралы мәселе іс жүзінде күнілгері шешілді. Алайда съезде қосылуды жақтаушылар мен оған қарсылардың арасындағы күрес шиеленіскен сипатта өтті.

Леон Блюм, Жан Лонге, Марсель Самба және басқалар қосылуға қарсы шықты. Вайян-Кутюрье, Марсель Кашен, Даниэль Рену және басқалар қосылуды қорғады. Француз үкіметінің тыйым салғанына және полицияның аңдуына қарамастан, съезге Клара Цеткин келді. Ол жарқын сөз сөй-

леп, делегаттарға Коммунистік Интернационалдың құттықтауын жеткізді.

Төрт күнге созылған жарыс сөзден кейін съезд дауыс беруге кірісті: Коммунистік Интернационалға қосылуды жақтап 3208 мандат берілді, мұның өзі жалпы мандат санының 70 проценттен астамы еді.

Съездегі көпшілік Француз коммунистік партиясын құрды, оның түбегейлі қалыптасуы 1921 жылғы майда аяқталды. Жұмысшы қозғалысын жікке бөлуге тырысқан Блюм бастаған азшылық съезден кетіп қалды да, бұрынғы атымен өз алдарына реформистік социалистік партия құрды. — *283.*

118 В. И. Ленин *«Тағы да кәсіподақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий мен Бухарин жолдастардың қателіктері туралы»* деген кітапшаны 1921 жылы 21 немесе 22 январьда Горкиде жаза бастады, мұнда ол демалуға барған еді. 22 январьда кешкісін Ленин Москваға қайтып оралып, өзі алып келген кітапшаның үлкен бір бөлегін машинкаға бастыру үшін секретарьға берді. Еңбек 25 январьда аяқталып, нақ сол күні теруге берілді. 26 январьда түнде кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы айтысқа қатысу үшін жергілікті жерге жүргелі жатқан партияның Орталық Комитетінің мүшелері кітапша тиражының біразын ала кетті. Кітапшаның қалған даналары келесі күні, 27 январьда, дайын болды. — *294.*

119 *«Петроградская Правда»* («Петроград Правдасы») — күнделікті газет; РКП(б) Орталық Комитеті мен Петроград комитетінің органы ретінде 1918 жылғы 2 апрельде шыға бастады. 1924 жылғы январьда газет «Ленинградская Правда» деп аталды. Ол қазір де сол атпен шығып келеді. — *294.*

120 *В. И. Зофтың 1920 жылғы 3 майдағы бұйрығы* «Бюллетень Мариинского Областного Управления Водного Транспортаның» нақ сол жылғы 5-номерінде жарияланды. Онда былай делінген болатын: «Сонымен, су транспортының өмірінде батыл бетбұрыс басталып келеді. Майдагерлік, комитетшілдік, жүйесіздік және өкіметсіздік жойылып келеді, су транспорты мемлекеттік іске айналып келеді. Оны тиісті уәкілдігі бар саяси комиссарлар басқаратын болады. Комитеттердің, кәсіподақтардың, сайланып қойылатын делегаттардың техникалық және әкімшілік мәселелерге қол сұғып өктемдік жасауы жойылады».

Бұл бұйрық Цектранның троцкистік басшылығы күштеп тықпалаған жалаң әкімшілік пен бюрократизмнің үлгісі болып табылады және кәсіподақтардың транспортты жандандыру ісіндегі ролін түсінбегендіктің айқын айғағы болды. Кәсіподақтар күні өткен армиялық комитеттерге теңестіріліп, «комитетшілдік» деп аталды, сөйтіп су транспорты-

ның жұмысын жолға қою ісіне қатысудан бұйрық беру жолымен сырттатылды. — *306.*

121 1920 жылы 24 декабрьде Троцкий бұрынғы Зимин театрында кәсіптік қозғалыс қызметкерлерінің активі мен Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі делегаттарының біріккен жиналысында кәсіптік одақтардың өндірістегі міндеттері туралы баяндама жасады; бұл жиналысты темір жол және су транспорты қызметкерлерінің біріккен одағы Орталық комитеті ұйымдастырған болатын. Оның бұл баяндамасы кәсіподақтар туралы партия ішіндегі ашық айтыстың бастамасы болды. — *338.*

122 1921 жылғы 26 январьда Цектранның он үш мүшесі РКП(б) Орталық Комитетіне өздерін Цектранның мүшелігі міндетінен босату жөнінде мәлімдеме жасады. Бұл мәлімдеменің бір себебі: кәсіподақ айтысы кезінде Цектранның қызмет әдістерін кеңінен сынау темір жол және су жолы жұмысшыларының арасында партияның Орталық Комитеті Цектранның бүкіл өткендегі және қазіргі қызметін айыптап отыр деген әсер тудырады-мыс деген дәлел болды. Мәлімдеме авторлары Цектранның жұмысына айтылған сынды су жолы қызметкерлерінің бір тобы тарапынан, сондай-ақ партияның Орталық Комитетінің және ВЦСПС президиумының жекелеген мүшелері тарапынан жасалып отырған қуғындау деп сипаттады.

Цектран қызметкерлерінің мәлімдемесі жөнінде В. И. Ленин ұсынған қаулының жобасын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 31 январьда қабылдады. — *341.*

123 *Металлистердің Москвада болған кеңейтілген конференциясы* Одақтар үйінің Колонналы залында 1921 жылғы 2—4 февральда өтті. Конференцияға Москваның және Москва губерниясының металлист-жұмысшыларынан 1000-ға жуық делегат қатысты. Конференция азық-түлік дағдарысы күшейген кезде шақырылды, сондықтан елдің азық-түлік жағдайы туралы және жұмысшы табының шаруаларға көзқарасы туралы баяндамаларға басты назар аударылды. Күн тәртібіне сондай-ақ тариф туралы, кәсіптік одақтардың өндірістегі ролі туралы мәселелер де қойылды. Жұмысшылар мен шаруалардың қарым-қатынасы туралы баяндама бойынша қарар қабылданды, ол қарарда салымды заттай салықпен ауыстыру қажеттігі туралы айтылды. Конференцияға қатысқан меньшевиктер мен эсерлер елдің бастан кешіріп отырған қиыншылықтарын пайдаланып қалуға, сөйтіп демагогтық созуарлыққа салынып, делегаттарды Совет өкіметінің шаруашылық саясатына қарсы, Коммунистік партияға қарсы қоюға тырысты. Алайда конференция мұндай әрекеттерді айыптады. Делегаттардың өтініші бойынша В. И. Ленин конференцияның соңғы мәжілісінде сөз сөйледі. — *342.*

124 Американ империалистерінің жерді тегін бөліп беруді желеу етіп жүргізген отарлау саясатын В. И. Ленин өзінің «Егіншілікте капитализмнің даму заңдары туралы жаңа деректер» деген еңбегінде әшкереледі (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 143—250-беттер). — *344.*

125 *Тігін өнеркәсібі жұмысшыларының Бүкіл россиялық IV съезі* Москвада 1921 жылғы 1—6 февральда өтті. Съезге 287 делегат қатысты. Күн тәртібіне одақтың Орталық комитетінің қызметі туралы, экономикалық міндеттер туралы, еңбекті нормалау туралы, кәсіподақтардың халықаралық көлемде бірігуі туралы және басқа мәселелер қойылды. Съезд В. И. Ленинге құттықтау телеграмма жолдады.

6 февральда таңертең өткен тоғызыншы пленум мәжілісінде В. И. Ленин сөз сөйледі. Ленин сөзінің бас кезінде айтып өткен жанжал съездегі коммунистік фракцияның мәжілісінде одақтың Орталық комитетінің жаңа құрамына ұсынылған кандидатураларды талқылау кезінде туған болатын. Алауыздықтың күшті шиеленіскені соншалық, оған партияның Орталық Комитетінің араласуы қажет болды. — *347.*

126 Әңгіме оңшыл эсерлердің орталық органы —*«Воля России»* газеті туралы болып отыр; газет Прагада 1920 жылғы 12 сентябрьден 1921 жылғы 9 октябрьге дейін шығып тұрды.— *350.*

127 *ЦУРК* — Мемлекеттік баспа жанындағы Орталық есептеу-бөлу комиссиясы; әдебиетті есептеу және бөлу жөнінде бірыңғай жоспар әзірлеу мақсатымен 1919 жылы декабрьде ұйымдастырылды. — *367.*

128 Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 52-бет (8-пункт). — *368.*

129 Әңгіме «Правда» газетінің 1921 жылғы 4 февральдағы 24-номерінде жарияланған Ф. Доблердің «Қазіргі кітапхана жүйесі» деген мақаласы туралы болып отыр. — *370.*

130 *«Шаруалар жөніндегі тезистердің алдын ала жасалған, алғашқы нобайын»* В. И. Ленин 1921 жылғы 8 февральда партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісі жүріп жатқанда жазған, ол мәжілісте көктемгі егіс науқаны және шаруалардың жағдайы туралы мәселе қаралған болатын. Бұл жұмысшы табы мен шаруалар одағының жаңа экономикалық негізін айқындаған, әскери коммунизмнен жаңа экономикалық саясатқа нақты көшуді белгілеген түңғыш

документ еді. Жарияланып отырған документ партияның X съезі 1921 жылғы 15 мартта қабылдаған салымды заттай салықпен ауыстыру туралы шешім жобасының негізіне алынды. — *372.*

131 В. И. Ленин жазған жоба тұтасымен Халық Комиссарлары Советінің импорттық жоспарды қайта қарау жөніндегі комиссияның баяндамасы бойынша қаулысына («2» және «3» пункттер) енгізілді; қаулы 1921 жылғы 15 февральда Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде қабылданды. — *376.*

132 В. И. Ленин жазған бұл жоба «Мемлекеттік жалпы жоспарлау комиссиясы туралы ережеге» түгелдей енгізілді, Ережені Халық Комиссарлары Советі 1921 жылғы 22 февральда комиссияның Ленин белгілеп берген мүшелерінің тізімімен бірге бекітті (қараңыз: Лениннің XX жинағы, 24-бет). Мемлекеттік жалпы жоспарлау комиссиясы ГОЭЛРО негізінде құрылды. Оны Г. М. Кржижановский басқарды.

Троцкистер және басқа оппозиционерлер ГОЭЛРО-ны бірыңғай жалпы жоспарлау комиссиясына айналдыруға қарсы шықты. Еңбек және Қорғаныс Советінің 18 февральдағы мәжілісінде жалпы жоспарлау комиссиясын құру туралы шешім қабылданбай қалды. Мәжілісте стенограмма жасалмады. Тек жарыс сөздің Ленин жасаған қысқаша жазбалары және оның қорытынды сөзге арнаған заметкалары ғана сақталды (қараңыз: Лениннің XX жинағы, 20—22-беттер). Осы заметкаларға және «Бірыңғай шаруашылық жоспар туралы» деген мақалаға (қараңыз: осы том, 378—388-беттер) қарағанда, жалпы жоспарлау комиссиясын құруға Ю. Ларин, В. П. Милютин, Н. Осинский және А. И. Рыков қарсы шыққан. Бұл мәселені талқылау Халық Комиссарлары Советіне көшірілген. — *377.*

133 *«Экономическая Жизнь»* («Экономикалық Өмір»)—күнделікті газет; Халық шаруашылығы жоғары советінің және шаруашылық халық комиссариаттарының органы ретінде 1918 жылғы ноябрьден шығып тұрды. Газет 1937 жылғы ноябрьге дейін шығарылды; соңғы уақытта СССР Финанс халық комиссариатының, Мемлекеттік банктің және СССР-дің басқа финанс мекемелері мен банк қызметкерлері одағы Орталық комитетінің органы болды. — *378.*

134 *«Бюллетени Государственной Комиссии по Электрификации России»* («Россияны Электрлендіру жөніндегі Мемлекеттік Комиссияның Бюллетеньдері»)—оны Халық шаруашылығы жоғары советінің ғылыми-техникалық бөлімінің мемлекеттік техникалық баспасы Москвада 1920 жылғы апрельден августқа дейін шығарып тұрды; не бары 5 номері шықты. — *380.*

135 Әңгіме немістің саяси экономия профессоры Карл Баллодтың «Der Zukunftsstaat, Produktion und Konsum im Sozialstaat» («Болашақтағы мемлекет, социалистік мемлекеттегі өндіру мен тұтыну») деген еңбегі туралы болып отыр. Кітап 1898 жылы Германияда басылып шыққан. 1919 жылы кітаптың екінші, қайта өңделген басылымы шықты; 1920 жылы кітап Москвада орыс тілінде басылды. — *382.*

136 Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі 1920 жылғы 29 декабрьде қабылдаған электрлендіру туралы қарардан үзінді келтіріп отыр. Бұл қарардың жобасын Ленин жазған (қараңыз: осы том, 218—219-беттер). — *383.*

137 Бұл арада және кейініректе Ленин РКП(б) VIII съезі 1919 жылғы мартта қабылдаған партия программасынан цитат келтіріп отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 52-бет).— *386.*

138 *Москва партия активінің 1921 жылғы 24 февральдағы жиналысын* РКП(б) Москва комитеті ел ішіндегі экономикалық күйзеліс ақтық шегіне жеткен төтенше қиын кезеңде шақырды. Күшейе түскен отын дағдарысы, шикізат тапшылығы өнеркәсіп орталықтарында бірсыпыра кәсіпорындардың тоқтап қалуына әкеп соқтырды. Жұмысшыларды азық-түлікпен жабдықтау ісі нашарлады. Шаруашылық күйзелісінің асқынуы елдің саяси жағдайын қиындата түсті. Шаруалардың арасында наразылық күшейді, бұл наразылық жұмысшылардың да кейбір топтарын қамтыды. Меньшевиктер мен эсерлер экономикалық қиыншылықтарды контрреволюциялық үгітті күшейту үшін пайдаланды. Шет аймақтарда олар кулак көтерілістерін ұйымдастырды, орталық өнеркәсіп аудандарына азық-түлік тасып жеткізуге кедергі жасады.

Жиналысты шақыру мақсаты — Москва еңбекшілерін жабдықтауды жақсартуға бағытталған шаралар жөнінде партия активін хабардар ету болды. Партия активінің жиналысы Москва Советінің пленумында Советтік Россияның халықаралық және ішкі жағдайы туралы баяндама қойылуы жөнінде шешім шығарды.— *389.*

139 Бұл арада Армениядағы дашнактардың контрреволюциялық көтерілісі айтылып отыр. Арменияда Совет өкіметі жеңгеннен кейін көптеген көрнекті дашнак қайраткерлерін Әскери-революциялық комитеттің тимей, еркіндікте қалдырғандығын дашнактар пайдаланды. Арменияның бірсыпыра қалаларында, оның ішінде Ереванда да дашнактар өз партиясының басшы тобын сақтап қала алды. Кейбір дашнактар Совет

өкіметі органдарына кіріп алды. Қызмет бабын пайдаланып, олар саналы түрде арандатушылық әрекеттер жасап, еңбекшілер арасында Совет өкіметінің беделін түсіруге тырысты. Меньшевиктік Грузияға қашып кеткен дашнактардың лидерлері «Отанды қорғап қалу комитеті» деген контрреволюциялық комитет құрды, ол Совет Арменьясына қарсы қарулы көтеріліс әзірлей бастады. Өздерінің заговорлық әрекетінде дашнактар Англияның, Америка Құрама Штаттарының, Францияның империалистік үкіметтерінен, меньшевиктік Грузиядан және Түркиядан қару-жарақ пен ақшалай көмек алып тұрды.

Көтеріліс 1921 жылы 13 февральда басталды. 6000-ға жуық адамды біріктірген бандаларды Ереван төңірегіне шоғырландырған дашнактар 18 февральда, қан төгіс шайқастардан кейін, Арменияның астанасын алды, шайқастың нәтижесінде совет әскерлері қаланы тастап кетуге мәжбүр болды. Дашнактардың басқа да бірсыпыра аудандарды басып алуының сәті түсті. «Отанды қорғап қалу комитеті» өзін үкімет деп жариялады. Басып алынған аудандарда дашнактар террор мен озбырлық тәртібін орнатты, сәл тыңдамаған адамды қатал жазаға тартты, деревнялар мен елді мекендерді тамтығын қалдырмай өртеп, жойып жіберді.

Армения еңбекшілері большевиктік партияның басшылығымен контрреволюцияшыл бандаларға қарсы күреске көтерілді. Совет әскерлерінің XI армиясы бөлімдерінің қолдауына сүйенген Армения жұмысшылары мен шаруалары қаһармандық күрес нәтижесінде дашнактарды тас-талқан етті. 1921 жылы 4 апрельде Арменияның астанасы — Ереван азат етілді, дашнактар қуып жіберілді. — *390.*

140 Бұл арада РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясының «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарарының тоғызыншы пункті айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 199-бет). — *391.*

141 Қараңыз: 18-ескерту. — *391.*

142 *Советтердің Бүкіл украиндық V съезі* Харьковта 1921 жылғы 25 февраль—3 мартта өткізілді. Күн тәртібіне: УССР үкіметінің, шаруашылық құрылысы туралы, Украинаны электрлендіру туралы, еңбекті ұйымдастыру туралы, транспортты қалпына келтіру туралы, азық-түлік және егіншілік мәселелері туралы, халыққа білім беру туралы баяндамалары қойылды.

25 февральда президиум В. И. Лениннің съезге келуін сұраған шақыру жіберді. Шақыру телеграммаға жауап ретінде Ленин Советтердің Бүкіл украиндық V съезіне құт-

тықтау жолдады, бұл құттықтау 26 февральдағы екінші мәжілісте жария етілді. Съезд Ленинді Бүкіл украиндық Орталық Атқару Комитетінің құрамына сайлады. — *393.*

143 Еңбек және Қорғаныс Советінің жұмысшыларды жабдықтау ісін жақсарту туралы қаулысы 1921 жылғы 1 мартта «Правданың» 45-номерінде жарияланды. — *394.*

144 *Жұмысшы және шаруа депутаттары Москва Советінің Москваның аудандық Советтері пленумдарымен және фабрика-завод комитеттері өкілдерімен бірлесіп өткізген пленумының мәжілісін* РКП(б) Москва комитеті 1921 жылғы 24 февральда өткен партия активі жиналысының ұйғаруы бойынша шақырған болатын (қараңыз: 138-ескерту). Пленумда азық-түлік жағдайы туралы баяндама тыңдалды. Совет елінің халықаралық және ішкі жағдайы туралы В. И. Ленин баяндама жасады. Пленум Москваның және Москва губерниясының жұмысшыларына, шаруаларына және қызыл әскерлеріне бірауыздан үндеу қабылдады, ол үндеуде азық-түлік дағдарысының себептері көрсетілді. Үндеу азық-түлік жөніндегі уақытша қиыншылықтарды контрреволюциялық мақсаттарға пайдалануға әрекеттенуші жауларға қарсы күрес жүргізуге шақырды. Үндеу 1921 жылғы 1 мартта «Правданың» 45-номерінде жарияланды. — *395.*

145 Әңгіме РСФСР үкіметі мен Түркия Ұлы ұлттық жиналысы үкіметі арасында 1921 жылғы 26 февральда Москвада басталған келіс сөздер туралы болып отыр. Совет-түрік келіс сөздері 16 мартта РСФСР мен Түркия арасында достық және туысқандық туралы шартқа қол қоюмен аяқталды. Сондай-ақ 13 октябрьде Карсте Түркия мен Закавказье советтік республикалары: Армения, Грузия және Азербайжан арасында достық туралы шартқа қол қойылды. — *395.*

146 1920 жылғы 12 октябрьде, бір жағынан Польша, екінші жағынан Советтік Россия мен Советтік Украина арасында күні ілгері (алдын ала) жасалған бітім шартына қол қойылғаннан кейін, Ригада түпкілікті бітім жасасу жөнінде келіс сөздер басталды. Келіс сөздер бес айға созылды. Франция айдап салған Польша үкіметі Советтік Украина мен Советтік Белоруссияға қарсы дұшпандық әрекеттерін тоқтатпады, сөйтіп бітім конференциясының жұмысына қайткен күнде де бөгет жасап бақты. Алайда Совет үкіметінің дипломатиялық ұсыныстарының үзілді-кесілді сарында жасалуы және буржуазиялық-помещиктік Польшаның одақтасы — Врангельді Қызыл Армияның талқандауы Польша үкіметін бітім жасасуға көнуге мәжбүр етті. Түпкілікті бітім шартына 1921 жылғы 18 мартта Ригада қол қойылды. Рига бітім шарты бойынша Батыс Украина мен Батыс Белоруссия Польшаға берілді.

Батыс Украина мен Батыс Белоруссия халықтың өз еркі бойынша Совет Одағының құрамына кірген кезде, 1939 жылғы 17 сентябрьде Совет үкіметі Рига бітім шартын жойды. — *396.*

147 В. И. Ленин бұл арада П. Сорокин мен М. Роговтың 1921 жылғы 17 және 26 февральда «Правданың» 35 және 43-номерлерінде айтыс ретінде жарияланған «Салым ба, әлде салық па» деген мақалаларын айтып отыр. Азық-түлік салымын заттай салықпен ауыстыру туралы мәселенің баспасөз бетінде талқылануы Орталық Комитеттің Саяси бюросының 1920 жылы 16 февральда қабылдаған шешімі бойынша басталған еді. — *406.*

148 Ленин бұл арада РКП(б) IX съезінің «Шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері туралы» және «Кәсіптік одақтар және олардың ұйымдары туралы мәселе жөніндегі» қарарларын айтып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 155—169, 170—174-беттер). — *436.*

149 *«Гудок»* — Қатынас жолдары халық комиссариатының Бас саяси басқармасы мен теміржолшылардың Бүкіл россиялық кәсіподағы Орталық комитетінің күнделікті газеті; 1920 жылғы майдан шыға бастады. Қазіргі уақытта — СССР Қатынас жолдары министрлігі мен Темір жол транспорты жұмысшыларының кәсіподағы Орталық комитетінің органы.— *437.*

150 Бұл арада партияның: РКП(б) IX съезінің, Орталық Комитеттің 1920 жылғы сентябрьде, ноябрьде және декабрьде өткен пленумдарының кәсіптік одақтар туралы шешімі, сондай-ақ кәсіподақтар туралы айтысқа байланысты Петроград қалалық партия ұйымының жалпы жиналысында 1921 жылы январьда қабылданған «Партияға үндеу» айтылып отыр (қараңыз: 108-ескерту).— *439*

151 Бұл арада РКП(б) Орталық Комитетінің 1920 жылғы 7 декабрьде өткен пленумының су жолының коммунист қызметкерлері мен Цектран кеңесіндегі коммунистік фракция арасындағы жанжал туралы мәселе жөніндегі қарары айтылып отыр; бұл қарарды Троцкий өз кітапшасының 18-параграфында цитатқа келтіреді. Қарарды Лениннің және оның жақтастарының қарсылығына қарамастан, Бухарин ұсынып өткізген және оны Троцкий қолдаған еді.

Жанжал Цектран жұмысының бюрократтық әдістеріне наразылықтан туды; Цектран жұмыстың демократиялық әдістеріне көшу туралы РКП(б) Орталық Комитетінің және

кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық V конференциясының қаулыларын жүзеге асырмаған болатын. — *446.*

152 Бұл арада РКП(б) Орталық Комитеті пленумының 1920 жылғы 8 ноябрьдегі мәжілісі айтылып отыр; мәжілісте кәсіподақтардың жұмыс әдістері жөніндегі алауыздықтарды талқылау үшін Орталық Комитеттің кәсіподақ жөніндегі комиссиясы құрылды; алауыздықтар кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясындағы РКП(б) фракциясының 3 ноябрьдегі мәжілісінде Троцкийдің сөйлеген сөзіне байланысты туған еді. Троцкий комиссияға қатысудан бас тартып, оның жұмысын сәтсіздікке ұшыратты. — *453.*

153 Әңгіме басқару органдарындағы жұмысшылардың саны туралы болып отыр. Олардың саны, тек Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумын, губерниялық халық шаруашылығы советтері мен кәсіподақтардың бір бөлегін ғана қамтыған толық емес деректерге қарағанда, 1470 адам болған (қараңыз: осы том, 317-бет). Мұнда В. И. Ленин цифрды 1500-ге дейін жинақтап, оны 25 есе көбейту арқылы 37 500-ге жеткізеді, сонда кәсіподақтардың 6 000 000 мүшесіне шаққанда 1 проценттен кеміреk болып шығады. — *457.*

154 РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы 1920 жылғы 24 декабрьде партияның алдағы X съезінің күн тәртібі мәселелері жөнінде айтыс өткізу туралы шешім қабылдады. — *462.*

155 В. И. Ленин бұл арада бастапқы жоспардың 11 пунктін 7 пункт етіп ықшамдады, сөйтіп «Халық ағарту комиссариатының коммунист қызметкерлеріне Орталық Комитеттің директивалары» текстінде осында белгіленген материалды топтастырды. Қолжазбадағы цифрлардың бәрін Ленин сызып тастаған. — *464.*

156 «Орталық Советтік Россиядағы кітапханалар туралы 1920 жылғы 1 декабрьдегі мәліметтерде» цифрларды қосуда қате жіберілген; заметкалар осы мәліметтерге жазылған. — *465.*

157 «Орталық газеттердің губерниялар мен облыстар бойынша бөлінуі» жөніндегі ақпарға жазылған. — *466.*

158 В. И. Лениннің сөзінің жазбасы табылмады. — *469.*

159 1921 жылғы 15 февральда Халық Комиссарлары Советі В. П. Милютиннің баспаханаларды шоғырландыру барысы туралы баяндамасын тыңдады. Баяндама Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 28 сентябрьдегі, 19 октябрьдегі және 23 ноябрьдегі Москва баспаханаларын басқару ісін қалалық халық шаруашылығы советінің полиграфия бөлі-

мінде жинақтау туралы және полиграфия өндірісін жақсы жолға қойылған бірнеше кәсіпорында шоғырландыру туралы қаулыларының орындалуын тексеру ретінде қойылды. Халық Комиссарлары Советі баспаханаларды шоғырландыру жөніндегі жұмысты қанағаттанғысыз жүргізілуде деп тапты. — *469.*

160 Жарияланып отырған документтің негізгі бөлегі («...жұмыс істегісі келмейді» деген сөзден бастап ақырына дейін) мұнай концессиялары туралы мәселені талқылау кезінде жасаған жазбалар болып табылады; бұл жазбалар РКП(б) Орталық Комитетінің 1921 жылғы 24 февральдағы пленумында жасалуы мүмкін. Кейінірек В. И. Ленин бұл жазбаларды жүйеге келтірген, оларға пункт (3—14) номерлерін қойған, сөйтіп жазбалардың жоғарғы жағын сызықпен бөліп тастап, оған хаттың алдын ала жоспарын жазған (1—14 пункттер). В. И. Лениннің осы жоспар бойынша жазылған хаттары КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архивінде жоқ. Жоспарда белгіленген негізгі мәселелер В. И. Лениннің Бакуге Азербайжан мұнай комитетінің председателі А. П. Серебровскийге 1921 жылғы 2 апрельде жазған хатында баяндалған (қараңыз: Лениннің XX жинағы, 157—159-беттер). — *471.*

161 Бұл арада Халық Комиссарлары Советінің мұнай концессиялары туралы 1921 жылғы 1 февральда қабылдаған шешімі айтылып отыр. Халық Комиссарлары Советі В. И. Ленин жазған қаулы жобасын қабылдады, Баку мен Грозныйдың жекелеген мұнайлы аудандарын және басқа кәсіпшіліктерді концессияға беруді принципінде мақұлдады. Мұнай концессиялары туралы мыналарды да қараңыз: осы том, 373—375-беттер; Лениннің XX жинағы, 125—159-беттер; Лениннің XXXVI жинағы, 212—213-беттер.— *471.*

# В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

*Аграрный проект — қараңыз:* Законопроект, внесенный СНК в Президиум ВЦИК для внесения на Всероссийский съезд Советов.

*Американский финансист о Ленине.* —«Коммунистический Труд», М., 1920, № 207, 26 ноября, стр. 2. — *107.*

*Архангельский, Н. Предисловие [к книге: «Отчет VIII-му Всероссийскому съезду Советов».* 19 декабря 1920 г.].—В кн.: Отчет VIII-му Всероссийскому съезду Советов. М., 1920, стр. 3. (ВСНХ). — *316.*

*«Беднота»,* М.— *16, 98, 367, 420.*

[*Бубнов, А. и др.*] *О профсоюзах.* (Тезисы группы товарищей, стоящих на платформе демократического централизма).—«Правда», М., 1921, № 10, 16 января, стр. 1—2. — *267, 270—271, 272, 441.*

*Бухарин, Н. И. О задачах профессиональных союзов.* (Содоклад, прочитанный на собрании активных работников Петроградской организации РКП 3 января 1921 года). Изд. коммунистич. фракции Петроградского бюро Цектрана. Пг., 1921. 15 стр. — *321, 322, 329—330, 457, 458.*

— *Синдикализм и коммунизм.* (По поводу фельетона тов. Ленина).—«Правда», М., 1921, № 15, 25 января, стр. 1. — *338—339.*

*Бухарин, Н. И. и Преображенский, Е. А. Азбука коммунизма.* Популярное объяснение программы Российской Коммунистической партии большевиков. М., Госиздат, 1920. 341 стр. (РКП(б)).— *174, 231.*

[*Бухарин, Н. и др.*] *О задачах и структуре профсоюзов.*— «Правда», М., 1921, № 10, 16 января, 2—3.— *264, 267—268, 269, 322, 325, 326, 441—442, 453.*

*«Бюллетени Государственной Комиссии по Электрификации России»*, М., 1920, № 1, 24 апреля, стр. 3, 4.— *154, 380—381, 427.*

*«Бюллетень 2-го Всероссийского Съезда Горнорабочих»*, М., 1921. № 1, 25 января, стр. 1—4.— *285, 286, 287, 289, 339—340.*

— № 2, 26 января, стр. 2—4.— *285, 334, 339—340.*

*«Бюллетень Мариинского Областного Управления Водного Транспорта»*, Пг., 1920, № 5, 21 мая, стр. 1. — *305—306.*

*«Бюллетень Народного Комиссариата Путей Сообщения»*, М., 1920, № 43, 22 мая, стр. 2—3.— *169, 177.*

*Вводная статья тов. Гринько — қараңыз:* Украинский опыт реформы просвещения.

*Вводная статья тов. Луначарского — қараңыз:* Новая постановка социального воспитания.

*«Вестник 2-го конгресса Коммунистического Интернационала»*, 1920, № 6, 7 августа, стр. 2. Приложение к газ. «Правда», М., 1920, № 173, 7 августа.— *78.*

*«Вестник Труда»*, М., 1920, № 1, октябрь, стр. 20—24.— *227, 232, 436.*

*«Воля России»*, Прага.— *350.*

*Восьмой Всероссийский съезд Советов рабочих, крестьянских, красноармейских и казачьих депутатов.* Стеногр. отчет. (22—29 декабря 1920 года). М., Госиздат, 1921. 299 стр. (РСФСР).—*130, 173, 174, 180, 182, 183, 191, 193—194, 195, 196—197, 210—211, 215, 218, 221, 241, 281, 290, 377, 382—383, 384, 475.*

*VIII съезд Российской Коммунистической партии (большевиков).* Москва, 18—23 марта 1919 года. Стеногр. отчет. М., «Коммунист», 1919, стр. 294—306. (РКП(б)). — *198.*

*Временное положение о натуральном премировании.* [Декрет СНК от 23 октября 1920 г.].— «Экономическая Жизнь», М., 1920, № 243, 30 октября, стр. 4, в отд.: Официальный отдел.— *166, 426.*

*Всероссийская конференция РКП.* (Заседание 23-го сентября).— «Правда», М., 1920, № 213, 25 сентября, стр. 1—2.—*40.*

*Всероссийская конференция РКП.* Утреннее заседание 24-го сентября. Доклад об оздоровлении партии.— «Правда», М., 1920, № 215, 28 сентября, стр. 1—2.— *303.*

*Выписка из протокола заседания Президиума ВСНХ от 21 февраля 1920 года.* [О составе Государственной комиссии по электрификации]. (П. 1361).— «Бюллетени Государственной Комиссии по Электрификации России», М., 1920, № 1, 24 апреля, стр. 3.— *173—174, 380, 427.*

*Горбунов, И. Ф. На почтовой станции.— 271.*

*Грибоедов, А. С. Горе от ума.— 245.*

*Гусев, С. И. Единый хозяйственный план и единый хозяйственный аппарат.* Харьков, изд-во Поюжа, 1920. 72 стр.; 1 л. схем.— *171, 183, 184, 426.*

*— *Очередные вопросы хозяйственного строительства.* (О тезисах ЦК РКП). Материалы к 9-му съезду РКП. Изд. РВС Кавказфронта. Б. м., тип. штаба Кавказского фронта, [1920]. 30 стр.— *171, 184.*

*Декабрьская резолюция — қараңыз:* Резолюция ЦК РКП по вопросу о конфликте между коммунистами-водниками и коммунистической фракцией совещания Цектрана.

*Декларация меньшинства партии социалистов-революционеров на 8 Всероссийском съезде Советов.*— В кн.: Восьмой Всероссийский съезд Советов рабочих, крестьянских, красноармейских и казачьих депутатов. Стеногр. отчет. (22—29 декабря 1920 года). М., Госиздат, 1921, стр. 49—52. (РСФСР).— *191, 193—194, 195—196.*

*Декрет о концессиях — қараңыз:* О концессиях.

*Декрет [СНК] о централизации библиотечного дела в РСФСР.* [3 ноября 1920 г.].— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 249 (1096), 6 ноября, стр. 4, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *365.*

*Декрет Совета Народных Комиссаров.* О рабочих дисциплинарных товарищеских судах (положение). [14 ноября 1919 г.].— «Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1919, № 56, 22 ноября, ст. 537, стр. 572—573.— *228, 250.*

---

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

*Доблер, Ф. Э. Современная библиотечная сеть.*— «Правда», М., 1921, № 24, 4 февраля, стр. 2—3. — *370.*

[*Емшанов, А. И. и Троцкий, Л. Д.*] *Тезисы по докладу о транспорте т. Емшанова и т. Троцкого.*— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 288 (1135), 22 декабря, стр. 1—2.— *169, 170.*

[*Жордания, Н. Н.*] *Доклад Н. Жордания.* (На втором съезде Народной гвардии 26 октября). (Стенографический отчет).— «Эртоба» («Единство»), Тифлис, 1920, № 247, 30 октября, стр. 2—3; № 248, 31 октября, стр. 2—3. На груз. яз. — *79.*

*Законопроект, внесенный СНК в Президиум ВЦИК для внесения на Всероссийский съезд Советов.* О мерах укрепления и развития крестьянского сельского хозяйства.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов». 1920, № 281 (1128), 14 декабря, стр. 3—4. — *85, 160, 161, 162, 163—164, 166, 198, 199, 201, 203—204, 205, 206, 207, 212, 213, 214—215, 426.*

*Заседания фракции РКП (большевиков) 2-го Всероссийского съезда горнорабочих.* Вечернее заседание 23-го января.— «Бюллетень 2-го Всероссийского Съезда Горнорабочих», М., 1921, № 1, 25 января, стр. 1—4.— *285, 286, 287, 289—290, 339—340.*

*Заседания фракции РКП (большевиков) 2-го Всероссийского съезда горнорабочих.* Утреннее заседание 24-го января.— «Бюллетень 2-го Всероссийского Съезда Горнорабочих», М., 1921, № 2, 26 января, стр. 2—4.— *285, 334, 339—340.*

[*Зиновьев, Г. Е.*] *Доклад тов. Зиновьева в Большом театре о съезде независимых в Галле.*— «Правда», М., 1920, № 245, 2 ноября, стр. 2.— *4.*

— *Новые задачи нашей партии.* (От войны к хозяйству). Речь, произнесенная на общем собрании членов партии, кандидатов и сочувствующих Петербургского района 28 января 1920 г. Пг., Госиздат, 1920. 31 стр.— *311.*

[*Игнатов, Г. и др.*] *Очередные задачи профессиональных союзов.*— «Правда», М., 1921, № 12, 19 января, стр. 2.— *267.*

*«Известия ЦИК Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов»*, 1918, № 28 (292), 19 (6) февраля, стр. 3. — *201, 202.*

*«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабочих и Красноарм. Депутатов».— 15, 98, 367, 369, 420, 466.*

— 1920, № 157 (1004), 18 июля, стр. 1.— *182.*

— 1920, № 249 (1096), 6 ноября, стр. 4.— *365—366.*

— 1920, № 265, (1112), 25 ноября, стр. 4.— *66.*

— 1920, № 281 (1128), 14 декабря, стр. 3—4.— *85, 160, 161, 162, 163—164, 166, 175, 198, 199, 201, 203—204, 205, 206, 207, 212, 213, 214, 426.*

*«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабочих и Красноарм. Депутатов»*, 1920, № 287 (1134), 21 декабря, стр. 2—3.— *166—167, 426.*

— 1920, № 288 (1135), 22 декабря, стр. 1—2.— *169, 170.*

*«Известия ЦК РКП(б)»*, М., 1920, № 24, 12 октября, стр. 2—5.— *37, 48—49.*

— 1920, № 26, 20 декабря, стр. 2—3.— *234, 243, 439.*

*Каменев, Л. Б. О роли и значении профсоюзов.* (Доклад и заключительное слово на заседании Московского комитета РКП 17 января 1921 г.). М., Изд. бюро фракции МГСПС, 1921. 24 стр. (Только для членов РКП). — *270.*

*Кодекс законов о труде.*— «Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1918, №№ 87—88, 10 декабря, ст. 905, стр. 1099—1114.— *89, 120, 133.*

*«Коммунистический Интернационал»*, М.— Пг., 1920, № 13, 28 сентября, стбл. 2387—2392. — *113.*

*«Коммунистический Труд»*, М., 1920, № 204, 23 ноября, стр. 3.— *43.*

— 1920, № 207, 26 ноября, стр. 2.— *106.*

*Конституция (Основной закон) Российской Социалистической Федеративной Советской Республики.* Опубликована в № 151 «Известий Всерос. Центр. Исп. Комитета» от 19 июля 1918 г. М., Гиз, 1919. 16 стр. (РСФСР).— *113, 186, 195, 342, 344, 414.*

*«Красная Газета»*, Пг., 1920, № 275 (856), 7 декабря, стр. 1.— *87, 102, 107, 109—110.*

*Крицман, Л. О хозяйственном плане.*— «Экономическая Жизнь», М., 1920, № 281, 14 декабря, стр. 1; № 289, 23 декабря, стр. 1; 1921, № 28, 9 февраля, стр. 2; № 34, 16 февраля, стр. 1; № 38, 20 февраля, стр. 1.— *378.*

4-го созыва. (Стеногр. отчет). М., Госиздат, 1920, стр. 206—219. (РСФСР).— *30.*

— *О концессиях.* (Доклад на фракции РКП VIII-го съезда Советов). М., Госиздат, 1920. 29 стр. (РСФСР. Речи и беседы пропагандиста. № 18).— *130, 131, 181.*

— *О профессиональных союзах, о текущем моменте и об ошибке тов. Троцкого.* Речь на дискуссионном собрании членов фракции РКП 8-го Всероссийского съезда Советов 30 декабря 1920 г. Пг., Госиздат, 1921. 32 стр. (РСФСР).— *262—263, 264—266, 279, 294—295, 300, 307, 310, 315—316, 334.*

*— *Очередные задачи Советской власти.* М., изд-во ВЦИК, 1918. 30 стр. Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин.— *30, 151—152, 425.*

— *Речь на IX Всероссийской конференции РКП(б) 22 сентября 1920 г.— қараңыз:* Ленин, В. И. Т. Ленин о войне с Польшей и мировой политике.

— *Речь на совещании председателей уездных, волостных и сельских исполнительных комитетов Московской губернии— қараңыз:* Ленин, В. И. Речь т. Ленина на московском губ. совещании.

— *Речь т. Ленина на московском губ. совещании.*— «Правда», М., 1920, № 232, 17 октября, стр. 3. — *83.*

— *Речь т. Ленина на собрании секретарей ячеек Московской организации.*— «Правда», М., 1920, № 269, 30 ноября, стр. 2.— *60—61.*

— *Речь тов. Ленина [на заседании фракции РКП(б) II Всероссийского съезда горнорабочих].*— «Бюллетень 2-го Всероссийского Съезда Горнорабочих», М., 1921, № 1, 25 января, стр. 1—2.— *285.*

— *Речь тов. Ленина [по национальному и колониальному вопросам на II конгрессе Коммунистического Интернационала].*— «Вестник 2-го конгресса Коммунистического Интернационала», 1920, № 6, 7 августа, стр. 2, в ст.: 26 июля. Приложение к газ. «Правда», М., 1920, № 173, 7 августа.— *78.*

— *Т. Ленин о войне с Польшей и мировой политике.* (Краткий отчет о речи тов. Ленина на 1-м заседании Всеросс. конференции РКП).— «Правда», М., 1920, № 216, 29 сентября, стр. 1. Под общ. загл.: Всероссийская конференция РКП.— *32.*

— *Тов. Ленин на общем собрании коммунистов Замоскворечья.* [Доклад].— «Правда», М., 1920, № 273, 4 декабря, стр. 4, в отд.: Партийная жизнь.— *55.*

— *[Шесть тезисов об очередных задачах Советской власти].*— В кн.: Ленин, В. И. Очередные задачи Советской власти.

М., изд-во ВЦИК, 1918, стр. 28—30, в предписании Президиума ВЦИК «Всем губернским, уездным, волостным Совдепам, всем, всем...» Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин.—151—*152, 425.*

[*Лозовский, С. А.*] *Профессиональные союзы в Советской России.* Изд. ВЦСПС. М., 1920. 64 стр. Перед загл. авт.: А. Лозовский (С. А. Дридзо). — *227, 232, 436, 445.*

*Ломов, А. Предисловие* [*к брошюре «О концессиях»*].— В кн.: О концессиях. Декрет Совета Народных Комиссаров от 23 ноября 1920 г. Текст декрета. Объекты концессий. Карты. М., Госиздат, 1920, стр. 3—4. (РСФСР).— *87.*

*Луначарский, А. В. Вместо предисловия* [*к книге: «1917 — октябрь — 1920»*].— В кн.: 1917 — октябрь — 1920. (Краткий отчет). М., Госиздат, 1920, стр. 3—14. (РСФСР. Нар. ком. по просвещению).— *364.*

*Маркс, К. и Энгельс, Ф. Манифест Коммунистической партии.* Декабрь 1847 г.— январь 1848 г.— *78—79.*

— *Святое семейство, или Критика критической критики.* Против Бруно Бауэра и компании. Сентябрь — ноябрь 1844 г.— *426.*

[*Милютин, В. П. Методы разработки единого хозяйственного плана*].— «Экономическая Жизнь», М., 1921, № 37, 19 февраля, стр. 2. Под общ. загл.: Проблема единого хозяйственного плана.— *378.*

*Народный комиссариат по просвещению. 1917 — октябрь — 1920. Краткий отчет — қараңыз:* 1917—октябрь 1920.

*«Народы Востока»,* Баку.— *78.*

*«Невская Звезда»,* Спб., 1912, № 17, 15 июля, стр. 1. — *325.*

*Нелединский-Мелецкий, Ю. А. Песня («Выду я на реченьку...»).— 240.*

*Новая постановка социального воспитания.* (Беседа с наркомом по просвещению тов. А. В. Луначарским).— В кн.: Приложение к бюллетеню VIII съезда Советов, посвященное партийному совещанию по вопросам народного образования. Изд. ВЦИК. М., 10 января 1921, стр. 1—2. — *360.*

*Ноябрьская резолюция — қараңыз:* Резолюция фракции РКП о задачах профдвижения...

**О концессиях.* Декрет Совета Народных Комиссаров от 23 ноября 1920 г. Текст декрета. Объекты концессий. Карты.

родного образования. Изд. ВЦИК. М., 10 января 1921, стр. 8—12.— *360.*

*«Петроградская Правда»*, 1921, № 4, 6 января, стр. 2.— *266, 267, 294.*

**План электрификации РСФСР.* Доклад 8-му съезду Советов Государственной комиссии по электрификации России. М., Гостехиздат, 1920. 669 стр. разд. паг.; 14 л. схем и карт. (РСФСР. Науч.-техн. отд. ВСНХ).— *33, 34, 76, 79—80, 122, 173—174, 175, 176, 177—178, 209, 218, 220, 378—379, 380—383, 384, 385, 427.*

[*Платформа «рабочей оппозиции»*].— В кн.: О роли профессиональных союзов в производстве. Доклады тт. Зиновьева и Троцкого, речь т. Ленина, содоклады тт. Бухарина, Ногина, Шляпникова и Рязанова и заключительные слова тт. Троцкого и Зиновьева на соединенном заседании делегатов 8-го съезда Советов, ВЦСПС и МГСПС — членов РКП 30-го декабря 1920 г. М., 1-я Образцовая тип. МСНХ, 1921, стр. 59—61. (Бюро фракции РКП ВЦСПС. Только для членов РКП).— *264.*

*По вопросу о профессиональных союзах и их организации.* [Резолюция, принятая на IX съезде РКП(б). 1920 г.].— В кн.: Девятый съезд Российской Коммунистической партии. Стеногр. отчет. (29-го марта — 4 апреля 1920 г.). М., Госиздат, 1920, стр. 383—387. (РКП(б)).— *10—11, 227, 240, 436.*

*По докладу т. Кржижановского об электрификации.* [Резолюция, принятая на VIII Всероссийском съезде Советов. 1920 г.].— В кн.: Восьмой Всероссийский съезд Советов рабочих, крестьянских, красноармейских и казачьих депутатов. Стеногр. отчет. (22—29 декабря 1920 года). М., Госиздат, 1921, стр. 271—272. (РСФСР).— *377, 382—383, 384, 475.*

*Политехническое или монотехническое образование.* (Беседа с зам. пред. Главпрофобра тов. О. Ю. Шмидтом).—В кн.: Приложение к бюллетеню VIII съезда Советов, посвященное партийному совещанию по вопросам народного образования. Изд. ВЦИК. М., 10 января 1921, стр. 4—5.— *361.*

**Положение нефтяной промышленности Бакинского района к концу 1920 года.* Доклад уполномоченного Совета Труда и Рабоче-Крестьянской обороны по добыче и вывозу нефти. Баку, «Азерцентропечать», 1920. 88 стр.; 3 л. прил. и карт. (Азербайдж. нефт. ком.).— *373, 374.*

*Положение о Государственной комиссии по электрификации России (ГОЭЛРО).*— «Бюллетени Государственной Комиссии

**Программа Российской Коммунистической партии (большевиков).* Принята 8-м съездом партии 18—23 марта 1919 г. М. — Пг., «Коммунист», 1919, 24 стр. (РКП(б)). — *35, 85—86, 173—174, 175, 178—179, 183, 189, 190, 231, 253, 268, 285—286, 287, 288, 289—290, 328—329, 330—331, 332—334, 338, 357, 360—361, 368, 370, 374, 386, 436, 441, 444, 453, 455, 458, 469.*

**Проект постановления X съезда РКП по вопросу о роли и задачах профессиональных союзов, внесенный на рассмотрение ЦК РКП группой членов ЦК и членов профессиональной комиссии при ЦК.* М., Моск. Совет р., к. и к. д., 1921. 23 стр. (РСФСР). — *266—267, 284, 305.*

*Проект постановления X съезда РКП по вопросу о роли и задачах профсоюзов, (внесенный на рассмотрение ЦК РКП группой членов ЦК и членов проф. комиссии при ЦК).*— «Правда», М., 1921, № 11, 18 января, стр. 1—2. — *267.*

[*Резолюции и постановления второго конгресса Коминтерна.* 1920 г.].— В кн.: 2-й конгресс Коммунистического Интернационала. Стеногр. отчет. Пг., изд-во Коммунистич. Интернационала, 1921, стр. 542—658. — *283.*

*Резолюции и постановления IX съезда РКП.*—В кн.: Девятый съезд Российской Коммунистической партии. Стеногр. отчет. (29-го марта—4 апреля 1920 г.). М., Госиздат, 1920, стр. 369—397. (РКП(б)). — *10, 297.*

*Резолюции партийного совещания.* — В кн.: Приложение к бюллетеню VIII съезда Советов, посвященное партийному совещанию по вопросам народного образования. Изд. ВЦИК. М., 10 января 1921, стр. 12—15. — *360.*

*Резолюции, [принятые на IX Всероссийской конференции РКП(б).* 1920 г.].—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 24, 12 октября, стр. 2—5. — *37, 48—49.*

*Резолюция Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета рабоч., солдат., крест. и казач. депутатов, принятая в заседании от 29-го апреля 1918 года, по докладу тов. Ленина «Об очередных задачах Советской власти».*— В кн.: Ленин, В. И. Очередные задачи Советской власти. М., изд-во ВЦИК, 1918, стр. 27. Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин. — *151—152, 425.*

*Резолюция меньшевиков — қараңыз:* Резолюция РСДРП по докладам ВЦИК и Совнаркома на 8-м Всероссийском съезде Советов.

*Резолюция Московского комитета.* [Ответ на «Обращение к партии» Петроградской организации от 3 января 1921 г.]. — «Правда», М., 1921, № 7, 13 января, стр. 3. — *266, 294.*

[*Резолюция о работе профсоюзов, принятая на сентябрьском Пленуме ЦК РКП(б).* 1920 г.].—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 26, 20 декабря, стр. 2, в ст.: Отчет о работе ЦК РКП за время с 15 сентября по 15 декабря. — *234, 243.*

*Резолюция о роли коммунистической партии в пролетарской революции,* [*принятая на втором конгрессе Коминтерна*].— В. кн.: 2-ой конгресс Коммунистического Интернационала. Стеногр. отчет. Пг., изд-во Коммунистич. Интернационала, 1921, стр. 568—579. — *225—226, 283.*

*Резолюция об электрификации России, принятая Всероссийским Центральным Исполнительным Комитетом VII созыва.* (1-я сессия 2—7 февраля 1920 г.). —«Бюллетени Государственной Комиссии по Электрификации России», М., 1920, № 1, 24 апреля, стр. 3. — *380, 427.*

*Резолюция, принятая губконференцией по отчету о деятельности МК РКП.* —«Коммунистический Труд», М., 1920, № 204, 23 ноября, стр. 3. Под общ. загл.: Московская губернская конференция РКП. (2-й день, 21 ноября). — *43.*

[*Резолюция, принятая на совещании 10 членов ЦК 9 ноября 1920 г.*].— В кн.: О роли профессиональных союзов в производстве. Доклады тт. Зиновьева и Троцкого, речь т. Ленина, содоклады тт. Бухарина, Ногина, Шляпникова и Рязанова и заключительные слова тт. Троцкого и Зиновьева на соединенном заседании делегатов 8-го съезда Советов, ВЦСПС и МГСПС — членов РКП 30-го декабря 1920 г. М., 1-я Образцовая тип. МСНХ, 1921, стр. 19—20. (Бюро фракции РКП ВЦСПС. Только для членов РКП). — *261—262.*

*Резолюция РСДРП по докладам ВЦИК и Совнаркома на 8-м Всероссийском съезде Советов.*— В кн.: Восьмой Всероссийский съезд Советов рабочих, крестьянских, красноармейских и казачьих депутатов. Стеногр. отчет. (22—29 декабря 1920 года). М., Госиздат, 1921, стр. 54—57. (РСФСР).— *191, 194—195, 196.*

[*Резолюция фракции РКП о задачах профдвижения, принятая на пленуме ЦК РКП(б) 9 ноября 1920 г.*].—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 26, 20 декабря, стр. 2—3, в ст.: Отчет о работе ЦК РКП за время с 15 сентября по 15 декабря.— *234.*

*Резолюция фракции РКП о задачах профдвижения,* [*принятая на пленуме ЦК РКП(б) 9 ноября 1920 г.*].—«Правда», М.,

ских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 287 (1134), 21 декабря, стр. 2—3. — *167, 426.*

*Свидерский, А. И. Три года продовольственного фронта.*—В кн.: Три года борьбы с голодом. Краткий отчет о деятельности Народного комиссариата по продовольствию за 1919—20 год. М., 1920, стр. III—X. (Изд. отдел Наркомпрода). — *165.*

*Сентябрьская резолюция — қараңыз:* Очередные задачи партийного строительства.

[*Скворцов-Степанов, И. И.*] *Для чего им нужны концессии.*— «Правда», М., 1920, № 272, 3 декабря, стр. 1. Подпись: И. Степанов. — *81.*

— *Для чего нам нужны концессии?*—«Правда», М., 1920, № 273, 4 декабря, стр. 1. Подпись: И. Степанов. — *81.*

— *Кому можно выдавать концессии?*—«Правда», М., 1920, № 275, 7 декабря, стр. 1. Подпись: И. Степанов. — *81.*

— *Кому не следует выдавать концессии!*—«Правда», М., 1920, № 274, 5 декабря, стр. 1. Подпись: И. Степанов. — *61, 81.*

— *Не упрочивают ли концессии капиталистического строя.*— «Правда», М., 1920, № 278, 10 декабря, стр. 1. Подпись: И. Степанов. — *81.*

— *О камчатских концессиях.*—«Правда», М., 1920, № 279, 11 декабря, стр. 1. Подпись: И. Степанов. — *81.*

— *Об иностранных концессиях.*—«Правда», М., 1920, № 271, 2 декабря, стр. 1. Подпись: И. Степанов. — *81.*

*«Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства»,* М., 1918, №№ 87—88, 10 декабря, ст. 905, стр. 1099—1114. — *89, 119—120, 133—134.*

— 1919, № 56, 22 ноября, ст. 537, стр. 572—573. — *228, 250.*

*Сообщение члена Верховной коллегии Главвода В. И. Зофа на совещании представителей Рупводов Мариинской области водного транспорта 3-го мая 1920 г.*— «Бюллетень Мариинского Областного Управления Водного Транспорта», Пг., 1920, № 5, 21 мая, стр. 1, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *305—306.*

*Сорокин, П. и Рогов, М. Разверстка или налог.*—«Правда», М., 1921, № 35, 17 февраля, стр. 1. — *406.*

— *Разверстка или налог.*—«Правда», М., 1921, № 43, 26 февраля, стр. 1. — *406.*

*Сун Ят-сен. Социальное значение китайской революции.*—«Невская Звезда», Спб., 1912, № 17, 15 июля, стр. 1. — *325.*

*Тезисы II конгресса Коминтерна о роли политической партии*— *қараңыз:* Резолюция о роли коммунистической партии в пролетарской революции...

*Томский, М. П. Милитаризация труда.* — «Вестник Труда», М., 1920, № 1, октябрь, стр. 20—24. — *227, 232, 436.*

*Три года борьбы с голодом.* Краткий отчет о деятельности Народного комиссариата по продовольствию за 1919—20 год. М., 1920. XVIII, 124 стр. (Изд. отдел Наркомпрода). — *164—165.*

[*Троцкий, Л. Д.*] *Вместо предисловия* [*к книге «Роль и задачи профессиональных союзов».* 25 декабря 1920 г.].— В кн.: Троцкий, Л. Д. Роль и задачи профессиональных союзов (к 10-му съезду партии). М., Госиздат, 1920, стр. 3. (РСФСР). — *294, 443.*

— *Ответ петроградским товарищам.*—«Правда», М., 1921, № 9, 15 января, стр. 3, в отд.: Партийная жизнь. Под общ. загл.: К дискуссии о профсоюзах. — *301.*

— *Производственная демократия.*—«Правда», М., 1921, № 5, 11 января, стр. 2—3. — *309.*

— *Профессиональные союзы и их дальнейшая роль.* (Первоначальный набросок тезисов, внесенный в Пленум ЦК РКП 9 ноября 1920 г. т. Троцким).— В кн.: Партия и союзы. (К дискуссии о роли и задачах профсоюзов). Сборник статей и материалов под ред. Г. Зиновьева. Пг., Госиздат, 1921, стр. 354—360. (РСФСР). — *224, 243—244, 246, 249, 250, 251, 261.*

— *Роль и задачи профессиональных союзов (к 10-му съезду партии).* М., Госиздат, 1920. 32 стр. (РСФСР). — *224, 225, 226—227, 228, 229—230, 232, 233, 235—236, 237, 238, 239, 240, 241—242, 263, 266, 273—275, 276—277, 279, 280, 281, 287, 290—291, 294, 295, 296, 297—298, 299, 300, 301—302, 306, 307, 309, 312, 315—316, 317, 319, 320—321, 322, 325, 326, 327—328, 329—330, 331—332, 333—334, 335, 336—337, 435, 436, 437, 438—439, 443, 444, 445, 446, 447, 448, 449—450, 451, 452, 453, 454, 455, 456, 457, 459, 461.*

*1917—октябрь — 1920.* (Краткий отчет). М., Госиздат, 1920. 112 стр. (РСФСР. Нар. ком. по просвещению). — *364.*

*Украинский опыт реформы просвещения.* (Беседа с наркомом просвещения Украины тов. Гринько).— В кн.: Приложение к бюллетеню VIII съезда Советов, посвященное партийному

совещанию по вопросам народного образования. Изд. ВЦИК. М., 10 января 1921, стр. 7—8. — *360.*

*Ультиматум Англии и наш ответ.* От Народного комиссариата по иностранным делам.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 157 (1004), 18 июля, стр. 1. — *182.*

*Условия приема в Коммунистический Интернационал.*—«Коммунистический Интернационал», М. — Пг., 1920, № 13, 28 сентября, стлб. 2387—2392. — *112.*

*Устав Российской Коммунистической партии (большевиков).* М., Госиздат, 1920. 16 стр. (РСФСР). — *217.*

*«Экономическая Жизнь»,* М., 1920, № 243, 30 октября, стр. 4.— *166, 426.*

— 1920, № 281, 14 декабря, стр. 1; № 289, 23 декабря, стр. 1; 1921, № 28, 9 февраля, стр. 2; № 34, 16 февраля, стр. 1; № 38, 20 февраля, стр. 1. — *378.*

— 1921, № 37, 19 февраля, стр. 2. — *378.*

— 1921, № 38, 20 февраля, стр. 2. — *378.*

*Электрификация Западной Сибири.* Сост. Гос. комис. по электрификации России. М., 1920. 24 стр.; 1 л. карт. (Науч.-техн. отд. ВСНХ).— *34, 381.*

*Электрификация Кавказского района.* Сост. Гос. комис. по электрификации России. М., 1920. 49 стр.; 1 л. карт. (Науч.-техн. отд. ВСНХ). — *34, 381.*

*Электрификация Приволжского района.* Сост. Гос. комис. по электрификации России. М., 1920. 45 стр.; 1 л. карт. (Науч.-техн. отд. ВСНХ). — *34, 381.*

*Электрификация Туркестанского района.* Сост. Гос. комис. по электрификации России. М., 1920. 37 стр.; 1 л. карт. (Науч.-техн. отд. ВСНХ). — *34, 381.*

*Электрификация Уральского района.* Сост. Гос. комис. по электрификации России. М., 1920. 26 стр.; 1 л. карт. (Науч.-техн. отд. ВСНХ). — *34, 381.*

*Электрификация Центрально-Промышлен. района.* Сост. Гос. комис. по электрификации России. М., 1920. 118 стр.; 1 л. карт. (Науч.-техн. отд. ВСНХ). — *34, 381.*

*Электрификация Южного района.* Сост. Гос. комис. по электрификации России. М., 1920. 66 стр.; 3 л. карт. (Науч.-техн. отд. ВСНХ). — *34, 381.*

— *The Psychology of Bolshevism*. New York, 1920. 150 p. — *26—27*.

— *Russia as an American Problem*. New York — London, Harper, 1920. 10, 444 p. — *26—27*.

*«Le Temps»*, Paris. — *20*.

— 1920, N. 21656, 16 novembre, p. 1. — *20*.

*Vanderlip, F. A. What happened to Europe*. New York, Macmillan, 1920. XVIII, 188 p. — *67—68*.

# ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

## А

*Артем (Сергеев, Ф. А.*)* (1883—1921) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1901 жылдан партия мүшесі. Екатеринославта, Харьковта, Уралда революциялық жұмыс жүргізді. Талай рет қамауға алынды. 1911 жылдың орта шенінде Австралияға эмиграцияға кетті. Эмиграцияда жүрген кезінде Австралия жұмысшы қозғалысына белсене қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келіп, большевиктер партиясының Донбасс, Харьков, Екатеринослав губернияларының партия ұйымдарын біріктірген облыстық комитеті бюросының секретары болды. РСДРП(б) VI съезінде Орталық Комитеттің мүшелігіне сайланды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысушы, Украинадағы контрреволюция мен неміс оккупанттарына қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі. Революциядан кейін — Донецк-Кривой Рог Совет республикасы Халық Комиссарлары Советінің председателі, Украина КП(б) Орталық Комитетінің мүшесі. 1920—1921 жылдары — РКП(б) Москва комитетінің секретары, 1921 жылдан — кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық одағы Орталық комитетінің председателі, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. Москва-Курск темір жолында аэровагонды сынап өткізген кезде қаза тапты. — *267, 284, 305.*

## Б

*Баллод* (Ballod), *Карл* (1864—1931) — экономист-статистик, Германияда және Латвияда ғылыми және педагогтық қызметпен шұғылданды. 1905 жылдан — Берлин университетінің профессоры. 1919 жылдан 1931 жылға дейін Латвия университетінің профессоры болды. Экономика мәселелері жөніндегі біркатар еңбектердің, соның ішінде «Der Zukunftsstaat» («Болашақтағы мемлекет») деген кітаптың авторы. — *382.*

*Богдатьян, М. С.* — 1921 жылы мұнай өнеркәсібінде істеді, 1922 жылы Отын өнеркәсібі орталық басқармасы бастығының міндетін атқарды, одан соң Отын жөніндегі бас басқарманың Орталық басқармасы председателінің орынбасары болды. — *373, 472.*

*Богуславский, М. С.* (1886—1937) — 1917 жылдан партия қатарында, кәсібі жөніпен әріп теруші.

1905 жылдан 1917 жылға дейін — еврей социалистік партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің мүшесі және Украина үкіметінің мүшесі болды. 1920 жылдан бастап Москвада Қатынас жолдары халық комиссариатының Бас саяси бөлімінде істеді, одан соң баспашылар одағының председателі болды. 1920—1921 жылдары антипартиялық «демократиялық цент-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиялары көрсетілген.

рализм» тобының платформасына, содан соң троцкистік оппозицияға қосылды. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінің қаулысы бойынша партиядан шығарылды. — *267.*

*Бриллиант, Г. Я.* — *қараңыз:* Сокольников, Г. Я.

*Брюханов, Н. П.* (1878—1938) —совет мемлекет қайраткері, 1902 жылдан РСДРП мүшесі, 1904 жылдан—большевик. Қазанда, Симбирскіде, Уфада және Россияның басқа да қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін— РСДРП Уфа біріккен комитетінің мүшесі, жұмысшы және солдат депутаттары Уфа Советінің председателі. 1917 жылы октябрьде—Уфа губерниялық революциялық комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — азық-түлік халық комиссарының орынбасары, ал кейіннен азық-түлік халық комиссары, финанс халық комиссары, жабдықтау халық комиссарының орынбасары, СССР Халық Комиссарлары Советінің жанындағы Егіннің шығымдылығын анықтау жөніндегі комиссия председателінің орынбасары. Партияның XV және XVI съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. — *400.*

*Бубнов, А. С.* (1883—1940) — көрнекті партия және мемлекет қайраткері. 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Иваново-Вознесенскіде, Москвада, Петербургте және Россияның басқа қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва облыстық бюросының мүшесі, партияның Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясын әзірлеуге және өткізуге белсене қатысты, Петроград Әскери-революциялық комитетіне және қарулы көтеріліске басшылық ету жөніндегі Әскери-революциялық орталыққа кірді. 1918 жылдан — жауапты партия, совет жұмысында және әскери жұмыста болды. «Солшыл коммунистердің» антипартиялық тобына кірді. Украина Совет үкіметінің және Украина КП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, Украин майданы, Солтүстік Кавказ әскери округі Революциялық-әскери советтерінің мүшесі болды. 1920—1921 жылдары оппортунистік «демократиялық централизм» тобына кірді. 1922—1923 жылдары РКП(б) Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болды. 1923 жылы 46-ның троцкистік мәлімдемесіне қол қойды; кейін троцкизмге қарсы күреске қатысты. 1924 жылдан — Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясы Саяси басқармасының бастығы және СССР Революциялық-әскери советінің мүшесі, 1925 жылы — РКП(б) Орталық Комитетінің секретары. 1929 жылдан 1937 жылға дейін — РСФСР халық ағарту комиссары. Партияның Орталық Комитетінің мүшесі

және мүшелігіне кандидат болып бірнеше рет сайланды. — *40, 54, 267.*

*Буллит* (Bullitt), *Уильям Кристиан* (1891 ж. туған) — американ реакцияшыл журналисі және дипломаты, Америка Құрама Штаттары империалистерінің антисоветтік саясатын белсене жүргізушілердің бірі. 1917 жылы Америка Құрама Штаттары мемлекеттік департаментінің Орталық-Европа информациясы бюросын басқарды. 1918—1919 жылдары — Париж бейбітшілік конференциясындағы американ делегациясының атташесі. 1919 жылы Вильсон мен Ллойд Джордж арнаулы миссиямен Советтік Россияға жіберді. Бұдан кейін отставкаға шықты. 1933 жылы дипломатиялық қызметке қайта оралды, 1933—1936 жылдары — СССР-дегі тұңғыш американ елшісі. 1936—1941 жылдары—Франциядағы елші. СССР-де және Францияда болған кезінде СССР-ге дұшпандық бағыт жүргізді. 1942—1943 жылдары Америка Құрама Штаттары теңіз министрінің арнаулы көмекшісі болды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін —«қырғи қабақ соғыс» саясатының белсенді жақтаушысы. — *105—106.*

*Бумажный, Е. О.* (1894 ж. туған) — 1917 жылдан партия мүшесі. Орехово-Зуевода партиялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Еңбек халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, РКП(б) Орталық Комитетінің Урал облыстық еңбек бюросының мүшесі. 1920—1921 жылдары ВЦСПС-те істеді. Кәсіподақ айтысы кезінде Троцкийдің платформасына қосылды. 1922 жылдан 1923 жылға дейін — Брянск губерниялық партия комитетінің секретары, 1924—1925 жылдары — ВКП(б) Москва комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі, секретариат мүшесі. 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитетінің баспасөз бөлімі меңгерушісінің орынбасары. 1930 жылдан— дербес пенсионер. — *270.*

*Буровцев, М. В.* (1889—1954)—1905 жылдан партия қатарында болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Москва Советінде істеді, Москва қаласы еңбек бөлімінің меңгерушісі, Москва қалалық халыққа білім беру бөлімі коллегиясының мүшесі болды. 1921—1922 жылдары—РКП(б) Орталық Комитетінің аз ұлттар бөлімінің меңгерушісі. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобының көзқарастарын қолдаған Е. Игнатов тобына белсене қатысты. 1923—1924 жылдары троцкистік оппозицияға қосылды. 1922—1936 жылдары арасына үзілістер салып, Сыртқы істер халық комиссариатында жұмыс істеді. Троцкистік оппозицияга қатысқаны үшін 1937 жылы партиядан шығарылды. — *267.*

*Бухарин, Н. И.* (1888—1938) — 1906 жылдан большевиктік партияда болды; Москваның әр түрлі аудандарында насихатшы болып істеді. 1911 жылы шетелге эмиграцияға кетті. 1915 жылы «Коммунист» журналына жазып тұрды, мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы, ұлттардың өзін өзі би-

гай отырып, Вильсон Америка Құрама Штаттарын Антантаның жағында дүние жүзілік империалистік соғысқа киліктіруге себепші болды. 1919 жылғы Париж бейбітшілік конференциясында Америка Құрама Штаттарының дүние жүзілік үстемдігін орнатуға бағытталған программаны өткізуге тырысты. Алайда Англия мен Франция өкілдерінің қарсылық көрсетуі нәтижесінде Вильсон өз жоспарын жүзеге асыра алмады.

Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Вильсон Россияны бөлшектеуді көздеді, Америка Құрама Штаттарының Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1918 жылы Америка Құрама Штаттарының дүние жүзілік үстемдігін орнатуға бағытталған империалистік «бітім программасын» («он төрт пунктті») ұсынды. 1920 жылғы президент сайлауында жеңіліске ұшырап, саяси қызметтен шеттеп кетті.—*74.*

*Врангель, П. Н.* (1878—1928)—патша армиясының генералы, барон. Барын тұрған монархист. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде — ағылшын-француз және американ империалистерінің итаршысы; Россияның оңтүстігіндегі контрреволюция басшыларының бірі. 1920 жылғы апрель — ноябрьде ақ гвардиялық «Россияның Оңтүстігіндегі қарулы күштердің» бас қолбасшысы болды; бұл күштерді Қызыл Армия талқандағаннан кейін шетелге қашып кетті.— *3, 19, 20, 27—28, 114—115, 142—143, 191—192, 241, 425.*

## Г

*Гардинг* (Harding), *Уоррен* (1865—1923)—американ саяси қайраткері, журналист. 1921—1923 жылдары — Республикалық партиядан сайланған Америка Құрама Штаттарының президенті. — *71—72, 106—107.*

*Гегель* (Hegel), *Георг Вильгельм Фридрих* (1770—1831)— немістің аса ірі философы — объективтік идеалист, неміс буржуазиясының идеологы. Гегельдің сіңірген тарихи еңбегі диалектиканы терең және жан-жақты талдап жасауы еді, мұның өзі диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі болды. Алайда Гегель диалектикасының идеалистік сипаты бар-ды, бұл диалектика оның тұтас алғанда консервативтік, метафизикалық философиялық системасымен тығыз байланыста болды. Өзінің саяси көзқарастары жағынан алғанда Гегель конституциялық монархияны жақтады.

Гегельдің негізгі шығармалары: «Рух феноменологиясы», «Логика ғылымы», «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы», «Философия тарихы жөніндегі лекциялар» және басқалар. — *324.*

*Гольдендах, Д. Б. — қараңыз:* Рязанов, Д. Б.

## Д

*Дан (Гурвич), Ф. И.* (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарады. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі атқару комитетінің мүшесі және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. Совет мемлекетінің жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді.— *195, 196, 197.*

*Деникин, А. И.* (1872—1947) — патша армиясының генералы; шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезеңінде (1918—1920) — ағылшын-француз және американ империалистерінің итаршысы; Россияның оңтүстігіндегі ақ гвардиялық қарулы күштердің бас қолбасшысы. Совет әскерлері бұл қарулы күштерді талқандағаннан (март, 1920) кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *48, 123, 153—154, 344, 409.*

*Дзержинский, Ф. Э.* (1877—1926) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері, 1895 жылдан партия мүшесі. Польша мен Литва социал-демократиясын ұйымдастырушылардың бірі. Польшада және Россияда партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады: 11 жылдан астам уақыт түрмеде, каторгада және айдауда болды. Партияның IV съезінен бастап — РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Москвада партиялық жұмыс жүргізді.

Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің және көтеріліске басшылық ету жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталықтың мүшесі. Революция жеңгеннен кейін контрреволюциямен және саботажбен күресу жөніндегі Бүкіл россиялық төтенше комиссияның (ВЧК) председателі болды. 1918 жылдың басында Брест бітімін жасасу туралы мәселе жөнінде қате позиция ұстады. 1921 жылы Бүкіл россиялық төтенше комиссия председателі және ішкі істер халық комиссары қызметтерін атқарумен қатар, қатынас жолдары халық комиссары болып тағайындалды, 1924 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1924 жылғы июньнен — РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат және РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мүшесі.— *187, 188, 196.*

*Доблер, Ф. Э.* (1890 ж. туған) — кітапхана қызметкері. 1911 жылдан Москва кітапханаларында жұмыс істеді. Октябрь со-

циалистік революциясынан кейін Москва қалалық халыққа білім беру бөлімінің кітапхана секциясында істеді. 1921 жылдан 1939 жылға дейін — Халық ағарту комиссариатының қызметкері; бірнеше жыл бойы жұмысшыларды кітапхана институтына даярлау жөніндегі курстың меңгерушісі болды. 1940 жылдан — Москва кітапхана техникумында кітапхана пәндерінің оқытушысы. 1956 жылдан — пенсияда.— *370.*

*Доссер, З. Н.* (1882—1938) — 1917 жылдан партия мүшесі, мамандығы жөнінен мұнайшы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Халық шаруашылығы жоғары советінің Мұнай бас комитеті коллегиясының председателі, Мұнай синдикатының басқарушысы. Мұнай синдикатының Қытайдағы өкілі, СССР-дің Италиядағы сауда өкілі. 1928 жылдан 1937 жылға дейін — РСФСР Сауда халық комиссариатында басқарма бастығы.— *373—374.*

*Драбкин, Я. Д.— қараңыз:* Гусев, С. И.

*Дридзо, С. А. — қараңыз:* Лозовский, С. А.

## Е

*Емшанов, А. И.* (1891—1941) — 1917 жылдан партия мүшесі, темір жол транспортының қызметкері. 1917—1920 жылдары Пермь темір жол басқармасы одағы жол комитетінің председателі болып, одан соң осы жолдың бастығы болып істеді. 1920—1921 жылдары — қатынас жолдары халық комиссары, 1921—1922 жылдары — қатынас жолдары халық комиссарының орынбасары. Одан кейін қатынас жолдары халық комиссариаты жүйесінде істеді.— *169.*

*Ересмин* — Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің делегаты.— *212.*

## Ж

*Жордания, Н. Н.* (1870—1953) — социал-демократ, Кавказ меньшевиктерінің лидері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды; 1921 жылдан — ақ эмигрант.— *411.*

## З

*Зиновьев (Радомысльский), Г. Е.* (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияда болды. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, «Пролетарий» газетінің және

партияның Орталық Органы — «Социал-Демократтың» редакцияларына кірді. РСДРП V съезінен бастап — партияның Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті, қарулы көтеріліске қарсы шықты. Каменевтің өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялауы партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроград Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, сөйтіп партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *4, 14, 262—263, 264, 267, 271, 284, 289—290, 302, 303—304, 305—306, 309, 311, 313, 314, 320, 325, 327, 330, 335, 353, 409, 452, 453, 454, 456, 459, 460.*

*Зоф, В. И.* (1889—1940) — советтің әскери және мемлекет қайраткері, 1913 жылдан партия мүшесі, азамат соғысына қатысушы. 1920 жылы — су транспорты Бас саяси басқармасының коллегия мүшесі, одан соң басқарманың бастығы. 1924 жылы — СССР Теңіз күштері комиссары және Жұмысшы-Шаруа Қызыл флоты Теңіз күштерінің бастығы, 1925 жылы — Жұмысшы-Шаруа Қызыл флоты Теңіз күштерінің бастығы және комиссары, СССР Революциялық-әскери советінің мүшесі. 1927—1929 жылдары — Қатынас жолдары халық комиссариаты коллегиясының мүшесі және Советтік сауда флотының председателі, 1930 жылдан — қатынас жолдары халық комиссарының орынбасары, 1931 жылдан — су транспорты халық комиссарының бірінші орынбасары.— *305—306, 453, 455.*

## И

*Игнатов, Е. Н.* (1890—1938) — 1912 жылдан большевиктік партияның мүшесі, 1917 жылы — Москва Советі атқару комитетінің және президиумының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін партияның Москва комитетінің құрамына енді. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) «игнатовшылдар» деп аталған антипартиялық анархо-синдикалистік топ құрды, бұл

топ «жұмысшы оппозициясының» көзқарастарын қолдады. РКП(б) X съезінен кейін оппозициядан кетіп, РКП(б) Витебск губерниялық комитетінде істеді, Витебск губерниялық атқару комитетінің председателі болды. 1929 жылдан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жанындағы Совет құрылысы жөніндегі жоғары курстың директоры.— *42, 181, 267.*

*Ищенко, А. Г.* (1895 ж. туған) — 1917 жылдың апрелінен партияда болды. 1917 жылы июльде — Петроградта су транспорты қызметкерлері одағы Орталық комитетінің мүшесі. 1917 жылдың октябрінде — миноносецтер флотилиясының комиссары. 1919 жылдан 1921 жылға дейін және 1924 жылдан 1927 жылға дейін — су транспорты қызметкерлері одағы Орталық комитетінің председателі. 1923 жылғы троцкистік оппозицияға белсене қатысты, Москвадағы троцкистік орталықтың мүшесі болды, сол үшін 1927 жылы партиядан шығарылды; 1929 жылы ноябрьде партияға қайта алынды, контрреволюциялық қызметі үшін 1935 жылы февральда партиядан қайта шығарылды.— *244, 439.*

## К

*Калинин, М. И.* (1875—1946) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1898 жылдан партия мүшесі. Алғашқы астыртын маркстік жұмысшы үйірмелерінде және В. И. Ленин құрған Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» жұмыс істеді. Бірінші орыс революциясына белсенді қатысушы. Петербургте, Тифлисте, Ревельде, Москвада және Россияның басқа да қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1912 жылы партияның VI (Прага) конференциясында РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды, одан соң РСДРП Орталық Комитеті Орыс бюросының құрамына енгізілді. «Правда» газетін ұйымдастырушылардың бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде партияның Петербург комитеті Атқару комиссиясының мүшесі болды. Петроградтағы 1917 жылғы Октябрь қарулы көтерілісіне белсенді қатысушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроградтың қала басы, одан соң қала шаруашылығы комиссары. 1919 жылғы марттан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Председателі, 1922 жылғы декабрьден — СССР Орталық Атқару Комитетінің Председателі, 1938 жылдан — СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі. 1919 жылдан — Орталық Комитет мүшесі, 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі.— *186, 267, 284, 305.*

*Каменев (Розенфельд), Л. Б.* (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияның қатарында болды. «Пролетарий» және «Правда» газеттерінің редакцияларына кірді. РСДРП(б) Бүкіл

российялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылгы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметке және соғысқа көзқарас жөнінде жартылай меньшевиктік позиция ұстады, партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты. 1917 жылы октябрьде өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады; бұл партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *49, 114, 184, 267, 269, 284, 305, 339, 373.*

*Каменский, А. З.* (1885—1938)—1917 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия, совет және кәсіподақ жұмысында болды. 1920—1921 жылдары — РСФСР ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары, 1921—1922 жылдары — Дон облысы облыстық комитетінің секретары. Кәсіподақ айтысы кезеңінде антипартиялық «демократиялық централизм» тобына кірді, 1925—1926 жылдары троцкистік оппозицияға қосылды. 1922—1923 жылдары — Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі. 1927 жылдан 1933 жылға дейін — Өнеркәсіп академиясының директоры, 1933 жылдан 1936 жылға дейін — РСФСР жеңіл өнеркәсіп халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1936 жылдан Финанс халық комиссариатында істеді.— *267.*

*Каплун, Б. Г.* (1894 ж. туған) — 1917 жылдан партия қатарында болды. 1918—1921 жылдары — Петроград советі басқармасы бөлімінің коллегия мүшесі, одан соң Петроград халық шаруашылығы советінде істеді. 1921 жылы ноябрьде мансапқорлығы және қызмет бабын пайдаланып қиянат жасағандығы үшін Петроград тексеру комиссиясының шешімі бойынша партиядан шығарылды.—*292.*

*Касьян (Тер-Каспарян), С. И.* (1876—1938) — 1905 жылдан партия мүшесі. Закавказьеде революциялық жұмыс жүргізді, тұңғыш большевиктік құпия газет — «Бенвори Дзайнды» («Жұмысшы Үні») редакциялады. Талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Закавказьеде жұмыс істей берді. 1920 жылы Армения Революциялық Комитетінің тұңғыш председателі болып тағайындалды. 1923 жылдан 1927 жылға дейін — Закавказье Коммунистік университетінің ректоры. 1927 жылдан 1931 жылға дейін — Закавказье Орталық Атқару Комитетінің және Армян ССР Орталық Атқару Комитетінің председателі, СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі.— *59.*

*Кейнс* (Keynes), *Джон Мейнард* (1883—1946) — ағылшынның түрпайы буржуазияшыл экономисі, мемлекеттік-монополистік капитализмнің апологеті. 1915 жылдан — Англия финанс министрлігінің чиновнигі. 1919 жылы Париж бейбітшілік конференциясының жұмысына қатысты. 1919 жылы июньде отставкаға шыққаннан кейін бірқатар еңбектерінде империалистік Версаль бітімі системасының экономикалық жағынан негізсіз екендігін қатты сынады. 1921 жылдан бастап ағылшынның қауіпсіздендіру жөніндегі ірі компаниясының председателі болды. 30-жылдарда буржуазиялық саяси экономиядағы апологеттік (өз есімімен «кейнсшілдік» деп аталған) бағыттардың бірінің негізін салушы болды, бұл бағыт бойынша буржуазиялық мемлекет капитализмді «ретке келтіріп», капитализм шеңберінде дағдарыс пен жұмыссыздық болмайтын жоспарлы шаруашылықты «қамтамасыз ете» алады-мыс.— *74, 76.*

*Керенский, А. Ф.* (1881—1970) — эсер. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — барып тұрған социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің юстиция министрі, әскери және теңіз министрі, одан кейін министр-председателі және жоғарғы бас қолбасшы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда антисоветтік насихат жүргізді.— *396, 409.*

*Керзон* (Curzon), *Джордж Натаниел* (1859—1925) — ағылшынның реакцияшыл мемлекет қайраткері әрі дипломат, лорд, консерваторлар лидерлерінің бірі, ағылшын империализмінің неғұрлым агрессияшыл топтарының өкілі. 1898—1905 жылдары — Индияның вице-королі, онда ұлт-азаттық қозғалысын аяусыз басып отырды. 1915—1918 жылдары бірқатар үкіметтік және парламенттік қызметтерде болды. 1919—1924 жылдары — Великобритания сыртқы істер министрі. Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бастыларының бірі. 1920 жылы 12 июльде, поляк-совет соғысы кезінде,

Совет үкіметінен Антантаның Жоғарғы советі 1919 жылы декабрьде Польшаның шығыс шекарасы ретінде қабылдаған линияда Қызыл Армияның шабуылын тоқтатуды талап етті; бұл линия кейін «Керзон линиясы» деп аталды. 1923 жылы майда Совет үкіметіне арандатушылық ультиматум («Керзон ультиматумы» дейтін) жолдады, мұның өзі антисоветтік интервенция саясатын қайта жаңғырту әрекеті еді; ультиматумды СССР үкіметі мен халқы үзілді-кесілді қабылдамай тастады.— *182.*

*Киселев, А. С.* (1879—1938) — 1898 жылдан партия мүшесі. Россияның көптеген қалаларында партиялық жұмыс жүргізді, талай рет тұтқынға алынып, айдауда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Иваново-Вознесенск Советінің председателі, РСДРП(б) қалалық комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет, шаруашылық және кәсіподақ жұмысында болды. 1918 жылы Центротекстильдің председателі, одан кейін Халық шаруашылығы жоғары советі Президиумының мүшесі болып сайланды. 1920 жылы — кен жұмысшылары одағының председателі. 1921 жылы — антипартиялық анархо-синдикалистік «жұмысшы оппозициясы» тобына қатысушы. Партияның XII съезінде РКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының мүшесі болып сайланды, кейінірек — РСФСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары және СССР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары. 1924 жылдан 1938 жылға дейін — Бүкіл одақтық Орталық Атқару Комитетінің секретары.— *290, 339, 469.*

*Клемансо* (Clemenceau), *Жорж Бенжамен* (1841—1929) — Францияның саяси және мемлекет қайраткері, көп жыл бойы радикалдар партиясының лидері. 1876 жылдан — депутаттар палатасының мүшесі. 1906—1909 жылдары Француз үкіметін басқарды. Ірі капиталдың мүддесін қорғай отырып, жұмысшы табы жөнінде қатал жазалау саясатын жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — барып тұрған шовинист. 1917 жылғы ноябрьден бастап Клемансо тағы да Француз үкіметін басқарды, елде әскери диктатура режимін орнатты. Советтік Россияға қарсы блокада мен қарулы интервенцияны ұйымдастырушылардың және оған дем берушілердің бірі болды. 1920 жылы президент сайлауында жеңіліске ұшырады да, саяси қызметтен шеттеп кетті. — *74.*

*Колчак, А. В.* (1873—1920) — патша флотының адмиралы, монархист, 1918—1919 жылдары — Россия контрреволюциясының басты басшыларының бірі, Антантаның итаршысы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Америка Құрама Штаттары, Англия және Франция империалистерінің қолдауымен өзін Россияның жоғарғы әміршісі деп жариялап, Уралда, Сибирь мен Қиыр Шығыста әскери буржуазиялық-помещиктік дикта-

тураны басқарды. Қызыл Армияның соққысы және революциялық-партизандық қозғалыстың өсуі колчакшылдықтың жойылуына әкеліп жеткізді; Колчак тұтқынға алынып, Иркутск ревкомының қаулысы бойынша 1920 жылы 7 февральда атылды.— *48, 74, 105, 123, 154, 409.*

*Копп, В. Л.* (1880—1930) — 1917 жылдан партия мүшесі. Революциялық қозғалысқа 1898 жылдан бастап қатысты, Харьковта, Екатеринославта, Петербургте жұмыс жүргізді. «Искраны» құпия тасымалдауға қатысты. Талай рет тұтқынга алынып, жер аударылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде армияға алынды, 1915—1918 жылдары Германияда тұтқында болды. 1919 жылдан 1930 жылға дейін СССР Сыртқы істер халық комиссариаты жүйесінде істеді.— *14.*

*Корзинов, Г. Н.* (1886—1926) — 1904 жылдан партия мүшесі, 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысушы. Петербургте, Ригада, Гельсингфорста, Москвада партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылы Москвада Октябрь қарулы көтерілісіне қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — партия, совет және шаруашылық жұмыстарында болды: Москва Советі атқару комитетінің мүшесі, РКП(б) Москва комитетінің мүшесі. 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысы кезінде «жұмысшы оппозициясының» антипартиялық көзқарастарын қостаған Е. Игнатовтың анархо-синдикалистік тобына қосылды. 1921 жылдан 1926 жылға дейін — завод директоры.— *180, 181, 182, 267.*

*Красин, Л. Б.* (1870—1926) — советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясына белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастыру жөнінде жұмыс істеді, Халық шаруашылығы жоғары советі Президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп халық комиссары, қатынас жолдары халық комиссары болды. 1919 жылдан бастап дипломатиялық жұмыста болды. 1920 жылдан — сыртқы сауда халық комиссары және сонымен қатар 1921—1923 жылдары Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді, Генуя және Гаага конференцияларына қатысты, 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкілі.— *108, 113, 114, 373, 472.*

*Крестинский, Н. Н.* (1883—1938) — 1903 жылдан партия мүшесі. 1917 жылы — РСДРП(б) Екатеринбург облыстық комитеті председателінің орынбасары, ал одан кейін Урал облыстық комитетінің председателі. 1918—1921 жылдары РСФСР финанс халық комиссары болып істеді. РКП(б) Орталық Комитетінің секретары (1919 жылдан) болды. 1918 жылы «солшыл коммунистермен» бірге Брест бітімін жасасуға қарсы шықты. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) Троцкийдің платформасын

жақтады. 1921—1930 жылдары — советтің Германиядағы уәкілетті өкілі, одан кейін СССР сыртқы істер халық комиссарының орынбасары.—*187, 250, 262, 335, 373.*

*Кржижановский, Г. М.* (1872—1959) — Коммунистік партияның ең қарт қайраткері, белгілі совет ғалымы, инженер-энергетик. Революциялық қозғалысқа 1893 жылдан араласты; В. И. Ленинмен бірге Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды. РСДРП II съезінде Орталық Комитеттің құрамына сырттан сайланды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москва Советінің мүшесі, большевиктер фракциясына кірді. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Москваның энергетика шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту жолында жұмыс істеді. 1920 жылы Лениннің тапсыруымен Кржижановский Россияны электрлендіру жөніндегі комиссияны (ГОЭЛРО) басқарды. 1921—1930 жылдары Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына басшылық етті, СССР халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарын жасауға қатысты, 1930 жылдан 1932 жылға дейін Кржижановский Отын өнеркәсібі халық комиссариатындағы Энергетика бас басқармасының председателі болды. 1932—1936 жылдары — СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы жоғары техникалық білім жөніндегі комитеттің председателі және РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары болды. ВКП(б) Орталық Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып бірнеше рет сайланды. 1929 жылы СССР Ғылым академиясының мүшесі болып сайланды, 1929 жылдан 1939 жылға дейін — СССР Ғылым академиясының вице-президенті, СССР Ғылым академиясының өзі құрған Энергетика институтының үзбестен директоры болды, энергетика саласындағы бірқатар ғылыми еңбектердің авторы.— *8, 9, 218, 377.*

*Кристи, М. П.* (1875—1956)—1893 жылдан бастап революциялық жұмыс жүргізді. 1905—1906 жылдары бірінші орыс революциясына қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Керчь қаласында, одан соң Петроградта жұмыс істеді. 1918 жылдан 1926 жылға дейін — Халық ағарту комиссариатының Петроградтағы уәкілі, 1926 жылдан — Ғылыми, музей және ғылыми-көркем мекемелердің бас басқармасы бастығының орынбасары. 1928 жылдан 1937 жылға дейін — Мемлекеттік Третьяков галереясының директоры, 1938 жылдан 1948 жылға дейін — Москва суретшілер серіктігінің көркемдік жағын басқарушы.— *292.*

*Крицман, Л. Н.* (1890—1938)—экономист, 1918 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін шаруашылық жұмыста болды: СССР Халық шаруашылығы жоғары советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі жанындағы бірқатар

комиссиялардың председателі, СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары. 1932 жылдан бастап ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданды.— *378*.

*Круг, К. А.* (1873—1952) — совет электротехнигі. 1905 жылдан бастап Москва жоғары техникалық училищесінде оқытушы болды; Октябрь социалистік революциясынан кейін Москва жоғары техникалық училищесі жанынан электротехникалық факультет құрды. 1920 жылы ГОЭЛРО жоспарын жасауға қатысты. 1921—1930 жылдары — Бүкіл одақтық электротехникалық институттың директоры. Теориялық электротехника саласындағы бірқатар еңбектердің авторы.— *9*.

*Крупская, Н. К.* (1869—1939) — профессионал революционер, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері; В. И. Лениннің серігі, әйелі және досы. 1898 жылдан партия мүшесі. Революциялық қызметін 1890 жылы Петербургте студенттердің маркстік үйірмелерінде бастады, одан кейін жұмысшылар арасында социал-демократиялық насихат жүргізді; 1895 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді. 1896 жылы августа тұтқынға алынып, 3 жылға жер аударуға үкім шығарылды, жер аударылу мерзімін Шушенское селосында, содан соң Уфада өтеді. 1901 жылы эмиграцияға кетті, «Искра» редакциясының секретары болып істеді. РСДРП II съезінен кейін большевиктік «Вперед» және «Пролетарий» газеттері редакцияларының секретары болды; бірінші орыс революциясы дәуірінде (1905—1907) Россияда партияның Орталық Комитетінің секретары болып істеді, 1907 жылы қайтадан шетелге эмиграцияға кетті. Реакция жылдарында жойымпаздармен және шақырымпаздармен күреске белсене қатысты; РСДРП Прага конференциясынан (1912) кейін Россиядағы партия ұйымдарымен, «Правда» газетімен және IV Мемлекеттік думадағы большевиктік фракциямен байланыс орнатуда В. И. Ленинге көмектесіп отырды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Ленинмен бірге Россияға қайтып келіп, партияның Орталық Комитетінің секретариатында жұмыс істеді; Октябрь социалистік революциясын әзірлеуге және оны жүзеге асыруға белсене қатысты. Революциядан кейін — Халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі, Республиканың Саяси ағарту бас комитетіне басшылық етті; 1929 жылдан — халық ағарту комиссарының орынбасары. Халыққа білім беру, коммунистік тәрбие, әйелдер және жастар қозғалысы мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды. В. И. Ленин туралы естеліктер кітабының авторы. 1924 жылдан — Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі, ал 1927 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі. Барлық сайлауларда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің депутаты және Президиум мүшесі болды.— *253—256*.

*Кураев, В. В.* (1892—1938) — 1914 жылдан партия мүшесі. Петроград пен Пензада, сондай-ақ дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде солдаттар арасында партиялық жұмыс жүргізді.

1917 жылы солдат, жұмысшы және шаруа депутаттары Пенза Советін ұйымдастырушылардың бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Пенза губерниялық Советі атқару комитетінің председателі, Пенза губерниялық партия комитетінің секретары. 1918 жылы чехословак контрреволюциялық бүлігін талқандауға белсене қатысты, одан соң Қызыл Армияда әскери-саяси қызметте болды. 1920 жылдың мартынан — Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, одан соң СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында басшылық қызметте болды.— *162, 204.*

*Куранова, Е. Я.* (1891 ж. туған) — РКП(б) мүшесі, 1920—1921 жылдары — жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары Советінің Москва губерниялық атқару комитетінің мүшесі. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) Е. Игнатовтың антипартиялық анархо-синдикалистік тобын қолдады.— *267.*

## Л

*Ларин, Ю. (Лурье, М. А.)* (1882—1932) —совет қызметкері. 1901 жылдан социал-демократиялық қозғалысқа қатысты, меньшевик. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық ұйымдарында жұмыс істеді. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) Бухариннің платформасын, одан кейін Троцкийдің платформасын жақтады.— *267, 378.*

*Лассаль* (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі — лассальшылдықтың негізін қалаушы. Лассаль Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін салушылардың бірі болды. Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, бірақ Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға салды. Лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосын жақтап жария үгіт жүргізу арқылы, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндірістік ассоциациялар құру арқылы «еркіті халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакциялық Пруссияның гегемондығымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационалдың қызметіне және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшылардың таптық санасын қалыптастыруға бөгет жасады.

Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастары марксизм-ленинизм классиктері тарапынан қатаң сынға алын-

ды (қараңыз; К. Маркс. «Гота программасына сын»; В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар) — *270, 442*.

*Легиң* (Legien), *Карл* (1861—1920) — немістің оңшыл социал-демократы, неміс кәсіподақтары лидерлерінің бірі, ревизионист. 1890 жылдан — Германия кәсіподақтары Бас комиссиясының председателі. 1903 жылдан — Кәсіподақтардың халықаралық секретариатының секретары, ал 1913 жылдан — председателі. 1919—1920 жылдары — Веймар республикасы Ұлттық жиналысының мүшесі. Пролетариаттың революциялық қозғалысына қарсы күресті.— *14*.

*Лежава, А. М.* (1870—1937) — советтің мемлекет қайраткері. 1904 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін шаруашылық және совет жұмысында басшы қызметтер атқарды. 1918—1920 жылдары — Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының председателі, 1920 жылдан 1925 жылға дейін — сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары, 1925—1930 жылдары — РСФСР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары. Бірнеше сайлауда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. 1933 жылдан 1937 жылға дейін СССР Субтропикалық дақылдар бас басқармасының бастығы болып істеді.— *131, 181, 187*.

*Ленин, В. И. (Ульянов, В. И.)* (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— *12, 25, 30, 40, 44, 52, 53, 54, 55, 62, 67—68, 70, 71, 78, 83, 102, 107, 108, 109, 130, 182, 193, 217, 224, 228—229, 237, 246, 250—251, 262, 264, 265—266, 267, 282, 283—284, 294—295, 305, 307, 312, 313—314, 315—316, 342, 377, 400, 429*.

*Либкнехт* (Liebknecht), *Карл* (1871—1919) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, неміс социал-демократиясының сол қанаты басшыларының бірі; Вильгельм Либкнехттің ұлы. Оппортунизм мен милитаризмге қарсы белсене күресті. 1912 жылы рейхстагтың депутаты болып сайланды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында революциялық-интернационалистік позицияда болды. «Интернационал» тобын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды, бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1916 жылы антимилитаристік насихат жүргізгені үшін каторгаға кесілді. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Р. Люксембургпен бірге неміс жұмысшыларының революциялық авангардын басқарды. «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін редакциялады. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы көтерілісі басшыларының бірі болды. Көтерілісті басып-жаншқаннан кейін контрреволюционерлер оны айуандықпен өлтірді.

К. Либкнехттің қызметін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «бұл есім — көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализмге қарсы сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар толық жинағы, 37-том, 495-бет).— *354.*

*Линкольн* (Lincoln), *Авраам* (1809—1865) — аса көрнекті американ мемлекет қайраткері, республикалық партия лидерлерінің бірі, Америка Құрама Штаттарының президенті (1861—1865); Америка Құрама Штаттарындағы азамат соғысының барысында халық бұқарасының ықпалымен бірқатар аса маңызды буржуазиялық-демократиялық өзгерістер жасады, сөйтіп соғысты революциялық әдіспен жүргізуге көшті; 1865 жылғы апрельде құл иеленушілердің агенті өлтірді.— *71.*

*Литкенс, Е. А.* (1888—1922) — 1904 жылдан партия мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москва губерниялық Советі атқару комитетінің мүшесі. 1918 жылы — Москва губерниялық Советінің халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі. 1919 жылдан бастап Қызыл Армияда жұмыс істеді. 1920 жылы — Саяси ағарту бас комитеті меңгерушісінің орынбасары, одан соң — РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары.— *96—97, 422.*

*Ллойд Джордж* (Lloud George), *Дэвид* (1863—1945) — ағылшынның мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партиясының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары — сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. Жұмысшыларға жағыну, оларды алдап-арбау және уәде беру арқылы Англияда жұмысшы табының революциялық партиясын құрғызбауға тырысты. 1916—1922 жылдары — премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позицияларын нығайтуды көздеді, отарлар мен тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын аяусыз басып-жаныштап отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы соғыс интервенциясы мен блокадаға дем берушілердің және ұйымдастырушылардың бірі.— *74.*

*Лозовский (Дридзо), С. А.* (1878—1952)—1901 жылдан РСДРП мүшесі. 1909 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда тұрып, ымырашыл-большевиктер тобына қосылды. 1917 жылы июньде Россияға қайтып оралды; Кәсіподақтардың Бүкіл россиялық III конференциясында (июль, 1917 ж.) ВЦСПС секретары болып сайланды. 1917 жылы декабрьде партияның саясатына қарсы шыққаны үшін РСДРП(б) қатарынан шығарылды. Кейін интернационалист социал-демократтар тобын басқарды, осы топтың құрамында 1919 жылы декабрьде РКП(б) қатарына қайтадан алынды. 1920 жылы — кәсіптік одақтар Москва губерния-

лық советінің председателі. 1921 жылдан 1937 жылға дейін — Профинтерннің бас секретары; одан соң Мемлекеттік әдебиет баспасының директоры. 1939—1946 жылдары СССР сыртқы істер халық комиссарының (кейін министрінің) орынбасары. Партияның XV съезінен бастап — ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, XVIII съезде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.—*227, 232, 267, 274, 275, 277, 279, 280, 284, 297, 303, 436, 445.*

*Локкарт* (Lockhart), *Роберт Гамильтон* (1887 ж. туған)— ағылшын агенті, журналист. 1911 жылдан — Москвадағы ағылшын консулының көмекшісі, 1915—1917 жылдары — ағылшынның Россиядағы бас консулы. 1918 жылғы январьдан — Совет үкіметі жанындағы арнаулы ағылшын миссиясының басшысы. Совет үкіметін құлатып, Россияда капитализмді қалпына келтіруді мақсат еткен контрреволюциялық заговордың басты ұйымдастырушыларының бірі. Тұтқынға алынып, 1918 жылы октябрьде РСФСР-ден қуып жіберілді.— *81.*

*Ломов, А. (Оппоков, Г. И.)* (1888—1938)—1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі, профессионал революционер, кейіннен советтің мемлекет қайраткері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва облыстық бюросының және Москва комитетінің мүшесі. 1917 жылғы октябрь күндерінде — Москва әскери-революциялық комитетінің мүшесі, жұмысшы депутаттары Москва Советі председателінің орынбасары. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде юстиция халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советінің құрамына кірді. 1918 жылы — «солшыл коммунист». Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі және председателінің орынбасары, СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары, Украина КП(б) Орталық Комитетінің және Саяси бюросының мүшесі, ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат және мүшесі болды.— *87.*

*Луначарский, А. В.* (1875—1933)— советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін — большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая Жизнь» газеттері редакцияларының құрамына кірді. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жанастыру жөнінде талап қойды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационализм позициясында болды. 1917 жылы Россияға қайтып келген соң Луначарский «ауданаралықшылар» тобына кірді, солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін 1929 жылға дейін— халық ағарту комиссары, одан соң СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі болды.

1930 жылдан — академик. 1933 жылы августа СССР-дің Испаниядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Публицист, драматург, өнер және әдебиет мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *254, 360, 362, 364.*

*Лурье, М. А. — қараңыз:* Ларин, Ю.

*Лутовинов, Ю. Х.* (1887—1924) — 1904 жылдан партия мүшесі. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Дондағы және Украинадағы азамат соғысына белсене қатысты, Украина КП(б) астыртын Орталық Комитетінің құрамына кірді. Кейіннен кәсіподақ және совет жұмысында болды. 1920 жылдан—металлистер одағы Орталық комитетінің мүшесі және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; ВЦСПС президиумының мүшесі болды. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) — антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобына белсене қатысушылардың бірі. — *244, 267, 284.*

*Любимов. — 264.*

*Люксембург* (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Р. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты.

Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Ол Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде неміс жұмысшыларының революциялық авангарды басшыларының бірі болды. Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етті. 1919 жылдың январында контрреволюционерлер оны тұтқынға алып, айуандықпен өлтірді. — *354.*

## М

*Максимовский, В. Н.* (1887—1941)—1903 жылдан партия мүшесі. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — партия және совет жұмысында болды: Москва облыстық партия комитетінің секретары, партияның Орталық Комитетінің есеп-бөліс бөлімінің меңгерушісі, РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары болып істеді. Брест бітімін жасасу кезінде —«солшыл коммунист»; 1920—1921 жылдары — антипартиялық «демо-

кратиялық централизм» тобының белсенді қайраткері; 1923 жылы 46-ның троцкистік мәлімдемесіне қол қойды, одан кейін «жаңа оппозицияға» қосылды. Партияның XIV съезінен кейін оппозициядан қол үзді. 1929 жылдан бастап елдің әр түрлі жоғары оқу орындарында ғылыми-оқытушылық қызметте болды. — *184, 267.*

*Малкин, Б. Ф.* (1891—1938) — 1908 жылдан эсерлер партиясының мүшесі, солшыл эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — II және VI сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; Петроград телеграф агенттігін басқарды, «Известия» редакторларының бірі болды. 1918 жылдың көктемінде большевиктік партияның мүшелігіне кірді. Бейнелеу өнері баспасының директоры болып істеді. — *365.*

*Маркс* (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз, Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96-беттер). — *253.*

*Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.)* (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позицияда болды. 1917 жылы интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды. — *194.*

*Маслов, И. Н.* (1891—1938) — 1917 жылдан партия мүшесі. 1918 жылдан 1937 жылға дейін почта, телеграф және баспасөз халық комиссарының көмекшісі, Москва облыстық атқару комитеті байланыс бөлімінің меңгерушісі, Москва қаласы Городской аудандық партия комитетінің секретары, Жеңіл өнеркәсіп халық комиссариаты мақта-мата тресінің басқарушысы, мақта-мата тресінің бастығы болып істеді. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобының көзқарастарын қолдаған Е. Игнатовтың платформасына қосылды. — *267.*

*Мещеряков, Н. Л.* (1865—1942) — 1901 жылдан партия мүшесі. 1885 жылдан бастап революциялық қозғалысқа қатысты. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1902 жылы Москвада «Искраның» өкілі болып істеді; 1906 жылы — РСДРП Москва округтік комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б)

Красноярск комитетінің мүшесі, одан кейін — жұмысшы депутаттары Москва губерниялық Советінің председателі.

Октябрь социалистік революциясынан кейін—«Известия Московского Советаның» редакторы, «Правданың» редакция коллегиясының мүшесі, Мемлекеттік баспаның редакция коллегиясының председателі. 1927—1938 жылдарда — Кіші Совет Энциклопедиясының бас редакторы, Үлкен Совет Энциклопедиясы бас редакторының орынбасары. — *138.*

*Милютин, В. П.* (1884—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылдан бастап қатысты, әуелі меньшевиктерге қосылды, 1910 жылдан — большевик. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. РСДРП (б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде егіншілік халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне енді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады және партияның саясатымен келіспейтіндігі туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты. 1918—1921 жылдары — Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, одан соң басқа жауапты совет және шаруашылық жұмыста болды; партияның Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат және Орталық Бақылау Комиссиясына мүше болып сайланды.—*75, 84, 122, 267, 316, 378.*

*Минкин, А. Е.* (1887—1955) — 1903 жылдан партия мүшесі. Варшавада, Уралда партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін РСДРП (б) Петроград комитетінің мүшесі, Петроград аудандық комитетінің председателі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін жауапты партия, совет және дипломатиялық қызметте: Пенза губерниялық партия комитетінің секретары және губерниялық атқару комитетінің председателі, Пермь губерниялық партия комитетінің секретары және губерниялық атқару комитетінің председателі, Архангельск губерниялық партия комитетінің секретары, Сауда халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, СССР-дің Уругвайдағы уәкілетті өкілі, РСФСР Жоғарғы Соты председателінің орынбасары болды. — *187.*

*Мирбах* (Mirbach), *Вильгельм* (1871—1918) — граф, герман дипломаты. 1915—1917 жылдары — Афинада герман елшісі. 1918 жылғы апрельден Москвада герман елшісі болды. 1918 жылы 6 июльде оны Германия мен Советтік Россия арасында соғыс ашу үшін арандату мақсатымен солшыл эсерлер өлтірді. — *108.*

*Модестов, В. А.* (1880—1960) — кітапхана қызметкері. 1902—1917 жылдары — Тверь губерниясында земство мұғалімі. Октябрь социалистік революциясынан кейін кітапхана ісі саласында істей бастады. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында

Москва қалалық халыққа білім беру бөлімінің кітапхана секторының меңгерушісі болды. 1918 жылы Москвада Одақтар Үйі жанынан кәсіподақтың тұңғыш кітапханасын ұйымдастырып, оған 35 жылдан астам уақыт басшылық етті. — *365.*

## Н

*I Наполеон (Бонапарт)* (1769—1821)—1804—1814 және 1815 жылдарда Франция императоры.—*64.*

*Ногин, В. П.* (1878—1924)—1898 жылдан РСДРП мүшесі, профессионал революционер, большевик. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін сауда және өнеркәсіп істері жөніндегі халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне кірді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады және партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты. Кейінірек өзінің қателіктерін мойындады, жауапты совет және шаруашылық жұмыстарында: еңбек халық комиссарының орынбасары, Халық шаруашылығы жоғары советі Президиумының мүшесі, Бүкіл россиялық тоқыма синдикаты басқармасының председателі болып істеді. — *460.*

## О

*Оболенский, В. В. — қараңыз:* Осинский, Н.

*Оппоков, Г. И. — қараңыз:* Ломов, А.

*Орджоникидзе, Г. К.* (1886—1937)— Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1903 жылдан партия мүшесі. Батыс Грузияда, Абхазияда, Бакуде революциялық жұмыс жүргізді. Талай рет түрмеге қамалып, жер аударылды. 1912 жылы партияның VI (Прага) конференциясында РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Якутияда революциялық өкімет ұйымдастыру жөнінде жұмыс істеді. 1917 жылғы июньде — РСДРП(б) Петербург комитеті атқару комиссиясының мүшесі. Петроградта Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украинаның, одан соң Россия Оңтүстігінің төтенше комиссары. Азамат соғысы жылдарында — 16-армия мен 14-армияның және Кавказ майданының Революциялық-әскери советінің мүшесі. 1920—1921 жылдары — Азербайжанда, Армения мен Грузияда Совет өкіметі жолындағы күресті ұйымдастырушылардың бірі. 1921—1926 жылдары — Орталық Комитеттің Кавказ бюросының председателі, одан соң Закавказье өлке-

лік партия комитетінің секретары, сонымен бірге — СССР Революциялық-әскери советінің мүшесі. 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының председателі және СССР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары. 1930 жылдан — СССР Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, ал 1932 жылдан — СССР ауыр өнеркәсіп халық комиссары.

1921 жылдан — партияның Орталық Комитетінің мүшесі, 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат, 1930 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі. — *411.*

*Орехов, А. М.* (1887 ж. туған) — 1907 жылдан партия мүшесі. 1918 жылдан 1920 жылға дейін Қызыл Армия қатарында болды. 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобының көзқарастарын қолдаған Е. Игнатовтың платформасына қосылды. 1920 жылы Москва Советі мен Москва халық шаруашылығы советі президиумының мүшесі болып сайланды. 1921 жылдан 1923 жылға дейін — завод директоры, 1923 жылдан 1929 жылға дейін — Зығыр басқармасы тресінің председателі.— *267.*

*Осинский, Н. (Оболенский, В. В.)* (1887—1938) — 1907 жылдан партия мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін РСДРП(б) Москва облыстық бюросында істеді, большевиктік «Социал-Демократ» газетінің редакциясына кірді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — РСФСР Мемлекеттік банкінің басқарушысы, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1918 жылы — «солшыл коммунистер» платформасы авторларының бірі. 1918—1919 жылдары «Правда» редакциясында және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің насихат бөлімінде істеді; Коминтерннің I конгресінің делегаты болды. 1920—1921 жылдары антипартиялық «демократиялық централизм» тобына белсене қатысты. Кейін троцкистік оппозицияға қосылды. 1921—1923 жылдары — егіншілік халық комиссарының орынбасары, 1925 жылы — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі. Партияның X, XIV—XVII съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1926—1928 жылдары — СССР Орталық статистика басқармасының басқарушысы, 1929 жылы — СССР Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары. Кейінгі жылдарда басшы партиялық және әкімшілік-шаруашылық жұмыста болды.— *199, 200, 244, 259, 267, 271, 430, 469.*

## П

*Павлов, И. П.* (1849—1936) — орыстың аса көрнекті физиологы, академик, жануарлар мен адамның жоғары жүйке қызметі туралы материалистік ілімді жасаушы және материалистік психологияның негізін салушы.

1875 жылы Петербург университетін, 1879 жылы Дәрігерлік-хирургия академиясын бітірді. 1890 жылдан 1925 жылға дейін Әскери-медицина академиясының профессоры болды, 1891 жылдан бастап өмірінің ақырына дейін Эксперименталдық медицина институтының физиология бөлімінің меңгерушісі болды. Павловтың творчестволық қызметі Октябрь социалистік революциясынан кейін мейлінше жоғары нәтижелерге жетті. — *292—293.*

*Петровский, Г. И.* (1878—1958) — революциялық жұмысшы қозғалысына ертеден қатысушылардың бірі, большевик, көрнекті совет, партия және мемлекет қайраткері. 1897 жылдан РСДРП мүшесі. Бірінші орыс революциясы кезінде Екатеринославта (қазір Днепропетровск) жұмысшы қозғалысы басшыларының бірі болды. Екатеринослав губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін басқа да большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. 1917—1919 жылдары — РСФСР ішкі істер халық комиссары, 1919 жылдан 1938 жылға дейін Бүкіл украиндық Орталық Атқару Комитетінің председателі, СССР құрылғаннан кейін — СССР Орталық Атқару Комитеті председательдерінің бірі, 1938—1940 жылдары —СССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары. 1926—1939 жылдары — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат. 1940 жылдан — СССР Мемлекеттік Революция музейі директорының орынбасары. — *267, 284, 305, 393.*

*Пилсудский* (Pilsudski), *Юзеф* (1867—1935) — буржуазиялық-помещиктік Польшаның реакцияшыл мемлекет қайраткері; фашистік диктатор. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) Германия жағында қимыл жасаған поляк әскери жасақтарының командирі болды. 1918—1922 жылдары поляк мемлекетінің басшысы болды, еңбекшілердің революциялық қозғалысын қаталдықпен қудалады. 1920 жылы ақ пандық Польшаның Совет мемлекетіне қарсы соғысын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1926 жылы майда мемлекеттік төңкеріс жасап, фашистік диктатура режимін орнатты. 1934 жылы гитлерлік Германиямен одақ жасасты. — *22, 28.*

*Плеханов, Г. В.* (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы —«Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жыл-

дардың басында «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезеңінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясына көшті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келген ол қорғампаз-меньшевиктердің «Бірлік» дейтін барып тұрған оңшыл тобын басқарды, большевиктерге, социалистік революцияға қарсы шықты, социализмге көшу үшін Россия әлі пісіп жетілген жоқ деп есептеді. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін Ленин жоғары бағалады; сонымен бірге ол марксизмнен шегінгені және саяси қызметтегі ірі қателіктері үшін Плехановты қатты сынады. — *324.*

*Покровский, М. Н.* (1868—1932) — 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі, көрнекті совет, мемлекет және қоғам қайраткері әрі тарихшы. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, партияның Москва комитетінің мүшесі болды. РСДРП-ның V (Лондон) съезінде Орталық Комитет мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды. Реакция жылдарында шақырымпаздарға және ультиматистерге, кейін антипартиялық «Вперед» тобына қосылды, 1911 жылы бұл топтан қол үзді. 1917 жылы Россияға қайтып келді, Москвадағы қарулы көтеріліске қатысты, Замоскворецк революциялық штабының мүшесі болды. 1917 жылғы ноябрьден 1918 жылғы мартқа дейін — Москва Советінің председателі. Біраз уақыт «солшыл коммунистер» тобына қосылды, Брест бітім шартына қол қоюға қарсы шықты. 1918 жылдан — РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары. 1923—1927 жылдары троцкизмге қарсы күреске белсенді қатысты. Әр жылдарда Коммунистік академияны, СССР Ғылым академиясының Тарих институтын, Қызыл профессура институтын, т. б. басқарды. 1929 жылдан — академик. Бүкіл Россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің құрамына бірнеше рет сайланды. — *362.*

*Попов, П. И.* (1872—1950) — статистик. 1924 жылдан большевиктік партияның мүшесі, 1918 жылдан Орталық статистика

басқармасын басқарды, СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі болды; 1926 жылдан 1949 жылға дейін РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы (комитеті) президиумының құрамына және Ленин атындағы ауыл шаруашылық ғылымдары Академиясы президиумының құрамына кірді, РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының ауыл шаруашылық бөліміне басшылық етті. Кейін — СССР Орталық статистика басқармасы жанындағы ғылыми-методологиялық советтің мүшесі. Статистика жөніндегі бірқатар ғылыми еңбектердің авторы. — *183.*

*Преображенский, Е. А.* (1886—1937) — 1903 жылдан бастап большевиктік партияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уралда жұмыс істеді. РСДРП(б) VI съезінде партияның социалистік революцияға алған бағытына қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін партиялық және әскери-саяси жұмыста болды. 1918 жылы—«солшыл коммунист». Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) — Троцкий платформасын жақтаушы. 1923 жылдан — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері, сол үшін 1927 жылы партиядан шығарылды. 1929 жылы партияға қайта алынды. Алайда кейінгі жылдары антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан қайта шығарылды. — *174, 217, 242—243, 244, 267, 289—290, 297, 305, 335, 430, 462.*

*Пятаков, Г. Л.* (1890—1937) — 1910 жылдан большевиктік партияда болды. Украинада және шетелде партиялық жұмыс жүргізді; «Коммунист» журналына жазып тұрды. 1915—1917 жылдары ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде және партия саясатының басқа да аса маңызды мәселелері жөнінде антилениндік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—РСДРП(б) Киев комитетінің председателі, жұмысшы депутаттары Киев Советі атқару комитетінің мүшесі; партияның социалистік революцияға алған бағытына қарсы шықты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинаның Совет үкіметіне кірді. 1920 жылдан бастап шаруашылық және совет қызметтерінде: Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің және Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, Франциядағы сауда өкілі, СССР Мемлекеттік банк басқармасының председателі, ауыр өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары болды. Партияның XII, XIII, XIV және XVI съездерінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1918 жылы Украинада «солшыл коммунистердің» антипартиялық тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс болған кезде (1920—1921) Троцкий платформасын жақтады, 1923 жылдан бастап — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде фракцияшылдық әрекеті үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзі-

мыс жүргізді. РСДРП III съезінде партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — ішкі істер жөніндегі халық комиссары, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, СССР және РСФСР Халық Комиссарлары Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты; 1928 жылы — ВКП(б) ішіндегі оңшыл оппортунистік уклон лидерлерінің бірі. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды. — *8, 69, 167, 171, 183, 262—263, 305, 373, 377, 426.*

*Рябушинский, П. П.* (1871 ж. туған) — Москваның ірі банкирі және өнеркәсіпшісі, контрреволюция басшыларының бірі. Буржуазиялық прогрессистер партиясын құруға белсене қатысты. 1917 жылдың августында революцияны «аштықтың шеңгелінде» тұншықтырмақ болып, қоқан-лоқы көрсетті, корниловшылдыққа дем берушілердің және оны ұйымдастырушылардың бірі болды. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Францияға эмиграцияға кетіп, онда Совет мемлекетіне қарсы контрреволюциялық әрекет жүргізді. — *131.*

*Рязанов (Гольдендах), Д. Б.* (1870—1938) — социал-демократ, меньшевик. Партияның VI съезінде (1917) РСДРП(б)-ға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақтарда басшылық жұмыстарда болды. 1918 жылдың басында Брест бітімі туралы мәселе жөнінде келіспеушіліктен партиядан уақытша шықты; кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық позиция ұстады, сондықтан кәсіподақтарда жұмыс істеуден босатылды. 1921 жылдан бастап К. Маркс пен Ф. Энгельс институтының директоры болды. 1931 жылы февральда меньшевиктердің контрреволюциялық қызметіне көмектескені үшін ВКП(б)-дан шығарылды. — *181, 184, 187, 229—230, 232, 436, 445—446, 451.*

## С

*Савинков, Б. В.* (1879—1925) — эсерлер партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — әскери министрдің орынбасары, ал кейін Петроградтың әскери генерал-губернаторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — бірқатар контрреволюциялық бүліктерді ұйымдастырушы, Совет республикасына қарсы

соғыс интервенциясына жәрдемдесті, ақ эмигрант. 1924 жылы СССР-ге жасырынып келді, тұтқынға алынды. СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы Савинковты атуға үкім шығарды, СССР Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша бұл ең жоғары жаза 10 жыл мерзімге түрмеде отырумен ауыстырылды. 1925 жылы, түрмеде отырғанда, өзін өзі өлтірді. — *127, 350.*

*Сапронов, Т. В.* (1887—1939) — 1912 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет, партия және кәсіподақ жұмысында басшылық қызмет атқарды. Талай рет партияның саясатына қарсы шықты. 1918 жылы — «солшыл коммунист». 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде антипартиялық «демократиялық централизм» тобын басқарды. 1923 жылы 46-ның троцкистік мәлімдемесіне қол қойды. 1925—1927 жылдары — «жаңа оппозицияға» және троцкистік-зиновьевшілдік блокқа белсене қатысушылардың бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі антипартиялық қызметі үшін оны партиядан шығарды. — *267, 270—271.*

*Свидерский, А. И.* (1878—1933) — советтің көрнекті мемлекет қайраткері. 1899 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Петербургте, Самарада, Уфада партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет қамауға алынып, жер аударылды. 1917 жылы — Уфада шығып тұрған большевиктік «Вперед» газетінің редакторы, одан соң — жұмысшы және солдат депутаттары Уфа Советінің председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы коллегиясының мүшесі. 1923 жылдан 1928 жылға дейін — РСФСР егіншілік халық комиссарының орынбасары. 1929 жылдан — СССР-дің Латвиядағы уәкілетті өкілі. — *165.*

*Сергеев, Ф. А.— қараңыз:* Артем.

*Серебряков, Л. П.* (1888—1937) — 1905 жылдан партия қатарында болды. 1917 жылы — жұмысшы депутаттары Кострома Советінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін—Москва облыстық партия комитетінің мүшесі, РКП(б) Орталық Комитетінің секретары және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары. 1921 жылдан бастап Қатынас жолдары халық комиссариаты жүйесінде істеді. 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде — Троцкийдің платформасын жақтаушы. 1923 жылдан—троцкистік оппозицияның белсенді қайраткерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі партиядан шығарды. 1930 жылы партия қатарына қайтадан алынды, ал 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан тағы да шығарылды.— *187, 242—243, 244, 267, 297, 305, 439.*

*Середа, С. П.* (1871—1933) — советтің көрнекті мемлекет қайраткері. 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Смолен-

скіде, Киевте, Калугада партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Рязань Советі атқару комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін— жауапты жұмыстарда: 1918—1921 жылдары— РСФСР егіншілік халық комиссары, 1921 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының және Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының мүшесі, РСФСР Орталық статистика басқармасы басқарушысының орынбасары және басқарушысы, 1930 жылдан — Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары,— *207*.

*Скворцов-Степанов (Степанов), И. И.* (1870—1928)—орыстың революциялық қозғалысына ең байырғы қатысушылардың бірі, көрнекті партия және совет мемлекет қайраткері, әдебиетші-марксист, көптеген экономикалық, тарихи, дінге қарсы еңбектердің авторы, «Капиталдың» үш томының және К. Маркс пен Ф. Энгельстің басқа да бірқатар еңбектерінің аудармашысы әрі редакторы. 1892 жылдан — революциялық қозғалыста, 1896 жылдан — РСДРП қатарында, 1904 жылдың аяқ кезінен бастап — большевик. Революциялық қызметі үшін талай рет түтқынға алынып, жер аударылды. Октябрь социалистік революциясы кезеңінде — Москва әскери-революциялық комитетінің мүшесі; Совет республикасының бірінші финанс халық комиссары болды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып әлденеше рет сайланды; РКП(б) Орталық тексеру комиссиясының (X—XIII съездерде) мүшесі, ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі (XIV съезден бастап), бірқатар советтік және партиялық органдардың редакторы, ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Ленин институтының директоры, Коммунистік академия президиумының мүшесі болды. — *61, 81, 88.*

*Смирнов. — 391.*

*Сокольников (Бриллиант), Г. Я.* (1888—1939) — 1905 жылдан большевиктік партияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва комитетінің және Москва облыстық бюросының мүшесі, «Правда» редакциясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында болды. 1922 жылдан — финанс халық комиссары, 1926 жылдан—СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары, кейінірек — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат және мүшесі болып сайланды. 1925 жылы «жаңа оппозицияға» қосылды, одан соң біріккен троцкистік-зиновьевшілдік блокқа кірді. 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды. — *267.*

*Сосновский, Л. С.* (1886—1937) — 1904 жылдан большевиктік партияда болды. 1918—1924 жылдары (үзілістермен) — «Беднота» газетінің редакторы. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) Троцкийдің платформасын қолдады. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарылды. 1935 жылы партияға қайта қабылданды, ал 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін тағы да партиядан шығарылды. — *302—303, 304, 305.*

*Спарго* (Spargo), *Джон* (1876 ж. туған) — американ социалисі. 1901 жылдан — Социалистік партияның Ұлттық атқару комитетінің мүшесі. 1917 жылы Социалистік партиядан шығып, Американ еңбек және демократия бірлестігі мен ұлтшылдық партияны құруға қатысты. Большевизмге қарсы шықты. Әлеуметтік экономикалық мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *26—27, 46.*

*Сталин (Джугашвили), И. В.* (1879—1953) — Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді; партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде көтерілісті әзірлеу жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде Республика Революциялық-әскери советінің мүшелігіне еніп, бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың ленин-

дік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалапуға ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын марксизм-ленинизмге жат деп тауып, батыл айыптады, оған біржола тыйым салды, Орталық Комитеттің партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды. — *50, 267, 284, 305, 373, 412.*

*Степанов — қараңыз:* Скворцов-Степанов, И. И.

*Стюнкель, Б. Э.* — инженер-электрик. 1920 жылы ГОЭЛРО жоспарын жасауға қатысты. 1920—1922 жылдары — Главметалл техникалық советінің председателі және коллегия мүшесі, одан соң «Жылу және күш» акционерлік қоғамы басқармасының мүшесі. — *9.*

*Сун Ят-сен* (1866—1925) — Қытайдың аса көрнекті демократ-революционері және мемлекет қайраткері. Білімі жөнінен дәрігер. 1894 жылы Синчжунхуэй (Қытайды қайта жаңғырту одағы) революциялық ұйымын құрды; бұл ұйым маньчжур әулетін күшпен құлатуды өзінің алдына мақсат етіп қойды. 1905 жылы Сун Ят-сен Синчжунхуэйді өзгертіп, неғұрлым кең революциялық программасы бар анағұрлым бұқаралық ұйым—Тунмынхуэйді (Одақтық лига) құрды. Жаңа ұйымның программасына Сун Ят-сен талдап жасаған үш принцип: ұлтшылдық (маньчжур әулетін құлату), халық өкіметі (республика құру) және халықтың молшылыққа кенелуі (жерге деген правоны теңгеру) негіз етіліп алынды. Бұл программаның революциялық-демократиялық мәнін Ленин жоғары бағалады, сонымен қатар ол Сун Ят-сеннің қайсыбір қате, халықшылдық көзқарастарын сынады. Тунмынхуэй Қытайда 1911—1913 жылдардағы революцияны әзірлеуде басты саяси ұйым болды. Бірақ Сун Ят-сен бастаған Қытай демократиясы революция барысында халықтың қалың бұқарасын жұмылдыра және ұйымдастыра алмады, дәйекті антиимпериалистік және антифеодалдық программаны ұсына да, жүзеге асыра да алмады. Республиканың уақытша президенті болып сайланған Сун Ят-сен 1912 жылы февральда бұл қызметтен бас тартты. Тунмынхуэй ұйымы негізінде 1912 жылы августа Гоминдан партиясы құрылды. Партияның председателі болып Сун Ят-сен сайланды.

Сун Ят-сен кейінгі жылдарда да ішкі реакция мен шетел империалистеріне қарсы күресті тоқтатқан жоқ. Октябрь социалистік революциясы Сун Ят-сеннің дүниеге көзқарасына үлкен ықпал жасады, ол Октябрь революциясын құттықтады. Қы-

тай мен Советтік Россия арасында достық қарым-қатынас орнатуға шақырды. Елді демократияландыру және оның тәуелсіздігі жолындағы күрестің жалпы ұлттық майданын құру мақсатын көздеп, Сун Ят-сен Гоминданның Қытай Коммунистік партиясымен ынтымақтасуын белсенді түрде жақтады. — *325*.

## Т

*Тер-Каспарян, С. И.* — *қараңыз:* Касьян, С. И.

*Томский, М. П.* (1880—1936) — 1904 жылдан большевиктік партияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға, шақырымпаздарға, троцкистерге ымырашылдықпен қарады. 1917 жылы — РСДРП(б) Петербург комитеті Атқару комиссиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — кәсіподақтардың Москва советінің председателі. 1919 жылдан — ВЦСПС президиумының председателі. Партияның VIII съезінен бастап РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, партияның XI съезінен бастап РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына бірнеше рет қарсы шықты; «децистерді» қолдады, кәсіподақтардың партия басшылығына «тәуелсіздігі» дейтінді жақтады. 1928—1929 жылдары ВКП(б) ішіндегі оңшыл оппортунистік уклон лидерлерінің бірі болды. — *227, 232, 261, 267, 274, 275, 277, 279—280, 284, 297, 300—301, 305, 338, 436, 445—446, 448.*

*Троцкий (Бронштейн), Л. Д.* (1879—1940) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, ауданаралықшылар тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Алайда Троцкий большевизм позициясына көшпеген еді, сөйтіп ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республика Революциялық-әскери советінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі және Коминтерн Атқару комитетінің мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес

жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деген капитулянттық теорияны қорғады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп те ленинизмнің қас жауы болған Троцкий Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.—*8—9, 62, 132, 167, 169, 171, 183, 188, 224—251, 261, 262, 263, 264, 265, 266, 269, 271, 273—291, 294—340, 435—440, 441, 443—460.*

## Ф

*Фарбман, Р. Б. — қараңыз:* Рафаил.

*Федотов, Ф.* (1897—1933) — 1914 жылдан партия мүшесі, жұмысшы. Патша охранкасы тарапынан қуғын көруіне байланысты Америкаға қашып кетуге мәжбүр болды, онда революциялық жұмысын тоқтатқан жоқ; талай рет американ өкімет орындарының жазалауына ұшырады. СССР-ге қайтып оралғаннан кейін партия және совет жұмысында: Москва губерниясында уездік комитеттің секретары, Жетісу облыстық партия комитетінің секретары, Орталық Бақылау Комиссиясында партия тергеушісі болды. Қызыл профессура институтында оқыды. 1933 жылдың басында Алтай астық совхозы саяси бөлімінің бастығы болып тағайындалды. — *88, 107.*

*Фомин, В. В.* (1884—1942) — 1910 жылдан партия мүшесі. Оренбургте партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін майдандық «Звезда» газетін редакциялады. 1918—1920 жылдары Бүкіл россиялық төтенше комиссия коллегиясының құрамына кірді, темір жол транспортында әскери комиссар болды, 1921—1922 жылдары — Бүкіл россиялық төтенше комиссияның бөлім меңгерушісі, 1923 жылы — Қатынас жолдары бас басқармасының комиссары, 1924 жылы — қатынас жолдары халық комиссарының орынбасары. 1925 жылы — Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі. 1926—1930 жылдары Ішкі сауда халық комиссариатында істеді, одан соң су транспорты халық комиссарының орынбасары болып тағайындалды. 1938 жылы — Бүкіл одақтық «Союзтекстильшвейторг» конторының басқарушысы. — *407.*

*Фрумкин, М. И.* (1878—1939) — 1898 жылдан партия мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Красноярск губерниялық атқару комитеті мен губерниялық комитетінде жұмыс істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — партия және совет жұмысын атқарды: азық-түлік халық комиссарының орынбасары, Сибирь ре-

волюциялық комитеті председателінің орынбасары, сыртқы саудада халық комиссарының орынбасары, финанс халық комиссарының орынбасары болды. Оңшыл оппозицияға белсене қатысты. — *50.*

## Х

*Ханов, А. М.* (1889 ж. туған) — 1917 жылдан партия мүшесі. 1919—1920 жылдары Қызыл Армияда жұмыс істеді. 1920 жылы — Нижний Новгородта губерниялық атқару комитетінің председателі. Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. — *198.*

## Ц

*Цыперович, Г. В.* (1871—1932) — экономист әрі әдебиетші. Революциялық қозғалысқа 1888 жылдан бастап қатысты. Талай рет тұтқынға алынып, айдауда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіптік одақтарда істеді, әр түрлі журналдарға жазып тұрды. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) лениндік платформаны жақтады. Одан кейінгі жылдарда — Ленинград өнеркәсіп академиясының ректоры, Ленинград халық шаруашылығы советі президиумының мүшесі. — *264, 267.*

*Цюрупа, А. Д.* (1870—1928) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. Революциялық қозғалысқа 1891 жылы кірісті; 1898 жылдан РСДРП мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП Уфа біріккен комитетінің, кейін большевиктік комитетінің, жұмысшы және солдат депутаттары Советінің мүшесі, Уфа губерниялық азық-түлік комитетінің және қалалық думаның председателі. Октябрь қарулы көтерілісі күндерінде — Уфа Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1917 жылғы ноябрьден бастап—азық-түлік халық комиссарының орынбасары болып істеді; 1918 жылдың басынан — РСФСР азық-түлік халық комиссары. 1921 жылдың аяқ кезінен — Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары. 1922—1923 жылдары — Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары, 1923—1925 жылдары — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі, 1925 жылы — ішкі және сыртқы сауда халық комиссары. Партияның XII—XV съездерінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болды. — *200.*

## Ч

*Чернов, В. М.* (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. 1917 жылғы май—августа—буржуазиялық Уақытша үкіметтің егіншілік министрі; помещиктердің жерін тартып алған

шаруаларға қарсы қатал жазалау саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы эмиграцияға кетті; шетелде жүріп антисоветтік әрекетін тоқтатқан жоқ. — *390, 402.*

*Чичерин, Г. В.* (1872—1936) — советтің мемлекет қайраткері, аса көрнекті дипломат. 1904 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды, сонда жүріп 1905 жылы РСДРП-ға кірді. Реакция кезеңінде — меньшевизмді жақтаушы, дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист; 1917 жылдың аяқ кезінде большевизм позициясына көшіп, 1918 жылы РКП(б)-ға кірді. 1918 жылдан 1930 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссары, Генуя мен Лозаннадағы халықаралық конференцияларда совет делегациясын басқарды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. Партияның XIV және XV съездерінде Орталық Комитеттің құрамына сайланды. — *108.*

## Ш

*Шейдеман* (Scheidemann), *Филипп* (1865—1939 — герман социал-демократиясының барып тұрған оңшыл, оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Халық уәкілдерінің советі дейтіннің құрамына кірді, оның қызметі контрреволюцияшыл буржуазияның мүдделеріне сай белгіленіп отырды. 1919 жылғы февраль — июньде Веймар республикасының коалициялық үкіметін басқарды, 1918—1921 жылдардағы неміс жұмысшы қозғалысын қанға бояп жаныштауды ұйымдастырушылардың бірі болды. Одан кейінгі жерде белсенді саяси қызметтен қол үзді. — *353—354.*

*Шлихтер, А. Г.* (1868—1940) — 1891 жылдан партия мүшесі. Полтавада, Самарада, Киевте, Москвада, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет тұтқынға алынып, айдауда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Красноярск Советі атқару комитетінің және РСДРП(б) Красноярск губерниялық комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — РСФСР егіншілік халық комиссары, азық-түлік халық комиссары. 1921 жылдан—Австриядағы уәкілетті өкіл, Сыртқы істер халық комиссариатының Украинадағы уәкілі. 1927 жылдан — Украина егіншілік халық комиссары. 1923 жылдан — Украина Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, 1923—1924 жылдары — Украина Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросының мүшесі, 1925—1937 жылдары—Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшелігіне кандидат, бірнеше сайлауда Бүкіл россиялық Орталық Атқару

Комитетінің, СССР Орталық Атқару Комитетінің және барлық сайлауларда УССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. — *198—199, 200.*

*Шляпников, А. Г.* (1885—1937) — 1901 жылдан бастап большевиктік партияда болды. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Петербург комитетінің мүшесі, жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі атқару комитетінің мүшесі және Петроград металлистер одағының председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін еңбек халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне кірді; одан кейін кәсіподақ және шаруашылық жұмыстарында болды. 1920—1922 жылдары — антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобының ұйымдастырушысы және лидері. 1933 жылы партияны тазарту кезінде ВКП(б) қатарынан шығарылды. — *54, 244, 264, 267, 280, 281, 284, 285, 286, 287, 289—290, 338, 339, 441, 442, 446, 460, 469.*

*Шмидт, В. В.* (1886—1940) — 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Петербургте, шетелде және Екатеринославта партиялық жұмыс жүргізді. 1914—1917 жылдары Петроград металлистер одағының және РСДРП(б) Петербург комитетінің секретары болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — кәсіподақтардың Петроград советінің секретары. 1918—1928 жылдары — ВЦСПС секретары, одан кейін еңбек халық комиссары; 1928 жылдан — СССР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары. ВКП(б)-да оңшыл оппозицияға қосылды, бірақ кешікпей одан шетттеді. Партияның VII, XIV және XV съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. — *267.*

*Шмидт, О. Ю.* (1891—1956) — аса көрнекті совет ғалымы, академик, математика, астрономия және геофизика саласының маманы, Арктиканы зерттеуші, қоғам қайраткері. 1918 жылдан партия мүшесі. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Азықтүлік халық комиссариаты коллегиясының құрамына (1918—1920), Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының басқармасына (1920), Халық ағарту комиссариатының (1920—1921) және Финанс халық комиссариатының (1921—1922) коллегияларына кірді. 1921 жылдан 1924 жылға дейін — Мемлекеттік баспаның меңгерушісі, 1932 жылдан 1939 жылға дейін —Солтүстік теңіз жолы Бас басқармасының бастығы; Үлкен Совет Энциклопедиясының негізін салушылардың бірі және бас редакторы. Бірқатар жоғары оқу орындарының профессоры, Советтік Арктиканы зерттеу жөніндегі экспедицияларды талай рет басқарды. Бірқатар ғылыми еңбектердің авторы. СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің депутаты болды. — *256.*

## Я

*Яковлева, В. Н.* (1885—1941)—1904 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Москвада партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылы — РСДРП(б) Орталық Комитеті Москва облыстық бюросының секретары. Октябрь социалистік революциясынан кейін — совет және партия жұмыстарында болды: Ішкі істер халық комиссариаты мен Азық-түлік халық комиссариаты коллегияларының мүшесі, Халық шаруашылығы жоғары советінің іс басқарушысы, РКП(б) Москва комитетінің секретары, РКП(б) Орталық Комитеті Сибирь облыстық бюросының секретары, РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары, РСФСР финанс халық комиссары. 1918 жылы «солшыл коммунистердің» антипартиялық тобына қатысты; 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде кейіннен Троцкиймен біріккен «буферлік» топқа кірді; 1923 жылы 46-ның троцкистік мәлімдемесіне қол қойды. 1924—1926 жылдары троцкистік орталықта ұйымдастыру жұмысын жүргізді, содан кейін оппозициядан қол үзді.—*267.*

# В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

*(6 ноябрь, 1920—7 март, 1921)*

## *1920*

*8 ноябрь.*

Ленин Москва Советі, РКП(б) Москва комитеті және кәсіптік одақтардың Москва қалалық советі пленумының Октябрь революциясының үш жылдығына арналған салтанатты мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мүшелеріне хат жазады, онда Орталық Комитеттің пленумына Советтердің алдағы болатын съезінде Россияны электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның (ГОЭЛРО) председателі Г. М. Кржижановскийдің баяндамасын қою туралы мәселені әзірлеу жөнінде ұсыныс жасайды.

Ленин Россияны электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның міндеттері туралы Г. М. Кржижановскийге хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің шетелдерге темір жол заказдарын орналастыру жөніндегі уәкілі Ю. В. Ломоносовпен әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; жұмысшыларды жабдықтау нормасы туралы қаулы жобасының «б» пунктін жазады; совет мекемелерінің қызметшілері мен жұмысшыларын жабдықтау туралы қаулының жобасына түзету енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ Донбасқа уәкілетті комиссия жіберу туралы, астық дайындаудың және астықты тасып жеткізудің жағдайы туралы халық комиссарларын хабардар ету үшін есеп берудің қысқаша формасы туралы, Украинада қантты сақтау туралы, шикізаттардың басты-басты түрлерін стандартқа кел-

тіру туралы, жұмысшыларды жабдықтау жөніндегі комиссияға Москва Советінің өкілін енгізу туралы мәселелер, «Еңбек тәртібін бұзғаны үшін берілетін жазалар кодексін» Кіші Халық Комиссарлары Советінде қараған кезде қағаз бастылыққа жол берілгендігі туралы мәлімдеме, Еңбек және Қорғаныс Советінің қызыл әскер паегін беру туралы 1920 жылғы 1 октябрьдегі қаулысын өзгерту жөніндегі қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

*6 немесе 9 ноябрь.* Ленин француз социалисі Елена Брионмен әңгімелеседі; әңгіме кезінде жазбалар жасайды.

*7 ноябрь.* Ленин Сокольники аудандық Советінің фабрика-завод комитеттері және кәсіпорындар басқармалары өкілдерімен бас қосқан пленумының салтанатты мәжілісінде Октябрь революциясының үш жылдығына арнап сөз сөйлейді.

Ленин Ф. Э. Дзержинскиймен және Н. И. Мураловпен бірге Москва атты әскер мектебі курсанттарының оқуды бітіру жиналысына барады; оқу бітірушілерді құттықтайды және Октябрь революциясының үш жылдығы туралы сөз сөйлейді.

*8 ноябрь.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады, онда кәсіптік қозғалыстың міндеттері туралы Ленин жазған тезистер талқыланып, негіз етіп алынады. Ленин осы мәселе бойынша қарар әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамына сайланады. Кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясы туралы мәселенің талқылануына байланысты пленум Ленинге конференцияда баяндама жасауға уәкілдік береді. Пленумда сондай-ақ кәсіподақтардың V конференциясында темір жол және су транспорты қызметкерлерінің біріккен кәсіптік одағының Орталық комитеті президиумының (Цектран) жасалатын баяндамасы туралы мәселе және басқа мәселелер талқыланады.

*9 ноябрь.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V конференциясындағы

коммунистік фракцияның 9 ноябрьдегі мәжілісін өткізу тәртібі туралы мәселе талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда Москва партия ұйымы туралы, Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*10 ноябрь.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады, Кіші Халық Комиссарлары Советі туралы қарар жобасының «б» пунктіне қосымша жазады. Мәжілісте сондай-ақ Орталық бақылау комиссиясының баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады; Пролеткультті Халық ағарту комиссариатымен қосу формалары туралы мәселе талқылануына байланысты Пролеткульт туралы қаулының жобасын жазады, Артемнің (Ф. А. Сергеевтің) Сыртқы сауда халық комиссариаты Советтік Россия үшін берген заказдардың орындалуын бақылау ісіне Германия кәсіподақтарын тарту туралы баяндамасы бойынша шешімнің жобасын жазады. Пленумда сондай-ақ халықаралық кәсіптік одақ туралы, Республика Саяси-ағарту бас комитеті (Главполитпросвет) туралы мәселелер, Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариатының қызметін тексеру жөніндегі комиссияның баяндамасы, Украинада Әскери істер жөніндегі халық комиссариаты мен Қатынас жолдары халық комиссариатын құру туралы, Қызыл Армиядан егде жастағыларды демобилизациялау туралы, Украина Коммунистік партиясының конференциясына Орталық Комитеттің өкілін жіберу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*11 ноябрь.* Ленин француз коммунисі А. Гильбоны қабылдайды; «РКП мүшесі жолдастарға және барлық совет мекемелерінде жұмыс істейтін жолдастарға» деген записканы жазады, онда Гильбоға сенім білдіруді және істің жайымен оны егжей-тегжейлі таныстыруды өтінеді.

*12 ноябрь.* Ленин жұмысшыларды жабдықтау жөніндегі комиссияға — Н. П. Брюхановқа, П. И. Попов-

қа, В. А. Аванесовқа және М. Ф. Владимирскийге жұмысшыларды жабдықтаудың негізгі нормасын енгізу және жұмысшыларды жабдықтау нормасын есепке алу ісін ұйымдастыру туралы хат жазады.

Ленин Оңтүстік майданының Революциялық-әскери советіне Врангель тізе бүккенде қойылатын шарттар туралы нұсқау беріп, телеграмма жібереді.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі М. И. Калининмен концессиялар туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі.

Ленин М. И. Калининге Халық Комиссарлары Советінің Сибирь концессиялары туралы қаулыларының комиссия әзірлеген жобаларын жібереді, одан азық-түлік концессиялары туралы мәселені толықтыра түсуді өтінеді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Москваны жеммен жабдықтау туралы, ағаш отынмен жүретін паровоздарды мұнай отынмен жүретін етіп қайта жабдықтау туралы, әр түрлі өндірістерді әскери ведомствоның запастары есебінен өндірістік киіммен және аяқ киіммен жабдықтау туралы, Петроград ақша сарайының «Қызыл Ту ордені» знактарын жасаумен шұғылданып жатқан 150 жұмысшысына қызыл әскер паегін беру туралы мәселелер, отын дайындауда және темір жол жұмыстарында жүрген қызыл әскерлердің дезертирлік жасауына қарсы күрес шаралары туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады.

*13 ноябрь.* Ленин Грозный жұмысшыларынан келген делегат П. К. Зайцевті қабылдап, онымен әңгімелеседі, П. К. Зайцев Ленинге кен жұмысшылары Одағының Грозный бөлімшесінен өздерін жұмыс істеуге қажетті әдебиетпен және материалдармен жабдықтауды өтінген хат әкелген болатын.

Ленин И. В. Сталинге жолдаған телеграммасында Кавказдағы бандаларға қарсы күрестің барысы туралы және Баку төңірегін бекіндіру туралы сұрастырады; РСФСР-дің Грузиямен және Армениямен қатынастарын бейбіт жол-

мен реттеу мүмкіндіктері туралы өзінің пікірін хабарлауды өтінеді.

*14 ноябрь.* Ленин Москва губерниясының Волоколамск уезіндегі Кашино деревнясында электр станциясының ашылу салтанатына қатысады; шаруалармен әңгімелеседі, электрлендірудің халық шаруашылығындағы маңызы туралы сөз сөйлейді; шаруалармен бірге фотосуретке түседі.

Ленин кешкілік Ярополец селосындағы Халық үйінде шаруалар жиналысында сөз сөйлейді.

*Ерте дегенде 14 ноябрь.* Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің «Пролеткульт туралы» хатының жобасына Н. К. Крупская жазған қосымшаларды қарап шығады, бұл қосымшаларға өзінің қосылатындығын жазады және «*саяси*-ағарту және *ғылыми*-ағарту жұмыстарын *біріктіру туралы*» қосымша қосуды ұсынады.

*15 ноябрь.* Ленин губерниядағы азық-түлік дағдарысына, екпінді фабрикаларға отын тасылмай, тоқтап қалуына және олардың ақшамен нашар жабдықталуына байланысты Москваға командировкаға келген Иваново-Вознесенск губерниялық атқару комитетінің председателі Г. К. Королевті қабылдайды; оның баяндамасын тыңдайды және онымен әңгімелеседі; Еңбек халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. М. Аникстке жіберілетін телефонограммаға қол қояды, бұл телефонограммада А. М. Аникстке 16 ноябрьде Иваново-Вознесенск губерниялық атқару комитеті көтерген мәселелер бойынша дәл қаулылар әзірлеу үшін Королевті қатыстыра отырып, Азық-түлік халық комиссариаты және Халық шаруашылығы жоғары советінің Отын бас комитеті мен Мұнай бас комитеті өкілдерінің кеңесін өткізуге тапсырма беріледі.

Ленин Егіншілік халық комиссариатынан Иваново-Вознесенск, Шуя және Кинешма үшін электр плугтарын жасап шығару мүмкіндігі туралы хабарлауын сұрайды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Сыртқы істер халық комиссариатының Швециямен арадағы шартты бұзу туралы ұсынысы,

РСФСР бітім делегациясының председателі мен мүшелерінің қарым-қатынасы туралы нұсқаудың жобасы, Қырым революциялық комитетінің құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*16 ноябрь.* Ленин Калуга губерниясындағы Мосальск уезі шаруаларының делегаты Н. С. Бодяковпен азық-түлік салымы туралы әңгімелеседі; әңгіме кезінде шаруалардың неге мұқтаж екенін жазып алады; Азық-түлік халық комиссариаты мен Егіншілік халық комиссариатына хат жазады, онда шаруалардың мұқтаждарын қанағаттандыру мүмкіндігі туралы өзіне анықтама жіберуді өтінеді.

Ленин Швейцариядан келген журналист әйел А. Рюггті қабылдайды.

Ленин ВЦСПС председателі М. П. Томскиймен өндірістік насихатты ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Сибирьдегі концессиялар туралы қаулының жобасын жазады. Халық Комиссарлары Советінің шешімі бойынша Ленин концессиялар туралы декреттің жобасын қайта жасау және редакциялау жөніндегі комиссияның құрамына енгізіледі. Мәжілісте сондай-ақ мердігерлік әдіске тыйым салу туралы декреттің жобасы, кооперацияны қаржыландыру туралы, трактормен жер жыртуды концессияға беру жоспары туралы, елде мал басын аман сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін Егіншілік халық комиссариатына кредит беру туралы, Кіші Халық Комиссарлары Советінің жаңа құрамын бекіту туралы мәселелер, Иваново-Вознесенск губерниялық атқару комитетінің председателі Г. К. Королевтің баяндама хаты бойынша қаулы әзірлеу үшін 15 ноябрьде Ленин тағайындаған комиссияның баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

*Ерте дегенде 16, кеш дегенде 18 ноябрь.* Ленин өндірістік насихат туралы тезистерді жазумен шұғылданады: тезистер жоспарының екі түрлі нұсқасын жазады.

*17 ноябрь.* Ленин Халық ағарту комиссариаты коллегиясының мүшесі Е. А. Литкенспен әңгімеледі,

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Еңбек және Қорғаныс Советінің отын жөніндегі арнайы уәкілдері кеңесінің қарарын талқылау үшін комиссия құру туралы мәселе бойынша сөз сөйлейді; Иваново-Вознесенск фабрикаларын мұнаймен, мазутпен және азық-түлікпен жабдықтау туралы қаулының жобасына түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ Петроградты отынмен жабдықтау туралы мәселе, Еңбек және Қорғаныс Советінің елдегі темір жолдарды көктемгі-қысқы маусымға әзірлеу шаралары туралы 12 октябрьдегі қаулысын жүзеге асыруда жіберілген салақтық пен ұқыпсыздықты тергеудің нәтижелері туралы баяндама талқыланады.

*18 ноябрь.* Ленин «Өндірістік насихат туралы тезистерді (Алғашқы нобайы)» жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Орталық Комитеттің Москва губерниялық партия конференциясының делегаттарымен кеңесі туралы, Белоруссия туралы, Грузия туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Польшамен бітім келіс сөздерін жүргізу жөніндегі Россия-Украина делегациясының председателі А. А. Иоффені қабылдайды.

Ленин Бауман ауданы партия ұйымдарының делегаттары жиналысына қатысады; РКП(б) аудандық комитетінің қызметі туралы және Москва ұйымындағы істің жағдайы туралы баяндамалар бойынша жарыс сөзде сөз сөйлейді.

*19 ноябрь.* Ленин Орталық Комитеттің Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда партияның Москва комитетінің жаңа құрамының Орталық Комитет ұсынған тізімі талқыланады.

Ленин сыртқы істер халық комиссары Г. В. Чичеринге Англиямен жасалатын сауда келісімі туралы хат жазады.

Ленин Москва губерниялық партия конференциясы делегаттарының жабық кеңесінде баяндама жасайды, кеңесте РКП(б) Москва комитетінің мүшелігіне кандидатуралар талқыланады.

*20 ноябрь.* Ленин А. М. Аникстке записка жазады, онда Еңбек және Қорғаныс Советінің Донбасс шахтерлерін киіммен жабдықтау туралы 1920 жылғы 8 октябрьдегі қаулысының орындалмау себептерін ашуға арналған кеңес өткізуді өтінеді.

Ленин Москва губерниясы, Волоколамск уезі. Кашино деревнясының шаруасы С. А. Курковпен әңгімелеседі, ол аймақтық электр станциясын салу жоспары туралы әңгімелейді және динамомашина тауып беруге жәрдемдесуді өтінеді. Ленин Москва халық шаруашылығы советінің электр бөліміне бұл динамомашинаны «Динамо» заводында жасату туралы записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Қиыр Шығыс республикасының ақша айналысы және экономикалық жағдайы туралы А. М. Краснощековтың телеграммасы жөніндегі хабарлама бойынша қаулының жобасына түзету енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңдар кодексінің жобасы, Денсаулық сақтау халық комиссариатының 1920 жылға арналған сметасы, су транспорты жұмысшылары мен қызметшілеріне ақшалай ақы төлеу үшін Қатынас жолдары халық комиссариатына сметадан тыс қаржы босату туралы, кооперацияны қаржыландыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*21 ноябрь.* Ленин Москва губерниялық партия конференциясында «Біздің сыртқы, ішкі жағдайымыз және партияның міндеттері» деген тақырыпта сөз сөйлейді; РКП(б) Москва комитетінің құрамына ұсынылған кандидатуралар талқыланған кеңестерге қатысады; Москва комитетін сайлау жөнінде сөз сөйлейді.

*23 ноябрь.* Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Донецк бассейні жөніндегі уәкілетті комиссияның баяндамасы бойынша қабылданатын Донбасстың көмір өнеркәсібін көтеру туралы қаулының жобасына түзету енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ концессиялар туралы мәселе жөніндегі комиссияның баяндамасы, экспортқа ағаш шығаруды дамыту туралы декреттің жобасы, қалмақ және мари халықтары автономиялық

облыстарының, Вотск (Удмурт) автономиялық облысының және Астрахань губерниясының шекаралары туралы қаулылардың жобалары, мақта өнеркәсібін қалпына келтіру жөніндегі шаралар туралы. Халық шаруашылығы жоғары советінің Полиграфия бөлімін қайта құру туралы мәселелер, Фаулер плугын жасап шығару жөніндегі жұмыстардың барысы туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады.

*Кеш дегенде 23 ноябрь.* Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советіне записка жазады, онда Егіншілік халық комиссариатының жер жыртатын электр құралдарын жасауға берген заказдары туралы мәселені 23 ноябрьден қалдырмай қарауды өтінеді.

*Ерте дегенде 23, кеш дегенде 27 ноябрь.* Ленин «Концессиялар туралы. Халық Комиссарлары Советінің 1920 ж. 23 ноябрьдегі декреті. Декрет тексті. Концессия объектілері. Карталар» деген кітапшаны қарап шығады; кітапшаның соңғы бетіне Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі В. П. Милютинге арнап записка жазады, онда декреттің текстінен түсіп қалған сөздер үшін жауапты адамға жаза қолдану жөнінде нұсқау береді.

*24 ноябрь.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Халық ағарту комиссариатының аппаратын қайта құру жоспарын жасау үшін комиссия құру туралы, Донбасс туралы, Советтердің VIII съезі туралы, өндірістік насихат туралы, демобилизацияланған коммунистерді бөлу туралы, РКП(б) Бүкіл россиялық конференциясының барлық қаулыларын іс жүзіне асыру туралы, «Дискуссионный Листок» туралы мәселелер, әскери мәселе жөнінде және Бүкіл украиндық конференция туралы баяндамалар, РСФСР мен Қиыр Шығыс республикасы арасында шарт жасасу туралы Г. В. Чичериннің ұсынысы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин барлық губерниялық атқару комитеттеріне, губерниялық орман комитеттеріне, темір жол комитеттеріне, Еңбек және Қорғаныс Советінің отын жөніндегі уәкілдеріне арналған телеграммаға қол қояды, онда Еңбек

және Қорғаныс Советінің темір жолдарды отынмен жабдықтау туралы 1920 жылғы 8 және 22 октябрьдегі қаулыларын орындау жөнінде шұғыл шаралар қолдануға жарлық береді.

Ленин Н. А. Милютинмен әңгімеледі: ол Воронеж және Орел губернияларында 1920—1921 жж. дайындау науқанына басшылық ету үшін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Халық Комиссарлары Советінің, Еңбек және Қорғаныс Советінің және Азық-түлік халық комиссариатының төтенше уәкілі, әрі Воронеж және Орел губернияларында азық-түлік кеңестерінің председателі болып тағайындалған еді; Милютиннің мандатына қол қояды; сондай-ақ егіншілік халық комиссары С. П. Середаны қабылдайды.

*25 ноябрь.* Ленин Москва полиграфия өндірісі кәсіпорындары фабрика-завод комитеттерінің конференциясында сөз сөйлейді; сөйлеп болғаннан кейін конференция делегаттарының запискаларына жауап береді.

Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары болып тағайындалған В. А. Антонов-Овсеенкомен әңгімеледі.

*26 ноябрьден ертерек.* Ленин ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары А. З. Каменскиймен әңгімеледі; ұлт мәселесі жөнінде әдебиеттер шығару қажеттігіне назар аударады.

*26 ноябрь.* Ленин РКП(б) Москва ұйымы ұялары секретарьларының жиналысында сөз сөйлейді.

Совет өкіметінің ұлт мәселесі жөніндегі қаулылар жинағын ұлттық республикалар мен облыстар қызметкерлері кеңесіне дейін шұғыл түрде басып шығарудан Мемлекеттік баспаның бас тартқаны жөнінде хабарлаған А. З. Каменскийдің хатын алғаннан кейін Ленин жинақты көрсетілген мерзімге сөзсіз басып шығару және бұл туралы өзіне хабарлау жөнінде Мемлекеттік баспаға жарлық жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда екпінді кәсіпорындар туралы ережепің жобасы, Азық-

түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. Б. Халатовтың Еңбек және Қорғаныс Советінің сауатсыздықты жою жөніндегі нұсқаушыларды жылы киіммен және аяқ киіммен жабдықтау туралы 29 октябрьдегі қаулысының орындалуы жөніндегі баяндамасы, Қызыл Армия мен Флотта жүргізілген санақ материалдарын шұғыл әзірлеу туралы қаулының жобасы, оңтүстіктің екінді заводтарын отынмен жабдықтау туралы, Царицын губерниясын соғыс жағдайында деп жариялау туралы, жүк тиеуде істейтін әскери-жұмысшы бөлімдерді киім-кешекпен және аяқ киіммен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин ағылшын коммунисі Уильям Полмен әңгімелеседі.

*Ерте дегенде 26, кеш дегенде 28 ноябрь.*

Ленин Халық ағарту комиссариатын қайта құру жөніндегі комиссияның мүшелері Е. А. Литкенс пен В. Н. Соловьев әзірлеген Халық ағарту комиссариаты туралы ереженің жобаларына ескертпелер жазады.

*27 ноябрь.*

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады. Кавказдағы істер жөніндегі баяндама бойынша қаулының жобасын жазады және бюрократизмге қарсы күрес туралы тезистердің талқылануына байланысты Советтердің VIII съезіне ұсыныстар жазады. Саяси бюроның шешімі бойынша Ленин Орталық Комитеттің пролеткульт туралы нұсқау хатын редакциялау жөніндегі комиссияның құрамына енгізіледі. Мәжілісте сондай-ақ Г. В. Чичериннің Польша туралы ұсынысы, комиссиялардың партия ұйымдарын тексерудің нәтижелері туралы, егде жастағыларды демобилизациялаудың мүмкіндіктері мен тәсілдері туралы баяндамалары, сенбіліктер туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*28 ноябрь.*

Ленин Егіншілік халық комиссариатының жер жыртатын электр жабдықтарын жасауға берген заказдары туралы «Электросила» заводы бас басқарушысының Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі В. П. Милютинге жазған хатымен танысқаннан кейін бұл хатты С. П. Середаға жолдай-

ды, одан заказдың дұрыс жасалған-жасалмағанын және жұмыстың барысы туралы мәліметтің бар-жоғын хабарлауды өтінеді.

Ленин Халық ағарту комиссариатын қайта құру жөніндегі комиссияға сайланған Халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі Е. А. Литкенспен Халық ағарту комиссариаты туралы ереженің ол ұсынған жобасының кемшіліктері жөнінде әңгімелеседі.

*29 ноябрь.* Ленин халық ағарту комиссары А. В. Луначарскийге хат жазады, онда Халық ағарту комиссариаты туралы ереженің Е. А. Литкенс пен В. Н. Соловьев дайындаған жобаларына баға береді және Халық ағарту комиссариатын қайта құру туралы мәселе жөніндегі өзінің пікірлерін баяндайды.

Ленин Замоскворецк ауданы коммунистерінің жалпы жиналысында Москва губерниялық партия конференциясы жұмысының қорытындылары туралы баяндама жасайды және баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді; запискаларға жауап береді.

Ленин А. В. Луначарскийді, Г. Е. Зиновьевті қабылдайды.

*30 ноябрь.* Ленин Батыс майдандағы 3-армияның Революциялық-әскери советінің мүшесі К. А. Мехоношинді, И. В. Сталинді, 15-армияның Революциялық-әскери советінің мүшесі А. П. Розенгольцті, Ф. Э. Дзержинскийді қабылдайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советі 1920 жылы 3 ноябрьде тағайындаған комиссияның баяндамасы бойынша төте салық туралы қаулының өзі жазған жобасын талқылауға ұсынады; мердігерлік тәсілмен жұмыс істеуге тыйым салу туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасына түзету енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ әрбір ведомство ішінде паектердің дұрыс бөлінбеуі туралы арыздарды тексеру жөніндегі, соғыс пен блокада салдарынан болған шығындарды анықтау туралы мәселе жөніндегі және Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының автономиялық республикалар мен облыстардағы уәкілдері туралы мәселе жөніндегі комиссиялардың баяндамалары, Азық-түлік халық

комиссариатының жаңа құрамын бекіту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*Ноябрь.* Ленин Халық ағарту комиссариатын қайта құру туралы мәселені мейлінше мұқият талқылаудан өткізіп, оны қайта құруды кейінге қалдыра тұру қажеттігі туралы РКП(б) Орталық Комитеті қаулысының жобасын жазады.

*1 декабрь.* Ленин Халық Комиссарлары Советінің Экономикалық комиссиясының екінші мәжілісінде председательдік етеді; Еңбек және Қорғаныс Советі жұмысының басым салмағын шаруашылық құрылыс міндеттеріне аудару жөніндегі шаралар туралы кіші комиссияның баяндамасы бойынша қаулының нобайларын және қаулының жобасын жазады.

Ленин 13-армияның саяси басқармасының мүшесі А. А. Лебедевпен әңгімелеседі.

*2 декабрь.* Ленин Армения Революциялық әскери комитетінің председателі С. Касьянға Советтік Арменияны құттықтап телеграмма жазады.

Ленин ВЦСПС председателі М. П. Томскиймен әңгімелеседі.

*3 декабрь.* Ленин Петроград металлистері, Иваново-Вознесенск тоқымашылары, металлистер кәсіподағы Орталық комитеті, коммуналдық жұмысшылар кәсіподағы Орталық комитеті және басқалардың өкілдерінің Азық-түлік халық комиссариатының жұмысы туралы мәселе жөніндегі кеңесіне қатысады; кеңес туралы пікірлерін жазып қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің профессор Н. Е. Жуковскийдің ғылыми қызметінің елу жылдығын атап өту туралы қаулысына қол қояды.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Негізгі транспорт комиссиясының транспортты жөндеу, кеме жасау және темір жолдарды отынмен жабдықтау жөніндегі жұмыстардың барысы туралы баяндамасы бойынша қабылданатын қаулының жобасына «а» пунктін жазады. Мәжілісте сондай-ақ Владикавказ темір жолымен жүк тасу туралы баяндама, банди-

тизмге қарсы күрес туралы және Украинадағы ішкі қызмет әскерлерін басқару туралы қаулының жобасы. Оңтүстік-Шығыстың еңбек армияларын жауынгерлік міндеттерден босату туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*4 декабрь.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады: Англиямен жасалатын сауда шарты туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Орталық Комитеттің келесі пленумы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. «Шаруалардың ауыл шаруашылығын ныгайту және дамыту шаралары туралы» декрет жобасының талқылануына байланысты Халық Комиссарлары Советі комиссияда декретті талдап жасаған кезде оның негізіне осы мәселе жөнінде Ленин жазған қағидаларды алуға қаулы етеді. Мәжілісте сондай-ақ экономикалық халық комиссариаттарын біріктіру туралы, Латвиямен және Литвамен товар айырбасын жасау үшін астық болу туралы, екпінді топтағы педагогикалық жоғары оқу орындары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*5 декабрь.* Ленин М. Н. Покровскийге жазған запискасында оның «Орыс тарихының ең қысқаша очеркі» деген кітабына жоғары баға береді, оны хронологиялық көрсеткіштермен және кестелермен толықтыруды ұсынады.

*6 декабрь.* Ленин губерниялық әйелдер бөлімі меңгерушілерінің Бүкіл россиялық кеңесінің президиумына құттықтау телефонограмма жазады.

Ленин РКП(б) Москва ұйымы активінің жиналысында концессиялар туралы баяндама жасайды және баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советі Экономикалық комиссиясының үшінші мәжілісінде председательдік етеді.

*7 декабрь.* Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіне енгізу үшін Халық Комиссарлары Советі ауыл шаруашылығын ныгайту және дамыту шаралары туралы қаулының жобасын

әзірлеп жатқандығын барлық губерниялық атқару комитеттеріне, губерниялық жер бөлімдеріне және губерниялық азық-түлік комитеттеріне хабарлаған радиотелеграммаға қол қояды және онда жобаның негізгі қағидаларын кеңінен талқылауға және съезге материалдар мен ұсыныстар әзірлеуге нұсқау береді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады, онда су транспорты қызметкерлері кәсіподағының Цектранмен арадағы жанжалы туралы, Орталық Комитет пленумының келесі мәжілісі туралы мәселелер, Г. В. Чичериннің Батум туралы, Түркиямен арада жасалатын шарт туралы, Персиямен арада жасалатын шарттың негіздері туралы ұсыныстары, РСФСР мен УССР арасындағы халықаралық және праволық қатынастарды реттеу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*8 декабрь.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады; өндірістік насихат туралы шешім жобасының 1-пунктін жазады; Халық ағарту комиссариатын қайта құру туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ мемлекеттік архивті басқару жөнінде коллегия тағайындау туралы және «марксизм жөнінде дүние жүзінде тұңғыш музей» ұйымдастыру туралы, транспортты қалпына келтіру жөнінде Советтердің VIII съезіне арналған тезистер туралы мәселелер, Саяси ағарту бас комитеті туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы етіп Н. П. Горбуновты тағайындау туралы Лениннің өтініші, РКП(б) Орталық Комитетінің пролеткульт туралы хаты жөнінде «Правдада» түсініктеме басып шығару туралы Пролеткульттің өтініші, сенбіліктер туралы ұсыныс, махновшылдар туралы баяндама, РКП(б) X съезін шақыру мерзімі туралы, Еңбек халық комиссариаты туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*9 декабрь.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда ауыл шаруа-

шылық өндірісі жөніндегі тезистер, Орталық Комитет пленумының Цектран мен су қызметкерлері туралы мәселе жөніндегі қаулысының орындалуын бақылауды ВЦСПС-ке тапсыру туралы ұсыныс, бюрократизмге қарсы күрес жөнінде Советтердің VIII съезіне арналған тезистер, ВЦСПС президиумын нығайту туралы, РКП(б) Орталық Комитетінің Украина Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне саяси директивалары туралы, РКП(б) X съезі және съездің күн тәртібі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*10 декабрь.* Ленин Персияның (Иранның) елші Али Голи-хан Мошавер-оль-Мемалек бастаған үкімет делегациясын қабылдайды; РСФСР мен Персия (Иран) арасындағы қатынастар туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі.

Ленин Испания Социалистік Жұмысшы партиясының II төтенше съезінің делегаттары Фернандо де лос Риоспен және Даниэл Ангиаломен Испания Социалистік Жұмысшы партиясының Коммунистік Интернационалға қосылуы туралы мәселе жөнінде, Советтік Россияның жағдайы туралы және басқа мәселелер жөнінде әңгімелеседі.

*11 декабрь.* Ленин Халық Комиссарлары Советі Экономикалық комиссиясының төртінші мәжілісінде председательдік етеді.

Ленин «Итальян социалистік партиясы ішіндегі күрес туралы» деген мақалаға соңғы сөз ретінде «Бостандық туралы жалған сөздер (Соңғы сөз орнына)» деген мақала жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, А. Е. Бадаевтың Сухаревканы жою туралы өтініші жөнінде хабарлама жасайды; «Шаруалардың ауыл шаруашылығын нығайту және дамыту шаралары туралы» декреттің жобасына, Еңбек және Қорғаныс Советі туралы ереженің жобасына түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ түрлі мекемелердің штаттарын белгілеуге және совет қыметшілерінің еңбек нормасын, олардың санын және олардың еңбек нәтижелерін зерттеуге арналған комиссияның адам құрамының және комиссия жөніндегі ереженің жобасы, кооперацияны қаржыландыру

туралы декреттің жобасы, «Үлкен Солтүстік Телеграф қоғамына» концессиялар беру туралы, Гидроторф жұмысының барысы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*13 декабрь.* Ленин Халық Комиссарлары Советі Экономикалық комиссиясының бесінші мәжілісінде председательдік етеді.

Ленин Донбасстың тас көмір өнеркәсібі орталық басқармасының председателі болып тағайындалған Г. Л. Пятаковпен әңгімелеседі; азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупамен әңгімеледі.

Ленин Советтік Армениядағы жағдай туралы Армян революциялық комитетінің мүшелері С. М. Тер-Габриэлянмен және А. Мравянмен әңгімелеседі, Арменияға көмек көрсетуге уәде береді.

Ленин меньшевиктік Грузияның елшісі Г. Махарадзені қабылдайды, онымен Арменияны азық-түлікпен жабдықтау туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі.

*14 декабрь.* Ленин А. Д. Цюрупаға жазған хатында Азық-түлік халық комиссариатының азық-түлік бөлу жөніндегі бөлімінің жұмысындағы кемшіліктерді атап көрсетеді, халық комиссариаты жанынан комиссия құруды, оған азық-түлік жұмысынан тәжірибесі бар жұмысшыларды қатыстыруды ұсынады.

Ленин Петроградтағы «Новый Лесснер» заводының өкілі С. Воронковпен заводтағы жағдай туралы әңгімеледі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің автономиялық республикалар мен автономиялық облыстарда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының өкілдіктерін құру туралы декретінің жобасына түзету енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ зығыр өсірушілер мен сора өсірушілерге сыйлық беру үшін товар қорын жасау туралы қаулының жобасы мен темекі шаруашылығын көтермелеу туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

*15 декабрь.* Ленин Москва губерниясы, Верейск уезі, Богородск болысындағы Моденово деревнясы-

ның төңірегіне аң аулауға барады; шаруалардың шақыруымен Моденово, Шаликово және басқа деревнялар шаруаларының жиналысында ағымдағы кезең туралы баяндама жасайды; шаруалармен азық-түлік салымы туралы әңгімелеседі.

*16 декабрь.* Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Сибирьден тасымалды қысқарту жөнінде мәселе талқыланады.

*17 декабрь.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады. Пленумның шешімі бойынша ол Егіншілік халық комиссариаты туралы тезистерді құрастыру жөніндегі комиссияның құрамына енгізіледі. Мәжілісте сондай-ақ Советтердің VIII съезі президиумының съездің күн тәртібі туралы мәлімдемесі, Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі туралы, партияның X съезіне өкілдіктер туралы, Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты шақырған жергілікті ұлттық бөлімдер меңгерушілерінің кеңесіне ұлт саясаты жөнінде баяндама жасау үшін Орталық Комитеттің өкілін жіберу туралы, астаналық газеттердің техникалық жағдайларын жақсарту туралы, әскери тасымалдар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*18 декабрь.* Ленин Пролеткульттің Бүкіл россиялық советі Орталық комитеті пленумының құрамында В. Плетнев, Ф. Волгин, Ф. Благонравов және И. Никитин бар делегациямен әңгімелеседі.

Ленин Донбасстың тас көмір өнеркәсібі орталық басқармасының председателі Г. Л. Пятаковпен әңгімелеседі.

Ленин Владикавказ революциялық комитетіне жіберілетін телеграммаға қол қояды. онда 1919 жылы контрреволюциялық бандалардан қасірет шеккен босқындарды дереу тұрақты мекендерге қоныстандыру жайында оларға шұғыл көмек көрсету жөнінде жарлық берілген.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; национализацияланған және муниципализацияланған үйлерде тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін жо-

не коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеуді жою туралы декреттің жобасы жөнінде Кіші Халық Комиссарлары Советінің председателі Т. В. Сапроновпен бірге хабарлама жасайды; Жоғары көркемсурет-техникалық шеберханалар туралы қаулының жобасына ескертпелер жазады және түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ Қырымда еңбекшілерді сауықтыру орындарын ұйымдастыру туралы қаулының және Мемлекеттік Третьяков галереясына арналған үйді национализациялау туралы декреттің жобалары, ауыл шаруашылық мамандары туралы қаулыға қол қою жөніндегі хабарлама және басқа мәселелер талқыланады.

*19 декабрь.* Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің аграрлық комиссиясының жұмысына қатысады.

Ленин В. Н. Яковлевамен әңгімелеседі.

*20 декабрь.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады; Англиямен сауда келіс сөздерінің барысында сыртқы сауда халық комиссары Л. Б. Красин мен Г. В. Чичерин арасында қалыптасқан қатынастар туралы мәселе жөніндегі қаулының нобайын жазады; ВЦСПС-тің арнаулы өндірістік баспасөз органын құру жөніндегі ұсынысын талқылауға байланысты қаулыға қосымша жазады. Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі туралы мәселелерді талқылағанда Ленинді съезд президиумының орталық тобы құрамына енгізу туралы шешім қабылданады; аграрлық мәселе жөніндегі тезистерді түбегейлі бекіттіру Ленин мен Преображенскийге тапсырылады; съезді Лениннің баяндамасымен ашу жөнінде шешім қабылданады. Пленумда сондай-ақ транспорт жұмысшылары одағының Советтер съезінде жергілікті транспортты ұйымдастыру туралы баяндама қоюы туралы ұсынысы және ВЦСПС-тің өкілін Халық ағарту комиссариатын қайта құру жөніндегі комиссияға енгізу жөніндегі ВЦСПС-тің ұсынысы, «Еңбек Қызыл Ту» орденін тағайындау туралы, Советтер съезі атынан РСФСР-дің еңбекшілер бұқарасына үндеу жариялау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин француз коммунисі А. Гильбомен әңгімелеседі.

*21 декабрь.* Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіне облыстар мен топтардан өкіл болып келген делегаттардың кеңесінде съездегі РКП(б) фракциясы бюросының құрамына сайланады.

Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіндегі РКП(б) фракциясында концессиялар туралы баяндама жасайды және қорытынды сөз сөйлейді.

*21 және 29 декабрь аралығында.* Ленин электрлендіру туралы мәселе жөнінде РКП(б) фракциясы қарарының жобасын жазады.

*22 декабрь.* Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің бірінші мәжілісінде съездің президиумына сайланады: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің сыртқы және ішкі саясат туралы баяндамасын жасайды.

Ленин Советтердің VIII съезіндегі РКП(б) фракциясының мәжілісіне қатысады; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің сыртқы және ішкі саясат туралы баяндамасын талқылаған кезде жарыс сөздерді жазып отырады және осы мәселе бойынша сөз сөйлейді.

Ленин Советтердің VIII съезіне делегат болып келген партияда жоқ шаруалардың кеңесіне қатысады, бұл кеңесті Лениннің өтініші бойынша М. И. Калинин шақырған болатын: шаруалардың сөйлеген сөздері туралы жазбалар жасайды және ол жазбаларды танысу үшін РКП(б) Орталық Комитетінің мүшелеріне және халық комиссарларына жібереді.

*23 декабрь.* Ленин Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің екінші мәжілісінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің сыртқы және ішкі саясат туралы баяндамасы бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

*24 декабрь.* Ленин Советтердің VIII съезіндегі РКП(б) фракциясында Халық Комиссарлары Советінің «Шаруалардың ауыл шаруашылығын ныгай-

ту және дамыту шаралары туралы» заң жобасы талқыланған кезде сөз сөйлейді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамы туралы, РКП(б) X съезін шақыру мерзімін кейінге қалдыру туралы, РСФСР мен УССР арасындағы шарт туралы, Қатынас жолдары халық комиссариатының Бас саяси бөлімі (Главполитпуть) мен Қатынас жолдары халық комиссариатының су транспорты Бас саяси басқармасын (Главполитвода) жою туралы, партияның алдағы болатын съезінің күн тәртібі туралы мәселе бойынша айтыс ашу туралы, кәсіптік баспасөз туралы мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда азық-түлік тасымалы туралы, Москвада, Петроградта, Иваново-Вознесенскіде, Кронштадтта мерекелік сыйлықтар беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*25 декабрьден ертерек.* Ленин Москвадағы 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісінің он бес жылдығына байланысты «Қызыл Пресня жұмысшыларына хат» жазады.

*27 декабрь.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; электрлендіру туралы баяндама бойынша Советтердің VIII съезі қарарының жобасын ұсынады. Пленумда Советтердің VIII съезінің аграрлық мәселе жөніндегі қарарының жобасы талқылануына байланысты оған қосымша жазады. Пленум Ленинді Советтер съезіндегі РКП(б) фракциясында осы мәселе бойынша баяндамашы етіп бекітеді. Мәжілісте сондай-ақ Советтер съезінің күн тәртібіне Еңбек және Қорғаныс Советі жөнінде мәселе қою туралы мәселе, армияны қысқарту туралы үкімет хабарламасының жобасы, «Еңбек Қызыл Ту ордені» туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Советтердің VIII съезіндегі РКП(б) фракциясында «Шаруалардың ауыл шаруашылығын нығайту және дамыту шаралары туралы» заң жобасына қосымшалар туралы

соз сөйлейді және делегаттардың сұрақтарына жауап береді.

*28 декабрь.* Ленин Н. П. Горбуновқа жолдаған хатында электр плугтарын жасап шығаруды қадағалауды және бұл жөнінде Халық шаруашылығы жоғары советімен сойлесуді тапсырады.

*Декабрьдің аяғы, кеш дегенде 29 декабрь.* Ленин Г. М. Кржижановскийге жолдаған хатында электрлендіру жөніндегі практикалық шаралардың жоспарын белгілейді.

*29 декабрь.* Ленин «Кәсіптік одақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий жолдастың қателіктері туралы» сөйлейтін сөзінің конспектісін жазады.

Ленин съездің жетінші мәжілісінде сегізінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланады.

*30 декабрь.* Ленин Советтердің VIII съезі делегаттарының, ВЦСПС пен Москва қалалық кәсіптік одақтар советі мүшелерінің — РКП(б) мүшелерінің біріккен мәжілісінде «Кәсіптік одақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий жолдастың қателіктері туралы» соз сөйлейді.

*31 декабрь.* Ленин сегізінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші мәжілісінде Халық Комиссарлары Советінің Председателі болып біраузыдан бекітіледі.

Ленин Москва мен Петроградтағы электр плугтар жасап жатқан кәсіпорындарына телеграмма жазады, опда Егіншілік халық комиссариатының жер жыртатын электр құралдары жөніндегі заказын 1921 жылғы 1 апрельден кешіктірмей орындау үшін барлық күш-жігерді жұмсауға жарлық береді.

*Декабрьдің аяғы.* Ленин шаруашылық құрылысының міндеттері туралы ойларын жазып қояды.

Ленин Карелия еңбек коммунасының (облысының) председателі Э. А. Гюллингке коммунаны электрлендіру жоспарын жасауға көмектесу жөнінде Н. П. Горбуновқа тапсырма береді.

| | |
|---|---|
| *Декабрь.* | Ленин Г. М. Кржижановскийге жолдаган хатында халық арасында электрді насихаттау және ол туралы кеңінен түсінік жүргізу қажеттігін, РСФСР-де әрбір үйге электр жарығын берудің бірнеше жылға арналган жоспарын және электрлендіру жөнінде ықшамдалған жоспар жасау қажеттігін атап көрсетеді. |
| | Ленин электрлендіру туралы заметкалар жазды. |
| *Жылдың аяғы.* | Ленин Н. К. Крупскаяның халыққа білім беру жөніндегі партия кеңесіне әзірлеген «Политехникалық білім беру туралы» тезистерін қарайды; мектептерді политехникалық мектептерге айналдыру туралы пікірлерін жазып қойды. |

*1921*

| | |
|---|---|
| *1—22 январь.* | Ленин демалыста болады, Горкиде тұрады, Москваға РКП(б) Орталық Комитеті мен Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілістеріне келіп-кетіп жүреді. |
| *1 январь.* | Ленин Сибирь революциялық комитетінің председателі И. Н. Смирновпен әңгімелеседі, оның Сибирьдің саяси және экономикалық жагдайы туралы баяндамасымен танысады. |
| | Ленин қоныс аударушыларды Сибирь мен Қыргыз өлкесіне бөліп орналастыру туралы С. П. Середаға хат жазады, сол күні Қыргыз Халық Комиссарлары Советінің председателі В. А. Радус-Зеньковичпен Қырғыз өлкесіне бөлінетін қоныс аударушылардың саны туралы келісу жөнінде тапсырма береді. |
| *3 январь.* | Ленин Н. П. Горбуновқа Халық шаруашылығы жоғары советінің ғылыми-техникалық бөлімінен қоладан мыс қорытып алу мүмкіндігі туралы сұрап білуді тапсырады. |
| *4 январь.* | Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; Егіншілік халық комиссариаты туралы қаулы жобасының 4-пунктін жазады. Мәжілісте сондай-ақ Қиыр Шығыс республикасы туралы, Урянхай өлкесі (Тува) туралы және басқа мәселелер талқыланады. |

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Еңбек және Қорғаныс Советі мен Кіші Халық Комиссарлары Советінің қарым-қатынасы туралы мәселені талқылауға ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ Москва Советі мен жұмысшыларды жабдықтау жөніндегі комиссияның арасындағы алауыздықтар туралы, отын жағдайы туралы мәселелер талқыланады.

*7 январь.* Ленин Түркияның Ұлы ұлттық жиналысының председателі Мұстафа Кемалдың (Ататүріктің) Советтік Дағыстанның автономиясын Совет үкіметінің танығандығын мақұлдаған және Советтік Россиямен ынтымақтасуға ұсыныс жасаған телеграммасына жолданған жауап телеграммаға қол қояды.

*9 январь.* Ленин Горки деревнясының шаруалары жиналысында халықаралық және ішкі жағдай туралы баяндама жасайды.

*10 январь.* Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Петроградтағы отын жағдайы туралы мәселе талқыланған кезде өз пікірін жазып отырады; Кавказ еңбек армиясындағы әскерлердің ішінен соңғы алты жасқа кішілерін әскер қатарын толықтыру ретінде майданға жөнелтуді талап еткен бас қолбасшының бұйрығына Орталық Комитеттің Кавказ бюросының мүшесі А. Г. Белобородовтың наразылығын талқылауды ұсынады.

*11 январь.* Ленин жергілікті жерлерде егіс комитеттерін ұйымдастыру және егіс науқанын өткізу туралы губерниялық атқару комитеттеріне, губерниялық азық-түлік комитеттеріне және губерниялық жер бөлімдеріне жолданатын нұсқау телеграммаға қол қояды.

Ленин Н. П. Горбуновқа: санитарлық-ағарту жұмыстары туралы доктор Громовтың Камышловтан Ленинге жіберген материалдары жөнінде денсаулық сақтау халық комиссары Н. А. Семашконың пікірін анықтап білуді, инженер П. А. Козьминнен оның Ленинге жолдаған хатында қозғаған деревняға жарық беру үшін жел двигательдерін пайдалану туралы және профессор Н. А. Артемьев ойлап

тапқан термостың жаңа түрі туралы мәселелерді егжей-тегжейлі анықтап білуді, Москва вокзалдарында санитарлық-бақылау пункттерін құру жөніндегі комитеттің председателі В. Д. Бонч-Бруевичтің пункттерде отынның жоқтығы туралы шағымы бойынша Москва Советі мен Денсаулық сақтау халық комиссариатына ресми сұрау салуды тапсырады.

*12 январь.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының түңгертеңгі мәжілісіне қатысады, онда халық шаруашылығы советтерінің съездері туралы, партия съезі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Н. П. Горбуновқа записка жазып, оған Москва губерниялық халық шаруашылығы советінің электр бөліміне телефон соғуға, Горки селосын электрлендіруді барынша тездетуге тапсырма береді.

Ленин Джон Ридтің жесірі, американ журналисі Луиза Брайантпен әңгімелеседі; оған Орта Азияға сапар шегу үшін куәлік жазып береді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының кешкі мәжілісіне қатысады; Бухариннің қарарын қайта дауысқа қою (қарардың бүкіл партияға хат жазып, үндеу арнау туралы бірінші бөлімін қабылдау) туралы Орталық Комитеттің сегіз мүшесі атынан ұсыныс енгізеді. РКП(б) X съезіне баяндамашылар тағайындау туралы мәселенің талқылануына байланысты пленум Ленинге съезде Орталық Комитеттің саяси есебі жөнінде және шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері туралы баяндамалар жасауға уәкілдік береді. Мәжілісте сондай-ақ шаруалардың көңіл күйі туралы мәселе, Украинада тасымал жөніндегі жоғары совет құру қажеттігі туралы УКП(б) Орталық Комитеті пленумының хабарламасы, Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіне казак облыстары мен казак бөлімінен келген делегаттар кеңесінің ұсынысына сәйкес Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің казак бөлімін жою туралы Орталық Комитет Ұйымдастыру бюросының қаулысы және басқа мәселелер талқыланады.

*13 январь.* Ленин «Известия ВЦИК» газетінің редакторы Ю. М. Стекловқа хат жазады, онда Стекловтың Француз социалистік партиясының Тур-

дағы съезіне арнап жазған «Коммуна елінде» деген мақаласын мақұлдаған пікір айтады, француз социализмі туралы кітапша жазуға кеңес береді.

*14 январь.* Ленин РКП(б) X съезінің кәсіподақтардың ролі мен міндеттері туралы мәселе жөніндегі қаулысының жобасына қол қояды; бұл жобаны дайындауға өзі де қатысқан болатын.

*18 январь.* Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің отын бас комитеттері жанындағы ерекше уәкілі А. В. Эйдуктің Совет республикасын отынмен жабдықтаудың жағдайы және перспективалары туралы баяндама хатымен және анықтамасымен танысқаннан кейін бұл материалдарды Н. П. Горбуновқа жібереді, оған материалдарды оқып шығуды, Эйдукпен әңгімелесуді, сонымен бірлесе отырып отын дайындауды жақсарту туралы мәселе жөнінде практикалық ұсыныстар тұжырымдауды тапсырады.

*19 январь.* Ленин «Партия дағдарысы» деген мақала жазады, оны кәсіподақ айтысы туралы материалмен және редакцияға ВЦСПС-тің бас секретары Я. Э. Рудзутактың кәсіподақтар туралы тезистерін газетке басып шығаруды өтініп жолдаған хатымен қосып «Правда» редакциясына жібереді.

*20 январь.* Ленин Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі істер басқармасының жұмысы туралы мәселелер бойынша Н. П. Горбуновқа тапсырмалар береді; «Гидроторф» кинокартинасын көрсеткен кезде қызғылықты және ұғымды түсініктер берілуін қадағалауды өтінеді; Москваны басы артық мекемелерден арылтуды қадағалауды. Москваны басы артық мекемелерден арылту жөніндегі комиссияның жұмысымен танысуды, Еңбек және Қорғаныс Советі жанынан сарапшылар советін ұйымдастыру жөнінде әзірлік жұмысын бастауды және басқаларды тапсырады.

Ленин Москва еңбекшілеріне сыйлық әкелген (бидай, арпа және ұн) делегацияны жіберген Владикавказ темір жолындағы Пролетарская станциясының жұмысшыларына, мастеровойларына, қызметшілері мен коммунис-

тік ұясына хат жазады, онда олардың ауыл шаруашылық коммунасында жұмысты қалай жолға қою және маңайдағы шаруалармен дұрыс қарым-қатынас орнату туралы кеңес береді.

*21 январь.* Ленин РКП(б) Бакурск болыстық ұйымының (Саратов губерниясының Сердобск уезі) жергілікті жерлердегі кейбір азық-түлік қызметкерлерінің контрреволюциялық әрекеттері туралы мәлімдемесімен танысқаннан кейін Бакурск ұйымына хат жазады, онда жергілікті жерлерде контрреволюцияға қарсы өз күштерімен күресуге және контрреволюционерлерді революциялық трибуналға беруге дейін күш салуға міндетті екендіктерін атап көрсетеді.

Ленин Голландияның «Ройял Датч» мұнай синдикатының өзіне мұнай мен керосинді экспортқа шығаруды монополиялауға және әлі де пайдаланылмай жатқан мұнай көздерін концессияға беруге РСФСР келіспес пе екен деп сұрап отырғаны жөнінде Сыртқы істер халық комиссарының орынбасары М. М. Литвиновтың 16 январьда жолдаған телеграммасына Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі А. И. Рыковпен келісе отырып, жауап директиваның жобасын дайындау жөнінде Н. П. Горбуновқа тапсырма береді.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары Г. И. Ломовтың Канаданың ағашпен сауда жасаушысы Мак-Дугалды және швед бояу-сыр синдикаты өкілдерін Россияға жіберуден Сыртқы істер халық комиссариатының бас тартқандығы туралы шағымымен танысқаннан кейін оған белгілер салады да, осы мәселені реттеу жөнінде Н. П. Горбуновқа тапсырма береді.

*23 январь.* Ленин кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық II съезіндегі РКП(б) фракциясының мәжілісінде кәсіптік одақтардың ролі мен міндеттері туралы баяндама жасайды.

*24 январь.* Ленин кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық II съезіндегі РКП(б) фракциясының мәжілісінде кәсіптік одақтардың ролі мен міндеттері туралы баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин академик И. П. Павловтың тұрмыс жағдайын жақсарту туралы А. М. Горькиймен әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің академик И. П. Павловтың және оның қызметкерлерінің ғылыми жұмыс жүргізуіне қажетті жағдайлар жасау туралы қаулысына қол қояды.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Петроградтағы отынның жағдайы туралы мәселе талқыланған кезде жазбалар жасайды. Мәжілісте сондай-ақ көмір өндіру, тиеу және жеткізу туралы Тасымалдау жөніндегі жоғары советтің (ВСП) баяндамасы, орталыққа астық пен ет тасып жеткізу және тиеу туралы А. Б. Халатовтың баяндамасы, Орталық-Өнеркәсіпті аудандағы азық-түлік дағдарысы туралы, армияны демобилизациялаудың барысы туралы, Москва көмір бассейні туралы, темір жолдарды пайдалану туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*Кеш дегенде 25 январь.*

Ленин «Тағы да кәсіподақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий мен Бухарин жолдастардың қателіктері туралы» деген кітапшаны жазумен шұғылданады: Троцкийдің «Кәсіптік одақтардың ролі мен міндеттері» деген кітапшасына ескертпелер жазады; кітапша конспектісінің төрт нұсқасын әзірлейді; «Саясат пен экономика. Диалектика мен эклектицизм» және «Диалектика мен эклектицизм. «Мектеп» пен «аппарат»» деген бөлімдердің жоспарының нобайларын, қорытындының жоспарын және кітапша мазмұнының нобайын жазады.

*25 январь.*

Ленин «Тағы да кәсіподақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий мен Бухарин жолдастардың қателіктері туралы» деген кітапшаны жазып бітіреді.

Ленин Италия коммунистік партиясының құрылуына байланысты Коминтерн Атқару комитетінің оған жолдаған құттықтау хатына қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советі қаулыларының орындалуын қадағалап отыруды Халық Комиссарлары Советінің іс басқару-

шысына тапсыру жөнінде Халық Комиссарлары Советінің шешім қабылдағаны туралы Н. П. Горбуновқа записка жазып, оған орындалмаған немесе орындалуын үнемі қадағалап отыруды талап ететін қаулыларға әрдайым папка немесе кесте арнауға жарлық береді.

Ленин өзіне жіберілген РСФСР карталарын ең жаңа деректермен толықтыруды, түзетілген карталарды Халық Комиссарлары Советінің үйіндегі бөлмелерге ілдіріп қоюды және өзінің атынан ол карталарды сыйлық ретінде Москваның жұмысшы клубтарына жібертуді Н. П. Горбуновқа тапсырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Кіші Халық Комиссарлары Советінің заттай сыйлық беру туралы уақытша ережені өзгерту жөніндегі қаулысына наразылық білдірген ұсыныс енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ Е. А. Литкенсті халық ағарту комиссарының орынбасары етіп тағайындау туралы, Москва қаласын арылту жөніндегі комиссияның жұмыс тәртібі туралы, егіс жоспарын бекіту туралы, Жазалау жөніндегі еңбек кодексі туралы, шет мемлекеттермен жасалған шарттарды бекіту тәртібі туралы мәселелер, тұқым қорын жасаудың тәртібі мен тәсілі туралы нұсқау және басқа мәселелер талқыланады.

*26 январь.* Ленин Нижний Новгород радио лабораториясы Москва бюросының басқарушысы инженер-электрик П. А. Остряковтың радиотелефон станциясының құрылысы туралы хатымен танысқаннан кейін Н. П. Горбуновқа хат жазып, оған бұл істі арнайы қадағалап отыруды, Москвада радиотелефон станциясын салу туралы декреттің жобасын Кіші Халық Комиссарлары Советінен шұғыл түрде өткізуді және жұмыстың барысы туралы Ленинге айына екі рет хабарлап отыруды тапсырады.

Ленин Сормово заводына жолданатын телеграммаға қол қояды, онда Гидроторфқа арналған шынжыр табан кранды майдың басында «Электропередача» станциясына әкеліп сынақтан өткізу үшін оны жасап шығаруды апрельде аяқтауды өтінеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады; Грузия жөніндегі

тактика туралы қаулының жобасын жазады. «Халық ағарту комиссариаты туралы ереженің» талқылануына байланысты пленум В. И. Ленин бастаған комиссия құрады. Мәжілісте сондай-ақ академиялық орталық туралы, Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқарма туралы декреттердің жобалары, Орталық бақылау комиссиясының бұдан былай оның мүшелеріне Орталық Комитет пленумдарының және Саяси бюросының мәжілістеріне қатысуға рұқсат етуді өтінген мәлімдемесі. «Бүкіл дүние жүзілік әдебиет» баспасын қайта құру туралы, әскери ведомствоның шетелдегі заказдары туралы, Англиямен жасалатын сауда келісімі туралы, Бұхар туралы, ВЦСПС-тің күнделікті газеті туралы. кәсіподақтардың халықаралық конференциясы туралы, Қызыл Армиядағы жағдай туралы мәселелер, кәсіподақтар туралы тезистер және басқа мәселелер талқыланады. Мәжілістен кейін Лениннің нұсқауы бойынша Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі секретарының көмекшісі М. И. Гляссер провинцияларда кәсіподақ айтысында сөз сөйлеуге кетіп бара жатқан Орталық Комитет мүшелеріне Лениннің жаңа ғана басылып шыққан «Тағы да кәсіподақтар туралы, ағымдағы кезең туралы және Троцкий мен Бухарин жолдастардың қателіктері туралы» деген кітапшасын үлестіріп береді.

Ленин Әуе флоты бас басқармасы жанынан әуе қатынасының және авиация құрылысының максимум программасын жасау үшін комиссия құру туралы Еңбек және Қорғаныс Советінің қаулысына қол қояды.

*27 январь.* Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары В. П. Милютинге жазған хатында одан концессиялар туралы декретті шетелдерде жариялату үшін не істелгенін сұрайды.

Ленин «Дүние жүзі индустриялық жұмысшылары» одағының секретары Д. Гардиді, Совет үкіметінің Германиядағы соғыс тұтқындары істері жөніндегі өкілі В. Л. Коппты, сыртқы сауда халық комиссары Л. Б. Красинді қабылдайды.

Ленин А. М. Горькийді және Петроградтың ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орында-

ры біріккен советінің құрамында профессорлар С. Ф. Ольденбург, В. А. Стеклов және В. Н. Тонков бар делегациясын қабылдайды; олармен Совет республикасында ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін жағдай жасау туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі; өзіне делегация табыс еткен осы мәселе жөніндегі декреттің жобасын Н. П. Горбуновқа жолдайды және оның қаралуын тездетуді өтінеді.

*28 январь.* Ленин халық ағарту комиссарының орынбасары М. Н. Покровскийге және халық комиссариаты коллегиясының мүшелері Е. А. Литкенс пен О. Ю. Шмидтке хат жазып, барлық сатыдағы және барлық типтердегі мектептер мен оқу орындары туралы қолданылып жүрген заңдардың текстімен қоса қолда бар барлық материалды кешкі сағат 8-ге жеткізіп беруді өтінеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросы мен Саяси бюросының біріккен мәжілісіне қатысады, онда Урал туралы мәселе талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда армияны демобилизациялаудың барысы туралы баяндама, электр плугтарын жасап жатқан жұмысшылар мен қызметшілерге сыйлық беру туралы және Уралға уәкілетті комиссия жөнелту туралы қаулылардың жобалары, облыстық шаруашылық органдары туралы, әскер бөлімдерінің телеграф байланыстары туралы, азық-түлік жағдайы туралы, темір жолдардағы отынның жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*29 январь.* Ленин Н. П. Горбуновқа қайтыс болған инженер-электрик И. Д. Евниннің семьясын паекпен және ақшамен қамтамасыз ету туралы Петроградтағы «Электросила» заводының өтінішін Кіші Халық Комиссарлары Советіне жолдауды тапсырады; запискада Ленин өтінішті В. В. Воровский қолдайды деп көрсетеді, Воровский — «байырғы марксист және большевик, оның адамды танитындығына,— деп жазады Ленин,— мен әбден сенемін».

Ленин Халық ағарту комиссариатын қайта құру жөніндегі комиссияның мәжілісінде председательдік етеді.

*30 январь.* Ленин Тверь губерниясының Старицк уезіндегі Льгово деревнясының шаруасы А. И. Гусевпен әңгімелеседі, ол Москваға партияда жоқ шаруалардың губерниялық конференциясының тапсырмасы бойынша келген болатын.

Ленин Егіншілік халық комиссариатының жұмысы туралы және шаруаларды халық комиссариатының жұмысына қатыстыру туралы егіншілік халық комиссарының орынбасары Н. Осинскиймен әңгімеледі.

*31 январь.* Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің баспасөз тарату жөніндегі Орталық агенттігінің меңгерушісі Б. Ф. Малкинді. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі П. Г. Смидовичті, И. П. Жуковты, Халық ағарту комиссариаты коллегиясының мүшесі В. Ф. Ленгникті, А. В. Шотманды және Финляндия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі Э. А. Рахьяны қабылдайды.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі М. А. Кручинскийге жолдаған жауап хатында Егіншілік халық комиссариатының жұмысын жақсарту жөнінде нақты ұсыныстар беруді өтінеді.

Ленин Цектран мүшелерінің РКП(б) Орталық Комитетіне жолдаған 26 январьдағы мәлімдемесі жөнінде РКП(б) Орталық Комитетіне записка жазады және Орталық Комитеттің Саяси бюросы қаулысының жобасын жазады: ол мәлімдемеде олар Цектрандағы жұмыстан босату жөніндегі өздерінің арыздарын қарауды тездетуді өтінген-ді.

Ленин Бакуге Азербайжан Халық Комиссарлары Советінің председателі Н. Н. Наримановқа Азық-түлік халық комиссариатының Каспийде балық өнеркәсібін ұйымдастыру туралы жолдаған телеграммасына қол қояды.

Ленин кен жұмысшыларының өкілі Г. Котляровтың кен кәсіпшіліктерінде техникалық жабдықтардың жеткіліксіздігі туралы хатын Н. П. Горбуновқа жолдайды және кен ісіне қандай көмек беруге болатындығын анықтап, деректер жинастыруды өтінеді.

Ленин Н. П. Горбуновқа «Правда» газетінде 28 январьда еске салынып өткен ағаш дайын-

дауды механикаландыру саласындағы үш опертабыс жөнінде Халық шаруашылығы жоғары советінің ғылыми-техникалық бөлімінен сұрап білуді тапсырады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда темір жолдардағы аса қиын жағдай туралы мәлімдеме, Москвадағы азық-түлік жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады. Азық-түлік мәселесі талқыланған кезде орталыққа азық-түлік маршруттарын жөнелтуді тексеру және үйлестіріп отыру үшін, сондай-ақ оларды барлық қажетті нәрселермен жабдықтап отыру үшін председательдігіне Ленин тағайындалған арнаулы «астық» комиссиясы құрылады.

Ленин Халық ағарту комиссариатын қайта құру жөніндегі комиссияның мәжілісінде председательдік етеді.

Ленин Москва жұмысшыларына арнап өндірілген 30 мың пұт көмірді тиеу Еңбек және Қорғаныс Советінен арнайы рұқсат алуды талап етуге байланысты кідіртіліп жатқаны туралы П. И. Мешковтың хатымен танысқаннан кейін Н. П. Горбуновқа записка жазып, оған Көмір бас комитетіне қозғау салуға, ал Мешковтың хатын газетке жолдау жөнінде тапсырма береді.

*1 февраль.* Ленин Халық ағарту комиссариатын қайта құру жөніндегі комиссияның мәжілісінде председательдік етеді.

Ленин Орталық статистика басқармасының басқарушысы П. И. Поповпен әңгімелеседі.

Ленин Мемлекеттік баспаның шетел бөлімінің меңгерушісі С. М. Закс-Гладневтің шетелде кітап бастырып шығару жұмысының барысы туралы баяндамасын тыңдайды.

Ленин партияның Орталық Комитеті Оңтүстік-Шығыс бюросының мүшесі М. И. Фрумкинге хат жазып, онда азық-түлік жұмысында Украинаның «дербестігіне» жол беруге болмайтындығын және бұл салада істің жағдайын толық анықтау қажеттігін айтады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; мұнай концессиялары туралы баяндама бойынша қаулы-

ның нобайын және Халық Комиссарлары Советіне барлық халық комиссариаттарының баяндамаларын табыс етуі туралы мәселе бойынша қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ тәртіпке шақыратын соттар туралы заңның нақты қолданылуы туралы, заттай сыйлық беру туралы, Петроградқа арнап шетелден тас көмір сатып алу туралы, РСФСР-дің ғылыми-оқу және ғылыми-техникалық мекемелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*2 февральдан ертерек*

Ленин К. Маркс пен Ф. Энгельс институтының директоры Д. Б. Рязановқа жолдаған запискада Институттың кітапханасында К. Маркс пен Ф. Энгельстің газеттер мен журналдардан алынған барлық хаттарының коллекциясы және барлық хаттарының каталогы бар-жоғын сұрайды; танысу үшін оған каталогты беріп жіберуді өтінеді.

*2 февраль.*

Ленин Халық Комиссарлары Советі Экономикалық комиссиясының жетінші мәжілісінде председательдік етеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Халық ағарту комиссариатын қайта құру жөніндегі комиссиядан кетіп қалған М. П. Томскийдің орнына Я. Э. Рудзутакты қою және партияның Орталық Комитеті атынан Халық ағарту комиссариатының коллегиясына директивалар беру жөнінде комиссияның уәкілдігі болсын деп ұсыныс енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ егіннің шықпай қалуы салдарынан зардап шеккен шаруаларға көмек көрсету жөніндегі комиссияның баяндамасы, деревнядағы жағдай туралы баяндама, Кавказдан азық-түлік және әскери жүктер тасымалдау туралы, Сибирьдегі жағдай туралы, Егіншілік халық комиссариаты туралы мәселелер, кәсіпшілік кооперациясы туралы ұсыныс, Саяси ағарту бас комитеті туралы және партияның үгіт-насихат жұмысы туралы РКП(б) X съезіне арналған тезистер және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин К. Маркс пен Ф. Энгельс институтының директоры Д. Б. Рязановқа жолдаған хатында К. Маркс пен Ф. Энгельстің әдеби мұраларын жинау және сақтау туралы және

шетелден жаңа документтер алу мүмкіндіктері туралы хабарлауды өтінеді.

Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары А. Г. Гойхбаргке жолдаған хатында халық комиссарларының баяндамалары бойынша Халық Комиссарлары Советі қабылдаған аса маңызды шешімдерді орындауға айрықша назар аударуды өтінеді, пәтер мәселесінің кокейтесті мәселе екендігін атап көрсетеді, пәтерлердің қалай бөлініп жатқанын тексеруге, сондай-ақ халық комиссариаттарындағы қызметшілер санын қысқартуды бақылауға жарлық береді.

Ленин Егіншілік Халық комиссариатының Сибирьдегі уәкілі және Сибирь революциялық комитетінің мүшесі В. Н. Соколовпен Сибирь деревнясындағы 1920 жылы азық-түлік салымын енгізгеннен кейінгі жағдай туралы және шаруаларға ауысқан астықтарын өздері билеуге право беріп, салымның формасын өзгерту жөніндегі Соколовтың ұсынысы туралы әңгімелеседі; Соколовқа Егіншілік халық комиссариатында баяндама жасауға, бұл мәселе жөнінде А. Д. Цюрупамен әңгімелесуге және тікелей провод арқылы Сибирьмен сөйлесуге ұсыныс жасайды; одан өз баяндамасының тезистерін және қаулының жобасын жазуды және бұл материалдарды партияның Орталық Комитетіне табыс етуді өтінеді.

Ленин ГОЭЛРО председателі Г. М. Кржижановскиймен және инженер Ружичкамен әңгімелеседі.

Ленин инженер-электрик П. А. Козьминнің ГОЭЛРО жоспары жөніндегі ескертпелерімен танысқаннан кейін деревняларды электрлендіру үшін жел күшін пайдалану және іштен жанатын двигательмен жұмыс істейтін қуаттылығы шағындау электр станцияларын салу туралы Козьминге ГОЭЛРО-да баяндама жасауға ұсыныс жасалсын деп Н. П. Горбуновқа тапсырма береді.

Ленин Халық ағарту комиссариатын қайта құру жөніндегі комиссияның мәжілісінде екі рет председательдік етеді.

*3 февраль.* Ленин Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі X. Г. Раковскийге және бар-

лық губерниялық атқару комитеттерінің, губерниялық революциялық комитеттердің, Сибирь революциялық комитетінің, Башқұрт революциялық комитетінің, Қырғыз революциялық комитетінің, Түрікмен революциялық комитетінің, Татар революциялық комитетінің, Азербайжан революциялық комитетінің председательдеріне жолданған телеграммаларға қол қояды, ол телеграммаларда 1920 жылғы санақтың материалдарын талдап жасау жөнінде губерниялық статистикалық бюролардың жұмысына барынша жәрдемдесуге жарлық беріледі.

Ленин Москва губерниясының Клин уезіндегі Подсолнечная станциясының маңында аң аулайды.

*4 февральдан ертерек* Ленин Петроградтағы азық-түлік жағдайы туралы А. Б. Халатовпен әңгімелеседі.

*4 февраль.* Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары В. П. Милютинді, ГОЭЛРО председателі Г. М. Кржижановскийді қабылдайды.

Ленин Швецияның солшыл социал-демократиялық партиясының Коммунистік Интернационалдың Атқару комитетіндегі өкілі К. Чильбуммен және финн А. Усениуспен Скандинавиядағы және Швецияның солшыл социал-демократиялық партиясындағы жағдай туралы әңгімелеседі.

Ленин металлистердің Москвадағы кеңейтілген конференциясында сөз сөйлейді.

Ленин Азық-түлік халық комиссариатындағы кадр мәселесінің жайы туралы мәселе жөнінде А. Д. Цюрупамен әңгімелеседі.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің астық жөніндегі комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Сибирь революциялық комитетінің председателі И. Н. Смирновтың Сибирьдегі барлық әскери бөлімдерді майдандық паекке көшіруді өтінген телеграммасы туралы хабарлама жасайды; жер жыртатын электр құралдары мен двигательдерін жасауды тездету жөніндегі шаралар туралы

мәселе талқыланған кезде Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі П. А. Богдановқа оралымсыздығы үшін қатаң сөгіс жариялауды талап етеді. Мәжілісте облыстық шаруашылық органдары туралы ереженің жобасы, армияны демобилизациялаудың барысы туралы баяндама, еңбек бөлімдері туралы қаулының жобасы, консерв заводтарының жұмысын күшейту жөніндегі шаралар туралы, Петроградты отынмен қамтамасыз етудің жайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*5 февраль.* Халық ағарту комиссариатының қайта құрылуына байланысты комиссариаттың коммунист қызметкерлеріне РКП(б) Орталық Комитетінің директивалары «Правданың» 25-номерінде жарияланады; бұл директиваларды Ленин жазған болатын.

Ленин Халық Комиссарлары Советі Экономикалық комиссиясының сегізінші мәжілісінде председательдік етеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Тасымалдау жөніндегі жоғары совет туралы, мұнай концессиялары туралы, тігін өнеркәсібі жұмысшылары одағы съезіндегі РКП(б) фракциясында болған жанжал туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; РКП(б) Орталық Комитетінің азық-түлікшілерге нұсқау хатының жобасына түзету енгізеді. И. В. Сталиннің РКП(б) X съезіне арнап жазған ұлт мәселесі жөніндегі тезистерін талқылауға байланысты Саяси бюро тезистерді түбегейлі редакциялау үшін құрамында Ленин, Сталин және Бухарин бар комиссия құрады. Мәжілісте сондай-ақ Ұлттар Советі және Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанындағы курстар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*6 февраль.* Ленин тігін өнеркәсібі жұмысшыларының Бүкіл россиялық IV съезінде сөз сөйлейді.

Ленин секретарьға Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің баспасөз тарату жөніндегі Орталық агенттігінің меңгерушісі

Б. Ф. Малкинмен телефон арқылы сөйлесуді, одан өзінің практикалық ұсыныстарын қысқаша түрде қайталап айтып беруін өтінуді және бұл ұсыныстарды қорытынды пікір айту үшін Халық ағарту комиссариатына жіберуді тапсырады.

Ленин Самара-Златоуст темір жолы әкімшілік қызметінің бастығы А. А. Преображенскийді қабылдайды.

Ленин Республика Революциялық-әскери советі председателінің орынбасары Э. М. Склянскийге жолдаған хатында бандитизмге қарсы күресті күшейту үшін не істеліп жатқанын, атты әскердің, бронепоездың, аэропландардың қалай пайдаланылып жүргенін сұрайды; бас қолбасшыдан Қызыл Армия бөлімдерінің және бандалардың орналасу схемасы және бандитизмге қарсы күресу жөніндегі шаралардың тізбесі қоса тіркелген қысқаша баяндама талап етуді тапсырады.

*7 февраль.* Ленин Москва қалалық халыққа білім беру бөлімі кітапхана секциясының меңгерушісі В. А. Модестовпен кітапханалар туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі.

Ленин «Халық ағарту комиссариатының жұмысы туралы» деген мақала жазады.

Ленин халық ағарту комиссарының орынбасары М. Н. Покровскийге записка жазып, Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің баспасөз тарату жөніндегі Орталық агенттігін ұйымдастыру туралы Б. Ф. Малкиннің ұсынысы жөнінде қорытынды пікір беруді өтінеді.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі А. И. Рыковты, Кіші Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары А. Г. Гойхбаргты қабылдайды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының партияның X съезіне арналған ұлт мәселесі жөніндегі тезистерді редакциялау жөніндегі комиссиясының мәжілісіне қатысады.

*8 февраль.* Ленин «Шаруалар жөніндегі тезистердің алдын ала жасалған, алғашқы нобайын» жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда егіс науқаны және шаруалардың жағдайы туралы Н. Осинскийдің баяндамасы, транспорттың жағдайы туралы, бандитизмге қарсы күрес туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда азық-түлік жүктерін тасуды тездету үшін Оңтүстік-Шығыс темір жолына төтенше уәкіл жіберу туралы, темір жолдарда, әсіресе Оңтүстік-Шығыс темір жолында азық-түлік маршруттарының жүргізілуіне Қызыл Армияның әскери қатынас Орталық басқармасы тарапынан бақылауды күшейту туралы мәселе жөнінде А. Б. Халатов пен бас қолбасшы С. С. Каменевтің арасындағы келісімді бекіту туралы, Морозовская — Царицын темір жол линиясын ашу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Л. П. Серебряковты еңбек халық комиссарының орынбасары және Еңбек бас комитетінің председателі қызметінен босату туралы, мектептер мен ауруханалардың және т. т. мұқтаждарын қанағаттандыру үшін жергілікті азық-түлік қорын жасау туралы қаулылардың жобаларына түзету енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ 1 апрельде Москвада Бүкіл россиялық электротехникалық съезд шақыру туралы, РСФСР-дің Орталық статистика басқармасын басқа республикалардың статистика басқармаларымен біріктіру туралы қаулылардың жобалары, соғыс пен блокаданың салдарынан болған зиянды анықтау туралы мәселе жөніндегі комиссияның баяндамасы, еңбек тәртібін бұзғаны үшін берілетін жазалар кодексі туралы хабарлама, Москвадағы тәртіпке шақыратын жолдастық соттардың қызметі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*9 февраль.* Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. К. Пайкеспен жаңа экономикалық саясатқа көшу туралы әңгімелеседі.

Ленин егіншілік халық комиссарының орынбасары Н. Осинскийді, Коминтерн Атқару ко-

митетінің секретары Бела Кунды, халық ағарту комиссарының орынбасары М. Н. Покровскийді, Ф. Э. Дзержинскийді, РСФСР-дің Латвиядағы уәкілетті өкілі Я. С. Ганецкийді қабылдайды.

Ленин Иркутск губерниясының шаруасы О. И. Черновпен әңгімелеседі, Чернов Сибирьдегі шаруалардың жағдайы және азық-түлік салымы туралы өзінің баяндамасын оқып береді. Ленин одан баяндамасын басып шығару үшін «Правдаға» жіберуді өтінеді.

Ленин Индия коммунисі М. Роймен әңгімеледі, Рой Таяу Шығыс елдеріндегі жағдай туралы, Орталық Азия мен Индиядағы еңбек жағдайлары туралы мәліметтерді хабарлайды.

Ленин неміс инженері И. Л. Штейнбергтің Сибирьде консервілеу ісін концессияға беруді ұйымдастыру туралы ұсыныс жасаған хатымен танысқаннан кейін материалдарды Халық шаруашылығы жоғары советіне А. И. Рыковқа жіберіп, одан осы материалдар туралы тезірек қысқаша пікір айтуды өтіну жөнінде секретарьға жарлық жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Оңтүстік-Шығыс және Владикавказ темір жолдарынан отын мен азық-түлікті тасып жеткізу үшін құрамында И. Т. Смилга, А. В. Эйдук және Ермаков бар үштік ұйымдастыру жөнінде ұсыныс жасайды. Мәжілісте сондай-ақ Донбасста отынды талан-таражға салуға қарсы күрес шаралары туралы, егіс науқанын өткізу жөнінде Егіншілік халық комиссариатына жәрдемдесу шаралары туралы қаулылардың жобалары, отын жағдайы туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады.

*Ерте дегенде 9, кеш дегенде 12 февраль.*

Ленин Л. Б. Красиннің «Мұнайлы аймақтарды жойып алу қаупі туралы және Баку мен Грозныйдағы концессиялар туралы» баяндамасымен, Мұнай бас комитетінің председателі З. Н. Доссердің және осы комитеттің мамандары — И. М. Губкиннің, И. Н. Стрижовтың, А. И. Цевчинскийдің, Н. Н. Смирновтың мұнай скважиналарына су жіберу туралы және осыған байланысты мұнай кәсіпшілігі аудандарын су басып кету қаупі туралы мәселе жөніндегі баяндама хаттарымен таныса-

ды, сондай-ақ «1920 жылдың аягында Баку ауданындагы мұнай өнеркәсібінің жагдайы» деген кітапшаны оқиды; оларға белгілер салып, жазбалар жасайды.

*10 февраль.*

Ленин Гидроторфтың жауапты жетекшісі Р. Э. Классонның баяндама хатын қарап шығады, оны Н. П. Горбуновқа жолдап, оған Классонның хабарлаған фактілері мен өтініштеріне айрықша назар аударуға, Еңбек және Қорганыс Советінің Гидроторфты екпінді сала ету туралы қаулысын орындамаған кінәлы адамдарды тауып, оларды сотқа тарту жөнінде тапсырма береді.

Ленин Еңбек және Қорганыс Советінің астық жөніндегі комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді; тасып жеткізілген, дайындалған және жиналып алынган астық мөлшері туралы мәліметтерді жазып алады; астық жүктерінің жөнелтілуі туралы ақпардың формасын жасайды.

*11 февраль.*

Ленин Халық Комиссарлары Советі Экономикалық комиссиясының тогызыншы мәжілісінде председательдік етеді.

Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары А. Г. Гойхбаргты, француз коммунисі А. Гильбопы және Францияның Жалпы еңбек конфедерациясының мүшесі Росмерді қабылдайды.

Ленин мұнай концессиялары туралы, Англиямен келіс сөздер туралы мәселе жөнінде Л. Б. Красинмен әңгімеleседі.

Ленин РСФСР-дің Германиядагы экономикалық өкілдігі жанынан Шетелдік ғылым мен техника бюросын ұйымдастыру туралы А. И. Рыков пен Л. Б. Красиннің Халық Комиссарлары Советіне жолдаған баяндама хатымен танысқаннан кейін Н. П. Горбуновқа бұл мәселені алдын ала қарау үшін Орталық Комитеттің Саяси бюросына беруге, ал қажет болған жағдайда — партияның Орталық Комитетінің пленумына қоюга тапсырма береді.

Ленин Еңбек және Қорганыс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, отын дагдарысымен күресу жөнінде Еңбек және Қорганыс Советінің жанынан Уақытша комиссия

құру туралы қаулының нобайын жазады; мұнай тасуды күшейту шаралары туралы қаулының жобасын редакциялайды. Мәжілісте сондай-ақ 1921 жылғы кеме жүзу маусымында сал ағызуды іске асыру туралы қаулының жобасы, көлікпен жүк тасу міндеткерлігін атқару тәртібі туралы, Отын бас комитеті жанынан жоспарлау органын құру туралы, мұнай қоймалары запасын пайдалану туралы, бандитизмге қарсы күрес туралы, тұз дағдарысына қарсы күрес шараларын белгілеу үшін комиссия құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*12 февраль.* Ленин Саяси бюроның мүшелеріне (И. В. Сталинге, Н. И. Бухаринге, Л. Б. Каменевке, Н. Н. Крестинскийге) және А. И. Рыковқа жолдаған хатында Саяси бюроның алдағы мәжілісіне дейін мұнай өнеркәсібінің жағдайы туралы материалдармен танысып шығуды ұсынады; мұнай концессияларын жасасу қажеттігі туралы жазады.

Ленин Э. М. Склянскийге жазған хатында армиялармен байланыс ісінің жайын сынайды және бұл істегі кемшіліктерді дереу жоюды талап етеді.

Ленин құрамында Д. Коркмасов, М. Хизроев, А. Тахо-Годи бар Дағыстан делегациясын қабылдайды, олармен Дағыстан республикасындағы жағдай туралы әңгімелеседі; Ленин қабылдау кезінде Дағыстанның астыққа, кездемеге мұқтаждығын және т. б. қысқаша жазып алады.

Ленин РСФСР-дің Персиядағы (Ирандағы) уәкілетті өкілі болып тағайындалған Ф. А. Ротштейннің Персияға (Иранға) жүріп кетері алдында онымен әңгімелеседі.

Ленин Э. А. Рахьяны, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі П. Г. Смидовичті, К. Радекті, Л. Б. Красинді қабылдайды.

*13 февраль.* Ленин Москва губерниясының Бронницы уезіндегі Баулино деревнясының маңында аң аулайды; Октябрь революциясы атындағы фабрикаға барып, жұмысшылармен әңгімеледі, клубта өткен жиналыста сөз сөйлейді.

*14 февраль.* Ленин халық ағарту комиссары А. В. Луначарскийге хат жазып, одан жалпы педагогтық жұмыстан, соның ішінде кәсіби-техникалық білім беру ісінен практикалық мол тәжірибесі бар педагогтардың әдеби еңбектері мен совет жұмысындағы стаждары туралы қысқаша мәліметтер келтірілген тізімін жіберуді өтінеді.

Ленин ішкі істер халық комиссарының орынбасары М. Ф. Владимирскийді, Кіші Халық Комиссарлары Советінің председателі Т. В. Сапроновты, оның орынбасары А. Г. Гойхбаргты, Индия революционері Абдурабты қабылдайды.

Ленин РКП(б) Тамбов губерниялық комитетінің секретары Н. М. Немцовпен әңгімеледеседі, ол Антоновтың кулактар бандасының губернияны мейлінше ауыр күйзеліске ұшыратуы себепті губернияда азық-түлік салымын тоқтату туралы Тамбов губерниялық комитетінің 8 февральда қаулы алуына байланысты Москваға келіп, Ленинге баяндама жасау үшін шақырылған болатын;

Ленин осы мәселе жөніндегі материалдарды танысу үшін кешке дейін өзінде қалдырады. Ленин кешке Немцовпен және тамбовтық шаруалармен азық-түлік салымы туралы, Совет өкіметіне көзқарас туралы екінші рет әңгімелеседі; Тамбов губерниясындағы жағдай туралы пікірлерін жазып қояды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы мен Ұйымдастыру бюросының біріккен мәжілісіне қатысады; Грузия туралы мәселе талқыланған кезде Орталық Комитеттің атынан 11-армияның Революциялық-әскери советіне жіберілетін, өзі жазған телеграмманы ұсынады. РКП(б) X съезіне арналған тезистерді жариялау туралы мәселе қаралған кезде Саяси бюро В. И. Лениннің съезде жасалуға тиісті деп бұрын белгіленіп қойылған «Негізгі шаруашылық құрылысы туралы» деген баяндамасын оның «Шаруаларға көзқарас жөніндегі саясат пен міндеттер туралы» деген баяндамасымен ауыстыруға шешім қабылдайды. Мәжілісте сондай-ақ бандитизмге қарсы күрес туралы, коммунистерді армиядан демобилизациялауды тоқтата тұру туралы, РКП(б) Москва ұйымы туралы және пар-

тия активінің жиналысы туралы, РСФСР-дің Германиядағы экономикалық өкілдігі жанынан Халық шаруашылығы жоғары советі ғылыми-техникалық бөлімінің Шетелдік ғылым мен техника бюросын және оның жанынан баспа ұйымдастыруды бекіту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*15 февраль.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады. Грузия туралы мәселе талқыланған кезде: Г. К. Орджоникидзенің сұрауына Ленин ұсынған телеграммамен жауап берілсін деген шешім қабылданады.

Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары А. Г. Гойхбаргке жолданған хатқа қол қояды, онда жұмысшы факультеттері туралы мәселемен арнайы шұғылдану және олардың жағдайын барынша жақсартуға күш салу жөнінде ұсыныс жасайды.

Ленин Азық-түлік халық комиссариатының Дондағы Ростовтағы уәкілі М. И. Фрумкинге жолданатын телеграммаға қол қояды, онда Кавказда азық-түлік тиеу ісін күшейту талап етіледі.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің астық жөніндегі комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді, онда 1 мартқа дейін жеткізілуге тиісті астық туралы А. Б. Халатовтың баяндамасы талқыланады және орталыққа астық тиеу және жөнелту ісін күшейту жөніндегі шаралар туралы бірқатар шешімдер қабылданады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; баспаханаларды шоғырландыру барысы туралы В. П. Милютиннің баяндамасын талқылауға байланысты баспаханалардың санын азайту туралы жазбалар жасайды; импорт жоспарын қайта қарау туралы баяндама бойынша қаулының жобасын жазады; советтік аппарат пен штат комиссиясының жұмысын оңайлату жөніндегі ұйымдастыру кеңесін тарату туралы қаулының жобасын редакциялайды. Мәжілісте сондай-ақ Сибирьдегі концессиялар туралы мәселе жөніндегі комиссияның баяндамасы, Мытищинск заводының жұмысшылары арасында

сыйлықтың бөлінуі туралы, сыртқы сауда туралы, Донбасста отынның талап-таражға салынуына қарсы күресу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*16 февраль.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда мұнай концессиялары туралы, Тамбов губерниялық комитетінің секретары Н. М. Немцовтың жұмысы туралы, азық-түлік салымын заттай салықпен алмастыру туралы мәселе жөнінде «Правдада» айтыс ашу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Москва комитетінің партия активімен өткізілетін мәжілісінде сөйлепетін сөзінің жоспарын жазады.

Ленин РКП(б) Москва комитетінің партия активімен бірлесіп өткізілген мәжілісіне қатысады; партияның ішкі мәселелері жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин сыртқы сауда халық комиссары Л. Б. Красинмен әңгімеледеді.

Ленин Сибирь азық-түлік комитетіне П. К. Кагановичке, Челябинск азық-түлік комитетіне және Дондағы Ростовқа М. И. Фрумкинге және Қатынас жолдары халық комиссариаты коллегиясының мүшесі С. Д. Марковқа жолданатын телеграммаларға қол қояды, оларда азық-түлік жағдайының мейлінше қиындауына байланысты орталыққа астық тиеп, жөнелтуді күшейтуге жарлық берілген.

*17 февраль.* Ленин Г. М. Кржижановскиймен бірге жалпы жоспарлау комиссиясы мүшелерінің алдын ала дайындалған тізімін, Еңбек және Қорғаныс Советінің жалпы жоспарлау комиссиясын құру туралы қаулысының негізгі пунктінің жобасын әзірлейді және талқылайды; Еңбек және Қорғаныс Советінің мүшелеріне хат жазып, осы материалдармен танысу, Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісіне өздерінің түзетулерін немесе қарсы жобаларын әзірлеу жөнінде ұсыныс жасайды, барлық материалдарды Еңбек және Қорғаныс Советінің мүшелеріне жіберуді секретарьға тапсырады.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің ғылыми-техникалық бөлімін қайта құрудың жобасымен танысқаннан кейін оған түзе-

түлер енгізеді, ескертпелер жазады және Н. П. Горбуновқа записка жазып, жобаны қайта жасау үшін ғылыми-техникалық бөлімге жіберуді өтінеді.

*18 февральдан ертерек.* Ленин Нижний Новгород радио лабораториясы советінің председателі П. А. Остряковпен әңгімелеседі, ол радиотелефон құрылысына арналған қаржының жеткіліксіздігіне байланысты жәрдем көрсету жөнінде өтініш жасаған болатын; Финанс халық комиссариатына телефон соғып, қажетті мөлшерде қаржы босатуды ұсынады; Остряковтан Нижний Новгородтағы электр станциясын салу жұмысының барысы туралы және радиотелефон станциясының құрылысы туралы үнемі хабарлап отыруды өтінеді.

*18 февраль.* Ленин Халық Комиссарлары Советі Экономикалық комиссиясының оныншы мәжілісінде председательдік етеді.

Ленин Россияны электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ереже жобасына ескертпелер және оның 1-параграфының текстін жазады.

Ленин Америка Құрама Штаттарынан жуырда ғана келген Л. К. Мартенспен Америкадағы жұмысшы қозғалысы туралы, Америка Құрама Штаттарындағы Россия эмиграциясы туралы, Советтік Россия мен Америка Құрама Штаттары арасында экономикалық және саяси қатынас орнату мүмкіндіктері туралы әңгімелеседі; Мартенс Америка Құрама Штаттарына РСФСР-дің ресми емес өкілі ретінде барған болатын, американ үкіметі оны қуып жіберген-ді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Мемлекеттік жалпы жоспарлау комиссиясы туралы ереженің жобасын талқылауға ұсынады, жарыс сөздерді жазып алады, осы мәселе бойынша қорытынды сөз сөйлеу үшін жазбалар жасайды және қорытынды сөз сөйлейді; су транспортын меншікті жөндеу құралдарымен жабдықтау туралы (Негізгі транспорт комиссиясының 1920 жылдың екінші жартысындағы транспорттың жағдайы туралы баяндамасы бойынша) және армия қатарынан біржола босатылған қызыл әскерлерді қамтамасыз ету

туралы қаулылардың жобаларына түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ Москва мен Петроградта электр жарығын беруді азайту туралы қаулының жобасы, Брянск заводында электр плугтарының жасалуы туралы, Кавказдан астық тасуды күшейту шаралары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Оңтүстік-Шығыс еңбек армиясы советінің председателі И. Т. Смилгаға жолданатын телеграммаға қол қояды, онда орталықты жабдықтау үшін азық-түлік жүктерін дайындау, тиеу және жөнелту жөнінде Азық-түлік халық комиссариаты мен Қатынас жолдары халық комиссариатының жергілікті органдарының жұмысын біріктіру талап етіледі.

Ленин елде азық-түлік жағдайының ерекше қиындығына байланысты басқа тұтынушыларға арналған жекелеген азық-түлік вагондарын жергілікті жердің мұқтажына қажет деп жолшыбай алып қалуға жол бермеу туралы Череповецке, Вологдаға, Костромаға, Вяткаға, Рязаньға, Пермьге, Екатеринбургке, Қазанға, Орелге, Курскіге, Воронежге — губерниялық азық-түлік комиссарларына, губерниялық кеңестердің председательдеріне, губерниялық атқару комитеттерінің председательдеріне, партияның губерниялық комитеттеріне жолданатын телеграммаларға қол қояды.

Ленин Л. Б. Красиннің Англиямен сауда келісімі туралы мәселе жөнінде Лондонға жүрері алдында онымен әңгімелеседі.

Ленин шетелде жұмыс істеуге мүмкіндік беру туралы өтініш жасаған Г. Л. Шкловскиймен әңгімелеседі.

*19 февраль.* Ленин Ф. Е. Махарадзенің Грузия Революциялық комитетінде жұмыс істеу үшін Грузияға жүрері алдында онымен әңгімелеседі.

Ленин Г. Л. Шкловскийді Берлинде жұмысқа тағайындау жөнінде А. М. Лежавамен әңгімеледі; Л. Б. Красинге хат жазып, Шкловскийді шетелде жұмысқа орналастыруды өтінеді.

Ленин Краснококшайскіге Мари облысы революциялық комитетінің председателіне, Вятка және Кострома губерниялық азық-түлік ко-

миссарларына жолданатын телеграммаға қол қояды, онда Кострома губерниясына нарядпен бөлінген 185 мың пұт астықты дереу көлікпен тасып жеткізуге жарлық беріледі.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Орталық Комитеттің алдағы пленумы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин бірыңғай шаруашылық жоспарын жасау әдістері туралы мәселе жөніндегі В. П. Милютиннің баяндамасын Г. М. Кржижановскийге жолдап, оны қарап шығуды өтінеді; Милютиннің көзқарастары қате екенін атап көрсетеді.

*19 және 21 февраль.* Ленин «Бірыңғай шаруашылық жоспар туралы» деген мақаланы жазумен шұғылданады.

*21 февраль.* Ленин Вяткаға, Костромаға, Қазанға, Орелге, Симбирскіге губерниялық азық-түлік комитеттеріне жолданатын телеграммаларға қол қояды, бұл телеграммаларда ағашты көлікпен тасып алуды қамтамасыз ету үшін тиісті станцияларға 50 мың пұт сұлы жөнелтуге жарлық беріледі.

*22 февраль.* Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Мемлекеттік жалпы жоспарлау комиссиясы туралы ереженің жобасын және комиссия мүшелерінің тізімін бекітуге ұсынады; халық комиссарлары, олардың орынбасарлары және халық комиссариаттарының Халық Комиссарлары Советіндегі өкілдері туралы қаулының жобасына түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ РСФСР-дегі барлық құрылыс ісін біріктіру туралы, ауруханалар мен мектептерді жабдықтау туралы мәселелер, қылшық жүнді қой шаруашылығын сақтау және өркендету туралы, Вешуя тар табанды темір жолын салу туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

*23 февраль.* Ленин мұнай скважиналарын суландыру туралы және апат қаупі туралы Мұнай бас комитетіне келіп түсіп жатқан баяндамаларға байланысты Мұнай бас комитетіне И. М. Губкинге, А. И. Цевчинскийге, И. Н. Стрижовқа, Н. Н. Смирновқа хат жазып, скважиналардың ашық күйінде қалдырылғандығы үшін мұнай

өнеркәсіпшілерін жазалайтын шетелдік заңдар немесе жергілікті ережелер туралы мәселе жөніндегі өз қолдарындағы барлық материалдарды жіберуін өтінеді.

Ленин автомобиль бөлшектерін өндіруді үлгілі ұйымдастыру үшін «АМО» заводын және Петроград заводтарының біреуін бір топ американ жұмысшыларына беруді және кешкі сағат 10-да Орталық автосекцияның (ЦАС) осы топпен жасасқан шартының жобасын өзіне табыс етуді Н. П. Горбуновқа тапсырады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті мен Москва комитетінің біріккен мәжілісіне қатысады, онда Москвада азық-түлік және отын дағдарысының өте-мөте ауырлап кеткендігі туралы мәселе талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде демобилизацияланған қызыл әскерлерді жабдықтау туралы мәселе талқыланған кезде председательдік етеді.

Ленин А. Б. Халатовпен әңгімелеседі.

Ленин Харьковқа Х. Г. Раковскийге жолданатын телеграммаға қол қояды, онда азық-түлік жағдайының ерекше ауырлығына байланысты Украина Азық-түлік халық комиссариатына күн сайын орталыққа 40 вагон азық-түлік жөнелтіп тұру жөнінде жарлық беріледі.

*24 февраль.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда Москвадағы жағдай туралы мәселе, азық-түлік салымын заттай салықпен алмастыру туралы мәселе жөніндегі комиссияның баяндамасы, Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының әлеуметтік қамсыздандыру, сыртқы сауда, ішкі істер, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы, ұлт істері жөніндегі халық комиссариаттарының құрамын қайта қарау жөніндегі комиссиясының баяндамасы талқыланады.

Ленин Москва қаласы партия активінің жиналысында сөз сөйлейді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің 25 февральда болатын мәжілісіне жұмысшыларды Америкадан Россияға реэмиграция жасау туралы А. М. Аникстің жалпы баяндамасын

қоюды, Кіші Халық Комиссарлары Советінің американ реэмигранттарын қабылдау ісін Еңбек бас комитетінен алып, Ішкі істер халық комиссариатына беру жөніндегі қаулысын қайта қарау туралы және автомобиль бөлшектерін өндіруді үлгілі ұйымдастыру үшін «АМО» заводын американ реэмигрант-коммунистері тобына беру туралы мәселелер қоюды Н. П. Горбуновқа тапсырады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда мұнай концессиялары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*25 февральдан ертерек.* Ленин «Донбасстың Александро-Грушевск ауданының «III Интернационал» руднигі мен 3-бірлестіктің ұсақ рудниктерінің жұмысшы әйелдеріне, жұмысшылары мен қызметшілеріне олардың құттықтау жолдап, тілектестік білдіргені үшін шын жүректен алғыс айтуды» және «Москва пролетариатына беру үшін сыйға тартылған 30 000 пұт антрацитті өзінің зор қанағаттанғандықпен қабыл алатынын» хабарлауды Н. П. Горбуновқа тапсырады.

*25 февраль.* Ленин Мемлекеттік жалпы жоспарлау комиссиясының председателі Г. М. Кржижановскийге хат жазып, комиссияның құрылымы, құрамы және оның жұмысын ұйымдастыру жөнінде ұсыныс жасайды.

Ленин тікелей провод арқылы Украина Халық Комиссарлары Советіне Х. Г. Раковскийге беру үшін записка жазып, өзінің құттықтауын Советтердің Бүкіл украиндық V съезіне жеткізуді өтінеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда Бухариннің РКП(б) X съезіне арнап жазған партия құрылысы туралы тезистері, отын жағдайы туралы, су транспортының жұмысы туралы (партияның барлық ұйымдарына үндеудің жобасы), Сибирьден келе жатқан астық маршруттарына күзет қою туралы, армияны демобилизациялау туралы, Грузия туралы және басқа меселелер талқыланады.

Ленин Украинаның астық қорын шетелдермен айырбас жасау үшін пайдалану туралы ұсыныс айтқан Х. Г. Раковскийдің хатын ал-

ғаннан кейін жауап телеграммасында Украинада дайындалған астықты бөлу тәртібі туралы нұсқау береді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; демобилизацияланатын қызыл әскерлерді жабдықтау үшін мата өндіру туралы Н. Б. Эйсмонттың баяндамасын талқылаған кезде жазбалар жасайды. Мәжілісте сондай-ақ Москва мен Петроград жұмысшыларын жабдықтау туралы, Уралда құрылыс жұмыстарын жұмыс күшімен қамтамасыз ету туралы қаулылардың жобалары, облыстық шаруашылық органдары туралы ережелер, «АМО» заводын американ реэмигрант-коммунистер тобына беру туралы, санақ жүргізетін қызметкерлерді азық-түлікпен жабдықтау туралы, Кавказ майданындағы бөлімдерге арналған нан паегі туралы, Донбасстағы жағдай туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Жоғары көркемсурет-техникалық шеберханалардың (ВХУТЕМАС) жатақханасында болады, студенттермен оқу туралы, әдебиет пен өнер туралы әңгімелеседі.

*26 февраль.* Ленин Ю. Х. Лутовиновпен ВЦСПС-тегі істің жайы туралы әңгімелеседі, әңгіме кезінде жазбалар жасайды.

Ленин инженер Ружичкамен оның шетелге сапары жөнінде әңгімелеседі.

Ленин егіншілік халық комиссарының орынбасары Н. Осинскийді, А. И. Рыков пен В. П. Ногинді (екі рет), А. В. Луначарский мен М. Н. Покровскийді, Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі И. А. Теодоровичті, Коминтерн Атқару комитетінің секретары Бела Кунды қабылдайды.

Ленин шикізат туралы мәселе жөніндегі кеңесте председательдік етеді; шикізат запастары туралы егжей-тегжейлі есептер жасайды және шикізатты дайындау мен өндіруді күшейту жөнінде бірқатар шаралар белгілейді.

Ленин жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің Москва губерниялық конференциясынан екі делегат әйел келіп, конференцияның Владимир Ильичтің жүзін көріп, сөзін естуге

өте-мөте құштар болып отырғандығын хабарлағандығы туралы секретарьдың запискасын алғаннан кейін, оған былай деп жазады: «егер 5 минутқа болса, *егер* түрік делегациясын қабылдауды басқа уақытқа көшіріп үлгірсеңіздер, онда 2³/₄-те бара аламын».

Ленин жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің Москва губерниялық конференциясында сөз сөйлейді.

Ленин түрік делегациясын қабылдап, Түркиямен шарт жасасу туралы мәселе жөнінде әңгімеледеді.

Ленин Н. П. Горбуновқа: шетелден 15 миллион сом алтынға Петроград үшін тезірек тас көмір сатып алынуын сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары А. М. Лежава арқылы қадағалап отыруды, профессор Ф. В. Тихвинскийден мұнай өнеркәсібі туралы Лениннің қолындағы бар материалдар бойынша — мұнай кәсіпшіліктерін шетелдік концессияға берудің тиімділігі туралы, мұнай кен орындарына су жіберу туралы, мұнай кен орындарын сақтап қалу үшін қажетті шаралар туралы қорытынды пікір беруін өтінуді, үш айдың ішінде Еңбек және Қорғаныс Советіне жауап берілуге тиісті қанша сұрақ және істер түскені туралы, қаншасына және қандай мерзімде жауап қайтарылғаны туралы, кешеуілдетілсе кімнің кінәсынан болғаны туралы анықтама жазуды тапсырады.

Ленин радиотехникалық лабораторияның өнертапқыштарына барынша жәрдем көрсету, соның ішінде инженер Ружичка арқылы қажетті материалдарды шетелден 30—40 миллион маркаға жаздырып алдыру жөнінде Н. П. Горбуновқа арнаулы тапсырма береді.

*27 февраль.* Ленин Горкиге барады; онда Ленин санаторияда жатқан «Правда» газетінің поэзия бөлімінің меңгерушісі И. Г. Филипченкоға жолығып, М. И. Ульянова беріп жіберген нәрселер мен записканы табыс етеді.

*28 февраль.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; армияны қайта құру туралы РКП(б) X съезіне арнап дайындаған Троцкийдің баяндамасының алғашқы нобайын талқылауға байланысты қау-

лының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ отын жағдайы туралы, Москва мен Петроградтағы жағдай туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин мұқтаж жұмысшыларды азық-түлікпен және ең қажетті заттармен жабдықтауды жақсарту үшін алтынмен есептегенде 10 миллион сомға дейін қор жасау туралы және тиісті товарларды дереу сатып алу үшін шетелге делегация жіберуді Сыртқы сауда халық комиссариатына тапсыру туралы Еңбек және Қорғаныс Советі қаулысының жобасын жазады; келесі күні Еңбек және Қорғаныс Советінің қаулысы ретінде газеттерде жариялау үшін бұл жобаны Еңбек және Қорғаныс Советінің барлық мүшелерінен пікір сұрау жолымен дереу дауысқа қою жөнінде секретарьға нұсқау береді.

Ленин Москва Советі пленумының мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ленин егіншілік халық комиссарының орынбасары Н. Осинскиймен әңгімелеседі.

Ленин Владимир губерниясының Гороховецк уезіндегі Фоминки селосының шаруалары И. А. Чекунов пен Н. А. Ганявинді қабылдайды, олар ет салымын жинау тәртібін өзгерту туралы өздерінің пікірлерін айтады. Ленин барушыларға алдағы уақытта азық-түлік салымының заттай салықпен ауыстырылатынын хабарлайды. Ленин әңгімеден кейін еңбекші шаруалар съезінің 1919 жылы апрельде Чекунов әкелген жобасын С. П. Середадан сұратып алдыруды секретарьға тапсырады.

Ленин Н. А. Семашкоға записка жазып, И. А. Чекуновқа жақсы көзілдірік тауып алуға көмектесуді өтінеді; өз өтінішінің орындалуын қадағалауды секретарьға тапсырады.

*Февральдың екінші жартысы.* Ленин концессиялар туралы мәселе жөнінде бакулік жолдастарға хаттың жоспарын жазады.

*Февраль.* Ленин А. Д. Цюрупаға жазған запискада азық-түлік запастары туралы цифрлы деректер келтіреді және РСФСР үшін азық-түлік салымын уақытша жою туралы ұсыныс жөнінде оның пікірін сұрайды.

*1 март.* Ленин Егіншілік халық комиссариатына Ч. Осинскийге хат жазып, партияда жоқ шаруаларға көзқарас туралы, ауыл шаруашылығында жұмысты жолға қою үшін Егіншілік халық комиссариатындағы жұмысқа практикалық мол тәжірибесі бар шаруаларды қатыстыру туралы айтады, соның ішінде халық комиссариатындағы жұмысқа И. А. Чекуновты қатыстыруға кеңес береді.

Ленин «Москва мемлекеттік электр станциясының жағдайы туралы қысқаша есеппен» танысқаннан кейін Н. П. Горбуновқа оны оқып шығуды және электр станциясына мүмкіндігінше жәрдем көрсетуді, сондай-ақ Гидроторфқа көмек көрсету үшін шаралар қолдануды тапсырады.

Ленин Уфаға губерниялық атқару комитетінің председателіне жіберілетін телеграммаға қол қояды, онда Уфа уезінің Булгаков болысындағы Бекетово селосының шаруалары А. Р. Шапошников пен Т. И. Кондровқа шаруаларға және шаруалар шаруашылығына қатысты істер жөнінде кеңесу үшін Москваға келуге шақырылатындығын хабарлау тапсырылады.

Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары В. А. Аванесовты, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары А. С. Енукидзені, Бүкіл россиялық төтенше комиссия президиумының мүшесі В. Р. Менжинскийді, сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары А. М. Лежаваны қабылдайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда заттай сыйлықтар беру тәртібін қолданудың нәтижелері туралы мәселелер, Еңбек бас комитетін және оның бөлімдерін жою, Еңбек халық комиссариатын қайта ұйымдастыру туралы, Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің Еңбек және Қорғаныс Советі туралы қаулысына сәйкес экономикалық халық комиссариаттарының қызметін қайта құру туралы қаулылардың жобалары, шикізат жөніндегі кеңес туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*2 март.* Ленин Финляндия коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі О. В. Куусинен-

ді, егіншілік халық комиссарының орынбасары Н. Осинскийді қабылдайды.

Ленин Г. К. Орджоникидзеге хат жазады, онда Советтік Грузияның құрылуына байланысты грузин коммунистерін және Грузин революциялық комитетінің мүшелерін құттықтайды, грузин Қызыл Армиясын құру туралы, грузин интеллигенциясына және ұсақ саудагерлерге көзқарас туралы, грузин меньшевиктеріне көзқарас туралы мәселелер жөнінде олардан өз пікірлерін хабарлауды өтінеді.

Ленин Петроград ғалымдары корпорациясының Советтік Россияға шетелдік заем ұйымдастыру және оны Петроград үшін азық-түлік түрінде орналастыруды ұсынған баяндама хатын қарап шығу үшін Н. И. Бухаринге жіберуді және Петроград ғалымдарының ұсынысын қабылдауды өзінің мүмкін деп санайтындығын хабарлауды Н. П. Горбуновқа тапсырады.

*3 март.* Ленин Халық ағарту комиссариаты коллегиясының мүшесі Е. А. Литкенсті, ішкі істер халық комиссарының орынбасары М. Ф. Владимирскийді қабылдайды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына записка жазады, онда Совет республикасының азық-түлік жағдайы туралы мәселелерді ВЦСПС-тегі коммунистік фракция бюросының талқылауынан алып, алдағы партия съезінің қарауына беру жөнінде ұсыныс жасайды.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің азық-түлік салымын азық-түлік салығымен алмастыру туралы қаулысының жобасына түзетулер енгізеді; А. Д. Цюрупаға записка жазады, онда комиссия шақырып, түзетулерді талқылауды өтінеді.

*4 март.* Ленин «Жұмысшы әйелдердің халықаралық күні» деген мақала жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; бандитизмге қарсы күресу үшін темір жол күзетін қайта құру туралы қаулының жобасына түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ әскери мәселе-

лер жөнінен және Кронштадттағы эсерлік ақ гвардиялық бүлікті жоюға байланысты барлық шаралар жөнінен Петроград Қорғаныс Комитетін Республика Революциялық-әскери советіне бағындыру туралы қаулының жобасы, еңбек бөлімдері туралы, шетелден жүк автомобильдерін сатып алу туралы, электротехника өнеркәсібін дамыту шаралары туралы, «АМО» заводында 500 жұмысшыға майдандағы қызыл әскер паегін беру туралы, Москва түбіндегі көмір бассейніндегі жұмыстың барысы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

*4 және 7 март аралығында.* Ленин РКП(б) X съезіне Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы есеп жоспарының бірінші және екінші нұсқаларын жазады.

*5 март.* Ленин Халық Комиссарлары Советінің РСФСР-дің барлық жоғары мектептерінде міндетті түрде оқыту үшін ғылыми минимум белгілеу туралы қаулысының жобасына Россияны электрлендіру жоспарын жоғары оқу орындарының оқу программасына енгізу туралы қосымша жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің астық жөніндегі комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді, онда астықты тасып жеткізуді жақсарту жөніндегі шаралар туралы және Донбасстың қанағаттанғысыз жабдықталып отырғаны туралы мәселелер талқыланады.

*7 март.* Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады. РКП(б)-ның алдағы X съезі туралы мәселе талқыланған кезде пленум Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы Ленин жасайтын есепті баяндаманың жоспарын мақұлдайды. Азық-түлік салымын заттай салықпен алмастыру туралы заңның жобасын түбегейлі талдап жасау үшін комиссия құрылады, оның құрамына Ленин енгізіледі. Мәжілісте сондай-ақ Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің марттағы сессиясының күн тәртібі туралы мәселе, темір-жолшылардың съезін кейінге қалдыру туралы ұсыныс, РКСМ Бүкіл россиялық конференциясын 18 мартта шақыру туралы Орталық Комитет Ұйымдастыру бюросының қау-

лысы, РКП(б) X съезінде жасалатын партия құрылысы туралы баяндама мен «Совет республикасы капиталистік қоршауда» деген баяндама бойынша тезистер, коммунистерді қаруландыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің РСФСР-дің соғыс және блокада салдарынан шеккен зиянын есептеп шығару жөніндегі жұмысты жүргізу үшін қосарлас аппараттар ұйымдастыруға тыйым салған қаулысын Сыртқы істер халық комиссариатының бұзып отырғандығы туралы Кіші Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары А. Г. Гойхбаргтың баяндама хатын алғаннан кейін Г. В. Чичерин мен Л. М. Караханға записка жазып, Халық Комиссарлары Советінің қаулысын бұзуға жол беруге болмайтындығын атап көрсетеді және «бұлтарыссыз, бүкпесіз, *өте дәл* пікірлерін айтуды» өтінеді.

Ленин РКП(б) X съезінің делегатына арналған анкетаны толтырады.

Ленин тұқым дайындау науқанын мерзімінде өткізу және тұқым қорын жасау ісінде барлық губерниялық кеңестердің председательдері мен губерниялық азық-түлік комиссарларының жауапкершілігі туралы оларға жіберілетін телеграммаға қол қояды, бес күн мерзім ішінде есеп мәліметтерін түсіріп болуды талап етеді.

---

# МАЗМҰНЫ



---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

## *1921 ж.*

## ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

## СУРЕТТЕР

**Ленин В. И.**

Л 40 Шығармалар толық жинағы: Орысша 5-бас. аударылды/Қазақст. КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты. — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы. — Алматы: Қазақстан.—Басп. 1973 жылдан шығады.

Т. 42. Ноябрь, 1920— март, 1921.
1981.—XXXXII, 700 бет.

**ББК 11.5**

**Томды баспаға дайындағандар:**
***М. М. Вассер мен Г. С. Жук***

**Әдебиет көрсеткішін дайындаған**
***Л. П. Черешнева***

**Есімдер көрсеткішін дайындаған**
***А. Е. Иванов***

**В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерін дайындаған**
***Р. З. Юницкая***

**Редактор *Ю. П. Шарапов***

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

**ИБ № 1266**

**Сдано в набор 28.05.80 г. Подписано к печати 27.07.81 г. Формат 84×108¹/₃₂. Бумага № 1. Обыкновенная новая гарнитура. Печать высокая. Усл. печ. л. 37,49. Уч.-изд. л. 34,8. Тираж 15 000 экз. Заказ № 2092. Цена 65 коп.**

**Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.**

**Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 41.**